«Айша» балабақшасы

БЕКІТЕМІН

Балабақша меңгерушісі

«Балдаурен» мектепалды тобына арналған 2025 – 2026 оқу жылының циклограммалары

Тәрбиеші: Кулбасова Б.С

2025 – 2026 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Аптаның дәйек сөзі: *«Еңбек — қуаныштың кілті.»*

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09 - 05.09.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		**Күй күмбірі «Көңіл ашар» А.Бекбосын** Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. **Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі «Көңіл ашар» А.Бекбосын** Шармен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. **Шығармашылық дағды,”Адал азамат”**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Көңіл толқыны» С.Тұрысбеков “Адал азамат”**	Балалық шақ әнімен қарсы алу. **Күй күмбірі «Көңіл ашар» А.Бекбосын “Адал азамат”**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналарға кеңес беру: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		«Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұша ма, жүре ме, жүзе ме айтады. **Коммуникативтік дағды**	«Теңге алу» Міндеті: есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **“Адал азамат”**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие**	Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру, Жедел қызметтің телефон нөмірлері, терезе алдына шықпауға үйрету. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Таңертенгі жаттығу	Жаттығулар кешені №1				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		№19 «Көп және біреу» Мақсаты: Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең,тең емес топтарын	№10 «Ұлттық киімдерді ата» Мақсаты: Балаларға “Адал азамат”тарды бойына сіңіре білуге тәрбиелеу.	Ойыншықтармен ойын ойнауын жетілдіру. **(Құрылыс ойындары)**	№17 «Кімге не керек» Шарты:Үстел үстінде

		салыстыру. **Математика негіздері**	**“Адал азамат”**		мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. **Құрастыру**
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні,дыбысы,қимылы,қолданылуы бойынша заттардан) құруды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларға сұрақтар қояды: Сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме? – Қандай ойыншықтарды ұнатасыңдар? –Үйде қандай ойыншықтарың бар? Балалар ойыншықтар туралы сұрақтарға жауап береді. Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс ұсынуға болады. Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды. – Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп). – «Біреу» сөзін қолданып жауап беруге болатындай сұрақ қою. Суретпен жұмыс. Суретте не бейнеленген, ата. Дүкенде неше ойыншық бар? Қандай ойыншықтар көп? Қандай ойыншықтар біреу? Қандай ойыншықтар бірнешеу?	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, сендер балабақшада сөз, сөйлем, буын, дыбыстармен танысасыңдар. Сендер сөздің дыбыстан тұратынын білесіңдер ме? Біз бүгін дыбыстар бағына саяхатқа барамыз.Дыбысты естиміз, аузымызбен айтамыз. – Балалар, айтыңдаршы, пойыз тоқтағанда қандай дыбыс шығарады? – Жақын арада аралар жүргенін қайдан білеміз? – Түнде қасымызға маса келгенін қайдан білеміз? Сергіту сәтін ойын арқылы өткізу. «Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл:	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуд ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелесеміз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** Біздер балабақшада әдепті, қамқор, ұқыпты, мейірімді, тату болуға үйреніп, көптеген достар таптық. Тәрбиеші апайымыздын көмегімен ән салап, би билеп, сурет салуға үйрендік. Айнала табиғаттың сан алуан сырларымен таныстық . Сондықтан « Балабақша – өз үйіміз»» деп біз айта аламыз. -Қалай ойлайсыңдар, «Балабақша» деген атау не үшін берілген . Балалардың жауаптары : -«Балабақша» бұл – әдемі атау . Бақшада жас жеміс ағаштары өссеӘ, балабақшада Отанымыздың жас ұландары , сендер өсіп , жақсылыққа , достыққа , әдептілікке үйрендіңдер . Әңгімелеу.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға,сұрақтарды дұрыс қоюға,оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Біз балабақшада не істейміз,қане әңгімелесейік. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** «Балабақша» слайды көрсетіледі, сұрақтар қояды. – Мынау не? – Мынау – балабақша. – Біздің балабақша қандай? – Біздің балабақша әдемі, кең, жарық. – Біз балабақшада не істейміз?

		Суретте неше ойыншық бар? - Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады? Осы ойыншықтарды қоршап сызыңдар. Орындауды тексерген кезде педагог ойыншықтардың саны туралы сұрақтар қояды және сөйлеген кезде «бірнеше» немесе «көп», «біреу» сөздерін пайдаланып жауап бергені үшін балаларды мадақтайды. Сергіту сәті. «Кәне қанат жазайық» «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарамақарсы ұстайды. Балалар «біреу», «көп», «бірнеше» сөздерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: ойыншық сарбаздар көп, кеме біреу және т.б. Топтық жұмыс. Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. 3-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар. Бір қорапты таңдап, оны бояйды. Рефлексия Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Топта қандай заттардың көп екенін (орындықтар, үстелдер, қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалармен баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, ақын Ақылбек Шаяхметовтың «Білімің – бұлағың»	– Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр:– Ырыс-ырыс. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады. –Балалар, жазу үшін бізге не керек? Үстелде отыру ережесімен таныстыру: жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, орта саусақтармен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Саусақ жаттығуы: Педагог қаламды екі немесе үш саусақпен айналдыртады. Саусақ жаттығуы: «Сорпаға тұз себейік». **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз «Б», «П» дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог тақтаға көркем сурет іліп,	Балабақшада Балабақшасында балалар Іні , әпке , аға бар . Ойыншықтар мол онда, Машина , арба , шана бар. Жазатұғын тақта бар , Кісінейтін <ат> та бар . Үйретеді тақпақ та , Жаңылыспай жаттап ал. Балабақшада не үйренесіңдер? Сендерге балабақша несімен ұнайды? **Тәрбиеші балаларға «Білім қымбат қазына,қанағат тұтпа азына» деген М.Әлімбаевтың өлең жолдарын дәйек сөз ретінде түсіндіреді.** Тыныштық сәті. -Балалар, денелеріңді түзу ұстап , бастарыңды жоғары көтеріп , ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар . Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер . Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады . Дидактикалық ойын: Балабақша бізді неге үйретеді ? Балалар шеңбер бойымен тұрып , бастаушы допты бір балаға лақтырып , «Балабақша бізді неге үйретеді ?» деп сұрақ қояды. Допты ұстаған бала жауап айтады. Сергіту сәті: Өлең мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасау . Біз кішкентай баламыз, Өсіп , өніп толамыз. Күнге қарай талпынып,	Біз балабақшада денемізді шынықтырамыз. (Тамақ ішеміз, ұйықтаймыз, би билейміз, ән айтамыз, демаламыз, сурет саламыз). – Осы балабақшада, сендерге қызмет көрсететін балабақша қызметкерлерімен танысамыз. Слайд: «Балабақша қызметкерлері». Ең алдымен бақшаға, Тәрбиеші келеді. Сені, мені күтеді. Күлімдейді қарсы алып. Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынады және сөздері қайталап, естеріне сақтауды ескертеді. – Мынау – тәрбиеші, і-і-і-ші – тәр-бие-ші. – Мынау кім? – Мынау – тәрбиеші. Тәрбиеші кітап оқиды. Тәрбиеші не істейді? – Тәрбиеші кітап оқиды. – Балабақшада меңгеруші бар. Мынау – меңгеруші, ң-ң-ң-ең- мең-ге-ру-ші – Мынау кім? – Мынау – меңгеруші. – Балабақшада

		деген өлең жолдарымен танысамыз. Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен, Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен. Сөздік жұмыс: Қиялым самғайды – елінің өркендеп өсуін армандау. Білімді – кітапты көп оқитын, кітапты ұқыпты ұстайтын, көп ізденетін адам. Қанатым талмайды – ерінбей іздену. Өлең шумақтарындағы сөздерді қайталату. Білім, бұлағың деген сөздердің мағынасын түсіндіру. Балалар сұрақтарға жауап береді. Білімді деп қандай адамды айтамыз? Көп оқып, еңбектенетін, ізденетін адам. Сендерді кім оқытады? Тәрбиеші оқытады. Тәрбиеші нені үйретеді? Тәртіпті болуды, сурет салуды үйретеді, ертегі, әңгімелер, өлеңдер жаттатады. Сергіту сәті: «Бала, бала, баламыз» Балалар, өлеңді қайталап есімізге түсірейік. Өлең шумақтарындағы сөздерді қайталау. 3-4 баладан өлең сөздерін айтқызып қайталату. Суретпен жұмыс: **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Балаларды кім қарсы алып тұр? Балалардың қолында не бар, олардың көңіл күйлері қандай? Бүгін қандай күн? Мақалдың мағынасын түсініп ал: «Білім – таусылмайтын қазына».	балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. – Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Педагог балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады. Педагог «Б» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал келтіреді: Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ. Педагог «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. «Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз. Сергіту сәті (Сергіту жаттығуларын А.С.Пушкиннің «Жел» өлеңімен жасатуға болады.) Жел Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тыным бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді.	Көпке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. Бір отырып , бір тұрып, Жаттығулар жасаймыз. Қорытындылайық -Балалар, біз балабақшада жақсылыққа , ұйымшылдыққа,сыйластыққа, достыққа, татулыққа үйрендік. -Балабақшада кімдер жұмыс істейді? -Балабақша бөлмелері қалай аталады? -Аулада тазалық сақтау үшін не істеу керек? Жүректен жүрекке Балалар шеңберге тұрып төмендегі Н.Айтовтың өлең жолдарын қайталайды: Бір шаңырақ астында, Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалармен баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, сендер жеміс жегенді ұнатасыңдар ма? Қандай жемістерді білесіңдер? Бүгін М. Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі әңгіме екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Сөздік жұмыс:	дәрігер бар. – Мынау – дәрігер. – Мынау кім? – Мынау – дәрігер. – Дәрігер емдейді. – Дәрігер не істейді? – Дәрігер емдейді. – Мынау – мейірбике. І-і-і-ір – ме-йір-би-ке. – Мынау кім? – Мынау – мейірбике. – Мейірбике емдейді. Мейірбеке не істейді? – Мейірбике емдейді. Мынау – жаттықтырушы. Қ- қ -қ -ық – жат-тық-ты-ру-шы. – Мынау кім? – Жаттықтырушы не істейді? – Мынау кім? – Музыка жетекшісі не істейді? – Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді. – Мынау – аспаз. – Мынау кім? – Мынау – аспаз. – Аспаз дәмді ас пісіреді. – Аспаз не істейді? – Аспаз дәмді ас пісіреді. Балалар сөйлемдерді қайталайды. Тақпақ оқу. Педагог тақпақ оқиды. Өздеріңе таныс

		Д/ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Бүгін не туралы әңгімеледік? Өлең қалай аталады? Білімді болу үшін не істеу керек? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар,балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту.Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Біз бүгін мамандық иелері туралы әңгімелесеміз. Балабақшаға келгенде сендерді ең бірінші кім қарсы алды? Тәрбиешілеріңнің аты-жөнін айтып беріңдерші. Кез келген адам мұғалім немесе инженер бола ала ма? Мұғалім болу үшін мұғалімнің оқуын, инженер болу үшін инженердің, аспаз болу үшін аспаздың оқуын оқу керек. – Мамандық алу үшін еңбектеніп оқу керек. «Сөзді тап!» ойыны: Шарты: педагог өлең оқиды,тәрбиеленушілер не туралы екенін табады. Гүл өсірсең терлеп,	– Балалар, мен қазір сендерге Балжан атты қыз туралы әңгіме айтып беремін, әңгіменің соңын сендер өз ойларыңмен жалғастыруларың керек. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Балабақшадағы алғашқы күн Кішкентай Балжанды таңертең әжесі ұйқысынан оятты. – Сен бүгін балабақшаға барасың, онда сені жаңа достарың және апайың күтіп отыр, – деді әжесі. Қуанып кеткен Балжан әп-сәтте дайын бола қалды. Өйткені оның үйде іші пысатын , әжесінің мазасын алатын. Балабақшаға баруды асыға күтіп жүрген еді. Әжесі қолынан жетектеп балабақшаға алып келді,тобына ертіп кірді. – Ал, балалар, әңгімені әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар, Балжан балабақшада кімдермен танысты, нелерді көрді, балабақша Балжанға ұнады ма? Ойын: «Суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтыр» Педагог балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады: 1.Тебіншек ат – шегіншек. 2.Шегіншек ат – тебіншек. Қорытынды бөлім. Рефлексия – Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық? Ойын: «Балабақшадағы ойыншықтар» Шарты: Үш топқа бөлініпт композиция құрастыру. Балалардың қалауы бойынша орындалады. **Сурет салу,жапсыру,мүсіндеу,құрастыру** **Қоршаған әлеммен таныстыру**	Көп қимылдайтын адам – ерінбей еңбек ететін адам. Бағбан – бау-бақшада жемістерді күтіп-баптайтын адам. Сұрақ-жауап. – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойын ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қандай сөзін айтты? – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Қайталайық: «Ойынға елікпей, көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер ол адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді». Сергіту сәті Алма баққа барамыз, (қол шапалақтау) Алма теріп аламыз. (ағаштан алма теру қимылы) Ең үлкенін алманың (екі қолымен алманың үлкендігін көрсету) Анамызға сыйлаймыз. (бір-біріне сыйлау) Әңгімені қайталап, есімізге түсірейік. Әңгімені көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға айтқызып қайталату. Суретпен жұмыс: Суретте қай мезгіл бейнеленген? Балалар қайда жүр? Әр балаға ат қойып, не істеп жатқанын әңгімеле. Осы суреттер бойынша көгөністерді тауып ата.	сөздерді айтыңдар. Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші әпкелер, Досы барлық баланың. Балалар таныс сөздерді атайды: балабақша, тәрбиеші. Сергіту сәті Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз. Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға балабақша қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Аты кім? Осылайша балабақшада жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер. – Мынау кім? Ол не істейді? – Бұл – аспаз. – Ол не істейді? Аспаз балаларға дәмді ас пісіреді. т.б Рефлексия Қуыршақтар балалармен

		Мұның аты – ... . (Балалар хормен «еңбек» деп айтады). Кесте терсең зерлеп, Мұның аты – ... . Өзекті сұрақ: – Көз алдыларыңа елестете аласыңдар ма: егер адамдар жұмысқа бармаса, онда не болады? (Аспаз жұмысқа шықпаса, тамақ болмайды. Құрылысшы жұмысқа шықпаса, үй салынбай қалады. «Қай маман иесі екенін тап!» ойыны. Ойын шарты: балалар карточканы алып, онда бейнеленген мамандық иелері туралы әңгімелеп береді. «Кім боламын?» ойыны. «Кім боламын?» деген сұраққа жауап береді. Еркін ойын.«Дәрігер», «Дүкен» ойындары. Педагог тәрбиеленушілерді сюжетті-рөлге ойындарды өзара рөлдерге бөліп алып ойнатады. **Музыка** Балаларға әртүрлі шығармаларды тыңдату; олардың сипатын, көңіл-күйін, әсерлі реңктерін ажырата білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Білімім-бұлағым» Т.Қоңыратбай Ойын: «Сиқырлы текше» Мақсаты: Текшедегі аңдардың даусын келтіріп, тембрін өзгерту, мүмкіндігінше жоғары көтеру. Шарты: Көңілді әуен ойналады, жетекшімен балалар шеңберге тұрады. Текшені бір-бірінің қолдарына музыка әуенімен береді, әуен тоқтағанда текше қай баланың	**Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар,балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту.Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ шешу. Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы мен тарағы. (Шаштараз) Ертеден-ерте тұрады, Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар. (Жүргізуші) – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі сахнада, экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? (Актер) Енді өзімізді актермін деп сезінейік. Мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеміз. Мысалы: (жүргізуші, құрылысшы). (пт) педагог барлық мамандықтардың маңызды екенін түсіндіреді. Дәрігер адамдарды емдейді, мұғалім балаларды оқытады, жүргізуші көлік жүргізеді, өрт сөндіруші өрт сөндіреді. Міне, балалар, әрбір мамандық қажет екен. Тағы бір мамандық түрімен	Д/ ойын: «Жеміс терейік». Ойынның ережесі: интерактивті тақтадағы немесе муляж жемістер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады. Ойынның шарты: балалар жемістерді атап береді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б. Интерактивті тақтада бейнеленген жемістерден бала қаламды жылжытып, жемісті тостағаншаға салады. Муляж жемістерді себетке жинайды. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Есіңе сақта: «Еңбекпенен тапқаның, Шекер-балдан татқаның». **Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні,дыбысы,қимылы,қолданылуы бойынша заттардан) құруды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог топқа: жемістер, көгөністер, тәттілер, қарбыз салынған себет әкеледі. Балаларға «Анамызға дастарқан жаюға көмектесеміз» деген ойынды бастауды ұсынады. Ойын жағдаятына қызығушылық танытып, қызметіне араласады. – Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік. Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасыңдар? Балаларға жиындарды кіші топтарға бөлуге көмектеседі: көгөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз. – Бізде қанша жеміс бар? Олардың	қоштасады. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар өткен ұйымдастырылған іс-әрекетін естеріңе түсіріңдерші? – Не жайлы айттық? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек. Сергіту сәті: Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты: балалар шеңбер

		қолында қалса, текшедегі бейнені келтіреді	таныстырғым келеді. Ол – ғарышкер мамандығы. Ғарышкер – аспан әлемін, яғни ғарышты зерттейтін мамандық. Юрий Гагарин – ғарышқа ұшқан тұңғыш адам. Содан бері талай ғарышкер ұшты. Ал біздің Қазақстаннан Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов ұшты. Мамандық иелерінің суреттері. Ғарышкерлердің суреті. Педагог мамандық иесі болу үшін білім алу керектігін, әр мамандыққа дайындайтын арнайы оқу болатындығын айтады. Ол үшін адам жастайынан еңбекқор, білімпаз болу керектігі де айтылады. Сергіту сәті: «Көңілді күн» әуенімен орындалады. Ойын: «Сиқырлы қорапша» Ойын шарты: Қорапшадан әртүрлі заттарды ала отырып, балалар ол заттар қай мамандыққа қажет екенін, адам өмірінде алатын орны туралы айтады. Балалар, сендер болашақта қандай мамандық иесі боласыңдар? – Оның елге қандай пайдасы бар? Балалардан сұрақ қоя отырып жауап алады. Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан микрофонды кез келген түсті қарындашпен бояуын сұрау: ештеңе түсінбесе – қызыл қарындашпен; түсініп, бірақ түсіндіре алмаса – сары қарындашпен; бәрін түсінсе– жасыл қарындашпен бояйды.	көп немесе бірнеше екенін айта аламыз ба? – Қанша көгөніс (тәттілер) бар? – Қарбыз туралы не айтуға болады? Неше қарбыз бар? Топтық жұмыстың жалғасы ретінде тапсырманы орындауды ұсынады. Ұсақ қол моторикасына арналған сергіту сәтін өткізеді. Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады: Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды. «Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с. Тапсырманы орындайды. «Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. 2) «Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. 3) «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарамақарсы ұстайды. 2-тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір» сөздерін пайдалануға қол жеткізеді. Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады. Жапсырманы қайдан табу және жапсыру керектігін түсіндіреді. Сол жақта көп «бірнеше» алма, оң жақта – бір алма. Саусақтарға арналған	болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш. **Музыка –** музыка жетекшісінің жоспары бойынша. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** сапта бір-бірден жүру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіруге үйрету. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті

				жаттығуды қайталайды: бір және көп («бірнеше») заттарды бояп, заттардың топтарын бір сөзбен атайды. Кішкентай алмалар және бір үлкен алма. Кішкентай алмұрттар және бір үлкен алмұрт. Бір үлкен алманы және бір үлкен алмұртты бояйды. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Алаңда баяу жүгіру 1 мин, оның барысында тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар жүгіреді және жан-жаққа жүгіреді, жаңа нұсқауы бойынша тізбектегі орындарын табады. Жүру. Шеңберге қайта тұру. Затсыз жалпы дамытатын жаттығуларды жасау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды жасайды: Спорттық ойындардың элементтері – футбол допты 2 метр қашықтықтан аяқпен қақпаға домалату (4 рет). Жаттығуды үш адамнан жасайды: қозғалыс басталатын сызыққа келеді, допты аяқпен соғады, педагогтің белгісі бойынша оның артынан жүгіреді және тізбектің соңына барып тұрады. Педагог допты аяқпен екпінді түрде итерілуіне және доптың қозғалысы бағытының сақталуына назар аударады. Ойын түріндегі массаж «Бояушы». 1. Бояушы қоршауды бояйды,	сақтауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларға спортзалда жүгіріп, біраз сергуді ұсыну. Бір-бірден сапқа тұрыңдар. Ойын «Өз орныңды тап!». Саптағы арақашықтыққа назар аударту. Тізбекте бір-бірден жүру, жүгіру. Екі сапқа тұру. Заттардың көмегінсіз жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды орындау: 1. Бір орында тұрып жоғары секіру. 2. Бағытын өзгертпей сапта жүру (саптан шығып кетпеу, бағытты өзгерткен кезде бірбірімен соқтығыспауға тырысу). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар». Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп өлең айтады. Қоян болған бала өлеңде айтылған қимылды түгел істеп өлең,

				демалғанды ұнатпайды. Біз де бояу жағатын қылқаламды қолға алып, оған көмектсейік! 2. Аула сыпырушы ағай демалғанды ұнатпайды. Үнемі сыпырады да жатады. Кәне, балалар, біз де сыпырғышты алып көмектесейік. 3. Тігінші инемен киім тігіп, бір тыным таппайды. Ол да демалғанды жақсы көрмейді. Тезірек инемізді алып, тігіншіге көмектесейік. 4. Міне, мына аспаз сорпа пісіріп жатыр. Ол да демалғанды ұнатпайды. Біз де қасығымызды алып, сорпаны араластыруға көмектесейік. 5. Мынау – ұста. Тақтай кесіп жатыр. Ол да бір демалмайды. Біз де арамызды қолымызға алып, ұстаға көмектесейік, балалар. 6. Ал мына кісі тыным таппай пианинода ойнайды. Біз де пианинода ойнайық. Қорытынды кезең (Рефлексия). Мимикалық гимнастика «Көтеріңкі көңіл күй» – балалар іс-қимылдың көмегімен өздерінің көтеріңкі көңіл күйін көрсетеді.	бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Қақпалар».
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен		**№ 1** **Күннің көзін бақылау** **Мақсаты:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер құрап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады,	**№ 2** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды**	**№ 3** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 4** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың

		Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды** **Қмылды ойын** **Ұлттық ойын:«Әуе таяқ»** **Мәндеті:** Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»** **Мақсаты:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Соқыр теке»** **Міндеті:** Балаларды шапшандылықпен, мергеңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	**Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Бес асық»** **Міндеті:** Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. «Алтын күз» Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзде нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды**	жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»** **Міндеті:** Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут**				

	әңгімелесу. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористаны дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористаны дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Жеке қауіпсіздік** **«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері»** **Мақсаты:** тәрбиеленушілерге төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауды және қажет болған жағдайда дұрыс пайдалануды үйрету. **Міндеттері:** Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру.Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өрт сөндірушілер, полицейлер және медицина қызметкерлері кім екені және олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау. Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену: - бейнеролик тамашалау; - қажетті	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: «Біз жолаушымыз» **Мақсаты**: Автобус пен трамвайды танып ажырата білуді бекіту. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сақтау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып,. қоғамдық жерлерде, балабақшада, траснпортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтауға дағдыландыру. Сақтыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Қауіпсіздік ережелерін есімізге түсірейік** 1. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт 2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара 3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт 4. Егер, жаяу жүргіншілрге арналған жол болмаса жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жолмен	Топтағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**

			телефон нөмірін теру; - анық және сабырлы (байсалды) сөйлеу. - өзін таныстырып (аты-жөнін, қайдан екенін айту) не болғанын айту. Сюжеттік-рольдік ойын: Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – тәтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Әртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек. Тәтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде тәтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Балаларға үйде қайталау үшін тәтенше қызметтердің телефон нөмірлері жазылған карточкалар немесе жапсырмалар тарату.	жүруге тиісті. 5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. 6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме. 7. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек. -Жолаушы деген кімдер? Жолда кез келген көлікті пайдаланатын адамдар «Автобус» режиссёрлік ойыны. Ойын шарты: Балалардың бірі жүргізуші, бірі- кондуктор, қалған балалар-жолаушылар болады. Жүргізуші автобусты жүргізеді, кондуктор аялдаманы хабарлап, билет сатады. Балалар өз аялдамаларынан шығып отырады. **Қорытындылау** -Көпшілік мінетін көлікте өзіңді қалай ұстау керек? -Үлкен кісі автобусқа мінгенде не істеу керек? -Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, тәртібін бұзбайды.	
Балалармен жеке жұмыс		**Мансур жеке жұмыс** Ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатыстыру. **(Физикалық қасиеттері)**	**Мансур жеке жұмыс** Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** «Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді меңгеруге талпындыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Мүсіндейтін затты қолына алып, зерттеуді оның өзіне тән ерекшеліктерін ажыратуды үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен		**№ 1**	**№ 2**	**№ 3**	**№ 4**

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы		Отбасылық газетті таныстыруға қонаққа шақыру.	Алған әсерлерімен бөлісу.	Отбасылық мерекелер мен ойындар туралы кеңес беру.	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Аптаның дәйек сөзі: *«Шебердің қолы алтын»*

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 08.09 - 12.09.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Әнұран айту** **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу,әңгімелесу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.	Ата-аналарға балалардың тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Баланың үйдегі ойынықтарға деген қызығушылықтарын сұрау	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаппен жарқын әлемге» акциясы **(Біртұтас тәрбие)**	**«Сиқырлы таяқшалар» ойыны** Мақсаты:санау таяқшаларынан суреттегі түрлі заттарды құрастыру **(математика негіздері)**	**«Дидактикалық ойын «Мен кіммін?»** **Мақсаты:** қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін дамыту. Шарлармен ойнау **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**«Кітап-білім бұлағы»** Мақал мәтел жаттау **(Біртұтас тәрбие)**	**«Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу. **(Сурет салу)**
Ертеңгілік жаттығу	**№ 1 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)		**Жылулық сәті:** Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер **(сөйлеуді дамыту)**	«Жұпты тап» Мақсаты: балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету **(математика негіздері)**	**«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы** Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Артикуляциялық гимнастика** «Күлімсіреу», «Тұмсық» Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. **(сөйлеуді дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті**: бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіру, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру қабілетін дамыту. Ырғақпен адымдау және сапта жүріп бара жатқанда педагогтің белгісі бойынша бағытын өзгерту қабілетін дамыту. Алақаны мен тізесіне сүйеніп түрлі бағытта еңбектеуге жаттықтыру, бірбірімен соқтығыспай, айналып кету қабілетін нығайту. **Ұйымдастыру барысы:** Спорттық атрибуттың жаңа түрі – кегельмен танысу. Шеңбер құрау. Бір-бірден сапта жүру; сапта бір-бірден кегельдерді айналып жүру (айналып жүгірген кезде кегельдерді құлатуға болмайтынын балалардың есіне салады). Сапта бағытын өзгертіп жүру. Жүру бағытын тек педагогтің белгісіне қарай өзгертеді. Кегельдермен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығуларды орындап көрсету. Шеңберде арақашықтықты сақтау Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындайды: 1. Секіру – қос аяқтап және	**<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. Ол не? (Аю) -Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру. Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру. -Қызылша жердің астында жатады, жапырақтары жердің бетіне шығады. Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады. Сөздік жұмыс: Шаруа – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам. Соқа – жер қазатын құрал. Орман маңы – орманға жақын жер. Сұрақ-жауап	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** **Міндеті:** Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, өлең шумағын балалармен бірге айтады. Қарашы күз келді, күз келді. Сары алтын жауыпты, іздерді. Күз біткен керуен түзеді, Көңілсіз неткен күз еді. Балалар орындарына отырады. 2. Негізгі кезен – Балалар, күз мезгілі келді. Дала мүлдем өзгеріп кеткен. Ағаштардан жапырақтар саудырап жерге түсіп жатыр. Жапырақтар әр түсті қызғылт, сары, қоңыр. Міне сендер, табиғаттың өзгеруінен күз мезгілінің ерекшелігін байқаған боларсыңдар. Демонстрациялық материалмен жұмыс. – Мына суретке назар аударып, әңгіме құраңдаршы. Міне, күз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы,	**<u>Дене тәрбиесі</u> (таза ауада)** **Міндеті:** организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Ойынның шарттарына қарай шеңберге және сапқа тұру қабілетін нығайтуды жалғастыру. Спорт алаңының бір жағынан қарама-қарсы жағына қарай жүгіріп өту қабілетін жетілдіру. Статикалық тепе-теңдікті сақтау қабілетін қалыптастыру. Ептілік, шапшаң әрекет ету қабілеті мен зейінін дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Шеңберге тұруға шақырады. «1, 2, 3 – аяғыңның ұшына қара! 4, 5 – басыңды жоғары көтер! 1, 2, 3 – досыңа қарай бұрыл, 4 – қолдарыңды екі жаққа созыңдар, 5 – досыңның арқасынан қақ!» Көздің көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға және көз бұлшық еттерінің жұмысын жандандыруға арналған жаттығулар. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орманға барғанда» Залдың бір шетіне аюдың апанының суреті салынады. Екінші жағына балалар тұратын үйдің сұлбасы салынады. Санамақтың көмегімен апанда отыратын аюды сайлап алады. Сөздер айтылып болғаннан кейін аю «ақырады» және үйге қарай шашырай қашқан балаларды	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** өкшемен отырып, бір-біріне допты домалату, көзбен өлшеу, доптың бағытын сақтау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіруді жалғастыру, секірген кезде тізесін аздап бүгіп, аяқтарын бірге және бөлек қою қабілетін нығайту. Залда әртүрлі бағытта жүріп жаттығу, оң және сол жақтағы заттарды айналып өту қабілетін жетілдіру. Денетәрбиесі сабақтарына қатысты оң көзқарас қалыптастыруды жалғастыру **Ұйымдастыру барысы:** Қозғалатын орта қалыптастыру – екі қатарға кегельдер қойып шығу (кегельдер жай емес, сиқырлы болғандықтан балалардың епті әрі шапшаң болуына көмектеседі). Тізбекте бір-бірден жүру; сапта бір-бірден жүгіру. Кегельдермен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.

	бір аяқтап секіру. Қалай секіру керектігін түсіндіру және көрсету. Барлық қимылдар екпінмен орындалады. Демді іште ұстамау қажет. 2. Әртүрлі бағытта төрт аяқтап еңбектеу. Мысықтар жайлы жұмбақ жасыру. Балаларды марғауға айналдырады. Мысықтарын іздеп жүрген үй иесінің рөлін орындайды. Ойын ұйымдастырады: «Сыйлықтар». Шеңбер құрап тұру. Ойын ережесін түсіндіру. Ойынды жүргізетін әрбір жаңа жетекші басқа сыйлықтың атын айтады. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. ҰОҚ-ның нәтижесін талдау. **<u>Сөйлеуді дамыту</u>** **Міндеті:** Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балаларға ойын бөлмесіне, ойын бұрышына саяхат жасатады. 2. Негізгі кезең – Балалар, мына көріп тұрғандарың "Шаштараз "бұрышы, мынау ақ халат, жедел жәрдем, дәрі-дәрмек, ине, барометр,кеуде	-Ертегі қалай аталады? -Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? -Шаруаға не келді? -Аю шаруаны қалай қорқытты? -Олар неге келісті? Шаруа не екті? -Аюға қай жағын берді? -Келесі жылы шаруа не екті? -Аю нені білмеді? Сергіту сәті Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау. -Шаруа бірінші не екті? -Қалай екті? (Қимылмен көрсетеді) -Аю қалай келді? (Қимылмен көрсетеді) -Келесі жылы шаруа не екті? -Бидайы қалай өсті? (Қимылмен көрсетеді) -Шаруа қызылшаны қалай жинады? (Қимылмен көрсетеді) Ертегідегі шаруа, соқа, орман маңы сөздерінің мағынасын қайталату. Оқылған ертегі мазмұны бойынша көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға ертегінің мазмұнын айтқызып қайталау. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету; зейінін, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог ҰОҚ-ға ертегі кейіпкерлерін шақыруды	ерекшелігі. – Балалар, сендер күз мезгіліндегі тағы да қандай ерекшеліктерді білесіңдер? – Ал біздің диқан ағаларымыз не істейді. – Иә, дұрыс айтасыңдар. – Мол өнім алғандарға сыйлық беріледі. – Сондықтанда күз мезгілін «жомарт күз », «мырза күз» деп атайды. – Жалпы күз мезгілін – сары күз, алтын күз, күрең күз деп үшке бөліп айтамыз. – Күз – барлық өнімдердің пісіп-жетіліп, жеміс-жидектер, көгөністер дүкендерге толатын мезгіл. Дәруменге бай жемістерді таңдап сатып алып жеп, көңілдің бір марқайатын мезгілі. Ата-аналарыңмен дүкенге барғанда, сөрелерден барлық жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Осы күз мезгілінің жомарттылығы жайлы барлық ақындарымыз өлең жазған. Бүгін сендер Қ.Баянбаевтің «Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттап аласыңдар. Өлеңді педагог бірінші мәнерлеп оқып береді. Күз бояуы Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім бақшаны, Қауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен.	қуалайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» Алдымен қасқырдың рөлін сомдайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар лақтардың рөлін атқарады. Дыбыстардың көмегімен орындалатын тыныс алу жаттығулары. «Ашулы кірпі» (пф-фр деген дыбыстар шығарады) Жаттығулар бұлшық еттердің босауына, жүйке жүйесінің тұрақтануына ықпал етеді. Қимыл-қозғалыс жаттығуы: «Күндіз бен түн» Санамақтың көмегімен «Күндіз» бен «Түннің» рөлін атқаратын екі ойыншы таңдап алынады. Олар залға кезекпен жүгіріп шығады. «Күндіз» қыдырып жүргенде – балалар ойнайды, секіреді, жүгіреді. Ал, оның орнын «Түн» басқан кезде – бәрі тынышталып, ұйықтап қалады. Қозғалып кеткендер ойыннан шығады. Жүргізуші ұйықтамай, қозғалып тұрған балаларды ұстап алады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Эмоциялық жүктемені төмендету «Көтеріңкі көңіл күй» – көтеріңкі көңіл күйін қимылдар арқылы көрсетеді **<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжеттік	Жаттығулардың қалай орындалатынын көрсетеді. Кегельдерді құлатып алмауға тырысады. Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау 1. Секіру – «аяқтарды қосып, аяқтардың арасын ашып » секіру. Ойын: «Бермеймін!» Ойыншыларға кезекпен жақындайды, кегельді тартып алуға тырысады. Ептілер мен шапшаңдарды ынтыландырады. Заттардың (кегельдердің) арасымен кез келген бағытта ерсілі-қарсылы жүру (ығақпен адымдау қабілетіне және кегельдердің арасымен жүргенде бағытын өздігінен өзгерту қабілетіне назар аудару қажет) 2 метр қашықтықтан «өкшеге отыру» әдісімен допты бір-біріне домалату. Қозғалыстың орындалуын түсіндіру және көрсету (доп бағытының сақталуына назар аудару қажет). «Орныңды тап!» ойынын ұйымдастыру. Айналдыратын шеңберлерді қойып шығу. Ойынның тәртібін түсіндіру. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-

	тыңдағыш тұрған бұрыш қалай аталады? – деп балалардан сұрайды. – Ал ыдыстар, жапқыштар тұрған бұрыш қалай аталады? – Көліктер, жол белгілері, бағдаршам тұрған бұрыш қалай аталады? – Міне, сендер ойын бұрышындағы түрлі ойыншықтармен таныстыңдар – Балалар, сендер ойын бөлмесінен қандай ойыншықтарды көрдіңдер? – Ойыншықтар неден жасалған екен? – Ойыншықтардың түстері қандай? – Ойын бұрышында көрген доп "Д" дыбысынан басталады. Ал шаштараз бұрышындағы тарақтар "Т" дыбысынан басталып тұр. – «Д» және «Т»дыбыстары – бір-біріне ұқсас дыбыстар. Педагог осы дыбыстарды айнаға қарап айтқызады. (Үш дауыста айтқызады). – Екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар. Дыбыстардың дұрыс айтылу артикуляциясы. «Д» дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістерге қатар тиеді. «Т» дыбысын айтқанда тіліміз үстінгі тістің түбіне тиеді. Педагог «Д» және «Т»дыбыстарын буын ішінде айтқызады. Да – да – дала. До – до – доп. Та – та – тарақ. – Енді ойыншықтар арасынан ұнаған ойыншықтарыңды алып, сол туралы әңгіме құрап,	ұсынады. Алдымен 4 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін ҰОҚ-ға тағы бір 31 кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (Бес). Қалай кейіпкерлер саны 5 болды? (5 дегеніміз – 4 және тағы 1) 1-тапсырма. Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз. Бұл сан 5 цифрымен белгіленеді. 5 цифрын табамыз. Педагог тақтада, ал балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз (алты). 2-тапсырма. 6 моншақты бастырып сызыңдар және оларды бояңдар. 5,6 цифрларын ауада жазамыз. Енді аяқпен еденге жазамыз. 3-тапсырма.Саусақтарыңмен сызық бойымен жүргізіңдер. Цифрларды ермексаздан жасаңдар. **Сергіту сәті.** 5 рет секір, 6 рет қол соқ, әрбір аяқпен 5 рет еденді топылдат, көршіңмен 6 рет қолдарыңды соғыңдар. Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан желімделген текше). Педагог 1 – 6 зат бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп, текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған	Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам. – Балалар, өлеңде не жайлы айтылған? – Өлең жолында самал қозғап қалғанда, не үзіледі? – дейді. – Иә, ақын тоғайды, жапырақтарды сары қылып жинап қойған жезге теңеп айтқан. Педагог екі тілді аударманы айтады. Самал екпінсіз жел екенін түсіндіріп өтеді. Жез сары түсті, алтын сияқты метал екенін түсіндіреді. – Енді осы өлеңдегі «Тоғайды да көрдім мен» деген жолдағы «көрдім» сөзін жіктейік Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста, Емін-еркін тыныста. Деміңді ішке тез алда, Оң қолыңды соз алға. Қол ұшына қара да, Үшбұрыш сыз ауада. Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап тынбасын. Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Педагог: – Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі	бірізділікті сақтай отырып, көңіл күймен мазмұндау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстауға, жақсылыққа, изгілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Тепсең-ақ секіріп, Ұстатпай қашады. Бір жерге бекініп, Тұра алмай жатады. Ол не? *(Доп)* Доппен біз не істейміз? Балалар, бүгін біз ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіреністерін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жүрмейсің бе абайлап, Болмасаңшы ұрыншақ. Асыр салып көп ойнап, Ақсап қапсың, құлыншақ. **Сөздік жұмыс:** *Құлыншақ* – жылқының төлі. *Ұрыншақ* – қатты шапқанда аяғын немесе бір жерін жарақаттап алуды айтады. **Сұрақ-жауап** Өлеңде не туралы айтылған? Өлеңдегі ойыншықтарды ата. Құлыншақ туралы не білесің, әңгімеле. Ойыншықтың қандай түрлері болады? **Сергіту сәті** Өлеңді қайталап есімізге түсірейік. Өлең шумақтарындағы сөздерді	жеке жұмыс істейді. Ойын түріндегі жаттығу: «Шапалақта» **<u>Қазақ тілі</u>** «Менің отбасым Ата – әже» **Міндеті:**«Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету Д/О:«Менің отбасым» Мақсаты: Балаларға жеті атасын айтып түсіндіру ,бауырмен туысқан арасындағы тығыз қарым –қатынасыты жақын болуға тәрбиелеу. «Санамақ санайық» Мақсаты:Санамақ арқылы отбасы мүшелерін атауға үйрету **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті: .** «Т» дыбысымен таныстыру, дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Қолды жазуға дайындау, саусақ моторикасын дамыту. Ойларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог бір адамның қатты жүріп келе жатқан дыбысына назар аудартады. – Не естідіңдер? – Дыбыстарды сендер естисіңдер, бірақ дыбыстар қалай естіледі?

	суреттеп беріңдер. – Тағы да кім қандай ойыншықты ұнатады. – Иә, дұрыс, өте жақсы суреттеп әңгіме құрадыңдар. Педагог 4– 5 балаларға суреттеп әңгіме құратады. Сергіту сәті: Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап». Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді. Сөздік жұмыс: Ойыншық – игрушка Доп – мячь Жаңылтпаш қайталату. Топ бала, топ бала, Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. (Е.Өтетілеуұлы) Дәптермен жұмыс: Дәптердегі ұнатқан ойыншығын қалаған түсімен бояу тапсырмасы орындалады Педагог балалардан қайда саяхат жасағанын, қандай дыбыстармен танысқандарын сұрайды. **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, сызбалар жасауға үйрету. "А" дыбысымен таныстыруды кеңейту, танып білуге деген қызығушылықтарын дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Балалар шеңберге жиналады.	карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Санауға арналған материалды таратып, кері тапсырманы орындауға – модель және цифр бойынша заттардың қажетті санын жасауға болады. Одан кейін 4-тапсырманы орындауды – 5 және 6 цифрларын тауып, бояуды сұрайды. 5-тапсырма. Вагондар саны 5 және 6 болуы үшін тағы да вагондарды жапсыруды ұсынады. Заттарды санайды. 5 цифрын тауып, талдайды. Педагогтің нұсқауы бойынша моншақтармен іс-әрекет жасайды. Тапсырманы орындайды. Цифрды ауада, аяқпен еденде, саусақтарымен үстінен жүргізеді және ермексаздан жасайды. Педагогтің нұсқауына сәйкес қимылдар жасайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды. Оқу іс-әрекетінде қорытындылайды және балаларды дұрыс орындаған тапсырмалары үшін мадақтайды. Кері тәртіпте санай отырып, ертегі кейіпкерлерін шығарып салуды ұсынады. Алтыншы, бесінші, төртінші, ... кейіпкерлер үйлеріне кетеді. Ертегі кейіпкерлерін кері бағытта санап, олармен қоштасады.	тапсырма бойынша орындалады. – Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер. – Ал сендер "Сабан той" дегеннің не екенін білесіңдер ма? – Жиын-терін біткеннен кейінгі диқандардың тойлайтын үлкен мерекесі. **<u>Сауат ашу</u>** **Міндеті:** «Т» дыбысымен таныстыру, дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Ойларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балалардың назарын өзіне аударады да, есікті қағады. Қоңырауды сылдырлатады, қағазды умаждап, не естігендерін сұрайды. Сөздік жұмысын жүргізу. *Қоңырау – темірден жасалған, үн шығаратын құрал.* – Дұрыс, балалар, сендер дыбыс естідіңдер. – Бірақ ол дыбыстар біркелкі ме? – Дыбыстар әртүрлі болады. Мысалы: «А-а» десек. Оны созып айтуға болады, дауысымыз еркін шығады. Дыбыстар екіге бөлінеді,	қайталау. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызып қайталату. Дәптермен жұмыс: -Суретте не бейнеленген? -Әр вагонда қандай ойыншықтар бар? -Сурет бойынша өзіне ұнаған ойыншықты сипатта. -Сенде қандай ойыншықтар бар? **<u>Қазақ тілі</u>** «Менің отбасым Ата –әже» **Міндеті:** «Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету **Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын».** Мақсаты: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрайды, қайталайды. Диалогке қатысады. Ойын: " Мынау кім?" Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу. Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу. Сергіту жаттығуы: Атамның алып күрегін, Ауланың қарын күредім. Әжеме мен құдықтан, Су әкеліп беремін. Еденді де жуамын, Шаң - тозаңды қуамын. Ойын сұрақ: " Көңілді доп" - Отбасы мүшесін ата. - Отбасында кімді жақсы көресің?	– Балалар, жалпы дыбыстар дауыссыз, дауысты болып екіге бөлінеді. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен, дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгілейміз. Өткен тақырыпта қандай дыбыспен таныстыңдар? – «Т» дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз дыбыс па? – Кәне, бірге қайталайықшы. Педагог «Т» дыбысының айтылу артикуляциясын балалардан сұрайды. Педагог балаларға «Т» дыбысынан басталатын көркем суреттер көрсетеді. – Балалар, сендер айтқан сөздердің бәрі де дыбыстан құралады. Сөзде дыбыс аз болса, ол қысқа сөзді құрайды. Мысалы: Ту, тас, тал. Егер сөзде дыбыс көп болса, ұзақ сөзді болады. Мысалы: тоқылдақ, түймедақ. **Қорытындылау** **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)

	Педагог: – Аналарыңа үй жұмысына көмектесесіңдер ме? – Жарайсыңдар, анаға әркезде көмектесу керек. «Ана» сөзі қай дыбыстан басталады? – Өте жақсы, балалар, сендер өткен тақырыпты ұмытпапсыңдар. – «А» дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз дыбыс па? – «А» дыбысының жуан дауысты дыбыс екенін қалай білдіңдер? – Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Педагог: балалар мен мақал-мәтел айтамын, ішінде «А»дыбысы бар сөздерді естеріңде сақтап қалыңдар. **Мақал-мәтел** Анаңа рақым етпесең, Балаңнан рақым күтпе. Ақылды қызға ана көп, Аяулы жанға пана көп. Педагог: – Балалар, сөздердің ұзын, қысқа болатынын өткен тақырыпта өткен болатынсыңдар. Естеріңе түсіріп өз есімдеріңді, қолдарыңмен өлшеп айтып көрсетіңдерші. **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.	**<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** Түрлі әлеуметтік жағдаяттарда шешім қабылдау. Қарапайым этикалық нормаларды біліп, сақтау. Бірлесе жұмыс жасау, еңбек нәтижесін бағалау. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Сұрақ-жауап әдісі арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын анықтау. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыркүйек айында балалар қайда барады? Балаларды мектеп ғимаратымен таныстырады. Мынау – біздің мектеп. Мектепте кімдер жұмыс жасайды? Қандай ережелерді сақтаймыз? Педагог Н. Айтовтың немесе басқа да ақындардың мектеп туралы жазған өлеңін оқиды. Мектеп жайлы түсіндіреді. – Мектеп – жас ұрпаққа білім, тәрбие беретін мекеме; білім беру жүйесінің негізгі буыны. Басты мақсаты – ҰОҚ оқыту. Оны мұғалім атқарады. Ойын: "Мектеппен танысамыз". Педагог мектеп ішіне саяхат жасауды ұсынады. Киім шешетін жер – бірінші қабаттағы дәлізде орналасады. Оқушылар мен мектеп қызметкерлері сырт киімдерін осында іледі. Сынып бөлмесі (кабинет) – оқушылардың ҰОҚ оқитын	дауыссыз дыбыстар, дауысты дыбыстар болып. Дауысты дыбыстарды қызыл текшемен, ал дауыссыз дыбыстарды көк текшемен белгілейміз. Мысалы, «Т» дыбысы. Кәне, бәріміз осы «Т» дыбысын айтып көрейік. Айырмашылығы қандай? «Т» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің түбіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Дем тіл ұшы мен тістің арасыннан шығады да, «Т» дыбысы жасалады. – «Т» дыбысы – дауыссыз дыбыс, сондықтан да қысқа айтылады. Енді осы дыбыстардан сөз құрайық. – «Ат» – бұл сөзде неше дыбыс бар? – Дұрыс айтасыңдар, «ат» сөзі екі дыбыстан құралған. Ал осы сөзге тағы да «А» дыбысын жалғасақ, қандай сөз шығады? – Дұрыс, «Ата» сөзі шығады. – «Ата» сөзі неше дыбыстан тұрады? – «Т» дыбысына байланысты сөздер ойлап айтыңдаршы. **Сергіту сәті:** Педагог балаларға «сөз» деген сөздің мағынасын түсіндіреді. – Сөз заттар мен құбылыстардың атауы. Мысалы: алма – жемістің атауы, жаңбыр – құбылыстың атауы т.б. Сөз дыбыстан құралады. «Кім көп біледі?» ойынын ойнату.	- Отбасында кімге сыйлық жасайсың? - Анаңа қалай көмектесесің? - Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба? - Дастархан басында өзіңді қалай ұстайсың? - Үйдегі ініңе, қарындасыңа қалай көмектесесің? - Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы. Үстел үсті ойыны: "Қуыршақты киіндіреміз" Мақсаты: балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Шарты: қатты қағаздан қиылған қуыршақ макетін киім үлгісімен киіндіру. Балалардың жұмысын мадақтау. - Балалар, қуыршаққа өте жақсы киімдерін киіндіре білдіңіздер, адамгершілік, мейірімділік қасиеттеріңізді көрсете білдіңіздер. - Өте жақсы балалар. Қорытынды: **Құрылымдалған ойын: «Даналық ағашы»** **Мақсаты:**Балаларға отбасы мүшелерінің суреті беріледі.Суреттерді ағашқа ретімен орналастырады. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	

	Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Жад пен логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырманы орындауды ұсынады. «Артық затты тап» кестесі. – Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. – Топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір. Топтардың әрқайсысында неше зат бар? – Бүгін қандай сандармен және цифрлармен танысатынымызды кім айтады? Артық затты тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған заттарды	орны. Мұнда оқушылар отыратын парталар, мұғалімнің үстелі мен орындығы және шкафтар болады. Спортзал – дене тәрбиесі сабағы өтілетін жер. Мектептегі шешінетін жер, оқу кабинеттері, спортзал сияқты орындармен таныстырады. Педагог тәрбиеленушілерге мектепте өздерін қалай ұстау керектігін түсіндіреді. Мектепте оқушыларға арналған ереже болатындығын, оны әрбір оқушы орындау керектігін айтады. Сөздік жұмысын жүргізу. 1-тапсырма бойынша сұрақтарға жауап береді. – Мектеп ауласында не бар? – Мектеп ауласында гүлдер және ағаштар өседі. Спорт алаңы бар. Мектеп ауласы қоршалған. Мектеп ауласында үзіліс кезінде демаламыз. Өз мектебіңнің ауласы туралы айт. Мектеп ауласында не істейсіңдер? Мектепте қоңырау не үшін соғылады? 2-тапсырма: сурет бойынша жұмыс. Тірек сұрақтар: Мектепте тағы кімдер қызмет етеді? Педагогтер қандай міндет атқарады. Сурет бойынша Қуаныш пен Айсұлуға сынып кабинеті қандай болатынын әңгімеле. – Сынып бөлмелерінде балалар не істейді? – Сынып тақталары не үшін	Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету). Педагог «Әліпби сыры» өлеңін мәнерлеп оқып береді: Әліпбидің «А» тұрады басында, Әрқашанда «Ә» тұрады қасында. Байқадың ба, «Б» тұрады үшінші, Ал осының сыры неде, түсінші? «А» деген ол – Аналар ғой ардақты, «Ә» деген ол – Әкелер ғой салмақты. «Б» деген ол – Балалар ғой әдемі, Біздің елде Үшеуі де кәделі. Алшақ кетпей, Сондықтан да расында, Тұрады олар Әліпбидің басында! Педагог балаларға өлең мазмұнын түсіндіреді. Өлеңді қайталатып айтқызу арқылы, жаттап алуды ұсынады. Билингвалды компоненттерді қайталатады . – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы	Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Балаларға оқу қызметіне құртақандарды шақыруды ұсынады. Рет-ретімен санауды және құртақандардың қасиеттерінің сипаттамасын айтып отыруға ынталандырады: бірінші құртақан үлкен және көк шалбар киген, екінші .... Алдымен 6 құртақанды шығарады. Одан кейін тағы біреуінің сабаққа келгенін айтады. Сұрақ қойылады: енді құртақандар нешеу болды? Қалай құртақандар саны 7 болды? (7 дегеніміз – 6 және тағы да 1). Құртақандарға Ақшақар келді. Енді сабақта неше қонақ бар? (Сегіз). Олардың саны қалай сегіз болды? (8 дегеніміз – 7 және тағы да 1). – Ханзада да келіп қалыпты! Енді сабағымызда неше қонақ бар? Қалай қонақтар саны 9 болды? (9 дегеніміз – 8 және тағы да 1). Педагог 7 баланы төбешікке орналастырады. Ал 8-ші баланы баспалдақтың қасына қояды. – Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 7 цифры жазылған карточканы қояды. –Қараңдаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? – Бүгін біз қандай сан туралы айтамыз? – Біз санадық: суретте 8 бала бар. Тағы бір рет санайық (әр баланы төбешіктен домалатып, бәрі хомен санайды)	

	санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды. ҰОҚ-нің тақырыбын анықтайды: 3 саны мен цифры, 4 саны мен цифры. Мәшинелерді санаймыз. Қуыршақтарды санаймыз. Мәшинелер саны 3 нүктемен белгіленеді. Қуыршақтар саны 4 нүктемен белгіленеді. Педагог 3 және 4 цифрлары туралы өлең оқиды: Қадір Мырза Әлі Жол бойында, ел білер, Үшбұрышты белгілер. Төрт түлік мал – дәулет, Оған ие әулет. Арталарда жөн бөлек, Оларда төрт дөңгелек. Туралап тарт, Бұлтарма. Төрт тұяқ бар тұлпарда. Төрт бұрышты орамал, Төрт қабырға орамал. 2-тапсырма. 3,4 цифрының үстінен саусақтарыңмен жүргізіңдер. Одан кейін оны ауада жазамыз. Енді еденде аяқпен жазамыз. Осы цифрларды ермексаздан жасауларын тапсырады. **Сергіту сәті.** Цифрды, заттарды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру. Нүктелерде 1, 2, 3, 4 сандарын көрсетіңдер. Суреттерден заттардың белгілі бір санын табыңдар (1-ден 4-ке дейін). Педагог саны 1-ден	керек? – Сынып бөлмелері неге кең және жарық? – Сынып бөлмелерінде парталар неге көп? Педагог үстелі неліктен парталарға қарама-қарсы қойылған? Сергіту сәті: Айсұлуға мектепке қажетті құралдарды жинауға көмектес. Ал, балалар, біз Айсұлуға мектепке қажетті құралдарды портфельге жинауға көмектесейік. Портфельге не саламыз? (Кітап, дәптер, қалам, қарындаш, күнделік). Педагог тәрбиеленушілерден сұрақ-жауап әдісі арқылы жұмыс жүргізеді. – Мектепте сынып бөлмелері неге көп? • Өйткені оқушылар көп. Оларды сыныптарға бөледі. Мысалы, төрт 1-сынып болса, оларға 4 сынып бөлмесі керек. • Сынып бөлмесіндегі тақта және бор не үшін қажет? • Тақтаға жазу жазады, есеп шығарады, суреттер іледі. Тақтаға жазуды бормен жазады. • Мектепте, сынып бөлмелерінде оқушы өзін қалай ұстауы керек? • Сынып бөлмесінде, дәлізде қатты айғайлап жүгіруге; шулауға, әртүрлі заттарды лақтыруға болмайды. • Ұялы телефонды ҰОҚ барысында пайдалануға болмайды. Педагог тәрбиеленушілердің	жеңімпаз анықталады. **<u>Қоршаған орта танысу</u>** **Міндеті:**. Ата-ананың еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Педагог төмендегі жағдаятты тәрбиеленушілерге айтады: – Қуаныш мектепке барды. Мектептің дәлізі кең екен. Қуаныш дәлізде қатты жүгіріп ойнай бастады. Қуанышқа тағы бір бала қосылды. екеуі айғайлап сөйлеп, алысып ойнай бастады. Бір кезде аяғына шалынып, баспалдақтан құлап қалды. – Балалар, Қуаныштың әрекеті дұрыс болды ма? Ол нені сақтамады? Педагогтің әңгімесі: – «Мектеп» деген сөзде үлкен мән-мағына жатыр. Мектепте оқушылар тәлім-тәрбие алады, білім алады. Баланың достары көбейеді. Мектепте тек білім ғана алмайды, сонымен қатар үлкенмен де, кішімен де қарым-қатынас жасауды үйренеді. Бала білімді, өнерлі, тәрбиелі болып шығады. Мектептегі қауіпсіздік ережелері. Оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп-тұруына қауіпсіздік	біз ешкімді жіберіп алған жоқпыз ба? – Оқу қызметіні тақырыбын кім айтады? Бүгін қандай сандармен танысамыз? Қызығушылық танытып, кейіпкерлерді санайды. Оқу қызметінің тақырыбын тұжырымдайды. Әрбір топтың үстелінде 10 дөңгелек пен үш қағаз тәрелкеден құралған үш жинақтан бар. Педагог тапсырма орындауды ұсынады: қонақтарымызға дастарқан жаю қажет. Әрбір тәрелкеге тәтті тоқаштардың белгілі бір санын салу керек. Бірінші тәрелкеге жеті тоқаш. Балалар салады, қайта есептейді. Педагог цифрды көрсетеді, балалар оны ауада «жазады». Одан кейін балалар екінші тәрелкеге сегіз «тоқаш» салады. Педагог цифрды көрсетеді, балалар оны ауада «жазады». Үшінші тәрелкеге тоғыз тоқаш салынады. 1-тапсырманы қарастыру. – Тәрелкелердің әрқайсысында неше тәтті тоқаштан болуы тиіс? Әрбір тәрелкеге жетіспейтін «тәтті тоқашты» жапсырыңдар. Балалар топтарда таратуға арналған материалмен жұмыс істейді. Тапсырманы орындап, жетіспейтін тәтті тоқаштарды жапсырады. – 2-тапсырма. Саусақтарымен цифрлардың үстінен жүргізуді тапсырады. Ермексаздан жасап көрсетулерін сұрайды.	

	4-ке дейінгі аралықтағы заттарды көрсетеді және оларды сәйкестендіріп, сызып қосуларын тапсырады. 4-тапсырманы орындауды сұрайды. Қажетті цифрды жапсырады. Суреттегі заттарды санайды. Неше мәшине және неше қуыршақ болса, шаршыға сонша нүкте салады. Ермексаздан цифрларды жасайды. 3 және 4 цифрларының үстінен саусақтарымен бастырып жүргізеді. ҰОҚ қорытындылайды, педагог балаларды мадақтайды. Балалардан заттардың санына сәйкес суретті табу ұсынылады	жауаптарын тыңдайды және қорытынды жасайды: • Бұлардың бәрі – мектеп ережесі. Ережеде оқушы өзін қалай ұстау керектігі айтылады. Оны этика деп те айтуға болады. Этика дегеніміз – отбасында, қоғамдық жерлерде (мектеп, дүкен, балабақша, көше, көлік ішінде) адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан тақтаны кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен **Музыка** Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұнды, қайлығы). Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Ән тыңдау: «Балалығым балғын шағым» (муз. Е. Ташев, Т. Қажыбаев) Ән салу:«Алтын күз» Б. Бейсенова. Әуенді-музыкалық қимылды ойын: «Жемістер мен	жасау қажет. Сондықтан мектепте арнайы қауіпсіздік ережесі болады. Оны мектепте жұмыс жасайтын адамдар да, оқушылар да сақтаулары тиіс. Мысалы: өрт қауіпсіздігі, жол ережелері сияқты. Оқушыларға: ҰОҚ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайды; оқушылардың өміріне және денсаулығына қауіпті болғандықтан, терезенің алдына мінуге, шкафтардың үстіне шығуға, баспалдақтың таянышымен сырғанақ тебуге, басқа оқушыларды итеруге; мектептегі шаруашылық бөлмелерінің есігін ашып-кіруге; электрлік шкафтарды ашуға ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Педагог тәрбиеленушілерге мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері туралы түсіндіреді. Алдымен тәрбиеленушілер осылар туралы не білетіндерін анықтайды. **Сергіту сәті:** Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту **Сурет салу** **Міндеті**: күзгі орманның	**Сергіту сәті.** №3 тапсырма. Балалар суретті қарайды. Шалғында нелер жайылып жүр? Шалғында қандай гүлдер гүлдейді? Енді шалғында жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Аспанда қанша бұлт бар? Қажетті цифрды жапсырыңдар. 4-тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосу тапсырылады. Цифрлардың үстінен саусақтарымен бастырып жүргізеді. Педагогтің нұсқауы бойынша қимылдар жасайды. 3-тапсырманы орындап, жануарларды, гүлдерді атайды, қажетті цифрларды жапсырады. 4-тапсырманы орындайды. Педагог оқу қызметін қорытындылайды және балаларды жұмысы үшін мақтайды. Кері санай отырып, құртақандарды, Ақшақар мен ханзаданы шығарып салуды ұсынады. Оныншы, тоғызыншы, сегізінші, жетінші, алтыншы, бесінші, төртінші, үшінші... кейіпкерлер үйлеріне кетеді. Құртақандарды кері санайды және олармен қоштасады	

	көкөністер» Шарты:Музыка әуенінің ауысымына қарай Жемістер мен көкөністердің бетпердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка тоқтағанда жемістер мен көкөністер екіге бөлініп тұра қалады.	мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. **Құрастыру** **Міндеті:** Балаларға автобусты қатты қағаздардан жасау жолдарымен таныстыру.Жұмысты қызығушылықпен жасай білуге тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерді сақтай білуге білімдерін кеңейту. **Мүсіндеу** **Міндеті**: себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету. **Жапсыру** **Міндеті:** геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөліктерін сюжетті жапсыруға үйрету; ойлау, есте сақтау, қағазбен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу; шығармашылыққа жетелеу.		
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Жапырақ неге түседі» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№2	№8	№6	№4	№3
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек				

	орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаппен жарқын әлемге» акциясы **(Біртұтас тәрбие)**	Үй жануары мысық , ит қалай дыбыстайды даусынан тану дыбысты қайталауды дамыту **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету.	**Жеке қауіпсіздік «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ»** **Мақсаты:**. балаларды төтенше қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету. **Міндеттері:** Балаларды төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру қызметі, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру. • Төтенше жағдайлардағы қоңырау скриптерінің негізгі элементтерін көрсету. • Әртүрлі төтенше жағдайларда қоңырау скриптерін есте сақтау және төтенше қызметтерге қоңырау шалу бойынша жаттығулар өткізу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Төтенше қызметтерге қоңырау шалудың маңыздылығын түсіндіру: **«Есте сақта!»**	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: «Бағдаршам және біз» **Мақсаты**: Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Жұмбақ жасыру* Көзін ашып жұмады. Бағыт сілтеп тұрады. (Бағдаршам) Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (Автоинспекция қызметкері) Арқаным бар тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім.(Жол) *Кіріспе әңгіме* -Бағдаршам деген не? -Ол қайда болады? Бағдаршамның қызметі қандай? -Бағдаршам—жарықпен белгі беру арқылы көшедегі, автомобиль	Топтағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Үстел үсті театры. Үстел үсті театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталату.

					жолы мен темір жолдағықозғалысты реттеуге арналған құрылғы. Қызыл – Тоқта ! Сары – Сақтан ! Жасыл – Жол ашық! дегенді білдіреді. Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны ,қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз? Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше, сол орында күте тұрамыз. *Ойын: «Қызыл, сары, жасыл»* Мен бағдаршамның үш түрлі көзін көрсетемін . Қызыл жанса – тыныш тұрамыз Сары жанса – оң аяғымызды көтереміз Жасыл жанса – топ, топ басып жүреміз. Қорытындылау	

Өрт күзеті	**101**
Полиция	**102**
Жедел жәрдем	**103**
Төтенше газ қызметі	**104,112**
Бірыңғай құтқару қызметі	**112**
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған. **- «111» нөмірі – 24/7 байланыста. - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды. - «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.**	**111**

			▪ Қоңырау скриптерінің негізгі элементтерін көрсету (1, 2, 3-қосымша): Сәлемдесу және өзін сабырлы (байсалды) таныстыру. ▪ Мекенжай мен оқиға орнын көрсету. ▪ Жағдайды сипаттау (не болғанын, қандай қауіп бар екенін, зардап шеккендер бар ма, жоқ па және т.б.). ▪ Оператордың сұрақтарына жауап беру. Оператордың нұсқауларын орындау. ▪ Қоңырауға дейін және қоңыраудан кейінгі тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін талқылау: ▪ Оқиға орнында болу (егер бұл қауіпсіз болса). Оператор айтпайынша, телефон тұтқасын қоймау. ▪ Оператордың нұсқауларын орындау және мүмкін болса, көмек көрсету. **Бекітуге арналған тапсырмалар:** Әртүрлі жағдайлар үшін қоңырау скриптерін құрастыру. Мысалы: үйдегі өрт. Жарақат немесе ауру. Газ иісінің шығуы. Ұрлық немесе шабуыл.		
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур <u>жеке жұмыс</u>** Тәулік бөліктерін ажыратуды, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін айтуды үйрету **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** .	**Мансур жеке жұмыс** Балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінуге талпындыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады. **(Коммуникативтік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады. Ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындай алуға үйрету. Өз бетінше ойдан құрастыруға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур жеке жұмыс** Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытуды үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе				

	ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористі дамыту)**				
Серуен	Ұлттық ойын: «Түйілген орамал» Міндеті: Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, **“Адал азамат”**	Ұлттық ойын:«Әуе таяқ» Мәндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру. **“Адал азамат”** Жеті лақ» ертегісін оқып, мазмұндау. **Көркем әдебиет**	Ұлттық ойын: «Соқыр теке» Міндеті: Балалрды шапшандылықпен, мергеңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **“Адал азамат”**	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **“Адал азамат”**	Ұлттық ойын: «Бес асық» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **“Адал азамат”**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық фото суреттерді беріп жіберуін сұрау.	Отбасылық газетті таныстыруға қонаққа шақыру.	Алған әсерлерімен бөлісу.	Отбасылық мерекелер мен ойындар туралы кеңес беру.	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Аптаның дәйек сөзі *«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»*

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 15.09 - 19.09.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі:** **«Балбырауын»** **Қ.Сағырбайұлы** Әнұран. **Шығармашылық дағды** **“Адал азамат”**	**Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.** **Күй күмбірі:** «Көңіл толқыны» **С.Тұрысбеков** **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі «Көңіл ашар»** **А.Бекбосын** Шармен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. **Шығармашылық дағды,”Адал азамат”**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Адай күйі»** **Қ.Сағырбайұлы** **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі «Көңіл ашар»** **А.Бекбосын** Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. **Коммуникативтік дағды** Күйді күнделікті таңертеңгі мезгілде не үшін қосатынымыз туралы әңгімелесу.

					Өнегелі 15 минут әңгімелесу. “Адал азамат”
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес беру: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Күз мезгілі туралы не білетінін еркін түрде әңгімелесу. Міндеті: Күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	«Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұша ма, жүре ме, жүзе ме айтады. **Коммуникативтік дағды**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі. **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие**	«Теңге алу» Міндеті: есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **“Адал азамат”**	Топта жүгірмеу: тек сыртта немесе спорт алаңында жүгіруге болады. Басқалардың заттарын рұқсатсыз алмау: достарыңның жеке заттарына құрметпен қарау. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Таңертенгі жаттығу	Жаттығулар кешені №2				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті).**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		№19 «Көп және біреу» Мақсаты: Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең,тең емес топтарын салыстыру. **Математика негіздері**	№10 «Ұлттық киімдерді ата» Мақсаты: Балаларға “Адал азамат”тарды бойына сіңіре білуге тәрбиелеу. **“Адал азамат”**	Балабақша қызметкерлерімен таныстыру. **Міндеті:** Балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлердің аты-жөнін толық айта білуге үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	«Жаңылтпашты жаңылмай айтайық» Мақсаты: Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге жаттықтыру. **Коммуникативтік дағды**
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Балалардың сөздік қорын адамдардың қарым-қатынасын,олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін оқып беру. Басбармағым – атам, үйдің данасы,	**Математика негіздері** **Міндеті:** Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** 4 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсыну. Одан кейін	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын өзіме аудару. Қоңырауды сылдырлатады, қағазды умаждап, не естігендерін сұрайды.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізді ойыннан бастағым келіп тұр. Ойынның атауы «Сенде не бар?».	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға,сұрақтарды дұрыс қоюға,оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**

	Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. – Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені ата беделі әкеден де жоғары. Өйткені атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі. – Кімнің үйінде атасы, әжесі бар? – Қазақ отбасында ата мен әженің маңызы зор. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөз – атанікі. Үйлеріңде әкелеріңнің өздері аталарының айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың да мәселелерін шешіп, ақыл-кеңесін беріп отырады. Әулет ағайын екенін түсіндіреді. Педагог тақтаға атаның суретін іліп, әркім өз аталарына ұқсайтын жерлерін айтып немесе атасының ерекшелігін, ерекше қасиетін айтып әңгіме құрауларын сұрайды. Сергіту сәті: «Ұзын құлақ сұр қоян» Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады.	тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (Бес). Қалай кейіпкерлер саны 5 болды? (5 дегеніміз – 4 және тағы 1). Қызығушылық танытады. Ертегі кейіпкерлерін санайды. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді қанша болғанын қайта санаймыз (алты). 5,6 цифрларын ауада жазамыз. Енді аяқпен еденге жазамыз. Саусақтарыңмен сызық бойымен жүргізіңдер. Цифрларды ермексаздан жасаңдар. Сергіту сәті. 5 рет секір, 6 рет қол соқ, әрбір аяқпен 5 рет еденді топылдат, көршіңмен 6 рет қолдарыңды соғыңдар. Рефлексия. 5 және 6 цифрларын тауып, бояуды сұрайды. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалармен театр әлеміне баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік, Денсаулық пен жылылық! Балаларға жұмбақ жасырады: «Тонын киіп туған,	Қоңырау – темірден жасалған, үн шығаратын құрал. – Балалар, сендер қандай дыбыс естідіңдер. – Бірақ ол дыбыстар біркелкі ме? – Дыбыстар әртүрлі болады. Мысалы: «А-а» десек. Оны созып айтуға болады, дауысымыз еркін шығады. Дыбыстар екіге бөлінеді, дауыссыз дыбыстар, дауысты дыбыстар болып. Дауысты дыбыстарды қызыл текшемен, ал дауыссыз дыбыстарды көк текшемен белгілейміз. Мысалы, «Т» дыбысы. Кәне, бәріміз осы «Т» дыбысын айтып көрейік. Айырмашылығы қандай? «Т» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің түбіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Дем тіл ұшы мен тістің арасыннан шығады да, «Т» дыбысы жасалады. – «Т» дыбысы – дауыссыз дыбыс, сондықтан да қысқа айтылады. Енді осы дыбыстардан сөз құрайық. – «Ат» – бұл сөзде неше дыбыс бар? – Дұрыс айтасыңдар, «ат» сөзі екі дыбыстан құралған.	Ұйымдастырылған іс-әрекетіміз «Жомарт күз» деп аталады, сондықтан біз көкөністер мен жемістер туралы әңгімелесеміз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** Жерде жатқан суреттерді таңдап алып, бір-бірімізге сұрақ қоямыз. (Шаңберде тұрып сұрақ қояды) Мысалы: Менде Алма, Ал Сенде Не Бар? деп жалғастырамыз. -Жарайсыңдар, балалар, жемістерді таңдаған балалар бірінші үстелге, ал көкөністерді таңдаған балалар екінші үстелге отырып, осылай екі топқа бөлініп отырамыз. Екі топ бір-бірімен жарысады. Бірінші «Жемістер» тобы, Екінші «Көкөністер» тобы. Сайысымызды бастамас бұрын, саусақтарымызды көрсетіп, саусақ жаттығуын жасайық: «Бала – бала,балапан» Күзде жапырақтардың түсі қандай болады. Күз айларын ата? Ауа – райында қандай өзгерістер болады? Бау-бақшалардан нелерді жинаймыз? 1-тапсырма: «Төртіншісі артық» тақтадан суреттерді көрсету. Балалар мұқият қарап, артық көкөніс немесе жемісті атайды. 2-тапсырма: Келесі тапсырмада осы жолдан өту керек, бірақ жай емес «Көкөністер» тобы жасыл	- Қане, балалар, орындарымызға отырайық! -Балалар, естіп тұрсыңдар ма? Бізге қонақ келіп тұрған сияқты. (Қонаққа ересек топтан Айсұлу деген қуыршақ келеді. Қолында жеміс-жидектердің муляждары салынған себет бар) -Балалар, қонағымызбен амандасайық! -Балалар, Айсұлу бізге себетпен жеміс-жидектер алып келіпті. Ол бізбен бірге жеміс-жидектерді қазақша атап үйренгісі келеді екен. -Айсұлуға көмектесеміз бе? -Балалар, бүгін «Жемістер» туралы Айсұлумен бірге әңгімелесетін боламыз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** Суретпен жұмыс. Жемістердің қазақша атауларын атау. Себеттегі жемістер. Сурет бойынша балаларды жеміс-жидектердің түрімен *(алма, алмұрт, шие, өрік, жүзім)* таныстырады. Сурет бойынша жеміс-жидектердің атауларын қайталайды, қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай екенін ажыратады.

	анықтайды. Таспа жіп ұстаған гимнаст қыздың суретін көрсету Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал, тез көтер» – таспа жіптің төңірегінде жүру, жүгіру. Екі ұшы бір-біріне байланған таспа жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау, арақашықтықты сақтау. Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау: Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру – гимнасттар сияқты әдемі жүру. Жаттығуды дұрыс орындау жолдарын түсіндіру: қолды қапталға созып, басты тік ұстайды, табандарымен таспа жіпті басады; шеңбердің сыртына шықпау	түсіндіреді. Сөздік жұмыс: Әтеш – үй құсы, жем, тарыны тұмсығымен шоқып жейді. «Ку-ка-ре-ку!» деп шақырады. Мысық – үй хайуанаты. Ол мияулайды. Шап беріп – тез ұстап алу. Тәкаппар – менсінбей, кеудесін көтеруді айтамыз. -Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? -Ертегіде не туралы айтылған? -Қай кейіпкер саған ұнады? -Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? -Мысық қайда кетеді? -Әтешті түлкі қалай алдады? -Мысық әтешті қалай құтқарды? -Түлкінің жасағаны дұрыс па? **Сергіту сәті** -Мысық қалай жүреді? Қалай дыбыстайды? -Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады? -Түлкі қалай қуланады? Құйрығын қалай қозғалтады? Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды. -Ертегіні қайталап есімізге түсірейік. Ертегі сюжеті бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Ертегіні 3-4 балаға қайталату. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** 8 саны және	Адамдардың қысқа дайындалып жатқаны туралы айту. Адамдар сияқты аңдар да, жәндіктер де қысқа дайындалатынын айтып өту. Педагог: – Балалар, біз М.Зверевтің "Су торғайы" әңгімесімен таныспыз. Бұл кісінің балаларға арналған әңгімелері көп. Соның ішінде «Қысқа дайындық» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Қысқа дайындық Бал арасы таңның атысы, күннің батысы бір сәт тыным таппай, гүлден-гүлге қонып шырын тасып, өзіне де, өзгеге де жетерлік бал жинады. Егістікке жақындау жерге ертелеу көшіп келіп, мекенжайын алдын ала дайындап алған Сарышұнақ күз бойы масақ теріп,	сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтауға баса назар аударады. «Мұрныңды тауып көрсет». Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар. «Мұрныңа серуенге дайындалуға көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады. «Мұрын еркелейді». «Мұрын жұпар иіс иіскейді». «Мұрын өлең айтады». «Мұрнымызды жылытамыз». «Мұрын үйге қайтады». Қорытындылау **<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге және өзара қарым-қатынасын дамытуға жетелеу. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Біздің топта балалар Тату-тәтті ойнайды. Дос көңілі әрқаша Тек жақсылық ойлайды. – Қазір жылдың қай мезгілі? – Жақында қандай мереке болады? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? -Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде тойланады? -Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» атты өлеңімен танысамыз. -Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жаңа жыл да келеді, Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! Сұрақ-жауап: -Өлең қалай аталады? -Жаңа жылда балалар не істейді? -Жаңа жылда бізге кім келеді? **Сергіту сәті:** -Суретте балалар не істеп жатыр деп ойлайсың? -Әр балаға ат қойып, олардың немен айналысқанын әңгімеле.	арақашықтықтарын сақтау, мұрын арқылы демалу, қимылдарды үйлесімді орындауға тырысу. Шеңбер формасындағы жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Балаларды шеңбер бойына тарату. Негізгі іс-қимылдарды орындайды: Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру. Табанды жіптің үстіне қою, шеңберден шықпау қабілетін бақылау. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне домалатады (қашықтық – 2 метр). «1-2-3 – жұбыңды тап!» командасы бойынша өз жұбын табу. Допты екі қолдың күшімен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға балалардың назарын аудару. Жіпті пайдалану арқылы: «Соқыртеке» ойынын ұйымдастырады. Соқыртеке рөлін орындайтындарға арнап шеңбер жасайды. Ең епті әрі алғыр балаларды ынталандыру. **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және

	керек. Ойын түріндегі жаттығу «Қоңырауға жанаспа». Төрт аяқтап еңбектеу, таспаның астымен төмен еңкейіп өтеді және қоңырауға жанаспауға тырысады. Ойындар ұйымдастыру: «Көбелектер мен құрбақалар». Ойын тәртібін түсіндіру. Белгі бойынша қимылдайды. «Қатып қал!». Бір-бірден тізбекте жүру, тапсырмаларды орындау. **Қорытындылау** **<u>Тіл дамыту</u>** **Міндеті:** Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.	цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1- ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде дүкен ойынын ойнайтынын хабарлайды. Балаларға дүкенге азық-түлікке баруды ұсынады. Педагог алма бейнеленген карточкаларды пайдаланады (№2, №3 парақтар). – Алма сатып аламыз. Себетте олардың саны қанша? (Жеті). Тағы біреуін қос, олардың саны қанша болды? (Сегіз). Цифр салынған карточканы іздеумен отырады. Әрі қарай, балаларға, мысалы, 8 алмұртты санау ұсынылады. 8 цифрмен танысу. 8 цифрын 8 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрларды көрсету. Педагог 8 цифрын көрсетіп, өлең оқиды. Мынау жатқан қайшы, Ал «сегіз» цифр қайсы? Оның екі көзі,	інінің бүйір бөлмелерін астыққа әбден толтырады. Тоғайдағы жирен Тиін де қарап жатқан жоқ. Цирктің ойыншысы сияқты бұтақтан-бұтаққа қарғып жүріп, ұясына жақын жердегі қуыс – тесіктің бәріне балқарағайдың жаңғағын үйіп тастады. Қыс алты аймен аяқталмай, түгел бір жылға дейін созылса да, оның мұртын балта шапайды. Ал бұралқы Ит түк ойлаған жоқ. Биыл тіпті қыс түспейтіндей көрінді. Қас қылғандай, қар ерте жауды. Енді, міне, құлағы салбырап, қарны қабысып, қаншардай қатып, әркімнің босағасына бір түнеп, өлермен күн кешіп жүр. Әрі бүрсеңдеп тоңып, әрі қарны ашып, әрең-әрең кірпік іледі. Кірпік ілсе болды, тәтті-тәтті түс көреді. Түсінде өңшең	-Балалардың көңіл күйі қандай? -Жаңа жылды қарсы алу үшін шыршаға қандай ойыншықтар дайындайды? -Жаңа жыл мерекесі қалай тойланатынын әңгімеле. **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** : қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету **Ұйымдастыру барысы:** Қуыршақтар - Сэуле мен Арман себетпен көгөністер мен жемістер алып кіреді. Балалармен «Кім жылдам?» ойынын ойнайды. Екі себетке көгөністер мен жемістерді бөліп салу, атап және сипаттау. Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?». Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету. -Алма, алмұрт, өрік - көгөніс. -Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік - жеміс. т.б Дидактикалық ойын: «Күз сыйы». Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар. Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады. -Мынау қандай жеміс? -Ол - өрік. Өрік дәмді. -Мынау қандай көгөніс? -Ол - қияр. Қиярда пайдалы дәрумендер көп. т.б -Мынау - қарақат. -Мынау не? -Мынау - қарақат. -Қарақат дәмді, пайдалы. -Қарақат қандай? -Қарақат дәмді, пайдалы. -Қарақат кішкентай, түсі қара. -Қарақат қандай? -Қарақат кішкентай, түсі кара. -Мынау - құлпынай, қ-құ-ұ-л-пы-най. -Мынау не? -Мынау- құлпынай. -Құлпынай дәмді, пайдалы. -Құлпынай қандай?	күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбер: Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар - Сэуле мен Арман келеді. - Сәлеметсіздер ме?! Ойын ойнауға шақырады. «Қызық екен» ойыны Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. 1. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: • Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? • Күз айларын ата? • Күз туралы тақпақ оқы? • Сурет бойынша сөйлем құра. 2. Көгөністер. • Қандай көгөністерді білесің? • Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) қима суреттерден көрсету. • Сурет бойынша сөйлем құра. 3. Жемістер.

	Ұйымдастыру барысы: – Кәне, балалар, орнымыздан тұрып, бізге келген қонақтарды қарсы алайық. Бүгін бізге дәрігер апай қонаққа келді. Дәрігер: – Сәлеметсіңдер ме, балалар. Бүгін күн бұлтты екен, қолшатырымды ала шыққаным қандай жақсы болған. Бірден жаңбыр нөсерлете құйып кетті. Суға малынып қалам ба деп едім қолшатырым маған көмектесті. Дәрігер: – Балалар, сендер көріп отырғандай күн бірте-бірте суытып, жаңбыр да жиі жауатын болды. Мұндай күндері балалар көп ауырып қалуы мүмкін, мен сендердің денсаулықтарыңды тексеріп шығайын. (Дәрігер балаларды тексеріп өтеді). – Сендердің	«Сегізіңнің» өзі. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Сөреде қанша өнім болса, себеттерге сонша таяқшаның суретін сал. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын айтып беруді сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – Сөреде қанша қорап айран бар? Оларды себетке «сал» – сонша таяқшалардың суретін сал. Сол сияқты ойын басқа тауарлармен де жүзеге асырылады. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Педагог тапсырманың мұқият орындауына, балалардың отыру қалпына, қарындашты дұрыс ұстауына назар аударады. Ауада 8 санын «жаз»: қолымызды ажыратпай ирек жасаймыз, содан кейін жұмыс дәптерде орындалады. Цифрдың үстінен саусағымен жүргізіп, оны ермексаздан жасайды. Қозғалмалы доп ойыны «Атап көр, құр қалма!». Балалардың үстелдерінде 1-ден 8-ге дейінгі цифлары бар карточкалар қойылады. Әр бала екі карточкадан бөліп алады. Педагог 1-ден 8-ге дейінгі	майлы сүйек кеміріп жүреді. Оянып кеткен бойда қатты өкінеді. «Енді осыдан жазға аман-есен жетер болсам, сүйектен үй салам», – деп өзіне-өзі серт берді. Бұл – оның жылдағы әдеті. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: – Балалар, әңгіме нелер туралы айтылған? – Бал арасы не істеді? – Балды қанша жинады? – Сарышұнақ не жинайды? – Ал тоғайдағы жирен Тиін не істеді? – Барлық аңдар қысқа азық жинап жатқанда, Ит не істеп жүрді? – Ит ойлағандай қыс келмей қалды ма? – Қыстағы Иттің жағдайын кім айтады? – Жаз келгенде Ит өзіне-өзі берген сертті орындады ма? – Балалар, берген сертті	-Құлпынай дэмді, пайдалы. -Мынау - таңқурай. -Мынау не? -Мынау - таңқурай. -Таңқурай дэмді, пайдалы. -Таңқурай қандай? -Таңқурай дэмді, пайдалы. -Мыналар — жи-дек-тер. Жидектер дэмді, пайдалы. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ- қ-к- қа-ра-қ-қат. ұ.ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най Ң-ң-ң-таң-ң-ку-рай. «Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жидектер, жемістер, көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. **Сергіту сәті:** 1.Жидектерді тап және ата. Қызыл түспен белгіле. 2.Жұмбақты жаттап ал. Жапырақты тасалап, Өскен жері - бау-бақша, Күрең қызыл, шіркін-ай, Жидектің аты - ... (құлпынай) Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1- ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде балалардың саяхатқа шығатынын хабарлайды. Саяхаттау үшін қандай заттар қажет, олар немен тасымалданатыны туралы әңгіме жүргізеді. Жұмбақтың не екенін білу үшін: Күтеді оны аталар, Ағалар мен апалар, Әжелер мен әпкелер. Ол өйткені жұмысқа Таңда, түсте апарар, Кешке сосын ап келер. Дереккөз https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category_id=2&tag_id=3123 – Автобуспен саяхатқа шығайық. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттегі түрлі түсті шабадандарды сана. Тағы бір шабаданды боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Балалар суретпен танысады.	• Қандай жемістерді білесің? • Артыгын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлынай). • Жемістер туралы жұмбақтар айтыңдар? • Сурет бойынша сөйлем құра. 4. Жидектер. • Қандай жидектерді білесің? • Аудармасын тап? ягоды- ... (жидектер), смородина - ... (қарақат), клубника - ... (құлпынай), малина - ... (таңқурай). • Сурет бойынша сөйлем құра. Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды. **Сергіту сәті** Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** Буындарды және қысқа сөздерді айтқызу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Тілдерін, саусақ моторикасын дамыту. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, өткен оқу қызметінде бізге кім қонаққа келді? – Алдаркөсенің сендер, бір ғана тапсырмасын орындаған болатынсыңдар.

	денсаулықтарың жақсы екен, осылай күтініп жүрулерің керек. Мен енді басқа топтың балаларын қарап шығайын, – деп дәрігер шығып кетеді. – Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер? – Егер сен ауырып қалсаң, анаң емдейді ме? – Балалар, «дәрігерлерді ақ халатты абзал жандар», – деп айтады. Көптеген кісілердің өміріне араша түсетін мамандар. Дәрігерлер туралы М.Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Ана алғысы", "Үш дос", "Адал дос", "Біз де ойнаймыз", "Шие тергенде" деген әңгімелері бар. Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді"	цифрларды еркін тәртіпте көрсетеді. Мұндай цифрдың суреті салынған карточкасы бар балалар тұрып, цифрды атайды. 3-тапсырма. 8 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны бояйды. Ол алдыңғы сабақтарға ұқсас орындалады, балалар санды тауып, бояйды. Сергіту сәті. 8 рет секіру, 8 рет қол соғу, 8 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 8 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады. Кесінді қиық материалдармен жұмыс. Педагог балаларға 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады (№10 парақ). 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар карточкаларды жүйелі түрде орналастыруды ұсынады. Содан кейін балалар цифры бар карточканы, нүктелері бар карточкаларды көрсетеді. «Ойлан, тап!» дидактикалық ойыны. Педагог заттардың әртүрлі қасиеттері болуы мүмкін екендігі туралы әңгіме жүргізеді. Ол қандай зат туралы сөйлесетінін табуға ұсынады: бұл шарға ұқсас зат, ол тығыз, онымен ойнауға болады. Бұл – доп. Затты қалай ойланып табуға болады?	орындамаған дұрыс па? – Әңгімеде жағымды кейіпкерлерге нелер жатады? – Жағымсыз кейіпкерлерді атаңдаршы? – Бал арасын, тиінді, Сарышұнақты неге жағымды кейіпкерлерге жатқыздыңдар? – Ит неге жағымсыз кейіпкер? Сөздік жұмыс: Сарышұнақ кеміргіш жануар екенін түсіндіреді. Педагог балаларға әңгіменің мазмұнын бірінен кейін біріне жалғастырып айтқызады. **Сергіту сәті:** Мақал-мәтел: 1.Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 2. Бейнетсіз рақат жоқ. Педагог мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіреді. Дидактикалық	– Қанша шабадан түрлі түске боялған? (Жеті). Тағы біреуін бояйық. Қанша болады? (Сегіз). Шеңберлер және пирамидамен жұмыс алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетке ұқсас орындалады. Қорытындыда балалар: сегіз саны болу үшін жетіге біреуін қосу керек. 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 8 санын «жаз», содан кейін дәптердегі жұмысты орында. Жұмыс үшін педагог қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолмен жүр» жаттығуын қолданады (үлестірмелі материал, № 4 парақ). Сергіту сәті. 8 рет секіру, 8 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагогтің басшылығымен орындалады. Кесінді, қиық материалмен жұмыс. «Ойлан, тап» ойыны. Педагог геометриялық фигуралар мен оларға ұқсас заттардың (олардың суреттерінің) жиынтығын дайындайды. Ол геометриялық фигураларды көрсетеді, ал балалар қандай затқа ұқсайтынын айтуы керек. Мысалы, сары шеңберді көрсетеді және бұл шеңбердің неге ұқсайтынын сұрайды. Балалар фигураны атайды және сары шеңбер, мысалы, құймаққа, күнге, тәрелкеге ұқсатады, содан кейін педагог үлкен қызыл шеңберді көрсетеді. Балалар қиялдайды: алма, қызанақ. Үлестірмелі материалдар (№ 12,13,14 парақтар) қолданылады. 3-тапсырма. Пішінін өзгерт. Түсін өзгерт. Балалар суреттерді қарап, орындалуына түсініктеме береді. Мысалы: сары шаршының суреті салынған, пішінді өзгертіп, сары шеңбер саламын. 4-тапсырма. Әр топтың заттары қандай белгілері бойынша жинақталған? Бұл заттарды қайда қою керек? Сызып қос. Әр топтың заттарын белгілеріне қарай қалай жинақтағанын түсіндіріп, берілген заттарды сызып қосады. Ойын жаттығуы, «Ретімен тұр». Педагог балалар тобына 1-ден 8-ге дейінгі цифры бар карточкаларды таратады және ретімен сапқа тұруды ұсынады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	Енді қалған тапсырмасын орындаймыз. Педагог балаларға Алдаркөсенің тапсырмасы – жұмбақты жасырады. Жұмбақ. 1.Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбат. 2.Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған. – Балалар, «мысық», «мұз» сөздері қай дыбыстан басталады? «М» дыбысы қандай дыбыс, дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па? Педагог «М» дыбысын өткен дыбыстарға қосып, сөз құратады. Мысалы: ма, маса, Марат, арман, мысық т/б сөздерді буынға бөлдіреді. Дидактикалық ойын: «Аққала» Ойын шарты: Тақтаның бетіне қиылып жапсырылған аққала суреті, жетіспейтін бөлігін тауып, көздерін жұмып апарып жапсырады. **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: «Ұшты, ұшты» Ойын шарты: педагог ұшатын және ұшпайтын нәрселерді айтады. Мысалы: «Ұшты, ұшты – кітап ұшты немесе қарға ұшты». Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Саусағымда сақина Санап көрші, кәнеки. 1, 2, 3 – бір, екі, үш –

	әңгімесін мәнерлеп оқып беремін: Әжесін қайсысы жақсы көреді? Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап: – Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай әжесінің екінші жағына шығып: – Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласты. Әже немерелерінің таласына риза болып отырады. Бір кезде қарттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ	Қандай сөздер көмектесті? 4-тапсырма. Заттардың түсі, пішіні және өлшемінен басқа да қасиеттері болады. Мына заттардың қасиеттерін ата. Досыңмен ойна. Қасиеттерін ата, бірақ заттарды атама. Балалар арналған суреттерді қарастырады және заттарды жұмбақтап жасырып достарымен ойнайды. Педагог іс-әрекетінің басында алма жинаған себетке оралады. Біз алманы үйге әкелдік, оларды шығарып, хормен санаймыз. Педагог іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды жасалған жұмыстарына алғыс айтып мадақтайды, өз жұмыстарын бағалауды сұрайды. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** Көрнекі материалдарды зерделеу негізінде қазақ халқының көшпенділік тұрмысын сипаттау **Ұйымдастыру барысы:** Н. Айтовтың «Киіз үй» өлеңі оқылады. Бұл киіз үй болды менің сарайым, Айлы күнге көлеңкесі-ай көлбеген. Қыста онымен бірге өтеді сан айым. Туырлықтың сыртын	ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта». Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады. Бүгін қандай әңгімемен таныстық? **<u>Сауат ашу</u>** **Міндеті:** Буындарды және қысқа сөздерді айтқызу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе келіпті. Ол өзімен бірге бір дыбыс ала келіпті. Бірақ, ол		Демалайық жинап күш **Музыка** Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,шаңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының дыбыстарына қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады. Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жыберіп, ойын шартын түсіндіреді. Шымыл дық артындағы бала өзінің қалаған аспабын ойнайды. Шеңбер бойында отырған балалар, аспапты үнінен танып атауы тиіс.

	халатты дәрігер келіп, әжесіне ине шаншып, дәрі берді. Әжесі басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтты. Дәрігер Болат пен Қанаттан: – Телефонмен жедел жәрдем шақырған қайсыларың? – деп сұрады. Болат: – Менмін, – деді. – Ақылды бала екенсің. Әжеңді жақсы көреді екенсің, – деді дәрігер. Педагог: Сұрақтар қою арқылы балалардан әңгіме мазмұнын түсінген, түсінбегенін біледі. – Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма? – Балалар, әңгімеде кімдер жайлы айтылған? – Олар әжелерін жақсы көре ме екен? – Әжесі ауырып қалғанда дәрігерді көмекке кім шақырды? – Әжесіне дәрігер көмектесті ме? – Көрдіңдер ме,	қырау шалса да, Ызғар өтпес боран соқсын қаншама, Сән-салтанат, іші кірсең шыққысыз, Көрген пенде таңдай қағар тамсана. Қазақтар – Қазақстан Республикасының негізгі тұрғындары. Қазақстанның байтақ даласы – қазақтардың атамекені. Негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Сондықтан белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп-қонып жүрді, яғни көшпелі ел болды. Жоғары дамыған мәдениеті болды. Баспанасы – көшіп-қонуға ыңғайлы, жиналмалы киіз үй. (Ұ) Таңғажайып сәт: Айжамал әжеге қонаққа бару үшін Айсұлу мен Қуаныштың келуі. – Ауылға бәріміз бірге барамыз. Бірге отырған жөн емес. Одан да бір-біріміздің артымыздан жүреміз. Енді өзеннен де жүземіз. Тау мен үңгірден де өтеміз. Міне, қазақ үйдің оюы да көрінді. Балалар қимылмен көрсетеді. Бірақ ауылды орнынан таба алмайды. Айсұлу мен Қуаныштан көмек сұрайды. Педагог сұрақ қояды: – Сендер қалай	бізге қандай дыбыс алып келгенін айтпаймын дейді. Ол үшін біз оның тапсырмаларын орындауымыз керек. Қоржынның бірінші басында тапсырмалар, екінші басында асықтар бар. Сұраққа жауап берген балаларға бір-бір асықтан беріп отырады. – Мына қоржын ішінде бірнеше тапсырмалары бар. – Мынау не? – «Мысық» сөзі неше буыннан тұрады? – Мысық қалай дыбыстайды? – «Мысық» сөзінің басында қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, «М» дыбысын естіп тұрмыз. «М» – дауыссыз дыбыс. Кәне, қолайнамызды алып бәріміз бірге «М» деп айтайық. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай: Ерін бір-біріне қатты тиеді. Тіл дауыс		

	балалар, дәрігерді дер кезінде шақырып, әжесін аман алып қалған Болаттан үлгі алыңдар. Сөздік жұмыс: Жедел жәрдем алғашқы медициналық көмек екенін айтып өтеді. Педагог: Балалардан әңгіменің мазмұнын бірін-бірі жалғастырту арқылы сұрайды. **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады. Дәптермен жұмыс. Дәптердегі бойынша тапсырма орындалады. Мақал-мәтелдерді қайталау. 1.Анаға бала	ойлайсыңдар, қандай жағдайдың болуы мүмкін? Ауыл қайда кетті? Балалар өздерінің тәжірибесін қолдана отырып салыстырып, ойларын айтады, талдау жасайды. Сендерге «көшіп-қону, көшіп кетті» деген сөз таныс па? Сендер ол сөзді қалай түсіндіресіңдер? Интерактивтік тақта. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Энциклопедия. Алматыкітап баспасы, 2006 ж. Айсұлу мен Қуаныштың суреті. 38 – Алынған негізгі ақпараттардан педагог ҰОҚ-ның тақырыбына көшеді. Қазақстанның байтақ даласы – қазақтардың атамекені. Негізгі кәсібі – малшаруашылығы. Сондықтан белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп-қонып жүрді, яғни көшпелі ел болды. Жоғары дамыған мәдениеті болды. Баспанасы – көшіп-конуға ыңғайлы, жинамалы киіз үй. Киіз үй – дәстүрлі қазақ мәдениетінің басты белгісі, біздің дана ата-бабаларымыз ойлап тапқан ерекше	қуысында еркін жатады. «М» дыбысы кішкене тілдің төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының жасалу жолы осындай. – Енді «М» дыбысынан басталатын сөздер айтып көріңдер. – Сол сөздерді буынға бөлейік. – Балалар, сиырға ұқсап дыбыс шығарып көрейікші. – Бұл да «М» дыбысынан басталып тұр. – Міне, сендер айтқан малдардың, мысықтың суреттері. Осы суреттерге қарап, сөйлем құрап беріңдерші? **Сергіту сәті:** Ақ лақ Жүні жібек шудадай, Ақ мүйізді аппағым, Үстіңді жүр былғамай, Баспа жердің батпағын. Аяғыңды аңдап бас, Тізеңді тас тілмесін. Бөрі көрсе аямас,		

	алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ. Тіл жаттықтыру. Педагог жаңылтпашты қайталатады. Шеше, неше кесе сынды кеше? – Міне, балалар сендер жедел жәрдем дәрігерлерінің жұмысымен таныстыңдар. – Бүгінгі тыңдаған қызықты әңгіменің авторы кім? – Автордың басқа қандай әңгімелері бар екен? **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** Сөздерге дыбыстық талдау жасату,сөздерді буындарға бөлгізу. Тапсырмадағы суретті жалғастырту арқылы зейіндерін дамыту. Ұқыптылыққа	сәулетті құрылыс. Уақыт өте қазақ халқы отырықшы болды. Басқа да шаруашылықтармен айналысты. Қалалар мен ауылдар пайда болды. Кәсіпорындар дамыды. Қазір еліміз – тәуелсіз мемлекет. Елімізде көптеген ұлттар тату-тәтті мекен етеді. **Сергіту сәті**: «Уық» Дегеніміз уықтар, Имек басты сырықтар. Шаңырақты уысқа ап, Тұрады ылғи иық ұстап Артығын айналдыра қорша. Себебін түсіндір. Бірінші қатарда ыдыстардың ішіндегі артығы – шәйнек. Бұл – қазіргі заманғы фарфор ыдыс. Екінші қатардағы заттардан шкаф артық. Ұлттық мүлікке жатпайды. Сандық – ұлттық мүлік; астау – ұлттық ыдыс, ер-тоқым – аттың әбзелі. Шкаф – қазіргі заманғы мүлік, жиһаз. – Суреттегі тұрмыстық заттарды қазір пайдалана ма? – Пайдаланады. Әлі де пайдаланады. Торсыққа сусын құяды. Астауға ет салады, ер-тоқыммен атты ерттейді.	Сайға сүйреп жүрмесін. (С.Оңғарбаев) – «Маса», «мама», «мата» сөздерін буынға бөлейік. Осы сөздерге дыбыстық талдау жасайық. – Балалар, «маса» сөзінде неше дыбыс бар? – Бұл сөз неше буынға бөлінеді? – Енді дыбыстардың дауысты не дауыссыз дыбыс екенін анықтап алайық. – Мен сендерге өлең оқып беремін, қай жерде «М» дыбысынан басталған сөздер бар, есте сақтап отырыңдар. Сиыр Мүйізі айдай иілген, Мұрнын көкке шүйірген. Керілген желін, сала емшек, Сауғанда жаның сүйсінген. Ірімшік пенен құрт, майы, Жегенде тілді үйіреген. (Б.Ысқақов) «Кім жылдам?» дидактикалық ойынын ойнатуға болады.		

	тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог топтағы үстел үстіне ұлттық бұйымдарды әкеліп қояды. – Балалар, сендер не көріп отырсыңдар? – Дұрыс айтасыңдар. Мұның бәрі – қазақтың ұлттық бұйымдары. – Мына киіз үй неден жасалған? – Ал мынау не? – Сырмақ неден жасалған? – Балалар, мына сырмақ қандай ою-өрнектермен әшекейленген? – Сырмақты, киіз үйді қойдың жүнінен жасайды. Сырмақтың бетін неше түрлі ою-өрнектермен әшекейлейді. – Ою-өрнектердің атын атап беріңдер. – Дұрыс, балалар, біз қазақ халқының, өз халқымыздың ою-өрнектерімен, сырмақпен таныстық. Сырмақ – өрнектелген	Бұлардың бәрі – керек заттар. – Осындай заттарды жасайтын адамды кім деп атаймыз? – Шебер деп атайды. **Музыка** Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,шаңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының дыбыстарына қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады. Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жыберіп,ойын шартын түсіндіреді. Шымылдық артындағы бала өзінің қалаған аспабын ойнайды. Шеңбер бойында отырған балалар, аспапты үнінен танып атауы тиіс.	Ойын шарты: педагог балаларға «М» дыбысынан басталатын сөздерді тез ойлантып айтқызады. Сөз айтқан сайын бір қаламнан қолдарына ұстатып отырады. Қай бала көп сөз айтса, соның қаламы көп, демек жеңімпаз атанады. Педагог қорытынды жасайды. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **<u>Міндеті:</u>** Тарихи тұлғалардың және белгілі батырлардың рөлін түсіндіру **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Педагог өнеге болған ұлы адамдар мен батырлар туралы айтады. Қазақ халқында өмірлері өнеге болған адамдар көп болған. Олар: хандар, билер, ақындар, батырлар. Әділ, ақылды хан ел басқарған.		

	төсеніш. – Балалар, бүгін біз «Қ» дыбысымен танысамыз. Дыбысты біз естейміз. Мысалға, қолымызды шапалақтасақ, үстел үстін ұрсақ, дыбыстар естіледі – Кәне, бәріміз «Қ» деп айтайық. «Қ» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай: Ерін ашылып, тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Міне, осыдан «Қ» дыбысы жасалады. «Қ» – дауыссыз дыбыс. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? – Енді өздерің «Қ» дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Дұрыс айтасыңдар. Мен бір өлең шумағын оқимын, қай сөзде «Қ» дыбысы бар		Билер халыққа ақыл айтып, дауларды шешіп отырған. Ақын, жыршылар халқымыздың өмірі туралы жыр шығарған. Батыр – елі үшін жаумен соғысқан, ер жүрек, қайтпас қайсар, әділ және тапқыр адам. Сондықтан, қазақ халқында әрі батыл, өткір де тапқыр, қажырлы да қайратты адамға «батыр» деген құрметті атақ берілген. «Батыр» атағы ешқашан мұраға қалдырылмаған, оған адам соғыс кезінде өзінің ерекше қасиеттері мен жеке ерліктері арқылы жеткен. Осындай ел басына қиын-қыстау күн туған заманда есімі ел арасында кең тараған тұлғалар. Өмірлері ұрпақтарға өнеге болған адамдар көп. Өмірлері өнеге болатын адам көп. Олардың біреуі		

	екенін еске сақтап отырыңдар. Құлыншағым – құндызым, Құлдырайды, шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. (І.Жансүгіров) Сергіту сәтін ойын арқылы өткізуге болады. «Жасыл қияр» ойыны. Балалар шеңбер бойымен жүреді. Ортада бір бала тышқан болып отырады. Балалар өлең жолдарын айтады: Қияр, қияр, қиярлар, Алысқа кетіп қалмаңдар. Ұйықтап жатыр дәу тышқан, Оятып енді алмаңдар! Оянған тышқан балаларды қуып ұстайды, ұсталған бала тышқан болады. – Осы «Қ» дыбысына өзіміз өткен дыбыстарды қосып, қысқа сөздер айтайық. Сол сияқты басқа сөздерге де		білімімен, біреуі ерлігімен еліміздің өркендеуіне еңбек сіңірді. Бүгін осындай адамдармен танысамыз. Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны. Ол бала кезінен шешен, ертегі, әңгімелерді тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен көзге түскен. Оның өлеңдерін бүкіл дүниежүзінің адамдары оқиды. Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушысы. Қазақ даласында тұңғыш мектеп ашқан, балаларға арнап өлең, әңгіме, ертегілер жазған. «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңі жастарды оқуға, талаптанып талпынуға, білім алуға шақырады. Шоқан Уәлиханов Шыңғысұлы – қазақтың ұлы ғалымы, саяхатшы,		

	дыбыстық талдау жасауға педагог көмектеседі. «Ойлан тап» дидактикалық ойынын ойнатуға болады. Ойын шарты: педагог жұмбақ жасырады, балалар жұмбақтың жауабын тауып, сөйлем құрайды. Жұмбақ: Кіруге адам батпайды, Аман-есен сақтайды. – «Сандық» сөзінде «Қ» дыбысы қай жерде кездеседі? – Сандықтың ішіне не салады, үстіне не жинайды? Балалар «Сандық» сөзін қатыстырып, сөйлем құрайды. Жұмбақ: Арқауы бар қос қалта, Ажырата алмайды. Атам қайда жол тартса, Қанжығадан қалмайды. – «Қоржын» сөзінде «Қ»дыбысы қай жерде кездесіп тұр?		суретші. Жерімізді картаға түсірді, тарихи ескерткіштердің тарихын, әдеби мұраларды зерттеп, көптеген еңбек қалдырды. 1-тапсырма орындатылады. Педагог Абай Құнанбаевтың «Адам болам десеңіз» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Адам болам десеңіз, Тілеуің, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз, Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз. Мағынасын түсіндіреді. Бес жаман – өсек айту, өтірік айту, мақтаншақтық, еріншектік, ысырапшылық екенін түсіндіру. Адам бойындағы бес жақсы – талап,		

	– Қоржынды білесіңдер ме? Ол – жолға шыққанда қауын, қарбыз, азық-түлік салып таситын, аттың, түйенің үстінде жүретін қазіргі сөмке сияқты құрал. – Енді «қоржын» сөзін қатыстырып, сөйлем құраңдар. – Балалар, сендер «Қ» дыбысы сөздердің қай жерінде кездессе де, таба алатын болдыңдар. Жұмыс дәптермен жұмыс **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ		ақылой, қанағат, қайырымдылық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді айту. Әліппе-дәптер. Педагог тәрбиеленушілерге: Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр – елі, жері үшін жаумен соғысқан, ер жүрек, қайтпас қайсар, әділ және тапқыр адам. Қазақ халқында ел қорғаған батырлар өте көп болған. Олар: Бөгенбай, Қабанбай және Наурызбай батырлар. Олар – Абылай хан тұсындағы батырлар. Қалмақ және қытай әскерлерінен жерімізді қорғаған. Ал Абылай – Қазақ ордасындағы ұлы хан. Батырлардың құралсаймандарын бояуға		

	моторикасын дамыту. Еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгін белгілі ертегідегі гномдардың балаларға ұйымдастырылған іс-әрекетіне келгенін хабарлайды (үлестірмелі материал №11 парақ). Ол ертегінің қалай аталатынын еске түсіруді сұрайды. Гномдарды сана. Гномдарды санауға немесе гномдардың қиылған фигураларымен жұмыс істеуге болады және оларды жүйелеп орналастыру керек. Содан кейін әр гномға алма (бөлінген санау материалы, № 2, 3 парақтар) таратуды ұсынуға болады. Қанша алма қажет болады?		көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізу. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіру. **Сурет салу** **Міндеті**: қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; **Құрастыру** **Міндеті:** Ормандағы мекендеушілер туралы айту.Ермексаздан орман мекендеушілердің қалауынша мүсіндеуге қызығушылықпен жасай білуге дағдыландыру. Жануарлардың атауын дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Ұқыптылықпен жасай білуге тәрбиелеу. **Мүсіндеу** **Міндеті**: алған білім дағдыларын пайдалана		

	(Жеті). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретте қанша жануар мен қандай заттар бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Цифрмен сызып қос. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады. – Суретте не бейнеленген? Өрісте қанша жануар жайылып жүр? Далада қандай гүлдер өседі? Олардың саны қанша? Енді өрістегі жылқыларды (қойларды) сана. Аспанда қанша бұлт бар? Қанша көбелек ұшып жүр? Содан кейін балалар ұяшықтарға сонша нүкте салады және карточкаларды цифрмен сызып қосады. «Математикалық		отырып, тиіннің мүсінін жасау, дене бөліктерін біріктіріп қосу, табиғи материалдарды сәйкес таңдай білу қабілеттерін қалыптастыру; **Жапсыру** **Міндеті:** қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; шығармашылық қабілеттерін дамыту; табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.		

	домино» дидактикалық ойыны. Педагог жұптық жұмысты ұйымдастырып, кейіннен тексеру жүргізеді (үлестірмелі материал, № 8, 9 парақтар). 2-тапсырма. Көжекке 7 цифры және жеті нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес. Торкөздерді боя. «Ең мұқият кім?» ойыны түрінде ұйымдастырылады. Педагог ойын шартын айтып түсіндіреді: қоян сәбізге жетуі керек. Бірақ ол тек 7 цифры мен 7 нүктесі бар ұяшықтармен ғана қозғала алады. Мұқият болу керек және тек осы ұяшықтарды бояу керек. Сәбізге кім бірінші жетеді? **Сергіту сәті**. 7 рет секіру, 7 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 7 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың				

	қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады. Ойындық жаттығу «Сандарды жина». Педагог балаларға жеке пазл жинағын таратады. (№5, №6, №7 парақтар). Балалар 1-ден 7-ге дейінгі сандарды құрастырады. 3-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 7 санын «жаз»: солдан оңға қарай сызық сыз, содан кейін көлбеу таяқшаны жоғарыдан төменге қарай қиғаш етіп сыз. Қысқа, көлденең сызық жүргіз. Содан кейін дәптермен жұмыс. Педагог балалардың дұрыс отыруына және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады. Қиық материалмен жұмыс.				

	Педагог балаларға 1-ден 7-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады (№ 10 парақ). Цифры бар карточканы көрсетеді, балалар қажетті нүктелер санын табады. Содан кейін кері нұсқа ұсынылады: педагог нүктелер санын көрсетеді – балалар цифр бейнеленген карточканы көрсетеді. Балалар тағы да гномдарды санап, олармен қоштасады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя.				

	Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. Оқу қызметін қорытындылайды.				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Жапырақ неге түседі» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№11	№9	№2	№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Ұлттық ойын: «Ақсерек-көксерек» Міндеті: Балаларды шапшандылықпен, мергендікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **“Адал азамат”**	Ұлттық ойын: «Ханталапай» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **“Адал азамат”**	**Жеке қауіпсіздік «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»** **Мақсаты:**. балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: «Көліктер» **Мақсаты**: Көліктің шығу тарихымен таныстыру,балаларды әр түрлі көлік түрлерімен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар «Күлімдеу» ертеңгілік жылулық шеңберін өткізеді. Көліктер туралы әңгіме жүргізу. -Көліктің қандай түрлерін білесіңдер балалар? -Ал балалар көліктің суретін салайықшы бәріміз. Жарайсыңдар балалар. -Балалар, бүгін біз сендермен көліктер туралы сабақ өтеміз.Көлік қалай пайда болғаны туралы әңгімелеп беремін.	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оята отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **“Адал азамат”**

			Міндеттері: Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру. Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру. Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардың жанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру. Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы	Әлемдегі ең алғашқы автокөліктің тарихы Қозғалатын көліктің ең алғашқысы Кагнот деген адам ең алғашқы көлікті ойлап тапты.Франция деген мемлекетте .Ал жанармаймен жүретін алғашқы көлікті Бенц деген адам үш дөңгелекті,екі орындығы бар көлік ойлап тапты. Көлік,бұл өздігінен қозғалатын,жолаушыларды және түрлі заттарды тасымадау құралы болып табылады. «Көлік» ойынын ойнауды ұсынады («сиқырлы қапта» ойыншық жүк мәшине, жеңіл мәшине, кеме, автобус,т рамвай,п аровоз және т.б.) «Автомобиль» туралы әңгіме оқып беріледі. Автокөліктерді пайдалану ережелері (автобус,трамвай, т.б)автокөлікке отырғанда мұқият болу керектігі, экскаватор, кран сияқты көліктерді алыстан айналып өту керектігі және трамвай жолдары жолдары туралы әңгімелейді.	

			әңгіме Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса да дәмін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау . Сюжеттік-рольдік ойындар:		

			Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау: Балалармен үйдегі қауіпті заттардың жанындағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Егер дәрілерді тауып алсаң, не істеу керек?», «Тұрмыстық химиямен ойнауға бола ма?» т.б. сұрақтар қою.		
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыра алады. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерді меңгерту. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алуға үйрету.	**Мансур жеке жұмыс** Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай Отырып, бөліктерді байланыстырады. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур жеке жұмыс** Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**

			(Коммуникативтік дағдылары)		
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	№11	№9	№2	№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұру.	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін ұсыну	Алған әсерлерімен бөлісу.	Құстар туралы кітаптар қарауды ұсыну	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: *«Менің Отаным – Қазақстан!»*

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 13.10 - 17.10.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Әнұран айту** **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу,әңгімелесу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **«Күй күмбірі»** **(Біртұтас тәрбие)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту	Баланың үйдегі ойынықтарға деген қызығушылықтарын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	**Өнегелі 15 минут** **«Менің үйім менің отбасым»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Сәлем-сөздің анасы»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Мінез-құлық және адамгершілік»** (Балалармен мақал-мәтел жаттау)	**Өнегелі 15 минут** **«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Үлкенге құрмет, кішіге ізет»** (Балалармен әңгімелесу)

кітаптарды қарау және басқалар)					
Ертеңгілік жаттығу	**№ 4 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Біртұтас тәрбие:** **Апта дәйексөзі:** *«Менің Отаным – Қазақстан!»*	**«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы** Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	«Жұпты тап» Мақсаты: балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету **(математика негіздері)**	**«Республика күнінде»** Балалармен тақпақтарды қайталау **(Тіл дамыту)**	**Артикуляциялық гимнастика** «Күлімсіреу», «Тұмсық» Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. **(Тіл дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту **Ұйымдастыру барысы:** Балаларды ойыншық қоянмен таныстырады. Ол көңілсіз. Себебі сырқаттанып тұр. Балаларды мәселені шешуге жұмылдырады – бүгінгі сабақ барысында қоян көп нәрсені үйренеді және сауығып кетеді. Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру.	**<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Міндеттері: Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-Бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі – көңіл ажары, Күліп өмір сүрейік! Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды.	**<u>Тіл дамыту</u>** **Міндеті:** Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлке, Отанды сүюге баулу **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, біз бір-бірімізді түсіну үшін не істейміз? Әрине сөйлесеміз, тілдесеміз. Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан. Нүкте Нүкте деген білгенге, Жай ғана бір ноқат па?! Жоқ онсыз сөйлем де, Жоқ өлең де, жоқ хат та!.. Жазып жатқан кездерде Асықпай ол күтеді, Асқан дана сөздер де, Сол нүктемен бітеді.	**<u>Дене тәрбиесі</u> (таза ауада)** **Міндеті:** үш дөңгелекті велосипедті тебуге үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Өкшеге отырып» допты бірбіріне қарай домалату қабілетін нығайту, көзбен мөлшерлеу дағдысын дамыту, доптың бағытын сақтай білуге баулу. Тізесін аздап бүгіп, ақырын жерге түсу қабілетін дамытуды жалғастыру. **Ұйымдастыру барысы:** Қимыл-қозғалыс жасайтын алаңның үлгісін жасау: массажға арналған төсеніштерді екі қатарға жаяды. Балалардың назарын төсеніштерге аударады. Сиқырлы төсеніштердің	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту **Ұйымдастыру барысы:** Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу. Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. Жаттығулардың

	Қол шапалақтап жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды. Тізбектегі арақашықтықты, белгіленген бастапқы қалыпты сақтау қабілетін бақылау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл». Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру. Үш доғаның астымен еңбектеп өту. Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады. «Кім епті?» ойыны – 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту. Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: «Кегельді құлат». Педагог ойын тәртібін түсіндіріп, орындау әдісін көрсетіп береді. **Қорытындылау** **Тіл дамыту** **Міндеті:** Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.	Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» -Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. -Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып. Сұрақ жауап: -Өлең қалай аталады, не туралы айтылған? -Сендерге ұнады ма? -Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз? -Жаман бала деп кімді айтамыз? -Сен қандай бала болғың келеді? **Сергіту сәті:** Дәптермен жұмыс: -Суретте не бейнеленген? -Кімді көріп тұрсыңдар? -Баланың әрекетін ретімен әңгімеле. -Жақсы баланың әрекетін айтып көр. -Сен өзің қандай істермен айналысасың? Есіңе сақта: «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан» **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** 1-ден 9-ға дейінгі	(Қ.Мырза Әли) – Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер. – Сөйлем соңына не қойылады? Сөйлемнің екінші түрі – лепті сөйлем. Адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, таңдану т.б. білдіреді. Мысалы: Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым! Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады. Ал енді сендер мысал келтіріңдер. Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап білуді білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады. Мысалы: Сен Астанаға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сендер сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер. – Балалар, сендерге өлең жолдарын оқимын. Өлең жолдары арасынан сөйлемнің қандай түрін естігендеріңді табуларың керек. Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (А.Меңжанова) Педагог екі тілде аудармасын айтып өтеді. Менің Отаным Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің! Сергіту сәті: Қар жауғанда топ бала, Соқтық келіп аққала. Мұрны сәбіз, үп-үшкір,	балаларға епті болуға көмектесетінін айтады. Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бір-бірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (массаж жасайтын төсенішпен) 1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз. П.: қолды алға, кеуденің деңгейіне жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз. 2. Б.қ.: сол қалып. Қолды белге қоямыз. П.: отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз. 3. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз. П: алға қарай еңкейеміз (солға). 4. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тіреймеміз. П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз. 5. Б.қ.: аяқтарымызды қосып, қолымызды белге қоямыз. П.: екі аяқтап секіреміз,	орындалу барысын қадағалау. Ойын түріндегі жаттығу: «Мен сияқты жаса!» – қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау. Шапалақтау арқылы жалпы дамытатын жаттығуларды орындау – нұсқауларды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасыңдар». Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды домалату. Түсіндіру және көрсету: допты саусақтармен қатты итермейміз, оны кегельдерді айналып өтетіндей етіп оңға, солға бұрып отырамыз. Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын сақтауын қадағалау. Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру. Секіру жаттығуларының орындалу тәртібі мен дұрыстығын көрсету: өзін айналып бұрылған кезде бірнеше бұрылысты ізбе-із орындау қажет. «Көгершінді қуып жет» ойынын

	Ұйымдастыру барысы: – Кәне, балалар, орнымыздан тұрып, бізге келген қонақтарды қарсы алайық. Бүгін бізге дәрігер апай қонаққа келді. Дәрігер: – Сәлеметсіңдер ме, балалар. Бүгін күн бұлтты екен, қолшатырымды ала шыққаным қандай жақсы болған. Бірден жаңбыр нөсерлете құйып кетті. Суға малынып қалам ба деп едім қолшатырым маған көмектесті. Дәрігер: – Балалар, сендер көріп отырғандай күн бірте-бірте суытып, жаңбыр да жиі жауатын болды. Мұндай күндері балалар көп ауырып қалуы мүмкін, мен сендердің денсаулықтарыңды тексеріп шығайын. (Дәрігер балаларды тексеріп өтеді). – Сендердің денсаулықтарың жақсы екен, осылай күтініп жүрулерің керек. Мен енді басқа топтың балаларын қарап шығайын, – деп дәрігер шығып кетеді. – Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер? – Егер сен ауырып қалсаң, анаң емдейді ме? – Балалар, «дәрігерлерді ақ халатты абзал жандар», – деп айтады. Көптеген кісілердің өміріне араша түсетін мамандар. Дәрігерлер туралы М.Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты	цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыруға; геометриялық фигураларды атай білуге, тізбектерді орнатуға үйрету, санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Ойын жаттығуы: «Цифрларды тауып, ретімен қой». Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына 1-ден 9-ға дейінгі цифры бар карточкаларды орналастырады. Балалар барлық цифрларды тауып, оларды дұрыс ретпен орналастырып, үстелге қою керек. (2-3 рет). Педагог 9 баланы сырғанаққа кезекке тұрғызады. Балалар ретімен санап, сырғанаулары керек: бірінші, екінші,.. тоғызыншы. –Балалар сырғанақта ойнап, қарындары ашты. Дүкенге барайық. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Себеттегі көгөністерді сана. Сонша дөңгелек пен пирамиданың сақиналарын боя. Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. Себеттегі көгөністерді санауды, көгөніс санына байланысты дөңгелектер мен пирамида сақиналарын бояуды ұсынады.	Көзі көмір қап-қара. Көне шелек басында, Сыпырғышы қолында, Мұзайдынды аршуға, Келгендей-ақ ол мұнда. Педагог балаларға "Туған өлкем " тақырыбында әңгіме құрауларын сұрайды. Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою. Дәптермен жұмыс: дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. Балалар бүгін қандай сөйлем түрлерімен таныстыңдар? **Сауат ашу** **Міндеті:** «Б» дыбысынан басталатын сөздер айтқызып, буынға бөлгізу. Көркем сурет бойынша әңгіме құрату арқылы сөздік қорларын молайту. Балаларды ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңберіне тұрғызу. Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді, Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы күн, балалар! – Балалар, өткен оқу қызметінде алыстағы көлден не келді? – Бақа қалай дыбыстайды екен? – Бақ-бақ еткен бақа қай дыбыстан басталады? – «Б» дыбысы қандай дыбыс? – Енді мына көркем суретке назар аударыңдаршы. Суреттегі көл жағасындағы бақа суретіне әңгіме құрату. Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?»	жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз). Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындау: Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Педагог алаңның периметрі бойынша құрсауларды орналастырады. Тәрбиеленушілер белгі бойынша алаңның ортасына қарай секіреді. «Орныңды тап!» деген нұсқау бойынша тәрбиеленушілер өз құрсауларын жылдам табулары керек. Нұсқау: жер бетінен екі аяқпен бірдей екпінді түрде итерілу, аяқты тізеден жұмсақ бүге отырып, аяқтың ұшымен түсу. Үш дөңгелекті велосипед тебу. «Орын ауыстыр» Тәрбиеленушілер спорт алаңының қарама-қарсы жақтарында тұрады. Педагог қыздарға ұлдармен орын алмастыруды, велосипедпен жүріп қайтуды ұсынады. Қозғалыс бағытының сақталуына баса назар аударады. Жүрмес бұрын велосипедке дұрыс отыру және түсу білігіне назар аударады. Тыныс алу жаттығуы: «Ботқа пісіреміз» Б.қ.: аяқтың арасын сәл ашамыз, қолды белге қоямыз. 1-мұрынмен дем аламыз; 2-	ұйымдастырады. Ойын тәртібін түсіндіру. Көгершіннің макетімен залды айналып жүгіру, балаларды макеттің соңынан жүгіріп, белсенді қимылдауға ынталандыру. Қорытындылау **Қазақ тілі** **Міндеті:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбер Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер! Бәрін біліп алатын, Мен бақытты баламын. Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату. Ән қандай? Ән көңілді. Көңіл-ді. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. - Сәлеметсіздер ме?! Ойын ойнауға шақырады. «Қызық екен» ойыны Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі

	әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Ана алғысы", "Үш дос", "Адал дос", "Біз де ойнаймыз", "Шие тергенде" деген әңгімелері бар. Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқып беремін: Әжесін қайсысы жақсы көреді? Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап: – Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай әжесінің екінші жағына шығып: – Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласты. Әже немерелерінің таласына риза болып отырады. Бір кезде қарттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты дәрігер келіп, әжесіне ине шаншып, дәрі берді. Әжесі басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтты. Дәрігер Болат пен Қанаттан: – Телефонмен жедел жәрдем шақырған қайсыларың? – деп сұрады. Болат: – Менмін, – деді.	–Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 9 цифрын қалай шығарғаныңды айт. 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Балаларға цифрмен жолақтың үстінен «жүріп өту» керек. Педагог алдыңғы іс-әрекетінде мүсінделген цифрларды (немесе карточканың үлестірмелі материалынан сандарды) көрсетеді және оларды ретпен 1 ден 9 қоюды сұрайды. Кері тәртіппен айту керек. Сергіту сәті. Педагог балаларға нұсқау береді: 8 рет секір, 9 рет шапалақта, әр аяқпен 7 рет бір орында тұрып қадам бас, қасыңдағы досыңмен 6 рет алақан соқ. 3-тапсырма. Фигуралардың тізбегін боя. Педагог фигуралардың атауларын алдын ала қайталайды. Үшбұрыш, шаршы, шеңбер. Ол фигуралар қатарынан заңдылық үлгісін табуды сұрайды. Балалар фигураларды бояуды жалғастырады. Педагог фигураларды таратады (3 данадан дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) және өз заңдылық үлгісімен тізбек жасауды сұрайды. Ойын-сергіту сәті. «Сандық жүгірткі» бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлардың суреті салынған карточкалар қажет. Карточкаларды еденге кездейсоқ ретпен орналастыр. Балалардан карточкалар	Ойын шарты: педагог балаларға жан-жануарлардың, жәндіктердің аттарын айтады. Балалар сол жануар, жәндіктердің дауысын салып беру керек. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, келіңдер, Бой жазайық бәріміз, Мойнымызды бұрамыз, Қолымызды созамыз, Аяқтармен топ-топ басып, Орнымызға барамыз. Педагог балаларға «Б» дыбысы бар сөздерден сөйлем құратады, "Б"дыбысын сөз ішінен табуға жаттығулар жасатады. Дидактикалық ойын: «Не жетіспейді?». Ойын шарты: Педагог гүлдің, партаның , аққаланың, үйдің суреттерін тақта бетіне жапсырып қояды. Балалар жетіспейтін жерлерін апарып қосады. Мысалы: гүлдің жапырағы жоқ, партаның бір аяғы жоқ. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Басбармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы, Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы, Шынашағым балапан, Бәріне ортақ алақан. Жұмыс дәптермен жұмыс **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **<u>Міндеті:</u>** Тарихи тұлғалардың және белгілі батырлардың рөлін түсіндіру **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Күлімде күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін.	«ш-ш-ш» деген дыбыстармен демді сыртқа шығарамыз. Қорытындылау **<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Әңгімені эмоциямен бейнелі мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрап айтуға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа. Үлкен болған кезінде, Сыйлы болмақ өзі де. Педагог жұмбақ жасырады. – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? (Мақта) – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды. – Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – әңгіме екенін түсіндіру. Әңгіменің басқадан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. -Әңгіме қалай аталады?	топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. 1. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: • Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? • Күз айларын ата? • Күз туралы тақпақ оқы? • Сурет бойынша сөйлем құра. 2. Көгөністер. • Қандай көгөністерді білесің? • Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) қима суреттерден көрсету. • Сурет бойынша сөйлем құра. 3. Жемістер. • Қандай жемістерді білесің? • Артығын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлынай). • Жемістер туралы жұмбақтар айтыңдар? • Сурет бойынша сөйлем құра. 4. Жидектер. • Қандай жидектерді білесің? • Аудармасын тап? ягоды- ... (жидектер), смородина - ... (қарақат), клубника - ... (құлпынай), малина - ... (таңқурай). • Сурет бойынша

	– Ақылды бала екенсің. Әжеңді жақсы көреді екенсің, – деді дәрігер. Педагог: Сұрақтар қою арқылы балалардан әңгіме мазмұнын түсінген, түсінбегенін біледі. – Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма? – Балалар, әңгімеде кімдер жайлы айтылған? – Олар әжелерін жақсы көре ме екен? – Әжесі ауырып қалғанда дәрігерді көмекке кім шақырды? – Әжесіне дәрігер көмектесті ме? – Көрдіңдер ме, балалар, дәрігерді дер кезінде шақырып, әжесін аман алып қалған Болаттан үлгі алыңдар. Сөздік жұмыс: Жедел жәрдем алғашқы медициналық көмек екенін айтып өтеді. Педагог: Балалардан әңгіменің мазмұнын бірін-бірі жалғастырту арқылы сұрайды. Сергіту сәті: Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады. Дәптермен жұмыс. Дәптердегі бойынша тапсырма орындалады. Мақал-мәтелдерді қайталау.	бойымен жүгіріп, цифрларды өсу ретімен атауын сұра. Егер бала қателессе, онда кері оралып, қайтадан бастайды. 4-тапсырма. Кірпіге алмаағашқа 9 цифры және 9 нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес. Торкөздерді боя. – Балалар, кірпіге алмаағашына жетуіне көмектесіңдер. Лабиринттегі ұяшықтарды нүктелер саны 9 нүктесі және 9 цифры бар ұяшықтарды боя. Оқу қызметін қорытындылайды. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** Көрнекі материалдарды зерделеу негізінде қазақ халқының көшпенділік тұрмысын сипаттау. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Н. Айтовтың «Киіз үй» өлеңі оқылады. Бұл киіз үй болды менің сарайым, Айлы күнге көлеңкесі-ай көлбеген. Қыста онымен бірге өтеді сан айым. Туырлықтың сыртын қырау шалса да, Ызғар өтпес боран соқсын қаншама, Сән-салтанат, іші кірсең шыққысыз, Көрген пенде таңдай қағар тамсана. Таңғажайып сәт: Айжамал әжеге қонаққа бару үшін	Кешегідей бүгін де, Қанат қақсын көгершін Педагог өнеге болған ұлы адамдар мен батырлар туралы айтады. Қазақ халқында өмірлері өнеге болған адамдар көп болған. Олар: хандар, билер, ақындар, батырлар. Әділ, ақылды хан ел басқарған. Билер халыққа ақыл айтып, дауларды шешіп отырған. Ақын, жыршылар халқымыздың өмірі туралы жыр шығарған. Батыр – елі үшін жаумен соғысқан, ер жүрек, қайтпас қайсар, әділ және тапқыр адам. Сондықтан, қазақ халқында әрі батыл, өткір де тапқыр, қажырлы да қайратты адамға «батыр» деген құрметті атақ берілген. «Батыр» атағы ешқашан мұраға қалдырылмаған, оған адам соғыс кезінде өзінің ерекше қасиеттері мен жеке ерліктері арқылы жеткен. Осындай ел басына қиын-қыстау күн туған заманда есімі ел арасында кең тараған тұлғалар. Педагог Абай Құнанбаевтың «Адам болам десеңіз» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Адам болам десеңіз, Тілеуің, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз, Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз. Мағынасын түсіндіреді. Бес жаман –	-Кішкентай қыз не істеп отырды? -Анасы қызына қандай ақыл айтты? -Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды? -Оны не алып кетті? -Анасы оған не деді? -Әңгімені қалай аяқтауға болады? Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Торғай болып ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. -Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық. Күн өтпей жатып, шапан сөздерінің мағынасын қайталау. 3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Дәптермен жұмыс: -Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда. -Анасы мен қызы не істеп отыр? -Анасы мен қызы терезеден нені көрді? -Торғайдың аузындағы не деп ойлайсың? -Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің? Қорытындылау **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3	сөйлем құра. Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды. **Сергіту сәті:** Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балаларды мадақтап,мақтау. **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** Балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету. Сөздерді буынға бөлуді дамыту. Саусақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу**.** **Ұйымдастыру барысы:** Балалар әліпбиден бізге қонақ келіпті. Есік қағылады, әуеден сары шар ұшып келеді. – Балалар, мына шардың түсі қандай? – Сары сөзі қандай дыбыстан басталады? – Кәне, бірге «С», – деп айтайық. – Енді айнаға қарап, «С» дыбысын тағы да айтайық. – Сендердің еріндерің қалай керілді? «С» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы. Ерін езуге қарай тартылып, тіс көрінеді. Тіл тістерге тиіп,

	1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ. Тіл жаттықтыру. Педагог жаңылтпашты қайталатады. Шеше, неше кесе сынды кеше? – Міне, балалар сендер жедел жәрдем дәрігерлерінің жұмысымен таныстыңдар. – Бүгінгі тыңдаған қызықты әңгіменің авторы кім? – Автордың басқа қандай әңгімелері бар екен? **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** «Б» дыбысынан басталатын сөздер айтқызып, буынға бөлгізу. Көркем сурет бойынша әңгіме құрату арқылы сөздік қорларын молайту. Саусақ бұлшық еттерін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар қазір жылдың қай мезгілі? – Күз мезгілінің қазір қай айы? Күз мезгілінің соңғы айы суық, ызғарлы, болып соңы қарға ұласады. – Бүгін аптаның қай күні? Осы кезде сарқыраған судың дыбысы естіледі. – Балалар, тыңдаңдаршы ненің дыбысын естіп отырсыңдар? Тағы да ненің дыбысы естіліп тұр? Осы кезде үстел үстіне бақа	Айсұлу мен Қуаныштың келуі. – Ауылға бәріміз бірге барамыз. Бірге отырған жөн емес. Одан да бір-біріміздің артымыздан жүреміз. Енді өзеннен де жүземіз. Тау мен үңгірден де өтеміз. Міне, қазақ үйдің оюы да көрінді. Балалар қимылмен көрсетеді. Бірақ ауылды орнынан таба алмайды. Айсұлу мен Қуаныштан көмек сұрайды. Педагог сұрақ қояды: – Сендер қалай ойлайсыңдар, қандай жағдайдың болуы мүмкін? Ауыл қайда кетті? Балалар өздерінің тәжірибесін қолдана отырып салыстырып, ойларын айтады, талдау жасайды. Сендерге «көшіп-қону, көшіп кетті» деген сөз таныс па? Сендер ол сөзді қалай түсіндіресіңдер? Айсұлу мен Қуаныштың суреті. – Алынған негізгі ақпараттардан педагог ҰОҚ-ның тақырыбына көшеді. Қазақстанның байтақ даласы – қазақтардың атамекені. Негізгі кәсібі – малшаруашылығы. Сондықтан белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп-қонып жүрді, яғни көшпелі ел болды. Жоғары дамыған мәдениеті болды. Баспанасы – көшіп-конуға ыңғайлы, жинамалы киіз үй. Киіз үй – дәстүрлі қазақ мәдениетінің басты белгісі, біздің дана ата-бабаларымыз ойлап	өсек айту, өтірік айту, мақтаншақтық, еріншектік, ысырапшылық екенін түсіндіру. Адам бойындағы бес жақсы – талап, ақылой, қанағат, қайырымдылық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді айту. Балалар, біздің шегараны кім қорғайды? Балалар: Солдаттар. Шегарада солдат тұр, Ел бақытын қорғап тұр. Көңілденсін ағалар, Амандық хат жолдап тұр. Балалар, жер шары балаларының тілегі не? – Бейбітшілік болсын! – Соғыс болмасын! – Достық болсын! – Адамдар бір-бірімен тату, дос болсын! – Дұрыс айтасыңдар, балалар, барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен. Батырлардың құралсаймандарын жасауға көмектеседі**. (сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру)** Жеке жұмыс жүргізу	сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. **Ұйымдастыру барысы:** Ғажайып сәт. Қуыршақтар - Сәуле мен Арман себетпен көгөністер мен жемістер алып кіреді. Балалармен «Кім жылдам?» ойынын ойнайды. Екі себетке көгөністер мен жемістерді бөліп салу, атап және сипаттау Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?». Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету. - Алма, алмұрт, өрік - көгөніс. - Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік - жеміс. т.б Дидактикалық ойын: «Күз сыйы». Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар. Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады. - Мынау қандай жеміс? - Ол - өрік. Өрік дәмді. - Мынау қандай көгөніс? - Ол - қияр. Қиярда пайдалы дәрумендер көп. т.б - Мынау - қарақат. - Мынау не? - Мынау - қарақат. - Қарақат дәмді, пайдалы.	арасынан «С» дыбысы қысылып шығады. «С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс. – Дауыссыз дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз? Тілге жаттығу жасату. Са-са – сана Се-се – кесе Со-со – сона Ес-ес – пышақпен кес. – Балалар, сендер «С» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. Айтқан сөздерін буынға бөлгізу. Буыннан сөз құралатынын естеріне түсіру. Сергіту сәті: Тікірейген құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп Беті-қолын жуады. – Енді, балалар, с дыбысына сөздер ойлайық. Осы сөздердің ішіндегі «Сан» сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. С– дыбысы қандай дыбыс? А – қандай дыбыс? Н – қандай дыбыс? Дидактикалық ойын: «Мен айтайыншы Ойын шарты: педагог әртүрлі дыбыстарды үнтаспадан тыңдатады, балалар дыбысты ажыратып, қай дыбыс дыбысталғанын айтады. – Балалар, сендер мұқият тыңдаңдар. Мен сөз айтамын, жоқ

	шыға келеді. – Сәлеметсіңдер ме, балалар! – Балалар, бақа бүгін алыстағы көлден қонаққа келіпті. Сендердің ақылды, білімді екендеріңді көргісі келеді. Сондықтанда мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, жауабын сендер ойланып айтасыңдар. **Жұмбақ.** Алыста көлде, Кеште де, түнде. Бақ-бақ етіп, Шулайтын ол не? – Иә, дұрыс айтасыңдар. Бақа сөзі «Б» дыбысынан басталады. Педагог бақа сөзін екі тілде айтады. – Кәне, бірге «Б», – деп қайталайық. «Б»дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы. Ерін бір-біріне жабысып тиеді, дауыс екпінімен «Б» дыбысы пайда болады. – «Б» дыбысын ұзақ айтуға келмейді «М» дыбысына ұқсап кетеді екен? – Сондықтан да «Б» дыбысы дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па ? – Иә, "Б"дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс. – Ал дауысты дыбыстар қалай айтылады? – Дауысты дыбыстарды қандай түсті текшемен белгілейміз? – Ал дауыссыз дыбыстарды ше? – «Б» дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдаршы. – Енді осы сөздерді буынға бөлейік.	тапқан ерекше сәулетті құрылыс. Уақыт өте қазақ халқы отырықшы болды. Басқа да шаруашылықтармен айналысты. Қалалар мен ауылдар пайда болды. Кәсіпорындар дамыды. Қазір еліміз – тәуелсіз мемлекет. Елімізде көптеген ұлттар тату-тәтті мекен етеді. Тұрмыстық заттар мен ұлттық киімді ажыратып, тиісті орнына орналастырады. Жапсырманы жапсыру керек. Өз жұмысын бағалап қорыту. **Музыка** Балаларға музыкалық аспаптар туралы мағлұмат беріп,үніне қарай ажырата білуге тәрбиелеу(қобыз,ксилофон,сыбызғы,асатаяқ)аспаптарын ажырату.Әр аспап туралы мәлімет беру.Аспаптар туралы аңыз-әңгімелермен таныстыру. Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» (укр.х.әуені, өңдеген Д. Львов) (ксилофон,асатаяқ) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Көңілді музыканттар» Ойын шарты: Аспаптардың үнін әндете отырып, ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып, Дан-диги-дан,,,,,, Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді, Пара-ри,пара-р,,,,,, Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты білмейміз,		- Қарақат қандай? - Қарақат дәмді, пайдалы. - Қарақат кішкентай, түсі қара. - Қарақат қандай? - Қарақат кішкентай, түсі кара. - Мынау - құлпынай, қ-құ-ұ-л-пы-най. - Мынау не? - Мынау - құлпынай. - Құлпынай дәмді, пайдалы. - Құлпынай қандай? - Құлпынай дәмді, пайдалы. - Мынау - таңқурай. - Мынау не? - Мынау - таңқурай. - Таңқурай дәмді, пайдалы. - Таңқурай қандай? - Таңқурай дәмді, пайдалы. - Мыналар — жи-дек-тер. Жидектер дәмді, пайдалы. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ- қ-қ- қа-ра-қ-қат. ұ.ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най Ң-ң-ң-таң-ң-ку-рай. «Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жидектер, жемістер, көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді. - Сәлеметсіз бе! - Сәлеметсіз бе!	дыбысты сендер айтасыңдар. Сағат соқты - ...ырт. Бақылдайды бақа- ...ақ - ...ақ Жұмыс дәптермен жұмыс. **Музыка** Балаларға музыкалық аспаптар туралы мағлұмат беріп,үніне қарай ажырата білуге тәрбиелеу (қобыз, ксилофон, сыбызғы, асатаяқ) аспаптарын ажырату. Әр аспап туралы мәлімет беру. Аспаптар туралы аңыз-әңгімелермен таныстыру. Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» (укр.х.әуені, өңдеген Д. Львов) (ксилофон,асатаяқ) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Көңілді музыканттар» Ойын шарты: Аспаптардың үнін әндете отырып,ұстау,ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып, Дан-диги-дан,,,,,, Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді, Пара-ри,пара-р,,,,,,

	– Ба-қа, бал-ға, бал-та, бұ-ғы. **Сергіту сәті:** Саусағымда сақина Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш – Демалайық жинап күш. Тілге жаттығу жасату. Ба-ба – бақа. Та-та – тасбақа. Дидактикалық ойын: «Жоқ дыбысты тауып айт» Ойын шарты: педагог өлең оқып, соңғы дыбысын айтпайды. Балалар өздері қосып айтады. Мысалы: Көлде жүрген бақ.... Жұмыс дәптермен жұмыс Педагог қорытынды жасайды. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** 9 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1 -ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым (№1 парақ) ойнауға шақырады. «Сан мен цифрды байланыстыр» ойын-жаттығуы. Педагог 7, 8 цифрын	Трам-та-та, трам-та-та,,,,,		- Маған қияр қарақат беріңізші. - Алыңыз. - Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Бала көгөністі, жемісті, жидекті сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс, жеміс, жидек екенін табады. Ойын жаттыгуы: «Бір сөзбен айт» - Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? - Жидектер. - Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? - Жемістер. - Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? - Көгөністер. **Сергіту сәті:** Жұмбақты жаттап ал. Жапырақты тасалап, Өскен жері - бау-бақша, Күрең қызыл, шіркін-ай, Жидектің аты - ... (құлпынай) Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** 0 саны және цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу,	Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты білмейміз, Трам-та-та, трам-та-та,,,,,

	көрсетеді. Заттардың қажетті санын көрсететін суреттерді табуды ұсынады. Балалар санды цифрмен байланыстыруды үйренеді. Үлестірмелі материалдың № 2,3 парақтарын пайдаланады. Киімнің суреті бар карточкалар көрсетіледі. Киімді сөреге (7, 8 зат) бүктеп салып, оларды санауды ұсынады. Одан соң балалар санды тоғызға дейін толықтырады. Тоғыз саны қалай шыққанын айтып түсіндіреді. (9 бұл – 8 тағы 1). Педагог 7, 8, 9 сандары туралы өлең оқиды. Жалғыз аяқ көсеуде, Ұқсас екен жетеуге. Мынау жатқан қайшы, Ал «Сегіз» сан қайсы? Оның екі көзі, «Сегізіңнің» өзі. Акробат қыз мықты, Сахнаға шықты. Бүктеліп белі қайысты, «Тоғыз» болып майысты. Елубай Отарұлы –Бүгін біз қандай жаңа сан туралы білетін боламыз? (9) Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Қанша түсті футболка бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя. Тағы бір футболканы боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелекті боя. Қанша шалбар бар? Шалбарларды футболкалармен жұптастырып, сызып қос. Қайсысы көп? Суреттегі киім-кешекті санауға ұсынады.			зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** «Сандық саусақтар» ойын жаттығуы. Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі сандар болуы керек. Баладан қолындағы саусақтарын көрсетуін сұрап, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы санды көрсетуді сұрау керек. Алдыңғы, кейінгі санды атауды сұрау керек. Педагог бұтақтағы жапырақтарды санауды ұсынады. –Қанша жапырақ? (5). Педагог цифры бар карточканы алып, оны тақтаға қояды. Жел соғып, бір жапырақ жерге түсті. Ағаш бұтағында жапырақтардың саны қазір қанша? (4). Мұндай карточканы цифрмен тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Содан кейін жел одан да қатты соғып, тағы 1 жапырақ жерге түсті. Қанша жапырақ қалды? (3). 3 цифры бар осындай карточканы тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Жағдайды сипаттау жалғастырылады. –Бұтақта бір жапырақ бар. Жел соғып, ол ұшып кетті. Қазір қанша жапырақ бар? Балалар, кім біледі? –Нөл дейді. Бұл сан нөл деп аталады. Ол – 0 цифрымен таңбаланады. 0 саны бар	

	–Қанша футболка бар? Сана, сонша дөңгелекті боя. Тағы бір футболканы боя. Саны қанша болды? Тағы бір дөңгелекті боя. Балалар дөңгелектерді бояйды. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Цифрлардың кескінін есте сақтай отырып, тапсырманы орындамас бұрын, QR код арқылы жүктелген анимацияны көрсетуге болады, онда цифрды таңбалаудың тәртібі туралы бейне көрсетілген. Цифрлардың суреттерімен және олардың таңбалануымен танысу керек. Балалар цифрды саусақпен сурет бетінде жүргізіп, содан кейін ауада саусақпен салып үйренеді. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады. Ермексаздан мүсін жасап және ол жұмыстардың көрмесін ұйымдастыруға болады. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолдармен жүр» жаттығуы қолданылады (№4парақ). Сергіту сәті. «Шашыраңқы сандар» дидактикалық қимыл-қозғалыс ойыны. Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: тоғыз бала 1-ден 9-ға дейінгі цифрды таңдап алады. Әрқайсысы бір-бірден алуы тиіс. «Тірі» шартты дабыл белгісі бойынша цифрлар бөлмеде жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылы			карточканы көрсетеді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Не болғанын айт. Не өзгерді? Тиісті цифрмен сызып қос. Педагог суреттерді қарастыруды ұсынады. –Алдымен не болғанын айт. –Суреттердің әрқайсысында не өзгерді? –Қажетті цифрмен қос. Үлестірмелі материалмен жұмыс (№8, №9 парақ беттеріндегі үлестірмелі материалдарды пайдаланады). Цифрды заттардың санымен сәйкестендіру. 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Балалар цифрды саусақпен сурет бетімен жүргізіп сызады. Ауада 0 санын «жаз»: сопақша таңбалайды. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады. Педагог балалардың отыру қалпына назар аударады. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. 3-тапсырма. 0 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя. «Цифрды есте сақта» ойын жаттығуы. Балаларды бірнеше секунд ішінде карточкалардағы 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды қарау керек. Содан кейін карточкаларды жасырып, балалардан мүмкіндігінше көп цифрларды есіне түсіріп, атауын сұрау керек. Кім көбірек есте сақтап айтса, сол жеңгені.	

	бойынша барлық цифрлар солдан оңға қарай бірден тоғызға дейін сапқа тұрады. Содан кейін әр санға жеке тапсырма беріледі: оның цифр көрсеткішіне қарай, сонша рет алға қадам жасау және т.б. 3-тапсырма. Суреттен 9 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя. Ойын жаттығуы «Цифрларды жина». Үлестірмелі материалдардағы 5, 6, 7 парақ беттері. Тапсырма-жұптық жарыс: цифр-пазлдардан құрастырып жина. 4-тапсырма. Текшелерді ретімен қос. Қандай цифры бар текше басқаларынан өзгеше? Неліктен? – Қай цифры бар текше басқалардан ерекшеленеді? Неліктен? (Өлшемі мен түсі басқа, 4 цифрының таңбалануымен.) Үлестірмелі материалмен жұмыс				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Жапырақ неге түседі» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№11	№9	№2	№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**				

сауықтыру шаралары	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Ұлттық ойын: «Соқыр теке» Міндеті: Балалрды шапшандылықпен, мергендікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **“Адал азамат”**	Ұлттық ойын: «Бес асық» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **“Адал азамат”**	**Жеке қауіпсіздік** **«МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»** **Мақсаты**: балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету. **Міндеттері:** Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін бес негізгі кеңеспен таныстыру. Адасып кеткен жағдайда қай жерде қалудың маңыздылығын түсіндіру. Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) есте сақтауларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру: 1-кеңес. Орныңда қал. Егер адасып кетсең, ең бастысы – орныңда қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. 2-кеңес. «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара. 3-кеңес. Егер телефон болса, ата-анаңа қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналаңдағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкеңнің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт. 4-кеңес. Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір.	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: Жол, көлік және жаяу жүргінші **Мақсаты**: Жол, көлік және жаяу жүргінші туралы білімдерін бекіту. Олардың өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. Арманға алдан күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтыққа тұра алатын балалармыз Балалар жұмбақ жасырамын: Арқаным бар тым ұзын, Ала-алмайсың бір үзім. (жол) Дұрыс, балалар жиек жол деген не? Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? Тақтада бағдаршам белгілері: Қызыл-Тоқта! Сары-Сақтан! Жасыл-Ашық! Көшеде біз сақ болайық. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан оңға қарау керек. Жолда	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **“Адал азамат”**

			Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра. 5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орныңда қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. Ережелерді қайталау: Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау. Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ZHH-0Nn_TgQAIb91 https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij	ойнауға болмайды. Көліктен айналып өту керек.Келе жатқан көліктің алдынан жолды кесіп жүгірме. Жол көліктің жүрегі. Машина көп.Жаяу жүргіншіге арналған жол жоқ болса, жол шетімен жүру керектігін есте сақтап алыңдар. Ал, балалар енді ойын ойнайық: «Жол белгілері» дидактикалық ойын. **Сергіту сәтін өткізеді.** -Қай көшеде,қай қалаға барсақ та жол жүру ережесі заңды тәртіп. --Жол ережелерін айтып беріңдерші?	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Жаңаны тануға ұмтылдыру, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге талпындыру. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** .	**Мансур жеке жұмыс** Өзінің туған жерін білуге, атауға, Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға, өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтуға талпындыру **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық таныта білуге талпындыру. **(Коммуникативтік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын туралы үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур __ жеке жұмыс** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта, түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді қалыптастыру. **(Физикалық қасиеттері)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	№11	№9	№2	№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Үйден тақпақтарын жаттап келу керектігін ескерту.	Төлемақыны уақытылы төлеуді ескерту	Алған әсерлерімен бөлісу.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: *«Қазақстан – менің сүйікті елім!»*

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 20.10 - 24.10.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі:** «Жезкиік» «Менің Қазақстаным» Әнұран айту. **Шығармашылық дағды “Адал азамат”**	**Күй күмбірі:** «Жезкиік» Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу. Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі:** «Жезкиік» Шармен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. **Шығармашылық дағды, ұлттық құндылық**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі:** «Жезкиік» **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі:** «Табиғат» «Менің Қазақстаным» Әнұран айту. **Шығармашылық дағды “Адал азамат”**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес беру: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.**	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	«Қыстап қалатын құстар және жыл құстары» тақырыбында әңгіме жүргізу. Міндеті: Құстарды қорғауға және қамқор болуға үйрету. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	**“Адал азамат” «Тақия тастамақ» ойыны №1. Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың басына тақия кигізе салады. Тақияны байқаған бала тұра жүгіріп орнына тез жету керек жете алмаса ойынды жалғастырады. Тақияны бала сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. **Ұлттық құндылық**	Қимылды ойын: «Алма кімде» Шарты: ойын музыка әуенімен ойналады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	Мен адасып кеткен жағдайдағы кеңесті еске түсіру. Міндеті: өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды түсіндіру (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**	Ойын: «Жыл мезгілдері» Міндеті: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдердің атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №4				
Таңғы ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	№20 «Математикалық пазл» Шарты: Балаларға пазлдар таратылады,сол пазлдағы сандарды суреттермен сәйкестендіру. **Құрастыру,математика негіздері**	**Апта дәйек сөзі:** *«Қазақстан – менің сүйікті елім!»* **“Адал азамат”**	№23 «Пішіндерден кандай суреттер құрастыруға болады?» Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады және сол суретке қарап суреттер құрастыру. **Құрастыру,математика негіздері**	**Апта дәйек сөзі:** *«Қазақстан – менің сүйікті елім!»* **“Адал азамат”**	**Апта дәйек сөзі:** *«Қазақстан – менің сүйікті елім!»* **“Адал азамат”**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз «З-С» дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету.Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын жыл мезгілдерінің суреттеріне аудару. (Қыс, көктем, жаз, күз). Қазіргі жыл мезгілін және ай атауларын сұрау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** Жыл мезгілдерін рет-ретімен атау. Қай сөзде «с», қай сөзде «з»дыбысы бар екенін айта отырып,сол дыбыстардың дұрыс, әрі таза айтылуын қадағалау, сөйлем құрауын ұсыну. – «Ыз-ыз-ыз» деп ызылдап дыбыс шығарайық.(ыз-ыз-ыз) – Ненің дыбысына ұқсайды? (Араның, масаның дыбысына ұқсайды).	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды сызуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын жағдаят. Әлия мен Сырым отбасы мүшелерінің суреттерін (фотосуреттерін) көрсетеді. Балалардың отбасыларында қанша адам бар екенін сұрайды. Карточкадағы цифрмен көрсетуді сұрайды. Ойындық сергіту. «Сандық жүгірткі». Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұраңыз. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды. Топтардағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш түрінде орналастыру арқылы	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз? Өткенді еске түсіру. Суретпен жұмыс. Суреттерге кара. Суреттен екі жабайы жануарларды тап, ата,буынға бөл. Сызықпен қос. Суреттен екі жихазды тап, ата, буынға бөл. Сызықпен қос. Суреттен екі ыдысты тап, ата,буынға бөл. Сызықпен қос. Суреттен екі үй жануарын тап, ата, буынға бөл. Сызықпен қос. Суреттен екі көгөністі тап, ата, буынға бөл. Сызықпен қос. Суреттен екі жемісті тап, ата, буынға бөл. Сызықпен қос.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Таныс немесе бейтаныс шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Слайд: «Менің Отаным». Жаңа сөздермен таныстыру: менің Отаным, тәуелсіз, мемлекет. Менің Отаным - ме-нің О-та-ным. Тәуелсіз - э-э -э - тә-уел-сіз - тәуелсіз Мемлекет - мем-ле-кет, мемлекет. (Балалар сөйлемдерді, мәтінді қайталайды). Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар аударады. Моя Родина - Менің Отаным. Независимый — тәуелсіз. Государство - мемлекет. Тақпақ жаттау. Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың, Отан - өлкең, астанаң,	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сұрақ-жауап. – Бүгін қай күн? – Кеше қандай күн болды? – Ертең қандай күн болады? – Бүгін ауа райы қандай? – Табиғат өзгерістерін атайық. Жыл мезгілдеріне сай өсімдіктердің бірі – ағаштардың өзгеруі туралы әңгіме жүргізу. – Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. Мақал-мәтелдер: 1. Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. 2. Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. 3. Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер.

	– «С», «з» дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді. Тілдің ұшы төменгі тістердің түбіне тиеді, тіл ортасы сәл дөңестеніп, екі жағы тістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады. – Күз (з). – Қыс (с). – Жаз (з). Осы сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрайды. «З» дыбысына дыбыстық жаттығу жасату. За-за-за – таза Зу-зу-зу – жазу Зы-зы-зы – қозы Зе-зе-зе – зерек Аз-аз-аз – жаз Ыз-ыз-ыз – қыз Үз-үз-үз – күз Із-із-із – сәбіз Буын ішінде келген «с» дыбысын ажыратқызып үйрету. Са-са-са – сана Су-су-су – суық Се-се-се – кесе Ас-ас-ас – тас «С» және «З» дыбысының ауада жазылуын көрсету, педагогпен бірге ауада жазу. «З» дыбысының 3 санына ұқсайтыны айтылады. Топтағы немесе басқа да «З» және «С» дыбысы бар заттарды атау. Мысалы: терезе, есік, сандық, сиыр, сағат, сағыз, сан. Тыныштық сақтап сағаттың дыбысын тыңдату. Оның қажеттілігі мен пішіндері туралы әңгіме өрбіту.	шеңберлермен бейнелеуге болады. 10 шеңберді санап, үшбұрыш тұрғызыңыз. Суретпен жұмыс,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Суреттегі отбасы мүшелерін сана. Боялмаған адамды боя. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 10 саны қалай шықты? (10 бұл – 9 және 1.) 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы жүктелген анимацияны көруге болады, онда санның цифрмен таңбалану тәртібі туралы бейне көрсетіледі. Сандардың суреттерімен және олардың таңбаларымен танысу. Балалар цифрларды саусақпен сурет бетінде, содан кейін ауада жазып таңбалайды. Саусақпен цифрдың үстінен жүргізіп шығуды ұсынады. Ермексаздан жасау. Сергіту сәті. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. Иығыңды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10 рет секір. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен секір. Иықтарын көтереді, Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру.	Суреттен екі жидекті тап, ата, буынға бөл. Сызықпен қос. Тапсырмаларды орындау. Түсінің атында (а) дыбысы естілетін қарындаштарды боя. Саусақ жаттығуы: «Тында, орында» Бір, екі, үш, Кәне, жинап күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. Ойын: Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Шарты: үзік сызықтарды бастырып жазу арқылы,жазуды жалғастыру. Қорытынды. «Бағдаршам» әдісі. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруды. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Біздің еліміз қалай аталады? Қазақстан Республикасының картасын көрсету. -Балалар, картадан біздің республикамыздың ұлан-асыр жері бар екенін байқауға болады. Осы кең байтақ қазақ жері Қазақстан Республикасы деп аталады. Яғни, егеменді мемлекет. Қазақстан Республикасының елордасы қай қала?	Отан — аудан, ауылың. Е. Өтетілеуұлы Педагог тақпақты 2-3 рет қайталап айтады. Балалар жаттайды. Сергіту сәті Керегені жазайық, Шаңырақты құрайық. Уық болып, иіліп, Киіз үйдей болайық. Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап» -Сенің Отаның қалай аталады? -Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). -Отанымыздың бас қаласын ата? -Қазақстан қандай мемлекет? Суретпен жұмыс. Суреттерге қара. Сөйлем құра. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті кім? Қорытынды. Мақал-мәтелді жатта. Мағынасын түсіндір. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (әңгіме, өлең) ажырату. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Біз қай Республикада тұрамыз? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.**	– Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** Шырша мен қайың қатар өсті. Жас қайың ерке, ойыншыл болатын, ол алаңғасарлығына басып, шыршаға соқтығып, бұрымын жұлып, аяғынан шалып, алыса ойнағысы келіп, мазалай берді. – Бізге тиіспе! – деп ақырды шырша, – сотқармен ойнамаймыз. – Шыбық тисе, шыңқ етердің өзі екенсің. Жай ғана сипап өткенге нең кетті? – Сипап та өтпе. Біз өзіміздің киімімізді күтіп киеміз. – Соншама қадірлейтін сенің киіміңнің біздің киімімізден қандай артықшылығы бар? – Біз сендердей киімімізді жыл сайын

	– Бәріміз сағат болайық: сырт-сырт, сырт-сырт. (Сағаттың дыбысын салып оңға-солға сыртылдайды, сағат туралы әңгімелейді). Сергіту жаттығуы. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. (Қ.Ыдырысов) Дидактикалық ойын: «З және С дыбыстары» Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту және «З» мен «С» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Ойын шарты: тапсырмаларды орындау. 1 тапсырма: әр жыл мезгілдеріне сәйкес суреттерді қос. 2 тапсырма: суреттегі заттың атын ата, оны дұрыс айтып үйрен. Мақалдың мағынасын түсіндіру. Судың да сұрауы бар. Жаңылтпаш жаттату. Арықтан су сылдырлап ағады, Сылдырап ағады, Сылдырап ағады, Сылдырап ағып, Сырдарияға барады. Қорытынды кезең (рефлексия). Бүгінгі үйренгендерін сұрай отырып, таңертең және кешкілік айтылатын ізгі сөздерді қайталату: – Сәлеметсіз бе! – Сау болыңыз! **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**	3-тапсырма. Фигуралардың ішіндегі торкөздерді сана. Оларды торкөздердің санына сәйкес түспен боя. Балалар тапсырма бойынша торкөздерді санына сәйкес бояйды. 4-тапсырма. Қажетті санға дейін толтыру үшін әр бағаннан бір дөңгелектен боя. Тура және кері санауды дауыстап жүргізеді. «Реті бойынша сапқа тұр» ойын жаттығуы. 0-9 цифрлары мен 10 цифры бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады Ойын жаттығуы «Цифрды жина» Қорытынды. «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Кіріспе әңгіме. Сұрақ-жауап арқылы түсіндіру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.**	Е. Өтетілеуұлының «Астана» өлеңімен таныстыру. Болашаққа бастаған, Шарықтайды асқақ ән. Елордасы Отанның, Мақтанышым – Астанам. -Өлеңде не туралы айтылған? - Кім Астанаға барды? Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар? Астана туралы мәлімет беру. Астананың көрікті жерлерінің фотоларын көрсете отырып, таныстыру. Сулы Жасыл бульвар – Астана орталығындағы жаңа көше. Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Бәйтерек – Астананың басты белгісі. Тәуелсіздік Сарайы – мемлекеттік ресми іс-шараларды, форумдарды, мәжілістерді, кездесулерді өткізу орны болып табылады. Бейбітшілік пен келісім сарайы – Әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдерінің жиынын өткізуге арналған ғимарат. Астана циркі – цирк ойындары көрсетілетін ғимарат. Хан шатыры – Астананың ең үлкен ойын-сауық орталығы. Мұхит аралы – мұхит жануарларын көрсететін орын.	– Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала? -Қазақстан жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – туы, елтаңбасы, гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз. -Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіреністерін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Тәуелсіз, еркін елде біз Дүниеге келгенбіз. Көк ту мен елтаңбамыз, Бар біздің өз теңгеміз. Сөздік жұмыс: Тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді. Еркіндік – еліміз ешкімге тәуелді емес, өз туы, гимні, елтаңбасы бар. Теңге – біздің ұлттық төл ақшамыз. Сұрақ-жауап: -Өлең қалай аталады? -Сендерге өлең ұнады ма? -Өлеңде не туралы айтылған? -Еліміздің қандай рәміздері бар? Сергіту сәті: Егемен елдің ұлымын, Ертеңгі күннің нұрымын.	ауыстырмаймыз. Біздің үстімізге кигеніміз жапырақ емес, жасыл ине. – Өткір-өткір найзаңды көріп тұрмын. Ол инеңнен қорқатын біз жоқ. – Жіңішке бұтаққа өскен инелер – біздің көркіміз, ыстық-суықтан қорғайтын сауытымыз. Сондықтан бұл көк инелерімізді жеті жылда бір-ақ рет ауыстырамыз. – Қалай ұзақ киесіңдер? – Сондықтан да сақтап, баптап киюге тырысамыз. Қымбат, құнды киімнің күтімі де өзіне сай болғаны жөн. Солайы солай ғой, сонда да, ойнамай отырсаң зерігіп кетпейсің бе? – Бала болған соң, біз де ойнаймыз. Бірақ киімімізді кірлетіп, ластап, жыртып ойнамаймыз. Шыбық тисе шыңқ етер – өте ашуланшақ екенін түсіндіреді. Сергіту сәті: Таудай биік боламыз Шыршадай жасыл жайқалып, Көңіл күйді ашамыз. Нұрын төккен әлемге, Күн боп шуақ шашамыз. Ақ қайыңдай тербеліп, Мөлдір судай ағамыз. Қыран құстай самғаймыз, Таудай биік

	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дыбысты естиміз, аузымызбен айтамыз. -Балалар, айтыңдаршы, пойыз тоқтағанда қандай дыбыс шығарады? -Жақын арада аралар жүргенін қайдан білеміз? -Түнде қасымызға маса келгенін қайдан білеміз? -Дұрыс айтасындар, біз дыбысты осылай құлағымызбен естиміз. -Ал,сөз бір нәрсе туралы ұғымды білдіреді. Сөз дыбыстардан құралады. Ал,енді суретке қарап,іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтайық. Суретпен жұмыс. Суретке кара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Саусақ жаттығуы: «Тында, орында» Партадағы саусактар Адымдайды, журеді. Өнерлі бұл саусақтар Сурет сала біледі. Ортаңғы мен сұқ саусақ Түйекұсты салады.	– Сап-сары болып өсіп тұрған бидай. Астықты күзде жинайды. Өсіп тұрған бидайды комбайнмен орып, астықты жүк машиналары қамбаға тасиды. Бидай ақырында дастарқанға ас атасы – нан болып келеді. Нан қоқымы дегеніміз – нанның үгітіндісі. Сөздік жұмыс: бидай, нан, ұн, кебек. – Балалар, бүгінгі оқу қызметінде ақын Ж. Кәрбозиннің «Нан қоқымын шашпаңдар» өлеңімен танысамыз. Педагог оқиды. Нан қоқымын шашпаңдар Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса, баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар! Сергіту сәті: Ас атасы нан, Жайқалады дән. Күзде піседі, Аузымызға түседі. Сұрақ-жауап: - Балалар, нанды басуға бола ма? - Жерде жатқан нанды не істеу керек? - Нанмен ойнауға бола ма? - Нан түрлерін атап көрейікші. Қорытынды. Өлең жолдарын оқып, толық түсінік алу. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысуға тарту.	**Өнегелі 15 минут әңгімелесу.** Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап». Шарты: А, с, т, а, н, а дыбыстарынан басталатын сөздерге сөз құрату. А – ана, алма, ... С – су, сан, сағат, ... Т – таң, тамаша, ... А – асыл, ата, ... Н – нан, нар, ... А – апа, алқа, алша, Отан,туған жер туралы тақпақтарын сұрау. **Апта дәйек сөзі:** «Отаным - алтын бесігім!» қайталау. Қорытынды. Ән: «Көк байрағым» **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысуға тарту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Пікір алмасу сұрақтары. Біздің еліміз қалай аталады? Қазақстан Республикасының елордасы қай қала? Кім Астанаға барды? Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар? «Астана» Е. Өтетілеуұлының өлеңі Болашаққа бастаған, Шарықтайды асқақ ән. Елордасы Отанның, Мақтанышым – Астанам. Елордамыздың көрікті жерлерінің фотоларын	Отанын сүйген азамат Болатындардың бірімін. Білімнен жұпар жинаймын, Еліме бақыт сыйлаймын. Балалар қимылмен орындайды. Өлеңді қайталап есімізге түсірейік. 3-4 балаға өлеңді мәнерлеп жатқа айтқызу. Қорытынды. Суретпен жұмыс: -Суретке қара, не байқадың? Өз ойыңды айт. -Суретте не бейнеленген? -Сен Астананы көрдің бе? -Мақалдың мағынасын түсініп ал: «Туған жерге туыңды тік». **Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды сызуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым ойнауға шақырады. «Сандық эстафета» ойын жаттығуы. Топтық жұмыс. Педагог балаларды екі командаға бөледі және қатарға тұруларын сұрайды. 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкаларды әзірлейді. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі	боламыз. (Г.Оразбаева) Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата». Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Қорытынды бөлім. Рефлексия – Біз бүгін М.Төрежановтың қандай ертегісімен таныстық? – Ертегі не туралы ? **Музыка** Балаларға шығармаларды тыңдата отырып,түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіндіру, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Ән тыңдау: «Шалғындағы бақбақ» (Қ. Жұмағалиев, Т. Қоңыратбаев) Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі мен әні: ОразбаеваН.М. Ойын: «Жел мен жаңбыр»

	Төңкеріліп аспанға, Қоян да бола калады. Ойын: «Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз» Шарты: үзік сызықтарды бастырып жазу арқылы жалғастырып жазу. Ойын: «Үзік сызықтарды бастыр» Шарты: суретті бастырып салу арқылы бояу. Қорытынды. Дыбыс пен сөздің айырмашылығы неде? Дыбыс қандай болады? . **Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды сызуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** –Ойын алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады. Балалар нөмірлері бойынша топпен тұрады. Педагог жалғастырады: –Міне, тағы бір бала келді. –Оған қандай нөмір береміз? Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді. Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифр қажет: 1 және 0.	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** С. Әлімқұловтың «Отан» өлеңін оқып беру. Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, ұлы Отан. Елім – менің тірегім, Құшағыңда гүл атам. Сарқылмайтын қуатым, Тірегімсің сен, Отан. Мәңгі соғып тұратын, Жүрегімсің сен, Отан. Рәміздер жайлы бейнефильм көрсетеді. – Бейнефильм не туралы? Мемлекеттік рәміздер жайлы ақпарат беру. Сергіту сәті: «Отан – менің ата-анам» әнін орындайды. «Күншуақ» ойыны. ойын шарты: Ортада шуақсыз күн тұрады. Күннің әр шуағында сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Күн шуағындағы сұрақтарға жауап беру арқылы күнді күлімдету. 4-тапсырма: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын тауып белгілейді. Педагог Б. Тәжібаевтың өлеңін мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. Балаларға бірнеше рет қайталатып жаттатқызады. Туған елім – гүл елім, Қасиетіңді білемін. Өзіңе деп жүремін – Лүпілдеген жүрегім! Қорытынды. Балалардан күнді кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім	немесе бейнетаспада аталған жерлерді көрсетіп, оларға қысқаша мәлімет береді. – Қазақстан Республикасының Президенті кім? – Еліміздің бас қаласы қай қала? – ҚР Мемлекеттік рәміздерін ата? – Астана қаласы қай өзеннің жағалауында орналасқан? – «Астана» сөзі неше буыннан тұрады? Сергіту сәті: «Астанамыз – астана» Ел бөбегі бүлдіршін, Жас баламыз. Астанамыз – Астана, Бас қаламыз. Алға нық басамыз, Ғасырдан асамыз. Мәңгі бірге жасаймыз Астанамыз – Астана. Гүлге оранып, сәулетті көшелерім, Самалымен сауығып, өсер елім Қаламызды сүйеміз, көркемдейміз, Қайратты боп өсеміз, өрнектейміз. – Қазақстан Республикасының қандай қалаларын білесіңдер? Сұрақ – жауап. Енді, балалар бізге «Сұрақтар әлемінен» хат келіпті. Ол хатта сұрақтар бар екен. Кәне, сұрақтарға жауап берейік. – Алматы қандай қала? – Ол қайда орналасқан? – Алматыда нелер бар? – Медеу мұзайдынында нелер өтеді?	балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді. Суретпен жұмыс,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Сол жақтан оң жаққа қарай саусақтарды және жануарларды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Орналасқан ретіне қарай сонша нүкте санын сал. Реті бойынша нешінші? Педагог саусақтардағы суреттерді қарап, сол жақтан оңға қарай кім бейнеленгенін атауды сұрайды. «Нешінші?» қатарда сол жақтан оңға қарай, содан кейін оң жақтан солға қарай деген сұрақ қояды. Балалар саусақтарға қанша кейіпкер салынса, сонша нүктелерді салады. 2-тапсырма. Тотықұстарды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Цифрды қоршап сыз. Педагог тотықұстарды санауды, олардың түсін атауды ұсынады. Балаларға бір-біріне «Нешінші?» деген сұрақ қоюды ұсынады. Содан кейін төмендегі суреттегі тотықұс нөмірін таңдайды. Бұл жағдайда олар қандай реттік тәртіпте санағандарын атайды. 3-тапсырма. Әр балада қанша асықтан бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя.	Шарты: Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді.Кенет желдің даусы естілгенде үрмелі аспапты үрлейді. Жаңбырдың дауысы естілгенде сілкімелі аспапты жаңбыр даусымен қосылып сілкілейді. Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты,мазмұны туралы айтады;

	–Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады. Педагог цифрды көрсетеді. –Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Өлең оқиды. Аспандағы Ай, Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл». «0» дегенде өздерің, Көріп тұр ғой көздерің. Үйлеспесе айналмас, 0-сіз 1-ің 10 болмас. Педагог нөлді бірліктің жанына қойып сұрайды: –Бұл санды жазу үшін қанша сан қолданылды? (2 сан). 10 санын көрсетеді. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Әр бағандағы текшелерді сана. Цифрды қажетті карточкамен сызып қос. Педагог тапсырмаға арналған баспалдаққа назар аударуды ұсынады. –Қатарды, текшелерді, цифрмен және карточкамен сызып қос, онда нүктелер саны қанша болса, сонша текшелер болады. 2-тапсырма. Санақты бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле. –Шеңберге қанша бала тұрды? Санауды бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле. Ойыншыларды ретімен сызып қос. Педагог балалардың жейделеріндегі цифрды	– қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен. **Музыка** Балаларға шығармаларды тыңдата отырып,түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіндіру, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Ән тыңдау: «Шалғындағы бақбақ» (Қ. Жұмағалиев, Т. Қоңыратбаев) Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі мен әні:Оразбаева Н.М. Ойын: «Жел мен жаңбыр» Шарты: Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді.Кенет желдің даусы естілгенде үрмелі аспапты үрлейді. Жаңбырдың дауысы естілгенде сілкімелі аспапты жаңбыр даусымен қосылып сілкілейді. Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның	– Сендер Алматының көрікті жерлерін араладыңдар ма? Жап-жасыл ағашы Ал, балалар «Алматы – әсем қала» туралы бейнежазу көрейік, 4-5 мин. «Астана-Бәйтерек» кешені және Алматы қаласының символы салынған суреттерді бояу. **(сурет салу)** Ойын: «Көлеңкесін тап» Шарты: дұрыс орналастыру арқылы жапсыру. **(құрастыру,жапсыру)** Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: Балаларды екі топқа бөліп, алдыңғы екі баланың қолына жалауша береді. Музыка ырғағымен балалар жалаушаны қолдан-қолға бере бастайды. Қай топ жалаушаны жылдам жылжытып, ойынды тез аяқтаса, сол топ жеңімпаз деп танылады. Екі топқа бөлініп жалаушаны ермексаздан жасаймыз **(мүсіндеу)**	Педагог әр балада қанша асық бар екенін есептеуді ұсынады. Сонша дөңгелекті бояйды. Сергіту сәті: «Сандармен секір». 1-ден 10-ға дейінгі үлкен цифры бар кілемшелерді жай. Балаларға кілемшелерден цифрларды тура және кері ретпен санап секіруді сұраңыз. Мысалы, олар 1 цифрдан бастап секіруі мүмкін, содан кейін 2 цифрына және т.б. 10-ға жеткенше. Содан кейін олар 10 цифрынан секіруден бастай алады және 1-ге жеткенше кері тәртіпте санау жасап секіреді. «Сапқа тұр» ойыны. 0-9 және 10 сандары бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады. Балалар өздерінің реттік нөмірін атайды. – Бірінші, екінші ... оныншы. Қорытындыны «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** шашырап, аяқтың ұшымен жүгіру,сапқа үш қатармен тұру, төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу, арқан бойымен бір қырымен,	

	атауды сұрайды. Балаларды қатарға ретімен тұрғызу арқылы, топта цифры бар карточкалармен ұқсас жұмысты ұйымдастыруға болады. «Сана» ойын жаттығуы. Педагог ойыншыларды 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұл есеп тура санау деп аталады. Кері тәртіппен санауды сұрайды. 10-нан 1-ге дейінгі цифрды көрсетеді. Бұл есеп кері санау деп аталады. Содан кейін педагог ойыншыларды ретімен санауды сұрайды: бірінші, екінші, үшінші... оныншы. Және кері санауды сұрайды оныншы, тоғызыншы, сегізінші, ... бірінші. 3-тапсырма. Сырымның отбасы мүшелерін ата. Оның достарының әрқайсысына есімдер ойлап тап. Сана. Реті бойынша нешінші болса, сонша нүкте сал. Қай саусақта кім бейнеленгенін атайық. Сонша нүкте сал. Сол жақтан баста. Бұл отбасының бірінші мүшесі. Бір нүкте қой. Екінші – екі нүкте және т. б. «Дұрыс көрсет» ойын жаттығуы. – Адамның қолында қанша саусақ бар? (10 саусақ). «Санамақ саусақтар» ойыны. Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар болуы керек. Балалардан әр қолының саусақтарын	сипаты,мазмұны туралы айтады;		қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, бір орында тұрып, оңға-солға секіру, Дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылықты ояту және Дене тәрбиесімен, спортпен айналысуға баулу. Спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жасырынбақ». Жан-жақта «шашырап» жүру, қолдарына орамал ұстап аяқтың ұшымен жүру. Үш қатарға тұрады. Орамалмен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (беторамалдарды саусақтардың ұшымен ұстайды, шынтақтарын түзу ұстау керек). Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: 1 Ойын: «Маған қарай еңбектеп кел!». Шарты: 8 метр қашықтыққа төрт аяқтап еңбектеу,40 см биіктікке көтерілген сырықтың астымен еңбектеп өту,орамалды қарсы бетіне алып өту – орамалды басына қойып еңбектеп өту. 2. Ойын: «Түсіріп алмай, алып кел!» Шарты: Тепе-теңдік сақтау – төбесіне құм толтырылған қапшық қойып, жіп бойымен жүру. «Түсіріп алмай, алып кел!» ойыны. 3. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Секір-бұрыл»	

	көрсетуін сұра, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы цифрды көрсетуін сұра. 4-тапсырма. Қай себетте текшелер көп? Белгіле. Қай себетте кішкентай текшелер аз? Қоршап сыз. Текшелерді түсі, өлшемі, саны бойынша боя. Педагог заттардың қасиеттерін қайталайды: түсі, пішіні, мөлшері, саны. Әрі қарай, балалар тапсырманы орындайды: осы қасиеттер көрсетілген тапсырма бойынша текшелерді бояйды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** сапта бір-бірден жүру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату.Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық			Шарты: Бір орында оңға және солға бұрылып секіру. Ойын: «Шарлар мен бағандар» Ойын шарттарын еске салу. Шарты: шарды асықпай, жаймен домалату қажет. Қорытынды кезең (Рефлексия). Мимикалық гимнастика «Көтеріңкі көңіл күй» – балалар іс-қимылдың көмегімен өздерінің көтеріңкі көңіл күйін көрсетеді.	

	қимылды ойындарды ойнату.Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Біздің қолымыздан бәрі келеді!» – қолға беторамал ұстап, бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру, түзету жаттығуларын орындау, аяқтың ұшымен жүргенде орамалды жоғары көтереді, өкшемен жүргенде орамалды алдына ұстайды (музыканың ырғағымен). Екі тізбекке тұру. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (беторамалдарды саусақтардың ұшымен ұстайды, қолдарын түзетеді) Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: 1.8 метр қашықтыққа төрт аяқтап еңбектеу, 40 см биіктікке көтерілген сырықтың астымен еңбектеп өту жаттығуларымен кезектестіріп орындайды. 2.Ойын түріндегі жаттығу «Ең епті». Шарты: сырыққа басын тигізбей төмен еңкейіп өту. 3,Допты бір-бірінен 1 метр қашықтықта орнатылған бес заттың арасымен домалату. Жаттығулардың орындалуын көрсету: допты ақырындап төмен-жоғары итеріп, кегельдерді оң жағынан және сол жағынан айналып өтеді. «Ұшты, ұшты» ойынын ұйымдастыру.				

	Ойын тәртібін түсіндіру. Заттардың қазақ тіліндегі атауларын атау (ұшатын, ұшпайтын заттар) Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын: «Кетті, кетті орамал» (орамал орта тұсынан түйілген). Педагог беторамалдардың балаларға дені сау, көңілді болуға көмектескенін айтады.				
Серуенге дайындық	«Киім киюдің әдебін білеміз бе?» **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 23** **Шөптін солуын бақылау** **Міндеті:** Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Құрап қалған шөпті тырнауышпен жинау»** **Міндеті:** Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту,	**№14** **Аула тазалаушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел** Еңбексіз өмір – сөнген көмір. **Коммуникативтік дағды** **Қмылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеті:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Міндеті:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді.	**№ 27** **Жапырақтардың толық түсуін бақылау** **Міндеті:** Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және тбиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын*:* «Соқыр теке» ойыны» (қазақтың ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың

	нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ шешу. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) **Коммуникативтік дағды**	баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу** **Міндеті:** үлкендердің еңбегін құрметтей алады. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Міндеті:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	**“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Міндеті:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. «Алтын күз» Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзде нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды**	ойынға қатысуын қадағалау. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Жұмбақ. Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) **Коммуникативтік дағды** **Еңбек:** **Ауладағы жұмыс.** **Міндеті:** Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»	Дидактикалық ойын: №54 «Қандай белгі екенін тап»	**Жеке қауіпсіздік**	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»**	Картотека №48

ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	Бестемше:«Татулық, бірлік ұраны!» **“Адал азамат”**	Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту. Шарты: бала текшені алып құрастырады, қандай белгі шыққанын атайды. **“Адал азамат”**	**«МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»** **Мақсаты:** балаларды бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысқан жағдайда дұрыс әрекет етіп, өздерін қорғап, көмек шақыруға үйрету. **Міндеттері:** Балаларды бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Балаларға бейтаныс адамдардың ұсыныстарынан бас тартудың маңыздылығын түсіндіру (балмұздақ, кәмпит, сағыз, ойыншық және т.б.). Балаларды күмәнді жағдайларды тануға және мұндай жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, қалай әрекет ету керектігін түсіндіру. «Бейтаныспен кездесу» графикалық бейнеролигін қарап, негізгі қауіпсіздік ережелерін талқылау: 1-ереже. Ешқашан бейтаныс адамдарға ерме Балаларға бейтаныс адамдарға еріп кетуге болмайтынын (тіпті олар қызықты немесе тәтті нәрселер ұсынса да) түсіндіру. Балаға бірдеңе ұсынған бейтаныс адам бейнеленген иллюстрацияларды көрсету. 2-ереже. Сенімді ересектерге жақын бол Балаларды	**Тақырыбы**: «Көшемен танысамыз» Мақсаты: Көше, жол, жол жиегі, жаяу жүргіншілер жолы туралы түсінік беру. Көшеде өзін ұстау туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. Арманға алдан күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтыққа тұра алатын балалармыз. Балалар жұмбақ жасырам: Арқаным бар тым ұзын, Ала-алмайсың бір үзім. (жол) Дұрыс, балалар жиек дол деген не? Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? Тақтада бағдаршам белгілері: Қызыл-Тоқта! Сары-Сақтан! Жасыл-Ашық! Көшеде біз сақ болайық. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан оңға қарау керек. Жолда ойнауға болмайды. Көліктен айналып өту керек.Келе жатқан көліктің алдынан жолды кесіп жүгірме. Жол көліктің жүрегі. Машина көп.Жаяу жүргіншіге арналған жол жоқ болса, жол шетімен жүру керектігін	«Үй жануарлары мен жабайы жануарларды» Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді.Белгі бойынша балалар үй жануарлары мен жабайы жануарларды үлкен картадағы бос тор көздерге орналастырады.Кім бос тор көздерді толтырып,жануарларды дұрыс орналастырса,сол топ жеңіске жетеді. **Қоршаған әлеммен таныстыру**

			әрқашан ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің жанында болуға үйрету. Ересек адамның қолынан ұстап тұрған баланың суретін көрсету. 3-ереже. Дауыс шығарып, көмекке шақыр Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, балалар «Көмектесіңдер!» немесе «Мен бұл адамды танымаймын!» деп қатты айқайлау керектігін түсіндіру. Дауыс шығарып тұрған баланың суретін көрсету. 4-ереже. Қауіпсіз орынға қарай жүгір Балаларды қауіпсіз орынға жүгіріп баруға мысалы, ата-анасына, педагогке, полиция қызметкеріне немесе сенуге болатын басқа ересек адамға үйрету. Қауіпсіз орындардың (дүкен, мектеп, полиция бөлімі) суреттерін көрсету. 5-ереже. Болған жағдайды ересек адамға айт Балаларды кез келген күмәнді жағдай немесе бейтаныс адамның оларды алып кетуге тырысқаны туралы ересек адамға міндетті түрде айтуға үйрету. Болған жағдайды ересек адамға айтып тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. Ережелерді қайталау: Балалармен бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, қолданылатын негізгі ережелерді қайталау.	есте сақтап алыңдар. Ал, балалар енді ойын ойнайық: «Жол белгілері» дидактикалық ойын. Қорытындылау. -Қай көшеде,қай қалаға барсақ та жол жүру ережесі заңды тәртіп. -Жол ережелерін айтып беріңдерші?	

Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруді дағдыландыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа нұсқаулық бойынша секіруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Мансур жеке жұмыс** Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуді жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Өзінің туған жерін білуге, атауға, Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға, өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтуға талпынады. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 23**	**№ 14**	**№ 3**	**№ 1**	№27
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту	Ата-аналарға үйге берілген тақпақтарын қайталап келуіне ұсыныс білдіру.	Ата-аналарға: Үйде баланың өзі киініп, өзі шешініп талап етіп отыруды түсіндіру.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.	Ата – аналарға балаларға берілген «Отан», «Туған жер» туралы мақал-мәтелдерін қайталап келулеріне ұсыныс білдіру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: *«Қазақстан – менің сүйікті елім!»*

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 27.10 - 31.10.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		**Күй күмбірі:** «Табиғат» Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу. Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі:** «Табиғат» Шармен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. **Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі:** «Табиғат» **“Адал азамат”**	**Күй күмбірі: «Табиғат»** Шармен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу.

					Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу		Ата-аналарға кеңес беру: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу.**	Ата-аналарға кеңес беру: «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу іс- әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)		Картотека №28 «Теңге жинау» Шарты: Ойынға барлық бала қатысады, кім көп жинаса сол жеңімпаз атанады. **Ұлттық құндылық**	Қимылды ойын: «Жапырақты тап» Шарты: ойын музыка әуенімен ойналады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	Ойын - сауық саябағында өзіңді қалай ұстау керектігі жөнінде әңгімелесу. Міндеті: жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмау мақсатында балаларға аттракциондар мен ойын-сауық саябағында қауіпсіздік ережелерін үйрету. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**	Еркін ойын: «Сиқырлы орамал» Шарты: Музыка әуені арқылы билеп,музыка тоқтағанда артқа бұрылып тұрады,қане бәріміз қараймыз дегенде сиқырлы орамалдың астында тұрған не зат екенін тауып айтады. **Ұлттық құндылық**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №4				
Таңғы ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Картотека №49 «Әңгімелеп бер» Міндеті: Суретке қарап,өз ойын толық айтуға ынталандыру. **(Тіл дамыту,қазақ тілі)**	**Апта дәйек сөзі:** *«Қазақстан – менің сүйікті елім!»* **“Адал азамат”**	**Апта дәйек сөзі:** *«Қазақстан – менің сүйікті елім!»* **“Адал азамат”**	Ойын: «Ненің дауысы?» Шарты: Үнтаспадан шыққан табиғат құбылыстарының дыбысын ажырату. **Музыка**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ		**Математика негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Нүктелерді қағаз бетіне салуды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** –Сен бұл фигуралардың қалай аталатынын білесің бе? Балалар суретті талқылайды,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Таныс немесе бейтаныс шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Таныс немесе бейтаныс шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.

		таныс геометриялық фигураларды атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Бұл не? (Шаршы). Оны жиектеп айналдырып, сызайық. Саусақтарыңды дайында. Саусақ солдан оңға қарай жүреді, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ жоғарыдан төменге жүреді, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ оңнан солға қарай жүріп, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ төменнен жоғары қарай жүреді. (Балалардың үстелдерінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы бар). – Біз нені айналдырып, жүргіздік? (Шаршыны). –Тіктөртбұрышты көрсетеді, бұл – тіктөртбұрыш деп аталатын геометриялық фигура. – Оны айналдырып, сыз. Саусақтарыңды дайында.... –Тіктөртбұрыш пен шаршының айырмашылығы неде? Шаршыны тіктөртбұрыштың үстіне қояды. –Қара, олардың бір жағы бірдей, ал қалған екі жағы әртүрлі, олар шаршыға қарағанда тіктөртбұрыштан ұзынырақ. –Балалар, тәрелкелердегі шаршы мен тіктөртбұрышты алып, алдарыңа қойыңдар. –Тіктөртбұрыштар мен шаршыларды салыстыр. –Шаршыны тіктөртбұрыштың үстіне қой.	Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру. Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да шу. Ас сөзінің басына т дыбысын қосу арқылы сөз құрату. Тас сөзі шығады. Балалар суретте ненің бейнеленгенін сұрау. - Ненің суреті? - Тау сөзінің басында қандай дыбыс естіледі? Т - Дыбысы дауыссыз дыбыс. Сондықтан Т дыбысы көк түспен белгіленеді. Тіл ұстарту жаттығуын өткізу. Та - та - та Ата, берші бата. Суретпен жұмыс. 1-сурет.Суреттерді ата. Сызбадан «Т» дыбысының орнын тап. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса - үшінші бөлікті көк түспен боя. 2-сурет. Басында, соңында «К» дыбысы кездесетін заттың суретін корша. Саусақ жаттығуы: «Тыцда, орында» Алаканньщ біреуін Кері карай бұрайық. Алақаның демалсын, Қол үстінен ұрайық. Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: «Үзік сызықтарды бастыр»	Педагог балаларга балабақшаның суретін көрсетіп, сұрақтар қояды. Мынау не? Балалар қайда келді? Балалар не істеп жүр? Саған балабақшада көңілді ме? Балабақшада балалар көп. Олар бір-бірімен дос. Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым. Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстың жаттыгулар жасауды үсынады және сөздерді ңайталап, естеріне сақтауды ескертеді. Артем, сен кіммен ойнайсың? Артем, Арлан сенің досың ба? Достар қалай ойнайды? Педагог мақал-мәтелді түсіндіреді. «Адам досымен, ағаш тамырымен мықты» . Жаңа сөздерді естерінде сақтату: дос - друг, достар - друзья, тату - дружно, біздің достарымыз - наши друзья Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. Менің атым - Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты - Сәуле. Біз тату ойнаймыз. Менің атым —Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары — Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз. (Балалар қайталайды).	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Слайд: «Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады. Бейнетаспа арқылы жаңа сөздермен таныстыру. -Мынау - ұшқыш. Мынау кім? -Мынау — ұшқыш. -Мынау - ғарышкер. Мынау кім? -Мынау - гарышкер. -Мынау - дәрігер. Мынау кім? -Мынау - дәрігер. -Мынау — құрылысшы. Мынау кім? -Мынау - құрылысшы. -Мынау — сатушы. Мынау кім? -Мынау - сатушы. Балалар сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ү-үщ- ұш-қыш - үіттқыттт. Ә-э-э-дэ-рі-і-і-гер - дәрігер. Қ-К-қ-ұ-ұ-құ-күр-ыл-ыс-шы - құрылысшы. Ғ-г-ғ-г- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер. Ойын: Кім не істейді? Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй

		–Шаршы мен тіктөртбұрыштың қабырғалары туралы не айта аламыз? (Бір жақ қабырғалары бірдей, ал тіктөртбұрыштың екі жағы шаршыға қарағанда ұзын.) –Фигуралар неге ұқсайды? –Олардың айырмашылығы неде, олардың ұқсас жақтары қандай? Санамақ көмегімен балалар 4 топқа бөлінеді. Педагог балаларға геометриялық фигуралар жиынтығын таратады (бөлінген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар және әртүрлі өлшемдер мен пішіндегі тіктөртбұрыштар). Әр топқа бірдей пішіндегі фигуралар таратылады. Балалар фигураларды берілген бір белгілеріне қарай орналастырып қоюы керек: мөлшеріне қарай, түсі бойынша, сонымен қатар балалар өз нұсқаларын ұсына алады. Дөңгелектерді, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды, үшбұрыштарды топтарға бөліп орналастырады. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреуі түсіне қарай орналасуы мүмкін (мұндай фигуралар жиынтығы 3 топ болады), біреуі өлшемі бойынша (мұндай фигуралар жиынтығы 2 топқа бөлінуі мүмкін). Әр топ өз фигураларын атайды: үшбұрыштар,	2-тапсырма: «Жалғастыр» Қорытындылау. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз «Л-Р» дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету.Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жылқы тектес жануарлардың үлгі суретін көрсету.. (жылқы, есек, ала құлан, құлан, қашыр) Әр суретке тоқталып, түсінік беріп, құлан да жылқы тектес жануар екенін кеңінен айтады. – Балалар, құлан – жылқы тектес жануар. – Сендер жылқыны білесіңдер ме? – Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген. – Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.	Сергіту сәті. Зеңгір көктем, нұрын төккен, Ортақ біздің гүліміз, Жайнап өскен, жайдары өскен, Біз өмірдің гүліміз. Бал достыққа, жолдастыққа Шақырады еніміз. Тыныштықта, нұр құшақта Бақыттымыз бәріміз. Суретпен жұмыс. 1.Суретке қарап, достар туралы шағын мәтін құра. Балалар қандай ойындар ойнайды? 2.Арманға достарымен кездесу үшін жолды табуға көмектес. Рефлексия. Қорытындылау, бағалау, мадақтау. Біз бүгін не істедік? Сендерге не ұнады? **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (әңгіме, өлең) ажырату. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.	салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. -Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. -Менің әкем құрылысшы болып істейді. -Менің анам дәрігер болып істейді. Жаңылтпашпен таныстыру. Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді. Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып аламыз.

		дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар. Педагог фигураларды кезекпен атайды. Берілген фигурасы бар топ оны жоғары көтереді. Мысалы: шаршылар. Шаршылары бар балалар орындарынан тұрып, басқа балаларға көрсетеді. «Неге ұқсайды?» ойыны. Пішінге сәйкес келетін заттарды тап. «Сипаттама бойынша тап» дидактикалық ойыны. Балалар топтағы кез келген затты қандай геометриялық фигураға ұқсас екенін, түсіне қарап сипаттайды. Қалған балалар заттарды тауып, атауы керек. «Сандықептілік» ойыны (доппен). Балалар екі қатарға тізіліп тұрады. Балалардан допты бір-біріне 1-ден 10-ға дейінгі сандарды атап лақтыруды сұрайды. Доп ұсталған сайын, бала таңдалған ойынға байланысты өсу немесе кему ретімен келесі санды атауы керек. Суцретпен жұмыс,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Олардың ұқсастығын және айырмашылығын ата. Фигуралардың суретінің үстімен саусағымен жүргізуді ұсынады. – Фигуралардың бір-бірінен қандай айырмашылығы	Жошы ханның ашамайға мінгізген жас баласы аңшылармен бірге жүріп, бір жерде қашып бара жатқан ақсақ құланды қуып кетіпті. Ақсақ құлан жүйіткіп бара жатқан бір топ құланға қосылыпты. Баланың астындағы жүйрік тұлпар елігіп, құйрығын шаншып құйғытып, құландарға қосылады. Құланның әңгісі баланы шайнап өлтіріп кетеді. Аңшылар баланы іздеп таба алмайды. Жошы хан аңшыларға қаһарын төгіп: «Баламды тауып бер», – деп қалың кісіге іздетеді. «Баламды өлді деп естірткен адамның аузына қорғасын құямын» деп жарлық айтады. Аңшылар бір жерден баланың жұлмаланған қолын табады. Енді ешкім баласының өлгенін Жошы ханға айта алмайды. Ақыры көпшілік ордада отырып, бір домбырашыға күймен айтқызады. – Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? – Аңызда не туралы айтылған? – Ашуына тиген құлан әңгісі балаға не істеді? – Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен. – Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «кулан» деп айтылады. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры. Сергіту сәті: Арғымақ Мініп алып сабауға,	Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзің. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. Сөздік жұмыс: Аяқ-табақ – тамақ ішетін ыдыстар. Асықпай іш – тамақты асықпай іш. Сұрақ-жауап. Өлең қалай аталады? Өлең сендерге ұнады ма? Өлеңде не туралы айтылған? Асты қалай ішу керек? (Асықпай ішкен ас сіңімді болады). Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз). Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз? Сергіту сәті Көшелерден біз өткен, Ата көрсем, жақын кеп, Сәлем берем ізетпен. Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейілеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе, әжей?» – деп. Өлеңді қайталап, есімізге түсірейік. Өлең шумағындағы сөздерді және аяқ-табақ сөзінің мағынасын қайталау. Суретпен жұмыс: Суретте не бейнеленген? Баланың әрекетін ретімен ата. Суретте саған не ұнады? Өз ойыңды айт. Бала кімге кездесті?	Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз. Суретпен жұмыс. Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос. Рефлексия. Сендерге не ұнады? Қызықты болды ма? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сұрақ лақтыру» доп лақтыру

		барын ата. (Дөңгелектің бұрыштары жоқ, ол домалайды.) (Үшбұрыштың, шаршының және тіктөртбұрыштың бұрыштары бар. Олар домалай алмайды.) 2-тапсырма. Заттарға қара. Заттар қандай пішінге ұқсайды? Оларды геометриялық фигурамен сызып қос. Заттар қандай пішінге ұқсайды? Балалар тапсырманы орындайды, суреттен дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, үшбұрышты заттарды табады. Заттарды геометриялық фигурамен сызып қосады. 3-тапсырма. Сурет қандай фигуралардан құрастырылған? Ата және сана. Сонша нүкте сал. Заттың қандай фигуралардан құрастырылғанын анықтап, санауды және атауды ұсынады. Сонша нүкте салады. 4-тапсырма. Сандықты геометриялық фигуралармен безендір. Боя. Сандықшаны геометриялық фигуралармен безендіруді ұсынады. Оларды бояйды. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау. «Бағдаршам» тәсілі арқылы балаларға өз жұмысын бағалауды сұрайды. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету,	Асыр салып жүр інім. Достары тұр маңайда, Қызық көріп қылығын. Жақын келген баланы, Қағып-соғып кетеді. Арықтардан алдағы, Қарғып-қарғып өтеді. (Қ.Баянбаев) Балаларды жаңа дыбыстармен таныстыру. Балалар, «Л» – «Р» дыбыстарымен танысайық. «Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. Бірге айтып қайталайық. – «Л» – дауыссыз дыбыс. – «Л» дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла – лақ. Лә-лә-лә – Ләззәт. Да-да-да – дала. До-до-до – долана. Құ-лан. Құ-лақ. Қорытынды бөлім. Рефлексия – Балалар біз қандай аңызбен таныстық? –Қандай жаңа дыбыстармен таныстыңдар? – Сендер қандай үй жануарларының дыбысын салдыңдар? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен	Ол қандай әрекет жасады? Бала қолындағы допты кімге ұсынды? Сен болсаң қандай әрекет жасар едің? Есіңе сақта: «Адам әдебімен көрікті». Қорытынды бөлім. Рефлексия Бүгін не туралы әңгімеледік? **Математика негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Нүктелерді қағаз бетіне салуды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог бөлмеде әртүрлі геометриялық фигураларды жасырып қояды. Оларды тауып алуды сұрайды. Балалар фигураны тапқан кезде оны атап, оның қасиеттерін сипаттап айтуы керек. Ойындық жаттығу. «Фигуралар неге ұқсайды?» Практикалық жұмыс. Фигураларды қара. Олар несімен ұқсас және қалай ерекшеленеді? Шаршы мен тіктөртбұрышты бір-бірінің үстіне қой. Не байқадың? Сергіту сәті. «Сандық гимнастика» балалардан 1-ден 10-ға дейінгі цифрмен жаттығулар жасауды сұрайды. Мысалы, жартылай отырып немесе аяқтың ұшына тұрған	Біз сауат ашу сабағында нелермен таныстық? Әріп деген не? (жазамыз, көреміз) Дыбыс деген не? (естиміз, айтамыз) Дыбыстар нешеге бөлінеді? (дыбыс екіге бөлінеді) Қандай? (дауысты, дауыссыз) Дауысты дыбыстар қалай айтылады? (созылып) Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? (қысқа) Ойын: дауысты, дауыссыз дыбыстарды үйлеріне орналастыр. Миға шабуыл. Жұмбақ жасыру. Қызықтап күнде сен Суретін көресің, Оқисың одан сен Ертегі, өлеңді. Ол не? (кітап) Таңмен көзін ашады, Әлемге нұын шашады. (күн) Осы күн, кітап деген сөздерде бізге таныс емес қай дыбыстан басталып тұр? Ендеше бүгін біз «К» дыбысы дауыссыз қатаң дыбыс екенін үйренетін боламыз. «К» дыбысы дауыссыз дыбыс болғандықтан шартты белгісі көк түс. Қане, қайталаймыз: К к к.

		олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (әңгіме, өлең) ажырату. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тосын сый. Қонаққа Торғай ұшып келеді. Балалармен амандасады. Торғай не істейді? Ұшады. Бүгін біз, балалар, ақын Ертай Ашықбаевтың «Торғай мен мысық» өлеңін жолдарын оқып, әңгімелейміз. Өлеңді оқып беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Жем шоқыған торғайға Көзі бірден түсіп. «Бұл әдемі ас болмай ма?» – Қадам басты мысық. Бір, екі, үш, Торғай, торғай, ұш! Сөздік жұмыс: жем, қадам, шоқып. Сергіту сәті: Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонбайсың. Жем шашайын, тойып ал, Сонда, торғай, тоңбайсың. Сұрақ-жауап. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** – Өлең шумағында не жайлы айтылған? – Торғай жерден нені шоқыды? (Жемді) – Мысық нені жемекші болды? (Торғайды жегісі келді) – Мысықтын көзі неге түсті? (Торғайға) – Торғай қайда ұшады? (Аспанға)	олардың төлдерін атауды және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларға жұмбақ жасырады. 1.Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. Ол қай жануар? (Түйе) 2. Басында таяғы бар, Төрт аяғы бар. Сегіз тұяғы бар, Иегінде сақалы бар. (Ешкі) 3. Мүйізі айдай иілген, Мұрнын көкке шүйірген. Ірімшік пен құрт майы, Жегенде тілді үйірген. (Сиыр) 4. Аласа ғана бойы бар, Айналдыра киген тоны бар. (Қой) Педагог жануарлардың макетінің ішіне жұмбақта кездескен жануарларды бөліп алуды тапсырады. Бір бала шығып түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі және олардың төлдерінің макетін бөліп қояды. – Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұлар үй жануарлары ма әлде жабайы аңдар ма? (Үй жануарлары). Педагог үй жануарларының дене бітімі мен бөліктері, түсі, қоректенуі, адамға пайдасы, ұқсастықтары мен өзгешеліктері, үй жануарлары деп аталу себептері, олардың күтіміне адамдардың қатысының бар екендігін сұрақтар қоя отырып ақпарат береді.	кездегі жаттығуды цифрдың атауымен айтып отыру керек. Мысалы, отырып-тұру жаттығуын орындау кезінде «1» санын атап, аяқ ұшына тұру кезінде «2» санын және т.б. атауға болады. Суретпен жұмыс,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Заттар қандай белгілері бойынша топтастырылған? Әр топтан артық затты тап. Қоршап сыз. 2-тапсырма. Фигуралардың ұқсастығы мен айырмашылығы неде? Олар қалай аталады? Тіктөртбұрышты белгіле. Бөлмеден осы пішіндегі затты тап. 3-тапсырма. Фигураларды сана. Кестеге нүктелер сал. 4 -тапсырма. Әр фигураға орын тауып, сызып қос. Қорытынды «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу,	К к дыбысының таңбасымен таныстыру. К дыбысы сөздің барлық буынында кездеседі. Суретпен жұмыс. 1-сурет. Суреттерді ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 2-сурет. Суреттерді ата. Сызбадан «К» дыбысының орнын тап. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса - үшінші бөлікті көк түспен боя. Саусақ жаттығуы: «Тыцда, орында» Алаканньщ біреуін Кері карай бұрайық. Алақаның демалсын, Қол үстінен ұрайық. Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: «Суретті штрихта» 2-тапсырма: «Үзік сызықтарды бастыр» Қорытындылау. Рефлексия: «Бас бармақ» әдісі арқылы. **Музыка** Әнді көңілді, қуанышпен орындауға, ән ырғағына сәйкес қимыл бере білуге төселдіру. Өзін қоршаған әдемі

		Рефлексия. Ойын: «Торғай мен мысық». Шарты: Балалар шеңбер құрып тұрады. Санамақ арқылы бір бала мысық болып сайланады. Қалған балалар торғайлар рөліне енеді. «Мысық ұйықтайды!» – дегенде, торғайлар жем шоқуға шығады. «Мысық оянды!» – дегенде, торғайлар мысықтан үркіп қашады. Ұсталған бала ойыннан шығады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылауды, талдауды, салыстыруды, ажыратуды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақтар жасыру. Ағашта болса егер мең, Хабар беріп мұрнымен, Тұмсығымен емдейді, Сосын көңіл демдейді. (Тоқылдақ) Жем көрсе, Шықылықтап қалтаңдайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан) Салатын ұяны. Өткір көзі шегір, Бүргенін құртар тұяғы. (Бүркіт)	Олардың төлдері жайлы айтады. – Міне, балалар, біз үй жануарларын анықтап алдық. Дегенмен бізде тағы да жануарлардың макеті қалды ғой. Бұлар қандай жануар екен атаңдаршы. Педагог қоян, түлкі, қасқыр, аю, тиіннің макетін көрсетеді. Балалар жеке-жеке атап береді. – Мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін табыңдар. Шешуін дұрыс тапқан бала сол аңның суретін тақтаға іледі. Өзі бір қу Жүрген жері айғай мен шу. Ол қай аң? (Түлкі) Қорбаң, қорбаң етеді, Орман оның мекені. Тәтті балға тойып ап, Қыста ұйқыға кетеді. Бұл не? (Аю) Сұр түсті Ақсиған көп тісті. (Қасқыр) Секең, секең етеді, Орман оның мекені. (Қоян) Аңдар туралы кім айтып береді? Балалар суретке қарап сипаттама жасайды. Педагог қосымша балаларға сұрақтар қоя отырып, жабайы аңдар туралы ақпарат береді. –Мынау – аю. Аюдың түсі сұр, қоңыр, ақ болады. Олардың денесі үлкен, басы да үлкен, құлағы кішкентай, құйрығы қысқа (қалың	жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимылды ойын: «Өз түсіңді тап!» Алаңның әр жеріне педагог әр түсті бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тобы қызыл түсті кегельдерді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельдерді айнала тұрады. Педагогтің «Серуендеуге!» деген белгісі бойынша барлығы бүкіл алаңмен түрлі бағытта жүгіреді. Келесі: «Өз түсіңді тап!» деген белгі бойынша балалар өз кегельдерін табуға тырысып, өз орындарына жүгіреді. 1. «Таңғаламыз» 2. «Иық». Иықтармен жұмыс істейміз, иығымызбен билейміз. 3. «Мұрынның бір жағымен дем алу» Демді мұрынның бір жағымен ақырын, ұзақ уақыт шығарып, өкпені ауадан босатамыз және диафрагманы мүмкіндігінше жоғары көтереміз.	көріністерді сезіне білуін, табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастыру. Тыңдау: «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев) Ән айту: «Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі менәні:ОразбаеваН.М. Ойын:«Барабан не дейді» Шарты:Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады.Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. Күтілетін нәтиже: Музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және

		Күрделі сұрақ: жарқанат дегеніміз не, құс па, әлде, жәндік па? Талқылайды, жарқанаттың басы, денесі, 4 аяғы, қанаттары бар, бірақ тұмсығы жоқ, аузында тісі бар, балапандарын сүтпен қоректендіреді, сондықтан ол – құс емес, аң деген қорытындыға келеді. Күрделі сұрақ: құстар неліктен жылы жаққа күзде ұшып кетеді? Күзде құстар топталып, жылы жаққа қыстауға дайындалады. Балалар күн суытқан соң құстарға жейтін азық қалмайды деген тұжырым жасайды. Себебі, күзде көптеген жәндіктер жоғалып кетеді: біреулері тіршілігін тоқтатса, енді біреулері ұясына жасырынып қалады. Яғни жәндіктермен қоректенетін құстардың жейтін тамағы болмай қалады. Жәндіктермен қоректенетін құстармен таныстырады. Олар: қараторғай, қарлығаш, көкек, сарыторғай, бұлбұл,торғай. Балаларға мынадай мәлімет береді: Сіз көк аспанда қалықтап ұшқан құсты, құстардың топталып ұшып бара жатқанын көрдің бе? Біз олардың жылы жаққа ұшып бара жатқанын көп көре бермейміз. Себебі олар қауіпсіздеу болғандықтан негізінен түнде ұшады екен. Ал сендер қыстау үшін жылы	жүнінен көрінбейді). Аюлар қорбаңдап жүреді. Аюлар қыс бойы ұйқыда жатады. Олар, судан балық аулап, жидек теріп, және құстарды аулап жейді. Қасқыр итке ұқсайды. Құлағы үшбұрыш. Ал аяқтары ұзын болады. Қасқыр – күшті, айласы да бар, өте қауіпті жыртқыш аң. Олар жан-жануарлармен, құстармен, үй жануарлары кездесе қалса, оларды да жеп қоректенеді. Түлкінің түсі қызыл. Түлкінің денесі қасқырға ұқсас болып келеді, бірақ қасқырға қарағанда тұмсығы ұзын. Түлкі қоян мен құстарды, құстың жұмыртқасын жейді. Қояндар тез жүгіреді, кейбіреуі өзіне ін қазып алады. Қоян аю, қасқыр, түлкіге қарағанда кішкентай. Шөп, ағаш қабығын, бүршігін, бұтағын жейді. Олар қорқақ, сондықтан топ-топ болып тіршілік етеді. Осы аталған аңдар орманда тіршілік етеді. Сол себепті оларды жабайы аңдар деп те атайды. Бұл аңдардың барлығы да өз азықтарын өздері тауып жейді. Кейбіреуі қысқа алдын ала дайындалады. Ондай жануардың бірі – тиін. Тиінді көргендерің бар ма? Сендердің көпшілігің тиінді байқамай қалуларың да мүмкін, себебі ол кішкентай әрі көбінесе ағаштардың басында жүреді. Тиін қарағайлы ормандарды	4. «Демді ұстау» 5. «Түтікше тәрізді ерін» 6. «Шамды үрлеу» Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Екі аяқпен секіру – аяқтарды қосып, аяқтың арасын ашып, қолды бастан асырып шапалақтау – ырғақпен секіру, аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату (аяқтардың арасын ашқанда – қолды қапталға созамыз, аяқты қосқанда – шапалақтаймыз). Жүру; заттар қатарын айналып жүгіру, заттардың арасымен «жыланша» жүру. Дене сымбатын сақтауға, қозғалыс сұлулығына назар аударуға шақырады. Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар «Дауылпаз» Тізені бүгіп еденге отыру. Жаттығуды орындау барысында тізені біртіндеп түзетеді. «Қарақшы» Тізені бүгіп еденге отырады. Өкше еденге тиіп тұрады және жаттығу жасау барысында өкшені еденнен алмайды. Жаттығуды алдымен бір аяқпен, сосын екіншісімен орындайды. «Бояушы» Еденде аяқтарын созып отырады. «Құрастырғыш» Тасыған кезде заттарды құлатып алмауға тырысу қажет. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аю» Спорттық жаттығулар – самокатпен сырғанау.	орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** сапта бір-бірден жүру, аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру, допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ырғақты-музыкалық қозғалыстар. Ойын түріндегі жаттығу: «Бізге кім қонаққа келді?» – Табанның сыртқы жағымен жүру. Тізбекте бір-бірден музыканың ырғағымен жүру жаттығуларын кезекпен орындау

		жаққа кететін құстардың белгілі бір тәртіпті сақтап ұшатынын блесің бе? Және құстардың ұшу тәртібі де бөлек, бір-біріне ұқсамайды. Сергіту сәтін қимыл-қозғалыс жаттығуларымен орындайды. Шымшық ұшып-қонады, (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз). Бір орнында отыра алмас, (бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз). Бір-екі, бір-екі, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз). Зуылдады тоқтамай. (Бір орында тұрып айналамыз). Міне, бір минутқа отырды, (Отырамыз.) Тұмсығымен кеудесін қасыды, (Орнымыздан тұрып, басымызды оңғасолға иеміз). Ұшты, қонды, (Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз). Шыр-шыр, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз). Шыр-шыр! (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз). Балаларды практикалық жұмысқа ынталандырады: Ұя – құстардың үйі. Әртүрлі құстардың ұялары да бір-біріне ұқсамайды. Ал, сендер торғайлар, қарғалар, көгершіндер мен сауысқандардың ұясының қандай болатынын білесіңдер ме? Ондай ұяны көрдіңдер ме? (үйдің кіре берісінің немесе балконның үстіңгі жағына салады). Мысалы, торғайдың ұясы шағын ғана болады. Балаларға құстарға арнап ұя жасауға шақырады.	мекендейді екен. Тиіннің түсі, денесі, құлағы, құйрығы қандай? (Балалар суретке қарап түсі қызғылт, үстінде жүні бар, құйрығы ұзын, құлағында шашағы бар, әдемі көздері жылтырап тұрады деп жауап береді). – Қалай ойлайсыңдар тиін ұясын қайда салады? (Ағаштың басына). – Тиін немен қоректенеді? (Жаңғақпен, саңырауқұлақпен) – Балалар, біз қазір жабайы аңдар туралы түсірілген бейнетаспаны қараймыз (бейнетаспадан балалар жабайы аңдардың тіршілігі туралы толық ақпарат алады). Педагог бейнетаспа көріп болғаннан кейін балалармен әңгімелесуді жалғастырады. – Балалар қыс мезгіліне ерекше дайындалатын қай аң екен? (Тиін). – Жаз, күз мезгілінде тиіндер тоқ жүрсе де, қыс маусымына дайындық жасайды екен. Олар қыс маусымына қалай дайындалады? (Қысқы қорегі үшін жаңғақтар мен саңырауқұлақтар жинайды). – Оларды қай жерге жинайды? (Ағаштардың түбін қазып, оларды көміп тастайды). – Ағаштардың қуыстары мен ойық жерлеріне тасып та қор жинайды екен. Уақыт өте келе олар жемін қай жерге көмгендерін ұмытып қалады. Қыс түскенде олар жинаған қорларының кейбіреуін ғана кездейсоқ тауып алады. Тиіндердің бұндай	Педагог тәрбиеленушілерге самокатпен сырғанауды ұсынады. Жердің бетінен бір аяқпен екпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтау білігіне баса назар аударылады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын: «Тыныштық». Тақпақ оқу, балалардың қимылдарды дұрыс орындауын қадағалау. Аю балалармен қоштасады. Оның көңілі көтеріңкі. Балалармен ойнағаннан кейін оның денсаулығы нығайды.	(музыканың ырғағы мен характері әртүрлі, әр қонақ өзінше жүреді және әрқайсысының өз музыкасы бар) Ритмдік гимнастика: жаттығуларды музыканың ырғағымен орындау. Кешенді орындау барысында дене сымбатын бұзбай, денені тік ұстау. Екі тізбекке тұрады. Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен жүріп өт». Нұсқау – ырғақпен, адымды барынша кеңірек ашып жүру қажет. «Тізерлеп тұру» қалпында допты бір-біріне домалату. Балалардың назарын допты қолмен екпінмен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға аударады. Ойын: «Секір-бұрыл». Ойын тәртібін еске салу. Балалардың жерге дұрыс түсуін қадағалау. Қорытынды кезең (Рефлексия).

		Сынған бұтақтардан, сабан мен жүннен, қауырсынан, мақта түйіршіктерінен ұя жасап көрейік. Мүлдем ұя салмайын құстар бола ма деген сұрақты талқылап, жауап іздейді. Әлбетте, болады. Ол – көкек! Көкек өз жұмыртқасын басқа құстардың ұясына тастайды. Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі. Қорытынды кезең (Рефлексия). Өздерінің алған әсерлерімен бөлісіп, эмоцияларын білдіреді. **Музыка** Әнді көңілді, қуанышпен орындауға, ән ырғағына сәйкес қимыл бере білуге төселдіру. Өзін қоршаған әдемі көріністерді сезіне білуін, табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастыру. Тыңдау: «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев) Ән айту: «Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі мен әні:Оразбаева Н.М. Ойын:«Барабан не дейді» Шарты:Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне	аңқаулығын басқа жануарлар мен құстар жақсы пайдаланады. Сөйтіп тиіндер тек өздерін ғана емес сонымен қатар басқа аңдар мен құстарды да қоректендіреді екен. Міне, балалар, біз үй жануарлары мен жабайы аңдарды екі топқа бөлдік. Енді екеуін екі қорапқа салып, Барыс досымызға қайта жіберейік. Ал Барыс қай жануарды қайда орналастыру керектігін шатастырып алмас үшін қорапты безендіреміз. Педагог балаларды екі орталыққа бөледі. Бірінші орталықтағы балалар үй жануарларына арналған қорапты үйдің, адамдардың, қораның суретін жапсыру арқылы безендіреді. Екінші орталықтағы балалар ағаштар жапсырып, орманның бейнесін келтіреді. Жануарлардың макетін қорапқа салып, бетін жауып қояды. Сергіту сәті. Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Ал, кәнеки, көжектей, Ырғып- ырғып қашайық. Шөпке тойған көжектей, Танаудан дем алайық. Балалармен үй жануарлары, жабайы аңдар, қыс мезгіліне дайындық сөз тіркестері арқылы сөздік жұмыс жүргізу. Екі тілде үй жануарлары – домашние животные, жабайы аңдар –		

		жиналады.Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. Күтілетін нәтиже: Музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді;	дикие животные сөз тіркестерін қайталату Қорытынды бөлім. Рефлексия.		
Серуенге дайындық	«Киім киюдің әдебін білеміз бе?» **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен		**№ 2** **Күннің көзін бақылау** **Міндеті:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер құрап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Күн шуағы мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір –	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеті:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру.**	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Міндеті:** Күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)**	**№ 26** **Топырақты бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** **Тақпақ оқу** Қыр мен сайда Орман, тоғайда Ағаштар мен гүлдер Байқайсың ба, Кеуіп солды ғой. Күн суыды, Гүл солды. Бізді тастап Сезесің бе, Құстар да кетті. **Коммуникативтік дағды** **Міндеті:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін

		біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Жұмбақтар. Ақ сандығым ашылды, Жұрттың бәрі соны сүйеді, Ішінен жібек шашылды. Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) (Күн) **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: «Ойын алаңын жинау»** **Міндеті:** Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын. **Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» ойыны №1** **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың басына тақия кигізе салады. Тақияны байқаған бала тұра жүгіріп орнына тез жету керек жете алмаса ойынды жалғастырады. Тақияны бала сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Міндеті:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	**Міндеті:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауладағы жұмыс** **Міндеті:** Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды**	көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған: қурап қалған; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Ұлттық ойын №2: «Арқан тартыс»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **“Адал азамат”** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:**

					Ұжымдық тапсырмаларды орындау. **Міндеті:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқалар)		Картотека №46 «Қызықты лабиринт» Шарты: Саусақтарын жүргізу арқылы орындалады немесе әр бала өз қалауымен жасайды. **Математика негіздері**	**Жеке қауіпсіздік «ҚАУІПСІЗ АТТРАКЦИОНДАР. ОЙЫН-САУЫҚ САЯБАҒЫНДА ӨЗІҢДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК?»** **Мақсаты:** жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмау мақсатында балаларға аттракциондар мен ойын-сауық саябағында қауіпсіздік ережелерін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерімен	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: «Көшеде және жолда» Мақсаты: көшеде, жолда өзін ұстаудың қарапайым ережелері және тыйым салушы белгілер туралы білімін бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)	Картотека №19 **«Көп және біреу»** **Шарты:** Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп**,** екі жаққа қояды. **Математика негіздері**

			таныстыру. Саябақтағы қауіпсіздік сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Аттракциондарда қауіпсіздік белбеулері мен басқа да қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Аттракциондардағы қауіпсіздіктің маңыздылығы туралы әңгімелесу. Аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерін талқылау 1-ереже. Жас пен бой шектеулерін сақтау Әр аттракциондағы қауіпсіздікті сақтау үшін жас және бой шектеулері бар екенін түсіндіру. Әртүрлі аттракциондар мен олардың шектеулері бейнеленген иллюстрацияларда көрсету. 2-ереже. Әрқашан қауіпсіздік белбеулерін тағу Көптеген аттракциондардың қауіпсіздік белбеулері бар екенін және оларды міндетті түрде тағу керектігін түсіндіру. Қауіпсіздік белбеулерін киген балалардың суреттерін көрсету. 3-ереже. Аттракцион операторының нұсқауларын орындау. Аттракцион операторы әрқашан маңызды қауіпсіздік нұсқауларын беретінін, оларды мұқият тыңдау және орындау керектігін түсіндіру Оператор нұсқаулары жазылған карточкаларды көрсету.	Көше ережелеріне тоқталайық. 1.Жүріп келе жатқан машинаның алдынан өтіп кетемін деуші болма,ол тоқтағанша,не өтіп кеткенше күте тұр. 2.Көшеде келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр.Алдыңнан машина шықса, жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт. 3.Көше тәртібін орындамау көліктің жүріп тұруына кедергі келтіреді. 4.Көшеден өтерде әуелі сол жағыңа,көшенің орта тұсына жеткенде оң жағыңа қара. Егер машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орныңда ақ жолақ сызылған тұста күте тұр. 5.Аялдамада тұрған автобустың артқы жағынан айналып өт. Сонда сен келе жатқан машинаны дер кезінде көресің. 6.Жол үстінде ойнама,сырғанақ теппе. Жер тайғақ болса,жолда абайла. Тыйым салу белгірін қайталап шығайық. Ойын: «Бағдаршам» Қорытындылау. Балалар жол ережелерін сақтаңдар!	

			4-ереже. Қолдарың мен аяқтарыңды аттракционның ішінде ұстау Көптеген аттракциондарда орындықтан қолдары мен аяқтарын шығаруға болмайтынын түсіндіру. Аттракциондарда қауіпсіздік ережелері бейнеленген иллюстрациялар көрсету. 5-ереже. Толық тоқтағанша аттракционнан түспеу Әрқашан аттракцион толық тоқтап, оператордың рұқсатын күту керек екенін түсіндіру. Аттракционнан шыққан балалардың суреттерін көрсету. Ережені қайталау: балалармен аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Қауіпсіздік белбеуін бекіту неге маңызды?», «Егер оператор нұсқау берсе не істеуім керек?», «Аттракционның сыртына қол мен аяқты шығаруға бола ма?» сияқты т.б. сұрақтар қою.		
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді:және спорттық ойындардың ережелерін сақтай алуға үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Мансур** Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Тәулік бөліктерін ажыратуды, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін айтуды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур** Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту)**				
Серуен	**№ 27**	**№ 2**	**№ 3**	**№ 1**	**№ 26**

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Апта дәйек сөзі:** «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» балалармен бірге қайталау. **“Адал азамат”**				
Балалардың үйге қайтуы	.	Дөңгелек,шаршы пішіндерден сурет салып келу.	_____ ата-анасына үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналардың назарына жыл мезгіліне сай баланы киіндіруді ұсыну.	Ата-аналардан демалыс күндерінде балаларымен бірге таза ауаға серуенге шығуын талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – Әділдік және жауапкершілік

Аптаның дәйек сөзі: ***«Әділ болсаң – ардақты боласың»***

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.11 - 07.11.2025 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұран айту** **«Күй күмбірі»** «Бұлбұл» **Адал азамат**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. **«Күй күмбірі»** «Бұлбұл» **Адал азамат**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу және қолайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** «Бұлбұл» **Адал азамат**	Баланың көңіл-күйін, оның жеке пікірін,қызығушылығын анықтау. **«Күй күмбірі»** «Бұлбұл» **Адал азамат**	Балаларға жағымды орта ұйымдастыру **«Күй күмбірі»** «Бұлбұл» **Адал азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	«Балабақша ережелері» тақырыбында әңгіме жүргізу	ҰІӘ балалардың қалай қатысатыны туралы әңгімелесу	Ата-аналарға	Баланың үйдегі ойынықтарға деген қызығушылықтарын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Өнегелі 15 минут «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут «Қоғамдық мүлікті қорға»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Балабақша-өз үйім»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут «Қоғамдық орында өзін ұстау ережелері»** (Балалармен әңгімелесу)

Ертеңгілік жаттығу	**№ 5 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Балаларға ас мәзірімен таныстыру, оны жариялау. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Біртұтас тәрбие:** **Апта дәйексөзі:** «Әділдік пен жауапкершілік-біртұтас ұғым»	Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу **(Қоршаған ортамен таныстыру)**	Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу **(Қоршаған ортамен таныстыру)**	«Керекті киімді тап» үстел-үсті ойыны Міндеттері: Балаларға жазғы күзгі, қысқы киімдерді ажыратуды үйрету, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту **(тіл дамыту)**	«Жыл мезгілдері» дидактикалық ойыны. Міндеттері: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(тіл дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** допты екпінмен итеріп, доптың қозғалыс бағытын сақтауға үйретуді жалғастыру. Секірген кезде аяқтың қалпын кезекпен ауыстыру қабілетін жетілдіруді жалғастыру. Кішірейтілген алаңмен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтауға үйрету **Ұйымдастыру барысы:** Жұмбақ жасыру. Бала біткен соғады, Жеңіл шарды домалақ. Ұрсаң ұшып жоғары, Жерге түсер домалап. (Доп) Допты көрсетеді. Бір-бірден тізбекке тұру, жүру, жүгіру; доппен жасалатын реттеу жаттығулары	**<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. **Ұйымдастыру барысы:** *Шаттық шеңбері* Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: «Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай». *(Әтеш)* Қандай жан-жануарлар туралы ертегі білесіңдер? Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген ертегімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.	**<u>Тіл дамыту</u>** **Міндеті:** : Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог жұмбақ жасырады. Бір көзім «кідір», – дейді, Бір көзім «жүгір», – дейді, Бір көзім «абайла», – дейді, «Қарап ал маңайға» , – дейді. Педагог балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелеседі. – Мынау не? Бағдаршам не істейді? Педагог әртүрлі көліктердің суретін көрсетеді. Дәптердегі тапсырманы орындау. – Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кememен, қайықпен суда жүзеді. Бұл заттарды бір сөзбен көліктер деп атаймыз. Педагог жүк мәшинесін көрсетіп, әңгімелеседі. –Мынау қандай мәшине? –Жүк мәшинесі не тасиды? –Мәшинеңің қорабы, кабинасы, дөңгелегі, моторы бар. –Мәшинені кім жүргізеді? –Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер?	**<u>Дене тәрбиесі (таза ауада)</u>** **Міндеті:** Футбол добын еркін бағытта алып жүруге үйрету. Қос аяқтап алға секіру, екі аяқпен бір уақытта екпінмен секіру және тізесін сәл бүгіп, аяқтың ұшымен жерге түсу қабілетен жетілдіру. Заттарды жанамай айналып өту қабілетін нығайту (жалпақтабанның алдын алу – табанның бұлшық еттерін дамыту). **Ұйымдастыру барысы:** Ойын. Балаларды сиқырлы таяқшаның көмегімен кішкентай түлкіге айналдыру Қимылды ойын: «Өз түсіңді тап». Педагог тәрбиеленушілерге өз қалаулары бойынша топқа тұруды ұсынады. Алаңның әр жағында әр	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** допты алға-жоғары көтеріп, оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Тізені аздап бүгіп, сәл ғана биікке секіру жаттығуларын ырғақпен орындау қабілетін нығайту. Басына құм салынған қапшық қойып жіпті бойлай жүруге жаттығу, тепе-теңдік сақтау қабілетін дамыту, әдемі жүріске дағдыландыру. **Ұйымдастыру барысы:** Ойын. Балаларға ойыншық құртақанды көрсетеді. «Ақшақыз және жеті құртақан» ертегісіндегі кішкентай құртақандарға айналуды ұсынады Тізбекке тұру. Кәдімгі жүріспен

	(допты оң қолға ұстап), аяқтың ұшымен жүру – допты басынан асырып ұстайды, өкшесімен жүру – допты алдына шығарып ұстайды. Шеңберге тұру. Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың дұрыс орындалуына, дене сымбатының сақталуына назар аударады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: 1.Допты 2 метр қашықтықтан қақпаға домалату. Балалардың назарын допты саусақтардың күшімен итеру керектігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтау қажеттігіне аударады. 2.Секіру: бір аяқты алға – екіншісін артқа қойып секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Шапалақта-секір». 3.Тепе-теңдік сақтау – қос сызықтың ортасымен жүру. Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен жүріп өт». Нұсқау – жолдың шетіне	Ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. **Сұрақ-жауап** - Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? - Ертегіде не туралы айтылған? - Қай кейіпкер саған ұнады? - Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? - Мысық қайда кетеді? - Әтешті түлкі қалай алдады? - Мысық әтешті қалай құтқарды? - Түлкінің жасағаны дұрыс па? Сергіту сәті - Мысық қалай жүреді? Қалай дыбыстайды? - Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады? - Түлкі қалай қуланады? Құйрығын қалай қозғалтады? Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды. - Ертегіні қайталап есімізге түсірейік. Ертегі сюжеті бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Ертегіні 3-4 балаға қайталату - Суретте қай ертегі бейнеленген?	–Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. –Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді. Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кемемізді жағалаулар шақырады. Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды. –Өлең не туралы? –Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? –Алыс шалғайда не көрінеді? –Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар. –Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді. Сөздік жұмыс. Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада. Сергіту сәті –Бүгін кімнің өлеңімен таныстық? –Өлең қалай аталады? Балалар, сонымен көлік түрлерін атап айтып беріңдерші? Көліктер адамдарға не үшін қажет? Су, ауа, жер көліктерін ажырату **(Жапсыру)** **<u>Сауат ашу</u>** **Міндеті:** "Ә" дыбысымен таныстыру. Балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Сөйлем туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Үлкендерге құрмет көрсетуге баулу, ұғымталдыққа тәрбиелеу.	түстегі бір-бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тобы қызыл түсті кегельді айнала, басқа тобы – жасыл түсті кегельді айнала, үшіншісі – сары түстісін айнала тұрады. Педагогтің «Серуендеуге!» деген белгісі бойынша барлығы бүкіл алаңмен түрлі бағытта жүгіреді. Келесі: «Өз түсіңді тап!» деген белгі бойынша балалар өз кегельдерін табуға тырысып, өз орындарына жүгіреді. Тізбек бойынша кезек-кезек негізгі қимылдарды орындау (3 рет). Тапсырмаларды кіші топтар (тізбектер) бойынша орындауға, белгі бойынша қимылды ауыстыруға, ойын тапсырмаларын орындау кезінде кеңістікті бағдарлауға назар аударады. Футбол – допты еркін бағытта алып жүру (4 рет). Көрсетілім: допты соққымен алып жүру үшін оң немесе сол аяқтың ұшы жерге бағытталуы қажет, ал доп ойыншының алдында болуы тиіс. Тәрбиеленушілер допты алады және оны алаңда аяқпен алып жүреді,	жүру, бір-бірден тізбекте жүгіру; реттеуші жаттығулар – аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы жағымен жүру. Екі тізбекке тұру. Ойын түріндегі жаттығулар кешенін орындау. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсету. Мұрынмен демалу қабілетін бақылап отыру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: Бір орында секіру. Балалардың назарын тізені ақырындап бүгу қажеттігіне аударады. Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Түсірмей алып өт». Балалардың табанды жіпке қойып, тепетеңдік сақтауына, денені тік ұстауына назар аударады. Ойын ұйымдастыру: «Балапандар». Ойынның тәртібін

	шығып кетпеу, дене сымбатын сақтау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тоннельге еңбектеп кір». Ойынның тәртібін түсіндіру. Ең шапшаң әрі батыл балаларды ынталандыру. «Даусына қарап таны». **Қорытындылау** **Тіл дамыту** **Міндеті:** Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Жылулық шеңбері. «Торғайлар мен мысық» ойыны. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған	- Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баянда. - Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі? - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. ***Есіңе сақта:*** «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол». **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** геометриялық фигура сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету. Заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша ажырата білу; заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым ойнауға шақырады. «Сана және ата» дидактикалық ойыны. –Барлығы қанша шаршы (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш)? − Барлығы неше кішкентай шаршы (сопақша, дөңгелек)? − Барлығы қанша үлкен шаршы (сопақша, дөңгелек)?	**Ұйымдастыру барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Төмендегі өлеңді балалар бірге айтады: Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз. Педагог ұл баланың суретін көрсетіп: «Әсет – деген бала», – деп таныстырады. – Әсет – әдепті бала. Біздің арамызда Әсет сияқты балалар бар ма екен? Әсеттің үлкен әжесі, әпкесі және кішкентай әлдиі бар. (Әженің, әпкенің, әлдидің суреттерін көрсетеді). Әсеттің анасының аты – Әмина. – Әже, әке, Әмина, Әсет, әлди. Бұл сөздер қай дыбыстан басталып тұр? – Балалар, "ә" дыбысына қатысты тағы қандай сөздерді айта аламыз? – Кәне, бәріміз айнаны алып, "ә" дыбысын қайталайық. – "Ә" дыбысы ауыз қуысынан еш кедергісіз шығады. "Ә" дыбысын созып немесе әндетіп айтсақ болады. Ә-ә-ә-ә. Сондықтан да "ә" дыбысы жіңішке дауысты дыбыс және оны қызыл текшемен белгілейміз. «Ә» дыбысы қазақтың төл дыбысы екенін айтып өту. **Сергіту сәті:** – Балалар, біз дыбыстардан сөз құралатынын білеміз. Әтеш, әткеншек – бұлар сөздер, сөйлем болу үшін бір аяқталған ойды білдіру қажет. Бір сөзден сөйлем құралмайды. Ендеше, осы сөздерден сөйлем құрап көрейік. – "Әтеш" – бұл тек үй құсының атауын білдіріп тұр. Аяқталған ой жоқ. Онда «әтеш» сөзі сөйлем емес. – Әтеш әдемі екен. Бұл сөйлем бе? – Дұрыс айтасыңдар, сөйлем, өйткені аяқталған ойды білдіріп тұр. Әтештің әдемі екенін хабарлап айтып тұр. «Әтеш» суретін салу **(Сурет салу)** – Сөйлем үш сөзден құралып тұр. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысты. Сызбамен жұмыс: Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық тастаймыз. Сөйлемнің соңына нүкте қойылады.	басқа балалармен соқтығыспауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы. «Жел». Педагог түлкілерді қайтадан балаларға айналдырады. Қорытындылау **<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Жақсы мен жаман туралы түсініктерін кеңейту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау, суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер.	түсіндіреді. Тізбекке шапшаң тұрып, тізбектеліп жүру қажеттігіне назар аударады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. «Қатып қал!» ойыны: бір-бірден тізбекте жүру, тапсырманы орындау. Жүргізуші рөлін орындау, нұсқау беру. Педагог құртақандарды балаларға айналдырады. Құртақан балалармен қоштасады. **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету. Жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбер

	«торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог балаларды шеңбер жасап отырғызады да, қандай ойын ойнағандарын сұрайды. – Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды. «Су торғайы» Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық	− Барлығы қанша кішкентай, үлкен фигуралар бар? − Қанша қызыл (көк, сары, жасыл ...) фигуралар бар? − Қандай фигуралардың түсі көбірек (мөлшері, пішіні)? − Белгілі бір бағанда немесе қатарда қанша үлкен (кіші) фигура бар? − Қай қатарда түсі (өлшемі, пішіні) бойынша пішіндері көп? Жиынтықтауға арналған тапсырма. –Фигураларды қандай жиынтық топтарға бөлуге болады? 1-тапсырма. Өз салатын заттың суретін дөңгелек және сопақша түрінде бейнеле. Балалар суреттегі заттардың пішінін атайды. Олар сопақшаға ұқсайтын затты бейнелейді. Сопақша мен дөңгелектің айырмашылығын атайды. Сергіту сәті. «Контурмен боя». Тегіс фигураларды еденге сызу немесе жіппен салу, содан кейін балалардан оларды «бояу» сұралады – контур бойымен жүргізу. Бұл жұмыс	Дидактикалық ойын: "Кім шапшаң сөйлем құрайды?" Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап т.б.). Балалар суретке байланысты 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрау керек. Педагог қорытынды жасайды. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **<u>Міндеті:</u>** Қозғалыс ортасы мен қолданылуы бойынша көлік түрлерін ажырату және сипаттау. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Балалардың әртүрлі көлік қозғалысы туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап бергізідірту. Көлік түрлерін сипаттап және ажыратып беру. «Көліктер мен байланыс құралдары жоқ болса, онда не болады?» деген сұраққа жауап алады. Үлгі жауаптар: –Бір жерден екінші жерге қатынау қиын болады. Жолаушылар баратын жеріне уақытында бара алмайды. –Телефон, электронды пошта болмаса, бірден хабар ала алмай қаламыз. Алыста тұратын адамдар жақындарымен хабарласа алмай қалады. Педагог «Көлік» атты мультфильм қарауды ұсынады. Сол көрген мультфильмнен не түсінгендері туралы әңгімелеседі. –Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? (Ұшақ, троллейбус, автобус, кеме). –Бұлардың барлығын бір сөзбен атауға бола ма? (Көлік). –Балалар, мен қазір сендерге жұмбақтар жасырамын. Сендер жауабын тауып, қандай көлік түрлері екенін табасыңдар. Жұмбақ шешу. Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. (Ұшақ) Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз) Сымға асылып, Жүр асығып. Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді,	Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» -Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. -Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып. Сұрақ жауап: - Өлең қалай аталады, не туралы айтылған? - Сендерге ұнады ма? - Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз? - Жаман бала деп кімді айтамыз? - Сен қандай бала болғың келеді? Сергіту сәті: - Суретте не бейнеленген? - Кімді көріп тұрсыңдар?	Ғажайып сәт. Қуыршақтар Сәуле мен Арман қоржынмен көгөністер мен жемістер алып кіреді. - Қайырлы таң, балалар! Бүгін сендермен ойын ойнаймыз. Дидактикалық ойын: «Көгөністер мен жемістер». Қоржындағы көгөністерді бөліп алады, қайталап, сипаттайды (көлемін, түсін). Білетін жемістерді атайды. Балалар эр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. 2. Негізгі кезең Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Қоржынның екінші жағын ашады. Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады. - Күз мезгілінде жемістер піседі. - Мынау - өрік. Ік-ік - міне, өрік. - Мынау не? - Мынау - өрік. - Өрік - жеміс. - Өрік не? - Өрік - жеміс.

	көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! – Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады. Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. 1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы? 3.Су торғайын кім сипаттап береді? 4.Су торғайы жемін қайдан табады? 5.Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңеді Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады. – Балалалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. –Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар?	балаларға қолдың ұсақ моторика қабілетін жақсартуға, сондай-ақ пропорция сезімін және кеңістікті қабылдауды дамытуға көмектеседі. 2-тапсырма. Түймелерді көрсетілген түспен боя. Белгілі бір пішіндегі түймелерді тауып, оларды тапсырмада көрсетілген түске бояуды ұсынады. Сондай-ақ, «Нөмірлерге сәйкес боя» электронды бояуға арналған суреттерді беруге болады: балаларға суреттегі цифрларды пайдаланып жалпақ фигураның суретін бояуды ұсынады. Әр сан белгілі бір түске сәйкес келеді. Мысалы, 1 саны қызыл, 2 саны жасыл, 3 саны көк және т.б. бұл балаларға түстерді санауды және тануды үйренуге көмектеседі. 3-тапсырма. Фигураларды жалғастырып сал. Педагог құрттың бойындағы фигуралар тізбегін атауды сұрайды. Балалар бұл реттілікті өз бетінше жалғастырады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.	Ол не, ал кім біледі? (Троллейбус) «Өз үйіңді тап!» ойыны –Ұшақтар қайда қонады? (Әуежай) –Міне, бұл біздің әуежай болады. (Ойыншық ұшақты қояды). –Ал жолаушылар жағаға шығу үшін кемелер қайда жүзіп келеді? (Кемежайға) –Бұл біздің кемежай болады. (Ойыншық кемені орындыққа қояды). –Ал жерде жүретін көлік жұмыстан кейін қайда келеді? (Гаражға). Ал мына жер біздің гараж болсын. **(Құрастыру, мүсіндеу)** Сендер көлік түрлері бейнеленген суреттерді аласыңдар. Мұқият қарап, кім болатындарыңды (ұшқыш, капитан, жүргізуші) ойланыңдар. Сендер барлықтарың жұмыстарыңа барып, адамдарды және жүктерді тасымалдайсыңдар. Педагог белгі бергеннен кейін, сендер әр көлік түрін өзінің орнына алып келулерің қажет. Ойынды қайталай отырып, педагог балалардың бірбірімен суреттерді алмастырып ойнауын ұсынады, ал өзі орындықтарда тұрған ойыншықтарды алмастырып тұрады. **Сергіту сәті:** Қорытындылау	- Баланың әрекетін ретімен әңгімеле. - Жақсы баланың әрекетін айтып көр. - Сен өзің қандай істермен айналысасың? **Есіңе сақта:** «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан». Қорытындылау **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру. Білімділік міндеті: тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету **Ұйымдастыру барысы:** Ғажайып сәт. Қуыршақтар — Сәуле мен Арман себетпен түрлі түсті жапырақтар алып кіреді. Балалармен сәлемдеседі. Өткен «Алтын күз» тақырыпты қайталау. Аз қимылды ойын: «Кім жылдам?». Педагог себеттегі жапырақтарды шашады, балалар жылдам жинап алады.	- Өрік дәмді. - Өрік қандай? - Өрік дәмді. - Мынау - анар. - Мынау не? - Мынау - анар. - Анар - жеміс. - Анар не? - Анар - жеміс. - Анар дәмді, пайдалы. - Анар қандай? - Анар дәмді, пайдалы. - Мынау - құрма. - Мынау не? - Мынау - құрма. - Құрма дәмді, пайдалы. - Құрма қандай? - Құрма дәмді, пайдалы. - Мынау — шабдалы. Мынау не? - Мынау - шабдалы. - Шабдалы - жеміс. - Шабдалы не? - Шабдалы - жеміс. - Шабдалы дәмді, пайдалы. - Шабдалы қандай? - Шабдалы дәмді, пайдалы. - Бұлар - жемістер.

	Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. –Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді Суретпен жұмыс. Педагог жемсауытта отырған құстарды – торғай, қарға, көгершін, сауысқанды көрсетеді. – Балалар, қазір аулаларыңнан қай құсты көріп жүрсіңдер? Оларға ерекше қамқорлық көрсетіп, жем, нан үгінділерін сеуіп жүру керектігін ұмытпаңдар. Балалардың назарын екінші суретке аударады. –Мына жерден өздерің білетін құстарды атаңдаршы, қандай құсты білесіңдер?. – Балалар, құстардың қандай пайдасы бар? Тоқылдақты алатын болсақ, ол ағаштың арасынан құрттарды теріп жейді, сондықтан оны ағаш дәрігері деп те атайды екен. –Ал қарлығаш болса, ол – адамға дос.	**<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті**: Байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атау. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Балалардың әртүрлі байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігі туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беру. Байланыс құралдарының қажеттілігін, олардың жалпы қызметі. Педагог жұмбақ жасырады. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде. (Теледидар) Шыр-шыр етеді, Ұстап қалсам, сөйлеп кетеді. (Телефон) Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. (Балалар бұл жұмбақты шеше алмай қиналуы мүмкін. Сол кезде сұрақтар қою арқылы жұмбақтың шешуін тапқызуға болады). – Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады?		Педагог сұрақтар қояды: — Қазір жылдың қай мезгілі? - Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? Күзде ағаштың жапырақтары сарғаяды, жерге түседі. Жаңбыр жауады. Күн салқындайды. Педагог балалардың назарларын табаққа аударады. Міне, күз сыйлығы (табақта көгөніс- муляждар). - Мынау нелер? - Мынау - көгөністер. Өткен жылдан таныс көгөніс атауларын естеріне түсіруге көмектесіп, жаңа сөздермен таныстырады. - Мынау - қияр. Мынау - қызанақ. Мынау - пияз. Мынау - сәбіз. - Мынау - қызылша, қы-зыл-ша. - Мынау не? - Мынау - қызылша. - Қызылша күзде піседі. - Қызылша қай жыл мезгілінде піседі? - Қызылша күзде піседі. - Қызылша қызыл. - Қызылшаның түсі қандай?	Дыбыстық жаттығу.(айнамен орындалады) Ө-ө-өр-өр - өрік. І-і-і-іс-әс - жеміс. Қ -қ-қ - құрма. «Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді. - Сәлеметсіз бе! - Сәлеметсіз бе! - Маған өрік беріңізші. - Алыңыз. - Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Бала жемісті сипаттайды. Сатушы оның қандай жеміс екенін табады. **Сергіту сәті** Ауладагы бағымда Самсаған көп алмалар, Жете алмаймын санына. Бір ағашта қанша бар Бұтақтан үзілген? Жарылса анарым, Моншақтай тізілген, Дәндерін аламын.

	–Қарлығаш ұясын қандай жерлерге салады? –Торғайдың ұясын бұзған баланы қандай бала дейміз? Педагог балалардан сұрақ қою арқылы жауап алады. Сергіту сәті: «Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: «Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады.Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1) Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие. Шө-шө-шө – шөп. 2) Аш-аш-аш – ашық. Ұш-ұш-ұш – ұшқыш. Ыш-ыш-ыш – қыш. Өш-өш-өш – көш. Жаңылтпаш айтқызу – дыбысты дұрыс	(Газет) Хатты қалай жібереміз? – Пошта арқылы. Байланыс құралдары: телеграф, телефон. – Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз?– Ақпараттық құралдар арқылы. Олар: теледидар, радио, газет, ғаламтор. Артық суретті белгіле. Себебін түсіндір. Сурет арқылы балалардан сұрақ-жауап алады. – Балалар, бұрынғы заманда телефон, телеграф жоқ болған кезде адамдар бір-бірімен қалай хабарласқан? (Суретті қарап, байланыс құралдарын атап береді). – Ақпараттық құралдарға нелер жатады? (Газет, радио, теледидар, компьютер). – Ежелгі байланыс құралы қай қатарда тұр? (Поштаны көгершіндер арқылы, арнайы шабарман арқылы жіберген). Компьютер желісінің қандай пайдасы бар? – Компьютердегі ғаламтор желісі – ақпараттың және байланыс құралы. Балалар ғаламторды пайдаланып көрген болса, қалай		- Қызылша қызыл. - Қызылша дәмді, өте пайдалы. - Қызылша қандай? - Қызылша дәмді, өте пайдалы. - Мынау - орамжапырақ. - Мынау не? - Мынау - орамжапырақ. - Орамжапырақ күзде піседі. - Қызылша қай жыл мезгілінде піседі? - Орамжапырақ күзде піседі. - Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы. - Орамжапырақ қандай? - Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы. - Көгөністер бақшада өседі. - Көгөністер қайда өседі? - Көгөністер бақшада өседі. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. - Орамжапыраң, қыяр, қызыліиа, қызанақ сөздеріндегі «қ» дыбысына көңіл бөлу. Балалар осы дыбысты дұрыс дыбыстап үйренеді, жаттығады. **Тақпақ жаттау.** Көгөністі көп ектік, «Өссін, піссін», - деп ектік.	Сөздік ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім». Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді, балалар атын атайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балаларды мадақтап,мақтау. **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** "Ә" дыбысын таныстыру. Балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Сөйлем туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Саусақ моторикасын дамыту. Үлкендерге құрмет көрсетуге баулу, ұғымталдыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балаларға Әліппе кітабын, әліпбиді көрсетеді, таныстырады. Әліппемен мектеп табалдырығын аттаған кезде танысатындарын айтады. – Әліппе мен әліпбиді бекер көрсетіп, таныстырып отырған жоқпын. Екеуі де "ә" дыбысынан басталып тұр.. Әріп сөзі де "ә" дыбысынан

	айтқызуда ұтымды тәсілдерінің бірі. Шемішке шақсаң шақ, Шапшаң шақ. Шөбіңді шапсаң шап, Шапшаң шап. (Қ.Мырза Әли) «Ж» дыбысын буын ішінде келтіру: Жа-жа-жа – жалау. Жо-жо-жо – жол. Жу-жу-жу – жусан. Жы-жы-жы – жылан. Жи-жи-жи – жиек. Же-же-же – жер. Жә-жә-жә – жәшік. Аж-аж-аж – гараж. Жаңылтпаш айту. Жоғалды бес шыбыш, Жоқ әлі еш сыбыс. Жоқ әлі еш сыбыс, Жоғалды бес шыбыш. (Қ.Мырза Әли) Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?» **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** Сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру, сөздік қорын, тілін дамыту. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:**	пайдаланғандарын айтады. – Ғаламтор деген не? – Ғаламторды пайдаланып көрдіңдер ме? – Ғаламтор арқылы адамдар бір-бірімен хабарласа ала ма?– Ғаламтор арқылы әлемдегі жаңалықтарды білуге бола ма? **Музыка** Музыкалық әуендерді тыңдай отырып,дыбыстардың жоғары- төмен айтылуына көңіл бөліп уйрету. әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады; Тыңдау: «Ләйлім шырақ» (Ақан сері, өнд. Т. Қоңыратбай) Ән айту: «Жан сырым» (Е. Өміров, Х. Талғаров) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Бубен» Оразбаева Н.М. Ойын:«Тыңдап таны» Шарты:Балаларға өткен әндердің кіріспе бөлімдері тыңдатылады.балалар қандай ән екенін тыңдай отырып		Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім. Педагог тақпақты оқиды, мазмұнын түсіндіреді, балалармен жаттайды. **Сергіту сәті.** **Ойын: «Кім жылдам?»** Себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды. 1 .Көгөністерді тап. Ата. Олар қайда өседі? Өзіңе ұнаған көгөністі сипатта. 2. Жаңылтпашты жаттап ал. Бақшада көп көгөніс, Бақтарда да көп жеміс. Өседі, піседі Көп жеміс пен көгөніс. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі; қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру туралы ұғымдарды қалыптастыру. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:**	басталады. "Ә" дыбысын сендер білесіңдер ме? – "Ә" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? Дидактикалық ойын: "Ғажайып текше". Шарты: балалар шеңбер болып тұрады. Текшенің 6 жағында суреттер жабыстырылады. Текшені айналдырып, ортаға лақтырады. Қандай сурет түссе, сол суреттегі затты атап, сол сөзге сөйлем құрау керек. Мысалы: әтеш, әже, әткеншек т.б. – "Ә" – қазақтың төл дыбыстарының бірі. Сондықтан да таза, дұрыс айтып үйренуіміз керек. Жаңылтпашты жаңылмай айт. Әсел әсем бе, Әсем әсем бе, Әсем әсем бе, Әсел әсем бе? Тіл ұстарту. Ән-ән-ән, Қамба толы дән. Ән-ән-ән, Әжем айтқан ән. Ән-ән-ән, Құрып жүрген сән. Сергіту сәті: "Біз де" ойыны Ойын шарты: ойын жүргізуші ортаға

	Педагог балаларға қонақ келгенін айтады, қуыршақты көрсетеді. – Балалар, қуыршақтың есімі – Іңкәр. Іңкәрмен амандасайық. Іңкәр бізге көптеген жұмбақтар, ойындар алып келіпті. Бірінші жұмбақтарын шешіп көрейік. Педагог Іңкәр әкелген сөмкеден жұмбақтар алып оқиды. Жұмбақтар: 1.Киім киген инеден, Қорқып ешкім тимеген. 2.Өзі суда өседі, Суға қайнап піседі. 3.Көрмедім еш үйіңді, Қолданбас бұл бұйымды. Жазып қыртыс-тыртысын Жаңалайды киімді. 4.Ауызы жоқ, тілі жоқ, Естілетін үні жоқ. Қарап тұрсаң бетіне Сөйлемейтін күні жоқ. – Балалар, сендер жұмбақтардың бәрін дұрыс шештіңдер. Іңкәр сендерге риза болып отыр. Іңкәр бұл жұмбақтарды бізге бекер әкелмепті, жұмбақтардың жауабының бәрінде "і" дыбысы бар.	атайды.Осы ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттері бақыланады. Күтілетін нәтиже: Әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады;		Әлия мен Сырым ойнауға шақырады. Шеңбердің бөліктерін таратады, бүкіл фигураны бүктеуді сұрайды. Шеңбердің қанша бөлікке қиылғанын сұрайды, әр бөлікті қалай атауға болатынын анықтайды. «Пішінді жина» ойыны: қағаз парағына төртбұрыш немесе шеңбер сияқты тұтас пішінді салыңыз, содан кейін оны бірнеше бөлікке бөліп, араластырыңыз. Балалардан фигураны оның бөліктерін дұрыс біріктіру арқылы жинауды сұраңыз. Бұл ойын балаларға бүкіл фигураның бөліктерден тұратынын түсінуге және оларды дұрыс байланыстыруды үйренуге көмектеседі. «Фигураны тап» ойыны: қағаз парағына үшбұрыш, тіктөртбұрыш және шеңбер сияқты әртүрлі пішіндердің бірнеше бөлігі салынады. Балалардан осы бөліктерді біріктіргенде қандай фигура пайда болатынын сұрайды. Бұл ойын балаларға әр фигураның қандай бөліктерден құралатынын білуге және оларды тануды үйренуге көмектеседі.	шығып, өзінің ойын айтады. Ойынға қатысушылар "біз де" деп қосылып айтады. Егер қосылмаса, онда үнсіз отырулары тиіс. Мысалы, жүргізуші: – Мен таңертең беті қолды жуамын. Балалар: – "Біз де". Жүргізуші: – Нанмен шай ішемін. Балалар: – Біз де. Жүргізуші: – Нан қоқымын шашамын. Балалар: үнсіз қалуы тиіс. Педагог қорытынды жасайды. Қандай ойындар ойнағанын, алған әсерлерін көрсету балаларға ұсынады **Музыка** Музыкалық әуендерді тыңдай отырып,дыбыстардың жоғары- төмен айтылуына көңіл бөліп уйрету. әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады; Тыңдау: «Ләйлім шырақ» (Ақан сері, өнд. Т. Қоңыратбай)

	Іңкәрдің аты да "і" дыбысынан басталып тұр. – Балалар, "І" дыбысын сендер білесіңдер ме? "І" қандай дыбыс? Қандай түспен белгілейміз? – Іңкәрға "і" дыбысынан басталатынын сөздерді айтып берейік. "І" дыбысы қазақтың төл дыбысы, сондықтан да дұрыс айтуға тырысайық. Іңкәр бізге ойын әкеліпті, сол ойынды ойнайық. Ол киімдерге байланысты, киім сөзінде "І" дыбысы бар ма? Киім сөзін буынға бөлейік. Дидактикалық ойын: "Бұл киімдерді қай мезгілге киеді? Ойын шарты: тақтаға төрт хатқалта ілінеді. Көк – қыс мезгілі, жасыл – көктем мезгілі, қызыл – жаз мезгілі, сары – күз мезгілі екенін айтып түсіндіреді. Әр мезгілдің киімдерін араластырып төңкеріп қояды. Балалар кезек-кезек өздері алған суреттегі киімді мезгілге сай өз			1-тапсырма. Фигуралардың бір бөлігін боя. Оларды қалай атауға болады? Ойлан. (Жартысы, үштен бірі, төрттен бірі.) **Сергіту сәті: «Геометриялық би».** **Суретті жинау ойыны:** қағазға үй, көлік және ағаш сияқты бірнеше заттардың суретін сал. Содан кейін әр затты бірнеше бөлікке қиып, оларды араластыр. Балалардан әр суретті оның бөліктерін дұрыс біріктіру арқылы жинауды сұра. Бұл ойын балаларға тұтас суретті алу үшін бөліктерді дұрыс тануды және байланыстыруды үйренуге көмектеседі. 2-тапсырма. Сурет қандай фигуралардан құралған? Көрсетілген түстермен боя. Педагог фигураларды – мәшинелердің бөліктерін атауды және оларды бояуды сұрайды. 3-тапсырма. Фигураларды тауып, боя. Құрақ көрпені «жөндеу» керек. Балалар қажетті фигураны тауып, көрсетілген түспен бояйды.	Ән айту: «Жан сырым» (Е. Өміров, Х. Талғаров) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Бубен» Оразбаева Н.М. Ойын:«Тыңдап таны» Шарты:Балаларға өткен әндердің кіріспе бөлімдері тыңдатылады.балалар қандай ән екенін тыңдай отырып атайды.Осы ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттері бақыланады. Күтілетін нәтиже: Әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады;

	хатқалтасына салуы керек. Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу. Бағдаршамның көздері Жанып-өшеді өздері. Міне, былай, міне, былай, Жанып өшеді өздері. Педагог қорытынды жасайды. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету. Геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуде жаттығу. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым анасына сыйлыққа суреттегідей моншақ құрастырғысы келді. Моншақ сатып алуға			4-тапсырма. Осы фигураларды бір-біріне беттестірсе, қандай сурет шығады? Егер фигураларды бір-біріне беттестірсе, қандай сурет шығатынын айтады.	

	дүкенге барды, бірақ осы моншақтарға ұқсайтын геометриялық фигуралардың атауын білмейді. Балаларды көмектесуге шақырады. –Суреттегі моншақтар неден құрастырылған? –Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талқылайды, дөңгелек, сопақша деп атайды. Педагог бүгін балалардың жаңа геометриялық фигурамен танысатынын айтады. Геометриялық фигурамен танысу: сопақша. Фигураны көрсетеді, бұл – сопақша. Барлығымыз бірге қайталайық: сопақша. Педагог өлең оқиды. Мен сопақпын, мен сопақ Ұзартылған домалақ . Соңым жоқ, басым жоқ Енді бірде жапалақ. Мен жұмыртқамын Мен айнамын Мен, міне, осындай пішінмін. Мен қоңыз, мен картоп				

	Аяқпенен топ - топ – топ. Сопақшаның қасиеттері туралы білу үшін эксперименттер жүргізеді. Сопақшаның бұрыштары жоқ (сопақшаны саусақтармен ауада сызады). Сопақша тегіс/жалпақ,. Қайталайық: жалпақ/ тегіс. Сопақшаның қасиеттерін зерттеуді жалғастырады. Педагог тақтада, балалар үстелдерде жұмыс істейді. (Балалардың үстелдерінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы болады.) Фигураны үстелге қояды (сопақшаны қырынан қоюға тырысады). Ол үстел бетіне тұрмайды. Біздің тәжірибеміз сопақшаның қандай қасиеттері туралы айтады? Олар талқылайды, қорытынды жасайды: сопақ, тұрақсыз, тегіс, оның бұрыштары жоқ. Сопақшаға мұқият қарап, оның				

	қандай геометриялық фигураға ұқсайтынын айт? (Дөңгелек, шеңбер.) Педагог тақтаға дөңгелектің суретін іліп қояды. –Сопақша шеңберге несімен ұқсайды? Олар талқылайды, бірлесіп қорытынды жасайды. Сопақша, дөңгелек сияқты, бұрыштары жоқ, ол да тегіс, тұрақсыз. Дөңгелек пен сопақша дөңгелек пішінді болып келеді. –Сонда олар бір-бірінен қалай ерекшеленеді? Педагог дөңгелекті алып, оны сопақшаға қояды. Сопақшаның қаншалық созылғанын қара. Сопақша қайсысы? Ұзарған, сопақша ұзын. –Сопақша дөңгелек сияқты айнала ма, қалай деп ойлайсындар? Тексеріп көрейік. Сопақшаны үстел бетінде айналдыруға тырысады. –Сопақшаның айналуына не кедергі болып тұр? Қорытынды жасалады, сопақша				

	ұзынша созылған болып келеді, сондықтан ол домаламайды. –Сопақша тағы қандай геометриялық фигураға ұқсайды? Тіктөртбұрыш тақтаға ілінеді. Атауын сұрайды. Балалар «тіктөртбұрыш» деп атайды. – Олар неге ұқсас? Фигураларды бір-бірінің үстіне қоюды ұсынады. Қорытынды жасайды, тіктөртбұрыш пен сопақша ұзынша, созылған, жалпақ фигуралар домалақ емес. –Олар қалай ерекшеленеді? Фигураларды саусақтарымен айналдыруды ұсынады. Олар талқылайды, қорытынды жасайды, тіктөртбұрыштың бұрыштары бар, ал сопақшада бұрыш жоқ. 1-тапсырма. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ұқсастығын және айырмашылығын ата.				

	Балалар тапсырманы орындайды, ұқсастығы мен айырмашылығын атайды. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. 2-тапсырма. Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя. Педагог кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендіруді ұсынады. Балалардың әрқайсысы белгілі бір пішінді, дөңгелек немесе сопақша кілемшені таңдайды, содан кейін төмендегі суреттерден (үшбұрыш, шаршы және шеңбер, тіктөртбұрыш) таңдалған «кілемшеге» өрнектер салып, оны безендіреді. **Сергіту сәті. «Геометриялық би» «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны.** Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын				

	ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді «мәшинемін» деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады. **Дидактикалық ойын «Домалайды, домаламайды».** Ойын ережелерін түсіндіреді: егер аталған зат домаласа, шапалақта, егер домаламаса, аяқпен топылдат. Педагог заттарды атайды: қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, банка, сәбіз, жапырақ, апельсин, үй, доп. Балалар				

	заттардың пішінін анықтайды, тиісті әрекеттерді орындайды. Педагог таңдалған балалардан өз әрекеттерін түсіндіруді сұрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Оқу қызметін қорытындылайды.				
2-ші таңғы ас	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Күз мезгілінің ерекшеліктері» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№3	№12	№7	№10	№1
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, 3тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Ұлттық ойын: «Сақина жасырмақ» Міндеті: Балалардың ойлау кабілетін дамыту **Адал азамат**	Ұлттық ойын: «Асық ату» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **Адал азамат**	**Жеке қауіпсіздік** **«ҚАУІПСІЗ АТТРАКЦИОНДАР. ОЙЫН-САУЫҚ САЯБАҒЫНДА ӨЗІҢДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК?»** **Мақсаты**: жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмау мақсатында балаларға аттракциондар мен ойын-сауық саябағында қауіпсіздік ережелерін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Саябақтағы қауіпсіздік сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Аттракциондарда қауіпсіздік белбеулері мен басқа да қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Аттракциондардағы қауіпсіздіктің маңыздылығы туралы әңгімелесу. Аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерін талқылау 1-ереже. Жас пен бой шектеулерін сақтау Әр аттракциондағы қауіпсіздікті сақтау үшін жас және бой шектеулері бар екенін түсіндіру. Әртүрлі аттракциондар мен олардың шектеулері бейнеленген иллюстрацияларда көрсету. 2-ереже. Әрқашан қауіпсіздік белбеулерін тағу Көптеген аттракциондардың қауіпсіздік белбеулері бар екенін және оларды міндетті түрде тағу керектігін түсіндіру. Қауіпсіздік белбеулерін киген балалардың суреттерін көрсету. 3-ереже. Аттракцион операторының нұсқауларын орындау. Аттракцион операторы әрқашан маңызды қауіпсіздік нұсқауларын беретінін, оларды мұқият тыңдау және орындау керектігін түсіндіру Оператор нұсқаулары жазылған карточкаларды көрсету. 4-ереже. Қолдарың мен аяқтарыңды аттракционның ішінде ұстау Көптеген аттракциондарда орындықтан қолдары мен аяқтарын шығаруға болмайтынын түсіндіру. Аттракциондарда қауіпсіздік ережелері бейнеленген иллюстрациялар көрсету. 5-ереже. Толық тоқтағанша аттракционнан түспеу Әрқашан аттракцион толық тоқтап, оператордың рұқсатын күту керек екенін түсіндіру. Аттракционнан шыққан балалардың суреттерін көрсету.	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: Жол белгілерінің қызметі, пайдасы **Мақсаты**: Жаяу жүргіншілер мен жүргізушіге арналған ережелер туралы түсінік беру. Жол белгілерінің қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. Жолаушылар дегеніміз кімдер? Бағдаршам дегеніміз не? Жиекжол жоқ жерде қалай жүру керек? Жол белгілерін көрсетіп, таныстыру. Ескерту белгі: Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам, Хабарлайтын бар қауіпті, оң сапарды жолдаған. Тыйым салу: Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын, Қауіп болса алда тұрған, жібермеймін бір адым. Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін, Осы жолы үндемеймін, барма тағы сұрағың? Анықтама:	Ұлттық ойын: «Ханталапай» Міндеті: Балалрды шапшандылықпен, мергендікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Адал азамат**

			Ережені қайталау: балалармен аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Қауіпсіздік белбеуін бекіту неге маңызды?», «Егер оператор нұсқау берсе не істеуім керек?», «Аттракционның сыртына қол мен аяқты шығаруға бола ма?» сияқты т.б. сұрақтар қою. Пайдалы сілтеме: https://youtu.be/JkUvKopOdlI?si=MRDSeGqaOjipP7Xr	Белгімен көрсетер жылдамдық пен бағытты Ой, шұңқыр, бұрылыс, қатерді, қауіпті. Барлығын да анықтап көрсетіп жіберем, Сондықтан бәрі де мені тез танипты. Баратын сапардың қашығын, тұрағын, Үн-түнсіз жол сілтеп, көрсетіп тұрамын. Төрт топтан құрылған белгілер туыстай, Жөн сілтеп тұрамыз у-шусыз ұрыспай. Жұмбақ жасыру Арқаным бар тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. Ақылға салып ойланып, Тапшы мұны пысығым. (жол) Қорытындылау -Жол белгілерінің қандай пайдасы бар? Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер	
Балалармен жеке жұмыс	**<u>Мансур</u>** Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыра алады. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** .	**Мансур _ жеке жұмыс** Еңбек етуге қызығушылық танытады. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер ұұрастыра алады. **(Коммуникативтік дағдылары)**	**Мансур __ жеке жұмыс** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай	**Мансур _ жеке жұмыс** Бір-бірден сапқа, шеңберге тұруды, сапта өз орнын табуды үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**

				материалдан жасалғанын біледі, ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнай алуға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	№3	№12	№7	№10	№1
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Апта дәйек сөзі: «Әділдік пен жауапкершілік-біртұтас ұғым»** балалармен бірге қайталау. **Адал азамат**				
Балалардың үйге қайтуы	Психолог кеңесі Мысалы: «Көпшілік орындарда мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	Төлемақыны уақытылы төлеуді ескерту	Ата-анаға балабақшаға уақытында келу керектігін ескерту	Семинар туралы ата-аналарға мәлімет беру	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – Әділдік және жауапкершілік

Аптаның дәйек сөзі: ***«Жауапты бала – жақсы дос!»***

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 10.11 - 14.11.2025 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Адай күйі»** «Менің Қазақстаным» Әнұран айту. Шығармашылық дағды **Адал азамат**	**Күй күмбірі: «Адай күйі»** **Адал азамат** Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. **Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі: «Адай күйі»** **Адал азамат** Шармен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Адай күйі»** **Адал азамат**	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. **Күй күмбірі: «Адай күйі»**

					Адал азамат
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналарға кеңес: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналармен әңгіме: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Жұмбақ жасыру. Қысы-жазы жасыл боп, Терезе алдында тұрады. Шаңды өзіне жұтып ап, Ауаны да тазартады. Ол не балалар? (Гүл) Міндеті: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін қажетті қарапайым қамқорлық жасау дағдыларын дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	Апта дәйек сөзі: «Тура биде туған жоқ» **Адал азамат** Ойын: «Асық жинау» Шарты: Асықтардың түстерін ажыратып жинау. **Ұлттық құндылық**	«Нейро жаттығу». Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Адал азамат** **Ұлттық құндылық**	Апта дәйек сөзі: «Тура биде туған жоқ» **Адал азамат** Картотека №46 «Қызықты лабиринт» Шарты: Саусақтарын жүргізу арқылы орындалады немесе әр бала өз қалауымен жасайды. **Математика негіздері**	Мінез-құлық ережелері туралы әңгімелеу. Міндеті: Балаларды топта тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру. Осы ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.Тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін бекіту үшін балаларға рольдік ойындар ойнатып, жаттықтыру. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №5				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Апта дәйек сөзі:** «Тура биде туған жоқ» **Адал азамат** «Кім жылдам» жаңылтпаш	Табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар шешу. Міндеті: Жұмбақтар шешу арқылы балалардың ой – өрісін, ойлау қабілетін	**Апта дәйек сөзі:** «Тура биде туған жоқ» **Адал азамат** Айнамен орындалатын артикуляциялық жаттығулар.	«Сұрақ-жауап» ойыны. Міндеті: Ой-өрісін, тіл	**Апта дәйек сөзі:** «Тура биде туған жоқ» **Адал азамат**

	айту. **Міндеті:** Балалардың жаңылтпашқа деген қызығушылықтарын арттыра түсу, деңгейлерін анықтау, топпен жұмыс істей білуге баулу. **Қазақ тілі**	дамытып, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын жетілдіру. **Тіл дамыту**	1. «Саңырауқұлақ» Жалпақ күйдегі тілді таңдайға жабыстырып, ауызды кең ашу.Тілдің екі бүйірі таңдайға тығыз жабысып тұруы керек. 2. «Сырлаушы» Ауыз ашық,тілдің ұшымен таңдайды «сипау», тілдің қимылы артқа-алға жасалынады. 3. «Тәтті тосап» Ауызды ашқызып,тілінің алдыңғы жағын жоғары ерінге таятып, тілімен жоғарыдан төмен қарай қозғалыс жасайды. **Қазақ тілі**	байлығын дамыту, шапшаң ойлауға, ойын жинақтап жеткізе білуге үйрету. **Тіл дамыту**	«Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Адал азамат**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуіне мумкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында «Достар, достар» әні тыңдатылады. – Балалар, әнде кімдер жайлы айтылған? –Балалар, сендер достар жайлы ән тыңдадыңдар. «Дос» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** – Сендердің достарың бар ма? Педагог көркем суретке балалардың назарын аударып, әңгіме құрауларын сұрайды. Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді. Екі дос көше бойымен	**Математика негіздері** **Міндеті:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог ленталарды немесе түрлі түсті кесінділерді көрсетеді. Кіші топтың қыздары қай шарфтың ұзынырақ екенін біле алмады: қызыл, ақ немесе жасыл. Оларға көмектесейік. Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады. Ең алдымен оны «көзбен» салыстырады, бірінші екеуден, одан соң үшеуін бірге салыстырады. Олар: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзынырақ, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқалау. Балалар шарф ұзындықтарын салыстыру бойынша жасалған тәжірибелік жұмыстарға қатысады. – Оларды салыстыру үшін осылай қоюға бола ма? (Беттестірудің қате үлгісін көрсетеді). – Олардың бір жақ ұштары бір-біріне сәйкес келуі керек. –Заттардың ұзындығын өлшеудің, оларды салыстырудың басқа қандай тәсілдері бар? Беттестіру тәсілі қолданылады. Педагог шарфтардың бір жақ ұштарының сәйкес келуін бақылайды. Педагог заттардың ұзындығын шартты өлшеуіш көмегімен өлшеуге болатынын хабарлайды. Шартты өлшеуіш ретінде қағаз	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, мына шардың түсі қандай? – Сары сөзі қандай дыбыстан басталады? – Кәне, бірге «С», – деп айтайық. – Енді айнаға қарап, «С» дыбысын тағы да айтайық. – Сендердің еріндерің қалай керілді? «С» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы. Ерін езуге қарай тартылып, тіс көрінеді. Тіл тістерге тиіп, арасынан «С» дыбысы қысылып шығады. «С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс. – Дауыссыз дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз? Тілге жаттығу жасату. Са-са – сана Се-се – кесе Со-со – сона Ес-ес – пышақпен кес. – Балалар, сендер «С» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. Айтқан сөздерін буынға бөлгізу. Буыннан сөз құралатынын естеріне түсіру. Сергіту сәті: Тікірейген құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп Беті-қолын жуады.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?» **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады. -Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. -Сәлеметсіздер ме?! Ойын «Кім көп біледі?» қойылған сұраққа толық жауап беру. Сенің бөлмеңде не бар? Слайд: «Менің Отаным». Жаңа сөздермен таныстыру: менің

	жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуінің аты – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергендерінде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз қатты қорқып: – Аблан, қаш, әне, ит келіп қалды, – деп айғайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарыннан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абыланды құтқарып алды. Абыз Абланның жанына келіп: – Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде шалбарыңды бүйтіп жыртып тастамас еді, – деді. – Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп әдейі қалып қойдым, – деді Аблан. – Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп. – Балалар, достар жайлы әңгіме сендерге ұнады ма? – Әңгімеде достар қандай екен? «Сырқат сөзі – ауру, науқас» деген мағына екенін айтып түсіндіреді. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық,	кесінділерін ұсынады. Балалар шарфтың ұзындығын шартты өлшеуіштің көмегімен өлшеп, нәтижелерін айтады: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзындау, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқа. Педагог ұзындығы мен ені бірдей кесінділерді көрсетеді. Оларды екі қолына ұстап балаларға көрсетеді. –Қай кесінді ұзындау? Мұны қалай тексеруге болады? Балалар өзара талқылап, өлшеудің тәсілдерін ұсынады. Педагог кесінділерді бір-біріне беттестіріп, олардың өзара сәйкестігін көрсетеді. –Кесінділер туралы не айтуға болады? (Кесінділердің ұзындығы бірдей). Ойын жаттығуы. «Кімнің бойы ұзын? Кімнің бойы аласа?». –Балалар, қай баланың бойы ұзын немесе қай баланың бойы қысқа екенін қалай білеміз? Педагог топтың жартысына жақын арақашықтықта жұптасып немесе арқасымен жақындап тұруды ұсынады. Балалардың екінші жартысы жұптасып тұрған балалардың бойын анықтап, бір-бірімен салыстырады, кімнің ұзын, қысқа, немесе бойлары тең екендігін атайды. Содан кейін балалар орындарымен ауысады. Практикалық жұмыс. Ағаш суреттерін көрсетеді. –Қай ағаш ең ұзын? Қалай анықтаймыз? Ал ең қысқа ағаш қайсысы? Педагог көзбен қарап салыстыруды ұсынады, балалар жауап береді: – Қайың – ең ұзын ағаш. –Көзбен салыстырғанда қателессек қайтеміз? Оны қалай тексереміз? Қандай шартты өлшеуішті таңдаймыз? Педагог таяқша кесіндісін ұсынады. Балалармен бірге ағаштардың ұзындығын салыстыру үшін таяқшаны ағаштардың ұзындығына сәйкес қойып өлшейді. Балалар әр ағаштың астына цифр бар карточкаларды көрсетеді.	– Енді, балалар, с дыбысына сөздер ойлайық. Осы сөздердің ішіндегі «Сан» сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. С– дыбысы қандай дыбыс? А – қандай дыбыс? Н – қандай дыбыс? Дидактикалық ойын: «Мен айтайыншы» Ойын шарты: педагог әртүрлі дыбыстарды үнтаспадан тыңдатады, балалар дыбысты ажыратып, қай дыбыс дыбысталғанын айтады. – Балалар, сендер мұқият тыңдаңдар. Мен сөз айтамын, жоқ дыбысты сендер айтасыңдар. Сағат соқты - ...ырт. Бақылдайды бақа- ...ақ - ...ақ Суретке қарап,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: «Түн» сөзіне дыбыстық талдау жаса. 2-тапсырма: Суреттерді ата. Буынға бел. 3-тапсырма: Суреттерді штрихта. 4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. Рефлексия. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет сендерге түсінікті болса, күліп тұрған смайликті көтеріп көрсетіңдер. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Педагог: 1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. 2. Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ. Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын жазушылыр өлеңдер, тақпақтар, әңгімелер жазған. М.Жаманбалинов ағамыздың да «Суретші», «Алғашқы қар» деген өлеңдері бар. Қазір біз «Алғашқы қар» өлеңімен танысамыз.	Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды. -Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын. -Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме? -Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар? Суретпен жұмыс. -Мынау - балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме? Бірнеше бала жауап береді. -Бөлмеде нелер бар? Бөлмедегі заттарды атап, көрсетеді. Бөлмеде кілем, кереует,үстел, орындық бар. Бөлмеде ойыншықтар бар. -Бөлме қандай? (әдемі, жарық) Терезеде перде бар. Перде әдемі. -Мынау не? (Перде сөзін жеке, хормен қайталайды). -Бөлмеде шам бар. Мынау шам. Шам үстелдің үстінде тұр. -Шам қайда тұр?	Отаным, тәуелсіз, мемлекет. Менің Отаным - ме-нің О-та-ным. Тәуелсіз - э-э -э - тә-уел-сіз - тәуелсіз Мемлекет - мем-ле-кет, мемлекет. Педагог балалармен суреттер арқылы сөздерден сөйлем, шағын мәтін құрау. Біздің Отанымыз - Қазақстан. Қазақстан- тәуелсіз мемлекет. Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар аударады. Моя Родина - Менің Отаным. Независимый — тәуелсіз. Государство - мемлекет. Тақпақ жаттау. Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың, Отан - өлкең, астанаң, Отан — аудан, ауылың. Е. Өтетілеуұлы Педагог тақпақты 2-3 рет қайталап айтады. Балалар жаттайды. Сергіту сәті

	Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп. Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық. Мақал-мәтелдер. 1. Досы көпті, жау алмайды. Ақылы көпті, дау алмайды. 2. Дос, доссыз өмір бос. – Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама, баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе,шәйнек,шанышқы, қасық – ... Қасқыр,түлкі,жолбарыс – ... Қызыл,сары,жасыл,көк – ... Суретпен жұмыс. Тапсырма орындау. Қорытынды бөлім. Рефлексия. – Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және	Балалар ең үлкен санды тауып атайды. Сол ағаш ең ұзыны болады (қайың). –Енді ең қысқа ағашты табыңдар. Шартты өлшеуіштің көмегімен тексеріледі. Осыған ұқсас жұмыс заттардың енін салыстыруда да жасалады. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Өлшеуіштерді боя. Салыстыр. –Әр қарындаштың қанша өлшемін боядың? Ең ұзынын тап. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түске боялған? Онда қанша өлшем бар? Күнбағыс тапсырмасы да дәл осылай орындалады. Педагог тапсырманы орындау кезінде тазалық пен мұқияттылық туралы еске салады. Балаларға бір-бірінің тапсырмасын тексеруді ұсынады. Сергіту сәті. Мәтін мазмұнына байланысты қимыл-қозғалыстар жасалады. Алақанмен шапалақты ұрамыз, Орнымыздан көтеріліп тұрамыз. Тіземізді алақанмен соғамыз! Оңға, солға мойнымызды бұрамыз! Орнымызда бірнеше рет секіріп, Қолымызды жоғарыға созамыз! Біз ақылды боламыз! Оқу оқып барлығынан озамыз! 2-тапсырма. Жүк көлігі мен велосипедтің қандай жолда тұрғанын айт. Оларды боя. –Жоғарыдағы суреттен кең және тар жолды көрсету керек. Педагог жүк көлігі мен велосипедтің қай жолда екенін көрсетуді сұрайды. Оларды боя. 3-тапсырма. Ұзын заттарды ұзын қарындашпен, қысқа заттарды қысқа қарындашпен сызып қос. 4-тапсырма. Ең жуан және қалың затты қызыл түспен, жіңішке және жұқа затты көк түспен боя. Қалыңдығы және жуандығы бірдей заттарды жасыл түспен бояу керек. Қорытынды. Балалар бір-бірінің тапсырмаларының орындалуын тексереді. Өз әрекеттерін дауыстап айтуларын сұрайды. **Көркем әдебиет**	**Өнегелі 15 минут әңгімелесу** О, керемет, керемет! Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Қонып жатыр жерге кеп, Бақшаға кеп, бауға кеп. Қонып жатыр көлге кеп – Кетті ұласып жер мен көк. Шыр көбелек айналып, Қонып жатыр жайланып: Енді қайтып ұшпаймыз, Осы жерде қыстаймыз. Балаларға сұрақтар қояды. – Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? – Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады. – Өлеңде автор қарды неге теңейді? – Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? – Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. – Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалу үшін жаттап алайық. Сергіту сәті: И.Токмаковаңың «Аю» өлеңімен. Тауға шықсаң – қалың қар, Сайға түссең – қалың қар, Шырша үсті – қалың қар. Байқаңдар, қар астында, Ұйықтап жатқан аю бар. Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу кезіндегі ерекшеліктерін түсіндіреді. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Қатаң дауыссыздар: дауыс шымылдығы қатыспай, тек салдырдан жасалатын дауыссыз дыбыстар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ. Ұяң дауыссыздар: салдыр мен үннің қатысы арқылы жасалған, бірақ үннен салдыры басым дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар дейміз. ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, h. үнді дауыссыздар: үн мен салдырдың	-Бөлмеде кітаптар бар. Кі-тап-тар. -Сенің бөлмең бар ма? Бөлмеңде не бар? Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды, жеке-жеке жауап береді. Сәуле өзінің бөлмесі туралы айтады: Менің бөлмем үлкен, жарыщ, таза. Бөлмемде кереует, үстел, орындық бар. Ойыншықтар бар. Мен бөлмемде ойнаймын. Ойыншықты жинаймын. Балалар үлгі бойынша мәтін құрайды. Сергіту сәті Дөңгелене түрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. Тапсырманы орындау. Өзіңнің бөлмеңде бар заттардың суретін сал. Ата. Рефлексия. Педагог	Керегені жазайық, Шаңырақты құрайық. Уық болып, иіліп, Киіз үйдей болайық. Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап» -Сенің Отаның қалай аталады? -Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). -Отанымыздың бас қаласын ата? -Қазақстан қандай мемлекет? Суретпен жұмыс. 1. Суреттерге қара. Сөйлем құра. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті кім? 2. Мақал-мәтелді жатта. Мағынасын түсіндір. Отан - оттан да ыстық. Рефлексия. Педагог қорытындылайды. - Сендерге не ұнады? Қуыршақтар балалармен қоштасады. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы

	дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар әліпбиден бізге қонақ келіпті. Есік қағылады, әуеден сары шар ұшып келеді. – Балалар, мына шардың түсі қандай? – Сары сөзі қандай дыбыстан басталады? – Кәне, бірге «С», – деп айтайық. – Енді айнаға қарап, «С» дыбысын тағы да айтайық. – Сендердің еріндерің қалай керілді? «С» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы. Ерін езуге қарай тартылып, тіс көрінеді. Тіл тістерге тиіп, арасынан «С» дыбысы қысылып шығады. «С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс. – Дауыссыз дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз? Тілге жаттығу жасату. Са-са – сана Се-се – кесе Со-со – сона Ес-ес – пышақпен кес. – Балалар, сендер «С» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. Айтқан сөздерін буынға бөлгізу. Буыннан сөз құралатынын естеріне түсіру. Сергіту сәті: Тікірейген құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп Беті-қолын жуады.	**Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тосынсый. Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Қуыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті. «Түлкі мен қоян» ертегісін. Қуыршақ театры арқылы ертегімен таныстыру,оқып беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Ерте, ерте, ертеде, түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң, үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі болса інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе қасқыр түлкіні жеп қояр еді. Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатса, ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгіруіне кедергі келтіреді екен. Содан түлкі жүгіріп барып, қоянды ұстап алыпты. Қоян корыққанынан құйрығын қалдырып, қашып кетеді. Міне, содан бері түлкінің құйрығы ұзын әдемі де, ал қоянның құйрығы қысқа екен. Сөздік жұмыс: аңдып қарап, қайғырып-уайымдап. Сергіту сәті. «Ұзын құлақ сұр қоян! Балалар секіріп, қоянның қимылдарын жасайды. Сұрақ-жауап: – Ертегі сендерге ұнады ма? – Түлкі нені көрді? - Түлкі қандай аң? - Олай болса, түлкінің қимылдарын жасап көрейік. Рефлексия. Қуыршақ Сәуле балалармен қоштасады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылауды және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды: жануарлар	қатынасынан жасалып, бірақ салдырдан үн басым болатын дауыссыз дыбыстарды үнді дыбыстар деп атаймыз. Үнді дауыссыздар мыналар: р, л, и, у, м, н, ң. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң,ұяң,үнді дыбыстарды тапқызу: б,в,г т.б. Суретке қарап отырып,тапсырмаларды орындау. Педагогтің көмегімен балалар суреттер қандай дауыссыз дыбыстан басталып тұрғанын айтады. Қорытынды бөлім. Рефлексия . – Балалар бүгін кімнің өлеңін жаттадық? – Өлеңнің тақырыбы қалай аталады? Педагог балалардан дыбыстар нешеге бөлінетінін, дауыссыз дыбыстардың түрлерін айтып беруді сұрайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылауды және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды: жануарлар қозғалады (жүреді,жүгіреді,секіреді,ұшады,қозғалады);қорректенеді (өсімдіктердің жапырақтары,сабағы,бұтақтары,қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен) үйрету. Бейнелеу әдістерін (штрихтар,бояуларды араластырып) қолдануын дамыту.Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу. Бақылаған заттың бейнесін бере білуді, затты әр түрлі қалыптарда мүсіндеуді үйрету. Қайшымен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Ой толғаныс» - Қандай жабайы жануарларды білесіңдер? - Оларды неге жабайы жануарлар деп атайды? Мағынаны табу. 1 - тапсырма: «Жабайы аңдарды сипаттау» 1. Аю - жыртқыш аң, бірақ ешкімге тиіспейді. Аюдың екі түрі болады ақ және сұр. Ақ аю	қорытынды жасайды. Қандай тапсырма ұнады? **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (әңгіме, өлең,ертегі) ажырату. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жаңадан топқа Амир мен Алпамыстың келгенін айтып, оларды достық шеңберіне шақырады. Қосыл, қосыл шеңберге, Нағыз адал дос болып. Қосыл, қосыл шеңберге, Ең сенімді дос болып. Қосыл, қосыл шеңберге, Ең мейірбан дос болып. Қосыл, қосыл шеңберге, Нағыз шыншыл дос болып. Қосыл, қосыл шеңберге, Нағыз	түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, өткен тақырыпта сендер қай дыбыспен таныстыңдар? – Естеріңе түсіріңдерші, «С» дыбысынан басталатын сөздерді. – «С» дыбысы қандай дыбыс? Енді, балалар, осы «С» дыбысын өткен дыбыстарға қосып сөз құрайық. – Балалар, сөздерге дыбыстық талдау кезінде, дыбыстардың несін ажыратамыз? – Балалар, мына суретке қараңдар, ненің суретін көріп отырсыңдар? – Осы сөздерді буынға бөліңдерші неше буыннан жасалады екен? – Бір буында неше дауысты дыбыс болады?

	– Енді, балалар, с дыбысына сөздер ойлайық. Осы сөздердің ішіндегі «Сан» сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. С– дыбысы қандай дыбыс? А – қандай дыбыс? Н – қандай дыбыс? Дидактикалық ойын: «Мен айтайыншы» Ойын шарты: педагог әртүрлі дыбыстарды үнтаспадан тыңдатады, балалар дыбысты ажыратып, қай дыбыс дыбысталғанын айтады. – Балалар, сендер мұқият тыңдаңдар. Мен сөз айтамын, жоқ дыбысты сендер айтасыңдар. Сағат соқты - ...ырт. Бақылдайды бақа- ...ақ - ...ақ Суретке қарап,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сездерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сездерді қызыл түсті сандықпен сызып кос. 2-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. 3-тапсырма: Суреттерді штрихта. 4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Рефлексия. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет сендерге түсінікті болса, күліп тұрған смайликті көтеріп көрсетіңдер. . **Математика негіздері**	қозғалады (жүреді,жүгіреді,секіреді,ұшады,қозғалады);қорректенеді (өсімдіктердің жапырақтары,сабағы,бұтақтары,қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен) үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Ыстық-суық» дидактикалық ойыны: Шарты: Бір зат алдын ала тығылып қойылады. Тығылған затты балалар «ыстық-суық» сөздері арқылы тауып алулары керек.Балалар үй жануары мен жабайы жануардын ойыншығын тауып алады. -Балалар, адамдардың көмегімен өмір сүретін жануарларды қалай атаймыз? -Ал, орманда өз беттерімен тамақ тауып, өздерін қорғайтын жануарларды қалай атаймыз? Ендеше ұйымдастырылған іс-әрекетімізде жабайы және үй жануарлары туралы айтатын боламыз. Сендер үш орталыққа бөлініп отыра қалыңдар. -Жабайы жануарлардың үй жануарларынан айырмашылығы неде? -Қалай ойлайсыңдар үй жануарлары адамдардың қамқорлықтарына, мейірімдеріне, махаббаттарына қалай жауап береді? Қане, ойнайық. Ойын: «Жануарларды ата» -Жарайсыңдар балалар. Сендер жануарларды жақсы біледі екенсіңдер. -Енді, жұмбақ жасырып ойнайық. Мен жұмбақты жасырам ал, сендер шешіңдер. Жұмбақтар. Қандай жануар қыста ұйқыға кетеді? Аю, қасқыр, түлкі ме? (Аю) Суреттен аюды көрсетіп, айтыңдаршы аю қандай? (маймақ, үлкен, күшті, қоңыр) -Аюдың қалай жүретінін көрсетіңдерші? -Аю не жейді? (бал, балық, жидек) Ағаштан-ағашқа Доп сияқты тез секіреді. Жаңғақтарды жинап ап, Қысқа азық етеді ол не? (Тиін) Тиіннің суретін көрсетемін.	суда, салқын жерлерде мекендейді. Сұр аю орманда мекендейді. Жазда жеміс - жидек тереді. Аюлар күзде май жинайды, ал қыс бойы апанда, алақанын сорып ұйықтайды. Аюлар тоңғандықтан емес, жейтін қорегі таусылғаннан кейін ұйықтайды. Орманда мекендейді. - Аю туралы қандай ертегі білесің? 2. Түлкі - ақылды, жыртқыш аң. Түлкінің терісі бағалы. Терісінен тымақ тігеді. Оны «түлкітымақ» дейді. Түлкі қыста ұйықтамайды. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Тістері өткір, көздері қырағы жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан ақ иісінен сезеді. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман есен құтыла алады. Сондықтан түлкіні қу дейміз. Түлкі інде тұрады. орманда мекендейді. - Түлкі қандай ертегілерде кездеседі? 3. Тиін орманда тіршілік ететін кішкентай ғана жануар. Ол ағаш қуысында тұрады, жаз бойы қуысына жаңғақтар, саңырауқұлақтар жинайды, қыс болғанда жинаған азығымен қоректенеді. Тиіннің балаларын тиін деп атайды. Тиынның отызға дейін ұясы болуы мүмкін, әр ұяға ол жаңғақ, саңырауқұлақ шыршаның бүршіктерін жинайды. тиін қыста ұйықтамайды. 4. Қоян - қорқақ аң, орманда мекендейді. Қояндардың жауы көп. Сондықтанда қояндар күзде түлейді сұр жүні түсіп орнына ақ жүндер өседі себебі, қыста жылы аппақ үлпілдек тон киеді. Сол жылы тонының арқасында суыққа тоңбайды. Оларды қыста ақ қардан ажырату қиын - ақ. Қояндар өздеріне үйшік дайындамайды, қысқа азық жинамайды. Қоян ағаштардың қуысында қыстайды. - Қоян нені жақсы көреді? 5. Арыстан - үлкен, мықты, әдемі үлпілдек жүні бар. Оның тістері және тұяқтары өткір. Ол жылдам жүгіреді. Арыстанның басы денесіне қарағанда үлкен. Арыстан көздеген жемтігін құрығына түсіріп, қанжығасы	қайырымды дос болып. Балалар, Амир мен Алпамыс сендермен дос болғысы келеді. Сендер қалай ойлайсыңдар, дос қандай болу керек? Айтыңдаршы, бұрын-соңды сендерге достарың көмекке келді ме? Қандай жағдайда? Достық – адамдардың арасындағы сыйласымды қарым-қатынас. Достарыңды отбасы мүшелері сияқты жақсы көріп, сыйлап, оларға әрқашан көмек көрсетулерің қажет. Жақсы достарыңды мақтан тұтуларыңа болады. Достар әрқашан бір-біріне көмектеседі, бір-бірімен жанжалдаспайды, өтірік айтпайды. Мақалмен таныстыру. Мағынасын түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта» Ойын шарты: педагог өткен дыбыстарды атайды, балалар сол дыбыстан басталатын сөз айтады. Сергіту сәті: Ақшақар Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек. (З.Шүкіров) Тіл ұстарту. Са-са-са – ызыңдайды маса, Ағаш болар таса. Дидактикалық ойын: «Ойлан тап» Ойын шарты: педагог жұмбақ жасырады, балалар жауабын табу арқылы сөйлем құрайды. Мысалы: Бақшада жер қазып, Жиып алды жез қазық. – Шешуі: сәбіз. – Неліктен жез қазық делінген? – Жез сөзі бұл жерде қызғылт

	Міндеті: Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту сызуға үйрету. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта,оң жақта,жоғарыда,төменде);қозғалыс бағыттары:сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа,жоғарыдан төменге,алға,артқа. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғажайып сәт. -Балалар, бізге қонаққа гномдар келді (№11 парақ). Күрделі сұрақ: –Барлық гномдар бірдей ме? –Олардың қайда орналасқанын айтайық. (Алдыңғы жақта, артқы жақта, оң жақта, сол жақта т.б.). –Олармен танысайық. Педагог балаларға суреттегі әр гномды «үлкен – кішкентай», киімнің түсі, «алдыңғы – артқы», «алдында», «арасында», «жанында» сөздерін қолданып сипаттауға көмектеседі. Балалар ойынға қатысады. Гномдар суретін анықтап қарап шығады, санайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістіктегі орнын көрсетеді. Педагог балаларға түсіндіреді: –Біз гномдарды көлемі бойынша: үлкен және кішкентай деп, және оларды	-Тиіннің үлпілдек құйрығына назар салыңдаршы. Ол тиіннің секіріп жүруіне көмектеседі. Қалай ойлайсыңдар тиін немен қоректенеді? (жаңғақпен, шишкамен, саңырауқұлақпен) Барлық аңдардан қу Үстінде әдемі тоны бар. Құйрығы өте әдемі, Оның аты –түлкі. Түлкінің суретін көрсетемін. -Түлкіге құйрығы аңшылардан, иттерден іздерін сыпырып жасыру үшін керек. Ол өте қу. -Балалар, сендер қу түлкі туралы қандай ертегілерді білесіңдер? (Бауырсақ, қасқыр мен түлкі, Түлкі мен тырна). Түлкінің терісіне назар аударыңдаршы. Адамдар түлкіден не алады? Қыста ақ, жазда сұр Ол не? (Қоян) Сұр қояннның суретін көрсетемін. –Қандай қоян? (үлпілдек, сұр, кішкентай, қорқақ). Ақ қояннның суретін көрсетемін. -Қандай қоян? (кішкентай, қорқақ, үлпілдек, ақ) -Қояннның ақ терісі оған қыста…. (жасырынуына көмектеседі) -Қоян құсап секіріп көріңдерші? -Қоян өзінің жауынан қалай тығылады? -Қоян нені жақсы көреді? (сәбізді, қырыққабатты, ағаштың қабығын) -Аю мен қоян нелерімен ұқсайды? (бас, аяқ, құйрығы, аузы, мұрны, құлағы) -Айырмашылықтары не? (Аю үлкен-ал, қоян кішкентай, аю балды, жидектерді, балықты жақсы көреді, ал қоян ағаштың қабығын, сәбізді, қырыққабатты жақсы көреді. Аю қыста ұйықтайды, ал қоян жоқ. Аю ағаштарға шыға алады, ал қоян шыға алмайды). Өзі ойнағанды жақсы көреді, Үйге келіп мяулап, Сүт сұрайды. (Мысық)	майланғанда ақырып, айбат шегетін жалғыз аң сондықтан оны аң патшасы дейміз. Арыстан ыстық елде мекендейді. - Арыстанды ертегілерде не деп атайды? 6. Қасқыр - жыртқыш аң. Тістері өткір, көздері қырағы жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан ақ иісінен сезеді. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Олар қыста ұйықтамайды. Орманда қасқыр үңгірде мекендейді. 2 - тапсырма: «Қандай жұмбақ болса да, шешпей оны қоймаймыз» 1. Тұмсығы ұзын аң?- піл 2. Баласын қалтасына салып жүретін аң?- кенгру 3. Арадан қорқатын аң?- аю 4. Ең ұзын мойын...(керік) 5. Ыстық елде мекендейтін аң?- арыстан 6. Мысыққа ұқсайтын аң...(жолбарыс) 7. Сүйкімді аң не? (тиін) - Балалар, орманда тіршілік етіп, өз қорегін тауып жейтін жануарларды «жабайы аңдар» дейміз. Олардың жүндері қалың болғандықтан қыста тоңбайды - Балалар, осы жабайы аңдардың ішінен орманда мекендемейтін бір аң бар. Ол қандай аң? - Иә, ол - арыстан екен. Арыстан - ыстық елде мекендейді. 3 - тапсырма: Ойын: «Балаларын ата» Шарты: жабайы аңдардың баласын луллия сақиналары арқылы тауып,атау. **(Құрастыру)** Сергіту сәті: «Ұзын құлақ сұр қоян» әуенмен орындалады. 4 - тапсырма: «Даусынан таны» ойыны. Шарты: Қандай жануардың дауысы екенін табу арқылы балалардың қалауы бойынша жануарларды бейнелеу. **(Сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** Рефлексия. Балалардың жасаған жұмысынан көрме ұйымдастыру.	Ағаш тамырымен мықты, Адам досымен мықты. Ойын: «Достасу» Шарты: Тәрбиеленушілер шеңбер бойына жіпті ұстап тұрады. Жіпті орау арқылы кезекпен бір-біріне ұсынады. Жіп алған бала досына тілек айтып, келесі балаға береді. Ойын жіп оралып біткенше жалғасады. Суретпен жұмыс. Суреттегі кейіпкерлер қандай дыбыс шығарады? Солардың дыбысын салып, қимылын бейнелеп көрсет. Достық туралы қандай ертегі білесің? «Дос іздеген бота» ертегісін ұсынады. Педагог ертегіні суреттер көрсетіп баяндайды Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ата. Педагог ертегідегі	деген мағынаны білдіріп тұр. Қазық дегені сәбіз жерге қазық сияқты қадалып тұрғанын білдіреді. Саусақ бұлшық етіне жаттығу жасату. Сорпаға тұз себемін, Дәмін оның көремін. Тұз аз болса тағыда, Азырақ тағы себемін. Суретке қарап,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. 2-тапсырма: Суреттерді ата. (С) дыбысы бар сөздерді алақанды шапалақтап, буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 3-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр 4-тапсырма: Көрсетілген бағыт бойынша штрихта. 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр Рефлексия. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет сендерге түсінікті болса, күліп тұрған смайликті көтеріп көрсетіңдер.

	киімдерінің түсі бойынша салыстырдық. Енді біз оларды бойына және көлеміне қарап салыстыруды үйренеміз. Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласа гном, содан кейін сәл биіктеу т.с.с. –Мұны қалай жасаймыз? Педагог алдымен гномдарды көзбен қарап салыстыруды ұсынады, содан кейін оларды бір-бірінің жанына қойып, тексеру керектігін айтады: ұзын немесе қысқа. Ең ұзыны қай гном, қайсысы ең қысқасы (аласасы) екенін айтып беруді сұрайды. Әр гном өзінің бойына қарай кілемше алғысы келеді. Педагог ені әртүрлі, бірақ ұзындығы бірдей гномдар санына қарай тіктөртбұрыштар таратады – 7 дана. –Кілемшелер қалың немесе жұқа деп айтылмайды, олар: тар – кеңірек. –Кілемшелерді ені бойынша қалай орналастырамыз? Балаларды алдымен көзбен салыстырып қарауға, содан кейін беттестіру тәсілін қолданады. Педагог бірнеше баланы (бес адамға дейін) шығарып, оларды бір-бірінің артына қатарға тұрғызады. Қалған балалар олардың белгілерін сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімнің түсі, бірінен соң бірі орналасу орны. Суретпен жұмыс.	-Балалар, айтыңдаршы мысық жабайы ма, жоқ үй жануары ма? -Тағы қандай үй жануарларын білесіңдер? -Алдарыңдағы өздеріңе ұнайтын үй жануарларын және олардың төлдерін алып шығайық. Балалар тақтаға бір-бір жануарларды алып шығып, айтып береді. -Бізге бүгін қонаққа жабайы және үй жануарлары келіпті. Сендер оларды таныдыңдар ма? Ойын: «Жануарлардың төлдерін ата» Шарты: Балалар жануарлардың төлдерін енелерінің қасына қоюлары керек. Оларды атап, үй немесе жабайы жануар екенін табулары керек. Сергіту сәті: Көлбең-көлбең, көлеңкем, Аю қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Аю былай жүреді, аю былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Қоян қалай жүреді Кім көрсете біледі? Қоян былай жүреді, қоян былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Қасқыр қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Қасқыр былай жүреді, қасқыр былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Түлкі қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Түлкі былай жүреді, түлкі былай жүреді. —Жабайы жануарлар қайда тұрады? —Тағы да жануарлар қайда тұрады? Рефлексия. Балалардың шығармашылық жұмыстары. 1-орталық: «Ақ қоянның үстін мақтамен жауып шық» 2-орталық: «Қойдың үстіне қағазбен бұйра жүндер жапсыру » 3-орталық: «Қой мен қозыны бояу» -Жануарлар қайда тұрады? (орманда және адамдардың үйінің ауласында) -Орманда тұратын жануарларды қалай		кейіпкерлерінің қиын оқиға кезінде бір-біріне көмекке келгенін айтады. Достарыңмен қандай ойындар ойнайсың? Досыңмен бірігіп ым- ишара арқылы көрсет. Сергіту сәті. Достар бірге жүреміз (қол ұстасып айнала жүру), Бірге ойнаймыз, күлеміз (бір-біріне қарап күлу). Бірге балық аулаймыз (қолдарын алға созу), Қуанамыз, билейміз (би қимылдарын жасау). Бөлінбейді іргеміз (қол ұстасып, жоғары созу), Әрқашанда біргеміз (иілу, қол шапалақтау). Сахналау. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Тәрбиеленушілерге сиқырлы қоржыннан бір-бірден текше таңдап алуды тапсырады. Тәрбиеленушілер текшедегі ертегі	**Музыка** Балалардың билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Әуенді тыңдай отырып,би қимылдарын дұрыс жасауға қалыптастыру. Би қимылдарының элементтерін жеңіл,және еркін орындауға уйрету. Ән тыңдау «Қамажай» (қазақ халық әні)Ән айту: : «Қарлығаш» Б.Бейсенова Музыкалық ырғақты – қимыл: «Қамажай» Ойын:«Жұптасу» Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.Жетекші әуен басталалар алдында неше балаға жұптасу керек екендігін айтып отырады. Күтілетін нәтиже: Би сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл

	1-тапсырма. Суретке қара, не бейнеленгенін айт. Барлық заттың өлшемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды қызылмен қоршап сыз. 2-тапсырма. Заттарға қара. Оларды түсі мен өлшемі бойынша топтастыр. Қажет затты боя. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық. Түсі, өлшемі бойынша жіктеуге арналған тәжірибелік жұмыс. Педагог жұппен немесе топпен отырғызылған балаларға көмекші материал таратады. Қақпақтарды жіктеуге арналған тапсырма: өлшемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл. 3-тапсырма. Үлкен заттарды қызыл, ал кішкентай заттарды сары түспен боя. Қай зат қай жерде тұрғанын айт. Балалар үлкен және кішкентай заттарды тауып, бояйды. Орналасқан жерін айтып түсіндіреді: оң жағында, сол жағында, ортасында, төменде, жоғарыда деп көрсетеді. Қорытынды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс	атаймыз? -Оларды атаңдар? -Үй жануарларына қандай жануарлар жатады екен? **Музыка** Балалардың билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Әуенді тыңдай отырып,би қимылдарын дұрыс жасауға қалыптастыру. Би қимылдарының элементтерін жеңіл,және еркін орындауға уйрету. Ән тыңдау «Қамажай» (қазақ халық әні) Ән айту: : «Қарлығаш» Б.Бейсенова Музыкалық ырғақты – қимыл: «Қамажай» Ойын:«Жұптасу» Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.Жетекші әуен басталалар алдында неше балаға жұптасу керек екендігін айтып отырады. Күтілетін нәтиже: Би сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары- төмен) ырғақпен береді;		кейіпкерлерінің суретіне қарап рөлдерге бөлінеді. Педагог тәрбиеленушілерге әртістер сахнада өздерін қалай ұстайтындары туралы түсіндіреді. Олар сахналау аяқталған соң көрермендерге қарап тұрады. Ақырын бастарын изейді. Көрермендер қол шапалақтайды. Рефлексия. Бүгін біз достар туралы әңгімелестік. Досымызға үнемі жақсы,жылы сөздер айту керектігін үйрендік. Достар бір-біріне көмектеседі. Достықтарың ұзақ, тұрақты болу үшін бір-біріңе көмектесіп, адал болуларың керек. Сонда ғана достықтарың берік болады. **Математика негіздері** **Міндеті:** Шамасы	және орташа (жоғары- төмен) ырғақпен береді; **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда қауіпсіздікті сақтауға баулу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Түрлі түсті доптар». Допты екі жағынан қос қолдап ұстау керектігін, бір-бірімен қақтығысып қалмауға тырысу керектігін түсіндіреді. Шеңбер құрап тұру. Музыканың ырғағымен доппен

	орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** сапқа бір, екі қатармен тұру,допты екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден тізбекке тұру. Жүру, доппен түзету жаттығуларын жасау: допты қолына ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүргенде – допты басынан жоғары көтеріп ұстайды, өкшемен жүргенде – допты алдында ұстайды. Екі тізбекке тұрады. Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың дұрыс орындалуына, арақашықтықтың сақталуына, бастапқы қалыпқа тұру, допты жерге түсіріп алмау қабілеттерін бақылайды. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу.			бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Керісінше ата» дидактикалық ойыны. Педагог допты лақтырып, сөзді атайды. Бала допты педагогке лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы антоним сөзді атайды. Ұзын – қысқа, биік – төмен, кең – тар, жуан – жіңішке. – Біз сендермен заттардың өлшемін білдіретін сөздерді қайталадық. «Ретке келтір» ойын жаттығуы. Педагог «Түрлі түсті Кюизенер есептейтін таяқшалар» жиынтығынан таяқшаларды таратады және оларды ұзындығы	жасалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау. Тепе-теңдік – еденге тасталған тақтайдың үстімен аяқтың ұшымен жүру. Ойын: «Көпір үстімен жүріп өт»: аяқты сулап алмас үшін тақтайдан шығып кетпеуге тырысу қажет. Аяқтың ұшымен жүру – балалардың өкшені баспай, басты тік ұстап, алға қарап жүруін қадағалау. Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту. Ойын: «Тиіп кетпе» – қоңырау ілінген арқанға жанаспай өту. Жаттығудың орындалу техникасын түсіндіру: арқанға жақындап, оң қапталымен тұрады, еңкейеді, арқанның астына алдымен оң аяғы мен оң жақ иығын, басын кіргізіп, өтеді, содан кейін сол аяғын

	Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды. Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту. Жаттығудың орындалу техникасын түсіндіру: арқанға жақындап, оң қапталымен тұрады, еңкейеді, арқанның астына алдымен оң аяғы мен оң жақ иығын, басын кіргізіп, өтеді, содан кейін сол аяғын шығарады, бойын тіктеп, тізбектің соңына барып тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен құстар» Педагог – мысық болады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Зырылдауық» – допты саусақпен зырылдауық сияқты етіп айналдыру. Доппен таза ауаға шыққанда өз беттерінше ойнауға шақырады.			бойынша (содан кейін ені бойынша) өсу ретімен орналастыруды сұрайды. Оларды кесінділермен ауыстыруға болады. Педагог балалардан таяқшаларды қалай қойғандарын, ұзын немесе қысқа таяқшаларды қалай анықтап білгендерін сұрайды. Балалар таяқшаларды бір-біріне тұстастырғандарын айтып түсіндіреді. Педагог қай заттың ұзын немесе қысқа екенін білу үшін беттестіру әдісін де қолдануға болатынын айтып толықтырады. Оны жасап көрсетеді. Тәжірибелік жұмыс. 1. Педагог балалардан үстелдің ұзындығын алақанмен өлшеуді сұрайды.	шығарады, бойын тіктейді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Пойыз» Нұсқаулар: тізбектегі қимылдар үйлесімді болуы шарт. Су-джок шаригімен массаж жасау. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Фигура жаса». Балалардан ой-қиялын оятып, әдемі фигуралар жасауды сұрайды.

				Балалар үстелді алақанмен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. – Қалайша, үстел біреу, ал жауаптар әртүрлі? (Өйкені әр баланың алақанының өлшемі әртүрлі.) 2.Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлше. Балалар үстелді шынтақпен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. Балалардың шынтақ ұзындығы әртүрлі, сондықтан әртүрлі жауаптар шықты деген қорытынды жасалады. 3.Педагог екі баланы шақырады және ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадаммен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді қадаммен өлшейді. Алынған жауаптар	

				салыстырылады. Педагогпен бірлесе отырып, балалардың қадам өлшемі әртүрлі деген нәтиже шығарады, сондықтан өлшеуден әртүрлі нәтижелері алынды деген қорытынды жасалады. Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? Педагог балалардан үйде ата-аналарының заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруді сұрайды. Талқылау барысында Педагог бірыңғай өлшем – метр ойлап шығарылғандығын түсіндіреді (көрсетеді): Бұл өлшемді барлық адамдар пайдаланады. Оны шартты өлшеуіш деп те атауға болады. Қағаз кесінділерін салыстыруды ұсынады. Қай кесінді ұзындау?	

				(Бір-бірінің үстіне қойыңдар немесе басып ұстаңдар. Кесінді шеттерін бір-біріне сәйкес етіп келтіріңдер.) Суреттерді қабаттастыра аламыз ба немесе бір-біріне біріктіре аламыз ба? Қалай жасау керек? Өлшеуішті ұсынады – таяқшалар. Мысалы, LEGO конструктор бөлшегі: Кесінділерге қанша кіші бөлшектер сыйып тұр? Педагог шартты өлшеуіш арқылы өлшеу әдісін көрсетеді, орындалған іс-әрекеттерді түсіндіреді, балаларды өлшеу процесі мен нәтижелерін талқылауға белсенді қатысуға шақырады. Біз бірінші – өлшеуішті таңдадық. Өлшеуді неден бастаймыз? (Өлшеуішті кесінді үстіне	

				қою керек.) Өлшеуішті өлшейтін заттың ең шетімен қосып біріктіріп ұстау керек. Одан соң не істейміз? Қарындашпен өлшемнің шетін белгілейміз, осы белгіден бастап өлшеуішті қайтадан қойып, өлшеуді әрі қарай жалғастырамыз. Біз өлшеуішті бірінші рет қойғанда, өлшемнің шетін белгілеп, сол жерге ойыншық немесе кез келген бір затты белгі ретінде қалдыру керекпіз Ол бізге өлшемнің бір рет дәл орындалғанын білдіреді. Өлшейміз, белгіленген сызыққа қарай жылжытып, тағы да өлшенген жердің шетін ойыншықпен белгілейміз. Бұл бізге өлшемнің екінші рет дәл түскенін көрсетеді. Өлшеу ережелерімен	

				алғашқы танысу кезінде педагог балаларға өлшеу әдістері мен ережелерін көрсетеді және талдайды, қорытындылайды, нәтижені анықтайды. Осыдан кейін балаларға өлшеуді өз бетімен орындауды ұсынады. Балалардан іс-әрекеттерді түсіндіріп айтуға, содан кейін өлшеу нәтижелерін бірге талқылауды сұрайды. Балалар өлшемдерді санайды және жазады (цифры бар карточканы орналастырады), сұрақтарға жауап береді. Өлшеу ережелерін талқылайды және анықтайды: өлшемдерді қатар қойып, оларды санау керек. Сергіту сәті. Балалар қимыл-қозғалысты педагогке ілесіп жасайды. Орманда	

				секіреміз, жүреміз! (Оқушылар бір орында тұрып секіреді, жүреді.) Терең, терең тыныстап, қуанамыз, күлеміз! (Терең дем алып, езулерін жымитады.) Оң жағымда өседі биік, биік ағаштар, (Оң жаққа қарап, қолдарын жоғары көтеріп түйістіреді.) Сол жағымда өзен бар, суға түсіп, жүземіз (Суда жүзу қимылдарын жасайды.) Көбелекті қуамыз, «Алақай!» деп айтамыз! (Барлығы бірге дауыстап «Алақай» деп айтады.) Кеш болғанда жүгіріп, үйге біздер қайтамыз! (Бір орында тұрып жүгіреді.) Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Қоршаудағы тақтайшаларды салыстыр.	

				Ұзынын белгіле. Қара және ақ қойларды сана. Цифрды қоршап сыз. Қоршаудағы тақтайшалардың ұзындығын өлшеу үшін «Лего» конструкторы немесе текшелер қолданылады. 1-тапсырма.Өлшемдер санын есепте. Қай тақтайша ең қысқа? Ұзындықтары бірдей тақтайшалар бар ма? 2-тапсырма. Заттарға қара. Оларды ұзындығы бойынша салыстыр. Қалай салыстыруға болатынын түсіндір. 3-тапсырма. Заттарды ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қос. 4-тапсырма. Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдап алуға көмектес. Сызып қос. Гномдарға заттарды	

				өлшеміне қарай таңдап беруге көмектесуді ұсынады. Оларды қосып сызу керек. Педагог балалардан: Гномдардың айырмашылығы неде? Олардың бойы әртүрлі және киім түстері әртүрлі. Әрі қарай, балалар гномдардың көлеміне қарай шелектер мен күректерді (үлкен – орташа – кішкентай) таңдайды. Гномдарды өлшеміне сай келетін заттармен сызып қосады. Гномдарға өз қарындаштарын табуға көмектес. Оларды біріктіріп сыз. Таңдалған қарындашты гномның қалпағымен бірдей түске боя. Логиканы дамытуға арналған ойын жаттығуы. 1. Қызыл қарындаш	

				жасылға қарағанда ұзын, жасыл қарындаш көгілдірге қарағанда ұзын. – Ең қысқа қарындаш қандай? (Көгілдір.) 2. Жасыл таспа көгілдірге қарағанда жіңішке, көгілдір таспа қызылға қарағанда жіңішке. Қай таспа бәрінен жуан? (Қызыл.) Топтық жұмыс. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді. Педагог балаларға әртүрлі ұзындықтағы таяқшаларды немесе қарындаштарды таратады. Заттарды өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды. Педагог хормен жаңа сөздерді қайталауды сұрайды ұзын – қысқа, биік – төмен, кең – тар, жуан – жіңішке. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** тізені	

				жоғары көтеріп жүру, белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру, үш қатармен,бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына жүру, баяу жүгіру. Балалар жүгіру кезінде алаңның бір жағымен тізелерін жоғары көтере отырып жүгіреді. Жүру. Бастаушылардың артынан 3 тізбек болып қайта сапқа тұру. Заттарсыз жалпы дамытатын жаттығулар орындау. Тыныс алу жаттығуын орындау (5 рет). 1. «Таңғаламыз». Б.қ. – тік тұрып,	

				иықты төмен түсіру және еркін тыныс алу. 1 – иықты ақырын көтеріп, бір уақытта демді сыртқа шығару. 2 – б.қ. 2. «Иық». Иықтармен жұмыс істейміз, иығымызбен билейміз. Б.қ. – негізгі тұрыс 1 – иықты алға шығарып, төмен түсіп тұрған қолдарымызды ақырын айқастырамыз, еркін демаламыз. 2 – иықтарымызды ақырын артқа жіберіп, жауырындарымызды қосамыз және сол уақытта демімізді сыртқа шығарамыз. 3. «Тербелеміз». Б.Қ. – негізгі тұрыс. 1 – омыртқаны кеуде тұсынан иіп, алға қарай еңкейеміз және демді сыртқа шығарамыз. 2 – ақырындап денемізді түзейміз және тыныс алып, артқа шалқаямыз.	

				4. «Бұрылу». Б.қ. – негізгі тұрыс 1 – тыныс аламыз. 2 – демді сыртқа шығарғанда бұрыламыз – бір қолды артқа, екінші қолды алға жібереміз. 3 – б.қ.; осыны екінші жағымызбен қайталаймыз. 5. «Бүйіріңді сипа». Б.қ. – аяқтың арасын ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз. 1 – оң қолды ақырын көтеріп, иығымызды көтереміз (тыныс алу). 2 – қолымыз бен иығымызды түсіреміз (демді сыртқа шығару). Осыны сол қолымызбен айталаймыз. Спорттық жаттығулар – велосипедпен сызылған шеңбер бойымен жүру. Педагог бұрыла білуіне, өз бетінше велосипедке отыру және түсуіне баса назар аударады. Қорытынды	

				кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Міне, мен қандай күштімін!».	
2-ші таңғы ас	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Серуенге дайындық	«Киім киюдің әдебін білеміз бе?» **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 27** **Жапырақтардың толық түсуін бақылау** **Міндеті:** Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және тбиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын	**№14** **Аула тазалаушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел** Еңбексіз өмір – сөнген көмір. **Коммуникативтік дағды** **Қмылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу** **Міндеті:** үлкендердің еңбегін құрметтей алады. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеті:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Міндеті:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ	**№ 26** **Топырақты бақылау** **Міндеті:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5** **Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-	**№ 20** **Ағаштарды бақылау** **Міндеті:** Сыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2-3 түрін (шырша,қайың,терек) танып, ажырата білуге үйрету.Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа

	осылай жалғаса береді. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауладағы жұмыс.** **Міндеті:** Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ. Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) **Коммуникативтік дағды**		Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** Ұжымдық тапсырмаларды орындау. **Міндеттері:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. Тақпақ: «Күз келді» Қыр мен сайда Орман, тоғайда Ағаштар мен гүлдер Байқайсың ба, Кеуіп солды ғой. Күн суыды, Гүл семді. Бізді тастап Сезесің бе, Құстар да кетті.	бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Ағаштардың арасындағы құрап қалған бұтақтарын жинау. **Міндеті:** Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырма дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Көркем сөз** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **Коммуникативтік дағды**

				Коммуникативтік дағды	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау,әдепті және сабырлы болуды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, мен бүгін Аязды көрдім. – Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады. – Мен: «Әрине, қуанды», – дедім. – Сендер қуандыңдар ма? – Ендеше мына күміс қоңырауды ал да, балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыс келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесе қатты боран соғып, аяз қысады, – деді. – Кәне, балалар, Аяздың айтқанын орындаймыз ба? Орындамасақ, Аязды ашуландырып алармыз. – Өте жақсы, балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аязда көріп, риза болып қалған шығар – Балалар, бүгін А.Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, ақын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап	**Математика негіздері** **Міндеті:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту. Геометриялық фигураларды дұрыс атап,оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта,оң жақта,жоғарыда,төменде);қозғалыс бағыттары:сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа,жоғарыдан төменге,алға,артқа. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сандар қашты» ойыны. Педагог балаларды үш топқа бөледі және әр топқа 1-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточкаларды таратады. Карточкаларды үстелде жайып, араластырады. Балалар сан қатарын тура, одан кейін кері тәртіпте орналастырады. Топтар ойынды 2-3 минут ойнайды. Ойындық жаттығуы «Цифрды жина». Жұптық жұмыс: «Ретімен қой» (ұзындық, жуандық бойынша), балаларға түрлі түсті кесінділер жиынтығы беріледі, оларды ұзындық бойынша: ұзынынан бастап, қысқасына дейін немесе керісінше орналастыру ұсынылады.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Суретке қараңдар, ненің суретін көріп отырсыңдар? (Нан). – Ендеше «нан» деп бірнеше рет қайталайық. – Бірінші қандай дыбыс құлағымызға естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі өтетін жаңа дыбысымыз – «Н». Балаларға нанның суреті бойынша әңгіме құрауға тапсырма беріледі. Нанның пайдасы айтылып, «обал», «сауап» сөздеріне түсінік беріледі. Тыйым сөздер: Нанды бір қолмен үзбе! Нан уағын тастама! Жұмбақ шешу: Өзі үлкен жануар,	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дидактикалық ойын: «Не көріп тұрсың?» — Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Мынау - басы. Мынау - қолы. Мынау - аяғы. Бұлар - дене мүшелері. Жаңа сөздермен таныстыру. —Көз көру үшін керек. -Көз не үшін керек? -Көз көру үшін керек. —Құлақ не үшін керек? -Құлақ есту үшін керек. -Мұрын дем алу үшін керек. -Мұрын не үшін керек? -Мұрын дем алу үшін керек. —Қол ұстау үшін керек. -Қол не үшін керек? —Қол ұстау үшін керек. -Қол жазу үшін керек. -Қол не үшін керек? -Қол жазу үшін керек. -Қол сурет салу үшін керек. -Қол не үшін керек? -Қол сурет салу үшін керек. —Аяқ жүру үшін керек. -Аяқ не үшін керек? -Аяқ жүру үшін керек. -Аяқ жүгіру үшін керек. -Аяқ не үшін керек? —Аяқ жүгіру үшін керек.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын жаттығуы: «Не үшін керек?» Педагог суретті көрсетіп, олардың аттарын айтады және сұрақ қояды. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** -Мынау - қол. Қол не үшін керек? Сәуле мен Арман тазалық заттарын алып келеді. -Сәуле, не әкелдіңдер? -Тазалық заттарын. Олар бізге таза жүру үшін керек. «Тазалық - денсаулық кепілі» мақалын балаларға түсіндіру. Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек. Жаңа сөздермен таңыстыру. -Тазалық сақтауға сабын, жөке, сүлгі, тарақ қолданамыз. Мынау не?

	өлең жазған. «Жазғытұрым», «Жаз», «Күз», «Қыс». Біз бүгін қыс мезгіліне арналған «Қыс» өлеңімен танысамыз. Тақтаға демонстрациялық материалды ілу. Педагог өленді мәнерлеп екі рет оқып береді. «Қыс» Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. – Өленді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер? – Иә, балалар, Абай атамыз өленде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. – Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген. – Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? – Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді? – Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? –Иә, дұрыс айтасыңдар. Сергіту сәті: Боран гулеп соғады, Айналаны орады, Баста – тымақ, Үстінде – тон, Қайсар қалай тоңады? Аяғында – саптама, Өзіне дәл, шақ қана. Қолда – қамшы, астында – ат. Мақта, мейлі Мақтама. Қайсар бейне атамдай. Қой қайырған шопандай. (Н.Жанаев)	Сурет арқылы тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Сана. Тиісті цифрмен сызып қос. 2-тапсырма. Сол жақтан оңға қарай бесінші және алтыншы балықты қызыл қарындашпен, бірінші және жетінші балықты сары, үшінші және төртінші балықты жасыл қарындашпен боя. 3-тапсырма. Жолақтарды ұзындығына қарай боя. Көзбен және шартты өлшеуіштің көмегімен салыстыру қабілетін тексереді. 4-тапсырма. Не өзгергенін қоршап сыз. Геометриялық фигуралардың белгілерін көрсету: түсі, пішіні, өлшемі. Педагог іс-әрекетті қорытындылайды. «Сұхбат» әдісін қолданады. Балалар іс-әрекет туралы бір-бірімен сұхбат жүргізеді. Не үйренгендерін біліп, оны өмірде қалай қолданатындарын әңгімелеп айтып беруді сұрайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоциямен,қисынды қайталап айтып беруді үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тыныштық сәті (релаксация).	Үстінде бір тауы бар. Шешуі: нар. – Нар сөзінде бірінші қандай дыбыс естіледі? – Н дыбысы. «Н» – дауыссыз үнді дыбыс. «Н» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің үстіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Тілдің төмен түсуінен «Н» дыбысы жасалады. Сергіту сәті: Нан уағын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. «А-на», «нан» сөздерін салыстыра айтқызу арқылы буынға бөлгізіп, «нан» сөзінің буынға бөлінбейтінін түсіндіреді. Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: «Заттардың атындағы «Н» дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя» 2-тапсырма: Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл сандыққа,дауыссыз дыбыстан басталатын	-Көз, құлақ, мұрын, қол - бұлар сезім мүшелері. Балалар жаңа сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау). Көру - көзбен көру. Тыныс алу — мұрынмен дем алу. Есту - құлақпен есту. Ұстау - қолмен ұстау. Сергіту сәті. Педагог цимылмен айтып, балалар цайталайды. Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолга ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Тақпақты жаттау. Не үшін? -Екі көзің не үшін керек? -Жақсыларды көру үшін. -Екі қолың не үшін керек? -Елге көмек беру үшін. -Құлақ деген не үшін керек? -Ақыл-кеңес тыңдау үшін. (Қадыр Мырза Әли) Суретпен жұмыс: 1 .Суреттерге қара. Дене және сезім мүшелерінің атқаратын қызметіне қарай сөйлем құра. Дидактикалық ойын: «Сезім мүшелері» Шарты: сезім мүшелеріне сәйкес суреттерді табу. Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Сендерге не ұнады? **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын	Сабынмен не істейміз? Мынау не? Жөкемен не істейміз? Мынау не? Сүлгімен не істейміз? Мынау не? Тарақпен не істейміз? Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау). Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз. ү_ү_ү_ү_ сү-үл-гі- сүлгі. Тақпақ жаттау. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамын. Сүлгімен сүртемін, Айнага қараймын, Шашымды тарақпен тараймын. Мен ұқыпты баламын. Тақпақ мазмұны бойынша эңгіме жүргізіледі. 1.Тақпақ ұнады ма? 2.Таныс сөздерді ата. Олармен не істейді? Сергіту сәті. Шынығамыз жастай біз, Жаттығуды бастаймыз. Бір, екі, үш, бір, екі, үші, Бойымызға жинап күш. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын. 1 Жұмбақтарды шеш. Жауаптарды суреттерден тауып, жұмбақтарға қос. 2.Заттарды ата. Олар не үшін керек? Сөйлем құра. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»

	– Бүгін «н», «м» дыбыстарымен танысамыз. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта. Қорытынды бөлім. Рефлексия. – Бүгін кімнің шығармасымен таныстық? –А.Құнанбаев қай мезгілдерге арнап өлеңдер жазған? –Қандай дыбыстармен таныстық? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» «Жақсы мен жаман» әңгімесін оқып беру. Сұрақ жауап: **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Әңгіме қалай аталады, не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма? Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз? Жаман бала деп кімді айтамыз? Сен қандай бала болғың келеді? Досыңа сенуге болады ма екен? Аюдан қорқып досы қайда өрмелеп кетті? Аю не деп сыбырлап кетті деп айтты? Сергіту сәті: Қол алысып қане біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тік тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу. Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым, дос. **Апта дәйек сөзін бірге қайталау** **«Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»**	заттың суретін көк сандыққа сал. Саусақ жаттығуы: «Тыңда,орында» 3-тапсырма: «Дыбыстық талдау жаса» 4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. – Балалар, үйде, мейлі көпшілік арасында болсын, нан қоқымын көргенде басуға болмайды екен. Осыны өздеріңнің іні-қарындастарыңа да үйретулерің керек. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау,әдепті және сабырлы болуды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Қыс» мезгілі туралы өлең оқып беру. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. – Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер? – Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. – Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не	сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоциямен,қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік тіл дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады. Балалар, біз дөңгелене тұрып, бір — біріміздің жүзімізді көреміз, бір — бірімізге жымиямыз, жылы лебіздер айтамыз, осылайша қуанышқа бөленеміз. Армысың асыл күн, армысың жан досым. Жылуыма жылу қос, міне, менің қолым. Балалар, бір — бірлеріңнің алақандарыңды ұстап тұрып, нені сезіндіңдер? Жылылық, қуаныш, т.б. Тәрбиеші балалардан түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер? Біз бүгін » Түлкі мен бөдене » ертегісімен танысамыз. Тәрбиеші балаларға ертегіні мәнерлеп оқып береді. Бар екен, жоқ екен, баяғыда бөдене мен түлкі дос болған екен. Бір күні түлкі бөденеге айтады: – Досым, сен мені бір өлердей, күлдірші,– дейді. Бөдене: – Жарайды, соңыма ер, — дейді. Сөйтеді де, бөдене бытбылдық, бытбылдық деп, ұшып кете береді, түлкі оның соңынан еріп отырады. Әлдене уақытта бөдене бір ауылдың сыртына келіп қонып, түлкіге: – Досым сен осы жерде қарап отыр, мен сені қазір күлдірем,– дейді. Осылай деп, бөдене ұшып барып, сиыр сауып	-Тазалықты (сүйеміз). -Сабын, жөкемен (денемізді жуамыз). -Сүлгімен (денемізді сүртеміз). -Тарақпен .... (шашымызды тараймыз). Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. Сендерге не ұнады? Қызықты болды ма? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – «Н» дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз дыбыс па? Дауыссыз дыбыс. «Н» дыбысын сендер сөздердің басында, ортасында, соңында кездесетінін білесіңдер. Мен өлең оқимын «Н» дыбысы бар сөздерді естеріңде сақтап айтып беріңдер.

	Суретке қараңдар, ненің суретін көріп отырсыңдар? (Нан). – Ендеше «нан» деп бірнеше рет қайталайық. – Бірінші қандай дыбыс құлағымызға естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі өтетін жаңа дыбысымыз – «Н». Балаларға нанның суреті бойынша әңгіме құрауға тапсырма беріледі. Нанның пайдасы айтылып, «обал», «сауап» сөздеріне түсінік беріледі. Тыйым сөздер: Нанды бір қолмен үзбе! Нан уағын тастама! Жұмбақ шешу: Өзі үлкен жануар, Үстінде бір тауы бар. Шешуі: нар. – Нар сөзінде бірінші қандай дыбыс естіледі? – Н дыбысы. «Н» – дауыссыз үнді дыбыс. «Н» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің үстіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Тілдің төмен түсуінен «Н» дыбысы жасалады. Сергіту сәті: Нан уағын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. «А-на», «нан» сөздерін салыстыра айтқызу арқылы буынға бөлгізіп, «нан» сөзінің буынға бөлінбейтінін түсіндіреді. Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: «Заттардың атындағы «Н» дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші	Суретпен жұмыс: Суретте не бейнеленген? Кімді көріп тұрсыңдар? Баланың әрекетін ретімен әңгімеле. Жақсы баланың әрекетін айтып көр. Сен өзің қандай істермен айналысасың? Есіңе сақта: «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан». Қорытынды бөлім. Рефлексия. Сендерге не ұнады? Сендер отбасыңа, досыңа қандай жақсылық жасадыңдар? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылауды және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Күрделі сұрақ: Адамдар қысқа қалай дайындалады? Ал, жануарлардың қысқа дайындығы жайлы не білесің? Педагог суреттерді қарап шығып, құстардың қысқа қалай дайындалатынын, ненің көмегімен қорғанатынын айтып беруді ұсынады. Суретті қарап шығып, онда бейнеленген жануарлардың атауын атайды және олардың қысқа қалай дайындалатынын айтып береді. Мысалы, кірпі күзде інін дайындайды, ішіне мүк пен құрғақ жапырақ төсейді. Жапырағы құрғақ жерді таңдап алып, сол жерге ары-бері домалайды. Инесіне жапырақтарды қадап алғаннан кейін, ініне апарып тастайды да,	үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген. – Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? – Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді? – Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? –Иә, дұрыс айтасыңдар. Сергіту сәті: Боран гулеп соғады, Айналаны орады, Баста – тымақ, Үстінде – тон, Қайсар қалай тоңады? Аяғында – саптама, Өзіне дәл, шақ қана. Қолда – қамшы, астында – ат. Мақта, мейлі Мақтама. Қайсар бейне атамдай. Қой қайырған шопандай. (Н.Жанаев) – Бүгін «н», «м» дыбыстарымен танысамыз. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы:	отырған бір әйелдің басына қонады. Мұны үйдің жанында ағаш жонып отырған оның адамы көріп: – Қара, басыңа бөдене қонды, қозғалма, оны мен ұрып алайын, – дейді. Дейді де, қолағашты алып, бөденеге жіберіп қалады. Бөдене ұшып кетеді. Әйел адам сулап қалады. Түлкі шек-сілесі қатып күледі. Түлкі әлдене уақытта күлкісін әрең тыйып: – Досым, ризамын, өлердей күлдірдің. Енді сен мені өлердей бір қорқытшы, – дейді. Бөдене: Жарайды. Мен бытбылдық, бытбылдық деп ұшып отырам, сен көзіңді тарс жұмып, менің соңымнан еріп отыр. Көзіңді мен аш дегенде ғана аш, – дейді. Осылай бөдене бытбылдықтап ұшып отырады, түлкі көзін жұмып, оның соңынан жортып отырады. Бір кезде бөдене түлкіге: – Көзіңді аш, – дейді. Түлкі көзін ашып жіберсе, төңірегі тола ит жүгіртіп, құс салған аңшы екен. Түлкінің жүрегі тас төбесіне шығады. – Өлді деген осы екен, — деп, ол бар пәрменімен қаша жөнеледі. Ит, құс соңына түсіп қуады. Түлкі бір уақытта қашып құтылып, бір бұтаның түбіне келіп, демалып отырады. Әлдене уақытта бөдене келеді. Оған түлкі ашуланып: – Қорқыт дегенде осылай қорқыт деп пе, ем. Сен мені қорқытпақшы емес, өлтірмекші болған екенсің. Сен маған дос емес, қас екенсің. Мен сені жеймін деп, бөденеге дүрсе құмтылады. Бөдене пыр етіп, ұшып кетеді. Түлкі оның құйрығын жұлып алып қалады. Бөденеңің құйрығы осыдан	Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқпа, қуыршақ? Жуынбайсың сен неге, Кірің жоқпа, қуыршақ? (Р.Тышқанбаев) Дидактикалық ойын: «Буынды айтып сөз құра» Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На.. . . . , Та. . . . Сергіту сәті: Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір, Қолды жоғары көтеріп, Қолды төмен түсіріп, Терең тыныс алайық. Педагог тақтаға көркем суреттер іліп, балаларға аттарын қолды шапалақтау арқылы буынға бөлгізеді. Мысалы: шалқан, тышқан, тиін, қоян, орындық, сауысқан. Билингвалды компонент: тышқан – мышь, сауысқан – сорока, шалқан – репка. Педагог саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Бір саусағым тіпті де Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды,

	бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя» 2-тапсырма: Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл сандыққа,дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін көк сандыққа сал. Саусақ жаттығуы: «Тыңда,орында» Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. – Балалар, үйде, мейлі көпшілік арасында болсын, нан қоқымын көргенде басуға болмайды екен. Осыны өздеріңнің іні-қарындастарыңа да үйретулерің керек. **Математика негіздері** **Міндеті:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту. Геометриялық фигураларды дұрыс атап,оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта,оң жақта,жоғарыда,төменде);қозғалыс бағыттары:сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа,жоғарыдан төменге,алға,артқа. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сандар қашты» ойыны. Педагог балаларды үш топқа бөледі және әр топқа 1-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточкаларды таратады. Карточкаларды үстелде жайып, араластырады. Балалар сан қатарын тура, одан кейін кері тәртіпте орналастырады.	қайтадан жүгіреді. Кірпілер тамағын түнде аулайды. Күзде жақсылап қоректеніп, семіріп алады. Бұл – оның қысқа дайындығы. Енді ініне кіріп, көктемге дейін ұйықтауына болады. Кірпі қыста ұзақ ұйқыға кетеді. Балалар аюдың да жаз бойы және күзде жақсылап тамақтанатынын айтады. Бірақ ол қор жинамайды. Сондықтан аюға кірпі сияқты азық жинап, тойып тамақ жеп, қысқа май жинаудың қажеті жоқ. Қыста аюдың апанын қалың қар басып тастайды. Оның іші жып-жылы болып тұрады. Аюдың кірпіге ұқсастығы қандай? Ал айырмашылығы неде? (Екеуі де қыста қалың ұйқыға кетеді, жаз бен күзде жақсылап тамақтанады, содан соң аю апанына, кірпі ініне кіріп ұйықтайды). Аю немен тамақтанғанды жақсы көреді? (Таңқурай, бал, ағаш қабығы, балық, құстар мен құмырсқаларды жейді). Кірпі жаз бойы немен қоректенеді? (Бақа, жылан, құмырсқа). Қасқырдың жүні жазда және күзде ұзарып өседі, қалыңдап, жып-жылы «тонға» айналады. Бұл қасқырға ауадай қажет. Өйткені ол тұмсығы мен аяқтарын құйрығымен жауып, қардың үстінде ұйықтайды. Қыста түлкінің аяғына қалың, жылы жүн өседі. Бұл оның аяқтарын жылытып тұрады. Былайша айтқанда, түлкінің байпағы бар деуге болады. Ол тышқан аулағанды жақсы көреді. Түлкі тіпті, қардың астында жатқан тышқандарды тауып алып жейді. Балалар түлкі мен қасқырға тонының түсін ауыстырудың қажеті жоқ деген болжам жасайды.	Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта Тіл дамыту дәптеріндегі тапсырма бойынша орындалады. Қорытынды бөлім. Рефлексия. –Бүгін кімнің шығармасымен таныстық? –А.Құнанбаев қай мезгілдерге арнап өлеңдер жазған? –Қандай дыбыстармен таныстық? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Заттардың пішіндеріне,бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып,түстер мен олардың реңктерін	шолақ болған екен. Қорытынды. Біз бүгін «Түлкі мен бөдене» ертегісімен таныстық. Түлкі сияқты алдамшы дос болудың жақсы емес екендігіне көзіміз жетті. Ертегіні сахналау. **Математика негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы,тіктөртбұрыш)мен денелерді(шар,текше,цилиндр)дұрыс атап,оларды ажырата білуге жаттықтыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сиқырлы фигуралар» еліне саяхаттауға шақырады. Бұл елде барлығы фигуралардан тұрады. Фигураларды қарап шығуды және олардың атауымен танысуды ұсынады. Педагог текшені, шарды, цилиндрді көрсетеді, жалпылама түсінік береді: «Текше, шар, цилиндр бұл – геометриялық денелер». Балалар фигура атауларын қайталайды және геометриялық денелердің суреттерін немесе үлгілерін көрсетеді. Топтық жұмыс жүргізу. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Әр топқа фигура таратылады. Педагог оларды зерттеп, анықтап қарауды, көлемді фигураларды қолмен ұстап көруді сұрайды. Фигуралардан сарай тұрғызуды ұсынады және оның қандай фигуралардан құрастырылғанын айтып беруді сұрайды. «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны. Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді қарап	Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Тапсырма орындау. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. – Балалар, ұйымдастырылған іс-әрекет ұнаса, алдарыңдағы күліп тұрған смайликты көтеріңдер, ал егер ұнамаса, ренжіп тұрған смайликті көтеріңдер. **Музыка** Балаларға қазақ халқының аспаптары туралы мағлұмат беру. Соқпалы,ұрмалы аспаптардың ойналу әдісімен таныстыру.Аспаптарды әуеннің ырғағына байланысты соғуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев, С.Жиенбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т.Қоңыратбай) Аспапта ойнау: «Қандай аспап?» (Б. Дәлденбай) Ойын: «Гүл жинау» Шарты: Әуенді тыңдай отырып,гүлді жинайды. Оразбаева Н.М Күтілетін нәтиже: Шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе,

	Топтар ойынды 2-3 минут ойнайды. Ойындық жаттығуы «Цифрды жина». Жұптық жұмыс: «Ретімен қой» (ұзындық, жуандық бойынша), балаларға түрлі түсті кесінділер жиынтығы беріледі, оларды ұзындық бойынша: ұзынынан бастап, қысқасына дейін немесе керісінше орналастыру ұсынылады. Сурет арқылы тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Сана. Тиісті цифрмен сызып қос. 2-тапсырма. Сол жақтан оңға қарай бесінші және алтыншы балықты қызыл қарындашпен, бірінші және жетінші балықты сары, үшінші және төртінші балықты жасыл қарындашпен боя. 3-тапсырма. Жолақтарды ұзындығына қарай боя. Көзбен және шартты өлшеуіштің көмегімен салыстыру қабілетін тексереді. 4-тапсырма. Не өзгергенін қоршап сыз. Геометриялық фигуралардың белгілерін көрсету: түсі, пішіні, өлшемі. Педагог іс-әрекетті қорытындылайды. «Сұхбат» әдісін қолданады. Балалар іс-әрекет туралы бір-бірімен сұхбат жүргізеді. Не үйренгендерін біліп, оны өмірде қалай қолданатындарын әңгімелеп айтып беруді сұрайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер	Ал қоян тонының түсін өзгертеді. Алдымен құйрығы, кейін артқы аяқтарының түсі ағарады. Балалар қоянның не үшін тонының түсін ауыстыруы қажеттігін, оның кімнен қорқып, жасырынатынын сөз етіседі. Қоян ешқашан ін қазбайды. Күндіз ол бұталардың түбінде ұйықтайды. Ал күн суытқан кезде үйілген қардың арасына кіріп алады. Өйткені ол жер өте жылы болады. Түнде тамақ табуға шығады. Тиін де тонын жылы тонға ауыстырады. Жаз бойы ол саңырауқұлақ жинап, кептіреді. Саңырауқұлақты үшкір бұтақтардың басына іліп әкеледі. Ал, өзі бұталардың арасынан шұңқыр қазып, соған жаңғақ жинайды. Ал үйшігінің ішіне құрғақ жапырақ төсейді; ағаш діңіне салынған қуыстың бір ғана аузы болады. Күн қатты суытқан кезде тиін оны құйрығымен жауып тастайды. «Пайда-зиян» ойыны. Ойын шарты: Ойын екі командаға бөлініп ойнайды.1-ші команда сол нысанның пайдалы жақтарын іздейді. Ал 2-ші команда зиянын іздейді. 1-ші командадағы балалар пайдасы: Қасқыр ауру жануарларды жейді; оның терісінен малақай, тон тігуге болады. Егер қасқырлар болмаса қоян көбейіп кететін еді. Ал олар ағаштарды кеміріп құртар еді. 2-ші командадағы балалар зияны: Қасқыр ормандағы кішкентай аңдарды құртады. Тіпті адамға да шабуыл жасауы мүмкін. Қасқырлар қойларды, ешкілер мен өзге де үй жануарларын өлтіреді. Қорытынды. Сұрақ-жауап.	беру,түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеуді үйрету. Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа,өз бетінше ойдан құрастыруға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог көліктердің қоғамдық, жеке және жүк көліктері болып бөлінетіндігін айтады. Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады? (Жүргізуші) Жүргізуші ең бастысы нені білу керек? (Мәшине жүргізуді, жолда жүру ережесін және т.б). Балаларға көлік түрлерінің суреттерін көрсете отырып, бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтуға болатындығын сұрайды (көліктер). Егер бала жауап бере алмаса, өзі айтады. Ойыншық мәшинелерді көрсетіп, олардың атын, атқаратын қызметін сұрайды. Мынау не? (Автобус). Автобус қандай жерлерге барады? (Ауылға, қалаға барады). Ал мынау не? (Трамвай). Трамвай қандай жолмен	шығуды ұсынады. –Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.) –Цилиндр неге ұқсайды? (Стақан, саптаяқ.) –Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық қорабы.) Суретті қарай отырып,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Фигураларды ата. Осындай пішіндегі заттармен сызып қос. Балалар суреттерді қарайды, суреттерге сәйкес пішіндермен өзара байланыстырады. Айтып түсіндіреді: «Қарбыз шарға ұқсайды», «Бөшке цилиндрге ұқсайды» және т.б. 2-тапсырма. Суреттен текше, шар, цилиндрге ұқсас заттарды тауып, оларды ата. Балалар суретті қарайды, заттарды атайды. «Сиқырлы дорба» дидактикалық ойыны. Дорбада әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Дорбаны ашып қарамай, қолды дорбаға салып кез келген бір затты (геометриялық дене, фигура) сезінуі қажет. Күрделендіру: Педагог дорбадан белгілі бір нақты (шар, цилиндр, үшбұрыш) фигураны табуға тапсырма береді. Бұл жағдайда бала қажетті фигураны тапқанша бірнеше фигураны дәйекті түрде зерделеп қолмен ұстап көреді. Фигураларды бір-бірімен салыстыру пайдалы. –Шарда қабырға бар ма? –Шар, текше дөңгеленіп айнала ма? Сергіту сәті. Балалар педагогтің қимылдарын қайталайды. Қауырсындай ақ шарым! (Қолмен	қайырмасы, соңы) ажырата алады;қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тізбекке тұру. Кәдімгі жүріспен жүру, бір-бірден тізбекте жүгіру; реттеуші жаттығулар – аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы жағымен жүру. Екі тізбекке тұру. Ойын түріндегі жаттығулар кешенін орындау. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсету. Мұрынмен демалу қабілетін бақылап отыру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: Бір орында секіру.

	тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден тізбекке тұру, жүру, жүгіру; доппен жасалатын реттеу жаттығулары (допты оң қолға ұстап), аяқтың ұшымен жүру – допты басынан асырып ұстайды, өкшесімен жүру – допты алдына шығарып ұстайды. Шеңберге тұру. Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды: 1. Допты 2 метр қашықтықтан қақпаға домалату. 2. Секіру: бір аяқты алға – екіншісін артқа қойып секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Шапалақта-секір». 3. Тепе-теңдік сақтау – қос сызықтың ортасымен жүру. Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен жүріп өт». Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тоннельге еңбектеп кір». Қорытынды кезең (Рефлексия). «Даусына қарап таны».	ҰІӘ –і қызықты болған болса күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды. Қызықты болмаса тік сызық сызады. **Музыка** Балаларға қазақ халқының аспаптары туралы мағлұмат беру. Соқпалы,ұрмалы аспаптардың ойналу әдісімен таныстыру.Аспаптарды әуеннің ырғағына байланысты соғуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев, С.Жиенбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т.Қоңыратбай) Аспапта ойнау: «Қандай аспап?» (Б. Дәлденбай) Ойын: «Гүл жинау» Шарты: Әуенді тыңдай отырып,гүлді жинайды. Оразбаева Н.М Күтілетін нәтиже: Шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;қазақ халқының күйші, композиторларын біледі;	жүреді? (Ол – трамвай). Трамвай темір жолмен жүреді (Трамвайға адамдар бір жерден екінші жерге бару үшін отырады). Адамдар трамвайды не үшін (қандай мақсатта) пайдаланады? Автобус пен трамвайдың ұқсастықтары қандай? (Екеуі де адамдарды тасиды. Екеуінің де кабинасы, шанағы бар). Айырмашылықтары қандай? (Трамвай автобус сияқты кез келген жерге бара алмайды. Олардың дөңгелектері әртүрлі). Трамвайдың кез келген жерге бару үшін не керек? (Темір жол керек). Темір жолмен тағы да қандай көлік түрі жүреді? (Пойыз жүреді). Не үшін барады? Пойыздың қандай айырмашылығы бар? (Пойыз алыс жерлерге бара алады. Және пойыздың бірнеше вагондары бар. Сол себепті ол ұзын). Ұқсастықтарын неден байқауға болады? (Пойыз да адамдарды тасиды. Бірақ пойыз адамдарды алыс-алыс жерлерге апарады). Сендер тағы адамдарды таситын қандай көліктерді білесіңдер? (Ұшақ, кеме). Ұшақ пен кеменің айырмашылығы	шар бейнесін жасайды.) Тым биікке ұшасың! (Қолдарымен қанат сияқты қағады.) Жіпті тартып қолымнан, (Арқан-тартыс қимылын жасайды.) Неге меннен қашасың? (Бір орында тұрып жүгіреді.) Қол бұлғай ма аспанын? (Қолдарын бұлғайды.) Қайда кеттің ақ шарым? (Екі қолды кезектестіріп, маңдайға қойып бір нәрсе алыстан іздегендей болады.) 3-тапсырма. Фигураларды сана. Тиісті цифрды қоршап сыз. 4-тапсырма. Әр қатардан артық затты тап. Белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Педагог қорытынды жасайды. Ұйымдастырылған іс-әрекетте танысқан фигураларды ауада бейнелеуді сұрайды. Балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** Дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу.	Балалардың назарын тізені ақырындап бүгу қажеттігіне аударады. Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Түсірмей алып өт». Балалардың табанды жіпке қойып, тепе-теңдік сақтауына, денені тік ұстауына назар аударады. Ойын ұйымдастыру: «Балапандар». Қорытынды кезең (Рефлексия). «Қатып қал!» ойыны: бір-бірден тізбекте жүру, тапсырманы орындау.

			недe? (Ұшақ аспанда ұшады, ал кеме суда жүзеді). Қоғамдық көлік түрлерінің құрғақта жүретін, суда жүзетін, темір жол арқылы жүретін және әуеде ұшатын болып бөлінетіндігіне және пойызды жүргізетін адамның жүргізуші, ал кемені басқаратын адамның капитан деп аталатындығына тоқталу. Сонымен қатар, кеме мен пойыз жолаушыларды алыс жерлерге таситын болғандықтан олардың ішінде адамдарға жағдайдың жасалғандығын (тамақтанатын, ұйықтайтын т.б жердің болуы) айтады. Сонымен қатар жүк таситын кемелер мен пойыздың бар екендігіне тоқталу. Міне, көрдіңдер ме, балалар, адамдар үшін қызмет ететін көлік түрлері көп екен. Ал осындай көліктерге отыратын адамдарды жолаушылар деп айтамыз. Енді, балалар, мына суретке қараңдаршы. Сендерге осы көлік түрлерінің ішінен қандай көлік таныс? Өрт сөндіруші мәшинесін қандай жағдайда пайдаланамыз? Өрт сөндіруші мәшинесінің түсінің	Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимылды ойын: «Өз түсіңді тап». Педагог тәрбиеленушілерге өз қалаулары бойынша топқа тұруды ұсынады. Алаңның әр жағында әр түстегі бір-бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тобы қызыл түсті кегельді айнала, басқа тобы – жасыл түсті кегельді айнала, үшіншісі – сары түстісін айнала тұрады. Педагогтің «Серуендеуге!» деген белгісі бойынша барлығы бүкіл алаңмен түрлі бағытта жүгіреді. Келесі: «Өз түсіңді тап!» деген белгі бойынша балалар өз кегельдерін табуға тырысып, өз орындарына жүгіреді. Тізбек бойынша кезек-кезек негізгі қимылдарды орындау (3 рет). Футбол – допты еркін бағытта алып жүру (4 рет). Көрсетілім: допты соққымен алып жүру үшін оң немесе сол аяқтың ұшы жерге бағытталуы қажет, ал доп ойыншының алдында болуы тиіс. Тәрбиеленушілер допты алады және оны алаңда аяқпен алып жүреді, басқа балалармен соқтығыспауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы. «Жел». Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Қақпалар».	

			неліктен қызыл болатындығы, жедел жәрдем мәшинесінің неліктен жабық түрде болатындығы және оны не үшін пайдаланатындығы, трамвай, өрт сөндіруші және жедел жәрдем мәшинесінің атқаратын қызметі, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы, көліктің құрылысы туралы салыстырмалы түрде сұрақтар қоя отырып, толық мағлұмат береді. Ойын: «Дауысынан таны». Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың гудогі, ұшақтың, кеменің т.б) дыбыстарын ажыраттыру. Ойын «Сипатта» Шарты: Көп суреттердің ішінен өзіне ұнаған көлік түрі туралы алып, сипаттап айтып беру. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Рефлексия. Балалардан ұйымдастырылған іс-әрекеттен алған әсерлерін, көңіл күйлерін, не үйренгендерін айтқыза отырып, көңіл күйлерін смайлектер арқылы көрсеттіру. Жұмбақ жасыру. Алысты жақын еткізеді, Керек жерге жеткізеді.		

			(Көлік) – Қандай көлік түрлерін білесіңдер? Көліктердің жеңіл және ауыр түрі болатынын еске түсіру. Топтарға бөлініп жұмыс жасау. 1-топ: Көліктердің бір түрі автобустың негізгі бөліктерін нақтылап алайық. Педагог автобусты қалай жасау керектігін көрсете отырып түсіндіреді: алдымен тік төртбұрышты пішін жасалады; – дөңгелектері салынады; – алдыңғы бөлігіне кабина пішіні салынады; –терезесі кішкене төртбұрыштардан жасалады; – автобустың салған жеке бөліктерін бояйды. **Сурет салу** 2-топ: «Лего» конструкторын пайдалану арқылы мәшинені құрастыру. **Құрастыру** 3-топ: Көліктерді реттейтін бағдаршамның қызметі туралы әңгімелесу,қағаз бетіне орналастыру. **Жапсыру** 4-топ: Балалардың қалауы бойынша ермексаздан көлік түрлерін мүсіндеу. **Мүсіндеу** Рефлексия.		

			-Көліктің қандай түрлері болады? -Адамға көлік не үшін қажет? -Жолда жүру тәртібі не үшін қажет? -Не жасадыңдар, балалар?		
2-ші таңғы ас	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Серуенге дайындық	«Қоғамдық мүлікті қорға!» (Әңгімелесу) Міндеті: Қоғамдық мүлікті қиратпай,ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **Адал азамат** Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 19** **Құстарды бақылау** **Міндеті:** Қыстайтын құстарды ажыратуға (*үлкендігі, түсі, дауысы бойынша*); суық күндері және жылы күндері олар өзін-өзі қалай ұстайтынын, бақылауға үйрету. Құстар *ағаштардың және бұталардың тұқымдары мен жемістерімен, жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенетіні туралы* түсінігін кенейту; құстарға қыс мезгілінде адам көмегі қажет екенін түсіндіріп, құстарға деген қамқоршылығын дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.	**№14** **Аула тазалаушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел** Еңбексіз өмір – сөнген көмір. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеті:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен	**№ 26** **Топырақты бақылау** **Міндеті:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5** **Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** Ұжымдық тапсырмаларды орындау.	**№ 20** **Ағаштарды бақылау** **Міндеті:** Сыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2-3 түрін (шырша,қайың,терек) танып, ажырата білуге үйрету.Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар

	Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауладағы жұмыс.** **Міндеті:** Ересектерге көмек көрсетуге деген ынтасын дамыту, ересектерге көмек көрсетудегі балалардың бастамаларын құптау. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ. Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді. (Бұлбұл) **Коммуникативтік дағды**	**Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу** **Міндеті:** үлкендердің еңбегін құрметтей алады. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Міндеті:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	**Міндеттері:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. Тақпақ: «Күз келді» Қыр мен сайда Орман, тоғайда Ағаштар мен гүлдер Байқайсың ба, Кеуіп солды ғой. Күн суыды, Гүл семді. Бізді тастап Сезесің бе, Құстар да кетті. **Коммуникативтік дағды**	тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Ағаштардың арасындағы құрап қалған бұтақтарын жинау. **Міндеті:** Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырма дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Көркем сөз** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Картотека №14 Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Адал азамат**	«Адалдық алаңы» мультфильм тамашалау. Міндеті: Балалардың адамгершілік қасиетін, бір - біріне деген достық сезімдерін нығайту. **Адал азамат**	**Жеке қауіпсіздік «ДАЛАДА ОЙНАУ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»** **Мақсаты:** жарақаттар мен қауіпті жағдайларды болдырмау мақсатында балаларға сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Арнайы бөлінген орындарда, ересектердің бақылауымен ойнаудың маңыздылығын түсіндіру. Балаларды жолға жүгіріп шығу сияқты қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету. Материалдар мен ресурстар: түрлі сырттағы ойын жағдайларының суреттері немесе иллюстрациялары. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалармен амандасу. Сыртта ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. 1-ереже. Қауіпсіз	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: «Қала көліктері» Мақсаты: көше қозғалысы туралы білімін жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Автобус, троллейбус, трамвай, метро, пойыз. - Бұл көліктерді қайдан көрдіңдер? «Қала» мәтінінің мазмұны сұралады. -Қалада халық қалай шоғырланған? -Қаланың үйлері қандай? -Қала жылу мен суды қайдан алады? -Қалада нелер бар? - Адамдар қаланың бір шетінен екінші шетіне қалай қатынайды? -Қазақстанның ірі қалаларын ата. - Сен қай қалада тұрасың? - Сенің қаланда балаларға арналған қандай орындар бар? - Балалар, сендер жаңа қаланың бір шетінен екінші шетіне көліктердің тұрақты қатынайтынын айттыңдар. Ол қандай көліктер? - Бүгін тез арада Алматыға жетуің керек, қалай жетесің? -Теңіздің арғы бетінде бір елге баруың керек, қалай жетесің? Қала көшесіндегі көліктердің қозғалысы, бағдаршам, жол белгілері. Түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Жолдан өте аласың ба?» Шарты: екі топқа бөлініп ауыл мен қала көшелерінен өтеміз.	«Бағдаршам және біз» (Сюжетті-рөлдік, драмалау ойыны) Міндеті: Балалардың бағдаршам туралы түсінігін пысықтай отырып, жолда жүру ережесімен одан әрі таныстыру. Көшедегі көліктердің қозғалысына назар аударту, үлкендердің еңбегін бағалауға, адамгершілікке тәрбиелеу. **Адал азамат**

			жерлерде ойнау Балаларға тек ойын үшін арнайы бөлінген жерлерде, мысалы, аула, ойын алаңдары, саябақтарда ойнау керектігін түсіндіру. Ойынға арналған қауіпсіз жерлердің иллюстрацияларын көрсету. 2- ереже. Жолға шықпау, жолға қарай жүгірмеу Жолға жүгіріп шығуға немесе жолдың жанында ойнауға болмайтынын түсіндіру. Жолдың жанындағы қауіпсіздік ережелері бейнеленген суреттерді көрсету. 3- ереже. Айналаға қарау Жолды кесіп өтпес бұрын немесе жаңа жерде ойынды бастамас бұрын айнала, жан-жаққа қарау керектігін түсіндіру. Жолды кесіп өтер алдында айналаға, жан-жағына қарап тұрған балалардың суреттерін көрсету. 4- ереже. Ересектердің бақылауында ойнау Балаларға ең жақсысы ата-аналарының немесе басқа ересектердің бақылауында ойнау екенін түсіндіру. Ересектердің бақылауында ойнап жатқан балалардың суреттерін көрсету. 5- ереже. Айналадағы адамдарға мұқият болу Балаларды қақтығыстар	1 топ ауыл көшелерінен өтсе, 2 топ қала көшелерінен яғни, бағдаршамға, жол белгілеріне қарап өтулері керек/одан кейін орындарына лмастырады/. **Қорытындылау** Қаладағы және ауылдағы көлік түрлерін салыстыру.	

			мен жарақаттануды болдырмас үшін басқа балалар мен ересектерге қарауға үйрету.		
Балалармен жеке жұмыс	**__Мансур** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**_____Мансур** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта, түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**_____ жеке жұмыс** Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуді жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**_____ жеке жұмыс** Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**_____ жеке жұмыс** Қайшыны дұрыс ұстауды және оны қолдана алуды үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 19**	**№ 14**	**№ 3**	**№ 26**	**№ 20**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Апта дәйек сөзі:** «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» балалармен бірге қайталау. **Адал азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	«Қауіпсіздік ережелері» мультфильм тамашалау. Міндеті: Балалар арасындағы жазатайым оқиғаларды азайту, оларды ықтимал апаттан сақтандыру, ең бастысы қауіпсіздік шараларына үйрету. **Адал азамат**	**Картотека №14 Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Адал азамат**	«Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Адал азамат**	**Картотека №6 Ұлттық ойын:** «Сақина жасыру» Шарты:Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. **Адал азамат**	«Балабақша өз үйім» өлеңін айту. Міндеті: Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру. **Адал азамат**
Балалардың үйге	Ата-аналарға балаларға	Ғанибай Саяттың ата-анасына	Марзабай Амирдің ата-	Ата-аналардың назарына жыл	Ата-аналардан демалыс

қайтуы	оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	анасына үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	мезгіліне сай баланы киіндіруді ұсыну.	күндерінде балаларымен бірге таза ауаға серуенге шығуын талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Дос көп болса – күш көп»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 01.12- 05.12.2025 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін айту** **«Күй күмбірі»** «Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова **(Біртұтас тәрбие)**	Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** «Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **«Күй күмбірі»** «Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу,әңгімелесу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** «Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова **(Біртұтас тәрбие)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **«Күй күмбірі»** «Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова **(Біртұтас тәрбие)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту	Баланың үйдегі ойынықтарға деген қызығушылықтарын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Табиғатты аялайық!»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Еңбектің-наны тәтті»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Кітап-білім бұлағы»** (Балалармен мақал-мәтел жаттау)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау ережесі»** (Балалармен әңгімелесу)
Ертеңгілік жаттығу	**№ 11 Таңғы жаттығу кешені**				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Біртұтас тәрбие:** **«**Суретті мақал-мәтел» Міндеті: баланың ойлау қабілетін дамыту **(коммуникативтік дағды)**	**«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы** Міндеті: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**«Ретімен қой»** Міндеті: сандарды ретімен қоюды үйрету **(танымдық және зияткерлік дағдылар)**	**Балалармен жұмбақ шешу** Міндеті: жұмбақтар арқылы ой-өрісін дамыту, дүниетанымын кеңейту **(коммуникативтік дағды)**	**Артикуляциялық гимнастика** «Күлімсіреу», «Тұмсық» Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. **(Тіл дамыту**)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** допты еденге лақтыру, жерге тиіп секірген допты қос қолдың еркін қимылымен қағып алу қабілетін дамыту. Қойылған заттарға жанаспай, олардың арасымен бағытын ауыстыра отырып еңбектеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз;ептілік, организмнің жалпы төзімділігін дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Ойындық сәт: бізге әуе шары қонаққа келді. Балалардың назарын шардың көзіндегі жасқа аударады. «Неге шардың көзінде жас тұр, ол неге көңілсіз?» деп сұрайды. Өтініш жасайды: «Шарды салауатты болуға және көңілді жүруге үйретіңдер». Ойын: «Белгіге құлақ сал». Қолдарына доп ұстап (оң	**<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау, суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі – көңіл ажары, Күліп өмір сүрейік! Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем	**<u>Тіл дамыту</u>** **Міндеті:** «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру. Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, мен бүгін Аязды көрдім. – Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады. – Мен: «Әрине, қуанды», – дедім. – Сендер қуандыңдар ма? – Ендеше мына күміс қоңырауды ал да, балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыс келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесе қатты боран соғып, аяз қысады, – деді. – Кәне, балалар, Аяздың айтқанын орындаймыз ба?	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **(таза ауада)** **Міндеті:** текшені көлденең нысанаға қолды екпінді түрде түзету арқылы лақтыруға үйрету, көз мөлшерін дамыту. Бір орыннан ұзындыққа секіру кезінде дұрыс бастапқы қалыпты бекіту, қолдың төмен-алға қарай қозғалысын аяқтың итерілуімен үйлестіре орындау. Ептілікті, төзімділікті, қиялын дамыту. Мейірімділік пен толеранттылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Жұмбақ жасырады. Орманда туып, жетілемін, Талдан-талға секіремін. Айуан боп өскеніммен, Тамақ жеймін қос қолыммен. Әттең үйде тумағанмын, Әйтпесе ғой құдды адаммын. Педагог бір топқа	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** тапсырмаларды орындап, гимнастикалық орындық үстінде жаттығулар орындау, тепе-теңдікті сақтау. Тізе мен алақанды тіреп, бір қатарға қойылған заттардың арасымен еңбектеп жүру қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Аяқ пен қолдың қозғалысын үйлестіру және заттарға жанаспай жүруді үйрету. **Ұйымдастыру барысы:** Орындықты бір-біріне параллель бағытта қойып шығады. Балалардың назарын орындықтарға аударады. «Орныңды тап!» ойынын ойнауды ұсынады. Балалардың назарын орындықта бір-бірін итеруге болмайтынына аударады. Орындық үстінде жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.

	қолға) зал ішінде «шашырап» жүреді. Бір-бірден Тізбекке тұру. Балалардың назарын кеңістікте бағдарлауға аударады. Екі тізбекке тұрады. Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Доппен жасалатын жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсету. Жаттығулардың дұрыс орындалуына, дене сымбатының сақталуына назар аударады. Ойын түріндегі жаттығу: «Доппен фигура жаса» Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау. Допты жерге лақтыру және секіргеннен кейін қағып алу. Балаларға түсіндіру: қолды қыспай, саусақтардың арасын ашып, екі жаққа созамыз; допты жерге төмен қарай тігінен тастаймыз, жерге тиіп секіргеннен кейін, қолдың еркін қимылымен ұстап аламыз. Бір қатарға қойылған заттардың арасымен алақаны мен табанын тіреп еңбектеу (кегельдерді екі сызық бойына 6 данадан қойып шығады). Түсіндіру: қимылдарды балалардың бірі көрсетіп тұрады.	гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» -Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. -Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып. Сұрақ жауап: -Өлең қалай аталады, не туралы айтылған? -Сендерге ұнады ма? -Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз? -Жаман бала деп кімді айтамыз? -Сен қандай бала болғың келеді? Суретпен жұмыс: -Суретте не бейнеленген? -Кімді көріп тұрсыңдар? -Баланың әрекетін ретімен әңгімеле. -Жақсы баланың әрекетін айтып көр.	Орындамасақ, Аязды ашуландырып алармыз. – Өте жақсы, балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аязда көріп, риза болып қалған шығар – Балалар, бүгін А.Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, ақын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазған. "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс". Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз. Тақтаға демонстрациялық материалды ілу. Педагог өлеңді мәнерлеп екі рет оқып береді. **Қыс** Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. – Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер? – Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. – Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген. – Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? – Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?	тапсырма орындауды, ал басқаларына онымен бірге нәтижесін бағалауды ұсынады. «Кім мерген?». Көлденең нысанаға лақтыру (құрсаулар лақтыру сызығынан 2 метр қашықтықта). Соғатын қолға аттас аяқты сәл артқа қою және соғу күшін саралау білігіне назар аудару. Екі тізбек болып тұрады. Әр тізбектен бір бала белгіленген лақтыру сызығына келеді. Себеттен текшені алады, дұрыс бастапқы қалыпта тұрады – лақтырған кезде оң қолымен лақтырғанда оң аяғын сәл артқа қояды, құрсауға төменнен лақтырады. Лақтырғаннан кейін өз тізбегінің соңына барып тұрады. Бір-біріне кедергі жасамауға тырысады. Ойынды жаттығу: «Кім алысқа секіреді?» Бір орыннан ұзындыққа секіру. Бір мезгілде екі аяқпен итерілуге баса назар аударылады. Тәрбиеленушілер бір-біріне қарама қарсы екі қатарға тұрады. Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйренеді. Екіпнді түрде итеріледі, бір мезгілде екі аяқпен	Тепе-теңдік сақтау қабілетін дамытуға назар аудару қажет. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Қолын белге қойып, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру (орындықтың ұзындығы – 35 см, ені – 20 см). Бас пен денені тік ұстау қажеттігіне балалардың назарын аударады. Жаттығудың орындалуын қадағалау, жүруге қорыққан балаларды сақтандыру. Қатарласа қойылған заттардың арасымен алақанды және табанды тіреп, төрт аяқтап еңбектеу. Кегельдерді алты данадан екі қатарға қойып шығады. Кегельдерді айналып өту қабілетіне назар аударады. Ойын ұйымдастыру: «Балапандар». Ойын тәртібін түсіндіру. Тізбекте жылдам тұру және «паровоз» болып жүру қабілетіне назар аударады. ҰІӘ-ні қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Ойын: «Шеңберді айнала». **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі

	Нұсқау: кегельдерді айналып, абайлап еңбектеу қажет. «Біз көңілді балалар» ойынын ұйымдастыру. Ойын тәртібін түсіндіру. Қуғыншыдан қашып құтылу керектігін, жүгіргенде бір-бірімен соқтығыспау қажеттігін ескертеді. Эмоционалдық фонды қалыпқа келтіру – «Күлкілі беттер». **Қорытындылау** **Тіл дамыту** **Міндеті:** Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Педагог: 1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. 2. Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ. – Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын жазушылыр өлеңдер, тақпақтар, әңгімелер жазған. М.Жаманбалинов ағамыздың да "Суретші", "Алғашқы қар" деген өлеңдері бар.	-Сен өзің қандай істермен айналысасың? Есіңе сақта: «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан» «Жақсылық пен жамандық» мультфильм тамашалау **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті**: геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым «Фигураны көрсет, атауын айт» ойынын ойнауға шақырады. Педагог фигураларды үш сөреге орналастырады (жалпақ және көлемді). Содан кейін ол сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан фигурасы бар карточканы көтеруді сұрайды. «Екінші сөренің ортасында...», «Төменгі сөреде сол жақта...» және т.б. балалар карточканы көтергеннен кейін фигураның атауын дауыстап айтуы қажет. «Затты тап» ойынын ойнауды ұсынады 1-тапсырма. Әр топтан артық затты тауып, қоршап	– Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? –Иә, дұрыс айтасыңдар. **Сергіту сәті:** – Бүгін "н" "м" дыбыстарымен танысамыз. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта Қорытындылау **<u>Сауат ашу</u>** **Міндеті:** "Е" дыбысын қайталау. Е дыбысының сөздегі орнын тапқызу. Балалардың сөзге дыбыстық талдау жасауын одан әрі дамыту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:**	секіреді. Қолдарын екпінді түрде сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады. Педагог жеңімпаздарды анықтайды «Су-Джок» шарларымен өз-өзіне массаж жасау ойыны Негізгі қимылдарды орындау. Оңға қосалқы адым жасап, бір кермеден екіншісіне өту арқылы гимнастикалық қабырғамен өрмелеу (3 кермеден). Отырып, допты қос қолдап бастан асыра лақтыру. Бір-бірінің соңына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру, доптың алысқа ұшуы лақтыру күшіне тығыз байланысты. Жалпақтабанның алдын алу. 1. Аяқтағы башпайларды бүгу және жазу. 2. Башпайларды бүгіп, парақты табанның астына қарай итеру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Адасқан доп». Ойын тәртібінің сақталуына назар аударады. Допты берген кезде ойыншылар орнынан қозғалмауы тиіс. Допты үшінші тұрған адамға беруге болмайды. Допты тек қана	кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. Дамытушылық міндеті: есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбер Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар - Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді. Педагог суреттің көмегімен «Қолгап» ертегісін балаларға айтып береді. - Ертегі ұнады ма? - Ертегіде кімдер бар? - Мынау — қолгап. - Мынау не? (Қолгап). - Бірінші кім келді? (Тышқан) - Тышқан қандай? - Тышқан кішкентай. - Екінші? (Бака) - Бақа не деді? - Бақа не істейді? - Тышқан не деді? - Соңғы кім келді? (Аю)

	Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз. Педагог мәнерлеп оқиды. О, керемет, керемет! Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Қонып жатыр жерге кеп, Бақшаға кеп, бауға кеп. Қонып жатыр көлге кеп – Кетті ұласып жер мен көк. Шыр көбелек айналып, Қонып жатыр жайланып: – Енді қайтып ұшпаймыз, Осы жерде қыстаймыз. Педагог балаларға сұрақтар қояды. – Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? – Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады. – Өлеңде автор қарды неге теңейді? – Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? – Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. – Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады. **Сергіту сәті**	сыз. Өз таңдауыңды түсіндір. – Бұл заттар қандай геометриялық денелерге ұқсайды? – Әр жиынтық топта бір «артық» элементтің пішіні қандай? Ал қалған заттардың пішіні қандай? 2-тапсырма. Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Қай зат қандай пішінге ұқсайды? Сызып қос. Балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. **Сергіту сәті.** 3-тапсырма. Заттардың шеткі сызықтарын көрсетілген түстерге сәйкес бастырып сыз. Артық затты тауып, оны ата. Ұқыпты жұмыс істеуді, үстелде дұрыс отыру қалпын сақтауды еске салады. Ойын жаттығуы. «Фигураларды топқа бөл». Қорытынды жасалады. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде танысқан фигураларды ауада бейнелеуді сұрайды **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.	Шаттық шеңберіне балаларды тұрғызу. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы – Достығымыз жарасқан. – Балалар, өткен тақырыбызда біз «Е» дыбысымен танысқанбыз. Бүгін «Е» дыбысын қайталап дидактикалық ойындар ойнаймыз. – «Е» дыбысты есімізге түсірейік, дыбысын әндетіп созып айтып көрейік. – Е-е-е-е-е-е. – Әндетіп, созылып, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығатын дыбыстарды қандай дыбыстар дейміз? – Дауысты дыбыстарды, дыбыстық талдауда қандай түспен белгіледік? – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгіледік? – Қазір мен мақал-мәтел айтамын, сендер «Е» дыбысы бар сөздерді естеріңде сақтап қалуға тырысыңдар. **Мақал-мәтел.** 1.Ер дәулеті – еңбек. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3.Ер қадірін ел біледі, Зер қадірін – зергер біледі. Сөздік жұмыс «Зер» ою өрнек салу. Зергер – алтын, күміс және асыл тастардан бұйым жасайтын адам. **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Ойын шарты: педагог бір топқа жататын сөздерді айтады да, допты балаларға лақтырады.	жанындағы ойыншыға беру керек. Жүргізушінің шеңберге кіруіне тыйым салынады. Допты оң жақтан да, сол жақтан да беруге болады. Қорытындылау **<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Әңгімені эмоциямен бейнелі мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрап айтуға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа. Үлкен болған кезінде, Сыйлы болмақ өзі де. Педагог жұмбақ жасырады. – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? (Мақта) – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды. – Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.	- Барлығы неше болды? (6) - Аю қандай? - Аю үлкен. - Аю қалай жүреді? Сұрақтар беру арқылы кейіпкерлер сөзін мәнерлеп қайталату арқылы тілдерін жетілдіріледі. **Сергіту сәті:** 1 .Суретке қара. Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Қай жануардан кейін қайсысы келді? Цифрмен көрсет. Бірінші тышқан келді. 2.Сыңарын тап. Сызықпен қос. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** "І" дыбысымен таныстыру. Сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру, сөздік қорын, тілін дамыту. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, барлықтарыңның аттарың, яғни есімдерің бар. Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер дайынсыңдар ма? Есімдеріңді өлшеңдер.

	Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу кезіндегі ерекшеліктерін түсіндіреді. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Қатаң дауыссыздар: дауыс шымылдығы қатыспай, тек салдырдан жасалатын дауыссыз дыбыстар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ. Ұяң дауыссыздар: салдыр мен үннің қатысы арқылы жасалған, бірақ үннен салдыры басым дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар дейміз. ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, h. үнді дауыссыздар: үн мен салдырдың қатынасынан жасалып, бірақ салдырдан үн басым болатын дауыссыз дыбыстарды үнді дыбыстар деп атаймыз. Үнді дауыссыздар мыналар: р, л, и, у, м, н, ң. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г т.б. Қорытындылау **<u>Сауат ашу негіздері</u>**	Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту. Тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог тақпақтың көмегімен сабаққа қолайлы эмоционалдық жағдай қалыптастырады. Өлеңде қандай құстар туралы айтылған? Сендер қандай құстарды білесіңдер? Суреттермен мұқият танысып, құстардың атауларын атауды ұсынады. Біз өлкемізде қыстап қалатын құстарды қалай атаймыз? Көктемде біздің өлкеге ұшып келетін құстарды қалай атайды? Қыстап қалатын құстар біздің өлкеде қалады, ал, жыл құстары неге қала алмайды? Балаларды әңгімеге тартады. Құстардың бір-бірімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? Құстарға қауырсын не үшін қажет? Қыстардың қыстағы тіршілігі жайлы әңгімелесу. Қыста, көктемде құстарға қалай көмектесуге болады?	Допты қағып алған бала жалпы атауын айтуы керек. Мысалы: Сиыр, қой, жылқы – мал. Алма, жүзім, өрік – ... Пияз, сәбіз, картоп – ... Айгүл, Маржан, Марал – ... Маса, шыбын, көбелек – ... Сауысқан, қарға, кептер – ... Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу. Көбелек боп ұшамыз, Көгершін боп ұшамыз. Ұшып, ұшып аламыз, Қолға қалам аламыз. Қорытындылау **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **<u>Міндеті:</u>** судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың бойында қарапайым ғылыми білім қалыптастыру. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог «БОЛАДЫ – БОЛМАЙДЫ» ойынының (доппен) көмегімен алдағы сабаққа қолайлы эмоционалдық жағдай жасайды. Балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: ойланып көрші, неге біз қарды ақ көрпе деп атаймыз? Қалың қардың астында аяздан кімдер қорықпайды? Қардың көмегі тиетін жануарларды атап берші. Педагог мынадай мәселені шешуге шақырады: қар жануарларға керек пе әлде, ол керісінше, кедергі келтіре ме? **Сергіту сәті** Сұрақ-жауап Қорытындылау	Әдеби жанрдың бір түрі – әңгіме екенін түсіндіру. Әңгіменің басқадан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. -Әңгіме қалай аталады? -Кішкентай қыз не істеп отырды? -Анасы қызына қандай ақыл айтты? -Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды? -Оны не алып кетті? -Анасы оған не деді? -Әңгімені қалай аяқтауға болады? Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Торғай болып ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. -Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық. Күн өтпей жатып, шапан сөздерінің мағынасын қайталау. 3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Дәптермен жұмыс: -Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда. -Анасы мен қызы не істеп отыр? -Анасы мен қызы терезеден нені көрді? -Торғайдың аузындағы не деп ойлайсың? -Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің?	Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады. – Жарайсыңдар! Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер. Педагог анықтаманы қайталайды. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз. Егер сөзде дыбыс көп болса, ұзын сөз болады, ал дыбыс саны аз болса, қысқа сөзді құрайды. – Біз өткен тақырыптардан кейбір дыбыстарды созып немесе әндетіп айтуға болатынын білеміз. Ол дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамайды. Олар – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды, дауысты дыбыс таңбасымен белгілейміз. Біз бүгін дауысты дыбыстың бірі – «І» дыбысымен танысамыз. Жалғыз таяқ боп тұр, Төбесінде доп тұр. Бұл не? Бұл – «і» дыбысы. Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар жуан жіңішке болып бөлінеді. "І" дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс, "ы" дыбысы – жуан дауысты дыбыс. Мысалы: "ы-і", "ұ-ү", "а-ә", "о-ө".

	Міндеті: "Е" дыбысын таныстыру. Е дыбысының сөздегі орнын тапқызу. Балалардың сөзге дыбыстық талдау жасауын, ұсақ қол қимылдарын дамыту.Ұғымталдыққа тәрбиелеу, **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? – Қай ай? – Аптаның қай күні? – Балалар, біз қандай дыбыстармен таныстық? – Дыбыстар нешеге бөлінді? Дауысты дыбыстар пен дауыссыз дыбыстардың айтылуында қандай айырмашылықтар бар? – Дауысты дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді? – Ал дауыссыз дыбыстар ше? – Адамдардың айтатын сөздері әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Айнаны алып қараңдаршы, дыбысты айтуға не көмектеседі? – Әрине, ауыз. Қараңдаршы, ауыз қуысында нелер бар? – Тіл, тіс, ерін. – Бұлар дыбысты айтуға көмектеседі. – Мен сендерге дыбыс айтамын, ал сендер дыбысты айнаға қарап қайталайсыңдар. Педагог "е" дыбысын айтады.	Құстар үшін қыстың қай айы өте ауыр? Педагог құстарға беретін жемнің түрлерін көрсетіп, олар жайлы әңгімелеп береді: – Күнбағыстың дәндері құстардың бәрі жейді. Оны әсіресе, сары шымшық пен көктеке құс жақсы көреді. Қауын мен асқабақтың тұқымын осы сары шымшық пен көктекеден басқа құстардың бәрі жейді. Бидай мен тары – торғайлардың сүйікті асы. Ошағанның дәнін пайызторғай жейді. Алабота, жусан, кендір, атқұлақ, қалақайдың тұқымдарын дәнмен қоректенетін құстардың бәрі жақсы көреді. Шетен мен бүргеннің жидектерін суықторғай мен самыркүс сүйсініп жейді. Нанның ұнтағын сары шымшық Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Қос қанатын иіп ап, Жарға келіп қонады. Қара киім киіп ап, Балшықтан үй соғады. Балалар жарты шеңбер құрып отырады. Тапсырманы шешу туралы ұсыныс жасалады.Үлкен жұлдыздың ортасына басты идея жазылады. Үлкен жұлдыздың		Қорытындылау **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. **Ұйымдастыру барысы:** - Шеңберге тұрып, достарымызбен қол үстасайық. Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. - Сәлеметсіздер ме?! Өткен <гӘсем қала - Алматы» тақырытты қайталау. Ойын: «Алтын сақа». Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады. - Алматы — әсем қала. - Алматыда метро бар. - Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. - Алматыда Медеу мұзайдыны бар. - Алматыда Көктөбе бар.	Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу» Ойын шарты: тақтаға кітап, илгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі. – Балалар, қазір біз "ілмек" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. Бірінші тұрған дыбыс қандай дыбыс? І-і-ілмек? – "І" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Іл-л-лмек, екінші қандай дыбыс естіліп тұр? – "Л" дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Педагог үшінші дыбысқа ерекше тоқталып оқиды. – Ілм-м-мек. Үшінші дыбыс қандай дыбыс? – "М" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Ендеше оны қандай түспен белгілейтін едік? Педагог төртінші дыбысты созып оқиды. – Ілме-е-ек. – Төртінші дыбыс қандай дыбыс екен? – "Е дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз?

	– "Е" дыбысы ауыз қуысында кедергіге ұшырады ма? – "Е" дыбысын әндетіп айтсақ болады. – Е-е-е. Өйткені "е" дыбысы дауысты, оны қызыл текшемен белгілейміз. "Е" дыбысы ешкі, елік, ерін, етік, есек, ел сөздерінің басында кездеседі. Кесе, күрек, бел сөздерінің қай жерінде кездеседі? Бие, шие, түйе сөздерінің қай жерінде кездеседі? **Сергіту сәті:** Бастаушы допты бір балаға лақтырып, бір жануардың атын айтады, бала допты кері лақтырып, оның төлін айтады. Мысалы: сиыр – бұзау, бие – құлын, түйе – бота, есек – қодық, мысық – марғау. Педагог артынан қайталайды: Е-е-е – ат үсінде ер, Ең-ең-ең – ең үлкені мен, Ең-ең-ең – екі жағы тең. – Балалар, енді біз "тең" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. – Бірінші дыбысты қаттырақ оқимын, т-т-тең. – Сөздегі бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Дауыссыз дыбысты қандай түсті текшемен белгілейміз? Бәріміз көк текшені қоямыз. Педагог екінші дыбысты қаттырақ созып айтып,	айналасына 5 жұлдызша орналасады. Олардың әрқайсысынң ортасына бір сұрақтан жазылады: КІМ? НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН? НЕЛІКТЕН? Қай құстың кеудесінің түсі сары? – Сары шымшық Сары шымшық немен қоректенеді? Жемсауытты қайда іліп қоюға болады? Құстарды қай кезде жем беріп, қоректендіреді? Сары шымшық неліктен өліп қалуы мүмкін? Жемнің түрлерін мұқият қарап шығады. Педагог айтқан мәліметтерді сарапқа салады. Қорытындылау **Музыка** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру, әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсыну. Ән тыңдау «Ана тілін сүйеміз» Ән айту: «Тәуелсіз елдің ұланы» Әуенді-ырғақты ойын: «Текшемен ойын» Оразбаева Н.М Ойын:«Барабан не дейді» Шарты:Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне		2. Негізгі кезең Жаңа сөздермен таныстыру. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жыл мезгілі - қыс. Мынау не? Мынау - қар. Ақ-ақ - ақ қар. - Қардан не жасаймыз? - Аққала жасаймыз. - Мынау - сырғанақ. - Мынау не? - Мынау - сырганақ. - Балалар сырғанап жүр. - Балалар не істеп жүр? - Балалар сырғанап жүр. - Шанамен сырганап жүр. Конькимен сырғанап жүр. - Немен сырғанап жүр? - Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. - Бұлар — қыс қызығы.	– Енді соңғы дыбыс қалды, ілмек-к-к. – Соңғы дыбыс қалай аталады? – "К" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Ілмек сөзінде барлығы неше дыбыс бар? Нешеуі дауысты дыбыс, нешеуі дауыссыз дыбыс? **Сергіту сәті:** – Балалар, енді сендер өздерің орындарыңда "іні" сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Қателерін түзеп тексереді, үйретеді. Дұрыс талдаған бірінші бала тақтада талдау құқығына ие болады. Қалған балалар тақтаға қарап, қателері болса түзейді. Қорытындылау **Музыка** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру, әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсыну. Ән тыңдау «Ана тілін сүйеміз» Ән айту:

	екпін қандай дыбысқа түсіп тұрғанын сұрайды. Те-е-ең. "Е" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – Енді тағы бір дыбыс қалды, тең-ң-ң."Ң" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Оны қандай белгімен белгілейміз? – "Тең" сөзінде барлығы қанша дыбыс бар? – Нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз? "Ер" сөзіне өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. **Дид.ойын:** «Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Шарты: балаларды 3 топқа бөліп, суреттердің қандай дыбыстан басталатынын табу. Педагог қорытынды жасайды. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу	жиналады.Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. Күтілетін нәтиже: Балалар әнді таза айтуға тырысады, әуенді тыңдай отырып,жанрларды ажыратады.		Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-Қ- Қ - қа - қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ - сырғанақ. **Сергіту сәті.** Жаңылтпашпен таныстыру. Тұз - мұздай, Мұз - тұздай. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. 1. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Қыста балалар не істейді? Сөйлем құра. 2. Қыс мезгіліне тән заттарды қорша. Оларды ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. «Аудармасын айт» дидактикалық ойыны. Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады. зима - қыс қар - снег снеговик - аққала мұз - лед замерзает - қатады шана - сани. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** жазық және көлемді геометриялық фигуралар мен денелерді тануға және атауға үйрету. Санау, санды цифрмен сәйкестендіру,	«Отан ортақ үйіміз» (Д.Ботбай Е.Өтетілеуұлы).Әннің мазмұны мен сипаты туралы әңгімелеу. Әуенді-ырғақты ойын: «Текшемен ойын» Оразбаева Н.М Ойын:«Барабан не дейді» Шарты:Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады.Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. Күтілетін нәтиже: Балалар әнді таза айтуға тырысады, әуенді тыңдай отырып, жанрларды ажыратады.

	Ұйымдастыру барысы: Әлия мен Сырым балаларды «Сиқырлы фигуралар» еліне саяхаттауға шақырады. Бұл елде барлығы фигуралардан тұрады. Фигураларды қарап шығуды және олардың атауымен танысуды ұсынады. Педагог текшені, шарды, цилиндрді көрсетеді, жалпылама түсінік береді: «Текше, шар, цилиндр бұл – геометриялық денелер». Балалар фигура атауларын қайталайды және геометриялық денелердің суреттерін немесе үлгілерін көрсетеді. «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны. Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді қарап шығуды ұсынады. – Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.) – Цилиндр неге ұқсайды? (Стақан, саптаяқ.) – Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық қорабы.) 1-тапсырма. Фигураларды ата. Осындай пішіндегі заттармен сызып қос. Балалар суреттерді қарайды, суреттерге сәйкес пішіндермен өзара байланыстырады.			логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог топқа Әлия мен Сырыммен (№ 1 парақ) бірге ерекше қонақтар келгенін хабарлайды: «Олар – геометриялық фигуралардан тұратын кейіпкерлер». Балалар фигуралардан құрастырылған адамдарды атайды. 1-тапсырма. Текше мен шаршыны қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Шар мен дөңгелекті қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Цилиндр мен дөңгелекті қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Заттарды зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, сұрақтарға жауап береді. Балалар фигураларды қолдарымен ұстап зерттеп, жазық және	

	Айтып түсіндіреді: «Қарбыз шарға ұқсайды», «Бөшке цилиндрге ұқсайды» және т.б. 2-тапсырма. Суреттен текше, шар, цилиндрге ұқсас заттарды тауып, оларды ата. Балалар суретті қарайды, заттарды атайды. «Сиқырлы дорба» дидактикалық ойыны. Дорбада әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Дорбаны ашып қарамай, қолды дорбаға салып кез келген бір затты (геометриялық дене, фигура) сезінуі қажет. Күрделендіру: Педагог дорбадан белгілі бір нақты (шар, цилиндр, үшбұрыш) фигураны табуға тапсырма береді. Бұл жағдайда бала қажетті фигураны тапқанша бірнеше фигураны дәйекті түрде зерделеп қолмен ұстап көреді. Фигураларды бір-бірімен салыстыру пайдалы. – Шарда қабырға бар ма? – Шар, текше дөңгеленіп айнала ма? **Сергіту сәті.** 3-тапсырма. Фигураларды сана. Тиісті цифрды қоршап сыз. 4-тапсырма. Әр қатардан артық затты тап. Белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды.			көлемді фигураның айырмашылықтарын айтады. Балалар пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, қатырғықағаздан, фанерден жасалған жалпақ фигураларды тауып әкелуі қажет. – Олар қандай түске боялған? 2-тапсырма. Бөлмеден осындай пішіндегі заттарды тауып, оларды ата. Олардың түсі қандай? Педагог бөлмеден осындай пішіндегі заттарды табуды сұрайды, оларды атауды өтінеді. – Бұл неге ұқсайды? Түсі қандай? **Сергіту сәті.** 3-тапсырма. Төртбұрышты печеньелерді және дөңгелек печеньелерді сана. Тиісті цифрмен сызып қос. Фигуралар түрін сана. Олар неше? Балалар фигураларды қайта санап, тиісті цифрды белгілейді. 4-тапсырма. Штрихта. Қорытындылау	

	Педагог қорытынды жасайды.				
2-ші таңғы ас	**Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.** **Ас болсын тамағың** **Өсіп ер жет қалмағың** **Орындалсың арманың** **Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Қыс қызығы» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту** **Міндеті:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру,	**№ 3** **Желді бақылау** **Міндеті:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Қмылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала	**№ 14** **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау** **Міндеті:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту**	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол

	ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталы еңбек етуге тәрбиелеу. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту, жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. **Міндеті:** Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту** **Міндеті:** Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтел айту,жаттау. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Коммуникативтік дағды**	**Міндеті:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталы еңбек етуге тәрбиелеу. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу.**Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Ұлттық ойын: «Соқыр теке» Міндеті: Балаларды шапшандылықпен, мергендікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие «Ұлттық құндылықты дамыту»**	Ұлттық ойын: «Бес асық» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **Бір тұтас тәрбие «Ұлттық құндылықты дамыту»**	**Жеке қауіпсіздік ЛИФТІ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»** **Мақсаты**: балаларды лифті мен кіреберістегі тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелеріне үйрету, қауіпті жағдайлардың алдын алу. **Міндеттері:** Балаларды лифті мен кіреберісте тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру. Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету. Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Лифті мен кіреберісте қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын талқылау. Лифтідегі мінез-құлық ережелерін талқылау: Лифтіні күту: лифті келгенше есіктерінен алыс тұр. Кіру және шығу: лифт есіктері ашылғанда тез кіріп, тез шығу, табалдырықта тұрмау. Түймешіктермен (кнопка) ойнамау: тек қажетті түймешіктерді басу, барлық түймешікті басудың қажеті жоқ. Лифтіге жалғыз кірмеу: ең дұрысы, лифтіге ересектермен немесе үлкен балалармен бірге кіру. Егер лифті тоқтап қалса: қорықпау, саспау, диспетчерді шақыру түймешігін басып, көмек күту. Кіреберістегі мінез-құлық ережелерін талқылау: №1 бейнероликті қарау. «Кіреберісте»	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: Жол белгілері біздің досымыз **Мақсаты**: Алғашқы медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, тамақтан орын,телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАИ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп,өз жылуымды беріп, «Ашық аспан» тілеймін,ал сендерде бір-біріңе өз жылуларынды тілеңдер. Балалар біздің бүгінгі сабағымыз жол белгілері туралы болады.Қанеки, сендер қандай жол белгілерін атап бере аласыңдар? Балалар алдымызда сервис белгілері тұр.Бұл белгілер тиісті орындардың орналасуы туралы хабардар етеді. - Алғашқы медициналық көмек; көрсету пунктісі; - Аурухана; - Тамақтан орын; - Телефон соғу орны; - Суға шомылатын орын; -«МАИ посты»;	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие «Ұлттық құндылықты дамыту»**

			Бейнероликті талқылау: егер кіреберісте бөтен адам болса, не істеу керек? Кіреберісте: бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бейтаныс адамдарға есік ашпау, баспалдақ мен қоршауларда ойнамау, ата-аналармен/ересектермен бірге болу. Негізгі сұрақтар арқылы бекіту: Бейтаныс адамдарға кіреберіс есігін ашуға бола ма? Неге? Егер лифті тоқтап қалса, не істеу керек? Кіреберісте баспалдақтар мен қоршауларда ойнауға бола ма? Лифтіге қалай дұрыс кіру және шығу керек? Пайдалы сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=3B0fLh5HPR0&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7l WQuIA-hK_6ODD&index=3	-«Ауызсу»; -«Демалыс орыны»; Балалар осы жол белгілерін естеріне жақсылап сақтап алыңдар. Ал енді балалар мына тақпақты қайталайықшы: Ата-ананың сенімін, еске ұстап ақтай біл. Жолда өтер жаяудың ережесін сақтай біл. Балалар бүгінгі сабақтағы белгілерді түсіндіріп бердім. Жолда абайлап жүрейік	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Жаңаны тануға ұмтылдыру, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге талпындыру. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** .	**Мансур жеке жұмыс** Өзінің туған жерін білуге, атауға, Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға, өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтуға талпындыру **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық таныта білуге талпындыру. **(Коммуникативтік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын туралы үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур жеке жұмыс** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта, түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді қалыптастыру. **(Физикалық қасиеттері)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(Тіл дамыту , өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	№1	№3	№14	№1	№19
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Бір тұтас тәрбие**				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	«Түрлі түсті асықтар» Шарты: музыка әуені ойнағанда, балалар билеп жүреді. Әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады» **(Біртұтас тәрбие) «Ұлттық құндылықты дамыту»**	«Қауіпсіздік ережелері» (Мультфильм тамашалау) Міндеті: балалар арасындағы жазатайым оқиғаларды азайту, оларды ықтимал апаттан сақтандыру, ең бастысы қауіпсіздік шараларын үйрету **(Біртұтас тәрбие)**	«Нейрожаттығу» Шарты: екі қолмен жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан, жұдырық түю арқылы жүргізу. **(Біртұтас тәрбие)**	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: балалардың адамгершілік, патриоттық сезімдерін оята отырып, тәртіпті балалар болуға үйрету **(Біртұтас тәрбие) «Ұлттық құндылықты дамыту»**	«Сыңарын тап» Шарты: балаларға қолғаптың суреттері таратылады, сол суреттегі нүктелерді санау ақылы қолғаптың сыңарын табу **(танымдық дағды)**
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға үйге тақпақтарын жаттауға тарату	Төлемақыны уақытылы төлеуді ескерту	Алған әсерлерімен бөлісу.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Бірлік түбі – береке»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 08.12 - 12.12.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Ерке сылқым»** «Менің Қазақстаным» Гимн айту. Шығармашылық дағды **Бір тұтас тәрбие Адал азамат**	**Күй күмбірі: «Ерке сылқым» Бір тұтас тәрбие** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі: «Ерке сылқым» Бір тұтас тәрбие** Әсем әуенмен қарсы алу. Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды қарсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Ерке сылқым» Бір тұтас тәрбие Адал азамат**	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды қарсы алу. Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу. **Күй күмбірі: «Ерке сылқым» Бір тұтас тәрбие**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Ата-аналарға кеңес: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналармен әңгіме: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті	«Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық	Ойын: «Асық жинау» Шарты: Асықтардын түстерін ажыратып жинау.	**Апта дәйек сөзі:** «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»	«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері» Міндеттері: Балаларды

ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	сезімін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	**Ұлттық құндылық**	**Бір тұтас тәрбие** Ойын: «Сәйкес дорбаны тап» Шарты: Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	«төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру. .**Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №7				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** **Адал азамат** Әңгімелесу: «Ойланайық, пікірлесейік» Ынтымақты дегенді қалай түсінесіңдер? Міндеті: Ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, шапшаң ойлауға, ойын жинақтап жеткізе білуге үйрету. **Қазақ тілі**	«Қыс мезгілі» тақырыбында әңгімелесу. Міндеті: Өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым - қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Адал азамат**	**Бір тұтас тәрбие** «Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие** **Адал азамат**	Жұмбақтар жасыру. Міндеті: Балаларды тапқырлыққа,сезімталдыққа тәрбиелеу. **Тіл дамыту**	**Бір тұтас тәрбие** Тіл ұстару жаттығулары. Міндеті: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Қазақ тілі**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? Қардың түсі қандай? Қар қайтіп жауады? Қыс мезгілінде неше ай бар? Бүгін аптаның нешінші күні? Қыс мезгілі, тамаша мезгіл, қандай ойын ойнайсыңдар? Бәріміз асыға күтетін мерекеміз қандай мереке? –	**Математика негіздері** **Міндеті:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Цифрларды дұрыс ата» ойын жаттығуы. Жеке түрлі түсті қағаз саптаяқтарға (кружкаларға) (стикерлерге) 1-ден 10-ға дейінгі цифрларын жазады, оларды үлкен қорапқа салады. Балалардың біреуінен саптыаяқтарды бірбірден шығарып, әр саптыаяқтағы цифрды атауын сұраңыз. Содан кейін саптыаяқтарды 1-ден 10-ға дейін дұрыс ретпен орналастыруды сұраңыз. Цифрлар көрінбейтіндей етіп стикерлерді теріс аударыңыз.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларға қонақ келе жатқанын хабарлайды. Қоржынын арқалап, топқа Жұмбақбай ата кіреді. Балалармен амандасады. Жұмбақбай атаның қоржынында жұмбақтар бар, соны шешкен балаларға Жұмбақбай атаның арнайы	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** -Көйлек неге артық? -Көйлек - киім. -Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру. -Көйлек, шалбар, жейде - нелер?	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау дағдысын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог суретті көрсетіп, сұрақ қояды. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Жыл мезгілі - қыс. Мынау не? Мынау - қар. Ақ-ақ - ақ қар. -Қардан не жасаймыз? -Аққала жасаймыз. -Мынау - сырғанақ. -Мынау не? -Мынау - сырганақ.

	Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құраңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрап береді. Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. «Қар қандай?» **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды: Қар қандай болушы еді? Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. – Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. – Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. – Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар	Сұрақтар қойыңыз және балалардан сұрақтар қоюды сұраңыз: сары (қызыл) нешінші? Педагог оларды тақтаға орналастыруды және олардың реттік санын атауды ұсынады, вагондардың астына сандары бар карточкаларды қоюды ұсынады. Содан кейін педагог паровоздың орнын өзгертіп, карточкаларды қайтадан ретпен орналастыруды сұрайды. Суретпен жұмыс,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Балалар кассаға кезекке тұрды. Оларды сана. Бірінші, екінші, тоғызыншы, оныншы болып кім тұр? Балаларды вагондағы орын нөмірлері бойынша ретімен сызып қос. Шабадандарды сана. Балаларға шабадандарды «таратып» бер. Сызып қос. 2-тапсырма Құстарға қандай ұя жасауға болады? Әртүрлі түске боя. Қызыл төбесі бар сары ұя реті бойынша нешінші? Құстарға арналған үйшік пен оның шатырының түсі мен пішінін қарастыруды ұсынады. Үйлер әртүрлі болатындай етіп әртүрлі түске бояйды. Балалар тапсырмаларды орындайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Сергіту сәті. «Сандық эстафета» балаларды екі командаға бөліп, бағанға тұруды сұраңыз. 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкаларды дайындаңыз. Әр бала карточканы қораптан	сыйлықтары бар екен. Жұмбақ: Маңдайы бар, тілі жоқ, Құлағы бар, үні жоқ. Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. Қос қолға киемін, Жып-жылы жүремін. Балалар, сендер жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер, мен сендерге ертегі жазылған үнтаспа сыйлаймын. Балалар Жұмбақбай атаның жұмбағының шешулері қандай дыбыстан басталады? Өткен тақырыбымыз «Қ» дыбысы болатын. Айтыңдаршы, «қ» дыбысы қандай дыбыс, қандай түспен белгілейміз? Балалар, «Қ» дыбысы – қазақтың төл дыбыстарының бірі. «Қ» дыбысын анық, таза айтуға тырысайық. Тіл ұстарту: Қа-қа-қа – Бақылайды бақа. Қа-қа-қа – Атам берді соқа. Ақ-ақ-ақ – Басыңа қонсын бақ! Гүлденіп кетті бақ. Әжем маған жақ. Боларсың әркез сақ. Секіреді лақ. Шұнаңдайды лақ. Сылдырлайды бұлақ. Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата». Педагог балаларға допты лақтырып, сөздер айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама атауын айтады. Қ дыбысының нешінші тұрғанын табады.	-Көйлек - киім. Шалбар - киім. Көйлек, жейде, шалбар - киімдер. Мынау — ұзын жең жейде. Мынау қандай жейде? Мынау - ұзын жең жейде. Мынау — қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау - қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұзын жең. Қа-қа-қысқа - қысқа жең. Суреттермен жұмыс. -Мынау - тітүлық. Шұ-лық. -Мынау не? -Мынау - шұлық. -Мынау - шұлықтар. -Мынау нелер? -Мынау - шұлықтар. -Мынау - жемпір. Жем-пір. -Мынау не? -Мынау - жемпір. -Мынау - жемпірлер. -Мынау нелер? -Мынау - жемпірлер. -Жемпір - киім -Жемпір не? -Жемпір - киім. -Сен не кидің? (Балалар өз киімдерін атайды). -Сенің көйлегің кандай? -Менің көйлегім қызыл (ұзын жеңді, әдемі). Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұ- шұұ-ЛЫҚ - шұлық. І-і-і-і- жем-жем-піір- жемпір. Менің жейдем ақ. Менің жемпірім көк. т.с.с. Сергіту сәті. Жаттығу жасаймын 1 - 2-3, 1 - 2-3, Сымбатты боламын. Айнаға қараймын	-Балалар сырғанап жүр. -Балалар не істеп жүр? -Балалар сырғанап жүр. -Шанамен сырганап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Немен сырғанап жүр? -Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Бұлар — қыс қызығы. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-Қ- Қ - қа - қар. Қ-қ-к-қ -нақ-нақ - сырғанақ. Педагог шағын эңгіме құрап айтады. Мынау - қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конъкимен сырганап ойнап жүр. Бұлар - қыс қызығы. Балалар қайталайды. Тақпақ жаттау. Педагог тақпақ жаттауды ұсынады. Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз. Сергіту сәті. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. Жаңылтпашпен таныстыру. Тұз - мұздай, Мұз - тұздай. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. Суретпен жұмыс. 1.Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Қыста балалар не істейді? Сөйлем құра. 2.Қыс мезгіліне тән

	әртүрлі болып шығады. – Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге? Сөздік жұмыс: Ұлпа – жұмсақ мағынасын айтып түсіндіреді. Сергіту сәті: (З.Шүкіровтің «Ақша қар» өлеңімен жасату). Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек. Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Ал дауыссыз дыбысты ше? Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?» Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Балалар қандай тақырыпқа әңгіме құрадық? Қандай ертегі тыңдадық? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-**	алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруін сұраңыз. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңеді. 3-тапсырма. 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды тап. Оларды қоршап сыз және боя. 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды табуды және қоршап сызуды, бояуды ұсынады. «Пазлды құрастыр» ойыны. Топтағы балаларға №5, №6, №7 үлестірмелі парақтарын таратады. Цифр-пазлды кім тез жинайтыны туралы жарыс өткізеді. Балалар бұл санды атайды. Педагог іс-әрекетті қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоциямен,қисынды қайталап айтып беруді үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Апта дәйек сөзі:** «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» еске түсіру. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Балалар үнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдайды. Педагог	Мысалы: Қызыл, жасыл, сары, көк – түстер. Қоян, қасқыр, түлкі – Қас, көз, қол – Қызғалдақ, түймедақ, раушан – Май, шай, нан – Сергіту сәті: Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын. Биік көкте айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын. – Балалар, қазір мен Қ.Мырза Әлидің «Құттықтау» өлеңін оқимын. Өлең жолдарында «қ» дыбысы естілсе, қол шапалақтай отырыңдар. Қуанышы баланың – Қуанышы ананың. Қуанышы ананың – Қуанышы баланың. Бізді өсірген апатай, Еңбегің де зор екен. Құтты болсын "апатай", Құтты болсын мерекең! Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу: Ұнды қолмен аламыз, Бетіне тұз саламыз. Жылы суды құйып ап, Араластырып қоямыз. Тапсырмаларды орындау. Үзік сызықтарды бастыр,жалғастырып жаз. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Бізге қонаққа кім келді? Жұмбақбай атаның жұмбақтары сендерге ұнаса, бәріміз бірге қол шапалақтайық. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті	Шашымды тараймын. Әдемі көйлек киемін Таза болып жүремін. Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді. Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде. Суретпен жұмыс. 1 .Киімдерді ата. Атауында қазақ тіліне тән ұ дыбысы бар киімдерді қызыл, І дыбысы бар киімдерді көк қарындаштармен белгіле. 2. Киімдерді өз киіміне сәйкес боя. Сенің киіміңнің түсі қандай? Менің жемпірім сары. Менің шалбарым көк. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоциямен,қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік Тіл дамыту , кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог тәрбиеленушілерге дөңгеленіп тұрып, терең тыныс	заттарды қорша. Оларды ата. Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. - Бүгін сендерге қызықты болды ма? Не ұнады? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог топтағы үстел үстіне ұлттық бұйымдарды әкеліп қояды. Балалар, сендер не көріп отырсыңдар? – Дұрыс айтасыңдар. Мұның бәрі – қазақтың ұлттық бұйымдары. – Мына киіз үй неден жасалған? – Ал мынау не? – Сырмақ неден жасалған? – Балалар, мына сырмақ қандай ою-өрнектермен әшекейленген? Сырмақты, киіз үйді қойдың жүнінен жасайды. Сырмақтың бетін неше түрлі ою-өрнектермен әшекейлейді. Ою-өрнектердің атын атап беріңдер. Дұрыс, балалар, біз қазақ халқының, өз халқымыздың

	әрекет: Педагог балаларға қонақ келе жатқанын хабарлайды. Қоржынын арқалап, топқа ата кіреді. Балалармен амандасады. Атаның қоржынында жұмбақтар бар, соны шешкен балаларға Атаның арнайы сыйлықтары бар екен. Жұмбақ: Маңдайы бар, тілі жоқ, Құлағы бар, үні жоқ. Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. Қос қолға киемін, Жып-жылы жүремін. Балалар, сендер жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер, мен сендерге ертегі жазылған үнтаспа сыйлаймын. Балалар атаның жұмбағының шешулері қандай дыбыстан басталады? Өткен тақырыбымыз «Қ» дыбысы болатын. Айтыңдаршы, «қ» дыбысы қандай дыбыс, қандай түспен белгілейміз? Балалар, «Қ» дыбысы – қазақтың төл дыбыстарының бірі. «Қ» дыбысын анық, таза айтуға тырысайық. Тіл ұстарту: Қа-қа-қа – Бақылайды бақа. Қа-қа-қа – Атам берді соқа. Ақ-ақ-ақ – Басыңа қонсын бақ! Гүлденіп кетті бақ. Әжем маған жақ. Боларсың әркез сақ. Секіреді лақ. Шұнаңдайды лақ. Сылдырлайды бұлақ.	қолына «сиқырлы таяқшаны» алып, әр баланы түрлі ертегі кейіпкеріне айналдырады. Балалар бір-біріне ертегі кейіпкерлері атынан тілектер айтады: «Мен Бауырсақпын, бір-біріңді құрметтеп жүрулеріңе тілектеспін... Мен Ханшайыммын, сендерге қайырымды, сыпайы болуды тілеймін. .» Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Апан-апан, ескі шапан, Иір қобыз, жарық жұлдыз. (Түйе) - Қандай ертегілерді білесіңдер, есімізге түсірейік. «Мен ертегіні жақсы көремін, өйткені...» деп жағымды қасиеттерін айтады. -Ертегінің соңы жақсылықпен аяқталады. -Ертегіде әрқашан қайырымдылық зұлымдықты жеңеді. Көркем әдебиет жанры бойынша ертегімен танысамыз. Ертегіні адамдар қиял арқылы құрастырады. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам істейтін нәрселерді істей алуы мүмкін.Педагог «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін ұсынады. Ертегіні оқу. Сөздік жұмыс. Педагог балаларға ертегіде кездесетін жусан, жабағы, өркеш,бақташы сөздеріне түсінік береді: Жусан - дәмі ащы, көкшіл бозғылт түсті аласа шөп.	сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? Қардың түсі қандай? Қар қайтіп жауады? Қыс мезгілінде неше ай бар? Бүгін аптаның нешінші күні? Қыс мезгілі, тамаша мезгіл, қандай ойын ойнайсыңдар? Бәріміз асыға күтетін мерекеміз қандай мереке? Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құраңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрап береді. Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін еске түсіру,әңгімелеп беру. «Қар қандай?» **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Сергіту сәті: (З.Шүкіровтің «Ақша қар» өлеңімен жасату). Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек.	алып, біртіндеп сыртқа шығаруды және не байқағандары туралы сұрайды. -Мұрын арқылы терең ауа жұттық. Ауа жұтқанда кеудеміз керілді. Ауаны шығарғанда ұйқымыз ашылды. Сурет бойынша әңгіме. - Таза ауада серуендеген ұнай ма? - Жүгірудің денсаулыққа пайдасы бар ма? - Жаттығу жасау бойларыңның өсуіне көмектесе ме? Педагог Өтебай Тұрманжановтың «Өс, ұлан!» өлеңімен таныстырады. Педагог ұлан, тыцда сыр, қыран сөздерінің мағынасын түсіндіреді. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар. Талқылау: -Шығарма ұнады ма? -Несімен ұнады? -Қандай әдеби жанрға жатады? -Сау болу үшін не істеу керек? -Денсаулықтың сендердің өмірлеріңдегі маңызы қандай? Өлеңді қайталап оқып, жаттап алуларына жағдай жасау. 4-5 баланы шақырып, өлеңді жатқа айтып беруін сұрау. Сергіту сәті: Жарқын біздің күніміз, Бойшаң болып келеміз. Салмағымыз, Бойымыз Өсті, өсе береміз. Педагог әңгіме өткізеді. -Спорт несімен пайдалы? -Спортпен айналысатын адамдарды қалай атайды?	ою-өрнектерімен, сырмақпен таныстық. Сырмақ – өрнектелген төсеніш. Балалар, бүгін біз «Қ» дыбысымен танысамыз. Дыбысты біз естейміз. Мысалға, қолымызды шапалақтасақ, үстел үстін ұрсақ, дыбыстар естіледі. Кәне, бәріміз «Қ» деп айтайық. «Қ» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай: Ерін ашылып, тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Міне, осыдан «Қ» дыбысы жасалады. «Қ» – дауыссыз дыбыс. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? – Енді өздерің «Қ» дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. Дұрыс айтасыңдар. Мен бір өлең шумағын оқимын, қай сөзде «Қ» дыбысы бар екенін еске сақтап отырыңдар. Құлыншағым – құндызым, Құлдырайды, шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. (І.Жансүгіров) Сергіту сәтін ойын арқылы өткізу. «Жасыл қияр» ойыны. Балалар шеңбер бойымен жүреді. Ортада бір бала тышқан болып отырады. Балалар өлең жолдарын айтады: Қияр, қияр, қиярлар,

	Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата». Педагог балаларға допты лақтырып, сөздер айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама атауын айтады. Қ дыбысының нешінші тұрғанын табады. Мысалы: Қызыл, жасыл, сары, көк – түстер. Қоян, қасқыр, түлкі – Қас, көз, қол – Қызғалдақ, түймедақ, раушан – Май, шай, нан – Сергіту сәті: Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын. Биік көкте айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын. – Балалар, қазір мен Қ.Мырза Әлидің «Құттықтау» өлеңін оқимын. Өлең жолдарында «қ» дыбысы естілсе, қол шапалақтай отырыңдар. Қуанышы баланың – Қуанышы ананың. Қуанышы ананың – Қуанышы баланың. Бізді өсірген апатай, Еңбегің де зор екен. Құтты болсын «апатай», Құтты болсын мерекең! Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу: Ұнды қолмен аламыз, Бетіне тұз саламыз. Жылы суды құйып ап, Араластырып қоямыз. Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: Суреттерді ата. (Қ) дыбысы бар суреттерді белгіле. 2-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр.	Өркеш - түйенің арқасына бір не екі айыр болып тік шаншылған қомы. Жабағы деп жылқының бір түрін айтады. Бақташы деп мал бағатын адамдарды айтамыз. Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар. -Жануарлар жылдың басы болуға неге таласты? -Жылқы не айтты? -Түйе не деді? -Сиыр несімен мақтанды? -Қой өзінің қандай пайдасы бар екенін айтты? -Ит не деді? -Тауық өзін қалай айтып жеткізді? -Тышқан қандай қулық жасады? -Түйе неге сенді? -Жылды бірінші болып не көрді? Сергіту сәті: (саусақтармен орындайды) Саусақтарым, бір-бірімен амандасайық, Саусақтардан гүл ашайық. Саусақтарды ашып-жұмып, А-э, г-ғ, ү-ұ, н-ң, к-қ, о-ө дыбыстарын дұрыс айтайық. Суретпен жұмыс. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** -Суреттен не көріп тұрсыңдар? -Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген? -Ертегіде не туралы айтылған? -Жануарлар жылдың басы болуға неге таласты? -Жылды бірінші болып не көрді? Суреттегі жануарларды жыл аттары бойынша ретімен атап	Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Ал дауыссыз дыбысты ше? Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?» Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Балалар қандай тақырыпқа әңгіме құрадық? Қандай ертегіні әңгімеледік? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлкемнің табиғаты туралы әңгіме Туған өлкемнің табиғаты туралы слайд көрсету. Біздің туған өлкеміздің табиғаты қандай? Біздің өлкеміздің табиғаты сұлу. Биік тау бар. Ауыл сыртында Ақсу өзені ағып жатыр. Өзен жағасында жап-жасыл құрақ өседі. Біз онда асыр салып ойнаймыз. Өзенде балық бар. Менің өлкемде құндыз, қасқыр, түлкі, қоян, қырғауыл сияқты жануарлар	-Адамдар қалай спортшы болады? -Спортпен қай жастан бастап айналысу керек? -Спортшылардың табысқа жетуіне кімдер көмектеседі? Сұрақтарды талқылауды тақырып бойынша слайдтар көрсетумен толықтыруға болады. Педагог сөздің қорытындысында спортшылар ерік-жігері мықты, тәртіпті, жауапкершілігі мол, күшті, епті, жылдам адамдар екенін түсіндіреді. Олар олимпиадалық ойындар кезінде өз Отанының абыройын қорғап, жанқиярлық танытады. Суретпен жұмыс. -Олимпиада ойындарында жеңіп, жүлде алған спортшыларды қалай атайды? -Қазақстандық қандай олимпиада чемпиондарын білесіңдер? Олардың аты-жөнін есіңе сақта. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. - Денің сау болу үшін не істеу керек? - Отбасымен бірге қай спортпен айналысуды ұнатасыңдар? **Математика негіздері** **Міндеті:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Цифрларды дұрыс ата» ойын жаттығуы.	Алысқа кетіп қалмаңдар. Ұйықтап жатыр дәу тышқан, Оятып енді алмаңдар! Оянған тышқан балаларды қуып ұстайды, ұсталған бала тышқан болады. Осы «Қ» дыбысына өзіміз өткен дыбыстарды қосып, қысқа сөздер айтайық. Сол сияқты басқа сөздерге де дыбыстық талдау жасауға педагог көмектеседі. «Ойлан тап» дидактикалық ойнын ойнатуға болады. Ойын шарты: педагог жұмбақ жасырады, балалар жұмбақтың жауабын тауып, сөйлем құрайды. Жұмбақ: Кіруге адам батпайды, Аман-есен сақтайды. – «Сандық» сөзінде «Қ» дыбысы қай жерде кездеседі? Сандықтың ішіне не салады, үстіне не жинайды? Балалар «Сандық» сөзін қатыстырып, сөйлем құрайды. Жұмбақ: Арқауы бар қос қалта, Ажырата алмайды. Атам қайда жол тартса, Қанжығадан қалмайды. – «Қоржын» сөзінде «Қ»дыбысы қай жерде кездесіп тұр? Қоржынды білесіңдер ме? Ол – жолға шыққанда қауын, қарбыз, азық-түлік салып таситын, аттың, түйенің үстінде жүретін қазіргі сөмке сияқты құрал. Енді «қоржын» сөзін

	Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Бізге қонаққа кім келді? Жұмбақбай атаның жұмбақтары сендерге ұнаса, бәріміз бірге қол шапалақтайық. **Математика негіздері** **Міндеті:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сандық эстафета» ойын жаттығуы. Топтық жұмыс. Педагог балаларды екі командаға бөледі және қатарға тұруларын сұрайды. 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкаларды әзірлейді. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді. Суретпен жұмыс,тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Сол жақтан оң жаққа қарай саусақтарды және жануарларды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Орналасқан ретіне қарай сонша нүкте санын сал. Реті бойынша нешінші? Педагог саусақтардағы суреттерді қарап, сол жақтан оңға қарай кім бейнеленгенін	үйренеміз. Ертегіге қатысты кейіпкердің қылығына баға бер. Бастырып сыз, боя. Д/ойын: «Нс қайда өмір сүреді?» Суреттен көргендерін атап, олардың қайда өмір сүретінін айтады. Сол жануар немесе құстарды қайда көргендерін, ол туралы білетіндерін әңгімелейді. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. - Қандай жанрмен таныстық? - Ертегі қалай аталады? Сендерге ұнады ма? - Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? - Түйе неге жыл басы бола алмады? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақ жасырады. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде. (Теледидар) Шыр-шыр етеді, Ұстап қалсам, сөйлеп кетеді. (Телефон) Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. (Балалар бұл жұмбақты шеше алмай қиналуы мүмкін. Сол кезде сұрақтар қою арқылы жұмбақтың шешуін тапқызуға	тіршілік етеді. (Балалардың үлгі жауабы). Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау, ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру. Табиғат байлығы адамзат өмірінің баға жетпес асыл қазынасы, өмірлік қоры, болашақ ұрпаққа да осы қалпында, таза күйінде жеткізер мұрасы екенін ұғындыру. табиғат жайлы өлең оқу. Табиғаттың әсемдігін жырлаған ақындар баршылық. Мысалы: Тұманбай Молдағалиевтің «Қыс» өлеңін тыңдаңдар. Жапалақтап аппақ қар, Жауды күнде қайталап. Қырға шықты балалар, Шаңғыларын арқалап. Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған? (Қыс) – Қандай табиғи құбылыс туралы айтылған? – Қар. – Қардан басқа тағы қандай табиғи құбылыстар болады? – Жаңбыр. Жаңбыр жаз, күз және көктем мезгілдерінде жауады. – Найзағай. Найзағай қатты нөсер жауған кезде болады. Көктем және жаз айларында болады. Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң?» Балалар 4 топқа бөлінеді. Төрт мезгілге байланысты суретті кестелер таратылады. 1-топ. «Көктем» туралы суреттерді дұрыс орналастыру. Көктем мезгілінің табиғаты жайлы	Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Балалар кассаға кезекке тұрды. Оларды сана. Бірінші, екінші, тоғызыншы, оныншы болып кім тұр? Балаларды вагондағы орын нөмірлері бойынша ретімен сызып қос. Шабадандарды сана. Балаларға шабадандарды «таратып» бер. Сызып қос. 2-тапсырма Құстарға қандай ұя жасауға болады? Әртүрлі түске боя. Қызыл төбесі бар сары ұя реті бойынша нешінші? Құстарға арналған үйшік пен оның шатырының түсі мен пішінін қарастыруды ұсынады. Үйлер әртүрлі болатындай етіп әртүрлі түске бояйды. Балалар тапсырмаларды орындайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Сергіту сәті. «Сандық эстафета» балаларды екі командаға бөліп, бағанға тұруды сұраңыз. 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкаларды дайындаңыз. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруін сұраңыз. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңеді. 3-тапсырма. 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды тап. Оларды қоршап сыз және боя. 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды табуды және қоршап сызуды, бояуды ұсынады. «Пазлды құрастыр» ойыны. Цифр-пазлды кім тез жинайтыны туралы жарыс өткізеді. Балалар бұл санды	қатыстырып, сөйлем құраңдар. Балалар, сендер «Қ» дыбысы сөздердің қай жерінде кездессе де, таба алатын болдыңдар. Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: Суреттерді ата. (Қ) дыбысы бар суреттерді белгіле. 2-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балалар, бүгінгі оқу қызметі сендерге түсінікті болса, бармақтарыңды жоғары қаратыңдар. **Музыка** Балаларға әндерді тыңдата отырып, ән айтар алдында және әннің айтылу арасында тыныс алуын үйрету. Әннің сөздерін анық айтуға, орташа, қатты және ақырын дауыспен айтуға қалыптастыру. Ән тыңдау: «Жаса Қазақстан» Ән айту: «Тәуелсіз елдің ұланы» «Әуенді-ырғақты ойын» «Орманға саяхат» Оразбаева Н.М Ойын:«Тыңдап таны» Шарты:Балаларға өткен әндердің кіріспе бөлімдері тыңдатылады.балалар қандай ән екенін тыңдай отырып атайды.Осы ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттері бақыланады.

	атауды сұрайды. «Нешінші?» қатарда сол жақтан оңға қарай, содан кейін оң жақтан солға қарай деген сұрақ қояды. Балалар саусақтарға қанша кейіпкер салынса, сонша нүктелерді салады. 2-тапсырма. Тотықұстарды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Цифрды қоршап сыз. Педагог тотықұстарды санауды, олардың түсін атауды ұсынады. Балаларға бір-біріне «Нешінші?» деген сұрақ қоюды ұсынады. Содан кейін төмендегі суреттегі тотықұс нөмірін таңдайды. Бұл жағдайда олар қандай реттік тәртіпте санағандарын атайды. 3-тапсырма. Әр балада қанша асықтан бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя. Педагог әр балада қанша асық бар екенін есептеуді ұсынады. Сонша дөңгелекті бояйды. Сергіту сәті: «Сандармен секір». 1-ден 10-ға дейінгі үлкен цифры бар кілемшелерді жай. Балаларға кілемшелерден цифрларды тура және кері ретпен санап секіруді сұраңыз. Мысалы, олар 1 цифрдан бастап секіруі мүмкін, содан кейін 2 цифрына және т.б. 10-ға жеткенше. Содан кейін олар 10 цифрынан секіруден бастай алады және 1-ге жеткенше кері тәртіпте санау жасап секіреді. «Сапқа тұр» ойыны. 0-9 және 10 сандары бар	болады). – Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? (Газет) Хатты қалай жібереміз? – Пошта арқылы. Байланыс құралдары: телеграф, телефон. – Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? – Ақпараттық құралдар арқылы. Олар: теледидар, радио, газет, ғаламтор. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма Суреттен тек байланыс құралдарын белгілеу және оларды бояу (телефон, факс, ұялы телефон, хат, компьютер, құттықтау хаттар). Телефон, хат, құттықтау хаттар, сәлемдеме байланыс түрлеріне жатады. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет. Компьютер де байланыс қызметі түрлерінің қатарына жатады. Компьютермен әлемнің барлық жерлерінен әртүрлі хабарлар алынады және жіберіледі. Қазіргі кезде мектептер компьютермен толық қамтамасыз етілген. Пошта – хат, телеграмма, ақша, газет-журнал, сәлемдеме сияқты заттарды бір жерден екінші жерге жеткізумен айналысатын мекеме. Бұл мекемеде байланыс қызметкерлері – хат, телеграмма т.б. қабылдаушы-операторлар, хат тасушылар жұмыс істейді. Адам өміріне өте қажетті байланыс құралдары: теледидар, ұялы телефон, компьютер, ғаламтор кең таралған. Күнделікті	қысқаша баяндайды. Мысалы: көктемде ауа райы жылынады. Қар ериді. Шөп шығады. Жаңбыр жиі жауады. Жер беті жап-жасыл болады. **(Жапсыру)** 2-топ. Жаз мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша әңгімелеп, суретін салу. **(Сурет салу)** 3-топ. Күз мезгілінің табиғаты жайлы әңгімелесу, мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** 4-топ. Қыс мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша баяндап беру,құрастыру. **(Құрастыру)** Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен. Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен. Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	атайды. Педагог іс-әрекетті қорытындылайды. Ұйымдастырылған іс-әрекетте не білгендерін айтуды сұрайды. Балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығуларды орындауға шақырады. Сапта бір-бірлеп, табанның сыртқы жағымен жүру. Аяқтарын жоғары көтеріп жүру. Бір-бірінің соңынан ақырын жүгіру. Іштерін сипалайды. Тыныс алу гимнастикасы: (мәтінге сәйкес орындалады). Ойын түріндегі жаттығу: «Өз жұбыңды тап!». Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: Педагог алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына ауысуларын ұсынады. Бұл үшін әрқайсысы сызықтан секіріп өтулері керек.	Күтілетін нәтиже: Балалар әннің сөзін анық айтуға тырысады.Әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қатарға тұру. Залдың бір шетінен қарсы бетіне қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Екі сапқа тұру. Гантельдердің (пластмассадан жасалған конструктор) көмегімен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Балалардың шынтақтарын бүкпей, қолдарын түзу ұстауына, мұрын арқылы демалуына назар аудару. Негізгі қимылдарды орындау: Қос параллель сызықтың ортасымен, қолын иығына қойып аяқтың ұшымен жүру (ені – 15 см, ұзындығы – 3 метр). Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып еңбектеу, қолдарымен тартылу. Орындықты қапталдан дұрыс ұстау тәсілін көрсету – бас бармақпен орындықтың үстінен, қалған төрт

	карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады. Балалар өздерінің реттік нөмірін атайды. – Бірінші, екінші ... оныншы. Педагог қорытынды жасайды, балалардан не үйренгенін сұрайды. Балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тізбекте бір-бірден жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут. Шарлармен жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды. Балалардың мұрын арқылы дем алуына, дене сымбатын бұзбай, бойын тік ұстауына назар аударады. Негізгі қимылдарды орындау: Допты бір-біріне лақтыру және қос қолдап қағып алу – допты бастан асырып, серіктесінің қолына беру тәсілімен лақтырады. Жаттығудың дұрыс	жаңалықтарды – өзіміздің мемлекетімізде, тіпті шетелдерде болып жатқан оқиғалар туралы естіп, ақпарат аламыз. 2-тапсырма: Артық суретті белгіле. Себебін түсіндір. Сурет арқылы балалардан сұрақ-жауап алады. – Балалар, бұрынғы заманда телефон, телеграф жоқ болған кезде адамдар бір-бірімен қалай хабарласқан? (Суретті қарап, байланыс құралдарын атап береді). Ақпараттық құралдарға нелер жатады? (Газет, радио, теледидар, компьютер). – Ежелгі байланыс құралы қай қатарда тұр? (Поштаны көгершіндер арқылы, арнайы шабарман арқылы жіберген). Компьютер желісінің қандай пайдасы бар? – Компьютердегі ғаламтор желісі – ақпараттың және байланыс құралы. Балалар ғаламторды пайдаланып көрген болса, қалай пайдаланғандарын айтады. – Ғаламтор деген не? – Ғаламторды пайдаланып көрдіңдер ме? – Ғаламтор арқылы адамдар бір-бірімен хабарласа ала ма? – Ғаламтор арқылы әлемдегі жаңалықтарды білуге бола ма? Педагог балаларды шеңбер құрғызып тұрғызады. Педагог тәрбиеленушілерге дөңгелене отырғызып, «сымсыз телефон» ойынын ұйымдастырады. ойын шарты: Педагог бір баланың құлағына бір сөз айтады, ол бала		«Кедергіден секіріп өт». Допты бір-біріне бастан асыру тәсілімен лақтыру. Жаттығудың дұрыс орындалуына, лақтыру күшіне, қолды жазып күшпен лақтыруға назар аударады. «Бұлақтан секіріп өт» Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Нұсқау: жерге түскенде аяқты жартылай бүгіп, аяқтың ұшымен түсу қажет. Ойыншық кірпімен (иглболмен) жасалатын массаж: «Кірпі». 1. Қолдың басын уқалау. 2. Оң және сол қолды уқалау. 3. Кеудесін уқалау. 4. Арқаны уқалау. 5. Аяқты уқалау. 6. Табанды уқалау. Тыныс алу гимнастикасы: «Қонжықтар» «Қонжықтар ұйықтап жатыр…» «Қонжықтар оянды, керіліп, екінші бүйіріне ауысып жатты». Қорытынды кезең (Рефлексия). Психофизикалық жаттығу: «Қолымызды ұстайық».	саусақпен астынан ұстау қажет. Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолдап қағып алу. Нұсқау: допты қос қолдап басынан асыра лақтыру, серіктесінің қолына беру. Жаттығудың орындалу барысын қадағалау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұлпар». Сиқырлы жүйрік жылқы – тұлпарлар жайлы әңгімелесу. Қорытынды кезең (Рефлексия). «Дала әуені» – эмоционалдық көңіл күйді қалпына келтіру.

	орындалуын қадағалау. 2,5 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, қос аяқтап секіру. Жаттығуларды орындаған кезде екі аяқпен бір уақытта екпінмен итеріліп, қолдарын сермеп көмектесу қажеттігін балалардың есіне салады. «Қасқыр мен лақтар» ойынын ұйымдастыру. Ойынның тәртібін, қасқыр мен лақтардың жасайтын қимылдарын түсіндіру. Зейін қою қабілетін дамытуға арналған ойын: «Суық-ыстық!». Қорытынды кезең (Рефлексия). Эмоционалдық көңіл күйді қалпына келтіру «Сиқырлы күлкі» жаттығуы.	жанындағы балаға сыбырлап, басқаларға естіртпей жеткізуі керек. Осылай сөзді өзгертпей келесі балаға айтады. Ең соңғы бала естіген сөзді дауыстап айтады, егер сөз өзгерген болса, кім қандай сөз естігенін қайталап айтады. Сөзді кім өзгертсе, сол бала айыпты болады. Айыбын тақпақ, не өлең айтып өтейді. Ойындар жинағы. Сергіту сәті: «телефон» Әй, телефон, телефон, Апам келіп бұраса, Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің. Әй, телефон, телефон, Көкем келіп бұраса, Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің. (т, Ө) 3-тапсырма: Хаттың иесіне келу жолын ретімен жаз. 1. Хат жазып отырған бала. 2. Хатты поштаның жәшігіне салып жатыр. 3. Пошта, пойыз, ұшақ, мәшине. 4. Пошташы хатты апарып беріп жатыр. 5. Иесі хатты оқып отыр. «Хат тасушы» өлеңін оқу. Ол жатқа біледі қаланы, Бар көше, бар үйге барады. Біздің де қораны табады, Күнде кеп есікті қағады. Ағама, тәтеме, атама, әжеме, Көкеме, апама Көп-көп хат келеді алыстан, Достардан, тумадан, таныстан. Ойын: «Хат тасушы» Ойын шарты: балалар екі топқа бөлінеді.			

		Олар екі тізбекке тұрады. Ең соңғы бала хатты алдында тұрған балаға береді. Екі топ осылайша жарысады. Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан пошта жәшігін кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен. **Музыка** Балаларға әндерді тыңдата отырып,ән айтар алдында және әннің айтылу арасында тыныс алуын үйрету. Әннің сөздерін анық айтуға, орташа,қатты және ақырын дауыспен айтуға қалыптастыру. Ән тыңдау: «Жаса Қазақстан» Ән айту: «Он алтыншы желтоқсан» «Әуенді-ырғақты ойын» «Орманға саяхат»Оразбаева Н.М Ойын:«Тыңдап таны» Шарты:Балаларға өткен әндердің кіріспе бөлімдері тыңдатылады.балалар қандай ән екенін тыңдай отырып атайды.Осы ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттері бақыланады. Күтілетін нәтиже: Балалар әннің сөзін анық айтуға			

		тырысады.Әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі.			
2-ші таңғы ас	**Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.** **Ас болсын тамағың** **Өсіп ер жет қалмағың** **Орындалсың арманың** **Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	«Қоғамдық мүлікті қорға!» (Әңгімелесу) Міндеті: Қоғамдық мүлікті қиратпай,ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту** **Міндеті:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталы еңбек етуге тәрбиелеу.	**№ 3** **Желді бақылау** **Міндеті:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Қмылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.	**№ 14** **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау** **Міндеті:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту** **Міндеті:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталы еңбек етуге тәрбиелеу. **Танымдық Танымдық іс –**	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды

	Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	**Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. **Міндеті:** Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту** **Міндеті:** Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтел айту,жаттау. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Коммуникативтік дағды**	**әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу.**Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау	«Қазақтың мақтаныштары» мультфильм тамашалау. Міндеті: Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының	Пазл құрастыру. Міндеті: Ұлттық құндылықтарға сүйіспеншіліктерңн арттыру. **Бір тұтас тәрбие**	**Жеке қауіпсіздік** **«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері»** **Міндеттері:** Балаларды «төтенше қызметтер»	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Жол белгілері біздің досымыз»** **Мақсаты:** Алғашқы	**Картотека №14 Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек

және басқалар)	құндылықтарына құрмет таныту. Ұлттық құндылықтарға сүйіспеншілік, оларды қорғау сезімін тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие**	**Ұлттық құндылық**	ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру.Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өрт сөндірушілер, полицейлер және медицина қызметкерлері кім екені және олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау. Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену: - бейнеролик тамашалау; - қажетті телефон нөмірін теру; - анық және сабырлы (байсалды) сөйлеу. - өзін таныстырып (аты-жөнін, қайдан екенін айту) не болғанын айту. Сюжеттік-рольдік ойын: Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Әртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек. Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон	медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, тамақтан орын,телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАИ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп,өз жылуымды беріп, «Ашық аспан» тілеймін,ал сендерде бір-біріңе өз жылуларынды тілеңдер. Балалар біздің бүгінгі сабағымыз жол белгілері туралы болады.Қанеки, сендер қандай жол белгілерін атап бере аласыңдар? Балалар алдымызда сервис белгілері тұр.Бұл белгілер тиісті орындардың орналасуы туралы хабардар етеді. - Алғашқы медициналық көмек; көрсету пунктісі; - Аурухана; - Тамақтан орын; - Телефон соғу орны; - Суға шомылатын орын; -«МАИ посты»; -«Ауызсу»; -«Демалыс орыны»; Балалар осы жол белгілерін естеріне жақсылап сақтап алыңдар. Ал енді балалар мына тақпақты қайталайықшы: Ата-ананың сенімін, еске ұстап ақтай біл. Жолда өтер жаяудың ережесін сақтай біл. **Қорытындылау** Балалар бүгінгі ұіә-інде белгілерді түсіндіріп бердім.	сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие**

			нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Балаларға үйде қайталау үшін төтенше қызметтердің телефон нөмірлері жазылған карточкалар немесе жапсырмалар тарату.	Жолда абайлап жүрейік	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**
	Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруді дағдыландыру. **(Коммуникативтік дағды)**	Жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді:және спорттық ойындардың ережелерін сақтай алуға үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айта білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	«Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді меңгеруге талпындыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізе алуға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 1**	**№ 3**	**№ 14**	**№ 1**	**№ 19**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Апта дәйек сөзі:** «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» балалармен бірге қайталау. **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Қауіпсіздік ережелері» мультфильм тамашалау.** **Міндеті:** Балалар арасындағы жазатайым оқиғаларды азайту, оларды ықтимал апаттан сақтандыру, ең бастысы қауіпсіздік шараларына үйрету. **Бір тұтас тәрбие**	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	**«Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	**Картотека №14 Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.	**«Нейро жаттығу»** **Шарты:** Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**

				Бір тұтас тәрбие **Ұлттық құндылық**	
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Ынтымақ – достықтың белгісі»

Мектепке дейінгі ұйым: "Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 15.12 - 19.12.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. **«Күй күмбірі»** «Кішкентай» **(Біртұтас тәрбие)** **Адал азамат**		Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу және қолайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** «Кішкентай» **(Біртұтас тәрбие)** **Адал азамат**	Баланың көңіл-күйін, оның жеке пікірін,қызығушылығын анықтау. **«Күй күмбірі»** «Кішкентай» **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларға жағымды орта ұйымдастыру **«Күй күмбірі»** «Кішкентай» **(Біртұтас тәрбие)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Балабақша ережелері» тақырыбында әңгіме жүргізу		ҰІӘ балалардың қалай қатысатыны туралы әңгімелесу	«Зерек бала, ақылды ана» интеллектуалды ойын туралы ескерту	Баланың үйдегі ойынықтарға деген қызығушылықтарын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Өнегелі 15 минут** **«Қыс мезгілінде мұз айдынындағы қауіпсіздік»** (Балалармен әңгімелесу)		**Өнегелі 15 минут** **«Ас атасы-нан»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Кітап-менің досым»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Қоғамдық орында өзін ұстау ережелері»** (Балалармен әңгімелесу)
Ертеңгілік жаттығу	**№ 8 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Балаларға ас мәзірімен таныстыру, оны жариялау. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Біртұтас тәрбие** **Адал азамат**		Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	«Керекті киімді тап» үстел-үсті ойыны Міндеттері: Балаларға жазғы күзгі, қысқы киімдерді ажыратуды	**Артикуляциялық гимнастика** «Күлімсіреу», «Тұмсық» Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту,

				үйрету, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту **(Тіл дамыту)**	ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. **(Тіл дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** *Шаттық шеңбері* - Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз. - Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. - Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзің. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. **Сұрақ-жауап** - Өлең қалай аталады?		**<u>Тіл дамыту</u>** **Міндеті:** «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету. «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету. Балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту. Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог жылқы тектес жануарлардың үлгі суретін іледі. (жылқы, есек, ала құлан, құлан, қашыр) Әр суретке тоқталып, түсінік беріп, құлан да жылқы тектес жануар екенін кеңінен айтады. – Балалар, құлан – жылқы тектес жануар. – Сендер жылқыны білесіңдер ме? – Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген. – Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін. Жошы ханның ашамайға мінгізген жас баласы аңшылармен бірге жүріп, бір жерде қашып бара	**<u>Дене тәрбиесі</u> (таза ауада)** **Міндеті:** қарды нысанаға лақтыруға, сермеуге үйрету. Бір-бірін шанамен сүйреу, шананы бірде оң, бірде сол қолымен сүйреу білігін дамыту. Тұрақты тепе-теңдік пен биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту **Ұйымдастыру барысы:** Қыс мезгілі жайлы қысқаша айтып өтеді. Ырғақты-музыкалық қимылдар: музыканың ырғағымен Тізбекте бір-бірден жүру, тапсырмаларды орындау: айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Ырғақты гимнастиканы орындау (балалардың өз қалауынша сапқа тұруына көмектеседі). Тыныс алу гимнастикасы: «Ха». Ауаны сыртқа шығарамыз. Ауаны ысқырған дыбыс шығару арқылы ауыздан шығарады («с» дыбысын айтқандағы сияқты). Шығып жатқан ауаға тілімен кедергі келтіреді. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын жаттығуы: «Кім мерген?» (8 рет) Қарды нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қар үйіндісінің жоғары жағына	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** биікте жүрген кезде тепе-теңдік пен дене сымбатын сақтап заттарды аттап өтуге жаттықтыруды әрі қарай жалғастырамыз. Допты еденге тігінен лақтырып, жерге тиіп секіргеннен кейін қос қолдап қағып алуды үйрету **Ұйымдастыру барысы:** Ойындық сәт: Аязата сыйлық толы қапшық беріп жіберді. Аязатаның қапшығын қарап шығу. Текшелермен орындалатын ойын түріндегі жаттығу «Тез ал – тез көтер». Сапқа бір-бірден тұру, «шашырап» жүру – залды айналып жүру. Текшелермен жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды. Жаттығуларды денені тік ұстап, әдемі орындау қажеттігін ескертеді. Негізгі қимылдарды орындайды: Бірінші топ. Тепе-теңдік – қолдарын белге қойып, текшелерді аттап өту арқылы гимнастикалық орындықтың үстімен жүру. Тізені жоғары көтеру, алға қарай еңкеймеуге тырысу.

	- Өлең сендерге ұнады ма? - Өленде не туралы айтылған? - Асты қалай ішу керек? *(Асықпай ішкен ас сіңімді болады).* - Ас ішкен соң не істеу керек? *(Ыдыс-аяқты жинаймыз).* - Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз? **Сергіту сәті** - Суретте не бейнеленген? - Баланың әрекетін ретімен ата. - Суретте саған не ұнады? Өз ойыңды айт. - Бала кімге кездесті? Ол қандай әрекет жасады? - Бала қолындағы допты кімге ұсынды? - Сен болсаң қандай әрекет жасар едің? *Есіңе сақта:* «Адам әдебімен көрікті». **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** ай атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы; оқиғалар тізбегі кеше, бүгін, «алдымен – содан кейін» ұғымдарын бекіту, жылдың әр мезгіліне қарай киім таңдау дағдыларын жетілдіру. Сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Табиғатқа деген қызығушылыққа және		жатқан ақсақ құланды қуып кетіпті. Ақсақ құлан жүйіткіп бара жатқан бір топ құланға қосылыпты. Баланың астындағы жүйрік тұлпар елігіп, құйрығын шаншып 45 құйғытып, құландарға қосылады. Құланның әңгісі баланы шайнап өлтіріп кетеді. Аңшылар баланы іздеп таба алмайды. Жошы хан аңшыларға қаһарын төгіп: «Баламды тауып бер», – деп қалың кісіге іздетеді. «Баламды өлді деп естірткен адамның аузына қорғасын құямын» деп жарлық айтады. Аңшылар бір жерден баланың жұлмаланған қолын табады. Енді ешкім баласының өлгенін Жошы ханға айта алмайды. Ақыры көпшілік ордада отырып, бір домбырашыға күймен айтқызады. – Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? – Аңызда не туралы айтылған? – Ашуына тиген құлан әңгісі балаға не істеді? – Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен. – Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «кулан» деп айтылады. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры. **Сергіту сәті:** Педагог балаларды жаңа дыбыстармен таныстырады. – Балалар, «Л» – «Р» дыбыстарымен танысайық. «Л» – «Р» дыбыстарының	педагог текшелерді қояды. Балалар 2 метр қашықтықтан оған қарды тигізуге тырысады. Ойын түріндегі жаттығу: «Лақтыр-қағып ал». Еске салу: допты алдына шығарып ұстайды және алға-жоғары лақтырады, ұстағанда саусақтарының арасын ашып тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуыспақ» Спорттық жаттығулар – бір-бірін шанамен сырғанату. Қорытындылау **<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Өленді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге және өзара қарым-қатынасын дамытуға жетелеу **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері – Қазір жылдың қай мезгілі? – Жақында қандай мереке болады? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? - Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде тойланады? - Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» атты өленімен танысамыз.	Екінші топ. Допты еденге лақтыру және оны секіргеннен кейін қос қолдап қағып алу. Нұсқау: допты тігінен лақтыру, кеуденің тұсында ұстау, одан жоғары көтермеу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарғалар». Ойын ережелерін түсіндіру. Балаларды ынталандырады. Ойын түріндегі жаттығу: «Сиқырлы кубик» – тілек тілеу. Балалар тілектерін айтып, текшені Аязатаның қапшығына салады **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Ұйымдастыру барысы:** Ойын: «Қысқы орманға саяхат». Слайд «Қысқы орман». Қазақстан орманында қандай жануарлар бар? Балалар жануарларды атайды. Балалар көздерін жұмып орманда елестетеді. Үнтаспадан орман дыбысы естіледі.

	сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Сырым мен Әлия балалардан қыста, жазда қандай ойындар ойнағанды ұнататынын, дене қимылы және бет қимылымен (шана, шаңғы, коньки тебу, шомылу және т.б.) көрсетуді сұрайды. **«Бұл қай мезгіл?» ойындық жаттығуы.** Педагог суреттерден (жыл мезгілдерін) көрсетеді, балалар оларды атайды. **1-тапсырма.** Жұмбақтардың шешуіне байланысты суреттерді қоршап сыз: қыс – көк қарындаш, көктем – қызыл, жаз – жасыл, күз – сары түспен. Балалар жұмбақтарды тыңдайды, болжамдайды, жауапқа қатысты сурет таңдайды. Қоршайды. *Аппақ ұлпа қары бар,* *Қаңтардың өз әні бар. Ақ сүт жағып алғандай, Ең қысқа ай – Ақпан ай.* *Жасандырып жас талды,* *Көктем айы басталды.* *Ғарышқа жол салынған* *Сәуір айы – тәуір ай.* *Жер дүние жасанды, Келіп сұлу Мамыр ай. 1 Маусым, балалар, Қорғайтын күн сендерді. Барып жасыл жайлауға, Жаз қызығын көріңдер.* *Енді жүрме сен текке,* *Жаздың соңғы айында,* *Барар болсаң мектепке,* *Әліппеңді дайында.*		дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. Бірге айтып қайталайық. – «Л» – дауыссыз дыбыс. – "Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла – лақ. Лә-лә-лә – Ләззәт. Да-да-да – дала. До-до-до – долана. Құ-лан. Құ-лақ. **<u>Сауат ашу</u>** **Міндеті:** "Ң" дыбысымен таныстыру. Құрамында ң дыбысы бар сөздерді талдау. Ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға, қызыл және көк түсті текшелерді қолдануды үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. – Балалар, бүгін бақшаға келе жатып, қолында сиқырлы таяғы бар сиқыршыны көрдім. Ол маған сиқырлы таяғын берді (әдемі таяқшаны көрсетеді). Ол маған: «Осы таяқшаның көмегімен	- Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жаңа жыл да келеді, Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! **Сұрақ-жауап:** - Өлең қалай аталады? - Жаңа жылда балалар не істейді? - Жаңа жылда бізге кім келеді? **Сергіту сәті:** *Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»* *Ойын шарты*: екі үлкен шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны ойыншықтармен безендіру. Қай топ тез безендірсе, сол топ жеңімпаз атанады. Қорытындылау **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дагдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Ұйымдастыру барысы:**	- Балалар, орманда не көрдіңдер? Өз ойларын айтады. - Мен қоян көрдім. Мен түлкі көрдім. ... - Мынау ненің дыбысы? (Үнтаспадан құстардың, тоқылдақтың дыбысы естіледі). - Құстардың үні. - Сендер қандай құстарды білесіндер? (Торғай, қарға, сауысқан). Суретпен жұмыс. Мынау - тоқылдақ. - Мынау не? - Мынау - тоқылдақ. Жеке, хормен айтып жаттығады. - Тоқылдақ - орман құсы. - Тоқылдақ қандай құс? - Тоқылдақ - орман құсы. - Балалар, қыста орманда қандай жануарларды көрмейміз? (Аю, кірпі). - Иә. Қысқы орманда аю, кірпі жоқ. Олар қыста ұйықтайды. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. **Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады) Қ-қ-қ -тоқ-тоқ - тоқылдақ - то-қыл-дақ. **Сергіту сәті** Ойын «Жалғастыр». Педагогтің қимылына, ым-ишарасына қарап,

	Қыргүйек айы келгенде, *Айқара аш есігін* *«Қош келдің» деп мектебің* *Қарбыз,қауын піседі,* *Соғады ептеп жел үріп.* *Қараша айы, қара суық,* *Қара жел тұр аласұрып.* *Ойын ойнап, міне, біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз,* *Шаңғыны да тебеміз.* Ш.Әлдибекұлы **Сергіту сәті.** 2-тапсырма. Жыл мезгілдерінің айларын ата. «Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?» – сұрағына жауап береді (4). Педагог ай атауларын дұрыс ретпен айтқан балаларды қолпаштап, көтермелейді. Жарыс ұйымдастырады: «Ай атауларын кім дұрыс атайды?» Балаларды дөңгелекшелермен ынталандырады. Балалар түсініктеме бере отырып, 3-тапсырманы жеке орындайды. Заттарды жыл мезгіліне қарай таңда, сызып қос. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті**: Педагог саусақтарға арналған «Гүл» жаттығуының көмегімен алдағы жұмысқа қолайлы эмоционалдық жағдай		балаларды Орманға саяхатқа апар», – деді. – Кәне, сендер саяхатқа барғыларың келе ме? Ендеше көздеріңді жұмыңдар. Осы кезде педагог тақтаға орманның көркем суретін және аңдардың суреттерін іліп қояды. – Балалар, көздеріңді ашыңдар, сендер орманнан не көріп тұрсыңдар? – Оларды бір сөзбен не деп атаймыз? – "Аң" сөзін шапалақтау арқылы буынға бөлейікші? – "Аң" сөзінде "Ң" дыбысы қай дыбыстан соң тұр? – "А" дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз ба? – Ал, балалар, қолымызға қолайнаны алып ң дыбысын айтып көрейік. – "Ң" дыбысын айтқанда тіліміз таңдайымызға тиіп, кедергімен шығып тұр. Сондықтан "ң" дыбысы дауыссыз дыбыстарға жатады, көк текшемен белгілейміз. – "Ң" дыбысы қай дыбысқа ұқсайды? "Н" мен "Ң" дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аударту. Бір қатарға "Ң", екінші қатарға "н" дыбысы бар сөздерді ойлап айтуды тапсыру. **Сергіту сәті:** – Ал, балалар, қазір біз "аң" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз.	**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау, «Қолгап» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады. «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту. Ойынның шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Арман: Балалар, біз бүгін сендерге «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік. Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды. Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма? Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр агама», - Деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды. Ол суға оны агызды, «Қайтем, - деп, - былгап тісімді». Судан Мысық тауып ап, Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады.	сөйлемді аяқтайды. Мысалы: Аю ...(үлкен), түлкі ...(кішкене). Құстар ...(ұшады), қасқыр ... (жүгіреді). - Жануларға тиісуге бола ма? - Жоқ, болмайды. Жануарларды қоргау керек. Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру. Табиғат - біздің анамыз, Біз - табиғатқа панамыз. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** "Ң" дыбысын таныстыру. Құрамында ң дыбысы бар сөздерді талдау. Ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу, олар табиғаттың бөлігі екенін түсіндіру. **Ұйымдастыру барысы:** Жылулық шеңбері. Балаларды шеңберге жинап, күн нұрының сәулесіндей бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. – Бүгінгі оқу қызметінде "ң" дыбысын қайталаймыз. – "Ң" дыбысы қай дыбысқа жатады?

	қалыптастырады. **Ұйымдастыру барысы:** Топта өсіп тұрған гүлдерге зер салуға шақырады. Олар әдемі ме? Олар көп пе? Оларға біздің топ отырған бөлме қолайлы ма? Бөлмеде өсетін өсімдіктер қалай аталады? Айсұлу суреттерді қарап шығып, өсімдіктердің ортақ белгілерін табуды сұрайды. Күрделі сұрақ: жасанды гүлді көрсетіп, «Оны өсіруге бола ма?» – деп сұрайды. Педагог балаларды «объективті деректер бойынша бөлу» техникасын пайдалана отырып топтарға бөледі. Педагог тапсырманы түсіндіреді: Парақтың ортасына бөлме гүлінің суреті бейнеленген немесе БӨЛМЕ ГҮЛІ деп жазылған карточканы орналастырыңдар. Қоршап сызыңдар. БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІ деген сөз айтылған кезде көз алдарыңа елестейтін басқа заттар туралы ойлап көріңдер. Карточкалардың арасынан БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІН білдіретіндерін немесе ойындағы затты білдіретінін таңдап алыңдар; Оларды бірінші шеңбердің айналасына орналастырып, орталықтағы шеңбермен сызық арқылы қосыңдар. Сергіту сәті Педагог бөлме гүлдерін мұқият қарап шығып,		– "Аң" сөзінде неше дыбыс бар? "А" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – Аң-ң-ң, "ң" дыбысын педагог қаттырақ айтады да, "ң" дыбысына екпін түсіп тұрғанын айтады. – "Ң" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – "Аң" сөзінде неше дыбыс бар? – Неше дауысты дыбыс? – Неше дауыссыз дыбыс бар? – Неге көк текшемен белгіледіңдер? Педагог қорытынды жасайды. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **<u>Міндеті:</u>** балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. Топта өзінің құрбы құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог «ҚАНДАЙ ӨСІМДІК ЕКЕНІН ТАП» атты ойынның көмегімен алдағы жұмысқа қолайлы	«Қайтем - деп, - мұны», - таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды. Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды. Ертегі мазмұны бойынша эңгіме жүргізу: 1. Ертегі ұнады ма? 2. Ертегідегі кейіпкерлерін ата. 3. Қоян нені жоғалтты? 4. Сәбізді нелер тауып алады? **Сергіту сәті** Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Сендерге ертегі ұнады ма? Қай бала ертегінің кейіпкерлерін қызықты етіп сахналады? Қорытындылау. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** оқиғалар тізбегін «Алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету, жыл мезгілдері мен табиғи өзгерістер туралы түсініктерді бекіту, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру. **Ұйымдастыру барысы:** «Рет бойынша қой» ойын жаттығуы. – Балалар, қараңдаршы, барлық карточкалар араласып кетті. Оларды ретімен	– Дыбыстарды не істейміз ? "Ң" дыбысы қазақтың төл дыбыстарының бірі, оны таза, дұрыс айтып үйренуіміз керек. Сөздік жұмыс. *Тың, шың, іңір, сіңір* сөздерінің мағынасын педагог түсіндіреді. ["Ң"] дыбысына жаттығу: Мұрынды ұрып үнменен, "Ң"-ды айтсаң болар "н" деген. Қазақша сөйлей алмайды, "Ң"-ды айта білмеген. Мен жүремін тыңда да, Іңірде де мен бармын. Мен отырам шыңда да, Сіңірде де мен бармын. "Ң" аяқтар мыңды да, "Ң" аяқтар заңды да. "Ң" аяқтар аңды да, "Ң" аяқтар маңды да. **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: "Орамал тастамақ". Ойын шарты: педагог өтілген дыбыстар бойынша дыбысты айтып, балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. [с, б, м, қ, о, р, ғ, н, т, а]. Қорытындылау. **Музыка** Балаларға музыкалық шығармаларды тыңдата отырып, әуенге

	оларды зерттеуге шақырады. «Неге ұқсайды» дидактикалық ойыны қорытындылау **Музыка** Балаларға музыкалық шығармаларды тыңдата отырып, әуенге байланысты би қимылдарын өзгерте білуге үйрету. Бидің көңіл – күйін ажырата білуге баулу, әр түрлі ырғаққа қалыптастыру. Ән тыңдау: : «Біз - туған ел баласы» К.Қуатбаев Ән салу:«Жаңа жыл,жаңа жыр» Әуенді-музыкалық қимылды ойын: «Бим,Бам, Бом» Оразбаева Н.М Ойын: «Қар астындағы қызықтар» Ойынды тақырыпқа сай түрлендіріп ойнай беруге болады. Мысалы: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет. Күтілетін нәтиже: Әуенді тыңдай біледі, әуендерге сай ырғақтар жасайды.		эмоционалдық жағдай қалыптастырады. Мақсаты: балалардың затты суреттеу және оларды суреттемеге қарай тану қабілеттерін дамыту. Педагог «Миға шабуыл» әдісін қолданады. Педагог үдеріске жетекшілік етеді және балалардың идеяларын бақылайды. Бірақ пікірталасқа араласпайды. Ол идея тастау үшін ойынға жалпы негізде қосылып, ойын талаптарын сақтауы тиіс. Тәрбиеленушілерге гүлдердің баданасын, түйнегі, өскіні, тұқымын көрсетеді. Бұл не? Бұлардың өсімдіктерге не қажеті бар? деген сұрақтар қояды. **Сергіту сәті:** Балаларды тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады: Гүлдің баданасын қалай егеміз? (Педагог көрсетіп береді). • шұңқыр жасап, таяқшаны топыраққа тығамыз және айналдырамыз; • бадананы (тұқым) қазылған шұңқырға орналастырамыз; • төңірегіндегі топырақты басып, нығыздаймыз, бірақ оның сабағына қатты жақындамаймыз • сосын оған су құямыз. Педагог балалардан бұршақтың не екенін сұрайды. Ол дән бе, тұқым ба? Тұқыммен тағы қандай дақылдарды егуге болады? (қызанақ, қияр және т.б.)	орналастыруға көмектесіңдер. – Суреттерді қара, «алдымен» не болды, «содан кейін» неге айналды? Балалар суреттерді орналастырады және «алдымен», «содан кейін» сөздерін қолданып жауапты түсіндіреді. 1-тапсырма. Суретке қарап, алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айт. Суреттерді ретімен сызып қос. Балалар суреттерді қарайды. Педагог нан жасап шығарудың қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Нанды жасап шығару үшін жұмыс жасайтын адамдардың еңбегін бағалау туралы тәрбиелік әңгіме жүргізеді. Содан кейін балалар оқиғалардың дұрыс реттілігін қалыптастырады, педагог балаларды «алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек», сөздерін қолдануға итермелейді. 2-тапсырма. Суретке қарап, алдымен, содан кейін не болатынын айт. Алдымен не болғанын белгіле. Балалар суреттерді түсіндіреді, «алдымен – кейін», «ертерек – кейінірек», «бұрын – кейін» деген сөздерді қолданады. **Сергіту сәті.** 3-тапсырма. Жыл мезгілдерін ата. Әр жыл мезгілін өзіне тиісті суретпен сызып қос.	байланысты би қимылдарын өзгерте білуге үйрету. Бидің көңіл –күйін ажырата білуге баулу, әр түрлі ырғаққа қалыптастыру. Ән тыңдау: : «Біз - туған ел баласы» К.Қуатбаев Ән салу:«Жаңа жыл,жаңа жыр» Әуенді-музыкалық қимылды ойын: «Бим,Бам, Бом» Оразбаева Н.М Ойын: «Қар астындағы қызықтар» Ойынды тақырыпқа сай түрлендіріп ойнай беруге болады. Мысалы: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет. Күтілетін нәтиже: Әуенді тыңдай біледі, әуендерге сай ырғақтар жасайды.

			1 топ- Дақылдарды мүсіндейді **(Мүсіндеу)** 2-топ Көкөністердің бау да ма бақшада ма өсетінін жапсырады **(жапсыру)** 3 топ-Бөлме өсімдіктерінің суретін салады **(Сурет салу)** 4 топ- Бөлме өсімдіктерін пазл арқылы құрастырады **(құрастыру)** Қорытындылау	Педагог тапсырманы түсіндіріп орындауды ұсынады. Балалар қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған 4-тапсырма. 1-ден 10-ға дейінгі цифрларды ретімен сызып қос. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.	
2-ші таңғы ас	**Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.** **Ас болсын тамағың** **Өсіп ер жет қалмағың** **Орындалсың арманың** **Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Жаңа Жыл мерекесі» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№12		№7	№10	№1
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористаны дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористаны дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, 3тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу	Ұлттық ойын: «Асық ату» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету.		**Жеке қауіпсіздік «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»**	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: Тыйым салушы белгілер.	Ұлттық ойын: «Сақина жасырмақ» Міндеті: Балалардың ойлау кабілетін дамыту

іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**		**Мақсаты**: Балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету. **Міндеттері:** Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру. Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру. Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардың жанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру. Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме: Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса да дәмін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық	**Мақсаты**: Тыйым салушы «Жүруге болмайды» «Қауіпті жер» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажратып атай білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. - Балалар, бүгін біз «Тыйым салушы белгілер» туралы әңгімелесеміз. Балалар менің қолымда қызыл жолақпен көмкерілген сары түске боялған қалқаны бар сурет бар. Ал енді мен сендерге тақпақ айтып беремін: Қызыл боялған шеңберім аумақты, Тыймшыл белгімін, қаталмын салмақты. Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге. Қауіп бар, бағдарла көз салып жан-жақты. Дөп-дөңгелек қызыл шеңбер, мен көрінсем «Тоқта қане» деп жар салар тыйм салу белгісі. Көрдіңдер ме балалар, белгілерді біліп жүру керек екен. Сонда сендерге қауіп төнбей, сақтанып жүресіңдер. Ойын:«Қызыл», «жасыл», «сары» -Балалар, бүгін біз тыйым салушы белгілермен таныстық. Тағы бір рет қайталап щығайық.	**Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**

			химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау. Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау: Балалармен үйдегі қауіпті заттардың жанындағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Егер дәрілерді тауып алсаң, не істеу керек?», «Тұрмыстық химиямен ойнауға бола ма?» т.б. сұрақтар қою.		
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Еңбек етуге қызығушылық танытады. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** .		**Мансур жеке жұмыс** Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер ұұрастыра алады. **(Коммуникативтік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі, ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнай алуға үйрету.	**Мансур _ жеке жұмыс** Бір-бірден сапқа, шеңберге тұруды, сапта өз орнын табуды үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**

				(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(Тіл дамыту , өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен		№12	№7	№10	№1
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)		Ертегі кейіпкерлерінің түстерін атау **(математика негіздері)** Бауырсаққа үй құрастыру құрастырмалы ойынышықтардан. **(құрастыру)** Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау. **(жапсыру)**	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау. Ертегі желісі бойынша сюжеттік сурет салу **(сурет салу, сюжеттік мүсіндеу)** Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін жапсыру. **(жапсыру)**	Үш торай және бауырсақ ертегілерін тыңдау дағдыларын пысықтау. **(Тіл дамыту)**	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі тыңдау дағдысын қалыптастыру. **(Тіл дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**
Балалардың үйге қайтуы		Төлемақыны уақытылы төлеуді ескерту	Ата-анаға балабақшаға уақытында келу керектігін ескерту	Интеллектуалды ойын туралы мәлімет беру	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**
Аптаның дәйек сөзі: «Бірлік – біздің байлығымыз!»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 22.12 - 26.12.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Балқаймақ»** «Менің Қазақстаным» Гимн айту. Шығармашылық дағды	**Күй күмбірі: «Балқаймақ»** **Бір тұтас тәрбие** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп	**Күй күмбірі: «Балқаймақ»** **Бір тұтас тәрбие** Әсем әуенмен қарсы алу. Шығармашылық	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. Баланы алақан соғу арқылы

	Бір тұтас тәрбие **Адал азамат**	қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**	дағды,ұлттық құндылық	**Күй күмбірі: «Балқаймақ»** **Бір тұтас тәрбие**	қарсы алу. **Күй күмбірі: «балқаймақ»** **Бір тұтас тәрбие**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Ата-аналарға кеңес: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналармен әңгіме: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ойын: «Сәйкес дорбаны тап» Шарты: Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	№53 картотека. «Көліктер және оның түрлері» Шарты: Тәрбиеші балаларға ауада,суда,жерде журетін көліктердің суреттерінің бөліктерін таратып шапшаң құрастыруын сұрайды. **Құрастыру**	**Апта дәйек сөзі:** «Ынтымақ - бұзылмайтын қорған» **Бір тұтас тәрбие** «Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие**	«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері» Міндеттері: Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру. **.Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №8				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** **Адал азамат** Тіл ұстару жаттығулары. Міндеті: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Қазақ тілі**	«Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**	**Бір тұтас тәрбие** «Көліктер,жол белгілері» тақырыбында әңгімелесу. Міндеті: Өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым - қатынас сезімдеріне тәрбиелеу.	Жұмбақтар жасыру. Міндеті: Балаларды тапқырлыққа,сезімталдыққа тәрбиелеу. **Тіл дамыту**	**Бір тұтас тәрбие** **Адал азамат** Әңгімелесу: «Ойланайық, пікірлесейік» Ынтымақты дегенді қалай түсінесіңдер? Міндеті: Ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, шапшаң ойлауға, ойын жинақтап жеткізе білуге үйрету. **Қазақ тілі**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау дағдысын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог суретті көрсетіп, сұрақ қояды.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**

	Ұйымдастырылған іс-әрекет: Жылулық шеңбері. «Торғайлар мен мысық» ойыны. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады.)андай ойын ойнағандарын сұрайды. – Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. «Су торғайы» Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап,	мүмкіндік беру. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым балалардан суреттердің қай фигурадан жасалғанын анықтауға көмектесуін сұрайды. Сен бұл фигуралардың қалай аталатынын білесің бе? Балалар суретті талқылайды, таныс геометриялық фигураларды атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Бұл не? (Шаршы). –Оны жиектеп айналдырып, сызайық. Саусақтарыңды дайында. Саусақ солдан оңға қарай жүреді, бұрышқа жеттеді, бұрылады, саусақ жоғарыдан төменге жүреді, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ оңнан солға қарай жүріп, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ төменнен жоғары қарай жүреді. (Балалардың үстелдерінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы бар). – Біз нені айналдырып, жүргіздік? (Шаршыны). –Тіктөртбұрышты көрсетеді, бұл – тіктөртбұрыш деп аталатын геометриялық фигура. – Оны айналдырып, сыз. Саусақтарыңды дайында.... –Тіктөртбұрыш пен шаршының айырмашылығы неде? Шаршыны тіктөртбұрыштың үстіне қояды. –Қара, олардың бір жағы бірдей, ал қалған екі жағы әртүрлі, олар шаршыға қарағанда тіктөртбұрыштан ұзынырақ. –Балалар, тәрелкелердегі	күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** – Қай ай? – Аптаның қай күні? – Балалар, біз қандай дыбыстармен таныстық? – Дыбыстар нешеге бөлінді? Дауысты дыбыстар пен дауыссыз дыбыстардың айтылуында қандай айырмашылықтар бар? – Дауысты дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді? – Ал дауыссыз дыбыстар ше? – Адамдардың айтатын сөздері әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Айнаны алып қараңдаршы, дыбысты айтуға не көмектеседі? – Әрине, ауыз. Қараңдаршы, ауыз қуысында нелер бар? – Тіл, тіс, ерін. – Бұлар дыбысты айтуға көмектеседі. – Мен сендерге дыбыс айтамын, ал сендер дыбысты айнаға қарап қайталайсыңдар. Педагог "е" дыбысын айтады. – "Е" дыбысы ауыз қуысында кедергіге ұшырады ма? – "Е" дыбысын әндетіп айтсақ болады. – Е-е-е. Өйткені "е" дыбысы дауысты, оны қызыл	Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жыл мезгілі - қыс. Мынау не? Мынау - қар. Ақ-ақ - ақ қар. -Қардан не жасаймыз? -Аққала жасаймыз. -Мынау - сырғанақ. -Мынау не? -Мынау - сырганақ. -Балалар сырғанап жүр. -Балалар не істеп жүр? -Балалар сырғанап жүр. -Шанамен сырганап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Немен сырғанап жүр? -Шанамен сырганап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Бұлар — қыс қызығы. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-Қ- Қ - қа - қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ - сырғанақ. Педагог шағын әңгіме құрап айтады. Мынау - қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конъкимен сырганап ойнап жүр. Бұлар - қыс қызығы. Балалар қайталайды. Тақпақ жаттау. Педагог тақпақ жаттауды ұсынады. Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз. Сергіту сәті. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз.	Ғажайып сәт. Қуыршақтар - Сәуле мен Арман әдемі сандықпен кіреді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Ойын ойнауға шақырады. Өткен тақырыпты қайталау, «Саяхатшы» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады. Қоян нені жоғалтты? Сәбізді нелер тауып алады? Балалар эр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Жаңа сөздермен таныстыру. Сиқырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз. -Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. -Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** -Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. -Мынау - Ақшақар. -Мынау кім? -Мынау - Ақшақар. -Мынау - сыйлықтар. -Мынау нелер? -Мынау - сыйлықтар. -Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. -Ақшақар балаларға не таратып жатыр?

			қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау. Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. Қаңырап қалған ғимараттар: Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. Септиктер: Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. Құрылыс алаңдары: Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар: Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.	деген белгі бар. Міне ол белгі мына суретте бейнеленген. Пішіні дөңгелек, іші ақ түсті, сурет түсі қара солға қаратып салынған бағдар тұр ортасында, үстінен қызыл жолақ көрсетілген. «Бұрылуға болмайды» деген белгіде дәл жанағы белгімізге ұқсас қараңдаршы. «Тоқтауға болмайды» деген белгіде көріп тұрғандай пішіні дөңгелек, іші көк түсті, сурет түсі қызыл, жиегі қызыл. Міне, балалар осы белгілерді есімізге жақсылап сақтап алайық.Барлығымыз жолда абайлап, жүрейік балалар. Белгілерге қарап жүріндер балалар. Ойын: «Бағдаршам» **Қорытындылау** -Жарайсыңдар балалар, сендер жол белгілерін жақсы ажыратып естеріне сақтап алдыңдар.	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**	**Мансур жеке жұмыс**
	Рөлдерде кейіпкердің көңіл	Ұлттық қимылды ойындар,	Жазу парағында бағдарлай	Арнайы көлік құралдарының	Жұмысты жеке және топпен

	күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысуды, онда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсете білуді жаттықтыру. **(Физикалық қасиеттері)**	білуді, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	қолданылуын, жол қозғалысының қарапайым ережелерін меңгерту. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	бірлесіп жасауды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқаруды игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 1**	**№ 3**	**№ 14**	**№ 1**	**№ 19**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Апта дәйек сөзі:** «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» балалармен бірге қайталау. **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Қауіпсіздік ережелері» мультфильм тамашалау.** **Міндеті:** Балалар арасындағы жазатайым оқиғаларды азайту, оларды ықтимал апаттан сақтандыру, ең бастысы қауіпсіздік шараларына үйрету. **Бір тұтас тәрбие** **Адал азамат**	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	**«Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	**Картотека №14 Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	**«Нейро жаттығу»** **Шарты:** Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Бірлік – біздің байлығымыз!»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 29.12.2025 – 31.12.2025 жыл

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі		
Балаларды қабылдау	**«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін айту** **«Күй күмбірі»** «Бозінген» **(Біртұтас тәрбие)**	Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. **«Күй күмбірі»** «Бозінген» **(Біртұтас тәрбие)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **«Күй күмбірі»** «Бозінген» **(Біртұтас тәрбие)**		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.	Ата-аналарға балалардың тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Кітап-білім бұлағы»** (Балалармен мақал-мәтел жаттау)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Еңбектің-наны тәтті»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **Адал азамат** **«Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау ережесі»** (Балалармен әңгімелесу)		
Ертеңгілік жаттығу	**№9 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Біртұтас тәрбие** **Адал азамат**	**«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы** Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату **(құрастыру)**		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** гимнастикалық орындық бойымен етпетінен	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып,	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене		

	өрмелеуге үйрету. Орындықтың екі шетінен ұстап, қолдарымызбен көмектесіп өрмелейміз. Допты бір-біріне лақтырып, қолдың басын еркін қимылдатып, бір мезгілде қос қолдап қағып алу қабілетін жетілдіру **Ұйымдастыру барысы:** Балалардың назарын жаңа спорт құралы – гантельге аудару. Мықты да епті, әкелері сияқты күшті болу үшін жаттығуға шақырады. Қатарға тұру. Залдың бір шетінен қарсы бетіне қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Екі сапқа тұру. Гантельдердің (пластмассадан жасалған конструктор) көмегімен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Балалардың шынтақтарын бүкпей, қолдарын түзу ұстауына, мұрын арқылы демалуына назар аудару. Негізгі қимылдарды орындау: Қос параллель сызықтың ортасымен, қолын иығына қойып аяқтың ұшымен жүру (ені – 15 см, ұзындығы – 3 метр). Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып еңбектеу, қолдарымен тартылу. Орындықты қапталдан дұрыс ұстау тәсілін көрсету – бас бармақпен орындықтың үстінен, қалған төрт саусақпен астынан ұстау қажет. Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолдап қағып алу. Нұсқау: допты қос қолдап басынан асыра лақтыру, серіктесінің қолына беру. Жаттығудың орындалу барысын қадағалау. Қимыл-қозғалыс	логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге және өзара қарым-қатынасын дамытуға жетелеу. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** – Қазір жылдың қай мезгілі? – Жақында қандай мереке болады? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? - Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде тойланады? - Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» атты өлеңімен танысамыз. - Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жаңа жыл да келеді, Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! **Сұрақ-жауап:** - Өлең қалай аталады? - Жаңа жылда балалар не істейді? - Жаңа жылда бізге кім келеді? **Сергіту сәті:** ***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»*** *Ойын шарты*: екі үлкен шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны ойыншықтармен безендіру. Қай топ тез безендірсе, сол топ жеңімпаз атанады	сымбатын сақтау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Дененің дұрыс қалпын сақтап, қолдың көмегімен тартылу 113 қабілетін нығайту, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, күшін арттыру **Ұйымдастыру барысы:** Стадионның қандай мақсаттарда пайдаланылатыны жөнінде әңгімелесу. Жаттығып, шымыр да күшті болу үшін стадионға барып қайтуға шақырады. Тізбекте бір-бірден жүру. Баяу қарқынмен жүгіру – стадионды айналып бір минут жүгіру, демін қалпына келтіру. Балалардың назарын мұрын арқылы демалу керектігіне, жүгіргенде қарқын мен ырғақты сақтау қажеттігіне аударады. Шеңбер құрап тұру. Гантельдердің (пластмассадан жасалған конструктор) көмегімен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Балалардың тыныс алуы мен қолдарының қимылына назар аудару. «Стадион» залды түрлі түсті таспа жіптің көмегімен екі бөлікке бөледі (изолента). Негізгі іс-қимылдарды топқа бөлініп ойын түрінде орындау. Бірінші сап. Тепе-теңдік – қолдарын белге қойып, текшелерді аттап өту арқылы гимнастикалық орындықтың үстімен жүру. Дене сымбатын сақтап, денені тік ұстау. Екінші сап. Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен		

	ойыны: «Тұлпар». Сиқырлы жүйрік жылқы – тұлпарлар жайлы әңгімелесу. Ойын ережелерін түсіндіру «Дала әуені» – эмоционалдық көңіл күйді қалпына келтіру. **Қорытындылау** **Тіл дамыту** **Міндеті:** «Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру. Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Жылулық шеңбері. «Торғайлар мен мысық» ойыны. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог балаларды шеңбер жасап отырғызады да, қандай ойын ойнағандарын сұрайды. – Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды. «Су торғайы» Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады.	**Қорытындылау** **Математика негіздері** **Міндеті**: ай атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы; оқиғалар тізбегі кеше, бүгін, «алдымен – содан кейін» ұғымдарын бекіту, жылдың әр мезгіліне қарай киім таңдау дағдыларын жетілдіру. Сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Сырым мен Әлия (№1 парақ) балалардан қыста, жазда қандай ойындар ойнағанды ұнататынын, дене қимылы және бет қимылымен (шана, шаңғы, коньки тебу, шомылу және т.б.) көрсетуді сұрайды. **«Бұл қай мезгіл?» ойындық жаттығуы. Сергіту сәті.** **Сергіту сәті.** Балалар мәтін бойынша ритмикалық қимылдар жасайды. Сергіту сәті педагогтің өз шығармашылығына қарай жүргізіледі. – Жылда неше ай болады? Ағаштарда жапырақтар қашан шығады? Көлдердің бетіне қашан мұз қатады? Балаларға шыршаны сыйлық етіп қай ай әкеледі? **«Мен бастаймын, жалғастыр!» ойындық жаттығуы.** Алдымен көктем, содан кейін ... жаз. Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең. Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Балаларға құрастыруға осындай тапсырмаларды беруге болады. **1-тапсырма.** Жыл мезгілдерінің айларын ата.	жатып еңбектеу, қолдарымен тартылу. Орындықты қапталдан дұрыс ұстау тәсілін көрсету – бас бармақпен орындықтың үстінен, қалған төрт саусақпен астынан ұстау қажет. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қорықпаймын». Спортпен бала кезден айналысу қажеттігін ұғындырады. Өз-өзіне массаж жасау, релаксация – музыканың ырғағымен. Балалардың күшін (бицепс) қалжың түрінде тексеру. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дагдыларын жетілдіру. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дагдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру. **Ұйымдастыру барысы:** **Ғажайып сәт.** Қуыршақтар - Сәуле мен Арман әдемі сандықпен кіреді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Ойын ойнауға шақырады. Өткен тақырыпты қайталау, «Саяхатшы» ертегісіндегі		

	Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! – Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады. Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. 1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы? 3.Су торғайын кім сипаттап береді? 47 4.Су торғайы жемін қайдан табады? 5.Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады. – Балалалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. – Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар? Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. – Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді Суретпен жұмыс. Педагог жемсауытта отырған құстарды – торғай, қарға, көгершін, сауысқанды көрсетеді. – Балалар, қазір аулаларыңнан	«Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?» – сұрағына жауап береді Жұмбақтардың шешуіне байланысты суреттерді қоршап сыз: қыс – көк қарындаш, көктем – қызыл, жаз – жасыл, күз – сары түспен. Балалар жұмбақтарды тыңдайды, болжамдайды, жауапқа қатысты сурет таңдайды. Қоршайды. **Қорытындылау** **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту. Тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог тақпақтың көмегімен сабаққа қолайлы эмоционалдық жағдай қалыптастырады. Өлеңде қандай құстар туралы айтылған? Сендер қандай құстарды білесіңдер? Суреттермен мұқият танысып, құстардың атауларын атауды ұсынады. Біз өлкемізде қыстап қалатын құстарды қалай атаймыз? Көктемде біздің өлкеге ұшып келетін құстарды қалай атайды? Қыстап қалатын құстар біздің өлкеде қалады, ал, жыл құстары неге қала алмайды? Балаларды әңгімеге тартады.	кейіпкерлерді атауды ұсынады. Қоян нені жоғалтты? Сәбізді нелер тауып алады? Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз. -Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. -Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? -Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. -Мынау - Ақшақар. -Мынау кім? -Мынау - Ақшақар. -Мынау - сыйлықтар. -Мынау нелер? -Мынау - сыйлықтар. -Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. -Ақшақар балаларға не таратып жатыр? -Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. -Мынау- Аязата. -Мынау кім? —Мынау— Аязата. -Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр. —Аязата не істеп отыр? -Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр. -Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. -Балалардың көңіл күйлері қандай?		

	қай құсты көріп жүрсіңдер? Оларға ерекше қамқорлық көрсетіп, жем, нан үгінділерін сеуіп жүру керектігін ұмытпаңдар. Балалардың назарын екінші суретке аударады. – Мына жерден өздерің білетін құстарды атаңдаршы, қандай құсты білесіңдер?. – Балалар, құстардың қандай пайдасы бар? Тоқылдақты алатын болсақ, ол ағаштың арасынан құрттарды теріп жейді, сондықтан оны ағаш дәрігері деп те атайды екен. – Ал қарлығаш болса, ол – адамға дос. – Қарлығаш ұясын қандай жерлерге салады? – Торғайдың ұясын бұзған баланы қандай бала дейміз? Педагог балалардан сұрақ қою арқылы жауап алады. **Сергіту сәті** «Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: «Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады.Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1) Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие. Шө-шө-шө – шөп. 2) Аш-аш-аш – ашық. Ұш-ұш-ұш – ұшқыш. Ыш-ыш-ыш – қыш. Өш-өш-өш – көш. Жаңылтпаш айтқызу – дыбысты дұрыс айтқызуда ұтымды тәсілдерінің бірі. Шемішке шақсаң шақ, Шапшаң шақ. Шөбіңді шапсаң шап, Шапшаң шап. (Қ.Мырза Әли)	Құстардың бір-бірімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? Құстарға қауырсын не үшін қажет? Қыстардың қыстағы тіршілігі жайлы әңгімелесу. Қыста, көктемде құстарға қалай көмектесуге болады? Құстар үшін қыстың қай айы өте ауыр? Педагог құстарға беретін жемнің түрлерін көрсетіп, олар жайлы әңгімелеп береді: – Күнбағыстың дәндері құстардың бәрі жейді. Оны әсіресе, сары шымшық пен көктеке құс жақсы көреді. Қауын мен асқабақтың тұқымын осы сары шымшық пен көктекеден басқа құстардың бәрі жейді. Бидай мен тары – торғайлардың сүйікті асы. Ошағанның дәнін пайызторғай жейді. Алабота, жусан, кендір, атқұлақ, қалақайдың тұқымдарын дәнмен қоректенетін құстардың бәрі жақсы көреді. Шетен мен бүргеннің жидектерін суықторғай мен самыркұс сүйсініп жейді. Нанның ұнтағын сары шымшық Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Қос қанатын иіп ап, Жарға келіп қонады. Қара киім киіп ап, Балшықтан үй соғады. Балалар жарты шеңбер құрып отырады. Тапсырманы шешу туралы ұсыныс жасалады.Үлкен жұлдыздың ортасына басты идея жазылады. Үлкен жұлдыздың айналасына 5 жұлдызша орналасады.	-Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. —Мынау — шырша. -Мынау не? —Мынау — шырша. Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар не істейді? Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар сұрақтарға жауап беру барысында жаңа сөздерді жеке, хормен қайталау. **Сұрақ-жауап** **1.** Суретке қара. Қандай мереке бейнеленген? Мерекеге кімдер келді? Әңгіме құра. **2.** Шыршаны безендіреміз. Ойыншықтардың суретін сал. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Ойынның мақсаты: сөздерді, сөйлемдерді түсініп, меңгерту. Ойынның шарты: педагог сөйлем айтады, балалар оның дұрыстығын анықтайды, дұрыс болса: «Дұрыс», - деп, дұрыс емес болса: «Бұрыс», - деп айтады. -Қыста жаңбыр жауады. - Бұрыс. -Жаңа жыл мерекесі жазда болады. -Бұрыс. -Қар сары. -Бұрыс. -Қыста суық, аяз болады. -Дұрыс. —Қыста біз шаңғы тебеміз. -Дұрыс.		

	«Ж» дыбысын буын ішінде келтіру: Жа-жа-жа – жалау. Жо-жо-жо – жол. Жу-жу-жу – жусан. Жы-жы-жы – жылан. Жи-жи-жи – жиек. Же-же-же – жер. Жә-жә-жә – жәшік. Аж-аж-аж – гараж. Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?» **Қорытындылау** **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** "Е" дыбысын таныстыру. Е дыбысының сөздегі орнын тапқызу. Балалардың сөзге дыбыстық талдау жасауын, ұсақ қол қимылдарын дамыту.Ұғымталдыққа тәрбиелеу, **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? – Қай ай? – Аптаның қай күні? – Балалар, біз қандай дыбыстармен таныстық? – Дыбыстар нешеге бөлінді? Дауысты дыбыстар пен дауыссыз дыбыстардың айтылуында қандай айырмашылықтар бар? – Дауысты дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді? – Ал дауыссыз дыбыстар ше? – Адамдардың айтатын сөздері әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Айнаны алып қараңдаршы, дыбысты айтуға не көмектеседі?	Олардың әрқайсысынң ортасына бір сұрақтан жазылады: КІМ? НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН? НЕЛІКТЕН? Қай құстың кеудесінің түсі сары? – Сары шымшық Сары шымшық немен қоректенеді? Жемсауытты қайда іліп қоюға болады? Құстарды қай кезде жем беріп, қоректендіреді? Сары шымшық неліктен өліп қалуы мүмкін? Жемнің түрлерін мұқият қарап шығады. Педагог айтқан мәліметтерді сарапқа салады. Қорытындылау **Музыка** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға,әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру, әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсыну. Ән тыңдау «Ана тілін сүйеміз» Ән айту: «Тәуелсіз елдің ұланы» Әуенді-ырғақты ойын: «Текшемен ойын» Оразбаева Н.М Ойын:«Барабан не дейді» Шарты:Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады.Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында	-Сәбіз агашта өседі. -Бұрыс. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеттері:** Е дыбысының сөздегі орнын тапқызу. Балалардың сөзге дыбыстық талдау жасауын одан әрі дамыту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** – «Е» дыбысты есімізге түсірейік, дыбысын әндетіп созып айтып көрейік. – Е-е-е-е-е-е. – Әндетіп, созылып, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығатын дыбыстарды қандай дыбыстар дейміз? – Дауысты дыбыстарды, дыбыстық талдауда қандай түспен белгіледік? – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгіледік? – Қазір мен мақал-мәтел айтамын, сендер «Е» дыбысы бар сөздерді естеріңде сақтап қалуға тырысыңдар. Мақал-мәтел. 1.Ер дәулеті – еңбек. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3.Ер қадірін ел біледі, Зер қадірін – зергер біледі. Тіл ұстарту. Ер-ер-ер Қасиетті жер Төгілді талай тер. Жемістерді тер. Аға соңынан ер.		

	– Әрине, ауыз. Қараңдаршы, ауыз қуысында нелер бар? – Тіл, тіс, ерін. – Бұлар дыбысты айтуға көмектеседі. – Мен сендерге дыбыс айтамын, ал сендер дыбысты айнаға қарап қайталайсыңдар. Педагог "е" дыбысын айтады. – "Е" дыбысы ауыз қуысында кедергіге ұшырады ма? – "Е" дыбысын әндетіп айтсақ болады. – Е-е-е. Өйткені "е" дыбысы дауысты, оны қызыл текшемен белгілейміз. "Е" дыбысы ешкі, елік, ерін, етік, есек, ел сөздерінің басында кездеседі. Кесе, күрек, бел сөздерінің қай жерінде кездеседі? Бие, шие, түйе сөздерінің қай жерінде кездеседі? **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: Бастаушы допты бір балаға лақтырып, бір жануардың атын айтады, бала допты кері лақтырып, оның төлін айтады. Мысалы: сиыр – бұзау, бие – құлын, түйе – бота, есек – қодық, мысық – марғау. Педагог артынан қайталайды: Е-е-е – ат үсінде ер, Ең-ең-ең – ең үлкені мен, Ең-ең-ең – екі жағы тең. – Балалар, енді біз "тең" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. – Бірінші дыбысты қаттырақ оқимын, т-т-тең. – Сөздегі бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Дауыссыз дыбысты қандай түсті текшемен белгілейміз? Бәріміз көк текшені қоямыз.	қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. Күтілетін нәтиже: Балалар әнді таза айтуға тырысады, әуенді тыңдай отырып,жанрларды ажыратады.	Сұрағанын бер. Ел-ел-ел Соқты самал жел. Аман болсын ел! Уақытында кел! Гүденіпті бұл ел! Ес-ес-ес алдым кілең бес Өзіңде болсын сес. **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» **Қорытындылау** **Музыка** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға,әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру, әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсыну. Ән тыңдау «Ана тілін сүйеміз» Ән айту: «Тәуелсіз елдің ұланы» Әуенді-ырғақты ойын: «Текшемен ойын» Оразбаева Н.М Ойын:«Барабан не дейді» Шарты:Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады.Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не		

	Педагог екінші дыбысты қаттырақ созып айтып, екпін қандай дыбысқа түсіп тұрғанын сұрайды. Те-е-ең. "Е" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – Енді тағы бір дыбыс қалды, тең-ң-ң."Ң" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Оны қандай белгімен белгілейміз? – "Тең" сөзінде барлығы қанша дыбыс бар? – Нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз? "Ер" сөзіне өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Педагог қорытынды жасайды. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Табиғатқа деген қызығушылыққа және сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым (№1 парақ) **«Бұл қашан болады?»** жұмбағын жасырады**.** Балалар жауабын айту керек. Ойын үшін кесінді суреттер пайдаланылады (№25 парақ). Балалар жыл мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді. – Сыртта суық, жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Құстар		дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. Күтілетін нәтиже: Балалар әнді таза айтуға тырысады, әуенді тыңдай отырып,жанрларды ажыратады		

	жылы жаққа ұшады. Адамдар көгөністер мен жемістерді жинайды. – Бұл қашан болады? (Күзде.) – Қар жауады, күн аязды. Қар борпылдақ болған кезде, одан қарлы кесектерді мүсіндеуге болады. Су қоймаларына мұз қатады. – Бұл қашан болады? (Қыста.) – Жылынып, қар еріп, ағын сулар ағып жатыр. Гүлдер, шөптер өседі, ағаштар мен бұталарда жапырақтар гүлдейді. Құстар жылы жақтан оралады. Олар ән айтады, ұя салады. – Бұл қай мезгілде болады? (Көктемде.) – Күн жарқырайды, күн ыстық болады. Адамдар су айдындарында шомылады. Ұяларда балапандар пайда болады. – Бұл қашан болады? (Жазда.) Балалар жұмбақтарды шешеді, жыл мезгілдерін атайды және өз жауаптарын түсіндіреді, суретті карточкаларды көрсетеді. Педагог өлең оқиды. **Жыл мезгілдері** ***Анасы қыздарына есім берді,*** ***Міне, Жаз, Күз, Қыс пен*** ***Көктем келді. Көктеммен*** ***жер желекке оранады, Құстар*** ***да әуелетіп ән салады.*** ***Жаз келсе қырлар гүлдеп,*** ***шалғын көктеп.*** ***Жомарт Күзбен, егіс пен бау*** ***бақшадан иісі аңғып,*** ***Жеміс пенен көгөністер*** ***ағылады,***				

	Қыс келгенде демалып Жер-Анамыз, Тынығып, ұйқының ақ көрпесін жамылады. **(А. Кузнецова /аударма)** **Ойын сәті. «Қуыршақты киіндір!»** **Сергіту сәті.** **1-тапсырма.** Суреттерге қара. Жыл мезгілдерін ата. Ағаштарды боя. **2-тапсырма.** Жыл айларының атауын есіңде сақта. Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? Педагог қорытынды жасайды.				
2-ші таңғы ас	**Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.** **Ас болсын тамағың** **Өсіп ер жет қалмағың** **Орындалсын арманың** **Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Жаңа Жыл мерекесі» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№11	№9	№7		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды	Ұлттық ойын: «Соқыр теке»	Ұлттық ойын: «Бес асық»	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»		

ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Міндеті: Балаларды шапшандылықпен, мергендікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**		
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Жаңаны тануға ұмтылдыру, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге талпындыру. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** .	**Мансур жеке жұмыс** Өзінің туған жерін білуге, атауға, Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға, өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтуға талпындыру **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта, түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді қалыптастыру. **(Физикалық қасиеттері)**		
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **(Тіл дамыту , өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**				
Серуен	№11	№9			№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға үйге тақпақтарын жаттауға тарату	Төлемақыны уақытылы төлеуді ескерту			Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Құндылық – **Заң және тәртіп**

Аптаның дәйек сөзі: «Тәртіпке бағынған – озар»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.01 - 09.01.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Бозінген»** «Менің Қазақстаным» Әнұран айту.	**Күй күмбірі: «Бозінген»** **Бір тұтас тәрбие** Әсем әуенмен қарсы алу.		«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттыгуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы	**Күй күмбірі: «Бозінген»** **Бір тұтас тәрбие** Балаларды көтеріңкі көңіл

	Шығармашылық дағды **Бір тұтас тәрбие**	Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық		көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Бозінген»** **Бір тұтас тәрбие**	күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**		Ата-аналармен әңгіме: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	Табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Міндеті: табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**		«Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Ұлттық құндылық**	Ойын: «Сәйкес дорбаны тап» Шарты: Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №9				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** Артикуляциялық жаттығулар: «Күрекше», «Тітті тосап» «Сағат». Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **(қазақ тілі)**	**Бір тұтас тәрбие** «Ұзын құлақ сұр қоян» әні. Міндеті: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **(музыка)**		«Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**	**Бір тұтас тәрбие** Тіл ұстару жаттығулары. Міндеті: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Қазақ тілі**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.		**Қазақ тілі** **Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-**

	құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, жылдың қай мезгілі басталды? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** – Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді? – Дұрыс, күз мезгілінің соңғы айы қарлы, суық болып, жаңбырлатып, арты қарға ұласады. Міне, сөйтіп қыс мезгілінің алғашқы айы да басталады. – Қыс мезгілінде неше ай бар? – Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. – Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? – Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. – Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық. – Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа. Педагог сөздік жұмысын жүргізеді. Түйіршік – түйір-түйір , Ұлпа – жұмсақ, нәзік, Жапалақтап сөзінің мағынасын айтып түсіндіреді. Жапалақтап – жалпақ, үлкен қарлардың көп жаууы. – Балалар, қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған көптеген	Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, барлықтарыңның аттарың, яғни есімдерің бар. Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер дайынсыңдар ма? Есімдеріңді өлшеңдер. Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады. – Жарайсыңдар! Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз. Егер сөзде дыбыс көп болса, ұзын сөз болады, ал дыбыс саны аз болса, қысқа сөзді құрайды. – Біз өткен тақырыптардан кейбір дыбыстарды созып немесе әндетіп айтуға болатынын білеміз. Ол дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамайды. Олар – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды, дауысты дыбыс таңбасымен белгілейміз. Біз бүгін дауысты дыбыстың бірі – «І» дыбысымен танысамыз.		құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** «Не жоқ?» ойыны. Ойынның шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б. Арман: Балалар, біз бүгін сендерге «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік. Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды. Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма? Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр агама», - Деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды. Ол суға оны агызды, «Қайтем, - деп, - былгап тісімді». Судан Мысық тауып ап, Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады. «Қайтем - деп, - мұны», - таңданды,	**әрекет:** Ойын: «Қысқы орманға саяхат». Слайд «Қысқы орман». Қазақстан орманында қандай жануарлар бар? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Балалар жануарларды атайды. Балалар көздерін жұмып орманда елестетеді. Үнтаспадан орман дыбысы естіледі. -Балалар, орманда не көрдіңдер? Өз ойларын айтады. -Мен қоян көрдім. Мен түлкі көрдім. ... -Мынау ненің дыбысы? (Үнтаспадан құстардың, тоқылдақтың дыбысы естіледі). -Құстардың үні. -Сендер қандай құстарды білесіңдер? (Торғай, қарға, сауысқан). Суретпен жұмыс. Мынау - тоқылдақ. -Мынау не? -Мынау - тоқылдақ. Жеке, хормен айтып жаттығады. -Тоқылдақ - орман құсы. -Тоқылдақ қандай құс? -Тоқылдақ - орман құсы. -Балалар, қыста орманда қандай жануарларды көрмейміз? (Аю, кірпі). -Иә. Қысқы орманда аю, кірпі жоқ. Олар қыста ұйықтайды. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады)

	ақын, жазушылар бар. Бүгін сендер Ә.Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңін жаттап аласыңдар. Бұл ақынның «Ақ мамам», «Ақылшым – мұғалім», «Қарлығаш», «Не деу керек?» деген балаларға арналған өлеңдері бар. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. «Қаңтар» Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы. – Балалар, мен өлеңді тағыда мәнерлеп оқып беремін, сендер естеріңе сақтап қалыңдар. – Балалар, менімен бірге өлең жолдарын қайталайық. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Бір, екі, үш Бір, екі ,үш (мұрнымен дем алып) Демімізді алайық. Педагог балалардан жаттаған өлеңді сұрайды. Педагог балаларға қыс мезгіліне арналған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп қайталатады. Мақал-мәтелдер: 1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.	Жалғыз таяқ боп тұр, Төбесінде доп тұр. Бұл не? Бұл – «і» дыбысы. Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар жуан жіңішке болып бөлінеді. «І» дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс, «ы» дыбысы – жуан дауысты дыбыс. Мысалы: «ы-і», «ұ-ү», «а-ә», «о-ө». Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу» Ойын шарты: тақтаға кітап, ілгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі. – Балалар, қазір біз «ілмек» сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. Бірінші тұрған дыбыс қандай дыбыс? І-і-ілмек? – «І» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Іл-л-лмек, екінші қандай дыбыс естіліп тұр? – «Л» дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Педагог үшінші дыбысқа ерекше тоқталып оқиды. – Ілм-м-мек. Үшінші дыбыс қандай дыбыс? – «М» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Ендеше оны қандай түспен белгілейтін едік? Педагог төртінші дыбысты созып оқиды. – Ілме-е-ек. – Төртінші дыбыс қандай		Мысыққа Түлкі шамданды. Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды. Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу: 1.Ертегі ұнады ма? 2.Ертегідегі кейіпкерлерін ата. 3.Қоян нені жоғалтты? 4.Сәбізді нелер тауып алады? Сергіту сәті Тепе-теңдік жолменен Арасында мен келем. Бір, екі, үш, төрт, Келе жатқан жете алмай, Мынау — біздің мекенжай. Педагог ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады. Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды. Автордың сөздерін педагог оқиды. Суретпен жұмыс. 1.Қандай сыйлық алғанды ұнатасың? Суретін сал. 2.Суретке қара. Жасырынған заттарды тап. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Сендерге ертегі ұнады ма? Қай бала ертегінің кейіпкерлерін қызықты етіп сахналады? Қуыршақтармен	Қ-қ-қ -тоқ-тоқ - тоқылдақ - то-қыл-дақ. Сергіту сәті Үзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Ойын «Жалғастыр». Педагогтің қимылына, ым-ишарасына қарап, сөйлемді аяқтайды. Мысалы: Аю ...(үлкен), түлкі ...(кішкене). Құстар ...(ұшады), қасқыр ...(жүгіреді). -Жануарларға тиісуге бола ма? -Жоқ, болмайды. Жануарларды қоргау керек. Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру. Табиғат - біздің анамыз, Біз - табиғатқа панамыз. Суретпен жұмыс. 1.Суретке қара. Қай жыл мезгілі бейнеленген? Жануарларды ата. Тиін қайда отыр? 2.Суретке кара. Тоқылдақты тап. Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. - Қандай тапсырма ең қызықты болды? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді

	3.Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады. Қорытынды бөлім. Рефлексия – Балалар кімнің өлеңін жаттадыңдар? – Өлең қыс мезгілінің қай айына арналған екен? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, барлықтарыңның аттарың, яғни есімдерің бар.	дыбыс екен? – «Е» дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Енді соңғы дыбыс қалды, ілмек-к-к. – Соңғы дыбыс қалай аталады? – «К» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Ілмек сөзінде барлығы неше дыбыс бар? Нешеуі дауысты дыбыс, нешеуі дауыссыз дыбыс? Сергіту сәті: «Тербеледі ағаштар» – Балалар, енді сендер өздерің орындарыңда «іні» сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар. Суретпен жұмыс: тапсырма орындау. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Мына әдемі ақ раушан гүлін бір-бірімізге жақсы тілектер айта тұрып берейік. Соңынан педагог үстел үстіндегі құмыраға гүлді апарып салады. Өткенді еске түсіру.		қоштасамыз. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балалармен шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлайды. Ән салуға барамыз, (иеңбер бойымен жүреді) Досымызды табамыз. (тоңтайды) Сәлемет пе! Міне, мен (цолдарын екі жаща сермейді) Доспын енді сенімен. (көршілерімен кол алысады) Педагог балалармен сұрақ - жауап арқылы әңгімелеседі. -Кайырымдылық дегенді қалай түсінесің? -Досыңа көмектесіп тұрасың ба? -Кімге қайырымдылық көрсеттің? -Кайырымды болу үшін не қажет? Педагог «Қайырымды қоян» ертегісімен таныстырады. Ертегіні мәнерлеп айтып береді. Талқылау: -Ертегі не туралы жазылған? -Ертегі кейіпкерлерінің қайсысы ұнады? Неліктен?	сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларға қонақ келгенін айтады, қуыршақты көрсетеді. – Балалар, қуыршақтың есімі – Іңкәр. Іңкәрмен амандасайық. Іңкәр бізге көптеген жұмбақтар, ойындар алып келіпті. Бірінші жұмбақтарын шешіп көрейік. Педагог Іңкәр әкелген сөмкеден жұмбақтар алып оқиды. Жұмбақтар: 1.Киім киген инеден, Қорқып ешкім тимеген. 2.Өзі суда өседі, Суға қайнап піседі. 3.Көрмедім еш үйіңді, Қолданбас бұл бұйымды. Жазып қыртыс-тыртысын Жаңалайды киімді. 4.Ауызы жоқ, тілі жоқ, Естілетін үні жоқ. Қарап тұрсаң бетіне Сөйлемейтін күні жоқ. – Балалар, сендер жұмбақтардың бәрін дұрыс шештіңдер. Іңкәр сендерге

	Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер дайынсыңдар ма? Есімдеріңді өлшеңдер. Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады. – Жарайсыңдар! Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз. Егер сөзде дыбыс көп болса, ұзын сөз болады, ал дыбыс саны аз болса, қысқа сөзді құрайды. – Біз өткен тақырыптардан кейбір дыбыстарды созып немесе әндетіп айтуға болатынын білеміз. Ол дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамайды. Олар – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды, дауысты дыбыс таңбасымен белгілейміз. Біз бүгін дауысты дыбыстың бірі – «І» дыбысымен танысамыз. Жалғыз таяқ боп тұр, Төбесінде доп тұр. Бұл не? Бұл – «і» дыбысы. Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар жуан жіңішке болып бөлінеді. «І» дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс, «ы» дыбысы – жуан дауысты дыбыс. Мысалы: «ы-і», «ұ-ү», «а-ә», «о-ө». Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу»	**Өнегелі 15 минут әңгімелесу** – Балалар, жылдың қай мезгілі басталды? – Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді? – Қыс мезгілінде неше ай бар? – Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? Балалар, қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған көптеген ақын, жазушылар бар. Ә.Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңін жаттап аласыңдар. Бұл ақынның «Ақ мамам», «Ақылшым – мұғалім», «Қарлығаш», «Не деу керек?» деген балаларға арналған өлеңдері бар. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. «Қаңтар» Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы. – Балалар, мен өлеңді тағыда мәнерлеп оқып беремін, сендер естеріңе сақтап қалыңдар. – Балалар, менімен бірге өлең жолдарын қайталайық. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Бір, екі, үш Бір, екі ,үш (мұрнымен дем алып) Демімізді алайық. Педагог балалардан жаттаған		-Балаға ата-анасы қандай тапсырма береді? -Бала қонаққа кімдерді шақырды, неліктен? -Балаға тоғайда кім кездеседі? -Қоян балаға неге көмектесті? Сергіту сәті: Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына Қиығын сап көзінің Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Суретпен жұмыс. 1. Суретте не бейнеленген? Әр сурет бойынша жүбыңмен бірге ертегінің эпизодымен салыстырып, сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда. 2.Мақалды мазмұнына қарай түсіндіре отырып жаттату. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. -Ертегілер бізді батыл, адал, еңбеккор болуға жетелейді. 3.Сен де достарыңды қонаққа шақыр. Дастарқанға түрлі тағам суретін сал. Еркін ойын. Рөлдерге бөлініп, сахналау. Рефлексия.Педагог қорытынды жасайды. -Қайырымдылық туралы не білесіңдер? -Сондай қайырымдылықты кімге көрсеттіңдер? -Қайырымды болу үшін не қажет? **Математика негіздері**	риза болып отыр. Іңкәр бұл жұмбақтарды бізге бекер әкелмепті, жұмбақтардың жауабының бәрінде «і» дыбысы бар. Іңкәрдің аты да «і» дыбысынан басталып тұр. – Балалар, «І» дыбысын сендер білесіңдер ме? "І" қандай дыбыс? Қандай түспен белгілейміз? – Іңкәрға «і» дыбысынан басталатынын сөздерді айтып берейік. «І» дыбысы қазақтың төл дыбысы, сондықтан да дұрыс айтуға тырысайық. Іңкәр бізге ойын әкеліпті, сол ойынды ойнайық. Ол киімдерге байланысты, киім сөзінде «І» дыбысы бар ма? Киім сөзін буынға бөлейік. Дидактикалық ойын: «Бұл киімдерді қай мезгілге киеді?» Ойын шарты: тақтаға төрт хатқалта ілінеді. Көк – қыс мезгілі, жасыл – көктем мезгілі, қызыл – жаз мезгілі, сары – күз мезгілі екенін айтып түсіндіреді. Әр мезгілдің киімдерін араластырып төңкеріп қояды. Балалар кезек-кезек өздері алған суреттегі киімді мезгілге сай өз хатқалтасына салуы керек. Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу. Бағдаршамның көздері Жанып-өшеді өздері. Міне, былай, міне, былай, Жанып өшеді өздері. Суретпен жұмыс: тапсырма орындалады. Рефлексия.

	Ойын шарты: тақтаға кітап, ілгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі. – Балалар, қазір біз «ілмек» сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. Бірінші тұрған дыбыс қандай дыбыс? І-і-ілмек? – «І» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Іл-л-лмек, екінші қандай дыбыс естіліп тұр? – «Л» дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Педагог үшінші дыбысқа ерекше тоқталып оқиды. – Ілм-м-мек. Үшінші дыбыс қандай дыбыс? – «М» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Ендеше оны қандай түспен белгілейтін едік? Педагог төртінші дыбысты созып оқиды. – Ілме-е-ек. – Төртінші дыбыс қандай дыбыс екен? – «Е» дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Енді соңғы дыбыс қалды, ілмек-к-к. – Соңғы дыбыс қалай аталады? – «К» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз?	өлеңді сұрайды. Педагог балаларға қыс мезгіліне арналған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп қайталатады. Мақал-мәтелдер: 1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады. Қорытынды бөлім. Рефлексия – Балалар кімнің өлеңін жаттадыңдар? – Өлең қыс мезгілінің қай айына арналған екен? **Музыка** Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану,музыканы есте сақтауды жетілдіру: Ән тыңдау: «Ақ көгершін» А.Жұбанов Ән айту: «Біздің бала бақшамыз» (Н. Тлендиева, Т.		**Міндеті:** Көрнекілік негізінде 10 санының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды пысықтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын жағдаят. Әлия мен Сырым (үлестірмелі материалдар, отбасы мүшелерінің суреттерін (фотосуреттерін) көрсетеді. Балалардың отбасыларында қанша адам бар екенін сұрайды. Карточкадағы цифрмен көрсетуді сұрайды. Ойындық сергіту. «Сандық жүгірткі». Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұраңыз. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды. Топтардағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш түрінде орналастыру арқылы шеңберлермен бейнелеуге болады. 10 шеңберді санап, үшбұрыш тұрғызыңыз. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттегі отбасы мүшелерін сана. Боялмаған адамды боя. Тағы	Балалар бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерін, қол шапалақтау арқылы көрсетеді. Іңкәр балаларды мадақтайды. Қоштасып қайтады. **Музыка** Қайталау. Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе,қорытынды,музыкалық фразалар) әуендерді тану,музыканы есте сақтауды жетілдіру: Ән тыңдау: «Ақ көгершін» А.Жұбанов Ән айту: «Біздің бала бақшамыз» (Н. Тлендиева, Т. Молдагалиева) Әуенді-ырғақты ойын: «Пингвиндер биі» Оразбаева Н.М **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату: допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуге үйрету. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Алыптар мен құртақандар». Бұрымдармен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың дұрыс әрі әдемі етіп орындалуына

	– Ілмек сөзінде барлығы неше дыбыс бар? Нешеуі дауысты дыбыс, нешеуі дауыссыз дыбыс? Сергіту сәті: «Тербеледі ағаштар» – Балалар, енді сендер өздерің орындарыңда «іні» сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар. Суретпен жұмыс: тапсырма орындау. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Көрнекілік негізінде 10 санының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды пысықтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық жағдаят «Алаңда». –Ойын алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады. Теру тақтасында (тақта) балалар нөмірлері бойынша топпен тұрады. Педагог жалғастырады: –Міне, тағы бір бала келді.	Молдагалиева) Аспапта ойнау: «Көңілді марш» Әуенді-ырғақты ойын: «Пингвиндер биі» Оразбаева Н.М **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Дайын үлгілермен жұмыс істеуді, композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету.Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу) бойынша топтастыруды меңгерту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тақпақ оқып беру. Үйге кірші, торғайым, Мен аяздан қорғайын. Жем шашамын, жегейсің, Үйшік жасап берейін. Өлеңде қандай құстар туралы айтылған? Сендер қандай құстарды білесіңдер? Суретпен жұмыс. Суреттермен мұқият танысып, құстардың атауларын атауды ұсынады. Біз өлкемізде қыстап қалатын құстарды қалай атаймыз? Көктемде біздің өлкеге ұшып келетін құстарды қалай атайды? Қыстап қалатын құстар біздің өлкеде қалады, ал, жыл құстары неге қала алмайды? Балаларды әңгімеге тартады. Құстардың бір-бірімен		бір дөңгелек пен сақинаны боя. 10 саны қалай шықты? (10 бұл – 9 және 1.) 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Сандардың суреттерімен және олардың таңбаларымен танысу. Балалар цифрларды саусақпен сурет бетінде, содан кейін ауада жазып таңбалайды. Сергіту сәті. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. Иығыңды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10 рет секір. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен секір. Иықтарын көтереді, Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру. 3-тапсырма. Фигуралардың ішіндегі торкөздерді сана. Оларды торкөздердің санына сәйкес түспен боя. Балалар тапсырма бойынша торкөздерді санына сәйкес бояйды. 4-тапсырма. Қажетті санға дейін толтыру үшін әр бағаннан бір дөңгелектен боя. Тура және кері санауды дауыстап жүргізеді. «Реті бойынша сапқа тұр» ойын жаттығуы. 0-9 цифрлары мен 10 цифры бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды	назар аударады. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау. Допты бастан асыру әдісімен лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Өз жұбыңды тап». Қолды жазып, күшпен лақтыру қажеттігіне назар аударту. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Бұлақтан секіріп өту». Нұсқау: екі аяқпен екпінмен итерілу және алға шығару, аяқты жартылай бүгіп, аяқтың ұшымен түсу. Мата жолақтарының көмегімен бұлақ үлгісін жасау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоймадағы тышқандар». Қоймада жүгіріп жүрген тышқандардың қимылына назар аударады (аяқтың ұшымен, ақырын жүгіру). Қорытынды кезең (Рефлексия). Үнемі бір-бірімен дос, тату, қайырымды болу қажеттігін, өзгелерді ренжітпеу керектігін айтады.

	–Оған қандай нөмір береміз? Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді. Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифр қажет: 1 және 0. –Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады. Педагог цифрды көрсетеді. –Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Өлең оқиды. Аспандағы Ай, Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл». «0» дегенде өздерің, Көріп тұр ғой көздерің. Үйлеспесе айналмас, 0-сіз 1-ің 10 болмас. Педагог нөлді бірліктің жанына қойып сұрайды: –Бұл санды жазу үшін қанша сан қолданылды? (2 сан). 10 санын көрсетеді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Әр бағандағы текшелерді сана. Цифрды қажетті карточкамен сызып қос. Педагог тапсырмаға арналған баспалдаққа назар аударуды ұсынады. –Қатарды, текшелерді, цифрмен және карточкамен сызып қос, онда нүктелер саны қанша болса, сонша текшелер болады. 2-тапсырма. Санақты бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар?	ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? Құстарға қауырсын не үшін қажет? Қыстардың қыстағы тіршілігі жайлы әңгімелесу. Қыста, көктемде құстарға қалай көмектесуге болады? Құстар үшін қыстың қай айы өте ауыр? Сергіту сәті: «Қос қанатын иіп ап, Жарға келіп қонады. Қара киім киіп ап, Балшықтан үй соғады» Қосымша мәлімет. Педагог құстарға беретін жемнің түрлерін көрсетіп, олар жайлы әңгімелеп береді: – Күнбағыстың дәндері құстардың бәрі жейді. Оны әсіресе, сары шымшық пен көктеке құс жақсы көреді. Қауын мен асқабақтың тұқымын осы сары шымшық пен көктекеден басқа құстардың бәрі жейді. Бидай мен тары – торғайлардың сүйікті асы. Ошағанның дәнін пайызторғай жейді. Алабота, жусан, кендір, атқұлақ, қалақайдың тұқымдарын дәнмен қоректенетін құстардың бәрі жақсы көреді. Шетен мен бүргеннің жидектерін суықторғай мен самыркүс сүйсініп жейді. Нанның ұнтағын сары шымшық пен торғайлар жейді. «Бұл қай құс?» атты дидактикалық ойын. Мақсаты: Балаларға құстарды өздеріне тән белгілеріне қарай суреттеуді үйретеді. Балалар 2 топқа бөлінеді.		ұсынады Ойын жаттығуы «Цифрды жина». Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалауға ұсынады. **Дене тәрбиесі(таза ауада)** **Міндеті:** Жүру: ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге үйрету. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қыс мезгілі жайлы қысқаша айтып өтеді. Ырғақты-музыкалық қимылдар: музыканың ырғағымен Тізбекте бір-бірден жүру, тапсырмаларды орындау: айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Ырғақты гимнастиканы орындау (балалардың өз қалауынша сапқа тұруына көмектеседі). Тыныс алу гимнастикасы: «Ха». Ауаны сыртқа шығарамыз. Ауаны ысқырған дыбыс шығару арқылы ауыздан шығарады («с» дыбысын айтқандағы сияқты). Шығып жатқан ауаға тілімен кедергі	

	Цифрды белгіле. –Шеңберге қанша бала тұрды? Санауды бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле. Ойыншыларды ретімен сызып қос. Қатарда 10 бала тұрады. Балалар ойыншыларды рет-ретімен байланыстырады. Педагог балалардың жейделеріндегі цифрды атауды сұрайды. Балаларды қатарға ретімен тұрғызу арқылы, топта цифры бар карточкалармен ұқсас жұмысты ұйымдастыруға болады. «Сана» ойын жаттығуы. Педагог ойыншыларды 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұл есеп тура санау деп аталады. Кері тәртіппен санауды сұрайды. 10-нан 1-ге дейінгі цифрды көрсетеді. Бұл есеп кері санау деп аталады. Содан кейін педагог ойыншыларды ретімен санауды сұрайды: бірінші, екінші, үшінші... оныншы. Және кері санауды сұрайды оныншы, тоғызыншы, сегізінші, ... бірінші. 3-тапсырма. Сырымның отбасы мүшелерін ата. Оның достарының әрқайсысына есімдер ойлап тап. Сана. Реті бойынша нешінші болса, сонша нүкте сал. Қай саусақта кім бейнеленгенін атайық. Сонша нүкте сал. Сол жақтан баста. Бұл отбасының бірінші мүшесі.	«Қысқы табиғат» тақырыбында композиция құрастыру. Ағаштың суретін орналастыру,қар ұлпаларын ермексаздан жасау,құстың суретін бояу,шыршаны құрастыру. **(Жапсыру,сурет салу,мүсіндеу,құрастыру)**		келтіреді. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын жаттығуы: «Кім мерген?» (8 рет) Қарды нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қар үйіндісінің жоғары жағына педагог текшелерді қояды. Балалар 2 метр қашықтықтан оған қарды тигізуге тырысады. Ойын түріндегі жаттығу: «Лақтыр-қағып ал». Еске салу: допты алдына шығарып ұстайды және алға-жоғары лақтырады, ұстағанда саусақтарының арасын ашып тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуыспақ» Спорттық жаттығулар – бір-бірін шанамен сырғанату. Педагог сүйреген кезде қолды ауыстыруға – шананы бірде оң, бірде сол қолмен ауыстыруға, денені алға қарай еңкейтуге баса назар аударады. Табанды шынықтыратын массаж. Табанын саусақтарымен өкшеден башпайларға қарай «тырмалайды». Табанын алақанымен соққылайды. Табандарын жоғары қарай майыстырып, бірден төмен түсіреді. Бас бармақтың ұшымен табанның орта шамасындағы шынықтыратын нүктені сипалайды. Табанды башпайлардан тобыққа дейін сипалайды.	

	Бір нүкте қой. Екінші – екі нүкте және т. б. «Дұрыс көрсет» ойын жаттығуы. Сан мен цифрдың сәйкестік арақатынасы үшін сандық суреттермен жұмыс (№8, №9 парақтар). Педагог суретті көрсетеді, балалар цифры бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында қанша саусақ бар? (10 саусақ). «Санамақ саусақтар» ойыны. Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар болуы керек. Балалардан әр қолының саусақтарын көрсетуін сұра, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы цифрды көрсетуін сұра. 4-тапсырма. Қай себетте текшелер көп? Белгіле. Қай себетте кішкентай текшелер аз? Қоршап сыз. Текшелерді түсі, өлшемі, саны бойынша боя. Педагог заттардың қасиеттерін қайталайды: түсі, пішіні, мөлшері, саны. Әрі қарай, балалар тапсырманы орындайды: осы қасиеттер көрсетілген тапсырма бойынша текшелерді бояйды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз			Бойды бос жіберіп отырады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойыншықтарды күтіп ұстау қажеттігін ескертеді. Релаксация: «Сынған қуыршақ». Балалардың дұрыс тыныстауына назар аударады. Қуыршақтарды қайтадан балаларға айналдырады.	

	жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Қатарға тұр». Қолдарына кубик ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Өкшемен жүргенде текшелерді жоғары көтереді, қапталға, алға созады, иыққа қояды. Екі сапқа тұру. Текшелерді пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды орындайды: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысқа секіреді?». Екі аяқпен бір уақытта итерілу қажеттігіне назар аудартады. Допты затқа дәлдеп домалату. Ойын түріндегі жаттығу: «Кегельдерді құлат» (кегельдерге дейінгі қашықтық – 1,5 метр). Қимыл-қозғалыс ойындары: «Мысық пен құстар».				

	Ойын ережелерін түсіндіру. Нұсқау: ойнаған кезде айқайлауға, жүгіргенде бір-бірін итеруге болмайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Балаларды ынталандырады.				
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	**Бір тұтас тәрбие Адал Азамат** Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту** **Міндеті:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз	**№ 2** **Қар басуын бақылау** **Міндеті:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қысқа күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	.	**№ 3** **Желді бақылау** **Міндеті:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Қмылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші

	бетінше орындауға үйрету. Ынталы еңбек етуге тәрбиелеу. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	**Еңбек: Ауланы қардан тазарту** **Міндеті:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды**		тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. **Міндеті:** Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу.**Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Картотека №14 Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2	**Жеке қауіпсіздік «ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР»** **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:** балаларды көшедегі қауіпті		**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Тыйым салушы белгілер»** **Мақсаты:** Тыйым салушы «Солға бұрылуға	Пазл құрастыру. Міндеті: Ұлттық құндылықтарға сүйіспеншіліктерңн арттыру. **Бір тұтас тәрбие**

	бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру. ▪ Балаларға қауіпті орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау. Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. Қаңырап қалған ғимараттар: Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. Септиктер: Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. Құрылыс алаңдары: Ешқашан құрылыс		болмайды», «Бұрылуға болмайды», «Тоқтауға болмайды» белгілері туралы білімін жетілдіру.Белгілерді ажыратып, атай білу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып , алысқа жеткізген. (Жол) Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен , көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші. Жиек жол деген не? Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды ? Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз ? Ендеше, мына жолдармен бағдаршамсыз, бағдаршам барда қалай жүретінімізді көрейік. Балалар:қалай өтетінін көрсетеді. Сақтандыру , ескерту белгісі : Қып – қызыл үшбұрыш, Қауіптен сақ бол деп сәт – сапар жолдайды Тыйым салу белгісі : Қызылмен боялған , шеңбермін аумақты, Қауіп бар , бағдарла көз салып жан – жақты. Міндеттеу белгісі : Белгімін көрсетер жылдамдық бағытты, Міндетті бұрылыс , әйтпесе қауіпті. Ұсқау белгісі : Баратын жеріне жол нұсқап	**Адал Азамат**

		алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар: Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.		тұрады. Көк түске боялған төрт бұрыш. **Қорытындылау** Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік. Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман – есен жүрелік.	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур** Зат есімдерді сын есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтуды жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Жазу парағында бағдарлай білуді, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**		**Мансур** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауды және түсінуді, табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур** Ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 1**	**№ 2**		**№ 3**	**№ 19**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Бір тұтас тәрбие Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Арқан тарту» №2** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне	**«Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** **Ұлттық құндылықты дамыту**		**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** **Ұлттық құндылықты дамыту**	**Картотека №14 Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың

	қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** **Ұлттық құндылықты дамыту**				үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** **Ұлттық құндылықты дамыту**
Балалардың үйге қайтуы	Баланын бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.		«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» ата-аналарды әңгімеге тарту.	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Заң және тәртіп**

Аптаның дәйек сөзі: «Ереже – баршаға ортақ»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.01 - 16.01.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Шалқыма»** «Менің Қазақстаным» Әнұран айту. Шығармашылық дағды **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	«Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Шалқыма»** **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	«Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттыгуымен балаларды карсы алу. Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу. **Күй күмбірі: «Шалқыма»** **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Шалқыма»** **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі: «Шалқыма»** **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** Әсем әуенмен қарсы алу. Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Ата-аналарға кеңес: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналармен әңгіме: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті	«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері» Міндеттері: Балаларды	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық	Ойын: «Асық жинау» Шарты: Асықтардын түстерін ажыратып жинау.	**Бір тұтас тәрбие** Ойын: «Сәйкес дорбаны тап»	«Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп

ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру. .**Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	сезімін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	**Ұлттық құндылық**	Шарты: Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №9**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** Жұмбақтар жасыру. Міндеті: Балаларды тапқырлыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу. **Тіл дамыту**	«Қыс мезгілі» тақырыбында әңгімелесу. Міндеті: Өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым - қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие**	**Бір тұтас тәрбие** «Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**	Әңгімелесу: «Ойланайық, пікірлесейік» Ынтымақты дегенді қалай түсінесіңдер? Міндеті: Ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, шапшаң ойлауға, ойын жинақтап жеткізе білуге үйрету. **Қазақ тілі**	Тіл ұстарту жаттығулары. Міндеті: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Қазақ тілі**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақ жасырады. Педагог балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелеседі. – Мынау не? – Бағдаршам не істейді? Педагог әртүрлі көліктердің суретін көрсетеді. **Өнегелі 15 минут** – Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен,	**Математика негіздері** **Міндеті:** дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрышты тануды үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларға геометриялық пішіндерден (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш) құрастырылған суреттерді қарауды ұсынады. – Суреттер қандай пішіндерден құрастырылған? – Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талқылап, өздеріне таныс пішіндерді атайды Одан кейін педагогтен	**Сауат ашу негіздері** Құрамында ң дыбысы бар сөздерді талдау. Ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға, қызыл және көк түсті текшелерді қолдануды үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, бүгін бақшаға келе жатып, қолында сиқырлы таяғы бар сиқыршыны көрдім. Ол маған сиқырлы таяғын берді (әдемі таяқшаны көрсетеді). Ол маған: «Осы таяқшаның көмегімен балаларды Орманға саяхатқа апар», – деді. – Кәне, сендер саяхатқа барғыларың келе ме?	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау, суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Құрамында ң дыбысы бар сөздерді талдау. Ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу, олар табиғаттың бөлігі екенін түсіндіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жылулық шеңбері. Балаларды шеңберге жинап, күн нұрының сәулесіндей бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. – Бүгінгі оқу қызметінде "ң" дыбысын қайталаймыз. – "Ң" дыбысы қай дыбысқа жатады? – Дыбыстарды не істейміз ? "Ң" дыбысы қазақтың төл

	ұшақпен аспанда ұшады, кememен, қайықпен суда жүзеді. Бұл заттарды бір сөзбен көліктер деп атаймыз. Педагог жүк мәшинесін көрсетіп, әңгімелеседі. – Мынау қандай мәшине? – Жүк мәшинесі не тасиды? – Мәшинеңің қорабы, кабинасы, дөңгелегі, моторы бар. – Мәшинені кім жүргізеді? – Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? – Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. – Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. – Кеме не үшін керек? Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өленді мәнерлеп оқып береді. Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кememізді жағалаулар шақырады. Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды. – Өлең не туралы? – Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? – Алыс шалғайда не көрінеді? – Енді осы өленді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар. – Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер	балалар жұмыс істеген заттардың қалай аталатынын сұрайды. Педагог пішіндерді кезек-кезек атайды. Мысалы, шаршылар. Шаршысы бар балалар тұрып, басқа балаларға көрсетеді. 1-тапсырма. Пішіндерді қараңдар. Олардың ішінде үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, дөңгелектер бар ма? Саусақтарыңмен үстінен айналдыра сызып шығыңдар. 2-тапсырма. Дәптерде берілген заттарға мұқият қарап, қандай пішіндерге сәйкес келетінін анықта. Сәйкес пішіндермен сызып қос. «Геометриялық пішіндерден құрастыр» дидактикалық ойыны. Балалардың әрқайсысына 3 геометриялық пішіннен таратып, әртүрлі пішіндерді құрастыруды ұсыныңыз. 3-тапсырма. Тапсырманы түсіндіріп, орындауға уақыт береді. Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады) Қорытындылау **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда	Ендеше көздеріңді жұмыңдар. Осы кезде педагог тақтаға орманның көркем суретін және аңдардың суреттерін іліп қояды. – Балалар, көздеріңді ашыңдар, сендер орманнан не көріп тұрсыңдар? – Оларды бір сөзбен не деп атаймыз? – "Аң" сөзін шапалақтау арқылы буынға бөлейікші? – "Аң" сөзінде "Ң" дыбысы қай дыбыстан соң тұр? – "А" дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз ба? – Ал, балалар, қолымызға қолайнаны алып ң дыбысын айтып көрейік. – "Ң" дыбысын айтқанда тіліміз таңдайымызға тиіп, кедергімен шығып тұр. Сондықтан "ң" дыбысы дауыссыз дыбыстарға жатады, көк текшемен белгілейміз. – "Ң" дыбысы қай дыбысқа ұқсайды? "Н" мен "Ң" дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аударту. Бір қатарға "Ң", екінші қатарға "н" дыбысы бар сөздерді ойлап айтуды тапсыру. Сергіту сәті: – Ал, балалар, қазір біз "аң" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. – "Аң" сөзінде неше дыбыс бар? "А" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай	Шаттық шеңбері Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» -Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. - Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып. **Сұрақ-жауап:** Өлең қалай аталады, не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма? Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз?	дыбыстарының бірі, оны таза, дұрыс айтып үйренуіміз керек. Сөздік жұмыс. *Тың, шың, іңір, сіңір* сөздерінің мағынасын педагог түсіндіреді. ["Ң"] дыбысына жаттығу: Мұрынды ұрып үнменен, "Ң"-ды айтсаң болар "н" деген. Қазақша сөйлей алмайды, "Ң"-ды айта білмеген. Мен жүремін **тыңда** да, **Іңірде** де мен бармын. Мен отырам **шыңда** да, **Сіңірде** де мен бармын. "Ң" аяқтар мыңды да, "Ң" аяқтар заңды да. "Ң" аяқтар аңды да, "Ң" аяқтар маңды да. **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын: "Орамал тастамақ". Ойын шарты: педагог өтілген дыбыстар бойынша дыбысты айтып, балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. [с, б, м, қ, о, р, ғ, н, т, а]. Қорытындылау **Музыка** Қайталау . Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, әндерді үйрете отырып,аспаппен сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдысын дамыту. Ән тыңдау: :«Етікші әні» Ән салу: «Тәрбиеші апай» М.Дауылбаев Аспапта ойнау: «Көңілді

	жайлы айтылды? **Сергіту сәті** Қорытындылау **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Құрамында ң дыбысы бар сөздерді талдау. Ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға, қызыл және көк түсті текшелерді қолдануды үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, бүгін бақшаға келе жатып, қолында сиқырлы таяғы бар сиқыршыны көрдім. Ол маған сиқырлы таяғын берді (әдемі таяқшаны көрсетеді). Ол маған: «Осы таяқшаның көмегімен балаларды Орманға саяхатқа апар», – деді. – Кәне, сендер саяхатқа барғыларың келе ме? Ендеше көздеріңді жұмыңдар. Осы кезде педагог тақтаға орманның көркем суретін және аңдардың суреттерін іліп қояды. – Балалар, көздеріңді ашыңдар, сендер орманнан не көріп тұрсыңдар? – Оларды бір сөзбен не деп атаймыз? – "Аң" сөзін шапалақтау арқылы буынға бөлейікші? – "Аң" сөзінде "Ң" дыбысы қай дыбыстан соң тұр? – "А" дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз ба?	эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау, суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Шаттық шеңбері Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» -Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. - Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.	текшемен белгілейміз? – Аң-ң-ң, "ң" дыбысын педагог қаттырақ айтады да, "ң" дыбысына екпін түсіп тұрғанын айтады. – "Ң" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – "Аң" сөзінде неше дыбыс бар? – Неше дауысты дыбыс? – Неше дауыссыз дыбыс бар? – Неге көк текшемен белгілеңдер? **Қорытындылау** **Тіл дамыту** **Міндеті:** Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақ жасырады. Педагог балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелеседі. – Мынау не? – Бағдаршам не істейді? Педагог әртүрлі көліктердің суретін көрсетеді. **Өнегелі 15 минут** – Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кememен, қайықпен суда жүзеді. Бұл заттарды бір сөзбен көліктер деп	Жаман бала деп кімді айтамыз? Сен қандай бала болғың келеді? Сергіту сәті: ***Есіңе сақта:*** «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан». Қорытындылау **Математика негіздері** **Міндеті:** дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрышты тануды үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларға геометриялық пішіндерден (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш) құрастырылған суреттерді қарауды ұсынады. – Суреттер қандай пішіндерден құрастырылған? – Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талқылап, өздеріне таныс пішіндерді атайды Одан кейін педагогтен балалар жұмыс істеген заттардың қалай аталатынын сұрайды. Педагог пішіндерді кезек-кезек атайды. Мысалы, шаршылар. Шаршысы бар балалар тұрып, басқа балаларға көрсетеді. 1-тапсырма. Пішіндерді	қасықтар» «Әуенді-ырғақты ойын» «Аспазшылар» биі Ойын:«Аппақ қар» Шарты: Балалар әуеннің ырғағымен айнала қимылды әуенге қосылып билейді. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау дағдысын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог суретті көрсетіп, сұрақ қояды. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Жыл мезгілі - қыс. Мынау не? Мынау - қар. Ақ-ақ - ақ қар. -Қардан не жасаймыз? -Аққала жасаймыз. -Мынау - сырғанақ. -Мынау не? -Мынау - сырганақ. -Балалар сырғанап жүр. -Балалар не істеп жүр? -Балалар сырғанап жүр. -Шанамен сырганап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Немен сырғанап жүр? -Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Бұлар — қыс қызығы. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-Қ- Қ - қа - қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ - сырғанақ. Педагог шағын әңгіме құрап

	– Ү қандай дыбыс? – Т қандай дыбыс? – І қандай дыбыс? – К қандай дыбыс? Дидактикалық ойын: «Сөз ойлап айт». Ойын шарты: Педагог әр балаға қалам таратады. Берілген дыбысқа сөз құрап айтады. Кім көп сөз айтса, соның қаламы көп болады. Суретпен жұмыс,тапсырмаларды орындау. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. ҰІӘ-інің ұнағанын балалар смайлик көрсету арқылы білдіреді. **Математика негіздері** **Міндеті:** Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сонша жина» дидактикалық ойыны. Топтық жұмыс. Балалар санамақтың көмегімен 3 топқа бөлінеді. Әр топтың үстелінде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақ,	зырлап Жанын қинап, Ұлиды зарлап. (Боран) Рефлексия. Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар екен? -Қардан не жасауға болады? -Қыста қандай ойындар ойнаймыз. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сұрақ - жауап» ойыны. - Балалар табиғат дегеніміз не? - Табиғат - бізді қоршаған орта. - Табиғат нешеге бөлінеді? - Табиғат тірі және өлі болып бөлінеді. Тірі табиғат - олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан - жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. (слайд суреттері) Өлі табиғат - қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы олорсыз өмір сүрмейді. Сондықтан олар бір - бірімен тығыз байланысты. Дидактикалық ойын:	байқай алмайсың. Оның тоны аппақ қар сияқты. 3 слайд. (Балалардың жемсауытқа жем салып тұрған суреті). - Бұтақтан-бұтаққа ұшып-қонып жүрген құстарды көруге болады. Оларға қыста жем табу қиынға түседі. Сондықтан адамдар жемсауыт жасап, оларды қоректендіреді. 4 слайд. (мысық және ақ аюлардың суреттері). - Аяз суық болса қыстығүні балалар түрлі ойын ойнайды. Жануарларда қарды қызық көреді? Мысалы, мына мысыққа және ақ аюға қараңдаршы. Қармен бетін жуып жатқан сияқты немесе қарды қызықтап тұрғандай. 5 слайд. (шанамен сырғанап жүрген балалардың суреттері). Шана – қысқы сырғанайтын ойын көлігі. Шана туралы тақпақты оқып берейін. «Шана» Қ.Мырза Әлі. Қыр басына шарқ ұрып, Бір орында тұрмаймыз. Шана сүйреп барамыз. Қырдан төмен ағамыз. Қалдықтіпті алқынып, Ұшқан құстай зулаймыз, Қандай ауыр шанамыз. Қыста күн суық,аяз болады. Аяз - қыс мезгілінің қатты суық күні. Боран - қарды, топырақты бұрқыратып соғатын	тор көзге С әрпін жазайық. Қандай сөз шықты? Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс - әрекетіміздің тақырыбы «Ғажайып қыс». Балалар сендер орманға барғыларың келе ме? Тәрбиеші: Ендеше менің сиқырлы таяқшамның көмегімен біз орманға барамыз. Міне, балалар біз орманға келдік. Орманнан не көріп тұрсыңдар? Тәрбиеші: - Балалар, қараңдаршы, шыршаның түсі қандай? Шыршаның бойы қандай? (Қоян шыршаның түбінен секіріп шығады) Қоян: - Ой сәлеметсіңдер ме, балалар. Орманда не істеп жүрсіңдер? Тәрбиеші: Балалар, біз қоян туралы өлең - тақпақтар білеміз бе? Қоян: Ой, балалар, қандай керемет. Мен де сендермен жүрсем бола ма? Тәрбиеші: - Жарайды, қоян бізбен бірге еріп жүре ғой. Тәрбиеші: - Балалар мынау не? Тәрбиеші: - Ағаштарда жапырақтар бар ма? Тәрбиеші: - Мынау ақ болып тұрған нелер? Тәрбиеші: - Мынау не? Тәрбиеші: - Балалар оларды неге суықторғайлар дейміз?	

	киімқыстырғыштар немесе басқа материалдар қойылады). Балалардың бірі – жүргізуші болады, ол 1-ден 10-ға дейінгі карточкаларды көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады. Әрі қарай педагог (текшелер, ойыншықтар), көлік суреттерін немесе балалар суретін шығарып қояды. –Ойыншықтарға қара. (Мәшинелер, балалардың суреттері.) – Оң жақтағы және сол жақтағы санды салыстырыңдар. –Не артық? Не кем? Қалай тең қылуға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. –Оларды теңестіру үшін не істеу керек? Олар теңестіру үшін бір жағынан артық ойыншықтарды алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қосу керек деген қорытынды жасайды. –Біз ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе артық ойыншықтың бар-жоғын білу үшін сызық сызамыз, бір-бірімен жұптастырамыз. –Сол жақта қанша ойыншық (ыдыс) бар екенін сана. Педагог балалардан ойыншықтарға	«Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата» Шарты: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып,табиғат құбылыстарының қасиеттерін айтып берулері керек. Тақпақ жаттау, 2 рет қайталау. Табиғатым - тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Тапсырма: Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу. Қызықты сәт. Есік қағылады. (Түлкі қонаққа келеді) - Балалар, мен орманда тоңып қалдым. Аңдардың бәрі жылы киімдерін киіпті, ал мен жыл мезгілдерін білмеймін, қыста киетін киімді ажырата алмаймын. Маған көмектесіңдерші. - Балалар, көмектесеміз бе? - Олай болса, мен сендерге жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қоямын. Кім тапса, сол жыл мезгілі болады. - Аққала жасап, сырғанақ теуіп ойнайтын қай жыл мезгілі? - Қар еріп, құстар келетін қай мезгіл? - Күн ысып, суға шомылатын қай мезгіл? - Жеміс - жидек пісетін, Астық жинайтын қай мезгіл?	қатты жел. Қыста ақ түтек боран соғады. Ондай күні далада ойнауға болмайды. Мұз - су аязда мұз болып қатады. Мынау ыдыстағы суды біз сабақтан соң сыртқа шығарып қоямыз. Суымызға не болғанын көреміз. Сөздік жұмыс. Аяз, боран, мұз, шана. Қорытынды бөлім. Рефлексия Қыс қандай екен? Көңілді екен. Қыста не жауады? Қар жауады. Қандай қысқы ойындарды білесіңдер? Аққала жасаймыз, шанамен сырғанаймыз, қармен ойнаймыз. Ендеше, мына үстел үстінде тұрған аққаланың бөліктерін алып аққаланы құрастырамыз. (Балалар аққаланы құрастырады). **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Сендер шешімін тауып көріңдерші? Ой – толғаныс әдісі. Жұмбақ. Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан тұратын,	Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар, олар қыстайтын торғайлар. Тәрбиеші:- Балалар мына жерде апан бар екен, қан, қарайық ненің апаны екен? Тәрбиеші: - Балалар, қыста аю ұйықтап жатады, сондықтан біз тыныш жүрейік. (осы кезде аю оянып кетеді). Аю: Қайсысың мені тәтті ұйқымнан оятқан, ой, мынау балалар ғой. Мен қыста тәтті ұйқыға кетемін сондықтанда қыс мезгілі қандай болатынын білмеймін. Маған қыс мезгілі туралы білуге көмектесесіңдер ме? (Шыршалардың артынан аққала шығады) Аққала: - Сәлеметсіңдер ме балалар! Аққала: - Мені сендер сияқты балалар жасап кетті. Тәрбиеші: - Балалар, аққала неше бөліктен тұрады? Тәрбиеші: - Балалар, орман суық екен бойымызды жылытып, сергіп алайық. Сергіту сәті: Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт - сарт - сарт, Шапалақ соғамыз. Етік киіп аламыз, Топ - топ - топ. Топылдатып билейміз, Тоңса біздің денеміз. Тоңды киіп аламыз,	

	(ыдыстарға) қол тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. 4 ойыншық шықты. –4 цифры бар карточканы сал. –Басқа ойыншықтарды (табақтарды) сана. –Олардың саны қанша? (3). –Қайсысы артық? Қайсысы кем? –Енді басқа сөредегі ойыншықтарды сана. Педагог оларға қойылған ойыншықтарды санауға көмектеседі. Мысалы, жүк көліктері (5) және жеңіл автомобильдер (6). –Қанша жүк көлігі бар? (5). –Қанша жеңіл көлік бар? (6) Әрі қарай, педагог ойыншықтардың екі түрін бірдей болған жағдайда олардың саны бойынша салыстыруды ұйымдастырады. –Қуыршақтарды сана. Олар қанша? (5). –Мәшинелерді сана (5). Не артық? Не кем? Мәшинелер мен қуыршақтар тең. Сергіту сәті. Бір, екі, үш, төрт, бес, Барлығымыз санаймыз. Демалуды білеміз – Қолды артқа түреміз, Басымызды көтереміз, Және терең дем аламыз. Оңға қарай біз жүреміз, Бағытты біз солға аламыз, Шеңберге біз жиналамыз, Орнымызға ораламыз. Біз	«Жыл мезгілін байланысты киімді тап» ойыны. Түлкі балаларға рахметін айтып, кетеді. Халық болжамдары. - Түнде қырау түсс, күндіз қар жауады. - Қарға қақылдаса, қар жауады. - Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. - Жылқы аунаса, күн бұзылады. Тапсырма: Ыдысқа балалармен гүл егу. - Балалар, қазір мынау ыдысқа жер саламыз, одан кейін гүлдің тұқымын саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз. - Көрдіңдер ме балалар, тірі табиғат өлі табиғатсыз өспейді. - Біздің гүліміз өсу үшін не керек екен? - Су,жер керек. - Енді еккен гүлімізді терезенің алдына қойып, күнде кезекпен суарып, бақылап отырамыз. Қорытынды.Рефлексия. Өздерін бағалау. - Балалар мына шырша жай тұрған жоқ. - Балалар сендердің алдарыңда жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр. Бүгін сабаққа өте жақсы, белсенді қатыстым деген бала жұлдызшаны, ал орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Өздеріңді бағалап көріңдерші. - Қараңдаршы шыршамыз	Тауып көрші сен оны? (Аққала) Таңғажайып сәт. Аққала келеді. - Балалар, бізге қонаққа аққала келді. (әуенмен) - Аққаламен амандасайық. - Балалар, аққаланы неден жасаймыз? - Аққаланың түсі қандай? - Аққала қандай пішінге ұқсайды? - Аққала бізге бос келмепті, өзімен бірге қар алып келіпті. - Енді балалар алақандарыңды ашыңдаршы. - Жылы алақанымызға салғанда неге айналатынын көрейік. Эксперимент жасайық. - Балалар, біз бүгін сендермен қыс қызығы туралы әңгімелесеміз. - «Қыс қызықтарын» слайд арқылы тамашалайық. Слайдты көрсете отырып сұрақтар қою. - Балалар, жылдың қай мезгілі екен? - Қыс екенін қайдан білдіңдер? (жекелеме баланың жауабы) - Қыста қандай ойын ойнайсыңдар? Сергіту сәті: Қар жауады оң жақтан Қар жауады сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су болады қолғаптар. Топтық жұмыс. Балалар, біз енді төрт	Зу - зу - зу, Шанамен зулаймыз. Тәрбиеші: - Ал, енді балалар бақшамызға қайтайық. Көзімізді жұмып сиқырлы таяқшаның көмегімен бақшамызға қайтайық. Міне, балалар біз бақшамызға келдік. Орманда жүргенде аюға уәде бергенбіз, қыс мезгілі қандай болатынын білуге көмектесеміз деп, сол уәдемізді орындайық. Балалар, қыс мезгілінің белгілерін айтып беріндерші. (интерактивті тақтадан көрсету). Балалар: - Қар жауады, аяз болады, боран соғады. Жерді қар басады. Өзенді мұз басады. Құстар ән салмайды, жәндіктер тығылып қалады. Адамдар қалың киінеді. Тәрбиеші: - Қардың түсі қандай? Тәрбиеші: - Қар неге ұқсайды? (интерактивті тақтадан көрсету). Балалар: - Қант, сүт т. б. Тәрбиеші: - Қыс айлары жайлы біз не білеміз? Желтоқсан - жыл аяғы қыстың басы, ол суық, ызғарлы болады. Қаңтар-Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Қыстың айы қаңтардан,	

	тып-тыныш отырамыз, Алақанмен қол ұрамыз! Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Құстың қанша жидегі бар? Сана. Цифрмен сызып қос. Жидегі көп себетті белгіле. Суретте не бейнеленген? Бұл қашан болады? (Қыста.) Балалардан құс пен жидекті (суықторғай) білетінін не білмейтінін сұрап қызығушылықтарын тудырады. Педагог құстың қанша жидегі бар екенін санауды, оны цифрмен сәйкестендіруді сұрайды. Осыдан кейін ол жидектері көп себетті белгілеуді ұсынады. Егер де балалар бұлай салыстыра алмаса, педагог жидектерді жұппен байланыстыратын сызық жүргізуді ұсынады. – Артық жидек қалды ма? Балалар қорытынды шығарады: сол жақтағы құстың оң жақтағы құсқа қарағанда жидектері көп. Сол жақтағы құста 6 жидек, оң жақтағы құста 5 жидек бар. 2-тапсырма. Сол жаққа қарағанда, оң жақтағы заттардың суретін артық сал. Сол жаққа қарағанда, оң жақтағы заттардың суретін кем сал. Сол жақтағы заттар қанша болса, оң жаққа сонша сурет сал. Педагог тапсырманы	қандай әдемі болды. - Тас өсіп көбейе ме? - Сусыз тіршілік болады ма? - Біз қандай табиғатқа жатамыз? Су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр қандай табиғатқа жатады? **Музыка** Балаларды әуенге байланысты таныс би қимылдарын өзгерте білуге үйрету. Музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруға қалыптастыру.Бидіңк өңіл – күйін ажырата білуге баулу, әр түрлі ырғаққа ойдан қимылдар шығаруға үйрету. **Ән тыңдау:** : «Қыс қызығы»З.Акошева **Ән салу**: «Жаңа жыл вальс»Н.Оразбаева **Аспапта ойнау:** «Көңілді марш» **Әуенді-музыкалық қимылды ойын:** «Қысқы мүсін»	топқа бөлінейік. I топ «Ұлпа қар» тобы – мақтаны үзіп алу арқылы желіммен жапсырады.**(Жапсыру)** II топ «Аққала» тобы – берілген матаға дайын пішіндерден аққаланы құрастыру.**(Құрастыру)** III топ «Шырша» тобы – қардың суретін салады.Тіс пастасын пайдалана отырып, қағаз бетіне саусақпен бастыру, қағазды қардың суретін салғызу. **(Сурет салу)** IY топ «Қарлы қоян» тобы ермексазды пайдалану арқылы қоянның бейнесін жасайды.**(Мүсіндеу)** - Балалар,аққала сендермен ойын ойнағысы келіп тұр екен.Аққаламен ойын ойнайық па? - Балалар, сендермен қар лақтырысып ойнайық? Рефлексия. Қимылды ойын «Қарды тез жинау». Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, үлкен қарларды бір бөлек, кіші қарларды бір бөлек жинау. - Балалар, қыс несімен қызықты? Аққаланың сендерге әкелген сыйлықтары бар екен. (Аққала балаларға мадақтау қағазын таратады)	Басталады жыл басы. Ақпан жел мен боранның айы. Бұл айда суық борандар болады. Менің атым ақпан, Келдім суық жақтан. Тонып қалма балалар, Аязымнан сақтан. Туған жердің ақ қысы, Ақ құшағын жаяды. Тәрбиеші: - Енді, балалар біз сендермен «Сөйлемді аяқта» деген ойын ойнап жіберейік. 1. Қырау басқан..... 2. Балалар аққала..... 3. Қар жапалақтап..... Балалар: - ағаштар, - жасады, жасап жатыр, - жауып тұр, жауады. Жұмбақтар шешіп жіберейік 1. Ол көңілді сайқымазақ емес, Үш қабатты бірақ үй емес. (Аққала) 2. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар) 3. Терезеге қонады, Әсем ою салады. (Қырау) Тәрбиеші: - Балалар қыста қандай ойындар ойнайсыңдар? Күтпеген сәт. Қыс ханшайымы кіреді. Қазір біз сендермен қар атыспақ ойынын ойнайық. (жұмырланған қарды біреуіне лақтырып). Қалт етпей қағып ал аудармасын тауып ал. (Қар, аяз, сырғанақ, шана, шаңғы, мұз, аққала, қыс).	

	орындау тәсілін бақылайды. «Бағбан» ойынын ойнау. Ойын жаттығу: балалар заттардың санын салыстыру үшін боялған гүл құмыраларын (немесе көмекші материалды бір реттік шыныаяқтар сияқты) және әртүрлі гүлдерді (олардың орнына түрлі түсті қарындаштарды пайдалануға болады) пайдалана алады. Олар құмыраларға гүл отырғызып, қанша гүл бар екенін анықтау керек. Содан кейін олар әртүрлі құмыралардағы гүлдердің санын салыстырып, қай құмырада көбірек гүлдер бар екенін анықтайды. 3-тапсырма. Қалай ойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле. – Мәшинеңің жанында ненің суреті салынғанын ата. (Жол.) Паровоз үшін қандай таңдау бар? Сол жақ суретпен не жұптасуы керек? Белгіле. Балалар өз таңдауын түсіндіреді. 4-тапсырма. Штрихтауды көрсетілген бағытта орында. Баланың зейіні мен ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған. «Қайда көбірек, ата» ойын жаттығуы. Педагог балалар тобын өзінің сол және оң жағына			Тәрбиеші: - Енді, біз балалар сендер - мен көп ертегі оқығанбыз. Сол ертегінің біреу «Екі аяз» деген ертегісін сахналап берейік. Рефлексия. Сахналау: «Екі аяз» **Математика негіздері** **Міндеті:** Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын жаттығуы «Қанша екенін тап?». Балаларға кәмпит немесе тас сияқты әртүрлі заттары бар банкалар беріледі. Педагог әр банкідегі заттардың санын болжап айтуды сұрайды. Балалар кез келген санды атайды. Содан кейін балалар жауаптарын тексеру үшін банкаларды ашып, санайды. Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым балаларды пойызбен жүруге шақырады. Педагог балаларға вагон болуды ұсынады. Он бала бірінің артынан бірі тұрып, пойыздың қозғалысына еліктейді.	

	тізіліп тұруға шақырады (мысалы, 5 және 8 бала). Қалған балалар қай жақта көбірек екенін айтуы керек. Әрі қарай педагог жұппен тұруды сұрайды. Қай жағында балалар артық қалды? Қандай қорытынды жасауға болады? Теңестіру үшін тағы қанша бала керек? Педагог балалардың екі тобын салыстыру үшін қолданған сөздерді қайталауды ұсынады: артық, кем, бірдей/ тең. Рефлексия. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Жүру: ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге үйрету. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден сапта жүру, қолдарды әртүрлі қалыпта ұстау, тізені жоғары көтеру, аяқтың ұшымен жүру; 3х5 метрге қайталама жүгіру. Жүгіргеннен кейін демді			Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі цифр салынған карточкалар беріледі. Педагог қалған балаларға вагондарды тура және кері тәртіпте 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. №16 парақтағы вагондарды санауды тура және кері тәртіпте ұйымдастыру үшін қолдануға болады. Педагог паровозға 5 вагон қосып бекітеді. Паровозсыз тек вагондарды санауды сұрайды. Паровозды «қосалқы жолдарға» ысырып қояды. Тапсырма беріледі: вагон нөмірлерін тіркеу. Вагондардың нөмірленуін кері тәртіпте өзгертеді және балалармен бірге оңнан солға қарай санау жүргізеді. Содан кейін вагондармен жағдаят ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге кіретінін хабарлайды. Тақтаға немесе балалардың үстелдеріндегі карточкалардан жазылған сандық қатарға сәйкес педагог сандық қатарды құру ережесін көрсетеді. Әрбір келесі сан 1-ге артық, алдыңғы сан 1-ге кем. Балалар бақылайды, саусақты сандық сегменттің суреті	

	қалпына келтіру. Жалаушаларды пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: Еденге тасталған қырлы тақтай үстімен жүру. Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен жүріп өт» – жалаушаларды ұзын жолмен алып өту. Балалардың табанын тақтайдың үстіне дұрыс қою қабілетіне назар аударады. 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға көздеп лақтыру. Затты лақтыратын оң (сол) қол мен оң (сол) аяқты алға қойып, лақтыру күшін әртараптандыру қабілетіне назар аударады. Тәрбиеленушілер екі тізбек болып тұрады. Әр тізбектен бір баладан белгіленген лақтыру сызығына жақындайды. Себеттен бүрді алып, құрсауға лақтырады. Лақтырғаннан кейін өз тізбегінің соңына барып тұрады. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Құстардың ұшып келуі». Тақтайларды залдың әр жеріне қойып шығады. Аумағы шектеулі жерде статистикалық тепе-теңдік сақтау қабілетіне назар аударады. Қорытынды кезең			бойынша жүргізе алады, санау мен есептеуді бір-бірлеп түсіндіреді. Сондай-ақ, үлестірмелі материалдан сандары бар карточкалар қатарын жасауға болады. Педагог 1-ден 10-ға дейінгі сандардың табиғи қатарын көрсетеді. Содан кейін педагог вагондардың туннельден бір-бірден шығатынын хабарлайды. – Біз оларды қалай есептейміз? Міне, 1-еу, ал одан кейін тағы 1-еуі шықты. Қанша вагон болды? (2). Тақтадағы карточкалармен жұмыс. 1-ден 10-ға дейінгі сандық қатарды ретімен бөліңіз. Цифрларды тезірек және дұрыс орналастыру үшін екі баланы шақырады. Тура және кері тәртіпте санатады. Тәсілді қолданады: бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Марғаумен бірге көтеріліп, төмен түс. Цифрларды ретімен ата. Сен жоғары көтерілгенде қандай ретпен санадың? Ал төмен түскенде ше? 2-тапсырма. Ойыншыларды ретімен сызып қос. Балалар суреттерді қарап шығады. Сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәті. Педагогтің өз	

	(Рефлексия). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Біреу – екеу».			шығармашылығына қарай жүргізіледі. 3-тапсырма. Бағдардың көрсету бағытын ата. Көрсетілген түске боя. Жұппен орындалады. Жұмыстарын достарына тексертеді. 4-тапсырма. Штрихтауды көрсетілген бағытта орында. Педагог балалардан дәптермен жұмыс жасаудың қандай ережелерін білетіндерін сұрайды. «Жұбын тап» ойын жаттығуы. Педагог нүктелері бар карточкаларды пайдаланады. Балаларға таратады. Карточкалардың жұбын табуды – нүктелерге сәйкес цифрды табуды сұрайды. Педагог «Білім цикл» әдісін қолданады. Үлгілік сұрақтар: – 5 санынан кейін қандай сан тұрады, 7 санынан бұрын қандай сан тұрады, 8 санының көршілерін ата? Бөлмеде қанша терезе бар? Сол жақтан оңға, оң жақтан солға қарай санағанда қатардағы қызыл шелек нешінші болып тұр? Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың	

				өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. **Дене тәрбиесі(таза ауада)** **Міндеті:** Жүру: ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге үйрету. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізуге үйрету. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, хоккей ойындарына жағдай жасау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог доптаяқтар мен шайбаларға назарларын аударады. Тәрбиеленушілерге доптаяқтар мен шайбаларды қарап көруді ұсынады. Шайбалы хоккейге арналған доптаяқ – шайбалы хоккейде шайбаны соғуға, пас беруге және шайбаны алып жүруге қолданылатын спорттық снаряд. Имек – доптаяқтың шайбамен жанасатын бөлігі. Мұзда қозғалған кезде, ойын	

				кезінде қауіпсіздік техникасына баса назар аударады. Бір-бірден тізбекке тұру, өкшемен жүру, қолды әртүрлі қалыпта ұстау – жоғары көтеру, қапталға созу, иыққа қою, алға созу. Заттардың көмегімен жаттығулар жасайды. Мынау – Су-Джок шаригі. Ол алуан түсті. Оны алақанға салып домалатамыз. Шарикті оң қолмен айналдырамыз. Енді сол қолмен айналдырамыз. Оны әрбір саусақтармен қатты басамыз. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау. Алақан мен табанды тіреп, көлбеу тақтайдың үстімен өрмелеу, қолға арналған түрлі тапсырмаларды орындап жүру. Шайбаны тура бағытта алып жүру (6 рет). Тәрбиеленушілерге шайбаны доптаяқпен алаңның қарама-қарсы бөлігіне алып жүруді ұсынады. Нұсқау – доптаяқты имегінің төменгі қыры алаңның бетіне толықтай тиіп тұратындай етіп алып жүру керек. Доптаяқты екі қолмен дұрыс ұстау – бір қолымен таяқтың ұшынан жоғарыдан қармап ұстау, ал екінші қолымен (мықты) сәл төменірек – астынан	

				қармап ұстау (сонымен шайбаны бағыттайды) білігіне назар аударады. Шеңберден-шеңберге секіру (екі қатарға бес шеңберден қойылады). Нұсқау: қимылдарды қауіпсіз орындау қажет, бір шеңберге бір ғана бала тұруы тиіс. Тәрбиеленушілер қозғалыс басталған сызықтың жанында екі тізбек болып тұрады. Құрсаудан-құрсауға секіреді, қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіруге тырысады, жүйелі түрде секіреді. Жартылай бүгілген аяғының ұшымен жерге түседі. Орындағаннан кейін тізбектің соңына барып тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орныңды тап!». Құрсауларды залға өз қалауынша қойып шығады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Саусақтарға арналған гимнастика.	
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылау** **Міндеті:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу:	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек	**№ 26** **Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып,	**№ 2** **Қар басуын бақылау** **Міндеті:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау

	болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Жолды тазарту. **Міндеті:** Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па?	құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек:** Ойын орындарын қардан тазарту. **Міндеті:** Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек	Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) **Мақал-мәтелдер** Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Коммуникативтік дағды** **Қар тазалайтын машинаны бақылау** **Міндеті:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Таяқпен сыпыру» (қалмақ ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін) Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей	(ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауланы қардан тазарту** **Міндеті:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды**

	Коммуникативтік дағды		шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**	алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **Міндеті:** Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру. Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру);бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау-столды сүртіп, шашылғанды жинау және т.б.) **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті	**№2 картотека «Қарама-қарсы сөзді тап»**	**Ойын: «Сәйкес дорбаны тап»** **Шарты:** Асықтарды санау	**Жеке қауіпсіздік «ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР»**	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Жол**	**№8 картотека «Теңдік және теңсіздік»** **Міндеті:** Балалардың заттарды

ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Міндеті:** Балалардың ой-өрісін дамыту.Сөздік қорын молайту. Шарты: Ойыншылар жағалай тізіліп отырады.Балалардың алдына суреттер таратылады.Сол суретке қарап қарама-қарсы суреттерді табу. Қарама-қарсы сөздер мысалы: Ащы- тәтті т.с.с **Қазақ тілі**	арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:** балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру. ▪ Балаларға қауіпті орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау. Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. Қаңырап қалған ғимараттар: Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті	**қиылысындағы белгі»** **Мақсаты:** Жол қиылысындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілер туралы білімін жетілдіру. Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерімен (елдімекеннің басталуы, аяқталуы) таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері . Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау - саламат жүреміз. Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды. Көшенің қиылысына келгенде, екі жағыңа назар аудар, жасыл жарықтың жануын күт. Көшенің арғы бетіне жүгіріп өтуге болмайды. Көшенің арғы бетіне жолдың қақ ортасынан өтпе.Көше қиылысында тоқтау сызығы болады. Осы жерде тұрып бағдаршам белгісінің жануын күт. Ойын жүргізушісі алдын ала дайындаған үш түсті көрсетіп, сендердің қаншалықты жинақы екенін байқайым. Ойын шарты 1) Бағдаршамның жасыл көзін көрсеткенде балалар жүрген сияқты бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді. 2) Сары көзін көрсеткенде ду қол шапалақтайды.	салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриалық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту Шарты: балаларға екі қатардағы теңдік, теңсіздік белгілету. **Математика негіздері**

			жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. Септиктер: Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. Құрылыс алаңдары: Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар: Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.	3) Қызыл көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады. Жаяу адамға көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Көшенің екінші көшемен қиылысқан жерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұста немесе асфальтта көлденеңіне сызылған жалпақ ақ жолақтары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады. **Қорытындылау** Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбаңдар!	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур ___ жеке жұмыс** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйретуді жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур __ жеке жұмыс** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур ___ жеке жұмыс** Өз өмірінің қауіпсіздігін түсінуді және сақтауды, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуді және ажыратуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды үйретуді жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 12**	**№ 17**	**№ 19**	**№ 26**	**№ 2**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Бір тұтас тәрбие Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды	**«Алдаркөсе мен бай» ертегісін оқып**	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»**	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»**	**Картотека №14 Ұлттық ойын:**	**Картотека №12 «Бұл қандай ертегі?»**

ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**беру,әңгімелеу** **Міндеті:** Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын түсіне білуге қызығушылығын арттыру. **Көркем әдебиет**	**Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие Адал Азамат**	**Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие**	**«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие**	**Міндеті:** Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету.Ұқыптылыққа,шапшаңдылыққа баулу. Шарты:Қиылған ертегілердің суретін құрастырып қандай ертегі шыққанын атау,ертегіні айтып беру. **Құрастыру**
Балалардың үйге қайтуы	Баланын бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үйде баламен бірге ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Заң және тәртіп**

Аптаның дәйек сөзі: «Тәртіп – тәрбие негізі»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.01 - 30.01.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Ақсақ құлан»** Сазгер-күйші: Әл-әділ Кетбұға Домбауылұлы. «Менің Қазақстаным» Әнұран айту. Шығармашылық дағды **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттыгуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Ақсақ құлан»** Сазгер-күйші: Әл-әділ Кетбұға Домбауылұлы. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Ақсақ құлан»** Сазгер-күйші: Әл-әділ Кетбұға Домбауылұлы. **Бір тұтас тәрбие** Әсем әуенмен қарсы алу. **Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық**	**Күй күмбірі: «Ақсақ құлан»** Сазгер-күйші: Әл-әділ Кетбұға Домбауылұлы. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** «Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттыгуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы	**Күй күмбірі: «Ақсақ құлан»** Сазгер-күйші: Әл-әділ Кетбұға Домбауылұлы. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**

				алу. **Шығармашылық дағды**	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» **Бір тұтас тәрбие**	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен спорттық ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады. **Ұлттық құндылық**	«Өсімдіктер әлемі» Міндеті: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	«Қай топ шапшаң?» Шарты: балаларды төрт топқа бөлу арқылы қандай суретті құрастырғандары туралы әңгімеге тарту. **Физикалық қасиеттерді дамыту,құрастыру**	**«Дауысты және дауыссыз дыбыстар»** Шарты: суреттерге қарап,қандай дыбыстан басталатынын тауып,қыстырғыштың көмегімен орнын табу. **Коммуникативтік дағды**	«Көшедегі жағдаяттар» ойыны. Шарты: 3 – 4 баланы ортаға шақырады, өзі «Бөтен адам» болып келеді. (Киімі қалпақ, көзілдірік) Балаларға жақын келіп, оларды мақтап, телефон, кәмпит, ойыншық көрсетіп, басқа жаққа алып кететін сынай танытады. Дұрыс және қате іс-әрекеттер қорытындыланады. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №10				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** «Көңіл-күй» Міндеті: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Музыка**	**№6 картотека** **«Көршісін тап!»** **Міндеті:** Сан құрамын атап, сандарды салыстыра білуге үйрету. Шарты: Әр балаға карточка таратылады сол арқылы санның көршілерін табу керек. **Математика негіздері**	**Бір тұтас тәрбие** «Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**	**Артикуляциялық жаттығулар:** **«Алтыбақан», «Ат шауып келеді», «Қақпаға допты кіргіз»** (айнаға қарап орындайды) **Міндеті:** Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Тіл дамыту**	**Бір тұтас тәрбие** Тіл ұстару жаттығулары. Міндеті: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Қазақ тілі**
Мектепке дейінгі	**Тіл дамыту**	**Математика негіздері**	**Сауат ашу негіздері**	**Қазақ тілі**	**Қазақ тілі**

ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Міндеті:** Ойыншықтарды сипаттауда ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауын пысықтау. Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Көбелек гүлге қонады» ойыны Ойынның шарты: Сендер гүлдерсіңдер, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады. Көбелек қонған бала менің сұрағыма жауап береді. 1 Қазір жылдың қай мезгілі? 2 Қыс мезгілінде неше ай бар? 3 Ауа - райы қандай болады? 4 Сүйікті ойыншығың қандай? Ойын: «Ненің суреті жасырылған?» Ойын шарты бойынша өздеріне ұнаған пішіндерді таңдап алыңдар, олардың артында аяқталмай қалған суреттер бар сол ненің суреті екен табыңдар. Жасырылған суреттер: доп, қуыршақ, машина, ит т. б. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** - Балалар, сонда бұлар	**Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақтарды оқиды, ал балалар фигуралары бар карточкаларды тауып, көрсетеді. Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам, Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.) Балалар ойын жағдаятына қатысады. Жиынтықтан пішіндерді іздеп, оларды көрсетеді. Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін, Тікбұрышқа аға болам, Шаршы деген мен болам. (Шаршы.) Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің ... (Дөңгелек.) Менен де бұрыштар таппайсың,	**Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Қандай түспен белгіленеді? 3) Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? 4) Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз? 6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды? Тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен. Артикуляциялық жаттығу жасау. (айнаға қарап отырып жасайды) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Педагог дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада шақырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-	**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Бұл қандай жабайы жануар?» берілген суреттерден білетін жабайы жануарларды сипаттап табу. - Мынау қандай жабайы жануар? -Мынау — қоян. Бұл қоянның құлағы. -Мынау - қасқыр. Бұл қасқырдың аяғы. -Мынау - аю. Аюға бал ұнайды. -Мынау - түлкі. Бұл - түлкінің құйрығы. Кима материалдармен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. -Мынау не? -Арыстан қандай? -Мынау не? -Жолбарыс қандай? -Мынау не? -Піл қандай жануар? -Мынау не? -Керіктің мойны қандай?.	**Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізуді, ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізуді жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, мен сендерге «Қазақстан барысы» ертегісін айтып берейін. Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді. Ертегі ұнады ма? - Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр). -Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой). Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады. -Мынау - барыс. Мынау не? -Мынау - барыс. -Барыс жаттығулар жасады. — Барыс не істейді? -Барыс жаттығулар жасады. -Мынау - борсық. Мынау не? -Мынау - борсық. -Борсық жаттығулар жасады. -Борсық не істеді? -Борсық жаттығулар жасады. -Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты. Балалар жаңа сөздерді қайталайды. Сергіту сәті: «Тұлпарым» (музыка әуенімен орындалады) Суретпен жұмыс. 1.Ертегі кейіпкерлерін тап. Ата. Белгіле. 2.Мақалды жатта. Күш білекте емес — жүректе. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: педагог сөздерді орыс тілінде атайды,

	ненің суреттері? Осы ойыншықтарымыз қандай пішіндердің артына жасырылған? Балалар сендер үйде, балабақшада не істейсіңдер? Немен ойнайсыңдар? Иә, балалар бүгін біз сіздермен сүйікті ойыншықтарымыз туралы айтамыз! Ойыншықтармен қалай ойнау керек екенін білеміз бе? (балалардың жауабы) Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Күнделікті ойыншықтарымыздың неден жасалатынын білеміз бе? Иә, онда мына ойыншықтарымызға мұқият қарайықшы. Ойыншықтардың мынадай түрлері бар екен. Ойыншықтардың түрлерімен таныстырып кетейін. 1. пластмассалы 2. резиналы 3. матадан 4. ағаштан 5. темірден Балалар сендер енді өздеріңнің ойыншықтарыңды неден жасалатынын білдіңдер ме? Дидактикалық ойын:	Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап, Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.) Мына шелекке қара – Қақпағы мен түбі бар, Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.) Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды, Толықсыған ай болып күлімдейді, Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.) Дидактикалық ойын, «Неге ұқсайды?». Балалар геометриялық фигуралар мен аталған фигура пішіндес заттарды атайды. –Дөңгелекке, шаршыға, үшбұрышқа, тіктөртбұрышқа ұқсас қоршаған ортадағы заттарды тап. Оларды ата. Балалар заттарды атайды, заттардың «неге ұқсайтыны»туралы қорытынды жасайды. «Геометриялық кілем құрастыр» ойыны. Геометриялық денелермен және фигуралармен практикалық жұмыс. Топтық жұмыс. Санамақтың көмегімен балалар топтарға бөлінеді. Педагог әр топқа әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шарлар, цилиндрлер) және	бұрыстығын тақтамен тексереді. – Суреттерде не бейнеленген? – Лақ,нан,піл. Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді. «Лақ» сөзіне дыбыстық талдау. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. Лақ сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. «Піл» сөзінің дыбыстық талдауы. П – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. І– жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «Піл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс «Нан» сөзінің дыбыстық талдауы «Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «А»- жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. «Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «Нан» сөзінде 1 буын,3 дыбыс Сергіту сәті: «Ойыншықтар» (музыка қимылымен орындалады) Суретпен жұмыс. 1.Ойыншықтарды ата. Дауысты дыбыстан басталатын ойыншықтарды қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталатын ойыншықтарды көк түспен корша. 2. Доп сөзінің дыбыстық сызбасын анықта. Сызықпен кос. Саусақ жаттығуы: «Тыңда, орында» Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді,	-Мынау не? -Мынау- маймыл. Балалар жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). І-і-і-і- піл-піл- піл. І-і-і-і - керік - керік - керік. Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: педагог орыс тілінде жануарларды атайды, балалар қазақ тіліне аударады: лев, тигр, обезьяна, слон, жираф, медведь, дикие животные. Сергіту сәті Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Суретпен жұмыс. 1 .Суреттерге қара. Жабайы жануарларды ата. Не артық? Қорша. 2.Не көріп тұрсың? Ата. Арыстанды боя. 3.Жаңылтпаш жаттау. Арыстан Арысқа Барса да, Арыстан ары Алысқа бара алмайды. Рефлексия.	балалар қазақ тіліне аударады: сказка, барс, барсук, соревнование. Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. - Ертегі ұнады ма? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Адамдардың айтатын сөздері әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Айнаны алып қараңдаршы, дыбысты айтуға не көмектеседі? **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** – Әрине, ауыз. Қараңдаршы, ауыз қуысында нелер бар? – Тіл, тіс, ерін. – Бұлар дыбысты айтуға көмектеседі. – Мен сендерге дыбыс айтамын, ал сендер дыбысты айнаға қарап қайталайсыңдар. Педагог "е" дыбысын айтады. – "Е" дыбысы ауыз қуысында кедергіге ұшырады ма? – "Е" дыбысын әндетіп айтсақ болады. – Е-е-е. Өйткені "е" дыбысы дауысты, оны қызыл текшемен белгілейміз. "Е" дыбысы ешкі, елік, ерін, етік, есек, ел сөздерінің басында кездеседі. Кесе, күрек, бел сөздерінің қай жерінде кездеседі? Бие, шие, түйе сөздерінің қай жерінде кездеседі? Осы сөздерден сөйлем құрастырайықшы? Сергіту сәті: Мен өркешті түйемін,

	«Кім жылдам?» Балалар мен енді жұмбақ жасырамын егер жауабын дұрыс тапсаңдар сандық ішінен сол ойыншық шығады. Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар.(түйе) Үрлесең жеп - жеңіл, Елпілдеп кетеді. Ұшырсаң, Көк – теңбіл. Бұлтқа да жетеді. (Шар) Тиіп кетсе жылаған, Дауысы көпке ұнаған.(домбыра) Артикуляциялық жаттығулар: «Тоқылдақ» – ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғарға альвеолоға немесе таңдайға жии-жиі соғылғандай қимыл жасау керек. «Ат шауып келеді» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. «Тістерді тазала» - ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен жоғарғы тістерді ішінен оңға-солға тазалау. «Қақпаға допты кіргіз» - ерінді алға «түтікше» тәрізді қылып созу. (Осы кезде есік қағылады, Сайқымазақ өзінің достарын ертіп келеді.) Балалар мені таныдыңдар ма? Менің достарым сендерге өз ойларын айтқысы келеді, оны есту	геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш) таратады және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) сәйкес орналастыруды сұрайды. Балалар тапсырманы орындайды, өз әрекеттерін түсіндіреді. Балалар сопақша мен дөңгелектің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастығы мен айырмашылығын табады. –Қызыл сопақшаны ал. Жиегімен саусағыңды жүргіз. –Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? –Қызыл сопақшаның үстіне жасыл дөңгелек сал. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.) –Не байқадың? Олардың бір-бірінен айырмашылығы неде? Фигуралардың бұрыштары мен қабырғалары жоқ, дөңгелекке қарағанда сопақша ұзындау. –Қандай заттар сопақшаға ұқсайды? (Сопақша пішінді заттарды бейнелейтін суреттерді көрсету керек.) Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды. –Енді балалар, қолдарыңызға сары	Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. Графикалық жұмыс. 3. Штрихта 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, дене сымбатына зиян екенін айтып өтеді.Қаламсапты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. Рефлексия. Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Ойыншықтарды сипаттауда ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауын пысықтау. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру,бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Балалар, көңіл-күйлерің қандай? **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Балалар, біз, Ойыншықтар әлеміне, саяхатқа келдік! Қандай әдемі! Ой, балалар, қараңдар, ойыншықтар	Ойын: «Дауысынан таны»: үнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдан, ажырату. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Қай ертегі кейіпкері әрқашанда көңілді болып жүреді? Суреттен Алдаркөсені көрсет. Ол неге Алдаркөсе аталды деп ойлайсың? Алдаркөсе қандай кейіпкер? Алдаркөсенің жақсы көретін әнін бірге айтуды ұсынады. Алдаркөсенің әнін қатты, ақырын дауыспен айту. Мен Алдармын, Алдармын, Сақалымды талдармын. Сақал түгіл мұрт та	Басымды жерге иемін. Маң-маң басып далада Жантақ жеуді сүйемін. Дидактикалық ойын: Бастаушы допты бір балаға лақтырып, бір жануардың атын айтады, бала допты кері лақтырып, оның төлін айтады. Мысалы: сиыр – бұзау, бие – құлын, түйе – бота, есек – қодық, мысық – марғау. Педагог артынан қайталайды: Е-е-е – ат үсінде ер, Ең-ең-ең – ең үлкені мен, Ең-ең-ең – екі жағы тең. – Балалар, енді біз "тең" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. – Бірінші дыбысты қаттырақ оқимын, т-т-тең. – Сөздегі бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Дауыссыз дыбысты қандай түсті текшемен белгілейміз? Бәріміз көк текшені қоямыз. Педагог екінші дыбысты қаттырақ созып айтып, екпін қандай дыбысқа түсіп тұрғанын сұрайды. Те-е-ең. "Е" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – Енді тағы бір дыбыс қалды, тең-ң-ң."Ң" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Оны қандай белгімен белгілейміз? – "Тең" сөзінде барлығы қанша дыбыс бар? – Нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз? "Ер" сөзіне өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Жұмыс дәптермен жұмыс: дәптердегі № 25 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектесіп, қатесін түзейді, үйретеді. Рефлексия.

	үшін менің сыйқырлы сөздерімді қайталаңдар «Рэкс, Пэкс, Фукс» Ойыншықтарға тіл бітеді Аю: Мен бал құмар аюмын, қорбаңдаймын ол рас ойнауды мен ұнатамын, тек өтінемін құлағымнан тартпаңдар. Күшік: Мен күшікпін «аф - аф» мен сендерді қорғаймын, тек құйрығымнан тартпаңдар. Қуыршақ: Мен әдемі қуыршақпын қыздарды жақсы көремін, тек шашымнан тартпаңдар. Балалар ойыншықтарына ұқыпты қарауға, бәрімен дос болуға уәде береді. Сайқымазақ ойыны: Балалар мен сендермен бірге ойын ойнағым келеді,ойнайсыңдар ма? «Ойыншықты сипатта» ойынның шарты бойынша ортаға шыққан баланың көзін байлап қолына ойыншық ұстату, оның қандай ойыншық екенін қолымен сипап көру арқылы атау. Балалар мен де өзіммен бірге сүйікті ойыншығымды алып келдім. Мен де сендер сияқты кішкентай кезімде осы ойыншықпен ойнағанмын. Мен де ойыншығымды ұқыпты, таза, кірлетпей ойнадым. Қараңдаршы әлі де жап - жаңа, тап - таза. Сендер де ойыншықтарыңды	тіктөртбұрышты алыңдар. Саусақтарыңды жиегімен жүргізіп көріңдер. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрыш? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырға? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырып, сұрақтарға жауап береді. –Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршы) –Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны тұстастырып сал. –Бұл фигуралардың айырмашылығы қандай? –Бұл фигуралар қалай ұқсас? Балалар ұқсастығы мен айырмашылығын табады, шаршының барлық жақтары тең, тіктөртбұрыштың қарама-қарсы жақтары тең. Шаршы мен тіктөртбұрыштың 4 бұрышы, 4 жағы бар. «Сиқырлы дорба» дидактикалық ойыны. «Сиқырлы дорбада» доп, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, дөңгелек бар. Ал үстелде олардың суреттері тұр. –Геометриялық фигуралар мен денелердің патшалығында бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның күшімен оның барлық тұрғындарын терең зынданға салды. Сендер	арасында біреу ұйықтап қалған ба? Осы кезде сиқыршы оянып кетеді де, көзін ашып, орнынан тұрады. Балалар онымен сәлемдеседі. Сиқыршы: Сәлеметсіздер ме, балақандар! Менің әр түрлі заттардан сиқырлап жасаған әдемі ойыншықтарыма қонаққа келдіңдер ме? Бұлар да іштері пысып ұйықтап қалыпты, қазір бәрін сиқырлы таяғымен оятайын. Келгендерің өте жақсы болды. Жайғасып отыра қойыңдар – дейді сиқыршы. Тәрбиеші: Шынында да, балалар қараңдаршы, ойыншықтардың бәрі қуанып отыр. Ал, балалар, кімге қандай ойыншық ұнайды? Ойыншықтардың ерекшелігін атауға кірііседі. Балалар, қоянның құлағы бар. Ол қандай? Құлыншақтың құйрығы қандай? Түлкінің түсі қандай? Балапанның жүні қандай? Мысықтың жүні қандай? Қалай дыбыстайды? Балалар, ойынщықтар әлемінде ойыншықтардан бөлек аю отыр. Ол көңілсіз. Балалар аюдың көңілін көтеру үшін бір ойын ойнап сергіп жіберейік. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен, Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. Сиқыршы: Балалар, қазір мен сендерге бір ғажайып нәрсе көрсеткім келіп тұр. Қане мұқият қарап отырыңдар. Оу, ғажайып қабым менің, мұнда келе қойшы. (қап келеді) Балалар, бұл жәй қап емес,	жоқ, Шайтанды да алдадым. Сусыз жерде өсемін, Сондықтан да көсемін. Алдаркөсе туралы тағы қандай ертегіні білесің? «Алдаркөсе мен бай» ертегісін тамашалау. Алдаркөсе қандай адам?(Көңілді.) Бай қандай? (Ақшақұмар,сараң.) Алдаркөсе мен байға мінездеме бер. Ертегінің түрлерін ата? Қандай қиял-ғажайып ертегісін білесіңдер? Қандай хайуанаттар туралы ертегі білесіңдер? Көрініс: «Алдаркөсе мен бай» ертегісі. Алдаркөсе қандай кейіпкер? Сипаттама бер. Қорытынды. Балалар өз жұмысына көңілі толса, көңілді бетперденің суретін бояйды. Өз жұмысына көңілі толмаса, көңілсіз бетперденің суретін бояйды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті	**Музыка** **Қайталау.** Балаларды дауылпаз және барабан аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Және ұрмалы аспаптарда қарапайым ырғақтарды соғып уйренуге қалыптастыру. **Ән тыңдау**: «Қыс күні» Б.Ретбаев **Ән салу**:«Ақшақар» **Аспапта ойнау**: «Қасықтар-мен попурри» **Қимылды ойын:** «Қалпақпен ойын» Оразбаева Н.М **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Дене тәрбиесіға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; Дене тәрбиесідың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Екі-екіден жұптасып сапқа тұру, тізені жоғары көтеріп, кең адымдап «күртік қардан» аттап өту – «ағаш түбірлерінен аттап өт». Солға қосалқы адым жасап жүру: денесін тік ұстап, алға қарау және иықтарын солға бұрмау. «Орман ішіндегі серуен» – ойын түріндегі гимнастика: денесін тік ұстау, солға-оңға бұрылу. Негізгі қимылдарды ойын түрінде оранду: 20

	таза, ұқыпты ұстаңдар. Осы менің ойыншығымды қазір бәріңе беремін, қолдарыңа алғанда осы ойыншыққа жақсы тілектерімізді айтайықшы. Тілектер тізбегі - Нанымыз көп болсын! - Еліміз аман болсын! - Досымыз көп болсын! - Деніміз сау болсын! - Әке - анамыз аман болсын! - Аспанымыз ашық болсын! - Елбасымыз аман болсын! - Бақытты ел болайық! Сайқымазақ: Мына шарларды сыйға бергім келеді,келесіде мен сендерді ойыншықтар әлемінде күтетін боламын.Сау болыңыздар! **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі	оларды тек былайша құтқара аласыңдар: заттың қандай фигура екенін қолмен ұстап, анықтап оның суретін табыңдар. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы кезек-кезек дорбадан фигураларды алады, оны атайды, оның суретін тауып, оның үстіне фигураны қояды. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Анаға печеньелерді көрсетілген белгілері бойынша орналастыруға көмектес. Олардың саны қанша? Цифрды қоршап сыз. Печеньенің басқа да белгілерін ата. 2-тапсырма. Заттарды көрсетілген пішіндермен сызып қос. Тағы бір-бір заттан ойластырып, суретін сал. Педагог қандай геометриялық пішіндер туралы айтылғанын нақтылайды, балалар геометриялық денелерді атайды: доп, текше, цилиндр. 3-тапсырма. Заттарды бір сөзбен ата. Суреттердің біреуін көрсетілген түстермен боя. Геометриялық фигуралардың суреттерін бір сөзбен атауды сұрайды. (көлік). Фигураларды атай отырып, олардың біреуін көрсетілген түспен боятады. «Фигураларды жалғастыр»	сиқырлы қап. Қазір мен мұнда мына ойыншық түлкіні саламын. Сиқыршы қапқа ойыншық түлкіні салады, одан «тірі түлкі» шығады. Түлкі: Ой, мен қояндар ма десем, бұлар балалар ғой. Сиқыршы: Мұңайма мен қазір балаларды сиқырлы таяғыммен балаларды қоянға айналдырамын. Сиқырлы менің таяғым Бар күшіңді сала ғой Мына тұрған балаларды Ақ қоянға айналдыр. Ойын «Түлкі мен қояндар» Сиқыршы ойыннан кейін қайтадан балаларға айналдырады. Сиқыршы: Балалар, сендер сондай епті жылдам, шапшаң екенсіндер. Түлкі біреуіңді де ұстай алмады. Тәрбиеші: Ой, балалар, сендердің дауыстарыңды естіп бізге қонаққа қоян келіп тұр. Олай болса, балалар, біз оған үш топқа бөлініп,әр түрлі көп сәбіз жасап береміз. Бірінші топ сәбіздің суретін қағаз бетіне орналастырады. **(Жапсыру)** Екінші топ сәбіздің жапырақтарын санмен сәйкестендіре отырып,құрастырады.**(Құрастыру)** Үшінші топ ермексаздан әртүрлі пішінде мүсіндейді. **(Мүсіндеу)** Саусақ жаттығуы: Ермек сазды аламыз, Алақанға саламыз. Әрлі-берлі есеміз, Саусағымызбен ойнаймыз. Тәрбиеші: Біз қоянға көп сәбіз жасадық, енді оған сыйлайық. Қоян сендерге көп-көп рахмет айтып жатыр. Балалар – Ас болсын! дейміз. Сиқыршы: Балақандар, айта	шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Геометриялық фигуралар «Неге ұқсайды» ойынын ойнауға шақырады. Педагог алдымен фигуралар мен оларға ұқсас заттарды көрсетеді, содан кейін фигуралар жиынтығын неге ұқсайтынын балаларға айтқызады. –Заттардың суреті салынған карточкаларды зат пішіндес фигураға қой. Тақтада балалар фигураларды, заттарды қарап, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, карточкалардағы тапсырмаларды орындайды. Мысалы: Педагог көлемді фигуралардан	см биіктен тереңге секіру. Орындықтар залдың периметрімен бойлай қойылған. Қояндарға бөренеден секіріп үйренуді ұсынады. Қатарға қойылған заттарды айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. «Кім епті?». Бір қатарға бес модуль қойылған. Олардың арасындағы қашықтық – бір метр. Балалардың заттарды айналып өту қабілетін, денесін оңға-солға бұру қабілетін қадағалайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». Балалардың допты қарсы тұрған жолдасының қолына дәлдеп лақтыруын қадағалайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Достарыңның көп болғаны және олармен бірге шыныққан қандай жақсы! Балабақшаға оралады.

	арқылы қайталау. 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Қандай түспен белгіленеді? 3) Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? 4) Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз? 6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды? Тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен. Артикуляциялық жаттығу жасау. (айнаға қарап отырып жасайды) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Педагог дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада	ойын жаттығуы. Қорапта әртүрлі пішіндер мен түстердегі фигуралардың үлгілері араласып жатыр. –Фигураларды қуанту үшін оны қалай ретке келтіреміз? –Фигураларды қалай орналастыруға болады? Балалар фигураларды пішінге немесе түске қарай бөлуге болады деген жауап айтулары керек. Әрқайсысының үстелдерінде екі өлшемді және екі түсті текшелер бар. Текшелерді қарап, зерттейді, пішін мен түсі бойынша жинақтайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бүгін бізге Қуаныш пен Айсұлу сиқырлы сандық алып келді. Сандықтың ішінде түрлі әуендер бар екен. Олар: көңілді, қуанышты, баяу, көңілсіз әуендер. Қане, тыңдап	қойыңдаршы, ойыншықтармен қалай ойнау керек. Балалар, мына сиқырлы қобдишаға назар аударыңдаршы! Қобдишаны ашқанда көңілді әуен ойнайды. Тәрбиеші: Міне, ғажап! Балалар жаңағы сендердің ойша айтқан жылы лебіздеріңді сиқырлы қобдиша қағаз бетіне түсіріпті. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды орындау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Айтыңдаршы, балалар! Жол қозғалыс ережелерінің мақсаты не? -Бізді қауіптен қорғау. Слайд: «Сақта жолдың тәртібін» (жәй әуеннің дауысы естіліп тұрады). Тәрбиеші: Көшеге шыққаннан кейін, айналамызға абайлап, қарап жүрмесек болмайды. Себебі бағдаршамға бағынып жүру тәртібін қатаң сақтаған адам өз өмірінің қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алады. Сұрақ- жауап алу. Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге	(денелерден) жасалған мұнара қолөнерін қарауға шақырады. –Олар құралған геометриялық денелер қалай аталады? Балалар қолөнерді зерттеп қарайды, денелерді текше, доп, цилиндр деп атайды. –Өз қолөнеріңді жаса. Балалар өз қолөнерін үлестірмелі материалдан жасайды. Суретпен жұмыс. Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. –Жануарлардың фигураларына қара. Жапсырмаға қандай фигуралардың пайдаланылғанын ата. Сопақшалар пайдаланылған фигураларды қоршап сыз. Балалар топтарға бөлінеді, олардың біреуін қайталауды ұсынуға болады. Үстел үстінде жапсырмаға арналған фигуралар салынған конверттер. 2-тапсырма. Шарды, текшені және цилиндрді тап. Шарды қызыл түспен, текшені көк түспен, цилиндрді сары түспен боя.	

	шақырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-бұрыстығын тақтамен тексереді. – Суреттерде не бейнеленген? – Лақ,нан,піл. Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді. «Лақ» сөзіне дыбыстық талдау. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. Лақ сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. «Піл» сөзінің дыбыстық талдауы. П – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. І– жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «Піл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс «Нан» сөзінің дыбыстық талдауы «Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «А»- жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті	көрейік. Әуен ырғағына қарай өздерінің көңіл күйлерін ым-ишара арқылы көрсетеді. Бүгін бізді Қуаныш пен Айсұлу театр көрмесіне шақырды. Көрмеге саяхат жасап қайтайық. Сандық, үнтаспа, вальс, полька, марш. Алдын ала дайындалған көрмеге барады. Көрмеде бірнеше театр түрлерін көрсетеді, олармен таныстырады. Өздері білетін ертегі кейіпкерлері туралы әңгімелеседі. Суретте қандай театр түрі бейнеленген? Бұл театрдың ерекшелігі неде? Суреттегі қуыршақтар қалай өнер көрсетеді деп ойлайсың? Жаттығу-ойын: «Менің көңіл күйім». Таңданады (қолын екі жаққа жаяды). Ренжиді (қолдарын кеудесіне айқастыра қойып, ау- зын бұртитады). Қорқады (көздерін бақырайтады). Қуанады (алақайлап қолдарын жоғары көтереді). Күтпеген жерден алыстан, Досым келді сағынған (қуанады). Ол маған абданды алып келді (таңданады). Арыстанның баласы – абдан Інімнің бармағын тістеді (жылау). Енді қайда	бола ма? -Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма? Ой толғаныс: «Венн диаграмма» Ортақ қасиетін салыстыру. Ескерту, тыйым салу, меңзеу (нұсқау) белгілерін орындарына атап қояды. Балалар белгілерді дұрыс қойып, қызыға ойнады. Мына белгі тамақтану орны бар деген белгі. Түсі көк шеңберде адам бейнеленген. (Жаяу жүргіншілер жолы). Мынау белгі автобус аялдайтын орын. Қызыл шеңберде адам бейнеленіп, үстінен сызылған. Бұл белгіде жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады дегенді білдіреді. Бұл белгіде қызыл шеңбердің ішінде велосипед суреті бейнеленген. Велосипедпен қозғалысқа тыйым салынады. Қызықтыру сәті: (әдемі көңілді әуенге бағдаршам келеді). Балалар амандасады. Бағдаршам: Менің атым бағдаршам, Мекен жайым тұрақты. Жақсы білем міндетімді, Мүдірмеймін ешқашан. Тәрбиеші: Қош келдің, бағдаршам! Балалар, бағдаршам біздің өмірімізді қауіптен сақтандыратын көмекшіміз. Айтыңдаршы, бағдаршамның көшедегі қызметі қандай? Ойын: «Сақ бол!» Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру) Сары көзін жағады. (қол	3-тапсырма. Әр суреттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы фигураны көк түспен, сол жақ төменгі бұрышындағы фигураны қызыл түспен, ортасындағыны сары түспен боя. 4-тапсырма. 1-ден 9-ға дейін цифрларды ретімен сызып қос. Не пайда болды? (Жұлдызша шықты!) «Сиқырлы алаң» дидактикалық ойыны. Топтық жұмыс. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Педагог топтарға үлестірмелі материал парақтарынан кесілген заттардың суреттері мен фигураларды таратады. – Егер фигураның айналасына оған ұқсас заттарды жинасаң, онда шаршы бейнесі шығады! Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балалардан іс-әрекетіне өз бағаларын беруді сұрайды, бағдаршамды боятады.	

	белгімен белгілейміз. «Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «Нан» сөзінде 1 буын,3 дыбыс Сергіту сәті: «Ойыншықтар» (музыка қимылымен орындалады) Суретпен жұмыс. 1.Ойыншықтарды ата. Дауысты дыбыстан басталатын ойыншықтарды қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталатын ойыншықтарды көк түспен корша. 2. Доп сөзінің дыбыстық сызбасын анықта. Сызықпен кос. Саусақ жаттығуы: «Тыщда, орында» Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. Графикалық жұмыс. 3. Штрихта 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, дене сымбатына зиян екенін айтып өтеді.Қаламсапты қолдарына алып,	қоямыз Арыстанның баласын? (Қорқу). Досым інімді жұбатты: «Жылағаның ұятты. Кәне, босқа жыламай, Көңілденші, балақай!» (Қуану). Қараңдаршы, сандықтың ішінде тағы бір сыйлық бар екен. Педагог сандықтың ішінен қуыршақ театрын алып көрсетеді. Қуыршақ театрымен таныстырады. Бұл – қуыршақтарды жандандыру арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақтарға актердің қолында жан бітіп, сөйлейді. Қуыршақты сөйлетумен қойылымның мазмұны ашыла қоймайды. Көрерменге ұғынықты, әсерлі болу үшін әуен мен ырғақтың да үйлесімді болуы шарт. Педагог «Кішкентай маса» ертегісімен таныстырады. Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? Кішкентай маса қалай мақтанды? Маса тышқанды не үшін тістеп алды? Тышқан нелерге жолықты? Арыстанды кім қорқытты? Ең батыр кім болып шықты? Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген? Кейіпкер не айтты? Топқа бөлу, тапсырма беру.	шапалақтау) Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру). (Әдемі әуенге жол сақшысы келеді) Жұмбақ жасыру. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырықпен түзеткен. (Жол сақшысы) Жол сақшысы: Армысыңдар жас достарым! Балалар, мен сендерге жәй келген жоқпын, білімдеріңді көрейік деп келдім, Әкелген ойын, тапсырмаларым бар, сендерге мультфильм әкелдім. (Әуен естіледі) Бұзық бала велосипедімен жол ережесін бұзады. Жол сақшысы ысқырығымен сықырады. Балақай,сен неге жол ережесін бұзасың? Кешіріңіз, мен онысын білмедім. (екі бала ортаға шығып) Бағдаршамға қара. Біз саған қазір жол ережесін түсіндіреміз. Бұзық бала: -Жарайды! Тәрбиеші: Балалар мына тақтадағы үлкен суреттерге мұқият қарайықшы. Бұлар нені білдіреді? Балалар: Бізге жолдан өтуге көмектеседі. Бұлар «Көрсеткіш белгілер», яғни оларды «Жаяу жүргіншілер өтпесі» деп атайды. Иә, балалар! Бұл белгілер біздің достарымыз, ал достарын ұмытуға болмайды. -Қиылыста, жол шетінде, бұрышта. Түрлі-түрлі белгілер бар тұратан. Жүресің бе? Жүрмегенің дұрыс па?	**Дене тәрбиесі(таза ауада)** **Міндеті:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді. Жүруде тепе-теңдікті сақтайды, әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді, белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді.Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазір текшелерге соғып кетпей, оларды айналып жүреміз». Шеңбер бойымен жүру және жүгіру. Жүргізу мен жүгіртуді кезегімен алмастырып отыру. Негізгі қимылдарды орындау. Шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сүйреу; онымен ойыншықты таси отырып, екі қолмен. Шананың артынан жүріп, оны алға қарай итеру. Бір-бірін сүйреу. (екі бала бір бала отырған шананы сүйрейді).	

	алдымен ауада жаздырады. Рефлексия. Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақтарды оқиды, ал балалар фигуралары бар карточкаларды тауып, көрсетеді. Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам, Үш бұрышым, үш ұшым	1-тапсырма. Педагог ертегі кейіпкерін атайды, тәрбиеленушілер оның жүріс-тұрысын, қимылын, дауысын салады. Топта талқылайды. 2-тапсырма. «Мен бастаймын, сен жалғастыр» ойы- ны. Педагог ертегінің кез келген жерінен үзінді айтады, топтан бір бала шығып жалғастырады. Тіл ұстарту жаттығуы. Түрлі екпінде анық және дұрыс айт. Са-са-са – Ұшып келді маса. Қа-қа-қа – Көлшікте отыр бақа (қатты, сыбырлап айтады). Қорытынды. Ертегінің соңын өзің құрастырып әңгімеле. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Сахналау. Қуаныш пен Айсұлу тәрбиеленушілерге өздерінің жұмыстарын бағалауды ұсынады. Өз жұмысына көңілі толса, көңілді бетперденің суретін бояйды. Өз жұмысына көңілі толмаса, көңілсіз бетперденің суретін бояйды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** «Автобус аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды	Не істеу керек? Бұл белгіні неліктен «зебра» деп айтады? Кім біледі? Ақерке: - Мен, мен білемін, өйткені ол ақ жолақ Би: «Зебрамен» Ақерке мен Аяжан билейді. Жол сақшысы: Жарайсыңдар, балалар! Сендер өте ақылды, білгір, сауатты жолаушылар болатындарыңа мен сенемін. Мына мультфильмді арнайы сендерге әкелдім. Мультфильм көрсетіледі. Жол сақшысы. Егер жол ережесін бұзсақ, тек қауіп төндіріп қоймай, басқа адамдарға да зиянымызды келтіреміз. Сондықтан жолда сақ бол! Көше тәртібін есіңнен шығармаңдар. Сергіту сәті: «Бағдаршам» Бағдаршам мен жол сақшысы қоштасып шығып кетеді. «Көшедегі жағдаяттар» ойыны. 3 – 4 баланы ортаға шақырады, өзі «Бөтен адам» болып келеді. (Киімі қалпақ, көзілдірік) Балаларға жақын келіп, оларды мақтап, телефон, кәмпит, ойыншық көрсетіп, басқа жаққа алып кететін сынай танытады. Ойын аяқталған соң талқыланады. Дұрыс және қате іс-әрекеттер қорытындыланады. Балалар, көшеде танымайтын, бөтен адаммен сөйлесуге, оның алдағанына көніп, қолынан заттарын алуға болмайды екен. Көшеде абай болыңдар? Балалар, біз қазір сендермен екі орталыққа бөлініп, жұмыс жасаймыз. Балалар мұқият тыңдады.	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам» балалар өз шаналарын айналып келеді, кім жылдам. «Үштікпен шаналар жарысы» – біреуі сүйрейді, екіншісі отырады, үшіншісі артынан итереді. Қорытынды кезең (Рефлексия). Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Қандай ойындардың қатты ұнағаны туралы айтып беруді ұсынады.	

	бар. (Үшбұрыш.) Балалар ойын жағдаятына қатысады. Жиынтықтан пішіндерді іздеп, оларды көрсетеді. Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін, Тікбұрышқа аға болам, Шаршы деген мен болам. (Шаршы.) Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің ... (Дөңгелек.) Менен де бұрыштар таппайсың, Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап, Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.) Мына шелекке қара – Қақпағы мен түбі бар, Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.) Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды, Толықсыған ай болып күлімдейді, Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.) Дидактикалық ойын, «Неге ұқсайды?». Балалар геометриялық фигуралар мен аталған	жалғастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Миға шабуыл. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінің неше айы бар? Қазір қыс мезгілінің қай айы? Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? Ал бүгін біздің ұйымастырылған іс-әрекетіміз «Жол тәртібін білейік» деп аталады. -Балалар сендер көлік дегеннің не екенін білесіңдер ма? Қандай көлік түрлерін білесіндер? Көліктер біздің өмірімізді жеңілдетеді, уақытымызды үнемдеуге көмектеседі. Сендерді әкелерің, ағаларың балабақшаға көлікпен әкеледі ғой, егер де көлік болмаса жаяу жүрер едіндер. Балалар көліктердің сонымен қатар зияны да бар екен.Олар ауаны ластайды, сақтанбасан өміріне қауіп төндіреді. Ал, қазір мен сендерге жұмбақ жасырайын, сендер сол жұмбақты шешіп көріндер. Үш көзі бар қаз-қатар, Кезек-кезек ашады. Үшеуінен байқасам, Үш түсті нұр шашады. Балалар ,бәріміз тақтаға қарайықшы, сендер тақтадан не көріп	Өнер орталығында ұжыммен, түрлі-түсті бояулармен суретті бояймыз. Жұмыс жасау реті: қылқаламның түгін суға малып аламыз, қажетті бояуды жағып алып ұқыпты, таза жұмыс жасауға кірісеміз. Бояп болған соң қылқаламды тұғырға қойып қоямыз. Ал, үстел үсті ойындар орталығында жолдың макетіне тиісті жол белгілерін қоямыз. Қорытынды сұрақтар қойылады.Рефлексия. «Сұрақ-жауап» ойыны. Бағдаршамның неше түсі бар? Қай түс жанғанда машиналар жүреді? Көлік күтетін жерді қалай атайды? Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді? Бағдаршамның «қызыл» көзі не дейді? Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді? Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?		

	фигура пішіндес заттарды атайды. –Дөңгелекке, шаршыға, үшбұрышқа, тіктөртбұрышқа ұқсас қоршаған ортадағы заттарды тап. Оларды ата. Балалар заттарды атайды, заттардың «неге ұқсайтыны»туралы қорытынды жасайды. «Геометриялық кілем құрастыр» ойыны. Геометриялық денелермен және фигуралармен практикалық жұмыс. Топтық жұмыс. Санамақтың көмегімен балалар топтарға бөлінеді. Педагог әр топқа әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шарлар, цилиндрлер) және геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш) таратады және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) сәйкес орналастыруды сұрайды. Балалар тапсырманы орындайды, өз әрекеттерін түсіндіреді. Балалар сопақша мен дөңгелектің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастығы мен айырмашылығын табады. –Қызыл сопақшаны ал. Жиегімен саусағыңды	тұрсындар? Олай болса осы дөңгелектерден бағдаршам құрастырайық. Балалар қараңдаршы бұл бағдаршам деп аталады. Оның өздерін айтқандай үш көзі болады. Қазір мен сендерге бағдаршамның не үшін қажет екенін айтып беремін. Сендер мұқият тыңдап алындар. -Балалар бағдаршам бізді көлік жүретін жолдан аман –есен өту үшін, және көліктердің жолда бір-бірімен соқтығыспай жүруі үшін жол қиылысында орналастырылған. Егер бағдаршамның қызыл түсі жанатын болса « Абай бол, тоқта!» дегені, ол кезде жол жиегінде тұру керек. Ал, сары түсі жанған кезде «Қамдана бер, асықпа!» дегені. Жасыл түсі жанғанда, «Өте бер, саспа!» дегені. Ол кезде машиналар саған жол береді, жолдан өте беруіне болады деген сөз. Балалар бағдаршамға байланысты жаттап келген өлең жолдарын айтады. Қимыл-қозғалыс ойыны. «Бағдаршам» Ойын шарты: Балаларға жасыл деп айтқанда бір қадам алға жылжиды. Қызыл дегенде бір қадам артқа жылжиды, ал сары дегенде орнында қозғалмай тұрады. Ойын 3-рет ойналады. Балалар біздің өмірімізді сақтау үшін, жаяу жүргіншілерге		

	жүргіз. –Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? –Қызыл сопақшаның үстіне жасыл дөңгелек сал. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.) –Не байқадың? Олардың бір-бірінен айырмашылығы неде? Фигуралардың бұрыштары мен қабырғалары жоқ, дөңгелекке қарағанда сопақша ұзындау. –Қандай заттар сопақшаға ұқсайды? (Сопақша пішінді заттарды бейнелейтін суреттерді көрсету керек.) Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды. –Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты алыңдар. Саусақтарыңды жиегімен жүргізіп көріңдер. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрыш? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырға? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырып, сұрақтарға жауап береді. –Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршы)	арналған жол ережелері бар. Егерде өмірімізді, денсаулығымызды сақтағыларын келсе, әрқашан жол жүру ережелерін жақсы білу керек. Демек жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптарды бұлжытпай орындау керек. Жаяу жүргіншілер жолдын оң қол қанатымен, тротуармен ғана жүруі керек. Тротуар дегеніміз машина жүретін үлкен жолдың жиегіндегі адамдар жүретін кішкене жол. Жолдын арғы бетіне өту үшін жолақ жолмен яғни «зебрамен» бағдаршамның жасыл түсі жанғанда өту керек. «Жолақ жол» мен «тротуардын» суреттерін көрсету. Жолдан өткенде аса сабырлықпен, аспай-саспай жүріп тұру керек. Ұшқалақ-ұрыншақ болмауы керек. Машинаның алдынан жүгіріп кесіп өтуге болмайды. Жол белгілермен таныстыру. «Аурухана», «Тамақтану орны», «Демалыс орны», «Телефон», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипед айдауға болмайды», «Аялдама». Балалар біз жолда жүру ережесімен толығырақ танысу үшін автобусқа отырып қалаға барайық. Өйткені қалада көліктер өте көп, бағдаршамда бар.		

	–Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны тұстастырып сал. –Бұл фигуралардың айырмашылығы қандай? –Бұл фигуралар қалай ұқсас? Балалар ұқсастығы мен айырмашылығын табады, шаршының барлық жақтары тең, тіктөртбұрыштың қарама-қарсы жақтары тең. Шаршы мен тіктөртбұрыштың 4 бұрышы, 4 жағы бар. «Сиқырлы дорба» дидактикалық ойыны. «Сиқырлы дорбада» доп, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, дөңгелек бар. Ал үстелде олардың суреттері тұр. –Геометриялық фигуралар мен денелердің патшалығында бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның күшімен оның барлық тұрғындарын терең зынданға салды. Сендер оларды тек былайша құтқара аласыңдар: заттың қандай фигура екенін қолмен ұстап, анықтап оның суретін табыңдар. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы кезек-кезек дорбадан фигураларды алады, оны атайды, оның суретін тауып, оның	Балалар міне мынау аялдама деген белгі, осы белгі тұрған жерден біз автобусқа мінеміз. Бәріміз бірге автобусқа отырып қалаға барамыз. Онда біз үлкен жолдан бағдаршамның көмегімен қалай өтуге болатынын, тротуар арқылы жүріп, жолақ жолдан қалай өту керектігін, жол белгілерімен толығырақ танысатын боламыз. Ал, енді балалар біздер аялдамаға барып,автобусқа отырып, өз ауылымызға, балабақшамызға кері оралайық. Қорытынды. Балалар, бүгін біз немен таныстық? Не үйрендік соны есімізге түсірейікші? Балаларға теледидардан «Бағдаршам» мультфильмін көрсету. Мультфильм желісі бойынша сұрақтар қою. **Музыка** Балаларды дауылпаз және барабан аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Және ұрмалы аспаптарда қарапайым ырғақтарды соғып уйренуге қалыптастыру. Көлік түрлерімен таныстыру. **Ән тыңдау:** «Қандай аспап?» **Ән салу**:«Машина» **Аспапта ойнау**:			

	үстіне фигураны қояды. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Анаға печеньелерді көрсетілген белгілері бойынша орналастыруға көмектес. Олардың саны қанша? Цифрды қоршап сыз. Печеньенің басқа да белгілерін ата. 2-тапсырма. Заттарды көрсетілген пішіндермен сызып қос. Тағы бір-бір заттан ойластырып, суретін сал. Педагог қандай геометриялық пішіндер туралы айтылғанын нақтылайды, балалар геометриялық денелерді атайды: доп, текше, цилиндр. 3-тапсырма. Заттарды бір сөзбен ата. Суреттердің біреуін көрсетілген түстермен боя. Геометриялық фигуралардың суреттерін бір сөзбен атауды сұрайды. (көлік). Фигураларды атай отырып, олардың біреуін көрсетілген түспен боятады. «Фигураларды жалғастыр» ойын жаттығуы. Қорапта әртүрлі пішіндер мен түстердегі фигуралардың үлгілері араласып жатыр. –Фигураларды қуанту үшін оны қалай ретке келтіреміз?	«Қасықтар-мен попурри» **Қимылды ойын:** «Паравоз ойыны»			

	–Фигураларды қалай орналастыруға болады? Балалар фигураларды пішінге немесе түске қарай бөлуге болады деген жауап айтулары керек. Әрқайсысының үстелдерінде екі өлшемді және екі түсті текшелер бар. Текшелерді қарап, зерттейді, пішін мен түсі бойынша жинақтайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; Дене тәрбиесіға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жүруді және жүгіруді үйретеміз». Кедергілерден секіріп өту арқылы тізені жоғары көтеріп жүру, бағытын өзгерте отырып жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. «Билеп үйретеміз»				

	Ырғақты гимнастика жасау: кешенді жасаған кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтауға тырысу. Негізгі қимылдарды жасау: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (жеке-жеке – маймыл балаларды баспалдақпен өрмелеуге үйретеді). Өрмелеу, тақтайды ұстау техникасын: бас бармақпен астыңғы жағынан, қалған төрт саусақпен үстіңгі жағынан ұстаймыз; аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату. «Доппен ойнауды үйретеміз». Бір орында отырған күйі допты бастан асырып алысқа лақтыру. Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, доптың алысқа кетуі лақтыру күшіне байланысты. «Секіруді үйретеміз». Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар». Ойын ережелерін түсіндіру. Ең шапшаң балаларды ынталандыру. Қорытынды кезең (Рефлексия). Маймылдың көңіл күйі жақсы. Өйткені ол көп нәрсе үйренді. «Бір сәттік көңіл күй» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру –				

	балалардың қалай мұңаятынын, ойланатынын, күлетінін, жымиятынын мимиканың көмегімен көрсету.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылау** **Міндеті:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер.	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс**	**№ 26** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) **Мақал-мәтелдер** Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Коммуникативтік дағды** **Қар тазалайтын машинаны бақылау** **Міндеті:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді,	**№ 2** **Қар басуын бақылау** **Міндеті:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын:** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауланы қардан тазарту** **Міндеті:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды**

	бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Жолды тазарту. **Міндеті:** Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	(қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек:** Ойын орындарын қардан тазарту. **Міндеті:** Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**	машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Таяқпен сыпыру» (қалмақ ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін) Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **Міндеті:** Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру. Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау (суды керек түске	

				бояу, пішінін келтіру);бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау- столды сүртіп, шашылғанды жинау және т.б.) **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
	ұсынады: олардың ұқсастығы қандай және қалай ерекшеленеді. Балалар педагогпен біріге отырып, ағаштардың жапырақтары (пішіні, түсі, мөлшері) арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ұқсастығын және айырмашылығын ата. Балалар тапсырманы орындайды, ұқсастығы мен айырмашылығын атайды. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. 2-тапсырма. Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя. Педагог кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендіруді ұсынады. Балалардың әрқайсысы белгілі бір пішінді, дөңгелек немесе сопақша кілемшені таңдайды, содан кейін төмендегі суреттерден (үшбұрыш, шаршы және шеңбер, тіктөртбұрыш) таңдалған «кілемшеге» өрнектер салып, оны безендіреді. Сергіту сәті. «Геометриялық би» әртүрлі геометриялық фигураларды ата, содан кейін балалардан әр фигураға ұқсайтын қимылдарды қолданып билеуін сұрайды. Мысалы, шаршы үшін шаршыға ұқсайтын қозғалыстарды, ал үшбұрыш үшін үшбұрышқа ұқсайтын	марш» Әуенді-ырғақты ойын: «Үйшігіңді тап» Оразбаева Н.М Ойын:«Көңілді оркестр» Шарты: Шеңберде тұрған балалар аспаптармен әуенді сүйемелдейді.Ортада әуеннің ұзақтылығын қол қимылымен көрсетіп тұрған дирижер бала болады.Әуеннің ауысымына қарай,балалар маршпен жүреді.Аяқтың ұшымен жүреді. Жеңіл секіре жүреді. Музыка әуені тоқтағанда,аспапты балалар ала қояды. Аспап ала алмаған бала дирижер болады.	Өміріңді күзеткен, Ысқырықпен түзеткен. (Жол сақшысы) Жол сақшысы: Армысыңдар жас достарым! Балалар, мен сендерге жәй келген жоқпын, білімдеріңді көрейік деп келдім, Әкелген ойын, тапсырмаларым бар, сендерге мультфильм әкелдім. (Әуен естіледі) Бұзық бала велосипедімен жол ережесін бұзады. Жол сақшысы ысқырығымен сықырады. Балақай,сен неге жол ережесін бұзасың? Кешіріңіз, мен онысын білмедім. (екі бала ортаға шығып) Бағдаршамға қара. Біз саған қазір жол ережесін түсіндіреміз. Бұзық бала: -Жарайды! Тәрбиеші: Балалар мына тақтадағы үлкен суреттерге мұқият қарайықшы. Бұлар нені білдіреді? Балалар: Бізге жолдан өтуге көмектеседі. Бұлар «Көрсеткіш белгілер», яғни оларды «Жаяу жүргіншілер өтпесі» деп атайды. Иә, балалар! Бұл белгілер біздің достарымыз, ал достарын ұмытуға болмайды. -Қиылыста, жол шетінде, бұрышта. Түрлі-түрлі белгілер бар тұратан. Жүресің бе? Жүрмегенің дұрыс па? Не істеу керек? Бұл белгіні		

	қозғалыстарды таңдап қолдануға болады. «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны. Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді «мәшинемін» деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады. «Бейнеле» ойын-тапсырмасы. Қағаз парағында заттарды геометриялық фигурамен бейнелеу керек. Педагог заттарды атайтынын хабарлайды, ал балалар оларды қағазға геометриялық фигурамен бейнелейді. Сақ болыңдар: табақ, есік, шатыр, текше, сопақша. Қандай геометриялық фигуралар пайда болғанын ата. Балалар: шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды. 3-тапсырма. Фотосуреттерді сәйкес пішіндегі жақтаулармен сызып қос.		неліктен «зебра» деп айтады? Кім біледі? Ақерке: - Мен, мен білемін, өйткені ол ақ жолақ Би: «Зебрамен» Ақерке мен Аяжан билейді. Жол сақшысы: Жарайсыңдар, балалар! Сендер өте ақылды, білгір, сауатты жолаушылар болатындарыңа мен сенемін. Мына мультфильмді арнайы сендерге әкелдім. Мультфильм көрсетіледі. Жол сақшысы. Егер жол ережесін бұзсақ, тек қауіп төндіріп қоймай, басқа адамдарға да зиянымызды келтіреміз. Сондықтан жолда сақ бол! Көше тәртібін есіңнен шығармаңдар. Сергіту сәті: «Бағдаршам» Бағдаршам мен жол сақшысы қоштасып шығып кетеді. «Көшедегі жағдаяттар» ойыны. 3 – 4 баланы ортаға шақырады, өзі «Бөтен адам» болып келеді. (Киімі қалпақ, көзілдірік) Балаларға жақын келіп, оларды мақтап, телефон, кәмпит, ойыншық көрсетіп, басқа жаққа алып кететін сынай танытады. Ойын аяқталған соң талқыланады. Дұрыс және қате іс-әрекеттер қорытындыланады. Балалар, көшеде танымайтын, бөтен адаммен сөйлесуге, оның алдағанына көніп, қолынан заттарын алуға болмайды екен. Көшеде абай болыңдар?		

	Балалар отбасы мүшелерінің суреттері қандай пішінде орналасқанын анықтайды. Содан кейін фотосуреттердегі жақтаудың пішінін анықтауға көшеді. Мысалы: «Бұл – әже. Оның суреті сопақша жақтауға салынған». «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға фигураларды анықтап қарап және олардың орналасқан жерін есте сақтауды ұсынады. Балалардан көздерін жұмуды ұсынады да, бір фигураны алып тастайды. Балалар көздерін жұмады. Олар көздерін ашқан сәтте, не өзгергенін айтады. Ойын екі рет қайталанады. 4-тапсырма. Фигураларды қарандаштардың түсіне сәйкес боя. Тапсырманы өздігінен орындайды. Тапсырманы тексеру үшін көрші отырған балаға ұсынуға болады. Дидактикалық ойын «Домалайды, домаламайды». Ойын ережелерін түсіндіреді: егер аталған зат домаласа, шапалақта, егер домаламаса, аяқпен топылдат. Педагог заттарды атайды: қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, банка, сәбіз, жапырақ, апельсин, үй, доп. Балалар заттардың пішінін анықтайды, тиісті әрекеттерді орындайды. Педагог таңдалған балалардан өз әрекеттерін түсіндіруді сұрайды. Педагог қорытынды жасайды,		Балалар, біз қазір сендермен екі орталыққа бөлініп, жұмыс жасаймыз. Балалар мұқият тыңдады. Өнер орталығында ұжыммен, түрлі-түсті бояулармен суретті бояймыз. Жұмыс жасау реті: қылқаламның түгін суға малып аламыз, қажетті бояуды жағып алып ұқыпты, таза жұмыс жасауға кірісеміз. Бояп болған соң қылқаламды тұғырға қойып қоямыз. Ал, үстел үсті ойындар орталығында жолдың макетіне тиісті жол белгілерін қоямыз. Қорытынды сұрақтар қойылады.Рефлексия. «Сұрақ-жауап» ойыны. Бағдаршамның неше түсі бар? Қай түс жанғанда машиналар жүреді? Көлік күтетін жерді қалай атайды? Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді? Бағдаршамның «қызыл» көзі не дейді? Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді? Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?		

	балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; Дене тәрбиесі ға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жүруді және жүгіруді үйретеміз». Кедергілерден секіріп өту арқылы тізені жоғары көтеріп жүру, бағытын өзгерте отырып жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. «Билеп үйретеміз» Ырғақты гимнастика жасау: кешенді жасаған кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтауға тырысу. Негізгі қимылдарды жасау: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (жеке-жеке – маймыл балаларды баспалдақпен өрмелеуге үйретеді). Өрмелеу, тақтайды ұстау техникасын: бас бармақпен астыңғы жағынан, қалған төрт саусақпен үстіңгі жағынан ұстаймыз; аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату. «Доппен ойнауды үйретеміз». Бір орында				

	отырған күйі допты бастан асырып алысқа лақтыру. Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, доптың алысқа кетуі лақтыру күшіне байланысты. «Секіруді үйретеміз». Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар». Ойын ережелерін түсіндіру. Ең шапшаң балаларды ынталандыру. Қорытынды кезең (Рефлексия). Маймылдың көңіл күйі жақсы. Өйткені ол көп нәрсе үйренді. «Бір сәттік көңіл күй» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру – балалардың қалай мұңаятынын, ойланатынын, күлетінін, жымиятынын мимиканың көмегімен көрсету.				
2-ші таңғы ас	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылау** **Міндеті:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды**	**№ 26** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) **Мақал-мәтелдер** Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Коммуникативтік дағды** **Қар тазалайтын машинаны**	**№ 2** **Қар басуын бақылау** **Міндеті:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын**

	өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Жолды тазарту. **Міндеті:** Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек:** Ойын орындарын қардан тазарту. **Міндеті:** Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**	**бақылау** **Міндеті:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Таяқпен сыпыру» (қалмақ ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін) Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **Міндеті:** Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру. Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру);бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын	**Ұлттық ойын:** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауланы қардан тазарту** **Міндеті:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды**

				жинау- столды сүртіп, шашылғанды жинау және т.б.) **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**№8 картотека** **«Теңдік және теңсіздік»** **Міндеті:** Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриалық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту Шарты: балаларға екі қатардағы теңдік, теңсіздік белгілету. **Математика негіздері**	**Ойын: «Сәйкес дорбаны тап»** **Шарты:** Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	**Жеке қауіпсіздік** **«ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР»** **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:** балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру. ▪ Балаларға	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Жол қиылысындағы белгі»** **Мақсаты:** Жол қиылысындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілер туралы білімін жетілдіру. Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерімен (елдімекеннің басталуы, аяқталуы) таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері . Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау - саламат жүреміз.	**№2 картотека** **«Қарама-қарсы сөзді тап»** **Міндеті:** Балалардың ой-өрісін дамыту.Сөздік қорын молайту. Шарты: Ойыншылар жағалай тізіліп отырады.Балалардың алдына суреттер таратылады.Сол суретке қарап қарама-қарсы суреттерді табу. Қарама-қарсы сөздер мысалы: Ащы- тәтті т.с.с **Қазақ тілі**

			қауіпті орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау. Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. Қаңырап қалған ғимараттар: Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. Септиктер: Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. Құрылыс алаңдары: Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар: Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.	Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды. Көшенің қиылысына келгенде, екі жағыңа назар аудар, жасыл жарықтың жануын күт. Көшенің арғы бетіне жүгіріп өтуге болмайды. Көшенің арғы бетіне жолдың қақ ортасынан өтпе.Көше қиылысында тоқтау сызығы болады. Осы жерде тұрып бағдаршам белгісінің жануын күт. Ойын жүргізушісі алдын ала дайындаған үш түсті көрсетіп, сендердің қаншалықты жинақы екенін байқайым. Ойын шарты 1) Бағдаршамның жасыл көзін көрсеткенде балалар жүрген сияқты бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді. 2) Сары көзін көрсеткенде ду қол шапалақтайды. 3) Қызыл көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады. Жаяу адамға көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Көшенің екінші көшемен қиылысқан жерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұста немесе асфальтта көлденеңіне сызылған жалпақ ақ жолақтары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады. **Қорытындылау** Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол	

				тәртібін бұзбаңдар!	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйретуді жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Өз өмірінің қауіпсіздігін түсінуді және сақтауды, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуді және ажыратуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур** Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды үйретуді жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 12**	**№ 17**	**№ 19**	**№ 26**	**№ 2**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Алдаркөсе мен бай» ертегісін оқып беру,әңгімелеу** **Міндеті:** Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын түсіне білуге қызығушылығын арттыру. **Көркем әдебиет**	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту**	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие**	**Картотека №14 Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту**	**Картотека №12** **«Бұл қандай ертегі?»** **Міндеті:** Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету. Ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа баулу. Шарты: Қиылған ертегілердің суретін құрастырып қандай ертегі шыққанын атау,ертегіні айтып беру. **Құрастыру**
Балалардың үйге қайтуы	Баланын бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үйде баламен бірге ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Жасампаздық пен жаңашылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Жаңа істен жақсылық туады»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.02 - 13.02.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі:«Серпер»** Күйші Құрмаңғазы «Менің Қазақстаным» Гимн орындау. Шығармашылық дағды **Бір тұтас тәрбие**	**Күй күмбірі:«Серпер»** Күйші Құрмаңғазы **Бір тұтас тәрбие** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі:«Серпер»** Күйші Құрмаңғазы **Бір тұтас тәрбие** Әсем әуенмен қарсы алу. Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды қарсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі:«Серпер»** Күйші Құрмаңғазы **Бір тұтас тәрбие**	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды қарсы алу. Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу. **Күй күмбірі:«Серпер»** Күйші Құрмаңғазы **Бір тұтас тәрбие**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Ата-аналарға кеңес: **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналармен әңгіме: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	Ойын: «Асық жинау» Шарты: Асықтардын түстерін ажыратып жинау. **Ұлттық құндылық**	**Бір тұтас тәрбие** Ойын: «Сәйкес дорбаны тап» Шарты: Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері» Міндеттері: Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру. .**Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №11**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** Әңгімелесу: «Ойланайық, пікірлесейік» Ынтымақты дегенді қалай	«Қыс мезгілі» тақырыбында әңгімелесу. Міндеті: Өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым	«Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю	Жұмбақтар жасыру. Міндеті: Балаларды тапқырлыққа,сезімталдыққа тәрбиелеу. **Тіл дамыту**	Тіл ұстару жаттығулары. Міндеті: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Қазақ тілі**

	түсінесіңдер? Міндеті: Ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, шапшаң ойлауға, ойын жинақтап жеткізе білуге үйрету. **Қазақ тілі**	- қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие**	арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, орнымыздан тұрып, бір-бірімізге жақсы көзқарас білдірейік. Арайлап атты алтын таң, Нұрын шашып біздерге. Шуағы түсті күннің де, Жылуын беріп жерге де. Қайырлы таң, балабақша!!! Қайырлы таң, достарым!!! (Қ.Үкібас) – Балалар, бүгін біздің тобымызға әдіскер апай қонаққа келіпті. Қонағымыз сендердің қаншалықты ақылды екендеріңді білгісі келеді. Педагог: Бүгін біз сөздерді буынға бөліп үйренеміз. Сөздер буыннан тұрады, сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын білесіңдер. – Кәне, енді тобымыздағы заттардың немесе ойыншықтардың атын айтыңдаршы? Сол сөздерді буынға бөлейік Балалар қолдарын	**Математика негіздері** **Міндеті:** геометриялық фигураларды: дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш тануға және атауға үйрету. Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **«Фигураны тап» дидактикалық ойыны.** Педагог балаларға бөлмеде фигуралар пішіндес заттарды: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрышты табуды ұсынады. Табылған заттар туралы пікірталас жүргізеді және оларда қандай фигура пішіні бар екенін анықтайды. **1-тапсырма.** Фигураларды ата. Суретті боя. Фигуралардың әр түрін сана. Тиісті цифрды қоршап сыз. Педагог суреттен геометриялық фигураларды тауып, оларды атауын сұрайды. Содан кейін балалар фигураларын әр түрін санайды, санын атайды және цифрды қоршайды. Жұпта, өзара тексерумен санауға болады. **2-тапсырма.** Бастырып сыз. Орындамас бұрын педагог	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, орнымыздан тұрып, бір-бірімізге жақсы көзқарас білдірейік. Арайлап атты алтын таң, Нұрын шашып біздерге. Шуағы түсті күннің де, Жылуын беріп жерге де. Қайырлы таң, балабақша!!! Қайырлы таң, достарым!!! (Қ.Үкібас) – Балалар, бүгін біздің тобымызға әдіскер апай қонаққа келіпті. Қонағымыз сендердің қаншалықты ақылды екендеріңді білгісі келеді. Педагог: Бүгін біз сөздерді буынға бөліп үйренеміз. Сөздер буыннан тұрады, сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын білесіңдер. – Кәне, енді тобымыздағы заттардың немесе ойыншықтардың атын айтыңдаршы? Сол сөздерді буынға бөлейік	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** -Көйлек неге артық? -Көйлек - киім. -Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру. -Көйлек, шалбар, жейде - нелер? -Көйлек - киім. Шалбар - киім. Көйлек, жейде, шалбар - киімдер. Мынау — ұзын жең жейде. Мынау қандай жейде? Мынау - ұзын жең жейде. Мынау — қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау - қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұзын жең. Қа-қа-қысқа - қысқа жең. Суреттермен жұмыс. -Мынау - тітұлық. Шұ-лық. -Мынау не?	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау дағдысын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог суретті көрсетіп, сұрақ қояды. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Жыл мезгілі - қыс. Мынау не? Мынау - қар. Ақ-ақ - ақ қар. -Қардан не жасаймыз? -Аққала жасаймыз. -Мынау - сырғанақ. -Мынау не? -Мынау - сырғанақ. -Балалар сырғанап жүр. -Балалар не істеп жүр? -Балалар сырғанап жүр. -Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Немен сырғанап жүр? -Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. -Бұлар — қыс қызығы. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-Қ- Қ - қа - қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ - сырғанақ. Педагог шағын эңгіме құрап айтады. Мынау - қыс мезгілі. Дала аппақ қар.

	шапалақтау арқылы педагогпен бірге бөледі, неше буыннан тұратынын анықтайды. О-йын-шық-тар. – Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін. Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: – Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: – Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды. – Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма? – Әңгіме кімдер туралы? – Екі бала не істеп жүр еді? – Олар неге таласты? – Екі балаланың қайсысы ақылды екен? – Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер? әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші? **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойыны:** «Ойлап,тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал–	саусақ гимнастикасын жасауды ұсынады. Содан кейін торкөз ұяшықтардың бойымен сызықтарды бастырып сызады. Бұл әдістер балалардың қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді дамыту үшін пайдаланылады. **«Автобус» сергіту сәті.** **3-тапсырма.** Фигураларды жаңа орынға орналастыр. Үлгі бойынша боя. Сызық бойымен фигураның қай жерде тұрғанын тауып, фигураларды жаңа жерге ауыстыру керек. Педагог фигураның белгілері мен оның түсін сұрайды. Балалар фигураларды үлгі бойынша бояйды. **4-тапсырма.** **Практикалық жұмыс.** Таяқшалардан, жіптерден немесе ермексаздан фигуралар жаса. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шағын мәтіндер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Өзінің эмоциялық жағдайын сөзбен жеткізу. Иллюстрациялар бойынша сұрақ құрастыру және оларға жауап беру. Әңгіменің мазмұнын иллюстрация/әңгіменің кіріспесі бойынша болжау **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Әңгімелесу. - Қандай көлік түрлерін білесіңдер? - Автобуспен қайда бардыңдар?	Балалар қолдарын шапалақтау арқылы педагогпен бірге бөледі, неше буыннан тұратынын анықтайды. О-йын-шық-тар. – Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін. Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: – Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: – Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды. – Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма? – Әңгіме кімдер туралы? – Екі бала не істеп жүр еді? – Олар неге таласты? – Екі баланың қайсысы ақылды екен? – Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер? әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші? **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойыны:**	-Мынау - шұлық. -Мынау - шұлықтар. -Мынау нелер? -Мынау - шұлықтар. -Мынау - жемпір. Жем-пір. -Мынау не? -Мынау - жемпір. -Мынау - жемпірлер. -Мынау нелер? -Мынау - жемпірлер. -Жемпір - киім -Жемпір не? -Жемпір - киім. -Сен не кидің? (Балалар өз киімдерін атайды). -Сенің көйлегің кандай? -Менің көйлегім қызыл (ұзын жеңді, әдемі). Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұ- шұұ-ЛЫҚ - шұлық. І-і-і-і- жем-жем-піір- жемпір. Менің жейдем ақ. Менің жемпірім көк. т.с.с. Сергіту сәті. Жаттығу жасаймын 1 - 2-3, 1 - 2-3, Сымбатты боламын. Айнаға қараймын Шашымды тараймын. Әдемі көйлек киемін Таза болып жүремін. Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде жэне олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді. Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде. Суретпен жұмыс. 1 .Киімдерді ата. Атауында қазақ тіліне тэн Ұ дыбысы бар киімдерді қызыл, І дыбысы бар	Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конъкимен сырганап ойнап жүр. Бұлар - қыс қызыгы. Балалар қайталайды. Тақпақ жаттау. Педагог тақпақ жаттауды үсынады. Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз. Сергіту сәті. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. Жаңылтпашпен таныстыру. Тұз - мұздай, Мұз - тұздай. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. Суретпен жұмыс. 1.Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Қыста балалар не істейді? Сөйлем құра. 2.Қыс мезгіліне тэн заттарды қорша. Оларды ата. Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. - Бүгін сендерге қызықты болды ма? Не ұнады? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету, сөйлем құрауға үйрету, сөйлем туралы түсінік беру. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Саусақ бұлшық еттерін дамыту. Балаларды тазалыққа,

	Кір– Қорытындылау **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, сөйлем құрауға үйрету, сөйлем туралы түсінік беру. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Кәне, балалар, бүгін бәріміз бірге қырманға көмекке барамыз. Сендер ол жерден көптеген дәнді дақылдар түрлерін көресіңдер. Қырманда астық тау болып үйіліп жатады. Ол біздің диқан ағаларымыздың ерен еңбектері екенін білуіміз керек. – Міне, қырман. Қырман – астық бастыратын, тазалайтын ашық алаң. – Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? – Иә, бұл – егіс алқабынан жиналып алынған дақылдар. Сендер осы дақылдардың атауларын білесіңдер ме? – Мынау – арпа, тары, жүгері, күріш, бидай. – Бұл дақылдар бізге оңай келе салмайды. Көп еңбекті қажет етеді. Егін бітік шықса, нан түрлері көп болады. Бүгін біз «арпа», «күріш», «жүгері» сөздерінде кездесіп тұрған «Р» дыбысымен танысамыз.	- Қандай оқиғаларға кезіктіңдер? Педагог «кішіпейілділік» сөзіне түсінік береді. Кішіпейілділік - қамқорлық, үлкенді сыйлау, орын беру. Талқылау: - Әңгіме ұнады ма? - Әңгіме не туралы жазылған? - Автобуста үлкен кісіге кім орын береді? - «Сен де солардай бол» сөзін қалай түсінесің? - Сендер қалай істер едіңдер? - Жақсылық жасаған адамға қандай сөз айту керек? **Сергіту сәті:** 1. Сурет бойынша әңгіме. - Суретте әңгіменің қай сәті бейнеленген? - Сурет бойынша досыңмен бірге сұрақтар құрастырып, жауап беріңдер. - Автобустардың тоқтайтын жерін қалай атайды? 2. Көліктерді қарастыр. Жерде жүретін көлікті белгілеп көрсет. 3. Иллюстрация бойынша көлікпен жүру ережесін құрастыр. **Д/ойын «Бағдаршам»** Шарты: Бағдаршамның түстері бойынша: Қызыл түсті көрсеткенде - орындарынан түру. Сары түсті көрсеткенде - дайындалу. Жасыл түсті көрсеткенде - жүреді. Қорытындылау **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Ұялы телефон, смартфон, компьютер,	«Ойлап,тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал– Кір– Қорытындылау **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, сөйлем құрауға үйрету, сөйлем туралы түсінік беру. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Кәне, балалар, бүгін бәріміз бірге қырманға көмекке барамыз. Сендер ол жерден көптеген дәнді дақылдар түрлерін көресіңдер. Қырманда астық тау болып үйіліп жатады. Ол біздің диқан ағаларымыздың ерен еңбектері екенін білуіміз керек. – Міне, қырман. Қырман – астық бастыратын, тазалайтын ашық алаң. – Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? – Иә, бұл – егіс алқабынан жиналып алынған дақылдар. Сендер осы дақылдардың атауларын білесіңдер ме? – Мынау – арпа, тары, жүгері, күріш, бидай.	киімдерді көк қарындаштармен белгіле. 2. Киімдерді өз киіміңе сәйкес боя. Сенің киіміңнің түсі қандай? Менің жемпірім сары. Менің шалбарым көк. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? **Көркем әдебиет** **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шағын мәтіндер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Өзінің эмоциялық жағдайын сөзбен жеткізу. Иллюстрациялар бойынша сұрақ құрастыру және оларға жауап беру. Әңгіменің мазмұнын иллюстрация/әңгіменің кіріспесі бойынша болжау **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Әңгімелесу. - Қандай көлік түрлерін білесіңдер? - Автобуспен қайда бардыңдар? - Қандай оқиғаларға кезіктіңдер? Педагог «кішіпейілділік» сөзіне түсінік береді. Кішіпейілділік - қамқорлық, үлкенді сыйлау, орын беру. Талқылау: - Әңгіме ұнады ма? - Әңгіме не туралы жазылған? - Автобуста үлкен кісіге кім	ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог шаттық шеңберіне тұрғызып. Раушангүлді алып келеді. Балалар раушангүлді бір-біріне сыйлау арқылы тілек айтады. – Балалар, біз қандай гүлмен тілек айттық? – Раушангүл сөзі қандай дыбыстан басталады? – «Р» дыбысы қандай дыбыс дауысты ма, дауыссыз дыбыс па? – Естеріңе түсіріңдерші, өткен оқу қызметінде қандай «Р» дыбысынан басталатын ұл, қыз есімдерін айттыңдар? Енді өздерің айтқан есімдерді байланыстырып, көркем суреттерге қарап, сөйлем құраңдар. Мысалы: Балалардың еңбек етіп жатқан көркем суреттері тақтаға ілінеді. Дидактикалық ойын: «Не бар, не жоқ?» Ойын шарты: Балалар шеңбер болып тұрады. Педагог әр балаға жемістер мен көгөністер таратады. Педагог: Мен баққа барғанымда, бақта шие жоқ екен. Шие ұстап тұрған бала: Шие бар, алма жоқ. Алма ұстап тұрған бала: Алма бар, алмұрт жоқ, – дейді. Ойын осылай жалғаса береді. Шатасқан бала айыбын өлең немесе тақпақ айту арқылы өтейді **Сергіту сәті:** Дидактикалық ойын:

	– Біз дыбысты естиміз. Кәне, қолайнаға қарап, бірге «Р-р-р-р-р», – деп айтып көрейік. Мысалы: Ит «Р-р-р-р», – деп ырылдайды. – Сендер не естідіңдер? – Міне, дауысты сендер естіп тұрсыңдар, көріп тұрған жоқсыңдар. «Р» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай: Ерін сәл ашылып, тілдің екі жағы жалпақтана жоғары көтеріліп, дем қарқынды түрде тіл ұшынан шыққанда «Р» дыбысы жасалады. «Р» – дауыссыз дыбыс. – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? «Р» дыбысы бар сөздерді айтқызу. – Ара, гүл, балдың суреттерін іліп, осы суреттерді қатыстырып, бір сөйлем құрайық (егіс даласы, арпаның суретін іліп қояды). 1 тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін үшбұрышқа, қатаң дауыссыз дыбыстан асталатын заттың суретін дөңгелекке, ұяң дауысыз дыбыстан басталатын заттың суретін төртбұрышқа қос. 2 тапсырма: Тыңда, орында 3 тапсырма: Штрихта. 4 тапсырма: Бастыр Педагог қорытынды жасайды. – Бүгінгі сабақта қандай тапсырма қызықты болды **Математика негіздері** **Міндеті:** санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру,	ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақ жасырады. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде. (Теледидар) Шыр-шыр етеді, Ұстап қалсам, сөйлеп кетеді. (Телефон) Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. (Балалар бұл жұмбақты шеше алмай қиналуы мүмкін. Сол кезде сұрақтар қою арқылы жұмбақтың шешуін тапқызуға болады). – Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? (Газет) Хатты қалай жібереміз? – Пошта арқылы. Байланыс құралдары: телеграф, телефон. – Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? – Ақпараттық құралдар арқылы. Олар: теледидар, радио, газет, ғаламтор. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма Суреттен тек байланыс құралдарын белгілету және оларды бояту (телефон, факс, ұялы телефон, хат, компьютер, құттықтау хаттар). Телефон, хат, құттықтау хаттар, сәлемдеме байланыс түрлеріне жатады. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет. Компьютер де байланыс қызметі түрлерінің қатарына	– Бұл дақылдар бізге оңай келе салмайды. Көп еңбекті қажет етеді. Егін бітік шықса, нан түрлері көп болады. Бүгін біз «арпа», «күріш», «жүгері» сөздерінде кездесіп тұрған «Р» дыбысымен танысамыз. – Біз дыбысты естиміз. Кәне, қолайнаға қарап, бірге «Р-р-р-р-р», – деп айтып көрейік. Мысалы: Ит «Р-р-р-р», – деп ырылдайды. – Сендер не естідіңдер? – Міне, дауысты сендер естіп тұрсыңдар, көріп тұрған жоқсыңдар. «Р» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай: Ерін сәл ашылып, тілдің екі жағы жалпақтана жоғары көтеріліп, дем қарқынды түрде тіл ұшынан шыққанда «Р» дыбысы жасалады. «Р» – дауыссыз дыбыс. – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? «Р» дыбысы бар сөздерді айтқызу. – Ара, гүл, балдың суреттерін іліп, осы суреттерді қатыстырып, бір сөйлем құрайық (егіс даласы, арпаның суретін іліп қояды). – Міне, сендер көргендеріңнің бәрін қысқаша сөйлем етіп жеткіздіңдер. – Сөйлем қысқа сөйлем және ұзақ сөйлем болып екіге бөлінеді. Сендер көргендеріңді сөзбен жеткізе аласыңдар.	орын береді? - «Сен де солардай бол» сөзін қалай түсінесің? - Сендер қалай істер едіңдер? - Жақсылық жасаған адамға қандай сөз айту керек? **Сергіту сәті:** 4. Сурет бойынша эңгіме. - Суретте эңгіменің қай сәті бейнеленген? - Сурет бойынша досыңмен бірге сұрақтар құрастырып, жауап беріңдер. - Автобустардың тоқтайтын жерін қалай атайды? 5. Көліктерді қарастыр. Жерде жүретін көлікті белгілеп көрсет. 6. Иллюстрация бойынша көлікпен жүру ережесін құрастыр. **Д/ойын «Бағдаршам»** Шарты: Бағдаршамның түстері бойынша: Қызыл түсті көрсеткенде - орындарынан тұру. Сары түсті көрсеткенде - дайындалу. Жасыл түсті көрсеткенде - жүреді. Қорытындылау **Математика негіздері** **Міндеті:** геометриялық фигураларды: дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш тануға және атауға үйрету. Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	«Сөйлемді жалғастыр» Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Балалар бақта (не істеді?)..... Ойын соңында бір сөйлем неше сөзден тұратынын талдайды. **Қорытындылау** **Музыка** Қайталау. Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру, әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру, ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу.Әннің мәтінін жаттап,аспапқа қосылып орындау. Ән тыңдау: «Қысқы орман» Н.Оразбаева Ән айту: «Айнала Ақшақар» Аспапта ойнау: «Көңілді оркестр» «Әуенді-ырғақты ойын» «Шөжелерім» Ойын:«Әуенді әрле»Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады. Бала әуенді тыңдай отырып мінезін, сипатын суреттеуі тиіс. Тыңдалатын ән жыл әр – түрлі тақырыпта болуы мүмкін. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды.» **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Таныс дене

	үлгіден ұзынырақ (қысқа), және оған тең заттарды табуды үйрету, жыл мезгілдерін атау, фигураларды тану туралы білімдерін бекіту. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **«Қандай цифр (фигура) жойылды» дидактикалық ойыны.** Таныс цифрлардан сандық қатар түзіледі. Педагог балалардан көздерін жұмуды сұрайды («түн» шартты дабыл белгісін айтады), осы уақытта бір цифрды алып тастайды. Содан кейін балалар көзін ашып, қай цифр жоғалғанын атайды. Ойын фигуралармен қайталанады. **1-тапсырма.** Фигураларды ата. Осындай пішіндегі заттармен сызып қос **2-тапсырма.** Суреттен шар, куб, текшеге құсас заттарды тауып, оларды ата. **Сергіту сәті.** Педагогтің шығармашылығына қарай орындалады. **3-тапсырма.** Фигураларды сана. Тиісті цифрды қоршап сыз. **4-тапсырма.** Әр қатардан артық затты тап. Белгіле. **«Фигураны ата» ойыны.** Фигуралардың белгілеріне назар аудара отырып, фигураларды талдауға және салыстыруға, тану	жатады. Компьютермен әлемнің барлық жерлерінен әртүрлі хабарлар алынады және жіберіледі. Қазіргі кезде мектептер компьютермен толық қамтамасыз етілген. Пошта – хат, телеграмма, ақша, газет-журнал, сәлемдеме сияқты заттарды бір жерден екінші жерге жеткізумен айналысатын мекеме. Бұл мекемеде байланыс қызметкерлері – хат, телеграмма т.б. қабылдаушы-операторлар, хат тасушылар жұмыс істейді. Адам өміріне өте қажетті байланыс құралдары: теледидар, ұялы телефон, компьютер, ғаламтор кең таралған. Күнделікті жаңалықтарды – өзіміздің мемлекетімізде, тіпті шетелдерде болып жатқан оқиғалар туралы естіп, ақпарат аламыз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** 2-тапсырма: Артық суретті белгіле. Себебін түсіндір. Сурет арқылы балалардан сұрақ-жауап алады. – Балалар, бұрынғы заманда телефон, телеграф жоқ болған кезде адамдар бір-бірімен қалай хабарласқан? (Суретті қарап, байланыс құралдарын атап береді). Ақпараттық құралдарға нелер жатады? (Газет, радио, теледидар, компьютер). – Ежелгі байланыс құралы қай қатарда тұр? (Поштаны көгершіндер арқылы, арнайы шабарман арқылы жіберген). Компьютер желісінің қандай пайдасы бар?	Жеткізген сөздерің құрала келіп, сөйлем болады. Педагог балаларға *ара, арпа* сөздерін буынға бөлгізеді. – «Ара», «арпа» сөздерінде «Р» дыбысы қай жерде кездесіп тұр? – Осы сөздерге дыбыстық талдау жасайық. – «Ара» сөзінде неше дыбыс бар? – Неше буыннан тұрады? – Дыбыстардың дауыссыз не дауысты дыбыс екенін ажыратайық. – «Арпа» сөзінде неше дыбыс бар? – Неше буыннан тұрады? – Дыбыстарға талдау жасайық. **1-топ** Раушангүлдің суретін жапсырады **(Жапсыру)** 2-топ. Раушангүлдің суретін салады. **(Сурет салу)** 3-топ. «Р» әріпін мүсіндейді **(Мүсіндеу)** 4-топ. «Р» дыбысынан келетін сөздерді құрастыру **(Құрастыру)** **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. Танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік	**«Фигураны тап» дидактикалық ойыны.** Педагог балаларға бөлмеде фигуралар пішіндес заттарды: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрышты табуды ұсынады. Табылған заттар туралы пікірталас жүргізеді және оларда қандай фигура пішіні бар екенін анықтайды. **1-тапсырма.** Фигураларды ата. Суретті боя. Фигуралардың әр түрін сана. Тиісті цифрды қоршап сыз. Педагог суреттен геометриялық фигураларды тауып, оларды атауын сұрайды. Содан кейін балалар фигураларын әр түрін санайды, санын атайды және цифрды қоршайды. Жұпта, өзара тексерумен санауға болады. **2-тапсырма.** Бастырып сыз. Орындамас бұрын педагог саусақ гимнастикасын жасауды ұсынады. Содан кейін торкөз ұяшықтардың бойымен сызықтарды бастырып сызады. Бұл әдістер балалардың қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді дамыту үшін пайдаланылады. **«Автобус» сергіту сәті.** **3-тапсырма.** Фигураларды жаңа орынға орналастыр. Үлгі бойынша боя. Сызық бойымен фигураның қай жерде тұрғанын тауып, фигураларды жаңа жерге ауыстыру керек. Педагог фигураның белгілері мен оның түсін сұрайды. Балалар фигураларды үлгі бойынша бояйды.	жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қатарға тұру. Залдың бір шетінен қарсы бетіне қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Екі сапқа тұру. Гантельдердің (пластмассадан жасалған конструктор) көмегімен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Балалардың шынтақтарын бүкпей, қолдарын түзу ұстауына, мұрын арқылы демалуына назар аудару. Негізгі қимылдарды орындау: Қос параллель сызықтың ортасымен, қолын иығына қойып аяқтың ұшымен жүру (ені – 15 см, ұзындығы – 3 метр). Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып еңбектеу, қолдарымен тартылу. Орындықты қапталдан дұрыс ұстау тәсілін көрсету – бас бармақпен орындықтың үстінен, қалған төрт саусақпен астынан ұстау қажет. Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолдап қағып алу. Нұсқау: допты қос қолдап басынан асыра лақтыру, серіктесінің қолына беру. Жаттығудың орындалу барысын қадағалау.

	дағдыларын дамытуға арналған. Педагог балаларға белгілі геометриялық фигураларды тақтаға бекітеді, олардың пішіні, түсі мен өлшемі (сандар бойынша) әртүрлі болады. Балалар оларды атайды. Педагог фигура туралы атауын атамай сипаттама беретінін хабарлайды. Балалар сипаттаманы тыңдап, оның қандай фигура екенін тауып, оның нөмірін айтады. Алдымен бір немесе екі белгілері айтылады, (оның ішіне 2-3 фигура ілігуі мүмкін – мысалы, түсі мен өлшемі бойынша), содан кейін нақтылау сол фигураға қатысты белгілері сипатталады (нақты бір фигура үшін, мысалы, шаршы). **5-тапсырма.** Шыршаны «безендір». Ойыншықтар таңда. Сызып қос. **6-тапсырма.** Қандай фигура жетіспейді? Жалғастырып сал. **Қорытындылау** **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тізбекте бір-бірден жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут. Шарлармен жалпы дамытатын жаттығуларды	– Компьютердегі ғаламтор желісі – ақпараттың және байланыс құралы. Балалар ғаламторды пайдаланып көрген болса, қалай пайдаланғандарын айтады. – Ғаламтор деген не? – Ғаламторды пайдаланып көрдіңдер ме? – Ғаламтор арқылы адамдар бір-бірімен хабарласа ала ма? – Ғаламтор арқылы әлемдегі жаңалықтарды білуге бола ма? Педагог балаларды шеңбер құрғызып тұрғызады. Педагог тәрбиеленушілерге дөңгелене отырғызып, «сымсыз телефон» ойынын ұйымдастырады. ойын шарты: Педагог бір баланың құлағына бір сөз айтады, ол бала жанындағы балаға сыбырлап, басқаларға естіртпей жеткізуі керек. Осылай сөзді өзгертпей келесі балаға айтады. Ең соңғы бала естіген сөзді дауыстап айтады, егер сөз өзгерген болса, кім қандай сөз естігенін қайталап айтады. Сөзді кім өзгертсе, сол бала айыпты болады. Айыбын тақпақ, не өлең айтып өтейді. Ойындар жинағы. Сергіту сәті: «телефон» Әй, телефон, телефон, Апам келіп бұраса, Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің. Әй, телефон, телефон, Көкем келіп бұраса, Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің. (т, Ө)	мәдениетін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог сабаққа қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады. Жұмбақ жасырады. Жып-жылы шуақ төгеді. Дөңгелек, үлкен сары. Тақпақ оқиды.. –Бүгінгі сабақта қандай тапсырма қызықты болды? Қосымша мәлімет береді: Қазір ғалымдар Күн – жұлдыз, қатты ыссы шар деп жүр. Күн бізге өзге жұлдыздардан үлкен, жарық сияқты көрінеді. Себебі ол Жерге өзге жұлдыздарға қарағанда жақын орналасқан. **Сергіту сәті** «Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады: Педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал, балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады. Педагог қорытындылайды. Балаларды ынталандырады. **(Жапсыру)** 2-топ. Жаз мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша әңгімелеп, суретін салу. **(Сурет салу)** 3-топ. Күз мезгілінің табиғаты жайлы әңгімелесу, мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** 4-топ. Қыс мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша баяндап беру,құрастыру. **(Құрастыру)** Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап	**4-тапсырма.** **Практикалық жұмыс.** Таяқшалардан, жіптерден немесе ермексаздан фигуралар жаса. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығуларды орындауға шақырады. Сапта бір-бірлеп, табанның сыртқы жағымен жүру. Аяқтарын жоғары көтеріп жүру. Бір-бірінің соңынан ақырын жүгіру. Іштерін сипалайды. Тыныс алу гимнастикасы: (мәтінге сәйкес орындалады). Ойын түріндегі жаттығу: «Өз жұбыңды тап!». Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: Педагог алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына ауысуларын ұсынады. Бұл үшін әрқайсысы сызықтан секіріп өтулері керек. «Кедергіден секіріп өт». Допты бір-біріне бастан асыру тәсілімен лақтыру. Жаттығудың дұрыс орындалуына, лақтыру күшіне, қолды жазып күшпен лақтыруға назар аударады. «Бұлақтан секіріп өт» Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Нұсқау: жерге түскенде аяқты жартылай бүгіп, аяқтың	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұлпар». Сиқырлы жүйрік жылқы – тұлпарлар жайлы әңгімелесу. Қорытынды кезең (Рефлексия). «Дала әуені» – эмоционалдық көңіл күйді қалпына келтіру.

	орындайды. Балалардың мұрын арқылы дем алуына, дене сымбатын бұзбай, бойын тік ұстауына назар аударады. Негізгі қимылдарды орындау: Допты бір-біріне лақтыру және қос қолдап қағып алу – допты бастан асырып, серіктесінің қолына беру тәсілімен лақтырады. Жаттығудың дұрыс орындалуын қадағалау. 2,5 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, қос аяқтап секіру. Жаттығуларды орындаған кезде екі аяқпен бір уақытта екпінмен итеріліп, қолдарын сермеп көмектесу қажеттігін балалардың есіне салады. «Қасқыр мен лақтар» ойынын ұйымдастыру. Ойынның тәртібін, қасқыр мен лақтардың жасайтын қимылдарын түсіндіру. Зейін қою қабілетін дамытуға арналған ойын: «Суық-ыстық!». Қорытынды кезең (Рефлексия). Эмоционалдық көңіл күйді қалпына келтіру «Сиқырлы күлкі» жаттығуы.	3-тапсырма: Хаттың иесіне келу жолын ретімен жаз. 1. Хат жазып отырған бала. 2. Хатты поштаның жәшігіне салып жатыр. 3. Пошта, пойыз, ұшақ, мәшине. 4. Пошташы хатты апарып беріп жатыр. 5. Иесі хатты оқып отыр. «Хат тасушы» өлеңін оқу. Ол жатқа біледі қаланы, Бар көше, бар үйге барады. Біздің де қораны табады, Күнде кеп есікті қағады. Ағама, тәтеме, атама, әжеме, Көкеме, апама Көп-көп хат келеді алыстан, Достардан, тумадан, таныстан. Ойын: «Хат тасушы» Ойын шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Олар екі тізбекке тұрады. Ең соңғы бала хатты алдында тұрған балаға береді. Екі топ осылайша жарысады. Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан пошта жәшігін кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен. **Музыка** Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру, әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру, ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу.	қорыту. Ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен. Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен. Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	ұшымен түсу қажет. Ойыншық кірпімен (иглболмен) жасалатын массаж: «Кірпі». 1. Қолдың басын уқалау. 2. Оң және сол қолды уқалау. 3. Кеудесін уқалау. 4. Арқаны уқалау. 5. Аяқты уқалау. 6. Табанды уқалау. Тыныс алу гимнастикасы: «Қонжықтар» «Қонжықтар ұйықтап жатыр…» «Қонжықтар оянды, керіліп, екінші бүйіріне ауысып жатты». Қорытынды кезең (Рефлексия). Психофизикалық жаттығу: «Қолымызды ұстайық».	

		Ән тыңдау:«Қысқы орман» Н.Оразбаева Ән айту: «Айнала Ақшақар» әні Ж.Сымақов.муз. Қ.Қуатбаев Аспапта ойнау: «Көңілді оркестр» «Әуенді-ырғақты ойын» «Массаж» Ойын:«Әуенді әрле» Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады. Бала әуенді тыңдай отырып мінезін, сипатын суреттеуі тиіс. Тыңдалатын ән жыл әр –түрлі тақырыпта болуы мүмкін. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды.			
2-ші таңғы ас	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	«Қоғамдық мүлікті қорға!» (Әңгімелесу) Міндеті: Қоғамдық мүлікті қиратпай,ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-	**№ 3** **Желді бақылау** **Міндеті:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар)	**№ 14** **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау** **Міндеті:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**

	бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту** **Міндеті:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталыеңбекетугетәрбиелеу. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Қмылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. **Міндеті:** Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту** **Міндеті:** Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтел айту,жаттау. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Коммуникативтік дағды**	арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту** **Міндеті:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталыеңбекетугетәрбиелеу. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	**Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу.**Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз				

	бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	«Қазақтың мақтаныштары» мультфильм тамашалау. Міндеті: Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Ұлттық құндылықтарға сүйіспеншілік, оларды қорғау сезімін тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	Пазл құрастыру. Міндеті: Ұлттық құндылықтарға сүйіспеншіліктерңн арттыру. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	**Жеке қауіпсіздік** **«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері»** **Міндеттері:** Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру.Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өрт сөндірушілер, полицейлер және медицина қызметкерлері кім екені және олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау. Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену: - бейнеролик тамашалау; -	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Жол белгілері біздің досымыз»** **Мақсаты:** Алғашқы медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, тамақтан орын,телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАИ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп,өз жылуымды беріп, «Ашық аспан» тілеймін,ал сендерде бір-біріңе өз жылуларынды тілеңдер. Балалар біздің бүгінгі сабағымыз жол белгілері туралы болады.Қанеки, сендер қандай жол белгілерін атап бере аласыңдар? Балалар алдымызда сервис белгілері тұр.Бұл белгілер тиісті орындардың орналасуы	**Картотека №14 Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту**

			қажетті телефон нөмірін теру; - анық және сабырлы (байсалды) сөйлеу. - өзін таныстырып (аты-жөнін, қайдан екенін айту) не болғанын айту. Сюжеттік-рольдік ойын: Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Әртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек. Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Балаларға үйде қайталау үшін төтенше қызметтердің телефон нөмірлері жазылған карточкалар немесе жапсырмалар тарату.	туралы хабардар етеді. - Алғашқы медициналық көмек; көрсету пунктісі; - Аурухана; - Тамақтан орын; - Телефон соғу орны; - Суға шомылатын орын; -«МАИ посты»; -«Ауызсу»; -«Демалыс орыны»; Балалар осы жол белгілерін естеріне жақсылап сақтап алыңдар. Ал енді балалар мына тақпақты қайталайықшы: Ата-ананың сенімін, еске ұстап ақтай біл. Жолда өтер жаяудың ережесін сақтай біл. **Қорытындылау** Балалар бүгінгі ұіә-інде белгілерді түсіндіріп бердім. Жолда абайлап жүрейік	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруді дағдыландыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік көрсетеді:және спорттық ойындардың ережелерін сақтай алуға үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Мансур** **жеке жұмыс** Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айта білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** **жеке жұмыс** «Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді меңгеруге талпындыру. **(Әлеуметтік эмоционалды**	**Мансур** **жеке жұмыс** Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізе алуға үйрету. **(Шығармашылық**

				дағдыларды қалыптастыру)	**дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 1**	**№ 3**	**№ 14**	**№ 1**	**№ 19**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Апта дәйек сөзі:** «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» балалармен бірге қайталау. **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Қауіпсіздік ережелері» мультфильм тамашалау.** **Міндеті:** Балалар арасындағы жазатайым оқиғаларды азайту, оларды ықтимал апаттан сақтандыру, ең бастысы қауіпсіздік шараларына үйрету. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	**«Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	**Картотека №14** **Ұлттық ойын:** **«Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат** **Ұлттық құндылық**	**«Нейро жаттығу»** **Шарты:** Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан,жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Жасампаздық пен жаңашылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Бүгінгі ой — ертеңгі жаңалық»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.02 - 20.02.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Ата толғауы»** Күйші композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев.	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-	**Күй күмбірі: «Ата толғауы»** Күйші композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев.	**Күй күмбірі: «Ата толғауы»** Күйші композитор Нұрғиса	**Күй күмбірі: «Ата толғауы»** Күйші композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев.

	«Менің Қазақстаным» Гимн орындау. Шығармашылық дағды **Бір тұтас тәрбие** **Адал Азамат**	күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Ата толғауы»** Күйші композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев. **Бір тұтас тәрбие**	**Бір тұтас тәрбие** Әсем әуенмен қарсы алу. **Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық**	Атабайұлы Тілендиев. **Бір тұтас тәрбие** «Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Шығармашылық дағды**	**Бір тұтас тәрбие** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» **Бір тұтас тәрбие**	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен спорттық ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Табиғат бұрышындағы еңбек» Міндеті: Топ бөлмесіндегі жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	«Кім шапшаң?» ойыны. Шарты: 1-ден 5-ке дейінгі сандарды ретімен құрастыру арқылы шыққан суретке қарап әңгімелеп беру. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	«Ұлттық домино» ойыны Шарты: Балаларға қазақ халқының тұрмыстық заттарын (оюларын) таныстыра отырып,бөліктерді бір-біріне құрастыру арқылы әңгімеге тарту. **Ұлттық құндылық**	«Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады. **Ұлттық құндылық**	«Үйдегі қауіпті заттар» ойыны. Міндеті: Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық техника) таныстыру. Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру. Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №12				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** Ойын: «Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Шарты: Суреттерге қарап,қандай дыбыстардан басталатынын табу. **Коммуникативтік дағды**	**«Көңіл-күй»** **Міндеті:** Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Музыка**	**Бір тұтас тәрбие** Мақал-мәтелдер. Шарты: Сурет арқылы мақал-мәтел айту. **Бір тұтас тәрбие**	**Артикуляциялық жаттығулар: «Алтыбақан», «Ат шауып келеді», «Қақпаға допты кіргіз»** (айнаға қарап орындайды) **Міндеті:** Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру.	**Бір тұтас тәрбие** **Тіл ұстару жаттығулары. Міндеті:** тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Коммуникативтік дағды**

				Коммуникативтік дағды	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. – Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрастырыңдар. Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер? деген ұсыныс білдіру. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: Бұл суреттің тақырыбын «Қыс кереметі» деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – Балалар «керемет» – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық	**Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Геометриялық фигуралар «Неге ұқсайды» ойынын ойнауға шақырады. Педагог алдымен фигуралар мен оларға ұқсас заттарды көрсетеді, содан кейін фигуралар жиынтығын неге ұқсайтынын балаларға айтқызады. –Заттардың суреті салынған карточкаларды зат пішіндес фигураға қой. Тақтада балалар фигураларды, заттарды қарап, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, карточкалардағы тапсырмаларды орындайды. Мысалы: Педагог көлемді фигуралардан (денелерден) жасалған мұнара қолөнерін қарауға шақырады. –Олар құралған геометриялық денелер қалай аталады? Балалар қолөнерді зерттеп қарайды, денелерді текше, доп, цилиндр деп атайды. –Өз қолөнеріңді жаса. Балалар өз қолөнерін үлестірмелі материалдан	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, өткен тақырыпта «Д» дыбысымен таныстық. «Д» дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз дыбыс па? Дауыссыз дыбыс. Дельфин,доп,дөңгелек қандай дыбыстардан басталып тұр? Қане,бәріміз бірге»Д» деп айтамыз. «Д» дыбысынан басталатын сөздерді қайталаңдар. Дыбыстарды анық айту үшін тілімізді жаттықтырамыз. Артикуляциялық жаттығу жасау. (айнаға қарап отырып жасайды) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Ойын: «Кім алғыр?» Шарты: кезек-кезек тақтаға	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қуыршақтар: Бүгін сендермен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» ойын ойнаймыз. Әрбір жауапқа асық беріледі, көп асық жинаған бала жеңімпаз аталады. І айналым: Педагогтің мақалын жалғастырады. Отан - оттан да ... (ыстық) Жақсы - ... (өнеге) Отан ... т.б ІІ айналым: педагог жұмбақ жасырады. Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты — ... (құлпынай) Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде). Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық) т.б. Сергіту сәті	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. - Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1,2, 3,4,5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау — ет. -Мынау не? -Мынау - ет. -Мынау — жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. -Мынау не? -Мынау - жұмыртқа. -Жұмыртқа - тағам. -Жұмыртқа-... (тағам) -Мынау - ірімшік. І-рім-шік. -Мынау не? -Мынау - ірімшік. -Ірімшік дәмді. -Ірімшік дәмді ме?

	танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды. Педагог балалардың, құраған әңгімелері ұнағанын айтады, балалардың өздеріне ұнаған, ұнамағандарын сұрайды. Сергіту сәті: «Аппақ қар» (музыка әуені арқылы қимылдармен орындалады) – Балалар, сендер құрастырған әңгімелерің сөйлемнен тұрады, ал сөйлем сөзден құралады. – Балалар, сөз дегеніміз айтылатын бір ой. Егер сен «қыс», «қар», «шаңғы» деген сөздерді ойлап айтсаң, сол сөзді өрбітіп сөйлем құрауға болады. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөзддерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады. Мысалы, «Менің Отаным – кең-байтақ Қазақстан!» деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады деп педагог сұрайды балалардан. – «Сен Астанада болдың ба?» деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады? – Енді біз сөз, сөйлем деген не екенін білеміз. Суретпен жұмыс. «Айырмашылығын тап». Шарты: Екі аққаланың суреті	жасайды. Суретпен жұмыс. Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. –Жануарлардың фигураларына қара. Жапсырмаға қандай фигуралардың пайдаланылғанын ата. Сопақшалар пайдаланылған фигураларды қоршап сыз. Балалар топтарға бөлінеді, олардың біреуін қайталауды ұсынуға болады. Үстел үстінде жапсырмаға арналған фигуралар салынған конверттер. 2-тапсырма. Шарды, текшені және цилиндрді тап. Шарды қызыл түспен, текшені көк түспен, цилиндрді сары түспен боя. 3-тапсырма. Әр суреттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы фигураны көк түспен, сол жақ төменгі бұрышындағы фигураны қызыл түспен, ортасындағыны сары түспен боя. 4-тапсырма. 1-ден 9-ға дейін цифрларды ретімен сызып қос. Не пайда болды? (Жұлдызша шықты!) «Сиқырлы алаң» дидактикалық ойыны. Топтық жұмыс. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Педагог топтарға үлестірмелі материал парақтарынан кесілген заттардың суреттері мен фигураларды таратады. – Егер фигураның айналасына оған ұқсас заттарды жинасаң, онда шаршы бейнесі шығады! Педагог ұйымдастырылған іс-	шығып, «д» дыбысынан келетін суретті табу. Суретпен жұмыс. Доп сөзінің дыбыстық талдауын анықта. Сызықпен кос. Саусақ жаттығуы: «Тыщда, орында» Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. Графикалық жұмыс. 3. Штрихта 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Рефлексия. «Бас бармақ» әдісі арқылы қорытындылау. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өткен ұйымдастырылған іс-әрекетті еске түсіру. Өткен ұйымдастырылған іс-әрекетте біз не туралы әңгімелесіп едік,қане еске түсірейікші? Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? – Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс мезгілі ұнайды ма, несімен ұнайды?	Көп отырып, шаршадық, Қозғалуды аңсадық. Билегіміз келеді, Әдемілеп эн салып. Би: «Қуыр-қуыр Қуырмаш» ІІІ айналым: Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды. Доп теп, Дөп теп. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік пітттім, Неше кіші ішік піштім? Рефлексия,қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Асықтар саналып, жеңімпаз анықталады. Қуыршақтарға рақмет айтып, қоштасамыз. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** еске түсіру. Бүгін бізге Қуаныш пен Айсұлу сиқырлы сандық	-Ірімшік дәмді. -Ірімшік - тағам. -Ірімшік не? -Ірімшік - тағам. -Мынау — қант. -Мынау не? -Мынау - қант. -Қант тәтті. -Қант қандай? -Қант тәтті. -Қанттың түсі ақ. -Қанттың түсі қандай? -Қанттың түсі ақ. -Мынау не? -Мынау - шырын. -Шырын дәмді. -Шырын қандай? -Шырын дәмді. Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтып жаттығады. Сөздік ойын «Тыңда, қайтала». -Мен шырын іштім. -Сен не іштің? -Мен шырын іштім. -Мен алма шырынын іштім. -Сен қандай шырын іштің? -Мен алма шырынын іштім. Үлгі бойынша балалар сөйлем құрайды: Мен нан, ірімшік жедім. Ірімшік дәмді. Шырын іштім. Шырын дәмді. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. Тағамдардың барлығы қадірлі, оларды ысырап етуге болмайтынын түсіндіріп, тыйым сөзді жаттату. Нанды баспа, ақты төкпе.

	беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек. Қорытынды бөлім. Рефлексия Мақал-мәтел жаттау. Отан – оттан да ыстық. – Балалар, қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар? – Біз бүгін қандай тақырыпқа сөйлем құрастырдық? – Қандай сөйлем түрлерімен таныстыңдар? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сұрақ-жауап» Балалар дыбыстар неден құралады? Сөз ше? Сөйлемді неден құраймыз? Балалар сауат ашу ұйымдастырылған іс-әрекетінен жалаң және жайылма сөйлемдер туралы әңгімелесетін боламыз. Жалаң сөйлем ол бір нәрсенің болып тұрғанын ғана білдіреді, ал жайылма сөйлем істің қандай жағдайда болғанын білдіреді. Мысалы: жалаң сөйлем- қар жауды. Жайылма сөйлемде- қар жапалақтап жауды. Балалар кездесті- балалар батырмен кездесті. Балалардың өздері мысал келтіріп сөйлем	әрекетін қорытындылайды. Балалардан іс-әрекетіне өз бағаларын беруді сұрайды, бағдаршамды боятады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Қай ертегі кейіпкері әрқашанда көңілді болып жүреді? Суреттен Алдаркөсені көрсет. Ол неге Алдаркөсе аталды деп ойлайсың? Алдаркөсе қандай кейіпкер? Алдаркөсенің жақсы көретін әнін бірге айтуды ұсынады. Алдаркөсенің әнін қатты, ақырын дауыспен айту. Мен Алдармын, Алдармын, Сақалымды талдармын. Сақал түгіл мұрт та жоқ, Шайтанды да алдадым. Сусыз жерде өсемін, Сондықтан да көсемін. Алдаркөсе туралы тағы қандай ертегіні білесің? «Алдаркөсе мен бай» ертегісін тамашалау. Алдаркөсе қандай адам?(Көңілді.) Бай қандай? (Ақшақұмар,сараң.) Алдаркөсе мен байға мінездеме бер. Ертегінің түрлерін ата? Қандай қиял-ғажайып ертегісін білесіңдер?	Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. – Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрастырыңдар. Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер? деген ұсыныс білдіру. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: Бұл суреттің тақырыбын «Қыс кереметі» деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – Балалар «керемет» – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды. Педагог балалардың, құраған әңгімелері ұнағанын айтады, балалардың өздеріне ұнаған, ұнамағандарын сұрайды. Сергіту сәті: «Аппақ қар» (музыка әуені арқылы қимылдармен орындалады) – Балалар, сендер құрастырған әңгімелерің сөйлемнен тұрады, ал сөйлем сөзден құралады. – Балалар, сөз дегеніміз айтылатын бір ой. Егер сен «қыс», «қар», «шаңғы» деген сөздерді ойлап айтсаң, сол сөзді өрбітіп сөйлем құрауға	алып келді. Сандықтың ішінде түрлі әуендер бар екен. Олар: көңілді, қуанышты, баяу, көңілсіз әуендер. Қане, тыңдап көрейік. Әуен ырғағына қарай өздерінің көңіл күйлерін ым-ишара арқылы көрсетеді. Бүгін бізді Қуаныш пен Айсұлу театр көрмесіне шақырды. Көрмеге саяхат жасап қайтайық. Сандық, үнтаспа, вальс, полька, марш. Алдын ала дайындалған көрмеге барады. Көрмеде бірнеше театр түрлерін көрсетеді, олармен таныстырады. Өздері білетін ертегі кейіпкерлері туралы әңгімелеседі. Суретте қандай театр түрі бейнеленген? Бұл театрдың ерекшелігі неде? Суреттегі қуыршақтар қалай өнер көрсетеді деп ойлайсың? Жаттығу-ойын: «Менің көңіл күйім». Таңданады (қолын екі жаққа жаяды). Ренжиді (қолдарын кеудесіне айқастыра қойып, ау- зын бұртитады). Қорқады (көздерін бақырайтады). Қуанады (алақайлап қолдарын жоғары көтереді). Күтпеген жерден алыстан, Досым келді сағынған (қуанады). Ол маған абданды алып келді (таңданады).	Қазақ халқы «ақ», - деп сүт, айран, қымыз, шұбатты айтқан. Нан, сүт және етті қайдан аламыз? - Азық-түлік дүкеннен аламыз. Сюжеттік ойын: «Дүкен». Педагог — сатушы. -Сәлеметсіз бе! -Сәлеметсіз бе! -Нан беріңізші. -Қандай нан? -Ақ нан. -Міне, нан, алыңыз. -Рақмет. Сау болыңыз. Балалар үлгі бойынша диалог құрайды. Суретпен жұмыс. Тағамдарды ата. Сұраққа жауап бер. Сен не жедің? Не іштің? Сөйлем құра. Мен нан жедім. Мен дәмді шырын іштім. Рефлексия. Мақал-мәтелді бірге жаттайық. Ат адамның қанаты, Ас адамның қуаты. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Адамдардың айтатын сөздері әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Айнаны алып

	құрастыруларын айтады. Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе келіпті. Алдармен бірге «Әріптер бағына» саяхатқа шығамыз. Алдар немен жүреді? «Әріптер бағына» қандай көлікпен барсақ екен? Ат қалай жүреді? Аттың жүрісін тілімізбен көрсетейік. Балалар, мен ол баққа Алдармен бірге «Білім көлігімен барғым келіп отыр. Ал сендер осы көлікке отыруға дайынсыңдар ма? Онда біз өткен әріптерді қайталайық. Тасбақа, орындық, нан, робот, ғарыш, піл, аққу, шағала, қауын, лақ, ай, алма деген сөздер қандай дыбыстан басталады? Әріптер неше дыбысқа бөлінеді? Мен сендерге жұмбақ жасырайын. Дауылда бар, боранда жоқ. Дәуірде бар, заманда жоқ. Бүгін біз «д» дыбысы әрпімен танысамыз. **Күй күмбірі: «Әсем қоңыр»** Ұлы күйші Дина Нұрпейісованың күйін тыңдату. Күйді қандай аспаппен орындады? Домбыра сөзіне талдау жасайды «Д» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. «Д» дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба? Қандай текшемен белгілейміз? Неге? Не үшін? Ол дауыссыз дыбыс.	Қандай хайуанаттар туралы ертегі білесіңдер? Көрініс: «Алдаркөсе мен бай» ертегісі. Алдаркөсе қандай кейіпкер? Сипаттама бер. Қорытынды. Балалар өз жұмысына көңілі толса, көңілді бетперденің суретін бояйды. Өз жұмысына көңілі толмаса, көңілсіз бетперденің суретін бояйды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жануарларды мекендеу орны, қозғалу тәсілі,табиғи-климаттық аймақтар бойынша топтастыруды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Қандай аңның жүрісі?» ойыны Шарты:әр аңның жүрісін әуен ырғағымен келтіру. Балалар жүрісі салған аңның атын атап шығады. Жұмбақ шешу. Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан. Әңгіме жүргізу. Орманды мекендеп, өз бетімен тіршілік ететін аңдарды жабайы аңдар дейміз.Олар: қасқыр, түлкі,аю,тиін.Жабайы аңдар азықтарын орманнан тауып жейді.Қыста қардың көп түсуіне байланысты аңдардың азық тауып жеуі қиынға соғады.Осы кезде аңдар адамдардың көмегін қажет етеді. Сендер жабайы аңдарды қайдан көрдіңдер? Аңдарды	болады. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөзддерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады. Мысалы, «Менің Отаным – кең-байтақ Қазақстан!» деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады деп педагог сұрайды балалардан. – «Сен Астанада болдың ба?» деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады? – Енді біз сөз, сөйлем деген не екенін білеміз. Суретпен жұмыс. «Айырмашылығын тап». Шарты: Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек. Қорытынды бөлім. Рефлексия Мақал-мәтел жаттау. Отан – оттан да ыстық. – Балалар, қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар? – Біз бүгін қандай тақырыпқа сөйлем құрастырдық? – Қандай сөйлем түрлерімен таныстыңдар? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: балықтар, жануарлар, аңдар, мекендеу	Арыстанның баласы – абдан Інімнің бармағын тістеді (жылау). Енді қайда қоямыз Арыстанның баласын? (Қорқу). Досым інімді жұбатты: «Жылағаның ұятты. Кәне, босқа жыламай, Көңілденші, балақай!» (Қуану). Қараңдаршы, сандықтың ішінде тағы бір сыйлық бар екен. Педагог сандықтың ішінен қуыршақ театрын алып көрсетеді. Қуыршақ театрымен таныстырады. Бұл – қуыршақтарды жандандыру арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақтарға актердің қолында жан бітіп, сөйлейді. Қуыршақты сөйлетумен қойылымның мазмұны ашыла қоймайды. Көрерменге ұғынықты, әсерлі болу үшін әуен мен ырғақтың да үйлесімді болуы шарт. Педагог «Кішкентай маса» ертегісімен таныстырады. Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? Кішкентай маса қалай мақтанды? Маса тышқанды не үшін тістеп алды? Тышқан нелерге жолықты? Арыстанды кім қорқытты? Ең батыр кім болып шықты? Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген? Кейіпкер не айтты? Топқа бөлу, тапсырма беру.	қараңдаршы, дыбысты айтуға не көмектеседі? **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** – Әрине, ауыз. Қараңдаршы, ауыз қуысында нелер бар? – Тіл, тіс, ерін. – Бұлар дыбысты айтуға көмектеседі. – Мен сендерге дыбыс айтамын, ал сендер дыбысты айнаға қарап қайталайсыңдар. Педагог «е» дыбысын айтады. – «Е» дыбысы ауыз қуысында кедергіге ұшырады ма? – «Е» дыбысын әндетіп айтсақ болады. – Е-е-е. Өйткені «е» дыбысы дауысты, оны қызыл текшемен белгілейміз. «Е» дыбысы ешкі, елік, ерін, етік, есек, ел сөздерінің басында кездеседі. Кесе, күрек, бел сөздерінің қай жерінде кездеседі? Бие, шие, түйе сөздерінің қай жерінде кездеседі? Осы сөздерден сөйлем құрастырайықшы? Сергіту сәті: Мен өркешті түйемін, Басымды жерге иемін. Маң-маң басып далада Жантақ жеуді сүйемін. Дидактикалық ойын: Бастаушы допты бір балаға лақтырып, бір жануардың атын айтады, бала допты кері лақтырып, оның төлін айтады. Мысалы: сиыр – бұзау, бие – құлын, түйе – бота, есек – қодық, мысық – марғау. Педагог артынан қайталайды: Е-е-е – ат үсінде ер, Ең-ең-ең – ең үлкені мен,

	Қәне, «д» дыбысын барлығымыз айтайық. Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? Дұрыс айтасыңдар дауысымыз еркін шықпайды, созылып шықпайды, бөгет болады. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз Қолды белге қоямыз Бұрыламыз оңға бір Бұрыламыз солға бір Біз тату баламыз Гүл- гүл жайнап өсеміз Суретпен жұмыс. 1 тапсырма.Үзік сызықтарды бастырып салу арқылы «д» дыбысының салу жолдарын үйрену. 2 тапсырма.Суреттен «д» дыбысының қай жерден естілетінін анықтау. **Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** –Суреттегі моншақтар неден құрастырылған? –Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талқылайды, дөңгелек, сопақша деп атайды. Педагог бүгін балалардың жаңа геометриялық фигурамен	теледидардан,хайуанаттар бағынан көруге болады. Хайуанаттар бағында аңдарға арнайы күтім жасайды.Онда жұмыс істейтін адамдар хайуанаттарды қоректендіреді. Аңдарды көруге келген адамдарға тамақ беруге рұқсат етілмейді.Өйткені аңдар өте қауіпті. Сергіту сәті: «Аю,аю тұршы» (музыка әуені арқылы қимылдармен орындалады) Суретпен жұмыс. Суретте қандай аң бейнеленген? Аю- жабайы аңдардың бірі.Жазда аю кез келген жерден өзінің қорегін тауып таба алады.Сонымен бірге аю араның балын жақсы көреді.Аш кезінде шөппен ағаштардың тамырымен қоректенеді.Ол қысқы ұзақ ұйқы алдында жақсылап қоректеніп,денесіне май жинап алады.Аюлардың түстері қоңыр,ақ болып келеді.Аюдың баласын қонжық деп атайды. Аю қалай жүреді? Міне жабайы аңдар,оның ішінде аю туралы көп нәрсені білдік. Сондықтан оларға қамқор көрсету керек. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Шарты: аюдың бөліктерін қағаз бетіне орналастыру. Қорытынды. Сұрақтар: Жабайы аңдарға нелер жатады? Аюдың баласын не деп атайды? Келесі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде тереңірек	орны (орман, шалғын, су айдыны); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин) бойынша топтастыруды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар өткен ұйымдастырылған іс-әрекетімізде жабайы жануар ақ аю туралы әңгімескен болатынбыз. Бізге қонаққа ақ аю келді. Қалай ойлайсыңдар, ақ аю қайда тұрады? Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде Солтүстік жануарлары туралы әңгімелесеміз. Мына аппақ қонжықтың аты Умка, ол да Солтүстік полюста тұрады Умкамен бірге Солтүстік полюсқа саяхат жасаймыз. Орынымызға отырайық. Жұмбақ жасыру. Доп секілді келбеті, Онда бар түп- түгел, Әлемнің әлпеті. (Глобус) Глобуста бүкіл жер шары, таулар, мұхиттар, өзендер, жазықтар бейнеленген.(глобусты көрсету) Солтүстік полюсте Арктика орналасқан (көрсету). Оңтүстік полюсте Антарктида орналасқан. Солтүстік және Оңтүстік полюстерде қармен және мұзбен жабылған полярлық аймақтар жатыр.Арктика жағалауларын Солтүстік Мұзды мұхит жабады. -Неге мұзды мұхит деп	1-тапсырма. Педагог ертегі кейіпкерін атайды, тәрбиеленушілер оның жүріс-тұрысын, қимылын, дауысын салады. Топта талқылайды. 2-тапсырма. «Мен бастаймын, сен жалғастыр» ойы- ны. Педагог ертегінің кез келген жерінен үзінді айтады, топтан бір бала шығып жалғастырады. Тіл ұстарту жаттығуы. Түрлі екпінде анық және дұрыс айт. Са-са-са – Ұшып келді маса. Қа-қа-қа – Көлшікте отыр бақа (қатты, сыбырлап айтады). Қорытынды. Ертегінің соңын өзің құрастырып әңгімеле. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Сахналау. Қуаныш пен Айсұлу тәрбиеленушілерге өздерінің жұмыстарын бағалауды ұсынады. Өз жұмысына көңілі толса, көңілді бетперденің суретін бояйды. Өз жұмысына көңілі толмаса, көңілсіз бетперденің суретін бояйды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше	Ең-ең-ең – екі жағы тең. – Балалар, енді біз "тең" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. – Бірінші дыбысты қаттырақ оқимын, т-т-тең. – Сөздегі бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Дауыссыз дыбысты қандай түсті текшемен белгілейміз? Бәріміз көк текшені қоямыз. Педагог екінші дыбысты қаттырақ созып айтып, екпін қандай дыбысқа түсіп тұрғанын сұрайды. Те-е-ең. «Е» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – Енді тағы бір дыбыс қалды, тең-ң-ң. «Ң» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Оны қандай белгімен белгілейміз? – «Тең» сөзінде барлығы қанша дыбыс бар? – Нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз? «Ер» сөзіне өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. «Е» дыбысын ауада салу. «Е» дыбысын үзік сызықтарды қосу арқылы салу. Рефлексия. **Музыка** Қайталау. Би билеу арқылы сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді,ашық дауыспен таза айтуға үйрету, бидің көңіл –

	танысатынын айтады. Геометриялық фигурамен танысу: сопақша. Фигураны көрсетеді, бұл – сопақша. Барлығымыз бірге қайталайық: сопақша. Педагог өлең оқиды. Мен сопақпын, мен сопақ Ұзартылған домалақ. Соңым жоқ, басым жоқ Енді бірде жапалақ. Мен жұмыртқамын Мен айнамын Мен, міне, осындай пішінмін. Мен қоңыз, мен картоп Аяқпенен топ - топ – топ. Эксперименттік іс-әрекеті. Сопақшаның қасиеттері туралы білу үшін эксперименттер жүргізеді. Сопақшаның бұрыштары жоқ (сопақшаны саусақтармен ауада сызады). Сопақша тегіс/жалпақ,. Қайталайық: жалпақ/ тегіс. Сопақшаның қасиеттерін зерттеуді жалғастырады. Педагог тақтада, балалар үстелдерде жұмыс істейді. (Балалардың үстелдерінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы болады.) Фигураны үстелге қояды (сопақшаны қырынан қоюға тырысады). Ол үстел бетіне тұрмайды. Біздің тәжірибеміз сопақшаның қандай қасиеттері туралы айтады? Олар талқылайды, қорытынды жасайды: сопақ, тұрақсыз, тегіс, оның бұрыштары жоқ. Сопақшаға мұқият қарап, оның қандай геометриялық фигураға ұқсайтынын айт? (Дөңгелек, шеңбер)	үйренетін боламыз. **Музыка** Би билеу арқылы сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.Әнді көңілді,ашық дауыспен таза айтуға үйрету, бидің көңіл –күйін ажырата білуге баулу, әр түрлі ырғаққа ойдан қимылдар шығаруға үйрету. Ән тыңдау:«Қайырлы таң» Е.Өміров Ән айту: «Қазақелі»Е.Абдіхалықова Аспапта ойнау: «Көңілді қасықтар» Әуенді-музыкалық қимылды ойын: «Өз түсінді тап» Г.Омарова Ойын: «Бізге келген қонақтар» Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып, аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады.Аю келсе-жуан дыбыстар, қоян келсе-секіртпелі дыбыстар,торғай келсе- жіңішке дыбыстарды соғу керек. Балалар кейіпкердің мінезіне сай,әуенді ажырата білуі керек	атаймыз? Полюстерде үнемі қыс мезгілі болады. Жылдың барлық мезгілінде мұхитты мұз басып жатады. Ондағы ауа-райы қатал, ұзақ уақыт поляр түндері, ұзақ уақыт поляр күндері болады. Айсбергтер суда қалқып жүреді. Айсберг дегеніміз мұз тау дегенді білдіреді ,мұздықтардан бөлінген ірі-ірі кесек,үлкен мұздар. Осы Солтүстік полюсте табиғаттың керемет құбылысы солтүсттік шұғыласы болады.(көрсету) Ол туралы мектепте тереңірек білетін боласыңдар. Слайд арқылы түсіндіру Солтүстің ең алып жануары– ақ аю. Қалай ойлайсыңдар, ақ аю неліктен суықтан қорықпайды? Балалардың жауабын толықтырып, әңгімелеу, жаңа қызықты мәліметтер беру. Ақ аюдың денесін қалың тері қаптаған және терісінің астында қалың май қабаты бар. Май қабаты өте қалың болғандықтан, ол су астында көп уақыт өткізе алады. Табанның жастықтары қалың қылшықтармен жабылған. Сондықтан аюдың табандары қатып қалмайды және мұзда сырғып кетпейді. Оның ұзындығы шамамен 3 м, ал салмағы 800 -1000 кг болады. Қарда ол мүлдем көрінбейді. — Сендер қалай ойлайсыңдар, ақ аю қарда неге көрінбейді? - Балалар, тұмсығын неліктен жауып алады? Ақ аюдың тек мұрны ғана қап-қара боп көрінеді. Аң аулап, қорек	зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** –Барлығы қанша шаршы (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш)? − Барлығы неше кішкентай шаршы (сопақша, дөңгелек)? − Барлығы қанша үлкен шаршы (сопақша, дөңгелек)? − Барлығы қанша кішкентай, үлкен фигуралар бар? − Қанша қызыл (көк, сары, жасыл ...) фигуралар бар? − Қандай фигуралардың түсі көбірек (мөлшері, пішіні)? − Белгілі бір бағанда немесе қатарда қанша үлкен (кіші) фигура бар? − Қай қатарда түсі (өлшемі, пішіні) бойынша пішіндері көп? Жиынтықтауға арналған тапсырма. –Фигураларды қандай жиынтық топтарға бөлуге болады? Ойын жаттығуы «Неге ұқсайды?» Шарты: геометриялық фигура тәрізді бөлмедегі заттарды табу. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Фотосуреттерді сәйкес пішіндегі жақтаулармен сызып қос.	күйін ажырата білуге баулу, әр түрлі ырғаққа ойдан қимылдар шығаруға үйрету. Әннің мәтінін жаттап, аспапқа қосылып айтқызу. Ән тыңдау: «Апа» Ән айту: «Қазақ елі» Е.Абдіхалықова Аспапта ойнау: «Көңілді қасықтар» Әуенді-музыкалық қимылды ойын: « Өз түсінді тап» Г.Омарова Ойын: «Бізге келген қонақтар» Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып, аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады.Аю келсе- жуан дыбыстар, қоян келсе-секіртпелі дыбыстар,торғай келсе- жіңішке дыбыстарды соғу керек. Балалар кейіпкердің мінезіне сай,әуенді ажырата білуі керек **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Дене тәрбиесі ға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; Дене тәрбиесі дың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың

	Педагог тақтаға дөңгелектің суретін іліп қояды. –Сопақша шеңберге несімен ұқсайды? Олар талқылайды, бірлесіп қорытынды жасайды. Сопақша, дөңгелек сияқты, бұрыштары жоқ, ол да тегіс, тұрақсыз. Дөңгелек пен сопақша дөңгелек пішінді болып келеді. –Сонда олар бір-бірінен қалай ерекшеленеді? Педагог дөңгелекті алып, оны сопақшаға қояды. Сопақшаның қаншалық созылғанын қара. Сопақша қайсысы? Ұзарған, сопақша ұзын. –Сопақша дөңгелек сияқты айнала ма, қалай деп ойлайсындар? Тексеріп көрейік. Сопақшаны үстел бетінде айналдыруға тырысады. –Сопақшаның айналуына не кедергі болып тұр? Қорытынды жасалады, сопақша ұзынша созылған болып келеді, сондықтан ол домаламайды. –Сопақша тағы қандай геометриялық фигураға ұқсайды? Тіктөртбұрыш тақтаға ілінеді. Атауын сұрайды. Балалар «тіктөртбұрыш» деп атайды. –Олар неге ұқсас? Фигураларды бір-бірінің үстіне қоюды ұсынады. Қорытынды жасайды, тіктөртбұрыш пен сопақша ұзынша, созылған, жалпақ фигуралар домалақ емес. –Олар қалай ерекшеленеді? Фигураларды саусақтарымен айналдыруды ұсынады. Олар талқылайды, қорытынды		іздеген кезде ақ аю қап-қара тұмсығын жауып алады екен. Ақ аю балықпен,итбалықтармен қоректенеді. Қараша-желтоқсан айларында аю мұзды тесіктерде 2-3 кішкентай алақандай ғана қонжықтарды дүниеге әкеледі, оны майлы сүтімен тамақтандырады. Итбалық (морж) – ол да ірі жануар. Оның басы,жуан мойны, денесі, ұзын сойдақ(бивни) азу тістері және мұрты бар. Осы ұзын азу тістерінің көмегімен мұздың үстіне шығады, судың түбінде осы азу тістерімен қорегін қазып жейді. Олардың көру қабілеттері нашар.Қалай ойлайсыңдар, итбалықтар суда немен жүзіп, немен қоректенеді? Ол керемет сүңгуір және жүзгіш. Аяқтарының орнына ескекаяқтары (ласты) бар.Сыртқа шығып ауа жұтып аладыда, қайтадан суға түседі. Қыста, су тез қатып қалған кезде, басымен мұзды тесуге мәжбүр болады. Судың сыртында итбалықтар мүлдем дәрменсіз. Неліктен? -Олар үлкен, баяу және аяқтары жоқ. Сондықтан итбалықтар полярлық аюлар үшін оңай олжа болады. Солтүстік бұғыларының денесін түкті тері қаптаған. Олар қыс мезгіліне қалың май қабатын жинайды. Оның тұяқтары өте мықты. Солтүстік бұғысына мықты тұяқтар не үшін қажет? Ұзын аяқтары қалың қарға түсуіне жол бермейді,тұяқтар	Балалар отбасы мүшелерінің суреттері қандай пішінде орналасқанын анықтайды. Содан кейін фотосуреттердегі жақтаудың пішінін анықтауға көшеді. Мысалы: «Бұл – әже. Оның суреті сопақша жақтауға салынған». Сергіту сәті. «Контурмен боя». Тегіс фигураларды сызу немесе жіппен салу, содан кейін балалардан оларды «бояу» сұралады – контур бойымен жүргізу. Бұл жұмыс балаларға қолдың ұсақ моторика қабілетін жақсартуға, сондай-ақ пропорция сезімін және кеңістікті қабылдауды дамытуға көмектеседі. 2-тапсырма. Фигураларды қарандаштардың түсіне сәйкес боя. Қорытынды. «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға фигураларды анықтап қарап және олардың орналасқан жерін есте сақтауды ұсынады. Балалардан көздерін жұмуды ұсынады да, бір фигураны алып тастайды. Балалар көздерін жұмады. Олар көздерін ашқан сәтте, не өзгергенін айтады. Ойын екі рет қайталанады. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** сапта бір-бірден,	алдын алуға медициналық педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Төрт құдірет» ойын жаттығуы. Балалар шеңбер жасап жүреді. Педагогтің бұйрығын орындайды: «жер» – қолды төмен түсіреді, «су» – қолды алға соза отырып жүзеді, «ауа» – құс секілді ұшады, «от» – қолдарын айналдырады. Жалғамалы жүріспен алға және артқа жүру, өкшеден аяқтың ұшына қарай салмақ сала жүру, жартылай отырып жүру. Қайталап жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру. Ырғақты жаттығу. Нұсқау – музыка үнімен ырғақты қимылдар орындау, музыка ырғағына сәйкес қозғалысты бастау және аяқтау. Негізгі қимылдарды орындау. Құм салынған қапшық лақтыру Оң және сол қолмен (алға-артқа иықты белсенді қозғалта отырып) алысқа лақтыру. Балаларға заттарды алысқа лақтырғанда жарақаттанып қалмау үшін сақтық шараларын ескертеді. Лақтыру техникасына назар аударылады – қолды айналдыра отырып алдымен төмен, содан кейін толық жазылғанға дейін артқа,

	жасайды, тіктөртбұрыштың бұрыштары бар, ал сопақшада бұрыш жоқ. Топтық жұмыс. Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады,сол жиынтықтан бейнелер құрастыру. Ойын: «Неге ұқсайды?» Шарты: Суреттерді салыстыру арқылы олардың ұқсастығы қандай және қалай ерекшеленетінін айтып беру. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ұқсастығын және айырмашылығын ата. Балалар тапсырманы орындайды, ұқсастығы мен айырмашылығын атайды. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. 2-тапсырма. Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя. Педагог кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендіруді ұсынады. Балалардың әрқайсысы белгілі бір пішінді, дөңгелек немесе сопақша кілемшені таңдайды, содан кейін төмендегі суреттерден (үшбұрыш, шаршы және шеңбер, тіктөртбұрыш) таңдалған «кілемшеге» өрнектер салып, оны безендіреді. Сергіту сәті. «Геометриялық би» әртүрлі геометриялық фигураларды ата, содан кейін балалардан әр фигураға ұқсайтын қимылдарды		бір-бірінен алшақ және өткір жиектері бар, сол үшінде мұзда тайғанамайды. Сондай-ақ, бұғы қар астындағы қорегін күрек сияқты тұяқтармен қазып жейді. Бұл жануарларды ерекше белгісі не? (Мүйіз). Үлкен, әдемі, тармақталған.Бұғының мүйіздері жыл сайын қыста немесе көктемде түсіп, қайта өсіп шығады. Бұғылар топпен,табынымен жүреді.Олардың ішіндегі ең күшті және ең мықты бұғы басқарады. Теңіз мысығы (тюлень) –мойны қысқа, ұршық тәрізді денесі бар. Терісі қысқа қалың түбітті және бірен-саран ұзын қылшығы болады. Терісі өте бағалы.Оның аяқтары ескек сияқты. Суда жақсы жүзе алады, сүңгиді. Мұздың үстінде оларға қозғалу өте қиын, сондықтан теңіз мысықтарын ақ аюлар ұстап алып, жеп қояды.Немен қоректенеді? Ал теңіз мысықтары балықпен қоректенеді. Теңіз мысықтарының баласы туған кезде аппақ,сүйкімді болады. Ата-аналары жан-жағынан қорғайды. Пингвин — суық жақта мекен ететін ұшпайтын өте баяу қимылдайтын құс, бірақ олар керемет жүзіп, сүңгі алады.Олар топтасып жүреді. Олардың қанаттары су астында есу үшін қажет. Пингвиндер су астында 20 минутқа дейін жүзе алады. Пингвиндер ұя жасамайды, ана пингвин жалғыз жұмыртқ табады, ал әке пингвин оны өз жылы	екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді. Жүруде тепе-теңдікті сақтайды, әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді, белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді.Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазір текшелерге соғып кетпей, оларды айналып жүреміз». Шеңбер бойымен жүру және жүгіру. Жүргізу мен жүгіртуді кезегімен алмастырып отыру. Негізгі қимылдарды орындау. Шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сүйреу; онымен ойыншықты таси отырып, екі қолмен. Шананың артынан жүріп, оны алға қарай итеру. Бір-бірін сүйреу. (екі бала бір бала отырған шананы сүйрейді). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам» балалар өз шаналарын айналып келеді, кім жылдам. «Үштікпен шаналар жарысы» – біреуі сүйрейді, екіншісі отырады, үшіншісі артынан итереді. Қорытынды кезең (Рефлексия). Педагог	иықты алға-артқа белсенді қимылдата отырып сермеу. «Тұзақ» қимыл ойыны. Балалар екі шеңбер құрады. Ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып бір бағытқа қозғалады, ал сыртқы шеңбер қарсы бағытқа айналады. Педагог белгі бергенде екі шеңбер тоқтайды. Ішкі шеңбердегілер қолдарын көтеріп қоршау жасайды. Қалған балалар жүгіріп келіп қақпа астынан өтіп шеңбер ішіне кіреді де, қайта шығады. Педагог белгі бергенде, ішкі шеңбердегі ойыншылар қолдарын дереу төмен түсіреді. Шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түскен болып саналады. Олар іштегі шеңберге қосылып қол ұстасады. Ойын әрі қарай жалғасады. «Балапандар» қимыл ойыны Балалар бір-бірінің артына тізбекке тұрып, бір-бірінің иығына қолдарын қояды да, жүргізушінің соңынан ереді. «Қара құс» деп белгі берілгенде ойын жүргізуші балапандарын өздеріне шүйліккен құстан қорғауға тырысады. Балалар тізбекпен жүргізушінің артынан бағытты өзгерте отырып түрлі бағытта қозғалады. Қорытынды бөлім. «Өзін бағалау маршы» Балалар залмен барынша нық қадам аттап жүреді. Педагог: «Мен аяқ астындағы жерді сезіп тұрмын. Ол тығыз, қатты. Мен нық сеніммен

	қолданып билеуін сұрайды. Мысалы, шаршы үшін шаршыға ұқсайтын қозғалыстарды, ал үшбұрыш үшін үшбұрышқа ұқсайтын қозғалыстарды таңдап қолдануға болады. «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны. Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді «мәшинемін» деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады. Қорытынды. Ойын «Домалайды, домаламайды». Ойын ережелерін түсіндіреді: егер аталған зат домаласа, шапалақта, егер домаламаса, аяқпен топылдат. Педагог заттарды атайды: қарбыз, қияр, кітап, дөңгелек, қарындаш, сәбіз, жапырақ, апельсин, үй, доп. Педагог балалардан өз әрекеттерін түсіндіруді сұрайды. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** балалардың денсаулығын сақтау және		мамығымен жылытып балапанын басып шығарады. Пингвиндер ешқашан өз балапанын шатастырмайды, тіпті басқа жүздеген балапандар арасынан дауыс арқылы таниды . Сергіту сәті: «Пингвин» Солтүстіктегі пингвин, Мұз үстінде келеді. Балапанын ол іздеп, Мойнын оңға бұрды, Мойнын солғабұрды. Ешбір жерден таба алмады. Мұздықтан өтемін деп Оң аяқпен секірді, Сол аяқпен секірді, Балапанын тауып алып Қуанғанынан билей берді. Топтарға бөлу. 1 топ: Дидактикалық ойын «Пазл» (топпен ойын) Шарты: екі топ өздеріне берілген солтүстік жануарлары жайлы мазмұнды суретті құрастырады және сурет желісі бойынша түсіндіреді. **Құрастыру** 2 топ: Сөздік дидактикалық ойын «Төртіншісі артық» Шарты: әр қатардан артық жануарды табу, неге артық екендігін түсіндіру. Өз қалаулары бойынша жабайы аңдарды мүсіндеу.**Мүсіндеу** 3 топ: «Қызғаншақ қонжықтар» үлестірмелі суреттің бетіне оң жақта отырған бала оң жақтағы, ал сол жақта отырған бала сол жақтағы қонжықтың суретін қағаз бетіне салады.**Сурет салу** 4 топ: «Қысқы орман» сюжетті сурет. Шарты: қоңыр түсті қағаздан	қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Қандай ойындардың қатты ұнағаны туралы айтып беруді ұсынады.	жүремін». Балаларға әр қадам аттаған сайын демді сыртқа шығарып: «Хо-хохо!» деп айтқызады –10–15 секунд. Содан кейін балалар өздерін алақанмен кеудеден ұрып: «Мен-мен-мен», деп тыныс алады.

	қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; Дене тәрбиесі ға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Жұбыңды тап!» ойыны Балалар музыка үнімен «шашыраңқы» қозғалыс түрлерін орындайды – (аяқтың ұшымен жүру, кең адымдап жүру, аяқ ұшымен жүгіру, қарғу), музыка аяқталған соң өз жұптарын тез табуы тиіс. Жұптасып тізбекке тұру. Тізбекпен жұптасып жүру және жүгіру – басқа балалармен бірдей аттау. Жұппен орындалатын ЖДЖ Негізгі қимылды орындау. Оң және сол қолмен алысқа доп лақтыру Балаларға алысқа доп лақтырғанда жарақат алып қалмау үшін сақ болуды ескертеді. Денені дұрыс ұстауға көңіл бөлінеді: үш саусақ доптың артында, бас бармақ пен кішкене бөбек жанында болады. Лақтыру техникасына назар аударылады: қолды айналдыра отырып алдымен төмен, содан кейін толық жазылғанға дейін артқа сермеу. Тереңдікке секіру – биіктігі 30 см орындықтан секіру. Нұсқау – демді іште ұстамастан жеңіл секіру; қос аяқтап бар екпінмен қарғу, жерге екі аяқтың ұшымен түсу. Жерге түскенде, қажет жағдайда алға бір қадам		ағашты қиып алып,орналастыру. Ақ қағазды ұсақтап жыртып қар жасап,ағаштың бетіне жапсыру.**Жапсыру** Қорытындылау. Балалар бүгін не жайлы әңгімелестік? Балалар, Умка сендерге өзі туралы мультфильмді жіберіпті, түстен кейін, бос уақытта көретін боламыз. Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміздің алған әсерлеріңді мына қар ұлпасымен және сүңгімен көрсетейік. Егер жақсы әсер алсандар, бәрі түсінікті болса қар ұлпасын көрсетіндер. Егер кей нәрселерді түсінбедік, тағы қайталау керек десеңдер, онда сүңгіні таңдаймыз. Балалар, сендерге рахмет!		

	аттап барып тепе-теңдік сақтау. Қимылды орайластыра орындауға көңіл бөлінеді – аяқты жаза отырып қолды төмен түсіру, содан кейін алға созу. Балаларға тегіс емес жерге, биік немесе қисаңдап тұрған заттардың үстінен секірген қауіпті екенін ескертеді. «Теңіз толқиды» қимыл ойыны Қатысушылар арасынан ойын бастаушы таңдап алынады. Қалғандары бір-бірінен бір қадам қашықтықта дөңгелене тұрады және әрқайсысы өз орнында шеңбер сызады. Бастаушы «теңіз толқиды» деп айтып ойыншыларды айнала «жылан» жүріспен жүреді де, балалар оның артынан бір-бірінен ұстап біртіндеп тізбек құра ереді. Бастаушы «теңіз тынышталды» деген кезде, балалар қолдарын жіберіп, өз орындарына қайта жүгіреді. Шеңберсіз қалған бала бастаушы болады. Қорытынды бөлім. Неге тегіс емес жерге секіруге болмайтынын айта аласыңдар ма? Жұппен жаттығу кезінде үйлесімдік, өзара байланыс неге маңызды? Топқа оралу.				
2-ші таңғы ас	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау**	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылау**	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау**	**№ 26** **Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ**	**№ 27** **Көшені бақылау** **Міндеті:** Қалада көшенің көп

	Міндеті: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Жолды тазарту. **Міндеті:** Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	**Міндеті:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек:** Ойын орындарын қардан тазарту. **Міндеті:** Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**	Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) **Мақал-мәтелдер** Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Коммуникативтік дағды** **Қар тазалайтын машинаны бақылау** **Міндеті:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Таяқпен сыпыру» (қалмақ ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін) Топтағы жолдастарының жетістіктерімен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге	екенін, олардың атауы әр түрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу (дүкен, дәріхана, почта, кітап баспасы және т.б.). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет.Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын:** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Алаңдағы құралдарды қардан тазарту(сырғанайтын жер,ойын алаңы т.б.). **Міндеті:** Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан

				тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Тәрбиешіге көмектесу. Міндеті: Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Теңдік және теңсіздік»** **Міндеті:** Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриалық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту Шарты: балаларға екі қатардағы теңдік, теңсіздік белгілету. **Математика негіздері**	**Ойын: «Сәйкес дорбаны тап»** **Шарты:** Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	**Жеке қауіпсіздік** **«ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР»** **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:** балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Қонаққа барамыз»** **Мақсаты:** Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Жұмбақ Бұл не қылған көк үй,	**«Танып ал да, атын ата»** **Шарты:** Ортаға әртүрлі суреттерді тастау. Әр бала өзінің таңдаған суретін алып, оның түр - түсі, пішіні жайлы әңгіме айтып береді. **Коммуникативтік дағды**

			құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру. ▪ Балаларға қауіпті орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау. Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. Қаңырап қалған ғимараттар: Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. Септиктер: Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. Құрылыс алаңдары: Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар: Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі	Айналасы терезе ойып алған. Аяғында етігі резеңке Ал өзі бензинге тойып алған. (Автобус) - Біз жаяу жүргіншіден жолаушыларға айналамыз. Біз автобусты қай жерде күтуіміз керек? (аялдамада) Ал міне, автобус та келді. Орындықты автобус қылып қояды. Зуылдаймыз, зулаймыз Алыс-алыс жерлерге Бақытты біз достармыз Сапар шеккен елдерге. Біз көлікте келе жатқандықтан, қоғамдық көлік ережелері туралы әңгіме етеміз: А) Көлікке кірген кезде бос орынға ұмытылмай, алдымен жан-жағына байыппен қарап ал, өйткені сенің қатарыңда адам немесе балалы ана тұруы мүмкін. Ә) Көлікте орын таңдап, бейбастық көрсетпе, кез келген бос орынға отыруың керек. Б) Көлік қозғалысы кезінде есігін қолмен итеруге болмайды; есікті жүргізушінің өзі ашқанға дейін күтіп тұру керек. В) Көлік жүріп келе жатқанда, жүргізушіні алаңдатуға болмайды. Г) Терезеден сыртқа асылуға тыйым салынады, бұл – өте қауіпті. Ғ) Көлікте қатты сөйлеуге болмайды, басқа жүргіншілерге кедергі	

			қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.	жасайсың. Сұрақ – жауап ойыны: Не? Қайда? Қашан? Қорытындылау. Бүгінгі ұіә-імізде жолда жүру ережелерін, жаяу жүргіншілерге арналған белгілердің таңбаларын, аялдама таңбалардың белгісін есімізге түсірдік . Жарайсыңдар балалар!	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйретуді жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Өз өмірінің қауіпсіздігін түсінуді және сақтауды, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуді және ажыратуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур** Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды үйретуді жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 12**	**№ 17**	**№ 19**	**№ 26**	**№ 27**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Апта дәйек сөзі:** «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» балалармен бірге қайталау. **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Логикалық есептер** **Міндеті:** танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты,ұйымдастырылған іс- әрекетіне қызығушылықты дамыту 1. 10балапан болды. 3 балапан қашып кетті. Неше балапа нқалды? 2. Асадта 7 теңге, Жомартта 3 теңге. Барлығы қанша? 3. Мединада 5 кәмпит, ал Аққүмісте 1 кәмпит кем. Аққүмісте неше кәмпит? 4. Пакетте 5 алмұрт бар, ал	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	**«Солтүстіктің жабайы аңдары» мультфильмді тамашалау** **Міндеті:** Жабайы аңдардың мекендеу орны, табиғи-климаттық аймақтары туралы түсініктерін кеңейту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	**«Бұл қандай ертегі?»** **Міндеті:** Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету.Ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа баулу. Шарты: Қиылған ертегілердің суретін құрастырып қандай ертегі шыққанын атау,ертегіні айтып беру. **Коммуникативтік дағды, шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы**

	сөмкеде 3 алмұрт артық. Сөмкеде нешеу? 5. Аулада 5 мысық жүр.. Оның біреуі қара, қалғаны сұры. Сұры мысық қанша? 6. 7 мысық болды. 2 мысық кетті, ал 3 мысық келді. Неше мысық болды? 7. Аулада 7 мысық пен 3 күшік бар. Қайсысы көп және қаншаға көп? **Танымдық және зияткерлік дағдылары**				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үйде баламен бірге ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Балалардың өздіктерінен киіне алу дағдыларын қалыптастыру үшін үйде де өздері киінулері туралы ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде балалармен бірге спорттық ойындар ойнатуға ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Жасампаздық пен жаңашылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Еңбек түбі зейнет»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.02 - 27.02.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Балалық шақ»** Сазгер-күйші: Жанеділов Шакет «Менің Қазақстаным» Гимн орындау. Шығармашылық дағды **Бір тұтас тәрбие**	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды қарсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Балалық шақ»** Сазгер-күйші: Жанеділов Шакет **Бір тұтас тәрбие**	**Күй күмбірі: «Балалық шақ»** Сазгер-күйші: Жанеділов Шакет **Бір тұтас тәрбие** Әсем әуенмен қарсы алу. **Шығармашылық дағды, ұлттық құндылық**	**Күй күмбірі: «Балалық шақ»** Сазгер-күйші: Жанеділов Шакет **Бір тұтас тәрбие** «Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды қарсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Шығармашылық дағды**	**Күй күмбірі: «Балалық шақ»** Сазгер-күйші: Жанеділов Шакет **Бір тұтас тәрбие** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» **Бір тұтас тәрбие**	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және

	Өнегелі 15 минут әңгімелесу			туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	балалармен спорттық ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Түрлі-түсті асықтар» Шарты: Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады. **Ұлттық құндылық**	«Өсімдіктер әлемі» Міндеті: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	«Қай топ шапшаң?» Шарты: балаларды төрт топқа бөлу арқылы қандай суретті құрастырғандары туралы әңгімеге тарту. **Физикалық қасиеттерді дамыту, құрастыру**	**«Дауысты және дауыссыз дыбыстар»** Шарты: суреттерге қарап,қандай дыбыстан басталатынын тауып,қыстырғыштың көмегімен орнын табу. **Коммуникативтік дағды**	«Көшедегі жағдаяттар» ойыны. Шарты: 3 – 4 баланы ортаға шақырады, өзі «Бөтен адам» болып келеді. (Киімі қалпақ, көзілдірік) Балаларға жақын келіп, оларды мақтап, телефон, кәмпит, ойыншық көрсетіп, басқа жаққа алып кететін сынай танытады. Дұрыс және қате іс-әрекеттер қорытындыланады. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі** **Адал Азамат**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №12				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Бір тұтас тәрбие** «Көңіл-күй» Міндеті: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Музыка**	**Ұлттық ойын: «Домино»** **Міндеті:** Балаларға ою өрнектерді сәйкестендіру арқылы эстетикалық талғам мен өнерге деген шеберлік қабілетін дамыту. **Біртұтас тәрбие** **Ұлттық құндылық**	«Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан, жұдырық түю арқылы жүргізу. **Бір тұтас тәрбие**	**«Қарама-қарсы сөзді тап»** **Мақсаты:** балалардың ой-өрісін дамыту. **Тіл дамыту**	**Бір тұтас тәрбие** Тіл ұстару жаттығулары. Міндеті: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Қазақ тілі**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Математика негіздері** **Міндеті:** апта күндерін ретретімен атауға үйрету, сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Өзінің тәжірибесіне сүйеніп,	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізуді, ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізуді жетілдіру.

	Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрады. Педагог «Бақытты бала» деп жазылған бойтұмарды қасындағы баланың мойнына тағып: «Сен бақытты баласың, өйткені сенің достарың көп», – дейді. Педагог балаларға М.Хакімжановаңың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды. Емші болатын бала, Сыналпен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды. Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады. Сөздік жұмыс: Қынап – қылыш, пышақ салатын қорап. Жарықты жағатын бала – электрик. – Балалар, неше мамандық иелерін санап үлгердіңдер? Балалармен бірге өлең мазмұнын талқылайды. Педагог екі тілде аударманы орындайды. **Сергіту сәті: Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»** Педагогбалалардан «Кім болам?» деген тақырыпта шағын әңгіме құрауларын сұрайды	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Әрекетті – айтпаймыз, түрлі қимыл жасаймыз» деген ойын ойнауға ұсынады. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Балалар санамақтың көмегімен екі топқа бөлінеді, бір топ жасырын әрекет көрсетеді, ал екінші топ оны шешеді. Педагог «Апта күндері» туралы жұмбақ жасырады. Жеті бауыр туыспыз Атымыз өзге демесең, Жұмған жұдырық уыспыз. (апта күндері). Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балалардан іс-әрекетіне өз бағаларын беруді сұрайды, бағдаршамды боятады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** еске түсіру. Бүгін бізге Қуаныш пен Айсұлу сиқырлы сандық алып келді. Сандықтың ішінде түрлі әуендер бар екен. Олар: көңілді, қуанышты, баяу, көңілсіз әуендер. Қане, тыңдап көрейік. Әуен ырғағына қарай өздерінің көңіл күйлерін ым-	Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Қандай түспен белгіленеді? 3) Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? 4) Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз? 6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды? Тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен. Артикуляциялық жаттығу жасау. (айнаға қарап отырып жасайды) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Педагог дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада шақырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-бұрыстығын тақтамен тексереді. – Суреттерде не бейнеленген? – Лақ,нан,піл. Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді. «Лақ» сөзіне дыбыстық талдау. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.	суреттер бойынша әңгіме құрастыруды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Бұл қандай жабайы жануар?» берілген суреттерден білетін жабайы жануарларды сипаттап табу. - Мынау қандай жабайы жануар? -Мынау — қоян. Бұл қоянның құлағы. -Мынау - қасқыр. Бұл қасқырдың аяғы. -Мынау - аю. Аюға бал ұнайды. -Мынау - түлкі. Бұл - түлкінің құйрығы. Кима материалдармен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. -Мынау не? -Арыстан қандай? -Мынау не? -Жолбарыс қандай? -Мынау не? -Піл қандай жануар? -Мынау не? -Керіктің мойны қандай?. -Мынау не? -Мынау- маймыл. Балалар жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). І-і-і-і- піл-піл- піл. І-і-і-і - керік - керік - керік. Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: педагог орыс тілінде жануарларды атайды, балалар қазақ тіліне аударады: лев, тигр, обезьяна, слон, жираф, медведь, дикие животные. Сергіту сәті	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, мен сендерге «Қазақстан барысы» ертегісін айтып берейін. Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді. Ертегі ұнады ма? - Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр). -Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой). Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады. -Мынау - барыс. Мынау не? -Мынау - барыс. -Барыс жаттығулар жасады. — Барыс не істейді? -Барыс жаттығулар жасады. -Мынау - борсық. Мынау не? -Мынау - борсық. -Борсық жаттығулар жасады. -Борсық не істеді? -Борсық жаттығулар жасады. -Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты. Балалар жаңа сөздерді қайталайды. Сергіту сәті: «Тұлпарым» (музыка әуенімен орындалады) Суретпен жұмыс. 1.Ертегі кейіпкерлерін тап. Ата. Белгіле. 2.Мақалды жатта. Күш білекте емес — жүректе.

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру, сөздік қорын, тілін дамыту. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, барлықтарыңның аттарың, яғни есімдерің бар. Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер дайынсыңдар ма? Есімдеріңді өлшеңдер. Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады. – Жарайсыңдар! Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер. Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу» Ойын шарты: тақтаға шырша, сыйлық, ұлудың суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі. 1-тапсырма: Сөздерді буынға бөліп айт 2-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл 3-тапсырма: Штрихта 4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. **Сергіту сәті:** Рефлексия. Тапсырмаларды орындау барысында	ишара арқылы көрсетеді. Бүгін бізді Қуаныш пен Айсұлу театр көрмесіне шақырды. Көрмеге саяхат жасап қайтайық. Сандық, үнтаспа, вальс, полька, марш. Алдын ала дайындалған көрмеге барады. Көрмеде бірнеше театр түрлерін көрсетеді, олармен таныстырады. Өздері білетін ертегі кейіпкерлері туралы әңгімелеседі. Суретте қандай театр түрі бейнеленген? Бұл театрдың ерекшелігі неде? Суреттегі қуыршақтар қалай өнер көрсетеді деп ойлайсың? Жаттығу-ойын: «Менің көңіл күйім». Таңданады (қолын екі жаққа жаяды). Ренжиді (қолдарын кеудесіне айқастыра қойып, ау- зын бұртитады). Қорқады (көздерін бақырайтады). Қуанады (алақайлап қолдарын жоғары көтереді). Күтпеген жерден алыстан, Досым келді сағынған (қуанады). Ол маған абданды алып келді (таңданады). Арыстанның баласы – абдан Інімнің бармағын тістеді (жылау). Енді қайда қоямыз Арыстанның баласын? (Қорқу). Досым інімді жұбатты: «Жылағаның ұятты. Кәне, босқа жыламай, Көңілденші, балақай!» (Қуану). Қараңдаршы, сандықтың	А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. Лақ сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. «Піл» сөзінің дыбыстық талдауы. П – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. І– жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «Піл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс «Нан» сөзінің дыбыстық талдауы «Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «А»- жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. «Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз. «Нан» сөзінде 1 буын,3 дыбыс Сергіту сәті: «Ойыншықтар» (музыка қимылымен орындалады) Суретпен жұмыс. 1.Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос 2. суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Сөзде неше буыннан туратынын айт. Саусақ жаттығуы: «Тында, орында» Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. 3. Штрихта 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Дидактикалық ойын: «Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың	Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Суретпен жұмыс. 1 .Суреттерге қара. Жабайы жануарларды ата. Не артық? Қорша. 2.Не көріп тұрсың? Ата. Арыстанды боя. 3.Жаңылтпаш жаттау. Арыстан Арысқа Барса да, Арыстан ары Алысқа бара алмайды. Рефлексия. Ойын: «Дауысынан таны»: үнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдан, ажырату. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Қай ертегі кейіпкері әрқашанда көңілді болып жүреді? Суреттен Алдаркөсені көрсет. Ол неге Алдаркөсе аталды деп ойлайсың? Алдаркөсе қандай кейіпкер?	Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: педагог сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақ тіліне аударады: сказка, барс, барсук, соревнование. Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. - Ертегі ұнады ма? **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Адамдардың айтатын сөздері әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Айнаны алып қараңдаршы, дыбысты айтуға не көмектеседі? – Әрине, ауыз. Қараңдаршы, ауыз қуысында нелер бар? – Тіл, тіс, ерін. – Бұлар дыбысты айтуға көмектеседі. – Мен сендерге дыбыс айтамын, ал сендер дыбысты айнаға қарап қайталайсыңдар. Педагог "е" дыбысын айтады. – "Е" дыбысы ауыз қуысында кедергіге ұшырады ма? – "Е" дыбысын әндетіп айтсақ болады. – Е-е-е. Өйткені "е"

	қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Математика негіздері** **Міндеті:** апта күндерін ретретімен атауға үйрету. Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог өлеңді тыңдауды ұсынады. Апта күндері *Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда,* *Сейсенбіде серуен құрдық далада,* *Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп,* *Бейсенбіде би биледік әндетіп,* *Жұма күні жидек тердік ағаштан,* *Сенбі күні кино көрдік театрдан,* *Жексенбіде үйде болдық демалдық.* *Осылайша өте шықты бір апта.* – Өлең не туралы? Педагог балаларды үйшіктерде тұратын ағайынды гномдармен	ішінде тағы бір сыйлық бар екен. Педагог сандықтың ішінен қуыршақ театрын алып көрсетеді. Қуыршақ театрымен таныстырады. Бұл – қуыршақтарды жандандыру арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақтарға актердің қолында жан бітіп, сөйлейді. Қуыршақты сөйлетумен қойылымның мазмұны ашыла қоймайды. Көрерменге ұғынықты, әсерлі болу үшін әуен мен ырғақтың да үйлесімді болуы шарт. Педагог «Кішкентай маса» ертегісімен таныстырады. Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? Кішкентай маса қалай мақтанды? Маса тышқанды не үшін тістеп алды? Тышқан нелерге жолықты? Арыстанды кім қорқытты? Ең батыр кім болып шықты? Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген? Кейіпкер не айтты? Топқа бөлу, тапсырма беру. 1-тапсырма. Педагог ертегі кейіпкерін атайды, тәрбиеленушілер оның жүріс-тұрысын, қимылын, дауысын салады. Топта талқылайды. 2-тапсырма. «Таныс ертегілер» дидактикалық ойындар Педагог ертегінің кез келген жерінен үзінді айтады, топтан бір бала шығып жалғастырады. Қорытынды. Ертегінің соңын	денсаулыққа, дене сымбатына зиян екенін айтып өтеді.Қаламсапты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. Рефлексия. Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Ойыншықтарды сипаттауда ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауын пысықтау. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру,бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Балалар, көңіл-күйлерің қандай? Балалар, біз, Ойыншықтар әлеміне, саяхатқа келдік! Қандай әдемі! Ой, балалар, қараңдар, ойыншықтар арасында біреу ұйықтап қалған ба? Осы кезде сиқыршы оянып кетеді де, көзін ашып, орнынан тұрады. Балалар онымен сәлемдеседі. Сиқыршы: Сәлеметсіздер ме, балақандар! Менің әр түрлі заттардан сиқырлап жасаған әдемі ойыншықтарыма қонаққа келдіңдер ме? Бұлар да іштері пысып ұйықтап қалыпты, қазір бәрін сиқырлы таяғымен оятайын. Келгендерің өте жақсы болды. Жайғасып отыра қойыңдар – дейді	Алдаркөсенің жақсы көретін әнін бірге айтуды ұсынады. Алдаркөсенің әнін қатты, ақырын дауыспен айту. Мен Алдармын, Алдармын, Сақалымды талдармын. Сақал түгіл мұрт та жоқ, Шайтанды да алдадым. Сусыз жерде өсемін, Сондықтан да көсемін. Алдаркөсе туралы тағы қандай ертегіні білесің? «Алдаркөсе мен бай» ертегісін тамашалау. Алдаркөсе қандай адам?(Көңілді.) Бай қандай? (Ақшақұмар,сараң.) Алдаркөсе мен байға мінездеме бер. Ертегінің түрлерін ата? Қандай қиял-ғажайып ертегісін білесіңдер? Қандай хайуанаттар туралы ертегі білесіңдер? Көрініс: «Алдаркөсе мен бай» ертегісі. Алдаркөсе қандай кейіпкер? Сипаттама бер. Қорытынды. Балалар өз жұмысына көңілі толса, көңілді бетперденің суретін бояйды. Өз жұмысына көңілі толмаса, көңілсіз бетперденің суретін бояйды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды	дыбысы дауысты, оны қызыл текшемен белгілейміз. "Е" дыбысы ешкі, елік, ерін, етік, есек, ел сөздерінің басында кездеседі. Кесе, күрек, бел сөздерінің қай жерінде кездеседі? Бие, шие, түйе сөздерінің қай жерінде кездеседі? Осы сөздерден сөйлем құрастырайықшы? Сергіту сәті: Мен өркешті түйемін, Басымды жерге иемін. Маң-маң басып далада Жантақ жеуді сүйемін. Дидактикалық ойын: Бастаушы допты бір балаға лақтырып, бір жануардың атын айтады, бала допты кері лақтырып, оның төлін айтады. Мысалы: сиыр – бұзау, бие – құлын, түйе – бота, есек – қодық, мысық – марғау. Педагог артынан қайталайды: Е-е-е – ат үсінде ер, Ең-ең-ең – ең үлкені мен, Ең-ең-ең – екі жағы тең. – Балалар, енді біз "тең" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. – Бірінші дыбысты қаттырақ оқимын, т-т-тең. – Сөздегі бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Дауыссыз дыбысты қандай түсті текшемен белгілейміз? Бәріміз көк текшені қоямыз. Педагог екінші дыбысты қаттырақ созып айтып, екпін қандай дыбысқа түсіп тұрғанын

	ойнауға шақырады. Олардың есімдері: *Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі*. Оларды санауды ұсынады. Гномдарды санайды (7). Олардың есімдерін хормен қайталаңдар. Педагог ағайындылар-аптаның күндері әрдайым реттік тәртіппен жүретінін айтады: бірінші күн – Дүйсенбі, екінші – Сейсенбі және т.б. Содан кейін педагог оларға реттік нөмірлер беруді сұрайды, олардың астына 1-7 цифрлары бар карточкаларды қояды. Балалар аптаның күндерін қайталап айтады. «Дұрыс атаймыз» ойын жаттығуы. Педагог 1-ден 7-ге дейінгі цифрларды көрсетеді. Балалар апта күндерін айтады. Кеше, бүгін, ертең ұғымдарымен танысу. Педагог: – Біз аптаның күндерін атауды үйрендік, аптаның күндері ретімен жүреді. Аптаның күндерін басқаша атауға болады: кеше өтіп кеткен күн, бүгін болып жатқан күн, ертең келе жатқан күн. Мысалы, бүгін аптаның сәрсенбі күні, кеше сейсенбі болды, ертең бейсенбі болады. 1-тапсырма. Суреттерге қара. Аптаның әр күні қыздың немен айналысқанын айтып бер. Балалар аптаның әр күні бойынша қыздың әрекеттері	өзің құрастырып әңгімеле. **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Сахналау. Қуаныш пен Айсұлу тәрбиеленушілерге өздерінің жұмыстарын бағалауды ұсынады. Өз жұмысына көңілі толса, көңілді бетперденің суретін бояйды. Өз жұмысына көңілі толмаса, көңілсіз бетперденің суретін бояйды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** «Автобус аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Миға шабуыл. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінің неше айы бар? Қазір қыс мезгілінің қай айы? Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? Ал бүгін біздің ұйымастырылған іс-әрекетіміз «Жол тәртібін білейік» деп аталады. -Балалар сендер көлік дегеннің не екенін білесіңдер ма? Қандай көлік түрлерін білесіңдер? Көліктер біздің өмірімізді жеңілдетеді, уақытымызды үнемдеуге көмектеседі. Сендерді әкелерің, ағаларың балабақшаға көлікпен әкеледі ғой, егер де көлік болмаса жаяу жүрер едіңдер.	сиқыршы. Тәрбиеші: Шынында да, балалар қараңдаршы, ойыншықтардың бәрі қуанып отыр. Ал, балалар, кімге қандай ойыншық ұнайды? Ойыншықтардың ерекшелігін атауға кіріседі. Балалар, қоянның құлағы бар. Ол қандай? Құлыншақтың құйрығы қандай? Түлкінің түсі қандай? Балапанның жүні қандай? Мысықтың жүні қандай? Қалай дыбыстайды? Балалар, ойынщықтар әлемінде ойыншықтардан бөлек аю отыр. Ол көңілсіз. Балалар аюдың көңілін көтеру үшін бір ойын ойнап сергіп жіберейік. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен, Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. Сиқыршы: Балалар, қазір мен сендерге бір ғажайып нәрсе көрсеткім келіп тұр. Қане мұқият қарап отырыңдар. Оу, ғажайып қабым менің, мұнда келе қойшы. (қап келеді) Балалар, бұл жәй қап емес, сиқырлы қап. Қазір мен мұнда мына ойыншық түлкіні саламын. Сиқыршы қапқа ойыншық түлкіні салады, одан «тірі түлкі» шығады. Түлкі: Ой, мен қояндар ма десем, бұлар балалар ғой. Сиқыршы: Мұнайма мен қазір балаларды сиқырлы таяғыммен балаларды қоянға айналдырамын. Сиқырлы менің таяғым Бар күшіңді сала ғой Мына тұрған балаларды	өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог жұмбақтарды оқиды, ал балалар фигуралары бар карточкаларды тауып, көрсетеді. Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам, Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.) Балалар ойын жағдаятына қатысады. Жиынтықтан пішіндерді іздеп, оларды көрсетеді. Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін, Тікбұрышқа аға болам, Шаршы деген мен болам. (Шаршы.) Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің ... (Дөңгелек.) Менен де бұрыштар таппайсың, Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап, Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.) Мына шелекке қара – Қақпағы мен түбі бар, Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.)	сұрайды. Те-е-ең. "Е" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? – Енді тағы бір дыбыс қалды, тең-ң-ң."Ң" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Оны қандай белгімен белгілейміз? – "Тең" сөзінде барлығы қанша дыбыс бар? – Нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз? "Ер" сөзіне өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Көмек керек балаларға педагог көмектесіп, қатесін түзейді, үйретеді. Рефлексия. **Музыка** Сазсырнай және сыбызғы аспаптарының ойналу, жасалу ерекшеліктерімен танысу.Үрмелі аспаптарда үйрену тәсілдерін үйрену. Ән тыңдау: «Көмекші боламыз» Н. М.Оразбаева Ән айту:«Мерекесі анамыздың» Аспапта ойнау: «Қасықтар мен сылдырмақтар» Қимылды ойын: «БИМ-БАМ-БОМ» Н.М.Оразбаева Ойын: «Аспаптарды ажырат» Шарты: Музыка жетекшісі үнтаспа арқылы әртүрлі әуендерден үзінді ойнатады. Балалар, сол әуендердің қандай ән екенін естеріне түсіріп, әннің атын атайды.

	туралы айтады. 2-тапсырма. Апта күндерін ата. Оларды үйлерге орналастыр. Үйлердің нөмірін бастырып сыз. Педагог апта күндерін айтып, оларды үйлерге орналастыруды сұрайды. Үй нөмірлерін бастырып сызады. «Аптаның келесі күнін ата» дидактикалық ойыны (доппен ойналады). Балалар шеңберге тұрады. Бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап, аптаның келесі күнін атауы қажет. Педагог жұмбақ жасырады. *Ғажап көпір аспалы* *Жаңбырдан соң тасталды.* *Түрлі-түсті бояумен,* *Айшықтап тұр аспанды.* *Бұл не, мұнда жауап қарапайым.* (Кемпірқосақ) Кемпірқосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар. 3-тапсырма. Аптаның әр күнін кемпірқосақтың түсімен боя. Кемпірқосақта неше түс бар? Кемпірқосақта аптаның күндері сияқты жеті түс бар. Балалар аптаның күндерін кемпірқосақ түстерімен бояйды. 4-тапсырма. Бастырып сыз. Педагог қорытынды жасайды, балаларды	Балалар көліктердің сонымен қатар зияны да бар екен.Олар ауаны ластайды, сақтанбасан өміріне қауіп төндіреді. Ал, қазір мен сендерге жұмбақ жасырайын, сендер сол жұмбақты шешіп көріндер. Үш көзі бар қаз-қатар, Кезек-кезек ашады. Үшеуінен байқасам, Үш түсті нұр шашады. Балалар ,бәріміз тақтаға қарайықшы, сендер тақтадан не көріп тұрсындар? Олай болса осы дөңгелектерден бағдаршам құрастырайық. Балалар қараңдаршы бұл бағдаршам деп аталады. Оның өздерін айтқандай үш көзі болады. Қазір мен сендерге бағдаршамның не үшін қажет екенін айтып беремін. Сендер мұқият тыңдап алындар. -Балалар бағдаршам бізді көлік жүретін жолдан аман – есен өту үшін, және көліктердің жолда бір-бірімен соқтығыспай жүруі үшін жол қиылысында орналастырылған. Егер бағдаршамның қызыл түсі жанатын болса « Абай бол, тоқта!» дегені, ол кезде жол жиегінде тұру керек. Ал, сары түсі жанған кезде «Қамдана бер, асықпа!» дегені. Жасыл түсі жанғанда, «Өте бер, саспа!» дегені. Ол кезде машиналар саған жол береді, жолдан өте беруіне болады деген сөз. Балалар бағдаршамға байланысты жаттап келген өлең жолдарын айтады. Қимыл-қозғалыс ойыны.	Ақ қоянға айналдыр. Ойын «Түлкі мен қояндар» Сиқыршы ойыннан кейін қайтадан балаларға айналдырады. Сиқыршы: Балалар, сендер сондай епті жылдам, шапшаң екенсіндер. Түлкі біреуіңді де ұстай алмады. Тәрбиеші: Ой, балалар, сендердің дауыстарыңды естіп бізге қонаққа қоян келіп тұр. Олай болса, балалар, біз оған үш топқа бөлініп,әр түрлі көп сәбіз жасап береміз. Бірінші топ сәбіздің суретін қағаз бетіне орналастырады. **(Жапсыру)** Екінші топ сәбіздің жапырақтарын санмен сәйкестендіре отырып,құрастырады.**(Құрастыру)** Үшінші топ ермексаздан әртүрлі пішінде мүсіндейді. **(Мүсіндеу)** Саусақ жаттығуы: Ермек сазды аламыз, Алақанға саламыз. Әрлі-берлі есеміз, Саусағымызбен ойнаймыз. Тәрбиеші: Біз қоянға көп сәбіз жасадық, енді оған сыйлайық. Қоян сендерге көп-көп рахмет айтып жатыр. Балалар – Ас болсын! дейміз. Сиқыршы: Балақандар, айта қойыңдаршы, ойыншықтармен қалай ойнау керек. Балалар, мына сиқырлы қобдишаға назар аударыңдаршы! Қобдишаны ашқанда көңілді әуен ойнайды. Тәрбиеші: Міне, ғажап! Балалар жаңағы сендердің ойша айтқан жылы лебіздеріңді сиқырлы қобдиша қағаз бетіне түсіріпті. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін	Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды, Толықсыған ай болып күлімдейді, Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.) Балалар геометриялық фигуралар мен аталған фигура пішіндес заттарды атайды. –Дөңгелекке, шаршыға, үшбұрышқа, тіктөртбұрышқа ұқсас қоршаған ортадағы заттарды тап. Оларды ата. Балалар заттарды атайды, заттардың «неге ұқсайтыны»туралы қорытынды жасайды. «Мынау қай пішін?» ойыны. Геометриялық денелермен және фигуралармен практикалық жұмыс. Топтық жұмыс. Санамақтың көмегімен балалар топтарға бөлінеді. Педагог әр топқа әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шарлар, цилиндрлер) және геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш) таратады және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) сәйкес орналастыруды сұрайды. Балалар тапсырманы орындайды, өз әрекеттерін түсіндіреді. Балалар сопақша мен дөңгелектің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастығы мен айырмашылығын табады.	Тақтаға ұлттық аспаптардың суреттерімен қатар әр түрлі суреттер ілінеді. Балалар сол суреттердің ішіндегі сазсырнай мен сыбызғыдан басқа суреттерді алып тастаулары керек. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Дене тәрбиесі ға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; Дене тәрбиесі дың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Екі-екіден жұптасып сапқа тұру, тізені жоғары көтеріп, кең адымдап «күртік қардан» аттап өту – «ағаш түбірлерінен аттап өт». Солға қосалқы адым жасап жүру: денесін тік ұстап, алға қарау және иықтарын солға бұрмау. «Орман ішіндегі серуен» – ойын түріндегі гимнастика: денесін тік ұстау, солға-оңға бұрылу. Негізгі қимылдарды ойын түрінде оранду: 20 см биіктен тереңге секіру.

	мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; Дене тәрбиесі ға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жүруді және жүгіруді үйретеміз». Кедергілерден секіріп өту арқылы тізені жоғары көтеріп жүру, бағытын өзгерте отырып жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. «Билеп үйретеміз» Ырғақты гимнастика жасау: кешенді жасаған кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтауға тырысу. Негізгі қимылдарды жасау: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (жеке-жеке – маймыл балаларды баспалдақпен өрмелеуге үйретеді). Өрмелеу, тақтайды ұстау техникасын: бас бармақпен астыңғы жағынан, қалған төрт саусақпен үстіңгі жағынан ұстаймыз; аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату. «Доппен ойнауды үйретеміз». Бір орында	«Бағдаршам» Ойын шарты: Балаларға жасыл деп айтқанда бір қадам алға жылжиды. Қызыл дегенде бір қадам артқа жылжиды, ал сары дегенде орнында қозғалмай тұрады. Ойын 3-рет ойналады. Балалар біздің өмірімізді сақтау үшін, жаяу жүргіншілерге арналған жол ережелері бар. Егерде өмірімізді, денсаулығымызды сақтағыларын келсе, әрқашан жол жүру ережелерін жақсы білу керек. Демек жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптарды бұлжытпай орындау керек. Жаяу жүргіншілер жолдын оң қол қанатымен, тротуармен ғана жүруі керек. Тротуар дегеніміз машина жүретін үлкен жолдың жиегіндегі адамдар жүретін кішкене жол. Жолдын арғы бетіне өту үшін жолақ жолмен яғни «зебрамен» бағдаршамның жасыл түсі жанғанда өту керек. Жолдан өткенде аса сабырлықпен, аспай-саспай жүріп тұру керек. Ұшқалақ-ұрыншақ болмауы керек. Машинаның алдынан жүгіріп кесіп өтуге болмайды. Жол белгілермен таныстыру. «Аурухана», «Тамақтану орны», «Демалыс орны», «Телефон», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипед айдауға болмайды», «Аялдама». Балалар біз жолда жүру ережесімен толығырақ танысу үшін автобусқа отырып қалаға барайық. Өйткені қалада көліктер өте көп, бағдаршамда	(жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды орындау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Айтыңдаршы, балалар! Жол қозғалыс ережелерінің мақсаты не? -Бізді қауіптен қорғау. Слайд: «Сақта жолдың тәртібін» (жәй әуеннің дауысы естіліп тұрады). Тәрбиеші: Көшеге шыққаннан кейін, айналамызға абайлап, қарап жүрмесек болмайды. Себебі бағдаршамға бағынып жүру тәртібін қатаң сақтаған адам өз өмірінің қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алады. Сұрақ- жауап алу. Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма? -Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма? Ортақ қасиетін салыстыру. Ескерту, тыйым салу, меңзеу (нұсқау) белгілерін орындарына атап қояды. Балалар белгілерді дұрыс қойып, қызыға ойнады. Мына белгі тамақтану орны бар деген белгі. Түсі көк шеңберде адам бейнеленген. (Жаяу жүргіншілер	–Қызыл сопақшаны ал. Жиегімен саусағыңды жүргіз. –Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? –Қызыл сопақшаның үстіне жасыл дөңгелек сал. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.) –Не байқадың? Олардың бір-бірінен айырмашылығы неде? Фигуралардың бұрыштары мен қабырғалары жоқ, дөңгелекке қарағанда сопақша ұзындау. –Қандай заттар сопақшаға ұқсайды? (Сопақша пішінді заттарды бейнелейтін суреттерді көрсету керек.) Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды. –Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты алыңдар. Саусақтарыңды жиегімен жүргізіп көріңдер. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрыш? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырға? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырып, сұрақтарға жауап береді. –Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршы) –Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл	Орындықтар залдың периметрімен бойлай қойылған. Қояндарға бөренеден секіріп үйренуді ұсынады. Қатарға қойылған заттарды айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. «Кім епті?». Бір қатарға бес модуль қойылған. Олардың арасындағы қашықтық – бір метр. Балалардың заттарды айналып өту қабілетін, денесін оңға-солға бұру қабілетін қадағалайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». Балалардың допты қарсы тұрған жолдасының қолына дәлдеп лақтыруын қадағалайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Достарыңның көп болғаны және олармен бірге шыныққан қандай жақсы! Балабақшаға оралады.

	отырған күйі допты бастан асырып алысқа лақтыру. Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, доптың алысқа кетуі лақтыру күшіне байланысты. «Секіруді үйретеміз». Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар». Ойын ережелерін түсіндіру. Ең шапшаң балаларды ынталандыру. Қорытынды кезең (Рефлексия). Маймылдың көңіл күйі жақсы. Өйткені ол көп нәрсе үйренді. «Бір сәттік көңіл күй» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру – балалардың қалай мұңаятынын, ойланатынын, күлетінін, жымиятынын мимиканың көмегімен көрсету.	бар. Балалар міне мынау аялдама деген белгі, осы белгі тұрған жерден біз автобусқа мінеміз. Бәріміз бірге автобусқа отырып қалаға барамыз. Онда біз үлкен жолдан бағдаршамның көмегімен қалай өтуге болатынын, тротуар арқылы жүріп, жолақ жолдан қалай өту керектігін, жол белгілерімен толығырақ танысатын боламыз. Ал, енді балалар біздер аялдамаға барып,автобусқа отырып, өз ауылымызға, балабақшамызға кері оралайық. Қорытынды. Балалар, бүгін біз немен таныстық? Не үйрендік соны есімізге түсірейікші? Балаларға теледидардан «Бағдаршам» мультфильмін көрсету. Мультфильм желісі бойынша сұрақтар қою. **Музыка** Сазсырнай және сыбызғы аспаптарының ойналу,жасалу ерекшеліктерімен танысу.Үрмелі аспаптарда үйрену тәсіілдерін үйрену. **Ән тыңдау:** «Көмекші боламыз» Н. М.Оразбаева **Ән айту**:«Мерекесі анамыздың» **Аспапта ойнау:** «Қасықтар мен сылдырмақтар» **Қимылды ойын:** «БИМ-БАМ-БОМ»Н.М.Оразбаева **Ойын: «Аспаптарды ажырат»** **Шарты:**Музыка жетекшісі	жолы). Мынау белгі автобус аялдайтын орын. Қызыл шеңберде адам бейнеленіп, үстінен сызылған. Бұл белгіде жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады дегенді білдіреді. Бұл белгіде қызыл шеңбердің ішінде велосипед суреті бейнеленген. Велосипедпен қозғалысқа тыйым салынады. Қызықтыру сәті: (әдемі көңілді әуенге бағдаршам келеді). Балалар амандасады. Бағдаршам: Менің атым бағдаршам, Мекен жайым тұрақты. Жақсы білем міндетімді, Мүдірмеймін ешқашан. Тәрбиеші: Қош келдің, бағдаршам! Балалар, бағдаршам біздің өмірімізді қауіптен сақтандыратын көмекшіміз. Айтыңдаршы, бағдаршамның көшедегі қызметі қандай? **Ойын: «Бағдаршам»** Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру) Сары көзін жағады. (қол шапалақтау) Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру). (Әдемі әуенге жол сақшысы келеді) Жұмбақ жасыру. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырықпен түзеткен. (Жол сақшысы) Жол сақшысы: Армысыңдар жас достарым! Балалар, мен сендерге жәй келген	шаршыны тұстастырып сал. –Бұл фигуралардың айырмашылығы қандай? –Бұл фигуралар қалай ұқсас? Балалар ұқсастығы мен айырмашылығын табады, шаршының барлық жақтары тең, тіктөртбұрыштың қарама-қарсы жақтары тең. Шаршы мен тіктөртбұрыштың 4 бұрышы, 4 жағы бар. «Сиқырлы дорба» дидактикалық ойыны. «Сиқырлы дорбада» доп, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, дөңгелек бар. Ал үстелде олардың суреттері тұр. –Геометриялық фигуралар мен денелердің патшалығында бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның күшімен оның барлық тұрғындарын терең зынданға салды. Сендер оларды тек былайша құтқара аласыңдар: заттың қандай фигура екенін қолмен ұстап, анықтап оның суретін табыңдар. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы кезек-кезек дорбадан фигураларды алады, оны атайды, оның суретін тауып, оның үстіне фигураны қояды. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма. Анаға печеньелерді көрсетілген белгілері бойынша орналастыруға көмектес. Олардың саны қанша? Цифрды қоршап сыз. Печеньенің басқа да	

		үнтаспа арқылы әртүрлі әуендерден үзінді ойнатады. Балалар, сол әуендердің қандай ән екенін естеріне түсіріп, әннің атын атайды. Тақтаға ұлттық аспаптардың суреттерімен қатар әр түрлі суреттер ілінеді. Балалар сол суреттердің ішіндегі сазсырнай мен сыбызғыдан басқа суреттерді алып тастаулары керек.	жоқпын, білімдеріңді көрейік деп келдім, Әкелген ойын, тапсырмаларым бар, сендерге мультфильм әкелдім. (Әуен естіледі) Бұзық бала велосипедімен жол ережесін бұзады. Жол сақшысы ысқырығымен сықырады. Балақай,сен неге жол ережесін бұзасың? Кешіріңіз, мен онысын білмедім. (екі бала ортаға шығып) Бағдаршамға қара. Біз саған қазір жол ережесін түсіндіреміз. Бұзық бала: -Жарайды! Тәрбиеші: Балалар мына тақтадағы үлкен суреттерге мұқият қарайықшы. Бұлар нені білдіреді? Балалар: Бізге жолдан өтуге көмектеседі. Бұлар «Көрсеткіш белгілер», яғни оларды «Жаяу жүргіншілер өтпесі» деп атайды. Иә, балалар! Бұл белгілер біздің достарымыз, ал достарын ұмытуға болмайды. -Қиылыста, жол шетінде, бұрышта. Түрлі-түрлі белгілер бар тұратан. Жүресің бе? Жүрмегенің дұрыс па? Не істеу керек? Бұл белгіні неліктен «зебра» деп айтады? Кім біледі? Ақерке: - Мен, мен білемін, өйткені ол ақ жолақ Жол сақшысы: Жарайсыңдар, балалар! Сендер өте ақылды, білгір, сауатты жолаушылар болатындарыңа мен сенемін. Мына мультфильмді арнайы сендерге әкелдім. Мультфильм көрсетіледі. Жол сақшысы.	белгілерін ата. 2-тапсырма. Заттарды көрсетілген пішіндермен сызып қос. Тағы бір-бір заттан ойластырып, суретін сал. Педагог қандай геометриялық пішіндер туралы айтылғанын нақтылайды, балалар геометриялық денелерді атайды: доп, текше, цилиндр. 3-тапсырма. Заттарды бір сөзбен ата. Суреттердің біреуін көрсетілген түстермен боя. Геометриялық фигуралардың суреттерін бір сөзбен атауды сұрайды. (көлік). Қорапта әртүрлі пішіндер мен түстердегі фигуралардың үлгілері араласып жатыр. –Фигураларды қуанту үшін оны қалай ретке келтіреміз? –Фигураларды қалай орналастыруға болады? Балалар фигураларды пішінге немесе түске қарай бөлуге болады деген жауап айтулары керек. Әрқайсысының үстелдерінде екі өлшемді және екі түсті текшелер бар. Текшелерді қарап, зерттейді, пішін мен түсі бойынша жинақтайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді,	

			Егер жол ережесін бұзсақ, тек қауіп төндіріп қоймай, басқа адамдарға да зиянымызды келтіреміз. Сондықтан жолда сақ бол! Көше тәртібін есіңнен шығармаңдар. Сергіту сәті: «Бағдаршам» Бағдаршам мен жол сақшысы қоштасып шығып кетеді. «Көшедегі жағдаяттар» ойыны. 3 – 4 баланы ортаға шақырады, өзі «Бөтен адам» болып келеді. (Киімі қалпақ, көзілдірік) Балаларға жақын келіп, оларды мақтап, телефон, кәмпит, ойыншық көрсетіп, басқа жаққа алып кететін сынай танытады. Ойын аяқталған соң талқыланады. Дұрыс және қате іс-әрекеттер қорытындыланады. Балалар, көшеде танымайтын, бөтен адаммен сөйлесуге, оның алдағанына көніп, қолынан заттарын алуға болмайды екен. Көшеде абай болыңдар? Балалар, біз қазір сендермен екі орталыққа бөлініп, жұмыс жасаймыз. Балалар мұқият тыңдады. Өнер орталығында ұжыммен, түрлі-түсті бояулармен суретті бояймыз. Жұмыс жасау реті: қылқаламның түгін суға малып аламыз, қажетті бояуды жағып алып ұқыпты, таза жұмыс жасауға кірісеміз. Бояп болған соң қылқаламды тұғырға қойып қоямыз. Ал, үстел үсті ойындар орталығында жолдың макетіне тиісті жол белгілерін қоямыз. Қорытынды сұрақтар қойылады.Рефлексия. «Сұрақ-жауап» ойыны. Бағдаршамның неше түсі бар?	белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді. Жүруде тепе-теңдікті сақтайды, әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді, белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді.Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазір текшелерге соғып кетпей, оларды айналып жүреміз». Шеңбер бойымен жүру және жүгіру. Жүргізу мен жүгіртуді кезегімен алмастырып отыру. Негізгі қимылдарды орындау. Шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сүйреу; онымен ойыншықты таси отырып, екі қолмен. Шананың артынан жүріп, оны алға қарай итеру. Бір-бірін сүйреу. (екі бала бір бала отырған шананы сүйрейді). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам» балалар өз шаналарын айналып келеді, кім жылдам. «Үштікпен шаналар жарысы» – біреуі сүйрейді, екіншісі отырады, үшіншісі артынан итереді. Қорытынды кезең (Рефлексия). Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Қандай ойындардың қатты ұнағаны туралы айтып	

			Қай түс жанғанда машиналар жүреді? Көлік күтетін жерді қалай атайды? Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді? Бағдаршамның «қызыл» көзі не дейді? Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді? Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?	беруді ұсынады.	
2-ші таңғы ас	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылау** **Міндеті:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс**	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №2** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Бір тұтас тәрбие**	**№ 26** **Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) **Мақал-мәтелдер** Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Коммуникативтік дағды** **Қар тазалайтын машинаны бақылау** **Міндеті:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп	**№ 2** **Қар басуын бақылау** **Міндеті:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын:** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді.

	көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Жолды тазарту. **Міндеті:** Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жаңылтпаш айту,жаттау. Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? **Коммуникативтік дағды**	Жұмбақ жасыру. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе- күн жылынады. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек:** Ойын орындарын қардан тазарту. **Міндеті:** Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды**	келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Таяқпен сыпыру» (қалмақ ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін) Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **Міндеті:** Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру. Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру); бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау- столды сүртіп, шашылғанды жинау және т.б.). **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауланы қардан тазарту** **Міндеті:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Сыңарын тап»** **Міндеті:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу **Математика негіздері**	Дидактикалық ойындар: «Ұлттық киімдерді ата» Шарты: Ұлттық құндылықтарды есте сақтау қабілетін дамыту **Ұлттық құндылық**	**Жеке қауіпсіздік** **«ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР» Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:** балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету. **Міндеттері:** Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру. ▪ Балаларға қауіпті орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау. Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. Қаңырап қалған ғимараттар: Қаңырап қалған үйлерге немесе	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Жол қиылысындағы белгі»** **Мақсаты:** Жол қиылысындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілер туралы білімін жетілдіру. Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерімен (елдімекеннің басталуы, аяқталуы) таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері . Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау - саламат жүреміз. Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды. Көшенің қиылысына келгенде, екі жағына назар аудар, жасыл жарықтың жануын күт. Көшенің арғы бетіне жүгіріп өтуге болмайды. Көшенің арғы бетіне жолдың қақ ортасынан өтпе.Көше қиылысында тоқтау сызығы болады. Осы	**Нейрожаттығулар** **Міндеті:** баланың қол ұстақ моторикасын дамыту

			ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. Септиктер: Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. Құрылыс алаңдары: Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар: Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.	жерде тұрып бағдаршам белгісінің жануын күт. Ойын жүргізушісі алдын ала дайындаған үш түсті көрсетіп, сендердің қаншалықты жинақы екенін байқайым. Ойын шарты 1) Бағдаршамның жасыл көзін көрсеткенде балалар жүрген сияқты бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді. 2) Сары көзін көрсеткенде ду қол шапалақтайды. 3) Қызыл көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады. Жаяу адамға көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Көшенің екінші көшемен қиылысқан жерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұста немесе асфальтта көлденеңіне сызылған жалпақ ақ жолақтары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады. **Қорытындылау** Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбаңдар!	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйретуді жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур** Өз өмірінің қауіпсіздігін түсінуді және сақтауды, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуді және ажыратуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур** Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды үйретуді жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе				

	ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме жоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 12**	**№ 17**	**№ 19**	**№ 26**	**№ 2**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. !» балалармен бірге қайталау. **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Алдаркөсе мен бай» ертегісін оқып беру, әңгімелеу** **Міндеті:** Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын түсіне білуге қызығушылығын арттыру. **Көркем әдебиет**	**Ойын: «Өрт қауіпсіздігі»** **Міндеті:** Балалардың қауіпсізді ережелерін есте сақтап, тәртіпті бала болуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту**	**Ұлттық ойын: «Шыр»** **Шарты:** шыр ойынын балаларға үйрету; ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдығын, ұлттық ойынға деген қызығушылығын дамыту **Бір тұтас тәрбие** **Ұлттық құндылықты дамыту**	**«Ұлттық домино»** **Міндеті:** баланың ойлау қабілетін дамытып, достық қатынасын нығайту **Құрастыру**
Балалардың үйге қайтуы	Баланын бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үйде баламен бірге ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Отанды сүю – парызым!»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.03 - 06.03.2026 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Ана толғауы»** Күйші Қаршыға Ахмедияров. «Менің Қазақстаным» Гимн орындау. Шығармашылық дағды **Адал Азамат**	«Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі: «Ана толғауы»** Күйші Қаршыға Ахмедияров. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Ана толғауы»** Күйші Қаршыға Ахмедияров. **Адал Азамат** Әсем әуенмен қарсы алу. **Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық**	**Күй күмбірі: «Ана толғауы»** Күйші Қаршыға Ахмедияров. **Адал Азамат** «Көңіл-күйіңді керсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Шығармашылық дағды**	**Күй күмбірі: «Ана толғауы»** Күйші Қаршыға Ахмедияров. **Адал Азамат** Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу. **Коммуникативтік дағды**
Ата-аналармен немесе баланың	Ата-аналарға кеңес: Күн сайын балаңызға	Ата-аналарға кеңес: Балаңызға қиын сәттерде де	Ата-аналарға тапсырма: Балаңыздан мейірімділік туралы	Ата-аналарға жадынама тарату: «Үнемдеу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы

басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	мейірімділік туралы қысқа әңгіме айтып беріңіз. Оған әлемдегі мейірімді адамдардың тарихын мысал ретінде келтіріңіз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	кішіпейілді болу керектігін түсіндіріңіз. Оған сіз кішіпейіл болған бір сәтті мысал ретінде келтіріңіз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	сурет салуды немесе оны сипаттайтын бір ертегі ойлап табуды сұраңыз. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	маңыздылығы» Міндеті: суды дұрыс пайдалану, таза су қорының азайып және көптеген елдерде су тапшылығының пайда болуы туралы түсіндіру. **Адал Азамат**	жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен таза ауада ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Өрт қауіпсіздігі» ойыны. (Лэпбук) Міндеті: Балаларға өрт туралы түсінік беру. Өрт тілсіз жау,өрттен сақтану жолдарын үйрету. Балалардың өрт қауіпсіздігі туралы түсініктерін кеңейту. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	**Адал Азамат** «Дыбыстық лабиринт» ойыны. Шарты: Берілген дыбысты атау арқылы саусақтарымен жүргізіп, сол дыбыстан келетін суретке жеткізу. **Коммуникативтік дағды**	«Кеңістікті бағдарлау» ойыны. Шарты: Әр ұяшыққа түсіне сәйкес ою-өрнектерді орналастыру. **Ұлттық құндылы Танымдық және зияткерлік дағдылары**	**Адал Азамат** «Көлеңкесін тап» ойыны Шарты: Оюлардың көлеңкесін тауып,ою аттарын жаттау. **Ұлттық құндылық**	«Экологиялық сағат» слайд тамашалау. Міндеті: Қарапайым экологиялық ұғымдарды қалыптастыру. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №13				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	Сурет бойынша әңгіме құрастыру: -Жылдың қай мезгілі? Ай аттарын ата? -Қазір қай ай? -Бір аптада неше күн бар? -Аптаның қай күні? **Тіл дамыту**	Суретті мақал-мәтелдер. Шарты: Сурет арқылы мақал-мәтел айту. **Коммуникативтік дағды**	**Адал Азамат** **Артикуляциялық жаттығулар** (айнаға қарап орындайды) Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Коммуникативтік дағды**	«Бас,иық,тізе,аяқ» Міндеті: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Музыка**	**Адал Азамат** «Жұмбақ ойдың қазығы» Міндеті: Жұмбақ шешу арқылы балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Коммуникативтік дағды**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін ажыратып, айта білуді қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін ажыратып, айта білуді қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**

	және сабырлы болу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Есік қағылып, топқа аспазшы апай кіреді. Аспаз: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің қолымда тұрған көгөністерді атап беріңіздерші? – Енді аспаз апайдан тамақты дәмді дайындау үшін қандай көгөністер қосатынын сұрайық. Аспазшы тағамға сәбіз, картоп, жуа, асқабақ қосатынын айтады. (азпазшы дәмді тағам дайындауға кетеді) – Балалар, аспаз бізге дәмді тағамдар пісіреді екен, ол бізге өте қажет адам. Сендер басқа қандай мамандықтарды білесіңдер? **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** – Көптеген мамандық иелерін біледі екенсіңдер, бұл мамандықтардың бәрі адам баласына қажет. – Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжановаңың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды. Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды.	Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық жағдаят. Балаларға фигуралардың бөліктерінен суреттерді құрастырғанда не шығатынын сұрау. «Пішіндерден кандай суреттер құрастыруға болады?» Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады және сол суретке қарап суреттер құрастыру,әңгімелеп беру. Педагог балаларға дөңгелектерді ұсынады, оларды бөліктерге бөлуді сұрайды және сұрақтар қояды: Өмірде дөңгелек заттарды бөліктерге бөліп көрдіңдер ме? (торт, пицца, бәліш). Жапсыру үшін дөңгелектердің қандай бөліктерін пайдаландыңдар? Бүтін дөңгелекте неше жарты бөлік бар? Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Заттарды ата. Әр заттың қандай бөліктері бейнеленген? Оларды керсет. Апельсиннің қандай бөліктерін керіп турсың? Шаршының бөліктеріне қара. Шаршы қағаз алып,оны осындай бөліктерге қи.Шаршы жинап көр. 2-тапсырма.Бүтін мен бөліктің үстінен саусағыңмен жүргіз. Сергіту сәті: «Геометриялық би». Әртүрлі геометриялық фигураларды ата, содан кейін балалардан әр фигураға ұқсайтын қимылдарды қолданып билеуін сұра. Мысалы, шаршы үшін шаршы тәрізді қимыл-қозғалыстарды,	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларды шеңберге тұрғызып, жақсы тілек тілейді: Аспанымыз ашық, еліміздің болашақ азаматтары аман болайық! Балаларға бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрып, әсемдікке байланысты тілек айтуларын өтінеді. Мысалы: Әсел, сен сұлусың! Айсұлтан, сен сымбаттысың! Айжұлдыз, сенің көйлегің әдемі! Педагог түйе туралы әңгімелейді. Түйе үй жануары, еті, сүті пайдалы. Шөл далада көп шыдайды. Үй жануары. Сурет сарқылы тапсырмаларды орындайды. 1-тапсырма. Суреттен Ө дыбысы естілетін сөздерді ата. Сөздерге дыбыстық талдау жаса. Педагог Ө дыбысын қайталайды. Астыңғы тістермен жоғарғы тістер арасындағы арақашықтықтан біршама үлкендеу болады, тілдің ұшы төмен түседі де,сәлартқа қарай тартылады. Ортасының көлбеулігі бір деңгейде сақталады, ауа қуысымен еркін шығады, жұмсақ таңдай көтеріледі де, мұрын ауа жолы жабылады және дауыс шымылдығы жабық болады. Балалар суреттен Ө дыбыс естілетін сөздердітауып,буынға бөледі. Өркеш, шөл, өзен,өгіз. Педагог балаларға сұрақ қояды. Түйе жүрген жер қалай аталады? Өгіз ненің үстінен өтті? Сөздерді буынға бөледі.	Слайдпен жұмыс.Суретте көктем мезгілі бейнеленген. Жаңа сөздермен таңыстыру. —Жылдың қай мезгілі бейнеленген? -Жыл мезгілі - көктем. -Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. -Көктем айларын ата? -Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. -Көктемде күн жылынады. Жылы, жы-лы-на-ды. Күн жылынады. -Көктемде күн қайтеді? -Көктемде күн жылынады. -Көктемде қар ериді. Қар ... (ериді) -Қар қай жыл мезгілінде ериді? -Көктемде кар ериді. -Көктемде құстар ұшып келеді. -Құстар қай жыл мезгілінде ұшып келеді? -Көктемде құстар ұшып келеді. -Мынау не? -Мынау - ағаш. -Агашта қандай өзгеріс байқалады? Мынау не? -Мынау - бүршік. -Агашта бүршік. Агашта не? -Агашта бүршік. Жаңа сөздерді, сөйлемдерді балалар жеке, хормен және педагогпен бірге түрлі дауыс ырғағымен қайталайды. Дыбыстық жаттығу. (Айнамен орындалады). Ү-ү-ү- бүршік — бүүүршік — бүршік.	Сұрақ-жауап ойыны. Жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінің айларын атап беріңдер? Көктем мезгілінде қандай мерекелерді тойлаймыз? Дүниедегі ең қымбат жан кім? (Ана) Дүниеде бізге ең тәтті не? (Ананың сүті) Балалар дөңгелене тұрып, әр бала өздерінің сүйікті аналары туралы ойлап, аналарының ездерін қалай еркелететінін айту арқылы тақтаға күннің шуағын толықтырады. Мысалы: Мені анам: «айым, күнім, боташым, ақылдым», - дейді. «Сиқырлы сандық» ойынын ойнау. Шарты сұрақтарға жауап беру Аналарың жұмыстан шаршап келгенде қандай көмек көрсетесіңдер? Аналарыңды ренжіткенде не істейсіңдер? Аналарыңның қандай сөздерімен оянасыңдар? Анарың қандай шаруамен айналысады? Ойын: «Жасырынған тапсырмаларды орында» Шарты: кубиктерді лақтыру арқылы әр ұяшықтың тапсырмаларын орындау. Аналар туралы тақпақтарын сұрау. Ойын: «Кір жуу» (балалар) Ойын шарты: қыздар кірді жуады, ал ұлдар оны іліп, қысқышпен қыстырып

	Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды. Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады. – Балалар, неше мамандық иелерін санап үлгердіңдер? Сергіту сәті: Тіс ауырса, Іш ауырса, Мамам дәрі береді. Барлық ана, Барлық бала, Оны жақсы көреді. (Ә.Мұсаханов) Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Ойын шарты: Әртүрлі мамандық иелеріне қандай құрал қажет екенін тауып құрастырады. Суретпен жұмыс. Педагог балалардан суреттен «Кім болам?» деген тақырыпта шағын әңгіме құрауларын сұрайды. Қорытынды бөлім. Рефлексия – Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде кімнің әкесі, анасы, апасы қайда істейтінін білдік. Барлықтарың бүгін белсенді болдыңдар! Болашақта кім болсаңдар да, ала жіпті аттамайтын адал да, әділетті адам боламыз деп уәде беріңдер.	ал үшбұрыш үшін үшбұрыш тәрізді қозғалыстарды қолдануға болады. 3-тапсырма. Бәліштің бөліктерін тап.Оларды ата.Қай бөлігі үлкен,салыстыр. 4-тапсырма. Бүтінді бөліктерге бөл.Оларды жапсыр. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалауға ұсынады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну,шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет: Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Педагог жағымды көңіл күй қалыптастыру үшін тәрбиеленушілерге өлең жолдарын кимыл-қозғалыс арқылы айтады. Таза бала мұнтаздай, Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бүл қандай, Жақсы көрер бар адам. Ұқыпты осындай, Болайықшы, досым-ай. Педагог шағын фольклор - мақалмен таныстырады. «Алғыспен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». -Балалар, калай ойлайсыңдар, алғысты қандай балаларға айтады?	«Ө» дыбысы жіңішке дауысты дыбыс екенін біледі. Ө дыбысын балалар қайталап дұрыс айтуға жаттығады Ө дыбысы бер сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Өшіргіш, көйлек, бөрік,көз. Сергіту сәті. Балалар орындарынан тұрып тыныс алу жаттығуларын жасайды. 2- тапсырма. Педагог Ж.Әбдірашовтың өлеңін оқиды. «О» – кәдімгі дөңгелек,ал «Ө» одан сәл бөлек. Мұны да сал, ерінбе, Белбеуі бар белінде. Суреттегі О әрпі мен Ө әрпінің пішіндерін салыстырады. Айырмашылығын табады. Балалар Ө әрпінің баспа түрін алдарына берілген құмға салады. Балалардың алдына құм салынған төртбұрыш қорапша беріледі. Балалар Ө әрпінің бейнесін сала отырып Ө әрпінен басталатын сөздерді айтады. Сөздерге сөйлем құрайды. 3-тапсырма. Ө әрпінің пішінін жіптен және қағаздан құрастырады. Педагог балаларға көмектеседі,бөлігін салады. Ө әрпінің элементін жазу жолына жазады. Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін смайликтер арқылы бағалайды. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,	Ө-ө-ө- көктем - көөөктем - көктем. Тақпақ оқу, таныс сөздерді тапқызу. Құс келді Қар су боп жөнелді Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. (Б.Қозыкеев) Балалар таныс сөздерді қайталайды: қар, күн, бүршік, ағаш. Тақпақты жаттайды. Сергіту сәті Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Көктем ... Күн ... Қар ... Ағаштар ... Көктемде ... Көктем айлары ... Суретпен жұмыс. 1 .Сурет бойынша шағын мәтін құра. Көктемде кандай өзгерістер болады? 2. Суреттерге қара. Не артық? Қорша. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына	шығады. Кім бірінші бітіреді сол жеңеді. Рефлексия. «Аяулы анашым» әнін орындау арқылы қорытындылау. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларды шеңберге тұрғызып, жақсы тілек тілейді: Аспанымыз ашық, еліміздің болашақ азаматтары аман болайық! Балаларға бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрып, әсемдікке байланысты тілек айтуларын өтінеді. Мысалы: Әсел, сен сұлусың! Айсұлтан, сен сымбаттысың! Айжұлдыз, сенің көйлегің

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Пікір алмасу сұрақтары. Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Балалар қайда оқиды? Балалар немен ойнайды? Доптың пішіні қандай? Бассейнде Д әрпіне ұқсап отырған бала қайсысы? Достық туралы әңгімелеп, балалардың қолына гүл шоқтарын ұсынып, бір-бірлеріне жақсы тілек айтқызады. Педагог балаларға «Екі дос» ертегісін дауыстап оқып береді. Екі достың ормандағы іс-әрекетін талқылайды. Балаларға ертегі бойынша сұрақ қояды. Балалар сұраққа жауап беріп, ертегіні	Тәрбиеленушілер алғысты қандай кезде айтатыны туралы болжамдайды. Алғысты жақсы іс-әрекет жасаған немесе көмек көрсеткен балаларға айтады. -Сен өзің басқа бір адамдардан алғыс естідің бе? - Балалар, бүгін «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз. Біз бүгін әңгіме жанрымен танысамыз. Әңгіменің ерекшелігі - қысқа оқиғаны әңгімелейді. Мұқият тыңдаңдар. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар. -Әңгіме ұнады ма? -Әңгімедегі баланың іс-әрекеті сендерге ұнады ма? -Анасы Зәукенді қайда жұмсады? -Зәукен атайдың қандай затын жөндеп берді? -Әжей Зәукен туралы не айтты? -Анасы неге қуанды? -Осыдан кейін анасы баласына не айтты деп ойлайсың? -Анасы баласына не деді? -Анасы баласын іздеп барганда кіммен кездесті? -Әже мен ата баланың анасына не айтты? -Анасы баласына қалай қарады? -Өзің анаңа қалай көмектесетініңді айтып бер. Сергіту сәті: Ата менен ананың айтқан тілін аламын, Үлкен кісі жұмсаса, қайда болсын барамын. Төсекті өзім жинаймын, ешкімді де ренжітпеймін. Ешкім маған тимейді, Мен де бәрін сыйлаймын. Жұмбақ шешу:	әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог өлең жолдарын мәнерлеп оқып береді. Құшағына кіргенде, Жылынамын бір демде. Не жетеді көзіңе, Мейірімді күннен де. Үн қатасың бал тілмен, Еркелеймін әр күн мен. (Н.Айтов) Өлең кімге арналаған? – Иә, балалар, дұрыс таптыңдар. – Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз. – Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе? – Ендеше өз аналаларыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Педагог балаларға көмек ретінде қосымша сұрақтар қояды: – Анаңның аты кім? – Кім болып жұмыс істейді? – Анаңды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам? – Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің? Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды. Сөздік жұмыс: Үн қатасың – тіл қатасың, сөйлейді мағынасында. Мақал-мәтелдер: «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал». Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз, Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Біз бақытты баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ,	ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну,шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, қане менімен бірге ішіміздеп: «Мен ақылды баламын, мен жақсы баламын, айтқанды тыңдаймын!» — деп қайталап айтамыз да, ыңғайланып отырамыз. Күн суретін тамашалау, табиғат үнін тыңдау. «Күн, күн», неге күлімдейсің? «Көктем» келді! «Бұлақ, бұлақ», неге сылдырлайсың? «Көктем» келді! «Жаңбыр, жаңбыр», неге тырсылдайсыңдар? «Көктем» келді! «Құстар, құстар», неге сайрайсыңдар? «Көктем» келді! Балалар, табиғатымыздың өзі көктем мезгілінің келгенін хабарлап тұр. Көктем мезгілінің айларын қане бірге атайық! Көктем мезгілінің ерекшелігі қандай? Қар еріп, қайда сіңеді? — Жер қандай түске өзгереді? — Ағаштар қалай өзгереді? — Көктемде қандай мерекелер бар?	әдемі! Педагог түйе туралы әңгімелейді. Түйе үй жануары, еті, сүті пайдалы. Шөл далада көп шыдайды. Үй жануары. Сурет сарқылы тапсырмаларды орындайды. 1-тапсырма. Суреттен Ө дыбысы естілетін сөздерді ата. Сөздерге дыбыстық талдау жаса. Педагог Ө дыбысын қайталайды. Астыңғы тістермен жоғарғы тістер арасындағы арақашықтықтан біршама үлкендеу болады, тілдің ұшы төмен түседі де,сәлартқа қарай тартылады. Ортасының көлбеулігі бір деңгейде сақталады, ауа қуысымен еркін шығады, жұмсақ таңдай көтеріледі де, мұрын ауа жолы жабылады және дауыс шымылдығы жабық болады. Балалар суреттен Ө дыбыс естілетін сөздердітауып,буынға бөледі. Өркеш, шөл, өзен,өгіз. Педагог балаларға сұрақ қояды. Түйе жүрген жер қалай аталады? Өгіз ненің үстінен өтті? Сөздерді буынға бөледі. «Ө» дыбысы жіңішке дауысты дыбыс екенін біледі. Ө дыбысын балалар

	мазмұндайды Сурет арқылы тапсырмаларды орындайды. 1-тапсырма Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Сурет бойынша балалар сұраққа жауап беріп, әңгіме құрайды. Балалар қайда ойнады? Сызба бойынша үш сөзден тұратын сөйлем құрайды. Балалар немен ойнады? Доптың пішіні қандай? Сұраққа жауап беру кезінде Д дыбысы естілетін сөздерді ажыратады. 2-тапсырма. Суреттегі ойын құралдарының атын айтады. Дартс, доп, домино. Сөздік жұмыс. Дартс – спорттық ойын түрі. Қабырғаға дөңгелек нысана ілінеді. Қандай да бір қашықтықтан нысанаға садақшаларды лақтырады. Ойын құралдарының атауын түсіндіріп, ойынның қалай ойналатынын қысқаша көрсетеді. Ойын құралдарының атауын буынға бөледі. 3-тапсырма. Д әрпін бейнелейміз. Педагог балаларға түрлі пішіндер қимасын таратып береді. Балалар түрлі пішіндерден Д әрпінің баспа түріне қарап отырып, әріпті бейнелейді. Түрлі түсті моншақтарды	Өзі тас, өзі ақ, Дәмін татсаң ащы-ақ. (Тұз) Мақал: Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды. Педагог қорытынды жасайды. -Қандай жанрға жатқызасыңдар? -Әңгіме қалай аталады? -Әңгімеде кімдер туралы айтылған? -Әдепті, ұқыпты, тілалғыш бала болу қиын ба? Рефлексиялық бағалау - өз жұмысын бағалап қорыту. Тәрбиеленушілер ҰІӘ-іне өзінің жұмысына баға береді: Ештеңе түсінбедім - қызыл түсті, Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын - сары түсті, Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын - жасыл түсті көрсетеді. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату қабылеттерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Балалар көңіл күйлерін қалай? Жылулық шеңберіне тұрып, жылы сөздер айту. -Балалар, қуанышымызды бір-бірімізге жеткізейік. Балалар тәриешінің көмегімен өлең жолдарын бірге қайталап ,	Жақсы сергіп қаламыз. Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық». Тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді. **Сурет салу** Қорытынды бөлім. Рефлексия Педагог аналарына өмір бойы көмекші болу әр баланың парызы екенін айта келе, өлең жолдарын жаттап алуды ұсынады. Апам үшін күнде мен, Отынға ағаш жарамын. Су құямын гүлге мен, Дүкенге де барамын. (Қ.Мырза Әли) **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату қабылеттерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сиқырлы қапшық» -Балалар қапшықтан алынған суреттерге тәрбиешінің сұрағы арқылы жауап береді. Сұрақтар мынадай: 1.Қандай мезгіл? 2.Көктемнің қандай мерекесі? 3.Табиғатта қандай өзгерістер болады? 4.Көктем мезгілінде қандай гүл бірінші шығады? 5.Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшып келеді? 6. Табиғат құбылыстарын ата?	Балалар сендер көктем сәні дегенді қалай түсінесіңдер? «Көктем сәні» ертегісін тамашалау. Сергіту сәті: «Көңілді күн». Сұрақ-жауап арқылы ертегіні талқылау. Қорытынды. Ертегіні сахналау. **Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық жағдаят. Медина мен Аққүміс печенье пісірді,бірақ оны қалай қою керектігін білмейді. Олар печеньелерді қораптарға салуға көмек сұрайды. Әр қорапта (бұл мөлдір файлдар немесе нақты қораптар болуы мүмкін) печенье түрлері (геометриялық фигуралар) көрсетіледі. Педагог балаларды печеньелерді қораптарға салуға көмекке шақырады. (Печенье ретінде геометриялық фигуралар қолданылады). Балалар	қайталап дұрыс айтуға жаттығады Ө дыбысы бер сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Өшіргіш, көйлек, бөрік,көз. Сергіту сәті. Балалар орындарынан тұрып тыныс алу жаттығуларын жасайды. 2- тапсырма. Педагог Ж.Әбдірашовтың өлеңін оқиды. «О» – кәдімгі дөңгелек,ал «Ө» одан сәл бөлек. Мұны да сал, ерінбе, Белбеуі бар белінде. Суреттегі О әрпі мен Ө әрпінің пішіндерін салыстырады. Айырмашылығын табады. Балалар Ө әрпінің баспа түрін алдарына берілген құмға салады. Балалардың алдына құм салынған төртбұрыш қорапша беріледі. Балалар Ө әрпінің бейнесін сала отырып Ө әрпінен басталатын сөздерді айтады. Сөздерге сөйлем құрайды. 3-тапсырма. Ө әрпінің пішінін жіптен және қағаздан құрастырады. Педагог балаларға көмектеседі,бөлігін салады. Ө әрпінің элементін жазу жолына жазады. Үзік сызықтарды бастырады. Рефлексия. Балалар өз

	жіпке тізіп, Д әрпін бейнелейді. – Д – ұяң дауыссыз дыбыс. Д дыбысын айтқанда тілдің ұшы төмен түседі және астыңғы тістерге барып тіреледі, дауыс желбезектері дірілдейді. Сергіту сәті: Қолды жоғары көтеріп, Демалып бір алайық. Доп сияқты домалап, Секіріп, секіріп алайық. Денемізді бос ұстап, Шынығып бір алайық. Балалар өлең жолдарын қимылмен айтады. 4-тапсырма. Педагог тапсырмада берілген сөздерді оқып береді. Балалар қимылды білдіретін сөздерді суретпен сәйкестендіріп, бірнеше сөйлем құрастырады. Мысалы: Айгүл келді. Сәкен жүзді. Асан мен Досан жарысты. Айман дірілдеді. Досжан секірді. «Демалыс күні» өлеңін оқып береді. Дір-дір етті сөзін қимылмен көрсетуге тапсырма береді. Д әрпінің баспа түрін жазу жолдарына жазады. Үзік сызықтарды бастыр. Рефлексия. Балалар өз жұмыстарын смайликтер арқылы бағалайды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Сөйлеуде белгілі бір	қимылмен көрсетеді. Жарайсыңдар, балалар енді бәріміз күнге қарайықшы? -Күн бізге не береді? -Алдымен балалар мен сендерге табиғат әлеміне байланысты жұмбақтар жасырайын. Осы жұмбақтардың жауабы біздің жаңаашық ұіә-іне байланысты. Бір зат бар дүниеде құшағы кең Ұшқан құс, жүйріген оқ бәріне тең. Адамзат,жан-жануар соның арқасында Мәңгілік өсіп өнген. (Жер) Таңмен көзін ашады Әлемге нұрын шашады. (Күн) Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз өмір сүре ала ма? Ал жануарлар мен өсімдіктер ше? Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық,жылу өте қажет балалар. Дәміде жоқ, түсіде жоқ Пайдаланбас кісіде жоқ. (Ауа) Балалар жұмбақтың шешуін табады. Ал ауасыз тіршілік етуге болама? -Жоқ өмір сүре алмайды. -Жан-жануарларға да, адамдарға да күннің сәулесі өте қажет. Ендеше біздер бүгін осы бізге өмір сыйлаған, қоршаған орта табиғат туралы сыр шертеміз. Алдымен мен сендерге Н.Жанаев атамыздың «Табиғат анамыз» деген өлең жолдарын оқып берейін. Табиғат ол анамыз	Бұл қай кезде болады? (суретпен жұмыс). – Көктемде ауа райы қалай өзгереді? – Қар қандай өзгеріске түседі? – Суретте не көріп тұрсыңдар? Бойы сергектің,ойы да сергек. Сергіту сәті (қимыл-қозғалыс арқылы көрсету). Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел есейді, Кіп-кішкентай ағаштар, Біп-биік боп өседі. -Сонымен қатар көктемнің кезінде жан-жануарлар ұйқыдан тұрып,құрт-құмырсқа,шыбын шіркейлер де оянады. Табиғатта қандай дыбыстар бар? Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Ойын шарты: суреттерді жыл мезгілдеріне сай қою. Топтарға бөлу. Үш топқа бөлініп «Көктем көрінісі» тақырыбына композиция құрастыру. **Сурет салу,құрастыру,мүсіндеу,жапсыру** Қорытындылау. «Саусақ» әдісі арқылы қорытынды жасау.	печенье жіктеу ойынына қатысады және печенье пішінін анықтайды, оларды қораптарға жіктеп салады. Педагог қораптардағы печеньелерді санауды ұсынады. Қораптан бір фигураны шығарады, балалар оларды дауыстап санайды. Қорапта 4 сопақша пішінді печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта дөңгелек пішінді 4 печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Сопақша және 4 дөңгелек бар екен. Олардың саны бірдей. Сопақшалар мен дөңгелектер саны да бірдей деп айтады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Саны бірдей заттар тобын тауып,оларды сызып қос.Санын жаз. 2-тапсырма. Заттарды жұбымен сызып қос. Сана және салыстыр. Қандай заттар саны бойынша тең? Балалар әр заттың санын айтады, заттарды жұбымен сызып қосады: қолшатырлар мен күртелер, телпектер мен шарфтар. Салыстырады, қандай зат «артық», қайсысы «кем», қайсысы «тең» деген қорытынды жасайды. Сергіту сәті. 5-ке дейінгі суретті көрсетеді. Балалар секіріп, шапалақтап, бірдей мөлшерде қимыл жасауы керек.	білім деңгейлерін смайликтер арқылы бағалайды. **Музыка** Балалардың қазатың ұлттық аспаптарына деген қызығушылығын арттыру, әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру, балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. **Ән тыңдау:** «Мейрам күні» **Ән айту**:«Аспаптар әні» И.Нүсіпбаев **Аспапта ойнау:**Көңілді оркестр **Әуенді-ырғақты ойын:** «Тұлпарым» Ойын:«Түшпара» Оразбаева Н.М **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту, қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды, ұлттық қимылды ойындар мен жарыс элементтері бар ойындарға белсенділікпен қатысуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазақтың ұлттық әуендерін тыңдау. Ертегідегі пырақ – «Тұлпардың» суретін көрсету. Тұлпарға мініп

	заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық сергіту. «Сандық жүгірткі». Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұрау. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды. Топтардағы практикалық жұмыс. Балаларға кез келген санды көрсеткенде,сол санның құрамы бойынша топтасып тұра қалу.Мысалы 10 санын көрсеткенде 10 бала болып тұрып қалады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Қандай вагондардың нөмірі жоқ? Жаз. 2-тапсырма. Сурет бойынша балалар не істеп жүргенін әңгімелеп бер.Төбешікте неше бала көтеріліп бара жатыр? Төбешікте Барлығы неше бала болады? Төбешіктен неше бала төмен сырғанады? Төбешікте нешеуі қалды?	Табиғатқа баламыз Құшағында ойнаймыз Шаттық әнге саламыз Өлеңнің мазмұнын түсіндіру. Өлеңде не туралы айтылған? Табиғат екіге бөлінеді. Өлі табиғат және тірі табиғат. Балалар қоректенбейтін, тыныс алмайтын, ештеңені сезбейтін, өспейтін нәрселерді біздер өлі табиғатқа жатқызамыз. Өлі табиғатқа ауа,су, күн, жер, тау, тастар жатады. Ал тірі табиғатқа жаны бар заттар жатқызамыз. Тірі табиғатқа адамдар, жануарлар, өсімдіктер жатады. Табиғаттың төрт жыл мезгілдері бар. Ертегі тыңдау:«Жыл мезгілдері». Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде Ақ жайықтың жағасында еліне елеулі, халқына қалаулы, жыл ақсақалы өмір сүріпті. Сол жыл ақсақалының төрт немере қыз бар екен. Олардың ай десе аузы, күндей жарқыраған көзідері бар екен. Дүниенің сұлулығын өздеріне дартқан сұлу қыздар болыпты. Үлкен немере қызының аты «Көктем». Ол ақ жарқын мінезі нәзік. Екінші немере қызының «Жаз» жарқырап, әр уақытта күлімдеп, нұрын шашып жүреді екен. Үшінші қыз «Күз» басқа қыздарына қарағандажылауық, жаңбырлыболады, бірақ ашық мырза екен.Ал ең кіші қызы «Қыс» алдыңдағы үш қызға қарағанда салқын қатал, ызғарлы болыпты. Қыздар бой жетіп, саналы да салмақты қыз болып өсіпті. Немере қыздарын		3-тапсырма. Бөліктерді сана және сәйкес цифрмен сызып қос. Бөліктері көп суретті әртүрлі түспен боя. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалауға ұсынады. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту, қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды, ұлттық қимылды ойындар мен жарыс элементтері бар ойындарға белсенділікпен қатысуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тізбекте бір-бірден жүру және жүруді жүгірумен алмастыру; шашырап жүру және жүгіру. Екі тізбек болып сапқа тұру. Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар. Доппен орындалатын жаттығулар. 1. Б.қ.: отыру. Допты табанмен домалату – өкшеден аяқтың ұшына дейін, оң/сол аяқпен кезекпен қайталау, допқа қатты салмақ салмай жеңіл	шабу үшін ептілікке үйреніп, жаттығуға шақырады. Қамшы мен сандықты көрсетеді. «Епті саусақтар» Допты пайдаланып түзету жаттығуларын орындау: аяқтың ұшымен жүру – допты жоғары көтереді; өкшемен жүру – допты алға шығарып ұстайды. Денесін тік ұстап, алға қарап жүреді. Үш сап түзеп тұру. Допты пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды орындау: «Ең күшті». Допты жіп арқылы лақтыру (кеудесінен қос қолдап лақтыру). Жіпке дейінгі қашықтық – 2 метр. «Ең жылдам». 20 см биіктен тереңге секіру. Орындықтар залдың периметрін бойлай қойылған. Балалардың жерге түскеннен кейін тепе-теңдік сақтауына, денесін тік ұстап, алға қарап тұруына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұлпар». Әр балаға сиқырлы қамшы береді. Дем алысын қалпына келтіру. Тыныс алу-тыныс шығару барысын қадағалайды. Шапқаннан кейін жақсылап тыныығып алуға шақырады. Атқа мініп шабу қиын, сондықтан жаттығып,

	Сергіту сәті. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. Иығыңды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10 рет секір. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен секір. Иықтарын көтереді, Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру. 3-тапсырма. Суреттерде не бейнеленген,сана және ата. Мысалдар құрастырып,оларды шығар. 4-тапсырма. Вагондарды боя. Сен әр қатардан неше вагон боядың? Әр қатарда неше вагоннан болды? Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Балалардың денсаулығын сақтау және	Жыл ақсақалы шақырыпты. – Қыздарым! Ақылдарың толысты, буындарың бекіді. Енді мен сендерге үлкен сенім артып, зор міндет жүктегелі отырмын. Қалай көресіңдер-деп, немере қыздарына сынай қарапты. Қыздар дайынбыз қандай тапсырмаңыз бар дейді қыздар.Жыл ақсақалы оларға риза болады. – Ендеше, мен сендерге он екі айды үш-үштен теңдей бөліп, енші бергім келіп отыр, — дейді Жыл ақсақалы. Мына әр қағазға ай аттары жазылған, әрқайсысың үш-үштен алатың болыңдар, — деп ораулы он екі қағазды шашып тастайды… Қыздар шашылған қағаздарды таласып – тармасып алып алады. – Сонымен сендер кезекпен үш ай жұмыс істейтін боласыңдар. Ал жолдарын болсын! Бірақ бір ескертерім, әрқашан халық үшін, адамдар үшін қызмет ететіндеріңді ұмытпаңдар,- дейді де Жыл ақсақалы кетуге ыңғайланады. Содан бері жылдың төрт мезгілі- көктем, жаз, күз, қыс адамдарға қалтқысыз қызмет етумен келеді. Балалар ертегіні зейін қойып тыңдайды. Суретпен жұмыс. Қай мезгіл деп ойлайсыңдар? Қыс мезгілі. Жарайсыңдар балалар қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе. Қар жауады, аяз болып, боран соғады. Қыс туралы тақпақ білеміз ба? –Иә. Қандай суық қыс деген.Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең.		домалату. 2. Б.қ.: отыру. Допты табандарымен екі бүйірден қысып 5–10 секунд ұстап тұра, арасында босату. 3. Б.қ.: отыру. Допты домалату, екі аяқпен бір уақытта, өкшеден башпайларға қарай домалату. 4. Б.қ.: отыру. Табандарын допқа қояды. Допты қатты баспай, оңға/солға айналдырады. 5. Б.қ.: отыру. Өкшені доптың үстіне қояды. Аяқтың ұшы жерге тиіп тұрады. Өкшемен допты басады, екі аяқпен бір уақытта немесе бөлек-бөлек жасауға болады. Негізгі қимылдарды орындау: Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Екі сап түзеп тұру. Жаттығуларды түсіндіру және орындалу тәсілін көрсету: доптың ұшу траекториясы бүгілген қолдарды белсенді жазуға тікелей байланысты. Тәрбиеленушілер оң, сосын сол қолдарымен лақтырған кезде шынтақтан бүгілген қолын екпінді түрде жазады. Алға, жоғары, алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша бірінші қатар текшені белгіленген сызықтан асыра лақытруға тырысады, содан кейін екінші қатар лақтырады. Тепе-теңдік – қолдарын	спортпен шұғылдану қажеттігін ескертеді.

	қорғау, физикалық үйлесімді, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту,**Дене тәрбиесі** дың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Екі-екіден жұптасып сапқа тұру, тізені жоғары көтеріп, кең адымдап «күртік қардан» аттап өту – «ағаш түбірлерінен аттап өт». Ойын түріндегі жаттығу: «Орман жұмбақтары». Түзде жүрер көк сері. (Қасқыр) Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын. Құйрығымен бұлтартып, Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі) Үстінен тоны түспеген Сонда да араз қыспенен. (Аю) Солға қосалқы адым жасап жүру: денесін тік ұстап, алға қарау және иықтарын солға бұрмау. «Орман ішіндегі серуен» – ойын түріндегі гимнастика: денесін тік ұстау, солға-оңға бұрылу. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: 20 см биіктен тереңге секіру. Орындықтар залдың периметрімен бойлай қойылған. Қояндарға	Құлағыңды тістеген. -Қыс мезгілінде неше ай бар? Үш ай бар. Аттарың айтайықшы Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан. «Желтоқсан- жылдың аяғы, қыстың басы суық, ызғарлы». «Қаңтар- жылдың басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай, бұл айда қатты аяз болады». «Ақпан- жел мен боранның айы. Бұл айда ең ауыр, әрі суық,дүлей боран соғады». - Қыс айында қандай ойындар ойнайсыңдар. Қар лақтырып, шанамен сырғынап тебеміз, аққала жасаймыз. -Балалар мынау ненің суреті? -Аққала. — Аққала неден жасалады? -Қардан. -Қардың түсі қандай? -Ақ. -Қар мұздай ма, жылы ма? -Мұздай. -Аққала неше бөліктен тұрады? — Үш бөліктен тұрады.-Оның бөліктерінің пішіндері қандай? Дөңгелек. -Аққала сөзін үш тілде айтып көрейікші: аққала-снеговит- Шығармашылық жұмыс: Аққала жасау. Енді балалар кішкене бір бойымызды жазып,сергітіп алайық. Сергіту сәті: Аққала әні. Рефлексия: балалар біздер бүгін қандай тақырыпта сыр шерттік , таныстық. Сұрақ-жауап арқылы балаларды қорыту. Табиғат қанша бөліктен тұрады? Өлі және тірі табиғатқа нелер жатады?		түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап жүру (лекпен). Доптарды бір-бірінен 1 метр арақашықтықта бір қатарға орналастыру. Нұсқау – тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшына қою, қолдың қалыбын өзгерту. Толтырмалы шарлардан аттап өту кезінде тепе-теңдікті және ырғақтылықты сақтауға назар аударады. Педагогтің белгісі бойынша тәрбиеленушілер бір-бірден қозғалыс басталатын сызыққа жақындайды, толтырмалы доптан аттап өтеді, конусты айналып өтеді және жүгіріп сызыққа оралады. Тәрбиеленушілер қозғалыс кезінде бір-бірден кедергі келтірмеуге және арақашықтықты сақтауға тырысады. Шеңбер құрып тұру. Қимылды ойын: «Соқыртеке» (3 рет). Санамақ арқылы «Соқыртекені» таңдайды, оның көзін байлайды. Соқыртеке балалардың дауыстарымен бағдарлай отырып алаңмен қозғалады, біреуін ұстап алуға тырысады. Балалар түрлі бағытта жүгіреді, қашады. Ойын түріндегі жаттығу: «Зырылдауық»: допты зырылдауық сияқты айналдыру үшін саусақтармен бұрап	

	бөренеден секіріп үйренуді ұсынады. Қатарға қойылған заттарды айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. «Кім епті?». Бір қатарға бес модуль қойылған. Олардың арасындағы қашықтық – бір метр. Балалардың заттарды айналып өту қабілетін, денесін оңға-солға бұру қабілетін қадағалайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». Балалардың допты қарсы тұрған жолдасының қолына дәлдеп лақтыруын қадағалайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). ҰІӘ-ін қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Орманда ойнаған көңілді! Достарыңның көп болғаны және олармен бірге шыныққан қандай жақсы! Топқа оралады.	Бір жылда неше мезгіл бар? **Музыка** Балалардың қазақтың ұлттық аспаптарына деген қызығушылығын арттыру, әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру, балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. **Ән тыңдау**: «Мейрам күні»Н.Меңдігалиев **Ән айту**: «Аспаптар әні» И.Нүсіпбаев **Аспапта ойнау**: Көңілді оркестр **Әуенді-ырғақты ойын:** «Тұлпарым» Ойын:«Ыдыстар оркестрі» Шарты: Шеңберде тұрған балалар аспаптармен әуенді сүйемелдейді.Ортада әуеннің ұзақтылығын қол қимылымен көрсетіп тұрған дирижер бала болады.Әуеннің ауысымына қарай,балалар маршпен жүреді.Аяқтың ұшымен жүреді. Жеңіл секіре жүреді. Музыка әуені тоқтағанда,аспапты балалар ала қояды. Аспап ала алмаған бала дирижер болады.		айналдырады. «Кім бәрінен епті» Қолына доп ұстап, 40 см биіктікке тартылған арқанның астымен еңбектеп өтеді. Нұсқау: допты еденге тигізуге болмайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Өзіне-өзі массаж жасау: «Шапалақ». Спортпен шұғылданған адамның дені сау болатынын еске салады.	
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 7** **Қарды, қар түсуін бақылау** **Міндеті:** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау.	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер	**№ 20** **Теректі бақылау** **Міндеті:** Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кеңелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш)	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау Міндеті:** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай

	Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың **шөгуіне назар аудару.** **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Картотека №5 Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Өз бетінше жұмыс. **Міндеті:** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. **Танымдық Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Өлең оқу. Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық.	көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** **Міндеті:** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Тырсылдап түседі Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) **Еңбек:** Тапсырмаларды орындау. **Міндеті:** Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»** **Міндеті:** Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым -қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Балаларды табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу,жаттау. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп Үлкен жігіт боламыз. **Коммуникативтік дағды**	**Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Міндеті: Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Жолдарды қардан тазарту. **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды**

	Әнің тындап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. **Коммуникативтік дағды**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
	– Мен қазір жұмбақ жасырамын, егер жұмбақтың жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда мен келесі жұмбаққа көшемін. Егер дұрыс болмаса, жасырылған бұйымды сипаттауды жалғастырамын. Жұмбақ шешу. 1. Бір ауызды бұйым бар, Тіктөртбұрыш пішінде. Затыңды аман сақтайды, Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған, Қызығасың түсіне. Айтыңдаршы, бұл не зат, Көрпе жинайтын үстіне? – Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін: Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне	құрастыру үшін қанша қарындаш қажет болса, сонша нүкте сал. Педагог балалармен суреттерді қарастырады, талдайды 6 санын қалай құрастырғанын айтады – төрт және екінің қосындысы. Әрі қарай, балалар тапсырманы өз бетінше орындайды. 2-тапсырма. 6 саны шығу үшін әр түстен тағы қанша алма қажет болса, үйшікке сонша нүкте сал. Педагог алманы қарауды ұсынады. –Қанша жасыл, қызыл? Барлығы қанша? 6-саны шығу үшін, әр түстен тағы қанша алма қажет болса, үйшікке сонша нүкте салуды сұрайды. 3-тапсырма. 7 саны шығу үшін, тағы қанша қыстырғыш қажет болса, үйшікке сонша нүкте сал. Кірпідегі қыстырғыштарға қарауды ұсынады. Ұқсас тапсырманы нақты шынайы заттармен беруге болады. Картон қағаз кірпі мен қыстырғыш әр топқа таратылады. №17 парақтағы сандары бар карточкаларды қолданады. 4-тапсырма. Штрихтауды көрсетілген бағытта орында.	– Әже,нар,піл. Дыбыстық талдау жасаған кезде сөздегі әр дыбысты анық айтуларың керек. Мысалы: «Лақ» сөзіне дыбыстық талдау. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. Лақ сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. Саусақ жаттығуы: Тыңда,орында. Бір,екі,үш, Кәне,жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. 3-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. 4-тапсырма: Бастыр. Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақты тап: Күнде борпылдақ қар еріп, бұтақтарда самал соғып тұр, Құстардың дауысы естілсе, бізге келді деген сөз … Көктемнің қандай қызықтары бар деп ойлайсыз? Балаларды көктемге қонаққа шақырады. Жетекші сұрақ қояды: біз наурыз айында қандай мерекелерді	есте сақтауға жаттығады. -Сырмақ әдемі. -Сырмақ қандай? -Сырмақ әдемі. -Сырмақ жылы. Сырмақ қандай? -Сырмақ жылы. -Сырмақ жүннен жасалады. Сырмақ неден жасалады? -Сырмақ жүннен жасалады. —Мынау — алаша. А-ла-ша. Мынау не? -Мынау - алаша. (Алаша сөзін жеке, хормен айтып сөзді естеріне сақтайды). - Алашада қандай түстер бар? -Алашада қызыл түс бар. (Білетін түстерін айтады). -Мынау - домбыра. (Домбыра суреті көрсетіледі). -Мынау не? -Мынау - домбыра. Педагог үнтаспадан күй тыңдатады (үзінді). Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ- дық-дық — әдемі сандық. Қ-қ-қ-қ - мақ-мақ - сырмақ. Педагог шағын мәтін құрап айтады: Мынау - киіз үй. Киіз үйде сандъщ бар. Сандық ағаштан жасалады. Киіз үйде	сұрайды. – Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? – Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші. – Күшік келе жатып неге жолығады? – Қасқыр не дейді? – Күшік не дейді? – Екеуі келе жатып нелерді көреді? – Қасқыр нені жейді? – Тойған Қасқыр Күшікке не дейді? – Іші пысқан Күшік неге жолығады? – Мысыққа не дейді? – Мысық не дейді? – Күшік жолда нелерді көреді? – Түйеге күшіктің шамасы келе ме? – Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен. **Сауат ашу** **Міндеті:** Буындарды және қысқа сөздерді айтқызу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе келіпті. Ол өзімен бірге бір дыбыс ала келіпті. Бірақ, ол бізге қандай дыбыс алып келгенін айтпаймын дейді. Ол үшін біз оның тапсырмаларын орындауымыз керек. Қоржынның бірінші басында тапсырмалар, екінші басында асықтар бар. Сұраққа жауап берген балаларға бір-бір асықтан беріп отырады. 1-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. 2-тапсырма: Сөздерді буынға бөл. Неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қос. 3-тапсырма: Тыңда, орында. 4-тапсырма: Штрихта 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. **Сергіту сәті:** Ақ лақ Жүні жібек шудадай, Ақ мүйізді аппағым, Үстіңді жүр былғамай, Баспа жердің батпағын. Аяғыңды аңдап бас, Тізеңді тас тілмесін. Бөрі көрсе аямас, Сайға сүйреп жүрмесін. (С.Оңғарбаев) **Дидактикалық ойын: «Буындап оқу»** Педагог қорытынды жасайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған

	қараған түні күн мен түн теңеледі. Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн. – Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер. – Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме? – Оны кім пісіреді? Оған не қосады? Педагог қуыршақ Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі. – Наурыз қай мезгілде келеді? Педагог балаларға шығармашылық әңгіме құрауды ұсынады. Сөздік жұмыс: Тобылғы қамшы сап жасайтын ағаш екенін түсіндіреді. Сергіту жаттығуын үнтаспадағы ұлттық әуен «Қаражорға» биімен жасау. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог	Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырма. «Сиқыршы» ойыны. Педагог 6 (7, 8, 9) моншақтарды көрсетеді. Содан кейін бірнешеуін жұдырыққа қысады. Екінші қолдың алақанындағы моншақты көрсетеді және санауды сұрайды. Жасырылған жұдырықта қанша моншақ бар екенін болжап айтуды сұрайды. Одан әрі, ойынды жұппен ұйымдастыруға болады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық	тойлаймыз? Балалар болжам жасайды, сөйлейді. Қызбен, оның сүйікті мерекесі Наурыз мерекесімен таныстырады. Сөздегі дыбыстардан қыздың атын білу. Балалар сөздердегі бірінші дыбысты ажыратады - Шолпан есімін құрайды. Мерекеге бірге баруға шақырады. «Көктем, Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» атты әңгіме жүргізеді. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Қазір көктемнің қай айы? Балалардан «Наурыз» мерекесі туралы не білетіндерін нақтылайды? Олар нені білгісі келеді? Мұны қалай білуге болады? Наурыз туралы әңгіме - презентация. Наурыз - шығыс Жаңа жылы, көктемгі жаңару мерекесі. 22 наурызда, күн түнге тең келетін күні тойланады. Осы кезден бастап күндер ұзарып, түндер қысқарады. Адамдар бұл мерекені қарсы алуға алдын ала дайындалып, үйлерін, аулаларын жинап, дастархан жайды. Бұл күні ер адамдар күрек алып, бұлақтарды тазалап, ағаш отырғызады. Әйелдер наурыз көже дайындайды, жыл берекелі болсын деп тойып жейді. Бұл күндері бата алу маңызды- бата, бұл үлкендердің тілегі. Мереке сәлемдесуден басталады, екі қолмен амандасу керек. Наурыз мерекесінде барлығы көңіл көтереді, ән айтады, би билейді, ұлттық ойындар ойнайды, айтыс өтеді - бұл домбыраның сүйемелдеуімен ақындар айтысы. Наурыз мейрамы - табиғаттың оянуының көктемнің жарқын мерекесі. Топпен жұмыс. Екі топқа бөледі. 1 топ: «Қазақтың ұлттық тағамдары» Шарты: Аралас суреттерден ұлттық	сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар. (3-4 бала мәтінді қайталайды.) Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Киіз үйді құрайық. Күйіз үй ішінің көрінісі бойынша ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киіз үй ішіндегі заттарды атайды, балалар сөзді қайталап, суретін көрсетеді. Тапсырма беру,орындау. 1.Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Киіз үйде не бар? Балаларға сұрақтар бере отырып,сөйлемдер құрату. Мысалы: Киіз үйде сандық бар. 2.Суреттерге қара. Атауында «Қ» дыбысы бар заттарды көк қарындашпен қорша. Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін». Шарты: «Наурыз мерекесі» тақырыбы бойынша балалар 5 сөз айтады. Рефлексия.	түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу. Балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Педагог тәрбиеленушілерді зергерлік бұйымдарды көруге шақырады. Балалар өздері білетін зергерлік бұйымдарды атайды. Осыдан соң педагог Ф. Оңғарсынованың «Зергер» өлеңін оқиды. Білесің бе бұл істі, Зергерлікке кім дайын? Балқытып ап күмісті, Сапырады судайын. Білезік пен алқаны, Сақинаны, сырғаны Күміс сымнан тартады. – Өлеңде кім туралы, қай мамандық жөнінде айтылған? – Сақина, сырғаны жасайтын адам. – Оны кім деп атайды? – Зергер. – Зергер не істейді? – Әртүрлі әшекей бұйымдарын жасайды. **Дидактикалық ойын: «Әшекейлер»** Лулия сақинасы арқылы **(құрастыру)** Қазақтың әшекей бұйымдары – бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кеңінен қолданған. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Мысалы: күміс сақиналар, сырғалар т.б. **Сергіту сәті:** Сыңғыр, сыңғыр сырғалар, Құлағымда сыңғырлар. Сол қолымда білезік, Саусағымда сақина, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3, бір, екі, үш, Демалайық жинап күш! Әшекей бұйымдары туралы білімдерін әңгімелеп айтады. **Сурет салу** **Міндеті**: қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; **Мүсіндеу** **Міндеті**: алған білім дағдыларын пайдалана отырып, сырға, білезік әшекейлерін мүсіндеу **Жапсыру** **Міндеті:** қағаз бетіне оюды дұрыс орналастыра білу машығына баулу;

	көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады. – Өрік, шие, алмұрт – ... – Түлкі, қоян, қасқыр – ... – Шай, май, тұз – ... – Бет, мұрын, аяқ – ... – Қауын, қарбыз, сәбіз – ... – Үйрек, қаз, тауық Қуыршақ балалармен қоштасып, кетеді. Балалардың қолындағы оюлар саналып, ең зерек те алғыр бала марапатталады. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Балаларға үйден ата-аналарынан «жеті атасын» сұрап білу және жаттап келу тапсырылады. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып	байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну,шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** -Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар? -Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. -Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Әз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде жаз, түнде қыс Секілді екен Наурыз.	тағамдарға қатысты суреттерді тауып,орналастыру. **Жапсыру** 2 топ: «Суретке қара,құрастыр» Шарты: Үлгі суретке қарап құрастыру арқылы әңгімелеп беру. **Құрастыру** **Дене тәрбиесі** минуты. Наурыз әніне музыкалық жаттығу. «Дыбысты тап» ойын жаттығуы. Шарты: Айтылған сөздің қандай дыбыстан басталатынын табу. Жыл сайын Наурыз мерекесіне Шолпан ауылға атасы мен әжесіне қонаққа барады. Ол атасы мен іәжесіне сыйлықтар жасап беруімізді өтініп тұр,ендеше көмектесейік. Екі топқа бөлініп,жұмыстарды орындау. 1 топ: «Әдемі кесе» Шарты: Ермексаздан кесені мүсіндеу. **Мүсіндеу** 2 топ: «Атамның тақиясы» Шарты: Тақияның суретін ою-өрнектермен әшекейлеу. **Сурет салу** Шолпан ауылда Наурыздың қалай тойланатынын айтып береді, Шолпанға сыйлықтарды қораптарға салуға көмектесейік.Шолпанның балалармен қоштасуы. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Бүгін біз не туралы сөйлестік? Киіз үй сияқты шеңберге тұрайық. Киіз үйдің басында не бар? Шаңырақ сөзіндегі бірінші дыбыс қандай? Қазақтардың шаңырағы - бұл үйдің, ошақтың символы және Қазақстанның елтаңбасында бейнеленуі кездейсоқ емес. Қазақстан - біздің ортақ үйіміз, бәріміздің үстімізде ортақ шаңырақ бар. Бір-бірімізге және еліміздің барша халқына жақсы тілектер айтайық. Жұмысыңыз үшін рахмет	Педагог күйші-домбырашы Асылбек Енсеповтың орындауындағы «Кең жайлау» күйін тыңдату арқылы. қорытындылайды. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну,шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі неше айдан тұрады? Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Наурыз айында қандай мерекені тойлаймыз? Сурет бойынша әңгіме құрастырту. Ә.Табылдының «Наурыз тойы» өлеңін жаттату. Күн менен түн теңелді, Күн шуаққа кенелді,	шығармашылық қабілеттерін дамыту; әсемдікке тәрбиелеу. **Музыка** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді,ашық дауыспен таза айтуға үйрету. Әр түрлі ырғаққа ойдан қиммылдар шығаруға үйрету. **Ән тыңдау:** «Қош келдің төрлет наурызым» Б.Бейсенова **Ән айту:** «Көктем келді» **Аспапта ойнау:** Домбыра, сылдырмақ, сазсырнайды ойнап үйрету. **Әуенді-ырғақты ойын»** «Шабандоздар» Ойын: «Телефон» Шарты: Шеңбермен балалар айнала жүреді.Телефон шырылдағанда бір бала көтеріп жауап береді. Күтілетін нәтиже: Балалардың сөздік қорын көбейтіп,бір-бірімен ашық сөйлесуге үйрету.

	күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Дауысты дыбыстар 3) Дауыссыз дыбыстар 4) Қандай түспен белгіленеді? 5) Дауысты дыбыс қызыл түспен,дауыссыз дыбыс көк түспен 6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды? – Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен. Артикуляциялық жаттығу жасау. (айнаға қарап отырып жасайды) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.	Сөздік жұмыс: Сәске – түс мезгілі. Секілді – ұқсайды деген мағынаны білдіреді. Төлдеп жатыр малымыз – көктемде малдар төлдейді. Сары уыз – жаңа бұзаулаған сиырдың сүті. Сұрақ-жауап: -Өлеңде не туралы айтылған? -Сендерге ұнады ма? -Наурыз мерекесі қай мезгілде тойланады? -Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады, малдар төлдейді? Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. Өлеңді қайталап есімізге түсірейік. Өлең шумағындағы сәске, секілді, төлдеп жатыр малымыз, сары уыз сөздерінің мағынасын қайталау. 2-3 балаға өлеңді мәнерлеп қайталап айтқызу. Суретпен жұмыс: Суреттен не көріп тұрсыңдар? Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалардың көңіл күйлері қандай? Наурызкөжеге қосатын дәндерді атайық. Наурыз мерекесі туралы не білесің?	**Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қолөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын өмірге әкелді. Жұмбақ шешу. Көзі көп қабырға, Білінбес жамауы. Тұмсығын шатырға Тығады сабауы, Байланар ақырға, Бұйдалы танауы. (Киіз үй) Педагог тақтаға бірнеше қолөнер туындыларының суреттерін іледі. Балалар олардың аттарын атайды. Мысалы: қоржын, сандық т.б. Бұларды қолөнер туындылары деп атайды. Қолөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Шеберлер қолдарымен жасайды. Сондықтан оларды қолөнер туындылары деп атайды. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері киіз үй жабдықтары мен бұйымдарды, басқа да тұрмысқа пайдаланатын заттарды қолдан жасайды. Суретпен жұмыс. 1-тапсырма: Қандай ою-өрнек түрлерін білесің? Қошқармүйіз, тарақ, қызғалдақ гүлі, ботакөз. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі – қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері	Соны тойлар ел енді. Наурыз тойы – салтымыз, «Көгерсін», - деп халқымыз, Көшеге тал егеміз. Сөздік жұмыс: Көгерсін, теңелді. Көгерсін – көгалдандыру. Теңелді – тең, теңесті. Наурызда күн мен түн теңеледі. Байырғы қазақ күнтізбесі бойынша, наурыздың алғашқы күнін жаңа жылдың басы деп, ұлыстың ұлы күні деп атаған. Тыныштық сәті. Көздерін жұмғызып, көктем мезгілін елестеткізу. Жер-әлем, жап-жасыл. Күн шуағын төгіп тұр. Сылдырап су ағып жатыр. Киіз үйлер қаз-қатар тізіліп тұр. Балалар алтыбақан ойнап, ана-лар наурызкөже пісіріп жатыр. Наурыз тойы басталды. Д/о: «Ұлттық құндылықтар» Ойын шарты: Ұлттық құндылықтардың орнын тауып орналастыру. Сергіту сәті: Қарды ерітіп	

	«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Сурет арқылы тапсырмаларды орындайды. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма: Қай түстің атында (ң) дыбысы естіледі? Белгіле. 2-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. Саусақ жаттығуы: Тыңда,орында. Партадағы саусақтар Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар Сурет сала біледі. Ортанғы мен сұқ саусақ Түйеқұсты салады, Төңкеріліп аспанға Қоян да бола қалады. 3-тапсырма: Үзік	Қорытынды бөлім. Рефлексия. Төрт топқа бөлініп,ойын ұйымдастыру. 1 топ: «Ұлттық ыдыстар» 2 топ: «Ұлттық аспаптар» 3 топ: «Ұлттық киімдер» 4 топ: «Ұлттық ойындар» Ойын шарты: көлеңкесін табу. Бүгін біз не туралы әңгімеледік? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** педагог тәрбиеленушілерді зергерлік бұйымдарды көруге шақырады. Балалар өздері білетін зергерлік бұйымдарды атайды. Осыдан соң педагог Ф. Оңғарсынованың «Зергер» өлеңін оқиды. Білесің бе бұл істі, Зергерлікке кім дайын? Балқытып ап күмісті, Сапырады судайын. Білезік пен алқаны,	әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері. Қошқармүйіз – қазақ оюының ең көне түрі сырмақ, текемет, алаша, кілем, былғары киіз, сүйек ағаш зергерлік бұйымдарының бәрінде кездеседі. тарақ – үлгідегі өрнек күнделікті тұрмыста пайдаланылып жүрген шаш тарайтын тараққа ұқсайтын өрнек. Гүл – гүл өсімдігінің барлық түрлерін тұспалдап көрсететін өрнек. Бұл оюды кесте тоқуда және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады. Ботакөз – сыртқы пішіні ботаның көзіне ұқсап келген өрнек. 2-тапсырма: Киіз үй жабдықтарын ата, артығын сыз. (тұскиіз, сандық, қоржын, кереге, уық, шаңырақ) Ата-бабаларымыз киіз үй көшіп-қону үшін ыңғайлы болғандықтан оны пайдаланған. Қазір де малшылар киіз үйді пайдаланады. Енді киіз үй және оның бөлшектерімен танысайық. Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп-қонуға ыңғайлы, жер сілкінісіне төтеп беретін ең қолайлы баспана. Қазір киіз үйді қаланың қай жерінен көруге болады? (Жайлауда тігеді, кафе ретінде қалалардан көруге болады). Кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Кереге – киіз үйдің ағаштан жасаған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сақырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши,	жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн Мейрамында халықтың. Ұлттық ойын: «Қамшы алу» Ойын шарты: Балалар арқаларын тіреп тұру керек. Қамшы еденде жату керек. Белгі берілгенде қамшыны жылдам алып, жоғары көтеру керек. **Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Лабиринт» ойын жаттығуы. Балалар нұсқауларды орындап, лабиринттен өтеді. Бұл логикалық ойлауды және қарапайым	

	сызықтарды бастыр.Нелердің суреті шықты? 4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. Рефлексия. «Саусақ» әдісі арқылы қорытындылау. **Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Топтық жұмыс. Балалар санамақтың көмегімен 3 топқа бөлінеді. Әр топтың үстелінде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, киімқыстырғыштар немесе басқа материалдар қойылады). Балалардың бірі – жүргізуші болады, ол 1-ден 10-ға	Сақинаны, сырғаны Күміс сымнан тартады. – Өлеңде кім туралы, қай мамандық жөнінде айтылған? – Сақина, сырғаны жасайтын адам. – Оны кім деп атайды? – Зергер. – Зергер не істейді? – Әртүрлі әшекей бұйымдарын жасайды. Педагогтің түсіндіруі: «Қазақтың әшекей бұйымдары» Слайд арқылы көрсетіледі. Қазақтың әшекей бұйымдары – бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кеңінен қолданған. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Мысалы: күміс сақиналар, сырғалар т.б. Әшекей заттарды ажыратып, аттарын бірге атау. (Білезік, сырға, алқа, шашбау, шолпы) Білезік – білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. Көркемдік бұйымның тағы бір түрі – сырға. Сырға – сән үшін тағылатын зергерлік бұйым. Алқа – бірнеше бөлік асыл тастардан шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі. Ол бір-бірімен шығыршық	астары жарғақ теріден жасалған. Көшіп-қонуға ыңғайлы болсын деп, киіз үй жабдықтары теріден, ағаштан жасалынады. Өйткені әйнек, шыныдан жасалған заттар жолда сынып қалуы мүмкін. абажа – тамақ пен ыдыс-аяқ салатын кебеже. Кебеже – сүр ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасалған мүлік. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. тұскиіз – төсектің тұсына ілінеді. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқыған дорба. Аяққап – ыдыс-аяқ салатын қапшық. Сергіту сәті: Шеңбер болып тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңырақты құрайық. 3-тапсырма: Киіз үй бөліктерін атап, суретті аяқтап сал. Қорытындылау. «Саусақ» әдісі арқылы қорытынды жасау.	тұжырымдарды құра білуді дамытуға көмектеседі. Осы ойынның соңында алманың суреттерін қолдана отырып 3, 4, 5 цифрларын құрайды. Балалар суреттерді көрсетеді, былай деп айтады: «1 және 2 алма – бірге үш алма болады. 5 алманы 2 және 3 алмаға, 1 және 4 алмаға бөлуге болады». Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. 10 саны шығу үшін тағы қанша шие қажет болса, үйшікке сонша нүкте сал. Педагог 10 саусақты көрсетуді сұрайды. Доминодағы нүктелерді сана. Қызыл және жасыл нүктелердің санын ата. Содан кейін әр карточкада қанша нүкте бар екенін айт. 2-тапсырма. Педагог балалардан оң қолын, сол қолын көрсетуді сұрайды. –Сол жаққа қарағанда, оң жақтағы заттардың суретін артық сал. –Оң жаққа қарағанда, сол жақтағы заттардың суретін кем сал. –Сол жақтағы заттар қанша болса, оң	

	дейінгі карточкаларды көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады. Әрі қарай педагог (текшелер, ойыншықтар), көлік суреттерін немесе балалар суретін шығарып қояды. –Ойыншықтарға қара. (Мәшинелер, балалардың суреттері.) – Оң жақтағы және сол жақтағы санды салыстырыңдар. –Не артық? Не кем? Қалай тең қылуға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. –Оларды теңестіру үшін не істеу керек? Олар теңестіру үшін бір жағынан артық ойыншықтарды алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қосу керек деген қорытынды жасайды. –Біз ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе артық ойыншықтың бар-жоғын білу үшін сызық сызамыз, бір-бірімен жұптастырамыз. –Сол жақта қанша ойыншық (ыдыс)	арқылы жалғасады және бірнеше төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек әшекейлерден көрініп тұратын болғандықтан, асыл тастармен, өнді әйнектермен безендіріледі. Шашбау дегеніміз – өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар, кейде маржан тағылған, бауы бар сәндік бұйым. шолпы – күміс немесе алтын теңгелер, тиындар қадалған шашбауды шолпы деп те атайды. Себебі бұрымға тағылған шашбаудағы алтын, күміс теңгелер де шашбау теңселген сайын жалт-жұлт еткеннен кейін шолпы аталса керек. Сергіту сәті: Сыңғыр, сыңғыр сырғалар, Құлағымда сыңғырлар. Сол қолымда білезік, Саусағымда сақина, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3, бір, екі, үш, Демалайық жинап күш! Әшекей бұйымдары туралы білімдерін әңгімелеп айтады. Тапсырма. Әйел адамдарға арналған заттарды қызыл түспен, ер адамдарға арналған заттарды көк түспен боя. Толықтыр. Әйелдерге арналған сәндік бұйымдар: алқа, белбеу, білезік, жүзік, күміс		жаққа сонша сурет сал. Педагог тапсырманы орындау тәсілін бақылайды. Балалар санайды, одан кейін бірдей немесе артық/кем заттарды суреттеп салады. 3-тапсырма. Жейдеде көрсетілген цифр шығатындай, жейде мен шалбарды сызып қос. Педагог шалбарда қандай цифр жазылғанын қарауды және оларды атауды ұсынады. Осы екі санды санау материалының көмегімен суреттейді. Содан кейін барлығын бірге қосып санайды. Жейде мен шалбарды жейдеде көрсетілген цифр болатындай етіп біріктіруді сұрайды. Егер бала қиындыққа тап болса, онда ол қайтадан санау материалын пайдаланады. 4-тапсырма. Штрихтауды көрсетілген бағытта орында. «Сиқыршы» ойыны. Педагог 9 (10) бұршақ немесе моншақтарды көрсетеді. Содан	

	бар екенін сана. Педагог балалардан ойыншықтарға (ыдыстарға) қол тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. 4 ойыншық шықты. –4 цифры бар карточканы сал. –Басқа ойыншықтарды (табақтарды) сана. –Олардың саны қанша? (3). –Қайсысы артық? Қайсысы кем? –Енді басқа сөредегі ойыншықтарды сана. Педагог оларға қойылған ойыншықтарды санауға көмектеседі. Мысалы, жүк көліктері (5) және жеңіл автомобильдер (6). – Қанша жүк көлігі бар? (5). –Қанша жеңіл көлік бар? (6) Әрі қарай, педагог ойыншықтардың екі түрін бірдей болған жағдайда олардың саны бойынша салыстыруды ұйымдастырады. –Қуыршақтарды сана. Олар қанша? (5). –Мәшинелерді сана (5). Не артық? Не кем? Мәшинелер мен қуыршақтар тең. Сергіту сәті.	оймақ, шашбау, шолпы, сақина, түйреуіш, тұмарша, сырға. ерлерге арналған бұйымдар: кемер белбеу, кісе, аяққиім, тақия. Бұндай әшекей бұйымдар үлкен еңбектің арқасында келеді екен. Сондықтан ұста, шеберлердің еңбегін үлкен құрметпен бағалау керек. Қорытынды. Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан жүзікті кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен. **Музыка** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза айтуға үйрету.Әр түрлі ырғаққа ойдан қимылдар шығаруға үйрету. Ән тыңдау: «Қош келдің төрлет наурызым» Б.Бейсенова Ән айту: «Қаситетті мерекем»		кейін бірнешеуін жұдырыққа қысады. Екінші қолдың алақанындағы бұршақты көрсетеді және санауды сұрайды. Жасырылған жұдырықта қанша бұршақ бар екенін болжап айтуды сұрайды. Одан әрі, ойынды жұппен ұйымдастыруға болады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып,	

	Бір, екі, үш, төрт, бес, Барлығымыз санаймыз. Демалуды білеміз - Қолды артқа түреміз, Басымызды көтереміз, Және терең дем аламыз. Оңға қарай біз жүреміз, Бағытты біз солға аламыз, Шеңберге біз жиналамыз, Орнымызға ораламыз. Біз тып-тыныш отырамыз, Алақанмен қол ұрамыз! Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Құстың қанша жидегі бар? Сана. Цифрмен сызып қос. Жидегі көп себетті белгіле. Суретте не бейнеленген? Бұл қашан болады? (Қыста.) Балалардан құс пен жидекті (суықторғай) білетінін не білмейтінін сұрап қызығушылықтарын тудырады. Педагог құстың қанша жидегі бар екенін санауды, оны цифрмен сәйкестендіруді сұрайды. Осыдан кейін ол жидектері көп себетті	Қ.Жүнісов Аспапта ойнау: «Көңілді марш» Б.Жүсіпалие в «Әуенді-ырғақты ойын» «Күйші болғың келеме?» Ойын:«Кім епті»		таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жүру. Қолға арналған тапсырма – қолды екі жаққа, жоғары, алға созу. Бағытты өзгерте отырып, алаңмен баяу жүгіру (1 мин), тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру. 2 тізбекке қайта тұру. Бір-бірден тізбекке тұру. «Биік және аласа» жаттығуы. «Алыптар мен ергежейлілер» жаттығуы. Суық тиіп сырқаттануың алдын алуға арналған массаж: «Сақал». Иә, иә, иә – атамда	

	белгілеуді ұсынады. Егер де балалар бұлай салыстыра алмаса, педагог жидектерді жұппен байланыстыратын сызық жүргізуді ұсынады. – Артық жидек қалды ма? Балалар қорытынды шығарады: сол жақтағы құстың оң жақтағы құсқа қарағанда жидектері көп. Сол жақтағы құста 6 жидек, оң жақтағы құста 5 жидек бар. 2-тапсырма. Сол жаққа қарағанда, оң жақтағы заттардың суретін артық сал. Сол жаққа қарағанда, оң жақтағы заттардың суретін кем сал. Сол жақтағы заттар қанша болса, оң жаққа сонша сурет сал. Педагог тапсырманы орындау тәсілін бақылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. «Бағбан» ойынын ойнау. Ойын жаттығу: балалар заттардың санын салыстыру үшін боялған гүл құмыраларын (немесе көмекші материалды бір реттік шыныаяқтар			бар сақал. Ын, ын, ын – сақалы оның ұзын. Ра, ра, ра – тарақпен тара. Ан-ан-ан – сақал қандай жаман. Қи-қи-қи – сақалды қи. Оқ-оқ-оқ – сақал енді жоқ. Негізгі қимылдарды орындау: 1. Жүру. Қолға арналған тапсырма – қолды екі жаққа, жоғары, алға созу. Бағытты өзгерте отырып, алаңмен баяу жүгіру (1 мин), тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру. 2 тізбекке қайта тұру. «Гол соқ». Спорттық ойын элементтері – футбол. 2 метр қашықтықтан қақпаға допты соғу. Педагог допты аяқпен екпінді түрде ителіруіне және доптың қақпаның ортасына бағытталуына назар аударады. Жаттығуды орындау: тәрбиеленушілер қозғалыс басталатын сызыққа жақындайды, допты белгіге дейін алып барады, педагогтің	

	сияқты) және әртүрлі гүлдерді (олардың орнына түрлі түсті қарындаштарды пайдалануға болады) пайдалана алады. Олар құмыраларға гүл отырғызып, қанша гүл бар екенін анықтау керек. Содан кейін олар әртүрлі құмыралардағы гүлдердің санын салыстырып, қай құмырада көбірек гүлдер бар екенін анықтайды. 3-тапсырма. Қалай ойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле. – Мәшинеңің жанында ненің суреті салынғанын ата. (Жол.) Паровоз үшін қандай таңдау бар? Сол жақ суретпен не жұптасуы керек? Белгіле. Балалар өз таңдауын түсіндіреді. 4-тапсырма. Штрихтауды көрсетілген бағытта орында. «Қайда көбірек, ата» ойын жаттығуы. Педагог балалар тобын өзінің сол және оң жағына			белгісі бойынша оның артынан жүгіреді және допты аяғымен келесі ойыншыға домалатады, тізбектің соңына барып тұрады. «Шеңберге тұр» Алаңның әр жағында педагог әр түсті бір-бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тізбегі қызыл түсті кегельді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельді айнала тұрады. Педагогтің «Серуенге?» деген бегісі бойынша барлығы түрлі бағытта жүгіреді. «Өз түсіңді тап!» деген келесі белгі бойынша балалар өз орындарына барып, шеңбер жасайды. 2. Қолға арналған тапсырмалармен жүру: қолдарды жан-жаққа, жоғары, белге, алға соз. Қорытынды кезең (Рефлексия). Қимыл-қозғалыс ойындары: «Асықтарды жина». Шарты: Тәрбиеші жерге әртүрлі түсті асықтарды шашып тастап, балаларға түст еріне	

	тізіліп тұруға шақырады (мысалы, 5 және 8 бала). Қалған балалар қай жақта көбірек екенін айтуы керек. Әрі қарай педагог жұппен тұруды сұрайды. Қай жағында балалар артық қалды? Қандай қорытынды жасауға болады? Теңестіру үшін тағы қанша бала керек? Педагог балалардың екі тобын салыстыру үшін қолданған сөздерді қайталауды ұсынады: артық, кем, бірдей/ тең. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.			сәйкес салуды ұсынады.	

	Дене тәрбиесі **Міндеті:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды орындау. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» екі қатарға				

	тұру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, залды сол жақтан, оң жақтан тез айналып өту, бірінші қатардың артына барып тұру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке». Ойын тәртібінің сақталуын қадағалайды. Санамақтың көмегімен «Соқыртекені» таңдап алады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Қимыл-қозғалыс ойындары: «Түрлі-				

	түсті асықтар». Шарты: Балалар шеңбер айналып жүреді.Әуен тоқтағанда әр бала қолындағы асықтың түсі бойынша орындарына тұра қалып,қолдарындағы асықтарын жоғары көтеріп көрсету керек.				
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау Міндеті:** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** **Міндеті:** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.	**№ 20** **Теректі бақылау** **Міндеті:** Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»** **Міндеті:** Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым -қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Балаларды табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу,жаттау. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз.	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кеңелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш) **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау.	**Қайың ағашын бақылау** **Мақсаты**: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай** Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. **Зерттеу жұмысы** Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? **Еңбек**

	тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Жолдарды қардан тазарту.** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды**	Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Тырсылдап түседі Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) **Еңбек:** Тапсырмаларды орындау. **Міндеті:** Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Бәріміз де ер жетіп Үлкен жігіт боламыз. **Коммуникативтік дағды**	Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Міндеті: Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. **Қимылды ойын:** «Орамал тастамақ» Мақсаты: _- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. **Жаттығу ойыны** Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, эже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау - бауырсақ. -Мынау не? -Мынау - бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). -Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ - дәмді бауырсақ. Сақ-сақ - жеймін	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өткенді еске түсіру. Суреттерде не бейнеленген? Тапсырмаларды орында. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма: Суреттен қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді ата. 2-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. Саусақ жаттығуы: Тыңда,орында. Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады, Білекке сенім артады. 3-тапсырма: Штрихта. 4-тапсырма: Үзік	**Жеке қауіпсіздік** **«МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»** **Мақсаты:** балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету. **Міндеттері:** Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін бес негізгі кеңеспен таныстыру. Адасып кеткен жағдайда қай жерде қалудың маңыздылығын түсіндіру. Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) есте сақтауларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру: 1-кеңес. Орныңда қал. Егер адасып кетсең, ең бастысы – орныңда қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. 2-кеңес. «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара. 3-кеңес. Егер телефон болса, ата-анаңа қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналаңдағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкеңнің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға	**Вариативтік компонент** **«Көліктің адам өміріндегі пайдасы»** **Тақырыбы: «Көлік ішінде»** **Мақсаты:** Көлік түрлерінің адам өміріндегі пайдасы туралы түсінік беру.Уақыттың ұтымдылығы туралы айту. Балалардың ой қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ шешу Төбесінде ебелек, Ұшады өзі керемет. (Тікұшақ) Табанында жолы бар, Төбесңнде қолы бар. (Трамвай) Құстан аумайды, Көкке заулайды, (ұшақ) Сымға асылып, Жүр асығып.(троллейбус). Кіріспе әңгіме -Көліктің қандай	**Жеке қауіпсіздік** **«ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»** **Мақсаты:**. балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету. **Міндеттері:** Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру. Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру. Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардың жанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру. Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса да дәмін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау . Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату.

	бауырсақ. -Мынау - құрт. Құ-у-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. -Мынау не? —Мынау — құрт. -Мынау - қымыз. Мынау не? -Мынау - қымыз. -Қымыз өте дәмді. -Қымыздың дәмі қандай? —Қымыз өте дәмді. -Мен қымыз ішемін. —Сен не ішесін? -Мен қымыз ішемін. -Мынау - шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат. -Мынау не? -Мынау - шұбат. -Шұбат өте дәмді. -Шұбаттың дәмі қандай? -Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. -Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? —«Қ» дыбысы. Педагог дыбыстардың дұрыс дыбысталуын қадағалайды. Жұмысты айнамен жүргізеді. Дыбыстық жаттығу. Қ-қ-қ-қ - қққымыз - қымыз Қ-қ-қ-қ - ққұрт - құрт Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық,	сызықтарды бастыр,жалғастыр. Рефлексия Педагог ҰІӘ-тін қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды,мақтайды. Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт. 4-кеңес. Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір. Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе газалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра. 5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орныңда қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. Ережелерді қайталау: Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау. Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ZHH-0Nn_TgQAIb91 https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij	түрлері бар? -Ауамен ұшақ, суда-кеме, қайық жүзеді. Жерде, көшеде машиналар, теміржолда - пойыз, трамвай жүреді. Осы көліктер әртүрлі мақсатта қолданады. біір жүк тасиды, екіншісі адам тасиды. -Көлікке отырғанда абай болу керек. Көлік терезесінен қолыңды, басыңды шығаруға болмайды. Көліктер туралы түсінік беру 1. Жер үсті көлігі: машиналар, автобустар, т. б. 2. Су көлігі: қайық, кеме, катер, теплоход, т. б. 3. Әуе көлігі: ұшақ, тік ұшақ. 4. Жер асты көлігі: метро. Жер үсті көлігінің түрлері: 1. жолаушы 2. Жүк тасымал 3. Арнаулы: жедел жәрдем, өрт сөндіру, МАИ көлігі, т. б. -Көліктің адамдарға қандай пайдасы бар? Сергіту сәті Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Қорытындылау.	Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау: Балалармен үйдегі қауіпті заттардың жанындағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Егер дәрілерді тауып алсаң, не істеу керек?», «Тұрмыстық химиямен ойнауға бола ма?» т.б. сұрақтар қою. Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/topPwzQFQlE?si=3xsiXpAbNDcb8zRp https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij

	Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық, Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. «Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Тағамдар Ойын: «Дұрыс ата». Тағамдарды атайды, қаламмен тексереді. Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1 .Ұлттық тағамдарды ата. 2.Суреттен ұлттық тағамдарды тап. Оларды үстел үстіне сызып көрсет. Сен не жедің? Не іштің? Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балалар сөйлем құрайды. Мен бауырсақ жедім. Мен қымыз іштім. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. - Бүгін ең қызық қандай тапсырма болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.			«Жер, су, ауа» ойынын ойнату «Жер»- автобус сияқты жүреді. «Су» - кеме сияқты жүзеді. «Ауа» - ұшақ болып ұшады.	

Балалармен жеке жұмыс	**Мансур _____ жеке жұмыс** Өз ойын түсінікті жеткізуді, өзінің пікірін айтуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды, «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратуды, оларға дұрыс жауап беруді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Қалдық және табиғи материалдан құрастыруды жетілдіру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур жеке жұмыс** Жазу парағында бағдарлай білуді, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 3**	**№ 1**	**№ 20**	**№ 19**	№2
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат**	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықты айналып жүру, жүгіру. Педагогтің белгісі бойынша асықтарды көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік	**Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат**	**Ұлттық ойын: «Теңге жинау»** **Шарты:** Ойынға барлық бала қатысады, кім көп жинаса сол жеңімпаз атанады. **Адал Азамат**	**09.03.26** **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** шеңбер түрінде дөңгелентіп тасталған жіпті бойлай жүруге, тепе-теңдік сақтауға үйрету, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Төрт аяқтап еңбектеген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, топпен бірге жұмыс істеу және жіпке денесін тигізбеу қабілетін дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Ойын: «Не жасырылғанын тап!». Балалармен бірге таспа жіпті пайдалану жолдарын анықтайды. Таспа жіп ұстаған гимнаст қыздың суретін көрсету Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал, тез көтер» – таспа жіптің төңірегінде жүру, жүгіру. Екі ұшы бір-біріне байланған таспа жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау, арақашықтықты сақтау. Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау: Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру – гимнасттар сияқты әдемі жүру. Жаттығуды дұрыс орындау жолдарын түсіндіру: қолды қапталға созып, басты тік ұстайды, табандарымен таспа жіпті басады; шеңбердің сыртына шықпау керек.

		ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындайды. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр»– екі қатарға тұру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа лақтыру. Алақан мен тізені тіреп, көлбеу тақтай үстімен өрмелеу. Топқа бөлініп жасайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Марғаулар». Еңбектеу тәсілін еске салады. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдауына назар аударады. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына келгенде екі жаққа ажырайды. Балалардың екі жаққа ажырағанда тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш». Шеңберлер – қарлығаштардың ұясы. Қарлығаш өте әдемі әрі шапшаң құс. Сондықтан балалар да қимылдарын қарлығаш сияқты әдемі етіп жасауы тиіс. Қорытынды кезең (Рефлексия). «Сиқырлы			Ойын түріндегі жаттығу «Қоңырауға жанаспа». Төрт аяқтап еңбектеу, таспаның астымен төмен еңкейіп өтеді және қоңырауға жанаспауға тырысады. Ойындар ұйымдастыру: «Көбелектер мен құрбақалар». Ойын тәртібін түсіндіру. Белгі бойынша қимылдайды. «Қатып қал!». Бір-бірден тізбекте жүру, тапсырмаларды орындау. **Қорытындылау** **<u>Тіл дамыту</u>** **Міндеті:** Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге «мысық» пен «күшік» қонаққа келіпті. Екі қонағымызды үстел басына отырғызайық. – Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма? – Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер? Олар қандай тамақ жейді? – Мысықтың дауысын кім салып береді? – Ал сенің күшігің қандай дыбыс шығарады? – Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? – Күшіктің анасын қалай атаймыз? – «Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? – Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. – Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? – Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы. – «Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? – Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен Мысық» Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі. – Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр. – Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. – Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді. – Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр: – Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. – Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. – Мысық, мен сені жеймін, – дейді. – Мені тойдыр, күшік. – Жарайды, менімен бірге жүр, –

		асық» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру. Балаларға асықты көрсетеді. Тілек тілеуді ұсынады.			дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. – Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? – Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік: – Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: – Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді. **Сергіту сәті:** Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды. – Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? – Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші. – Күшік келе жатып неге жолығады? – Қасқыр не дейді? – Күшік не дейді? – Екеуі келе жатып нелерді көреді? – Қасқыр нені жейді? – Тойған Қасқыр Күшікке не дейді? – Іші пысқан Күшік неге жолығады? – Мысыққа не дейді? – Мысық не дейді? – Күшік жолда нелерді көреді? – Түйеге күшіктің шамасы келе ме? – Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, сөйлем құрауға үйрету, сөйлем туралы түсінік беру. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балаларды кілем үстіне жарты шеңбер етіп отырғызады. – Кәне, балалар, енді біз өткен дыбыстарды еске түсіріп, қайталайық. – Бұлардың бәрі де – дыбыстар. – Мен қазір бір жұмбақ жасырамын, сол жұмбақтың жауабының бірінші дыбысы бүгінгі танысатын жаңа дыбыс. Жұмбақ: Оң жағымда бес сарбаз, Сол жағымда бес сарбаз. – Балалар, сендер өздерің айтқан сөздерді буынға бөле аласыңдар. Дыбыс буыннан, буын сөзден тұрады. Мен бір сөз айтсам, сендер жалғастыра аласыңдар. Мысалы: сау-..., қол-... т.б. сөздер. Билингвалды

					компоненттерді қайталатады – Дауысты бір дыбыс жеке бір буынды құрайды. Дауысты дыбыстар айтылғанда кеудемізден еш кедергісіз еркін шығады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгілейміз.. Осы дауысты дыбыстардың бәрі де жеке бір буынды құрайды. 1-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 2-тапсырма. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Сөздер неше буыннан тұратынын айт. 3-тапсырма. Тыңда, орында. 4-тапсырма. Үзік сызықтарды бастыр. 5-тапсырма. Бастыр Дидактикалық ойын: «Дыбыстық лабиринт» Қорытындылау **Математика негіздері** **Міндеті:** жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым оқиғаларды тыңдауды ұсынады, ал балалар оқиғалар тізбегінің сөздерін қолдана отырып, жалғасын табады. Мысалы, «содан кейін қыз мектепке барды және ... (оқиғаны аяқтаңыз)». Бұл ойын балаларға оқиғалар тізбегін сипаттауға қолданылатын сөздерді түсіну және қолдану дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Педагог жыл мезгілдерін, әр жыл мезгілінің белгілерін атауды сұрайды. Әр жыл мезгілінде айлар бар. Әр жыл мезгілінде 3 айдан бар. Әр айдың атауы бар. Педагог өлең оқиды. Күнтізбе Ғасырлармен ізімізден біріміздің ереміз, Жыл он екі ай шеңбер жасап келеміз. Қаңтар менен ақпан қарға орайды, Ақ боранда түтек болып борайды. Наурыз бенен сәуірде сел ағады, Мамыр келіп қызғалдақтар жанады, Маусым, шілде ыстық әкеп, терлетіп Егіншілер тамызда егін орады. Қыргүйекте жемістерді терміз, Қазан менен қарашада сарғылт түске енеміз.

					Желтоқсанмен Жаңа жыл да енеді. Одан кейін қайта қаңтар ізінен біз ереміз! Педагог ай атауларын ретімен атап, балалардың қайталауын ұсынады. Содан кейін қыс, көктем, жаз және күз айларын жеке атайды. Балалар қайталайды **Дидактикалық ойын: «Қай кезде киеміз?»** 1-тапсырма. Жыл мезгілдерін және әр жыл мезгілінің айларын ата. Әр жыл мезгілімен заттарды сәйкестендір. Сызып қос. 2-тапсырма. Бастырып сыз. 3-тапсырма. Көктем айларын ата. Олар реті бойынша нешінші? Жапырақтарды көрсетілген санға сәйкес боя. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады.
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналарға наурыз мерекесіне орай қолөнер бұйымдарын жасап келулеріне өтініш білдіру.	«Үйдегі бала өміріне зиянды заттар» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. (балаларға ұялы телефоннан аулақ болуды үйрету)	Балаларды жыл мезгілдеріне сәйкес киінуді ескерту.	Демалыс күндері қауіпсіздік ережесін естен шығармауды түсіндіру.	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін ұсыну.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Мен – Қазақстанның баласымын!»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.03 - 27.03.2026 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау				Ертегі айтып беру және қуыршақ немесе үстел-үсті теарын қолданып ойнауына жағдай жаса **«Күй күмбірі»** «Ақжелең» Күйші Қазанғап **Адал Азамат** **Адал Азамат**	Сиқырлы сандықты көрсетіп одан ертегілер әлемінен келген кейіпкерді алып таныстыру **«Күй күмбірі»** «Ақжелең» Күйші Қазанғап **Адал Азамат** **Адал азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу				Баланың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу	Ата-аналармен баланың үй режимі жайында кеңестер.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)				**Өнегелі 15 минут** **«Үй шаруасына жауапкершілік»** (Балалармен мақал-мәтел жаттау)	**Өнегелі 15 минут** **«Мейірімділік тарихы»** (Балалармен әңгімелесу)
Ертеңгілік жаттығу	**№ 14 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)				**«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы** Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	«Жұпты тап» Мақсаты: балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету **(математика негіздері)**

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ				**<u>Дене тәрбиесі</u> (таза ауада)** **Міндеті:** тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. **Ұйымдастыру барысы:** Дидактикалық ойын: «Атауын ата және көрсет»: беттегі ауыз, мұрын, құлақ, көз сынды мүшелерді атап беруге шақырады. Ойын соңында денсаулықты күту, аурудың алдын алу жөнінде жалпы түсінік береді. Әр баланың – ең әдемі, ең үздік екеніне, денсаулықты нығайту керектігіне ерекше назар аударады. Ойын түрінде бір-бірден тізбекке тұру, «Өз орныңды тап!» ойыны. Тізбектегі қашықтыққа назар аудару. Бағытын ауыстыру арқылы бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру. Екі тізбекке тұру. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың орындалуын көрсету. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: «Шыршалар, шырша бүрі, қояндар». Организмді шынықтырамыз. Спорттық жаттығулар – самокат тебу. Педагог тәрбиеленушілерге самокатпен жеке-жеке сырғануды ұсынады. Жердің бетінен бір	**<u>Дене тәрбиесі</u>** **Міндеті:** сапты бұзбай жүгіру және жүру қабілетін дамыту, өз қимылын өзге балалармен келісіп отыруға үйрету. Жіпті бойлай жүрген кезде тепе-теңдік сақтау, жалпақтабанның алдын алу. Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту **Ұйымдастыру барысы:** Балалардың назарын шеңбер пішінінде тасталған жіпке аударады. Бұрынғы сабақтарда жіпті пайдаланып орындаған жаттығуларды, жіпті пайдалану жолдарын еске түсіруді сұрайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез шеңберге кір». Музыканың ырғағымен өкшені жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, денесін тік ұстайды. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – арақашықтықтарын сақтау, мұрын арқылы демалу, қимылдарды үйлесімді орындауға тырысу.

				аяқтарымен екіпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтауға баса назар аударады. «Мұрныңды тауып көрсет». Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар. «Мұрныңа серуенге дайындалуға көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады. «Мұрын еркелейді». «Мұрын жұпар иіс иіскейді». «Мұрын өлең айтады». «Мұрнымызды жылытамыз». «Мұрын үйге қайтады». Қорытындылау **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлең мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенді сыйлай білуге, отбасын құрметтеуге тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Педагог балалардан жақында қандай мереке өткенін сұрайды. – Көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі. – Біз аналарымыз бен әжелерімізге арнап қандай тақпақ жаттадық? – Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» деген өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.	Шеңбер формасындағы жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Балаларды шеңбер бойына тарату. Негізгі іс-қимылдарды орындайды: Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру. Табанды жіптің үстіне қою, шеңберден шықпау қабілетін бақылау. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне домалатады (қашықтық – 2 метр). «1-2-3 – жұбыңды тап!» командасы бойынша өз жұбын табу. Допты екі қолдың күшімен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға балалардың назарын аудару. Жіпті пайдалану арқылы: «Соқыртеке» ойынын ұйымдастырады. Соқыртеке рөлін орындайтындарға арнап шеңбер жасайды. Ең епті әрі алғыр балаларды ынталандыру. **Қазақ тілі** **Міндеті:** жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін

				Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен. ***Сұрақ-жауап:*** Әже қандай адам***?*** Өлең кімге арналған? Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. **Сергіту сәті:** Біз балдырған баламыз, *(өздерін көрсетеді)* Өсіп-өніп толамыз. *(екі қолын жоғары-төмен қозғайды)* Күнге қарай талпынып, *(бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)* Көкке қолды созамыз. *(екі қолды алға созады)* Қанат қағып ұшамыз, *(екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді)* Қарлығаштай самғаймыз. *(самғап ұшуды бейнелейді)* Суретте не бейнеленген? Сурет саған ұнады ма? Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр? Сен әжеңе қалай көмектесер едің? ***Есіңе сақта:*** *«Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». Қорытындылау* **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. Көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. **Ұйымдастыру барысы:**	сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбер** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! -Қазір жылдың кай мезгілі? -Қай ай? **Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. **Жаңылтпашпен таныстыру.** Мағынасын түсіндіру. Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді. Балалар жай, жылдам қайталайды. Суреттермен жұмыс. **Жаңа сөздермен таныстыру.** -Көктемде құстар келеді. —Көктемде не келеді? -Көктемде құстар келеді.

				Қуыршақтар - Сэуле мен Арман қонаққа келеді. «Құс келді» тақпағын қайталау. **Құс келді** Қар су боп жөнелді - Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. (Б.Қозыкеев) - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем). - Көктемде ауланы тазалайды. Таза - тазалайды. - Көктемде не тазалайды? - Көктемде ауланы тазалайды. - Мынау - арық. (Суретті көрсетеді). - Мынау не? - Мынау - арық. - Көктемде арықты тазалайды. - Көктемде арықпен не істейді? - Көктемде арықты тазалайды. - Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді). - Көктемде не істейді? - Көктемде ағаш отырғызады. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. **Дидактикалық ойын:** «Сөйлемді аяқта» Көктемде ағаш ... Көктемде... Көктемде ауланы тазалайды Көктемде... **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк- көктем Ө-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп **Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.	- Мынау - қараторғай. - Мынау не? - Мынау - қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). -Көктемде қараторғай келеді. -Көктемде қандай құс келеді? -Көктемде караторғай келеді. -Мынау - қарлығаш. -Мынау не? -Мынау - ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. —Көктемде карлығаш ұшып келеді. -Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. - Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. - Көктемде келетін құстарды қалай атайды? - Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар - адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек. Балалар қайталайды. **Сергіту сәті:**

				Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?» Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауап беріп сөйлемді қайталайды. Сөйлем құрлымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады. • Көктемде гүл өседі. • Көктемде көгөніс піседі. • Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым оқиғаларды тыңдауды ұсынады, ал балалар оқиғалар тізбегінің сөздерін қолдана отырып, жалғасын табады. Мысалы, «содан кейін қыз мектепке барды және ... (оқиғаны аяқтаңыз)». Бұл ойын балаларға оқиғалар тізбегін сипаттауға қолданылатын сөздерді түсіну және қолдану дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Педагог жыл мезгілдерін, әр жыл мезгілінің белгілерін атауды сұрайды. Әр жыл мезгілінде айлар бар. Әр жыл мезгілінде 3 айдан бар. Әр айдың атауы бар. Педагог өлең оқиды. **Күнтізбе** *Ғасырлармен ізіміздің біріміздің ереміз, Жыл он екі ай шеңбер жасап*	**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ұ-ұ-ұ-ұя - ұя - ұя **Дидактикалық ойын:** «Ұ» дыбысы бар ма, жоқ па». Педагог сөздерді айтады, балалар «иә»,«жоқ», - деп жауап береді. Сөздер: үстел, тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем, шөп. Ойын «Біреу - көп» Педагог бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады. - Құс - құстар. - Қарлығаш - қарлығаштар. - Қараторғай - қараторғайлар. (Балалар қайталайды). **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Міндеті:** Буындарды және қысқа сөздерді айтқызу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе келіпті. Ол өзімен бірге бір дыбыс ала келіпті. Бірақ, ол бізге қандай дыбыс алып келгенін айтпаймын дейді. Ол үшін біз оның тапсырмаларын

				келеміз. Қаңтар менен ақпан қарға орайды, Ақ боранда түтек болып борайды. *Наурыз бенен сәуірде сел ағады,* *Мамыр келіп қызғалдақтар жанады,* *Маусым, шілде ыстық әкеп, терлетіп* *Егіншілер тамызда егін орады.* *Қыргүйекте жемістерді тереміз,* *Қазан менен қарашада сарғылт түске енеміз.* *Желтоқсанмен Жаңа жыл да енеді.* *Одан кейін қайта қаңтар ізінен біз ереміз!* Педагог ай атауларын ретімен атап, балалардың қайталауын ұсынады. Содан кейін қыс, көктем, жаз және күз айларын жеке атайды. Балалар қайталайды **1-тапсырма.** Жыл мезгілдерін және әр жыл мезгілінің айларын ата. Әр жыл мезгілімен заттарды сәйкестендір. Сызып қос. **2-тапсырма.** Бастырып сыз. **3-тапсырма.** Көктем айларын ата. Олар реті бойынша нешінші? Жапырақтарды көрсетілген санға сәйкес боя. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады.	орындауымыз керек. Қоржынның бірінші басында тапсырмалар, екінші басында асықтар бар. Сұраққа жауап берген балаларға бір-бір асықтан беріп отырады. 1-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. 2-тапсырма: Сөздерді буынға бөл. Неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қос. 3-тапсырма: Тыңда, орында. 4-тапсырма: Штрихта 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. **Сергіту сәті:** Педагог қорытынды жасайды. **Музыка** Балалар музыкалық аспаптарда қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Ән тыңдау: «Отанымa көктем келді» Ән айту: «Наурыз думан» Аспапта ойнау: Шулы аспаптарды ойнау. «Әуенді-ырғақты ойын» «Батырлар биі» Ойын:«Тақия тастамақ» Шарты: Балалар Шеңберде тұрады. Санамақ арқылы бір баланы тақиямен

					ортаға шығарамыз.Білдірмей бір баланың қасына тақия тастайды, тақияны алған бала қаша жөнеледі. Артынан қуып жетіп тақияны алуы қажет.
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Көктем келді » тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен				№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)				**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: «Көліктер» **Мақсаты**: Көліктің шығу тарихымен таныстыру,балаларды әр түрлі көлік түрлерімен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар «Күлімдеу» ертеңгілік жылулық шеңберін өткізеді.	Ұлттық ойын:«Соқыр теке» Міндеті: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту **Адал Азамат**

				Көліктер туралы әңгіме жүргізу. -Көліктің қандай түрлерін білесіңдер балалар? -Ал балалар көліктің суретін салайықшы бәріміз.Жарайсыңдар балалар. -Балалар, бүгін біз сендермен көліктер туралы сабақ өтеміз.Көлік қалай пайда болғаны туралы әңгімелеп беремін. Әлемдегі ең алғашқы автокөліктің тарихы Қозғалатын көліктің ең алғашқысы Кагнот деген адам ең алғашқы көлікті ойлап тапты.Франция деген мемлекетте .Ал жанармаймен жүретін алғашқы көлікті Бенц деген адам үш дөңгелекті,екі орындығы бар көлік ойлап тапты. Көлік,бұл өздігінен қозғалатын,жолаушыларды және түрлі заттарды тасымадау құралы болып табылады. «Көлік» ойынын ойнауды ұсынады («сиқырлы қапта» ойыншық жүк мәшине, жеңіл мәшине,кеме,автобус,трамвай,паровоз және т.б.) «Автомобиль» туралы әңгіме оқып беріледі. Автокөліктерді пайдалу ережелері(автобус,трамвай, т.б)автокөлікке отырғанда мұқият болу керектігі,экскаватор,кран сияқты көліктерді алыстан айналып өту керектігі және трамвай жолдары жолдары туралы әңгімелейді.	
Балалармен жеке жұмыс				**Мансур жеке жұмыс** Өз өмірінің қауіпсіздігін түсінуді және сақтауды, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуді және ажыратуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мансур жеке жұмыс** Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды үйретуді жалғастыру. **(Шығармашылық**

					дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен				№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Адал Азамат**				
				(23.03.2026ж) **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін арттыру. Ертегінің мазмұны арқылы кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екені туралы түсініктерін кеңейту **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: «Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай». (Әтеш) -Қандай жан-жануарлар туралы ертегі білесіңдер? -Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген ертегімен танысамыз. -Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. Сөздік жұмыс: Әтеш – үй құсы, жем, тарыны тұмсығымен шоқып жейді. «Ку-ка-ре-ку!» деп шақырады. Мысық – үй хайуанаты. Ол мияулайды. Шап беріп – тез ұстап алу.	**(24.03.2026ж)** **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** шеңбер түрінде дөңгелентіп тасталған жіпті бойлай жүруге, тепе-теңдік сақтауға үйрету, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Төрт аяқтап еңбектеген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, топпен бірге жұмыс істеу және жіпке денесін тигізбеу қабілетін дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** Ойын: «Не жасырылғанын тап!». Балалармен бірге таспа жіпті пайдалану жолдарын анықтайды. Таспа жіп ұстаған гимнаст қыздың суретін көрсету Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал, тез көтер» – таспа жіптің төңірегінде жүру, жүгіру. Екі ұшы бір-біріне байланған таспа жіппен жалпы дамытатын

				Тәкаппар – мансінбей, кеудесін көтеруді айтамыз. -Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? -Ертегіде не туралы айтылған? -Қай кейіпкер саған ұнады? -Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? -Мысық қайда кетеді? -Әтешті түлкі қалай алдады? -Мысық әтешті қалай құтқарды? -Түлкінің жасағаны дұрыс па? **Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ертегі?»** **Сергіту сәті** -Мысық қалай жүреді? Қалай дыбыстайды? -Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады? -Түлкі қалай қуланады? Құйрығын қалай қозғалтады? Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды. -Ертегіні қайталап есімізге түсірейік. Ертегі сюжеті бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Ертегіні 3-4 балаға қайталату. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** жылдың айлары туралы ұғымдырын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімін бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Басталған істі соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) ойнауға шақырады. **«Қай ай?» дидактикалық ойыны.** Әлия мен Сырым жылдың айлары туралы сұрақтар қояды. Мысалы:	жаттығуларды орындау, арақашықтықты сақтау. Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау: Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру – гимнасттар сияқты әдемі жүру. Жаттығуды дұрыс орындау жолдарын түсіндіру: қолды қапталға созып, басты тік ұстайды, табандарымен таспа жіпті басады; шеңбердің сыртына шықпау керек. Ойын түріндегі жаттығу «Қоңырауға жанаспа». Төрт аяқтап еңбектеу, таспаның астымен төмен еңкейіп өтеді және қоңырауға жанаспауға тырысады. Ойындар ұйымдастыру: «Көбелектер мен құрбақалар». Ойын тәртібін түсіндіру. Белгі бойынша қимылдайды. «Қатып қал!». Бір-бірден тізбекте жүру, тапсырмаларды орындау. **Қорытындылау** **<u>Тіл дамыту</u>** **Міндеті:** Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы

				«Қаңтардан кейін қай ай келеді?» немесе «Жылдың сегізінші айы қандай?» Бұл ойын балаларға айлардың ретін және олардың аттарын есте сақтауға көмектеседі **1-тапсырма.** Суреттерге қара. Жыл мезгілдерін ретімен сызып қос. Әр жыл мезгіліндегі айларды ата. **2-тапсырма.** Сен ұнататын жыл мезгілінде ағаштың суреті қандай болады? Ағаштың суретін аяқтап сал. **3-тапсырма.** Бастырып сыз. Қорытындылау **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** Киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын атау, олардың қолданыстағы икемділігін түсіндіру. **Ұйымдастыру барысы:** *Шаттық шеңбері* Қолөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын өмірге әкелді. Жұмбақ шешу. Көзі көп қабырға, Білінбес жамауы. Тұмсығын шатырға Тығады сабауы, Байланар ақырға, Бұйдалы танауы. (Киіз үй) Қандай ою-өрнек түрлерін білесің? Қошқармүйіз, тарақ, қызғалдақ гүлі, ботакөз. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі – қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері. Қошқармүйіз – қазақ оюының ең көне түрі сырмақ, текемет, алаша, кілем, былғары киіз, сүйек ағаш зергерлік бұйымдарының бәрінде кездеседі. Тарақ – үлгідегі өрнек күнделікті тұрмыста пайдаланылып	әртістік қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге «мысық» пен «күшік» қонаққа келіпті. Екі қонағымызды үстел басына отырғызайық. – Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма? – Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер? Олар қандай тамақ жейді? – Мысықтың дауысын кім салып береді? – Ал сенің күшігің қандай дыбыс шығарады? – Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? – Күшіктің анасын қалай атаймыз? – «Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? – Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. – Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? – Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы. – «Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? – Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен Мысық» Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі. – Ей, күшік, мен сені

				жүрген шаш тарайтын тараққа ұқсайтын өрнек. Гүл – гүл өсімдігінің барлық түрлерін тұспалдап көрсететін өрнек. Бұл оюды кесте тоқуда және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады. Ботакөз – сыртқы пішіні ботаның көзіне ұқсап келген өрнек **Дидактикалық ойын: «Ою сырлары»** **Сергіту сәті:** Ата-бабаларымыз киіз үй көшіп-қону үшін ыңғайлы болғандықтан оны пайдаланған. Қазір де малшылар киіз үйді пайдаланады. Енді киіз үй және оның бөлшектерімен танысайық. Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп-қонуға ыңғайлы, жер сілкінісіне төтеп беретін ең қолайлы баспана. Қазір киіз үйді қаланың қай жерінен көруге болады? (Жайлауда тігеді, кафе ретінде қалалардан көруге болады). Кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Кереге – киіз үйдің ағаштан жасаған жиналмалы торкөзді сүйегі. Қазақтың қолданбалы өнері. Қолөнер туындыларының суреттері, макеттері немесе слайдтар. Интерактивтік тақтадан оюөрнектердің суреттері слайд арқылы көрсетіледі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сақырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалған.	жеймін, – дейді Қасқыр. – Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. – Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді. – Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр: – Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. – Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. – Мысық, мен сені жеймін, – дейді. – Мені тойдыр, күшік. – Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. – Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? – Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік: – Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: – Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді. **Сергіту сәті:** Педагог сұрақ қою арқылы ертегі

				Көшіп-қонуға ыңғайлы болсын деп, киіз үй жабдықтары теріден, ағаштан жасалынады. Өйткені әйнек, шыныдан жасалған заттар жолда сынып қалуы мүмкін Қорытындылау **Музыка** Балалар музыкалық аспаптарда қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Ән тыңдау: «Отаныма көктем келді» Ән айту: «Наурыз думан Аспапта ойнау: Шулы аспаптарды ойнау. «Әуенді-ырғақты ойын» «Батырлар биі» Ойын:«Тақия тастамақ» Шарты: Балалар шеңберде тұрады.Санамақ арқылы бір баланы тақиямен ортаға шығарамыз.Білдірмей бір баланың қасына тақия тастайды, тақияны алған бала қаша жөнеледі. Артынан қуып жетіп тақияны алуы қажет.	мазмұнын сұрайды. – Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? – Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші. – Күшік келе жатып неге жолығады? – Қасқыр не дейді? – Күшік не дейді? – Екеуі келе жатып нелерді көреді? – Қасқыр нені жейді? – Тойған Қасқыр Күшікке не дейді? – Іші пысқан Күшік неге жолығады? – Мысыққа не дейді? – Мысық не дейді? – Күшік жолда нелерді көреді? – Түйеге күшіктің шамасы келе ме? – Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, сөйлем құрауға үйрету, сөйлем туралы түсінік беру. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Педагог балаларды кілем үстіне жарты шеңбер етіп отырғызады.

					– Кәне, балалар, енді біз өткен дыбыстарды еске түсіріп, қайталайық. – Бұлардың бәрі де – дыбыстар. – Мен қазір бір жұмбақ жасырамын, сол жұмбақтың жауабының бірінші дыбысы бүгінгі танысатын жаңа дыбыс. Жұмбақ: Оң жағымда бес сарбаз, Сол жағымда бес сарбаз. – Балалар, сендер өздерің айтқан сөздерді буынға бөле аласыңдар. Дыбыс буыннан, буын сөзден тұрады. Мен бір сөз айтсам, сендер жалғастыра аласыңдар. Мысалы: сау-..., қол-... т.б. сөздер. Билингвалды компоненттерді қайталатады – Дауысты бір дыбыс жеке бір буынды құрайды. Дауысты дыбыстар айтылғанда кеудемізден еш кедергісіз еркін шығады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгілейміз.. Осы дауысты дыбыстардың бәрі де жеке бір буынды құрайды. 1-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 2-тапсырма. Суреттердегі заттарды

					ата. Буынға бөл. Сөздер неше буыннан тұратынын айт. 3-тапсырма. Тыңда, орында. 4-тапсырма. Үзік сызықтарды бастыр. 5-тапсырма. Бастыр Дидактикалық ойын: «Дыбыстық лабиринт» Қорытындылау **Математика негіздері** **Міндеті:** жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым оқиғаларды тыңдауды ұсынады, ал балалар оқиғалар тізбегінің сөздерін қолдана отырып, жалғасын табады. Мысалы, «содан кейін қыз мектепке барды және ... (оқиғаны аяқтаңыз)». Бұл ойын балаларға оқиғалар тізбегін

					сипаттауға қолданылатын сөздерді түсіну және қолдану дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Педагог жыл мезгілдерін, әр жыл мезгілінің белгілерін атауды сұрайды. Әр жыл мезгілінде айлар бар. Әр жыл мезгілінде 3 айдан бар. Әр айдың атауы бар. Педагог өлең оқиды. Күнтізбе Ғасырлармен ізімізден бірміздің ереміз, Жыл он екі ай шеңбер жасап келеміз. Қаңтар менен ақпан қарға орайды, Ақ боранда түтек болып борайды. Наурыз бенен сәуірде сел ағады, Мамыр келіп қызғалдақтар жанады, Маусым, шілде ыстық әкеп, терлетіп Егіншілер тамызда егін орады. Қыргүйекте жемістерді тереміз, Қазан менен қарашада сарғылт түске енеміз. Желтоқсанмен Жаңа жыл да енеді. Одан кейін қайта қаңтар ізінен біз ереміз! Педагог ай атауларын ретімен атап, балалардың қайталауын ұсынады. Содан кейін қыс, көктем, жаз және күз

					айларын жеке атайды. Балалар қайталайды **Дидактикалық ойын: «Қай кезде киеміз?»** 1-тапсырма. Жыл мезгілдерін және әр жыл мезгілінің айларын ата. Әр жыл мезгілімен заттарды сәйкестендір. Сызып қос. 2-тапсырма. Бастырып сыз. 3-тапсырма. Көктем айларын ата. Олар реті бойынша нешінші? Жапырақтарды көрсетілген санға сәйкес боя. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады.
Балалардың үйге қайтуы				Құстар туралы кітаптар қарауды ұсыну	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Аптаның дәйек сөзі: «Еңбекпен ер көгерер»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.03 - 03.04.2026

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Хафиз»** Әнші, композитор Сейфуллин Жолбарыс. «Менің Қазақстаным» Гимн орындау **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Хафиз»** Әнші, композитор Сейфуллин Жолбарыс. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Хафиз»** Әнші, композитор Сейфуллин Жолбарыс. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Хафиз»** Әнші, композитор Сейфуллин Жолбарыс. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Хафиз»** Әнші, композитор Сейфуллин Жолбарыс. **Адал Азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға жадынама тарату: «Үнемдеу маңыздылығы» Міндеті: Энергияны дұрыс пайдалану,электр қуатын үнемдеу. **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналарға кеңес: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының жылынуына байланысты жұқпалы аурудың алдын-алу жөнінде кеңес беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының жылынуына байланысты жұқпалы аурудың алдын-алу жөнінде кеңес беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға арналған нұсқаулықтар: «Үнемдеу маңыздылығы» Міндеті: Суды, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен таза ауада ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Ұлттық ойын: «Сақина салу»** **Шарты:** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы	**Адал Азамат** «Менің отбасым» Міндеті: Балаларға отбасы туралы түсінік беру,өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету,қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Коммуникативтік дағды**	**«Адам табиғаттың бір бөлігі»** (телеэкранға назар аудару) **Міндеті:** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	**Адал Азамат** **Төтенше қызметтерге қоңырау шалудың маңыздылығын түсіндіру.** **Міндеті:** Балаларды төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру қызметі, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	**Адал Азамат** Дидактикалық ойын: «Суретті ретімен орналастыр» Шарты: Балалар берілген шыршаларды биіктігіне қарай өсу ретімен орналастырады. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**

	«менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. **Адал Азамат** **Ұлттық құндылық**				
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №15				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Адал Азамат** **Артикуляциялық жаттығулар** (айнаға қарап орындайды) Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Коммуникативтік дағды**	**«Теңдік және теңсіздік» ойыны** **Шарты:** қарама-қарсы суреттерді салыстыру,үлкен-кіші және тең таңбаларын орналастыру. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	**Адал Азамат** **«Буындап оқып үйренейік»** Міндеті: Балаға ойын түрінде көрсете отырып, оқу дағдысын қалыптастыру. **Коммуникативтік дағды**	**«Үш жалқау» ертегісі** Міндеті: Ертегіні тамашалау арқылы еңбексүйгіштікке, жақсы мен жаманды айыра білуге,жалқаулықтан аулақ болуға тәрбиелеу **Коммуникативтік дағды**	**«Тыныс алу жаттығулары»** Міндеті: Балаларды сөйлеу барысында тез, еркін демалып, дем шығару кезінде ауаны бір қалыпты шығаруға үйрету. **Коммуникативтік дағды**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Әңгімелесу: «Еңбек дегеніміз не?» **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** – Еңбек ету адамға қажет пе?	**Математика негіздері** **Міндеті:** Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыруды қалыптастыру Геометриялық фигуралар. Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыруды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Дөңгелекті бүкте» дидактикалық ойыны. Кесілген бөліктерден дөңгелекті жинауды	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сұрақ - жауап бөлімі. 1) Жыл мезгілдерін білеміз бе,қандай? 2) Бір жылда неше ай бар? 3) Қазір жылдың қай мезгілі? 4) Көктем мезгілінің айларын білеміз бе? 5) Бір аптада неше күн бар? 6) Бүгін аптаның қай күні? 7) Дыбыстар нешеге бөлінеді,қандай -	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қай ай? Жаңылтпашпен таныстыру. Мағынасын түсіндіру. Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді.	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден шеңбер құрап тұру, қолды әртүрлі қалыпта ұстап (жоғары көтеру, қапталға, алға созу, иыққа апару) аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру. Пластмасса ойыншықтарды пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды

	Зымырайды шанамыз. Жеке жұмыс жүргізу. .Қорытынды. «Бас бармақ» әдісі. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, мен сендерге тақпақ оқимын, соның ішінде қай дыбыс жиі естіледі екен? «Ұлпабастың басына Ұлу шықты асыға. Ұстап алмақ боп оны, Ұзақ қонды қасына. Ұмтылғанда ол енді, Ұлу қашты жөнелді» Ұлу дегеніміз жәндік міне мынандай болады. Оның өзінің үйшігі болады. Көбінесе сулы жерлерде тіршілік етеді. Балалар қай дыбыс жиі естіледі екен? (Ұ дыбысы) «Ұ» дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! «Ұ» дыбысы қалай айтылады? «Ұ» дыбысы қандай дыбыс? Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? Ендеше, балалар бүгін Ұ дыбысын әдемі, дұрыс айтып үйренеміз	жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну,шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Педагог жағымды көңіл күй қалыптастыру үшін тәрбиеленушілерге өлең жолдарын кимыл-қозғалыс арқылы айтады. Таза бала мұнтаздай, Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бүл қандай, Жақсы көрер бар адам. Ұқыпты осындай, Болайықшы, досым-ай. Педагог шағын фольклор -	аяз, бұршақ –осылардың барлығын бір сөзбен қалай топтастырамыз? Табиғи құбылыстар. Бүгінгі тақырыбымыз «Табиғи құбылыстар» Балалар, мен сөйлемді бастайын, сіздер сөйлемді оған қарама-қарсы сөзбен аяқтаңыздар! Бірде жылы, бірде (салқын), Бірде тынық, бірде (желді), Бірде ашық, (бірде жауын-шашын)… бұл біздің табиғи құбылыстарымыз. Осы табиғи құбылыстарға сәйкесінше өмір сүремі, яғни киінеміз, тынығамыз, тамақтанамыз,т.с.с. Сұрақ: Балалар, біз ауа-райын қалай білеміз? Мысалы даладағы күн райы қандай екенін қалай білсек болады? Қайда қараймыз? Жауаптар: терезеге қараймыз, ағаштарға қараймыз. Аспандағы бұлттарға қараймыз. Смс ақпарат, ауа райының болжамын теледидардан қараймыз. Түрлі суреттік тапсырмалар. «Суретін бағытымен сал» жаңбыр мен найзағайдың бағытталуын сызу.Балаларға парақтар таратылады.кез келген табиғат құбылысы өзіндік бір бағытқа бағытталады. Мысалы найзағай жоғарыдан төмен қиғаштап бағытталса, жаңбыр, қар, бұршақ жоғарыдан төмен, желдің бағытынша жалғаса бағытталады. Жұмбақтар шешу * Ұшады-құс емес, Уілдер –аң емес (жел) * Әуеден күбі түсті. Күбінің түбі түсті (күннің күркіреуі) * Арыстан арқырады. Орман жарқырады (найзағай) * Аспандағы әсем белдік, Алыстан ғана көрдік (кемпірқосақ) * Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. (қар)	Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым, Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық. Мақалды жаттау, мағынасын түсіндіру. Оқу - білім бұлағы, Білім — өмір шырағы. Ойын «Сөз ойла, тез ойла». Педагог кез келген сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады, мысалы мұ..., мек... т.с.с. Тапсырмаларды орындау. 1.Заттарды ата. Олар қайда болады? Сызықпен сәйкестендір. Сөйлем құра. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. - Ұйымдастырылған іс-әрекетте не қызықты болды? **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дид.ойын: «Кім тапқыр?» Ойын шарты: жұмбақты шапшаң шешу. Жұмбақ жасыру. Орманнан жалпақ даладан Бал іздеп бір аң жортады Кіп – кішкентай арадан, Үлкен болып қорқады. (аю) Бұланғаған құйрығы, Бір айдарлық қулығы. (түлкі) Көзін жұмады,	дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, жыл мезгілдерін білеміз бе? Қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінен кейін қай мезгіл келеді? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? Мына суретке қарап әңгіме құрайық. Суретке қарап көргендерінді өз қиялдарын мен толықтырып, әңгіме құрап көріндер. Суретке мұқият қарап, тақырып қойындар. Тапсырмаларымызды орындамастан бұрын артикуляциялық жаттығу жасап алайық. (айнаға қарап жасау) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан

	Дыбыстың артикуляциясын анықтау. Ауа еркін шығады. Балалар, енді мен сендерге дауысты дыбыстар айтамын, соның ішінде Ұ дыбысын естігенде шапалақтайсыңдар. А, Ә, Ұ, Ө, Ү, О, А, О, Ұ. Сергіту сәті: Ұлпа бұлтқа түсті, Ұшақ биік ұшты , Ұлан деген жігіт, Ұшқыш екен күшті Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма:Суреттерді ата. «Ұ» дыбысы бар сөздерді буынға бөл. 2-тапсырма: Суретке қарап,сызба бойынша сөйлем құра. 3-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. 4-тапсырма: Суреттерді штрихта,үзік сызықтарды үзбей бастыр. 5-тапсырма: Бастыр. 6-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. Қорытындылау.Балалар, қолымызды алдымызға қойып, бойымызды түзу ұстап отырамыз. Осы апта бойы не жайлы айтып жатырмыз? Қыстан кейін қай жыл мезгілі келді? Көктемде жылы жақтан нелер ұшып келеді? Құстар сөзінде ұ дыбысы бар ма? Ендеше құстар сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Кәне, ең алдымен бәріміз бірге құстар сөзін	мақалмен таныстырады. «Алғыспен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». -Балалар, калай ойлайсыңдар, алғысты қандай балаларға айтады? Тәрбиеленушілер алғысты қандай кезде айтатыны туралы болжамдайды. Алғысты жақсы іс-әрекет жасаған немесе көмек көрсеткен балаларға айтады. -Сен өзің басқа бір адамдардан алғыс естідің бе? - Балалар, бүгін «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз. Біз бүгін әңгіме жанрымен танысамыз. Әңгіменің ерекшелігі - қысқа оқиғаны әңгімелейді. Мұқият тыңдаңдар. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар. -Әңгіме ұнады ма? -Әңгімедегі баланың іс-әрекеті сендерге ұнады ма? -Анасы Зәукенді қайда жұмсады? -Зәукен атайдың қандай затын жөндеп берді? -Әжей Зәукен туралы не айтты? -Анасы неге қуанды? -Осыдан кейін анасы баласына не айтты деп ойлайсың? -Анасы баласына не деді? -Анасы баласын іздеп барганда кіммен кездесті? -Әже мен ата баланың анасына не айтты? -Анасы баласына қалай	* Қыста болады. Терезеге қонады. Әсем ою салады (қырау) * Қолы жоқ, сурет салады. Тісі жоқ, тістеп алады (аяз) Сергіту сәті: «Табиғи құбылыстар» жаттығуы. Балалар қолын сипалау, бетін уқалау, иықты бүрістіру, сипау, секіру әрекеттерін жылыну амалы ретінде қолданып, қозғалады. Балалар, бізде қазір қандай мезгіл? Бұл мезгілдің ерекшелігі неде? «Жұбын тап» ойыны. Картотека №44 Ойын шарты: Бірдей қолғаптар мен шұлықтардың сыңарларын табу. Қорытындылау. Сонымен балалар біз бүгінгі «Табиғат құбылыстары» атты тақырыбымызда не білдік, не үйрендік? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуін дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, өткен ұйымдастырылған іс-әрекетінде не туралы әңгімелестік,қане есімізге бірге түсірейік. Сонымен табиғат дегеніміз не? Қане,табиғатқа саяхатқа шығайық. І слайд: Ендеше, саяхатымыздың бірінші аялдамасы « Тіршілік атаулының бар арманы –ауа» деп аталады. Ауадан қымбат еш нәрсе жоқ. Адам бар –жоғы бір-екі минут ғана дем	Көзін ашады Сыбысын білдірмей, Ақырын басады. (мысық) Сұрақ-жауап Бұларды бір сөзбен не дейміз? Қандай ертегі кейіпкерлері? 1. Ертегі туралы түсінік беру. Қандай ертегілер білеміз? Ертегіні не үшін тыңдаймыз, онан не үйренеміз? Кейіпкерлер дегеніміз не? 2.Ертегі кейіпкерлерін жасау. Жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу. Жасаған кейіпкерлерге сипаттама беру. 3.Саусақ театрының кейіпкерлері. Театр кейіпкерлерін саусаққа кейіп әңгімелесу. Қорытынды. Дид.ойын: «Бұл қандай ертегі?» Ойын шарты: бөліктерді құрастыру арқылы қандай ертегілер шыққанын әңгімелеп беру. **Математика негіздері** **Міндеті:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сандық эстафета» дидактикалық ойыны.	жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Суретпен жұмыс. Балалар мына жерде қандай жыл мезгілдері бейнеленген? Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма:Жыл мезгілдерін ата. Суреттен қазір жылдың қай мезгілі екенін тауып көрсетіңдер? Күз,қыс,көктем,жаз сөздерін қатыстырып,сөйлем құра! 2-тапсырма: Суреттерді ата.Буынға бөл. Саусақ жаттығуы: Тыңда,орында. Партадағы саусақтар Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар Сурет сала біледі. Ортанғы мен сұқ саусақ Түйеқұсты салады, Төңкеріліп аспанға Қоян да бола қалады. 3-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. 4-тапсырма: Штрихта. 5-тапсырма: Жалғастыр. Рефлексия. «Саусақ» әдісі арқылы қорытындылау. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға

	айтайықшы! Құстар сөзінде неше дыбыс бар? Неше дауысты дыбыс бар? Бір сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады екен. Құстар сөзін буынға бөлейік. Құс – тар. **Математика негіздері** **Міндеті:** Қозғалыс бағыттарын танып қолдануын дамыту: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Ой шақыру» 1. Жылдың қай мезгілі? 2. Бүгін аптаның қай күн? 3.Ертең қай күн? 4. Сенбіден кейін қай күн? 5.Ұйықтайтын уақыт қай тәулік? 6. Жаттығу жасайтын қай тәулік? 7. Үшбұрышта неше бұрыш бар? 8. Екі қоянда неше құлақ бар? 9. Дөңгелекте неше бұрыш бар? Бүгін топқа келе жатсам, біздің топқа арнап жазған хат тауып алдым. Кімнен болды екен, оқып көреміз бе? Салеметсіздерме балалар! Сіздерге сиқырлы математикалық қалашықтан хат жазып отырмын. Зұлым мыстан кемпір біздің	қарады? -Өзің анаңа қалай көмектесетініңді айтып бер. Сергіту сәті: Ата менен ананың айтқан тілін аламын, Үлкен кісі жұмсаса, қайда болсын барамын. Төсекті өзім жинаймын, ешкімді де ренжітпеймін. Ешкім маған тимейді, Мен де бәрін сыйлаймын. Жұмбақ шешу: Өзі тас, өзі ақ, Дәмін татсаң ащы-ақ. (Тұз) Мақал: Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды. Педагог қорытынды жасайды. -Қандай жанрға жатқызасыңдар? -Әңгіме қалай аталады? -Әңгімеде кімдер туралы айтылған? -Әдепті, ұқыпты, тілалғыш бала болу қиын ба? Рефлексиялық бағалау - өз жұмысын бағалап қорыту. Тәрбиеленушілер ҰІӘ-іне өзінің жұмысына баға береді: Ештеңе түсінбедім - қызыл түсті, Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын - сары түсті, Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын - жасыл түсті көрсетеді. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	алмай тұра алады. Сондықтан дана халқымызда «Ауадай қажет» деген сөз бар. Бірақ сол ауамыз қаншалықты таза екеніне ешкім толық жауап бере алмайды. Өзіміздің Семей қаламызды алып қарасақ, қаланың үстінен қою бұлт сияқты тұманды көреміз. Автокөліктен, завод, фабрикадан шыққан түтіндер ауамыздың мөлдірлігін бұзады. Сонау 1949 жылдардан бастап Семей даласында ядролық қару жарылып, сол газдар ауаны улады. Сол ауамен дем алған қаншама адам ауруға ұшырады. Сонда адам баласы біріншіден, Табиғат-Ананы ренжітсе , екіншіден өзіне -өзі қастандық жасады.Дүниеге келген сәби мүгедек болып жарық дүниені өксікпен өткізді. Мен сөзімнің соңында адамдарға былай демекпін: Ей, адамдар, Табиғат –ана саған дем ал деп ауаны сыйлады, өйткені ол өте мейірімді. Сен оның сенімін ақта, ауаны ластама! II слайд: Ендігі екінші аялдамамыз «Тіршілік көзі –су» деп аталады. Судың қаншалықты маңыздылығы бар екен? Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саялы баққа айналдыратын байлық көзі –су. «Судың да сұрауы бар» дейді дана халқымыз. Қазақстан Республикасында мол сулы өзендер, көлдер теңіздер бар осы мол суды өлшеусіз, есепсіз пайдалану судың азаюына әкеп соғып отыр.Су– табиғаттың жаны, қара жердің сәні дедік. Ал табиғатты әдемілікке бөлеп тұрған не? Ол –өсімдіктер. III слайд: Келесі үшінші аялдамамыз «Табиғат байлығы –өсімдіктер» деп аталады.Табиғат байлығының бір тобы –жер бетіндегі әдемі өсімдіктер.Олар туралы не айтамыз?	Балалар екі командаға бөлініп, бағанға бөлінеді. Педагог 1-ден 10-ға дейінгі цифрлармен карточкалар дайындайды. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 картаны бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма: Суретке қара.Алмаларды әр себетпен сызып қос. Не артық? Не кем? 2-тапсырма: Гүлдерді 3-тен,араларды 2-ден топтастыр. Неше топ болды? «Үй» саусақ гимнастикасы. Үлгі: Мен үй салғым келеді, (Қолдарды үйшік етіп ұстап, жоғары көтереді.) Терезелер саламын. (Екі қолдың саусақтарының ұшын дөңгелектеп түйістіреді.) Үйге есік саламын. (Екі қолдың алақандарын тігінен біріктіріп ұстайды.) Қайың егіп суарамын. (Бір қолды жоғары көтеріп, «саусақтарды жан-жаққа» ашады.) Жан-жағымда қоршау бар, Итті ұстайтын құрсау бар. (Қолды тұтқа жасап, алдына дөңгелектеп ұстайды.) Күн шуақтап, жаңбыр жауды, (Алдымен қолды жоғары көтеріп, саусақтар ашылған күйде, содан кейін төменге	дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сиқырлы қоржын». Балалар кезекпен ойыншықтарды алып, атайды: Мынау - доп. Доп - ойыншық. (Қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл). Педагог қоржынан оқу құралдарын алып, жаңа сөздермен таныстырады. -Мынау - кітап, кііі-тап. Мынау не? -Мынау — кітап. -Кітап - оқу құралы. -Кітап не? -Кітап - оқу құралы. -Оқушыға кітап керек. -Оқушыға кітап керек пе? -Оқушыға кітап керек. -Оқушы кітап оқиды. -Оқушы не оқиды? -Оқушы кітап оқиды. -Мынау - қалам, қа-лам. -Мынау не? -Мынау - қалам. -Қалам - оқу куралы. -Қалам - не? -Қалам - оқу құралы. -Оқушыға қалам керек. -Оқушыға қалам керек пе? -Оқушыға қалам керек. -Мынау — сызғыш, сыз-ғыш. Мынау не? -Мынау - сызғыш. -Сызғыш - оқу куралы. -Сызғыш не? -Сызғыш - оқу құралы. -Оқушыға сызғыш керек. -Оқушыға сызғыш керек пе? -Оқушыға сызғыш керек. -Мынау - дәптер, дәп-тер. Мынау не?

	қалашығымызды сиқырлап тастады.Сендер сондай ақылды балдар екендеріңді біліп сіздерден көмек сұраймыз! Сәлемнен математика елінің тұрғындары! Балалар математика елінің тұрғындарына көмектесеміз бе? -Ол үшін бізге бірнеше тапсырмаларды орындау қажет. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма: Әр аквариумда неше балық бар,сана және ата.Есеп құрастыр,оны шығар. 2-тапсырма: Суреттерге қара.Неше жұлдызша қалды,сана. Цифрды жаз. 3-тапсырма: Балықтың жүзу бағытына қара.Көрсетілген бағытта торкөз бойымен жылжы. Сол торкөзді боя. Біз барлық тапсырмаларды орындадық. Бүгін кімге көмектестік? Біз бүгін қарапайым мысалдар мен есептер шығардық. Торкөздерді боядық. Аудио таспа. Жарайсыңдар, балалар бәріңде ақылды екенсіңдер. Барлық тапсырмаларды дұрыс орындап мыстан кемпірдің сиқыры шешілді. Рахмет сіздерге. Сау болыңыздар! **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Балалардың құрдастарымен қимылды	**Міндеті:** Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату қабілеттерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, табиғат дегеніміз не? Балалар өз ойларын айтады. Тыныштық сәті: Балалар денелеріңді тік ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырайық. Көздерімізді жұмуға да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алайық. Денелерімізді бос ұстайық. Айналадағы барлық тіршілік иелерін аялап, қоршап, қамқорлап жатқанымызды сезінейік. (Осылайша 2 мин. отырады, үнтаспадан табиғат әуені ойналады.) - Балалар, енді көзімізді ашайық. Табиғатқа қамқорлық жасағанымызды көз алдымызға қалай елестеттік? - Мен сынып қалған ағашты байлап, оған қамқорлық жасап жатқанымды елестеттім. - Мен гүлдерге су құйып жатқанымды елестеттім. Табиғат - адам үшін адам үшін ерекше қасиетті ұғым. Табиғат жерге қандай көрік берсе, адам да өмірге	Өсімдіктер, ағаштар табиғатымызды түрлендіріп тұрған түкті кілем сияқты. Халқымыз өсімдікті өмір өзегі деп алып, одан қамқорлығын еш аямаған. «Әкеңнен мал қалғанша тал қалсын» деген көрнекті сөз соның айғағы. Ысырапсыз пайдаланғандықтан өсімдіктердің кейбір түрлері азайып бара жатқандықтан олардың көптеген түрлері Қызыл кітапқа енгізілді. Менің ойымша, әрбір азамат оларды қорғаудың маңызын саналы түрде ұғынбаса , біздің керемет жасыл бағымызды ешқандай тиым салу құтқармайды. Сондықтан мен осы отырған барлығыңызды өз өлкелеріңіздің өсімдіктерін біліп, оларды қорғауға шақырамын. Расында да, өлкемізді саялы баққа айналдыру әрқайсымыздың қолымыздан келеді. Ал сол әдемі табиғатымызды әсем әнге бөлейтін не ,балалар?(Құстар) IV слайд Олай болса келесі аялдамамыз «Орман сәні құстар» деп аталады. Бұл туралы не айтасыңдар? Табиғаттың сәні де, әні де қалықтай ұшқан құстар.Олардың әсем әндері бойымызды балқытып, еріксіз еліктіреді. Олар –біздің қанатты достарымыз. Олар –табиғат сақшылары. Егістіктің, бау-бақшаның сенімді серігі. Сондықтан ата-бабамыз құстарды қадірлеп, құрметтеген. Олар батыр ұлдарын сұңқарға, сұлу қыздарын аққуға теңеген. Қазақтар құстарға қарап ауа райын да болжай білген. • Құс жүнін үрпитсе, жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. • Сары шымшық ысқырса- шынымен күз болғаны.	түсіріп, қолдарды сілкілейді.) Гүлдер өсті, қаптап бауды. (Алақанды жұдырықпен беттестіріп, саусақтарды ашады – «қызғалдақ бүршігі».) 3-тапсырма: Суретте неше гүл болса,сонша торкөзді боя.Қандай гүлдер артық? Қай гүлдер тең? Қорытындылау. «Ауада сурет салу» жаттығуы: балалар саусақтарымен ауада әртүрлі фигуралардың суретін салады: дөңгелектер, толқындар, сызықтар және т.б. немесе таяқшалардан құрастырылған фигураларды қайталайды, бірақ бұл фигуралар ауада жасалатын қимыл-қозғалыстармен сипатталады. **Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Самокат тебу,оңға және солға бұрылу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден сап түзеп жүру. Аяқтың ұшымен жүру және өкшемен жүру жаттығуларын кезекпен орындау – жүгіргенде аяқтың ұшын басады, жүргенде тізесін бүкпей, өкшемен жүреді. Тәрбиеленушілер бір-бірден	-Мынау - дәптер. -Дәптер оқу құралы. -Дәптер не? -Дәптер оқу құралы. -Оқушыға дәптер керек. -Оқушыға дәптер керек пе? -Оқушыға дәптер керек. -Оқушы дәптерде жазады. -Оқушы дәптерде не істейді? -Оқушы дәптерде жазады. -Мынау — қарындаш. Мынау не? -Мынау - қарындаш. -Қарындаш - оқу құралы. -Қарындаш не? -Қарындаш - оқу құралы. -Оқушыға қарындаш керек. -Оқушыға қарындаш керек пе? -Оқушыға қарындаш керек. -Кітап, қалам, дәптер, сызғыш, қарындаш - оқу құралдары. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке айтып жаттығады. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). І-і-і-і - кітап, кітап. Қ -қ-қ-қ - қалам, қалам. Ә-ә-ә-ә- дәптер, дәптер. Сөздерді бекіту үшін, «Қайтала, көрсет» ойынын жүргізеді. Оқу құралдары жекеше, көпше айтылады. Сөздерді қайталап, үстелден алып көрсетеді. кітап — кітаптар қалам - қаламдар сызғыш - сызғыштар дәптер - дәптерлер Педагог шағын мәтін құрайды.

	ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден шеңбер құрап тұру, қолды әртүрлі қалыпта ұстап (жоғары көтеру, қапталға, алға созу, иыққа апару) аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру. Пластмасса ойыншықтарды пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысырақ лақтырады?». Лақтырудың орындалу тәртібін еске салады: қолда иықты үстіне қарай алға-жорғары көтеру қажет. Балалардың назарын лақтыру күшіне аударады. Алақан мен табанды тіреп, көлбеу тақтайдың үстімен өрмелеу. Шеңберден-шеңберге секіру (бес шеңберден екі қатар). Нұсқау: қимылдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бір шеңберде бір баладан болуы тиіс. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орныңды тап!». Шеңберлерді кез келген бағытта орналастыруға болады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын	сондай көрік береді. Сондай көрік пен сұлулықтан, жылылықтан тұратын табиғаттағы өсімдіктер мен суларды, жан-жануарлар мен құстарды сақтау, қасиетті жерімізді таза ұстау, аялау - біздің адами борышымыз. Табиғатты қорғау - Жер ананы қорғау, табиғатты қорғау - өзіңді қорғау. Табиғатт – бізді қоршаған дүние: аспан мен жер, тау мен су, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Адам қашанда Табиғат әсемдігіне, сұлулығына тамсанған, таңданған, қуанып шабыт алған және қамқорлық жасаған. Табиғатты сүю оған деген құштарлықтан, оның үйлесімділігі мен сұлулығына тәнті болудан басталады. Табиғатты сезіну арқылы адам өз табиғатының қасиетін ұға алады, денсаулығын нығайтып, шабытының қайнар көзін ашады. Адамның табиғатпен етене жақындасуы сұлулықты сезіндіріп, бойына күш - қуат қосып, шығармашылыққа жетелейді. Осылайша адам табиғаттың ғажайып күшін түсініп, оны аялап, әлпештеуге үйренеді. Ойын «Табиғатты қорғай білеміз бе?» Сұрақтарға ойланып жауап бер!	• Қарға қарқылдаса -қар жауады. • Жыл құсы қаптап кетсе -көктем ерте келеді. • Көкек қатты әрі жиі шақырса –күн жылиды. • Сауысқан шақылдаса, қонақ келеді. • Ерте көктемде қарға суға шомылса, күн жылиды. Айтсақ әніміз, ардақтасақ сәніміз, табиғаттың көркі құстарды қорғау әрқайсымыздың парызымыз. Тәрбиеші: Құстарды табиғаттың әні десек, табиғаттың сәнін келтіретін тағы да нелер деп ойлайсыңдар?(Хайуанаттар) V слайд: Ендеше келесі аялдамамыз «Табиғаттың сұлу мүсіні жануарлар» деп аталады. Табиғаттың сұлу мүсіні, көрікті келбеті – хайуанаттар. Халқымыз ежелден-ақ жануарларды көзінің қарашығындай аялап, қамқорлыққа алған көздері мөлдіреп тұрған қыздарын «Ботагөз» деп атаған.Бүгінде орманның сәнін келтіретін жан-жануарлар азайып келеді. Соның бірі қазақ жерінде тас дәуірінен бері тіршілік келе жатқан ғажайып хайуанаттар өкілі –Ақбөкен болып табылады. Оны халық көбіне киік деп атайды. Оның мүйізінің өзінен өкпе қабынуын, жүрек ауруын т.б ауруларды жазатын емдік қасиеті бар екен. Ал еті өте тез сіңетін жеңіл тамақ болып табылады. Қазақта киікті «қасиетті аң, киелі аң» деп атауы осыдан болса керек. Бірақ осы қасиетті аң бүгінде өте аз қалды. Өте жақсы, балалар біз табиғаттың тамаша туындыларына саяхат жасадық. Табиғат-Ана ішсін, бар қажеттіне жаратсын деп мөлдір су берді, ғажайып жасыл әлем сыйлады, орман-тоғайымыз әдемі болсын деп құсы мен әдемі аңдарын берді,	тізбекке тұрады және жаттығуды легімен орындайды, текшелерден секіріп өтеді. Бір мезгілде екі аяқпен екпінді түрде итерілуге, аяқтың ұшымен түсуге, қолдары мен аяқтары қимылын үйлестіруге тырысады. Ойын түріндегі жаттығу: «Тоқта!». Жүру, «шашырап» жүгіру. «Тоқта!» деген команда берілгенде – бір орында қозғалмай тұра қалады. Көзге арналған гимнастика. Көзді оңға, солға бұр. Шыр көбелек айналдыр. Жылдам жыпылықтат. Негізгі қимылдарды орындау. Спорттық жаттығулар – самокатпен шеңбер жасап жүру. Педагог жердің бетінен екпінді түрде бір аяқпен итерілу, сырғанағанда тепе-теңдікті сақтау білігіне назар аударады. Самокаттың бұрылуы рульдің бұрылуына байланысты екенін – оны жылдам бұрмай, ақырын жасау керек екенін түсіндіреді. Тапсырманы орындағаннан кейін топтар орындарымен ауысады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Күшіміз көбейді».	Мен мектепке барамын. Мектепке кітаптар, дәптерлер, қалам апарамын. Мен жақсы оқушы боламын. Балалар мәтінді қайталайды. Сергіту сәті: Бір, екі, үш Аяққа түсті күш. Төрт, бес, алты Күшіміз артты. Жеті, сегіз Білім, еңбек егіз. Тоғыз, он Құстай ұш та қон. Жаңылтпашты қайталау. Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар, Көп бор бар. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Оқушы дәптерде жазады. Оқушы ... (дәптерде жазады). Кітапты оқиды. Кітапты ... Қарындашпен сызады. Қарындашпен .. Тапсырманы орындау. 1 .Оқу құралдарын тап. Белгіле. Ата.Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. - Қандай тапсырма ең қызықты болды? **Музыка** Ән айтудың негізгі ережелерін есте ұстау,әннің сипатын,көңіл- күйін сезініп орындау.

	түріндегі жаттығу: «1-2-3–ал!». Ойын шарты: балалардың ойыншықтарын алып қою.	1. Өте әдемі гүлді көрдің, ол гүл сағаң қатты ұнады. Сен не істейсің? Жұлып алып вазаға салып қоямын Қатты ұнаса да жұлмай, қызықтаймын. 2. Жолда ағаштан құлап түскен балапанды көрдім Балаларды балапанды көруге шақырамын. Балапанды үйге алып барамын. Сыртынан қызықтаймын. 3. Саяхаттан қайтарда бізде бірнеше босаған ыдыстар қалып қойды. Өзімізбен бірге алып келіп қоқысқа тастаймын Талдың тасасына ешкім көрмейтін жерге тығып қоямын. Табиғат дегеніміз – аң, құс, өсімдік, тау, тас, өзен, көл, ауа, жер. Біздің тіршілік ортамыз. Олардың барлығы табиғаттың бізге берген сыйы. Табиғаттың тарту еткен сыйын аялау, оған қамқорлық жасау әрбір адамның міндеті. Тренинг ойын «Табиғатпен сырласу». Отырған орындығымыз арқылы табиғатқа саяхат жасаймыз. Көз алдарыңа туған жерімізді, оның әсем табиғатын елестетіңдер. Сулар мөп - мөлдір ағып жатыр, гүлдер жайнап өсіп тұр. Табиғатты тамашалап келе жатсақ алдымыздан мөлдір бұлақ кездеседі. Сол бұлақтан су ішеміз.	қысқасы біз өмірге қажеттінің бәрін Табиғат- Анадан алады екенбіз. Ол қандай мейірімді,өзі қандай дархан,кең болса да, жүрегі де дәл сондай қайырымдылыққа, мейірімділікке толып тұр. Олай болса біз, балалар дәл қазір Табиғат-Анадан үйренген мейірімділігімізді бір-бірімізге арнаймыз. Қорытынды. Ойын: «Мейірімді жүрек» Шарты: Табиғатқа тілек айту арқылы екі топқа бөлініп, композиция құрастыру. Қағаз бетіне табиғат құбылыстарын құрастырып жапсыру арқылы суретті бояу,күннің шуақтары мен жаңбыр тамшыларын ермексаздан жасау. **Құрастыру, жапсыру, сурет салу ,мүсіндеу** Ән «Табиғатым тамаша» барлығы орындайды.		Ән тыңдау: «Қандай аспап»Б.Дәлденбаев Ән айту:«Қандай аспап» Б.Бейсенова Аспапта ойнау: «Асатаяқ аспабы» Әуенді-ырғақты ойын: «Көңілді музыканттар» Шарты:Аспаптард ың үнін әндете отырып,аспапты ұстау,ойнау ерекшеліктерін көрсету керек. Күтілетін нәтиже:Музыка және оның бөлшектерінің өзгерістерге сәйкес қимылдарды орындауға дағдыланды,балал ар аспаптардың үнін ажырата алады.

		Ол үшін: 1. Алға иілу 2. Аламыз 3. Ішеміз 4. Рахат - ай. Алдымыздан алма ағашы кездеседі. Сол ағаштан алманы алып жейміз. 1. Оң аяқ алға, сол аяқ өкшесі көтеріледі 2. Алу. 3. Қырт етіп тістеу. 4. Тәттісін - ай. Раушан гүліне кездесеміз. 1. Алға иілу. 2. Аламыз. 3. Иіскейміз 4. Қажет емес ауаны сыртқа шығарамыз. Балалар бұлақ дегеніміз - денсаулық Алма - рухани байлық, Гүл - бақыт құсын сыйлайды. «Таза болса табиғат, Аман болар адамзат», дегендей табиғат таза болса, адамзат баласы да аман болады. Қазіргі кезде техника жақсы дамыған. Оның пайдасы көп болғанымен, зияныды жағы да бар. Сондықтан біз табиғат-ананы барымызша қорғап, қолпаштауға тиіспіз. Ол үшін көктем сайын ағаштар отырғызып, құстарға ұя жасап. Табиғатпен етене араласуымыз қажет. Көшеде кетіп бара жатқанда, қолымызда керек емес нәрсе болса оны лақтырып тастамай, қоқыс жәшігіне ерінбей апарып			

		салу керек. Табиғатты қорғауды өзіңнің тазалығыңнан бастаған дұрыс. Бұл әрбір адамның міндеті. - Иә, балалар, біздің жерсіз, табиғатсыз өмір сүруіміз мүмкін емес. Табиғаттың, жердің суы, ағашы, өзен-көлі, сұлулығы болмаған жерде не болар еді? Ал қазір табиғаттың адам өміріне қажеттілігі туралы көрініс тамашалайық. Қорытынды. Көрініс: «Адам-Табиғат пен Жер - Ана перзенті» **Музыка** Ән айтудың негізгі ережелерін есте ұстау,әннің сипатын,көңіл-күйін сезініп орындау. Ән тыңдау: «Балбырауын» Құрманғазы Ән айту: «Аспаптар» Б.Бейсенова Аспапта ойнау:Ұрмалы-шулы аспаптар Әуенді-ырғақты ойын: «Музыкалық үй» Шарты:Үйдің суреті және тезелері ашпалы болуы керек.Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты би,ән,марш,күй суреттері бар.Балалар музыканы тыңдай отыра түрін анықтап,арнайы терезесін ашса ,сол бала жеңімпаз атанады. Күтілетін			

		нәтиже:Балалар музыканы тыңдай отырып,сипатын ажырата алады.Әнді музыкалық талғаммен орындауға дағдыланады			
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Танымдық іс – әрекет**	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Міндеті:** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** **Міндеті:** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Тырсылдап түседі Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң,	**№ 20** **Теректі бақылау** **Міндеті:** Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»** **Міндеті:** Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым -қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Балаларды табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу,жаттау. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп Үлкен жігіт боламыз. **Коммуникативтік дағды**	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кеңелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш) **Коммуникативтік дағды Қылқанды ағаштарды бақылау (шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау Міндеті:** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін**

	дағдылары **Балалармен жеке жұмыс:** Тақпақ оқу,жаттау Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**	Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) **Еңбек:** Тапсырмаларды орындау. **Міндеті:** Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		шапшаңдығы менептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Міндеті: Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**жетілдіру** **Еңбек: Жолдарды тазарту.** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Мамандығым-мақтанышым» сюжетті рөлдік ойын.** **Міндеті:** Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік	**«Суды үнемді тұтыну» ертегісін оқып беру, әңгімелеу.** **Міндеті:** Судың табиғаттағы, адам өміріндегі маңызын түсіне отырып, оны қорғауға, үнемді пайдалануға үйрету арқылы балалардың ой - өрісін, дүниетанымын	**Жеке қауіпсіздік** **«МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»** **Мақсаты:** балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету. **Міндеттері:** Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін бес негізгі кеңеспен таныстыру. Адасып кеткен жағдайда қай жерде қалудың	**Вариативтік компонент** **«Көліктің адам өміріндегі пайдасы»** **Тақырыбы: «Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....»** **Мақсаты:** Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің	**Картотека №66** **«Дыбыстық лабиринт» ойыны** **Шарты:** Берілген дыбысты атау арқылы саусақтарымен жүргізіп, сол дыбыстан келетін суретке жеткізу арқылы тапсырмаларды орындау. **Коммуникативтік дағды**

	беру. Шарты: балалар өз қалаулары бойынша мамандық түрлерімен рөлдерге бөлініп ойнайды. **Коммуникативтік дағды**	кеңейту. **Адал Азамат** **Коммуникативтік дағды**	маңыздылығын түсіндіру. Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) есте сақтауларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру: 1-кеңес. Орныңда қал. Егер адасып кетсең, ең бастысы – орныңда қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. 2-кеңес. «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара. 3-кеңес. Егер телефон болса, ата-анаңа қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналаңдағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкеңнің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт. 4-кеңес. Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір. Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра. 5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орныңда қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. Ережелерді қайталау: Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау.	қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! Жиек жол деген не ? - Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол . -Жаяуға қай жермен жүруге болмайды ? - Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді -Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз? - Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса, көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орында күте тұрамыз. -Ал жиекжолда қалай жүру керек? - Жиекжолдың оң жағымен жүру керек, сол жағымен жүруге болмайды.	

			Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ZHH-0Nn_TgQAIb91 https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij	- Жиекжолдан тағы қалай жүруге рұқсат етілмейді? - Төрт - бес адам қатар жүруге болмайды. -Көшеде доп ойнауға бола ма ? -Тағы да домалап келе жатса алдында велосипед тұр екен -Ол қарсы беттегі аялдамаға өту керек, қай жермен өтеді? - Жолдан өтерде нені еске сақтауымыз керек? -Ақшұқырға келу үшін қандай көлікке мінеміз? -Автобусқа мінерде нені еске түсіру керек? Сергіту сәті. Қызыл- тұрамыз Сары- шапалақ Жасыл- жүреміз Әрқашан күн сөнбесін Аспаннан бұлт төнбесін Қасымда болсын анам Болайын мен де аман. Қорытындылау. -Көшеде тек жүрелік, Өзінше бұл да бір ерлік. Ата - ана қынжылмасын, Түсіріп ұнжырғасын.	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды, «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратуды, оларға дұрыс жауап беруді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасауды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқаруды игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур жеке жұмыс** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруді үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 21**	**№ 1**	**№ 20**	**№ 19**	**№ 3**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып,				

	киюін қалыптастыру. **Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат**	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады. **Адал Азамат**	**Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат**	**Ұлттық ойын: «Теңге жинау»** **Шарты:** Ойынға барлық бала қатысады, кім көп жинаса сол жеңімпаз атанады. **Адал Азамат**	**Ұлттық ойын: «Бәйге тартыс»** **Шарты:** Екі адам екі жағынан келіп, желкесінен асырып қолтық астынан өткізіп, екі жаққа тартысып күш сынасады. Белгіленген сызықтан асырып сүйреп кеткені жеңімпаз болып табылады. **Адал Азамат**
Балалардың үйге қайтуы	Балалардан балабақшадан алған әсерлерін сұрау.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға балаларының сұрақтарына ерінбей толық жауап беріп,әрбір дыбыстарды анық айтқызуға кеңес беру.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Аптаның дәйек сөзі: «Кішкентай іске де жауапкершілікпен қара!»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.04 - 24.04.2026

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**«Менің Қазақстаным»** Гимн орындау **«Күй күмбірі»** «Көңіл ашар» Күйші Түркеш Қалқаұлы **(Адал Азамат)**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **«Күй күмбірі»** «Көңіл ашар» Күйші Түркеш Қалқаұлы **(Адал Азамат)**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау **«Күй күмбірі»** «Көңіл ашар» Күйші Түркеш Қалқаұлы **(Адал Азамат)**	Ертегі айтып беру және қуыршақ немесе үстел-үсті театрын қолданып ойнауына жағдай жаса **«Күй күмбірі»** «Көңіл ашар» Күйші Түркеш Қалқаұлы **(Адал Азамат)**	Сиқырлы сандықты көрсетіп одан ертегілер әлемінен келген кейіпкерді алып таныстыру **«Күй күмбірі»** «Көңіл ашар» Күйші Түркеш Қалқаұлы **(Адал Азамат)**
Ата-аналармен немесе баланың	Ата-аналармен әңгіме: Үйдегі өзіне-өзі қызмет	Балалардың тазалығы жөнінде	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу	Ата-аналармен баланың үй режимі

басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	кеңес беру.			жайында кеңестер.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Өнегелі 15 минут** **«Үй шаруасына жауапкершілік»** (Балалармен мақал-мәтел жаттау)	**Өнегелі 15 минут** Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты нығайту (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Мейірімділік тарихы»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** **«Үй шаруасына жауапкершілік»** (Балалармен мақал-мәтел жаттау)	**Өнегелі 15 минут** **«Кішіпейілдіктің маңызы»** (Балалармен әңгімелесу)
Ертеңгілік жаттығу	**№ 16 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Адал Азамат** **«Мақал-мәтелдер»** Міндеттері: Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. **(тіл дамыту)**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	«Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері» Міндеттері: Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру. .**Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	«Жұпты тап» Мақсаты: балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету **(математика негіздері)**	**«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы** Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрады. Педагог «Бақытты бала» деп жазылған бойтұмарды	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін арттыру. Ертегінің мазмұны арқылы кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екені туралы	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге «мысық» пен «күшік» қонаққа келіпті. Екі қонағымызды үстел басына отырғызайық. – Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма? – Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер? Олар қандай тамақ жейді? – Мысықтың дауысын кім салып береді? – Ал сенің күшігің қандай дыбыс шығарады? – Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? – Күшіктің анасын қалай атаймыз? – «Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? – Балалар, дауысты дыбыс	**Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. **Ұйымдастыру барысы:**	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** сапты бұзбай жүгіру және жүру қабілетін дамыту, өз қимылын өзге балалармен келісіп отыруға үйрету. Жіпті бойлай жүрген кезде тепе-теңдік сақтау, жалпақтабанның алдын алу. Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу,

	қасындағы баланың мойнына тағып: «Сен бақытты баласың, өйткені сенің достарың көп», – дейді. Педагог балаларға М.Хакімжановаңың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды. Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды. Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады. Сөздік жұмыс: Қынап – қылыш, пышақ салатын қорап. Жарықты жағатын бала – электрик. – Балалар, неше мамандық иелерін санап үлгердіңдер? Балалармен бірге өлең мазмұнын талқылайды. Педагог екі тілде аудармаларды орындайды. **Сергіту сәті:** **Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»** Педагогбалалардан «Кім	түсініктерін кеңейту **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: «Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай». (Әтеш) -Қандай жан-жануарлар туралы ертегі білесіңдер? -Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген ертегімен танысамыз. -Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. Сөздік жұмыс: Әтеш – үй құсы, жем, тарыны тұмсығымен шоқып жейді. «Ку-ка-ре-ку!» деп шақырады. Мысық – үй хайуанаты. Ол мияулайды. Шап беріп – тез ұстап алу. Тәкаппар – менсінбей, кеудесін көтеруді айтамыз. -Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма?	жеке бір буынды құрайды. – Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? – Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы. – «Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? – Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен Мысық» Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі. – Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр. – Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. – Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді. – Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр: – Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. – Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. – Мысық, мен сені жеймін, – дейді. – Мені тойдыр, күшік. – Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. – Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? – Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік: – Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: – Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді. **Сергіту сәті:** **Дидактикалық ойын: «Таныс ертегіні тап»** Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды. – Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? – Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші. – Күшік келе жатып неге жолығады? – Қасқыр не дейді? – Күшік не дейді? – Екеуі келе жатып нелерді көреді? – Қасқыр нені жейді? – Тойған Қасқыр Күшікке не дейді? – Іші пысқан Күшік неге жолығады? – Мысыққа не дейді? – Мысық не дейді? – Күшік жолда нелерді көреді? – Түйеге күшіктің шамасы келе ме? – Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен. **<u>Сауат ашу</u>** **Міндеті:** Буындарды және қысқа сөздерді айтқызу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Атауын ата және көрсет»: беттегі ауыз, мұрын, құлақ, көз сынды мүшелерді атап беруге шақырады. Ойын соңында денсаулықты күту, аурудың алдын алу жөнінде жалпы түсінік береді. Әр баланың – ең әдемі, ең үздік екеніне, денсаулықты нығайту керектігіне ерекше назар аударады. Ойын түрінде бір-бірден тізбекке тұру, «Өз орныңды тап!» ойыны. Тізбектегі қашықтыққа назар аудару. Бағытын ауыстыру арқылы бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру. Екі тізбекке тұру. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың орындалуын көрсету. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: «Шыршалар, шырша бүрі, қояндар». Организмді шынықтырамыз. Спорттық жаттығулар – самокат тебу. Педагог тәрбиеленушілерге самокатпен жеке-жеке сырғанауды ұсынады. Жердің бетінен бір аяқтарымен екіпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтауға баса назар аударады. «Мұрныңды тауып көрсет». Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар. «Мұрыңа серуенге дайындалуға көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады. «Мұрын еркелейді». «Мұрын жұпар иіс иіскейді». «Мұрын өлең айтады». «Мұрнымызды жылытамыз».	доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту **Ұйымдастыру барысы:** Балалардың назарын шеңбер пішінінде тасталған жіпке аударады. Бұрынғы сабақтарда жіпті пайдаланып орындаған жаттығуларды, жіпті пайдалану жолдарын еске түсіруді сұрайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез шеңберге кір». Музыканың ырғағымен өкшені жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, денесін тік ұстайды. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – арақашықтықтарын сақтау, мұрын арқылы демалу, қимылдарды үйлесімді орындауға тырысу. Шеңбер формасындағы жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Балаларды шеңбер бойына тарату. Негізгі іс-қимылдарды орындайды: Тепе-теңдік – шеңбер

	болам?» деген тақырыпта шағын әңгіме құрауларын сұрайды **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру, сөздік қорын, тілін дамыту. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, барлықтарыңның аттарың, яғни есімдерің бар. Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер дайынсыңдар ма? Есімдеріңді өлшеңдер. Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады. – Жарайсыңдар! Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер. Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу» Ойын шарты: тақтаға шырша, сыйлық, ұлудың суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға	-Ертегіде не туралы айтылған? -Қай кейіпкер саған ұнады? -Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? -Мысық қайда кетеді? -Әтешті түлкі қалай алдады? -Мысық әтешті қалай құтқарды? -Түлкінің жасағаны дұрыс па? **Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ертегі?»** **Сергіту сәті** -Мысық қалай жүреді? Қалай дыбыстайды? -Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады? -Түлкі қалай қуланады? Құйрығын қалай қозғалтады? Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды. -Ертегіні қайталап есімізге түсірейік. Ертегі сюжеті бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Ертегіні 3-4 балаға қайталату. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** жылдың айлары туралы ұғымдырын	**Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе келіпті. Ол өзімен бірге бір дыбыс ала келіпті. Бірақ, ол бізге қандай дыбыс алып келгенін айтпаймын дейді. Ол үшін біз оның тапсырмаларын орындауымыз керек. Қоржынның бірінші басында тапсырмалар, екінші басында асықтар бар. Сұраққа жауап берген балаларға бір-бір асықтан беріп отырады. 1-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. 2-тапсырма: Сөздерді буынға бөл. Неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қос. 3-тапсырма: Тыңда, орында. 4-тапсырма: Штрихта 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. **Сергіту сәті:** Ақ лақ Жүні жібек шудадай, Ақ мүйізді аппағым, Үстіңді жүр былғамай, Баспа жердің батпағын. Аяғыңды аңдап бас, Тізеңді тас тілмесін. Бөрі көрсе аямас, Сайға сүйреп жүрмесін. (С.Оңғарбаев) **Дидактикалық ойын: «Буындап оқу»** Педагог қорытынды жасайды. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **<u>Міндеті:</u>** Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу. Балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Педагог тәрбиеленушілерді зергерлік бұйымдарды көруге шақырады. Балалар өздері білетін зергерлік бұйымдарды атайды. Осыдан соң педагог Ф. Оңғарсынованың «Зергер» өлеңін оқиды. Білесің бе бұл істі, Зергерлікке кім дайын? Балқытып ап күмісті, Сапырады судайын. Білезік пен алқаны,	«Мұрын үйге қайтады». Қорытындылау **<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Өлең мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Өленді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенді сыйлай білуге, отбасын құрметтеуге тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Педагог балалардан жақында қандай мереке өткенін сұрайды. – Көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі. – Біз аналарымыз бен әжелерімізге арнап қандай тақпақ жаттадық? – Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» деген өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен. ***Сұрақ-жауап:*** Әже қандай адам***?*** Өлең кімге арналған? Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. **Сергіту сәті:** Біз балдырған баламыз, *(өздерін*	формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру. Табанды жіптің үстіне қою, шеңберден шықпау қабілетін бақылау. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне домалатады (қашықтық – 2 метр). «1-2-3 – жұбыңды тап!» командасы бойынша өз жұбын табу. Допты екі қолдың күшімен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға балалардың назарын аудару. Жіпті пайдалану арқылы: «Соқыртеке» ойынын ұйымдастырады. Соқыртеке рөлін орындайтындарға арнап шеңбер жасайды. Ең епті әрі алғыр балаларды ынталандыру. **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат

	бөледі. 1-тапсырма: Сөздерді буынға бөліп айт 2-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл 3-тапсырма: Штрихта 4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. **Сергіту сәті:** Рефлексия. Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Математика негіздері** **Міндеті:** апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету. Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог өлеңді тыңдауды ұсынады. Апта күндері	қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімін бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Басталған істі соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) ойнауға шақырады. **«Қай ай?» дидактикалық ойыны.** Әлия мен Сырым жылдың айлары туралы сұрақтар қояды. Мысалы: «Қаңтардан кейін қай ай келеді?» немесе «Жылдың сегізінші айы қандай?» Бұл ойын балаларға айлардың ретін және олардың аттарын есте сақтауға көмектеседі **1-тапсырма.** Суреттерге қара. Жыл мезгілдерін ретімен сызып қос. Әр жыл	Сақинаны, сырғаны Күміс сымнан тартады. – Өлеңде кім туралы, қай мамандық жөнінде айтылған? – Сақина, сырғаны жасайтын адам. – Оны кім деп атайды? – Зергер. – Зергер не істейді? – Әртүрлі әшекей бұйымдарын жасайды. **Дидактикалық ойын: «Әшекейлер»** Лулия сақинасы арқылы **(құрастыру)** Қазақтың әшекей бұйымдары – бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кеңінен қолданған. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Мысалы: күміс сақиналар, сырғалар т.б. **Сергіту сәті:** Сыңғыр, сыңғыр сырғалар, Құлағымда сыңғырлар. Сол қолымда білезік, Саусағымда сақина, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3, бір, екі, үш, Демалайық жинап күш! Әшекей бұйымдары туралы білімдерін әңгімелеп айтады. **Сурет салу** **Міндеті**: қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; **Мүсіндеу** **Міндеті**: алған білім дағдыларын пайдалана отырып, сырға, білезік әшекейлерін мүсіндеу **Жапсыру** **Міндеті:** қағаз бетіне оюды дұрыс орналастыра білу машығына баулу; шығармашылық қабілеттерін дамыту; әсемдікке тәрбиелеу.	*көрсетеді)* Өсіп-өніп толамыз. *(екі қолын жоғары-төмен қозғайды)* Күнге қарай талпынып, *(бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)* Көкке қолды созамыз. *(екі қолды алға созады)* Қанат қағып ұшамыз, *(екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді)* Қарлығаштай самғаймыз. *(самғап ұшуды бейнелейді)* Суретте не бейнеленген? Сурет саған ұнады ма? Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр? Сен әжеңе қалай көмектесер едің? ***Есіңе сақта:*** *«Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен».* *Қорытындылау* **<u>Қазақ тілі</u>** **Міндеті:** балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. Көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. **Ұйымдастыру барысы:** Қуыршақтар - Сэуле мен Арман қонаққа келеді. «Құс келді» тақпағын қайталау. **Құс келді** Қар су боп жөнелді - Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. (Б.Қозыкеев) - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем). - Көктемде ауланы тазалайды. Таза - тазалайды. - Көктемде не тазалайды? - Көктемде ауланы тазалайды.	есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту. **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбер** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! -Қазір жылдың кай мезгілі? -Қай ай? **Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. **Жаңылтпашпен таныстыру.** Мағынасын түсіндіру. Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді. Балалар жай, жылдам қайталайды. Суреттермен жұмыс. **Жаңа сөздермен таныстыру.** -Көктемде құстар келеді.

	Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, *Сейсенбіде серуен құрдық далада,* *Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп,* *Бейсенбіде би биледік әндетіп,* *Жұма күні жидек тердік ағаштан,* *Сенбі күні кино көрдік театрдан,* *Жексенбіде үйде болдық демалдық.* *Осылайша өте шықты бір апта.* – Өлең не туралы? Педагог балаларды үйшіктерде тұратын ағайынды гномдармен ойнауға шақырады. Олардың есімдері: *Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі*. Оларды санауды ұсынады. Гномдарды санайды (7). Олардың есімдерін хормен қайталаңдар. Педагог ағайындылар-аптаның күндері әрдайым реттік тәртіппен жүретінін айтады: бірінші күн – Дүйсенбі, екінші – Сейсенбі және т.б. Содан кейін педагог оларға реттік нөмірлер беруді сұрайды, олардың астына 1-7 цифрлары бар карточкаларды қояды. Балалар аптаның күндерін қайталап	мезгіліндегі айларды ата. **2-тапсырма.** Сен ұнататын жыл мезгілінде ағаштың суреті қандай болады? Ағаштың суретін аяқтап сал. **3-тапсырма.** Бастырып сыз. Қорытындылау **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** Киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын атау, олардың қолданыстағы икемділігін түсіндіру. **Ұйымдастыру барысы:** *Шаттық шеңбері* Қолөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын өмірге әкелді. Жұмбақ шешу. Көзі көп қабырға, Білінбес жамауы. Тұмсығын шатырға Тығады сабауы, Байланар ақырға, Бұйдалы танауы. (Киіз үй) Қандай ою-өрнек		- Мынау - арық. (Суретті көрсетеді). - Мынау не? - Мынау - арық. - Көктемде арықты тазалайды. - Көктемде арықпен не істейді? - Көктемде арықты тазалайды. - Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді). - Көктемде не істейді? - Көктемде ағаш отырғызады. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. **Дидактикалық ойын:** «Сөйлемді аяқта» Көктемде ағаш ... Көктемде... Көктемде ауланы тазалайды Көктемде... **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк- көктем Ө-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп **Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?»** Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауап беріп сөйлемді қайталайды. Сөйлем құрлымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады. • Көктемде гүл өседі. • Көктемде көгөніс піседі. • Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті:** жылдың айлары туралы	—Көктемде не келеді? -Көктемде құстар келеді. - Мынау - қараторғай. - Мынау не? - Мынау - қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). -Көктемде қараторғай келеді. -Көктемде қандай құс келеді? -Көктемде қараторғай келеді. -Мынау - қарлығаш. -Мынау не? -Мынау - ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. —Көктемде карлығаш ұшып келеді. -Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. - Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. - Көктемде келетін құстарды қалай атайды? - Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл

	айтады. «Дұрыс атаймыз» ойын жаттығуы. Педагог 1-ден 7-ге дейінгі цифрларды көрсетеді. Балалар апта күндерін айтады. Кеше, бүгін, ертең ұғымдарымен танысу. Педагог: – Біз аптаның күндерін атауды үйрендік, аптаның күндері ретімен жүреді. Аптаның күндерін басқаша атауға болады: кеше өтіп кеткен күн, бүгін болып жатқан күн, ертең келе жатқан күн. Мысалы, бүгін аптаның сәрсенбі күні, кеше сейсенбі болды, ертең бейсенбі болады. 1-тапсырма. Суреттерге қара. Аптаның әр күні қыздың немен айналысқанын айтып бер. Балалар аптаның әр күні бойынша қыздың әрекеттері туралы айтады. 2-тапсырма. Апта күндерін ата. Оларды үйлерге орналастыр. Үйлердің нөмірін бастырып сыз. Педагог апта күндерін айтып, оларды үйлерге орналастыруды сұрайды. Үй нөмірлерін бастырып сызады. «Аптаның келесі күнін ата» дидактикалық ойыны (доппен	түрлерін білесің? Қошқармүйіз, тарақ, қызғалдақ гүлі, ботакөз. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі – қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері. Қошқармүйіз – қазақ оюының ең көне түрі сырмақ, текемет, алаша, кілем, былғары киіз, сүйек ағаш зергерлік бұйымдарының бәрінде кездеседі. Тарақ – үлгідегі өрнек күнделікті тұрмыста пайдаланылып жүрген шаш тарайтын тараққа ұқсайтын өрнек. Гүл – гүл өсімдігінің барлық түрлерін тұспалдап көрсететін өрнек. Бұл оюды кесте тоқуда және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады. Ботакөз – сыртқы пішіні ботаның көзіне ұқсап келген өрнек **Дидактикалық ойын: «Ою**		ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. . **Ұйымдастыру барысы:** Әлия мен Сырым оқиғаларды тыңдауды ұсынады, ал балалар оқиғалар тізбегінің сөздерін қолдана отырып, жалғасын табады. Мысалы, «содан кейін қыз мектепке барды және ... (оқиғаны аяқтаңыз)». Бұл ойын балаларға оқиғалар тізбегін сипаттауға қолданылатын сөздерді түсіну және қолдану дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Педагог жыл мезгілдерін, әр жыл мезгілінің белгілерін атауды сұрайды. Әр жыл мезгілінде айлар бар. Әр жыл мезгілінде 3 айдан бар. Әр айдың атауы бар. Педагог өлең оқиды. **Күнтізбе** *Ғасырлармен ізіміздің біріміздің* *ереміз, Жыл он екі ай шеңбер жасап* *келеміз. Қаңтар менен ақпан қарға* *орайды, Ақ боранда түтек болып* *борайды.* *Наурыз бенен сәуірде сел ағады,* *Мамыр келіп қызғалдақтар жанады,* *Маусым, шілде ыстық әкеп, терлетіп* *Егіншілер тамызда егін орады.* *Қыргүйекте жемістерді тереміз,* *Қазан менен қарашада сарғылт* *түске енеміз.* *Желтоқсанмен Жаңа жыл да енеді.* *Одан кейін қайта қаңтар ізінен біз* *ереміз!* Педагог ай атауларын ретімен атап, балалардың қайталауын ұсынады. Содан кейін қыс, көктем, жаз және	құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар - адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек. Балалар қайталайды. **Сергіту сәті:** **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ұ-ұ-ұ-ұя - ұя - ұя **Дидактикалық ойын:** «Ұ» дыбысы бар ма, жоқ па». Педагог сөздерді айтады, балалар «иә»,«жоқ», - деп жауап береді. Сөздер: үстел, тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем, шөп. Ойын «Біреу - көп» Педагог бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады. - Құс - құстар. - Қарлығаш - қарлығаштар. - Қараторғай - қараторғайлар. (Балалар қайталайды). **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **<u>Сауат ашу</u>** **Міндеті:** Буындарды және қысқа сөздерді айтқызу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. Балаларды әдептілікке

	ойналады). Балалар шеңберге тұрады. Бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап, аптаның келесі күнін атауы қажет. Педагог жұмбақ жасырады. *Гажап көпір аспалы* *Жаңбырдан соң тасталды. Түрлі-түсті бояумен,* *Айшықтап тұр аспанды.* *Бұл не, мұнда жауап қарапайым.* (Кемпірқосақ) Кемпірқосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар. 3-тапсырма. Аптаның әр күнін кемпірқосақтың түсімен боя. Кемпірқосақта неше түс бар? Кемпірқосақта аптаның күндері сияқты жеті түс бар. Балалар аптаның күндерін кемпірқосақ түстерімен бояйды. 4-тапсырма. Бастырып сыз. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** балалардың	**сырлары»** **Сергіту сәті:** Ата-бабаларымыз киіз үй көшіп-қону үшін ыңғайлы болғандықтан оны пайдаланған. Қазір де малшылар киіз үйді пайдаланады. Енді киіз үй және оның бөлшектерімен танысайық. Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп-қонуға ыңғайлы, жер сілкінісіне төтеп беретін ең қолайлы баспана. Қазір киіз үйді қаланың қай жерінен көруге болады? (Жайлауда тігеді, кафе ретінде қалалардан көруге болады). Кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Кереге – киіз үйдің ағаштан жасаған жиналмалы торкөзді сүйегі. Қазақтың қолданбалы өнері. Қолөнер туындыларының суреттері, макеттері немесе слайдтар. Интерактивтік тақтадан оюөрнектердің суреттері слайд арқылы көрсетіледі.		күз айларын жеке атайды. Балалар қайталайды **1-тапсырма.** Жыл мезгілдерін және әр жыл мезгілінің айларын ата. Әр жыл мезгілімен заттарды сәйкестендір. Сызып қос. **2-тапсырма.** Бастырып сыз. **3-тапсырма.** Көктем айларын ата. Олар реті бойынша нешінші? Жапырақтарды көрсетілген санға сәйкес боя. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады.	тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе келіпті. Ол өзімен бірге бір дыбыс ала келіпті. Бірақ, ол бізге қандай дыбыс алып келгенін айтпаймын дейді. Ол үшін біз оның тапсырмаларын орындауымыз керек. Қоржынның бірінші басында тапсырмалар, екінші басында асықтар бар. Сұраққа жауап берген балаларға бір-бір асықтан беріп отырады. 1-тапсырма: Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. 2-тапсырма: Сөздерді буынға бөл. Неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қос. 3-тапсырма: Тыңда, орында. 4-тапсырма: Штрихта 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. **Сергіту сәті:** Педагог қорытынды жасайды. **Музыка** Қоңырау,бубен асатаяқ

	денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; Дене тәрбиесіға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жүруді және жүгіруді үйретеміз». Кедергілерден секіріп өту арқылы тізені жоғары көтеріп жүру, бағытын өзгерте отырып жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. «Билеп үйретеміз» Ырғақты гимнастика жасау: кешенді жасаған кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтауға тырысу. Негізгі қимылдарды жасау: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (жеке-жеке – маймыл балаларды баспалдақпен өрмелеуге үйретеді). Өрмелеу, тақтайды ұстау техникасын: бас бармақпен астыңғы жағынан, қалған төрт саусақпен үстіңгі жағынан ұстаймыз; аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату. «Доппен ойнауды	Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сақырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалған. Көшіп-қонуға ыңғайлы болсын деп, киіз үй жабдықтары теріден, ағаштан жасалынады. Өйткені әйнек, шыныдан жасалған заттар жолда сынып қалуы мүмкін Қорытындылау **Музыка** Қоңырау, бубен асатаяқ аспаптарында ойнаудың тәсілдерін үйрену. Сілкімелі аспаптармен ырғақтарды соғу. Ән тыңдау: «Жезкиік»Күйі Ән айту: «Тату доспыз бәріміз» Б.Бейсенова Аспапта ойнау:Ұлттық аспаптар асатаяқ			аспаптарында ойнаудың тәсілдерін үйрену. Сілкімелі аспаптармен ырғақтарды соғу. Ән тыңдау: «Ерке сылқым»Ә.Желді баев Ән айту: «Тату доспыз бәріміз» Б.Бейсенова Аспапта ойнау:Көңілді бубендер Әуенді-ырғақты ойын: «Кел билейік балақай»

	үйретеміз». Бір орында отырған күйі допты бастан асырып алысқа лақтыру. Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, доптың алысқа кетуі лақтыру күшіне байланысты. «Секіруді үйретеміз». Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар». Ойын ережелерін түсіндіру. Ең шапшаң балаларды ынталандыру. Қорытынды кезең (Рефлексия). Маймылдың көңіл күйі жақсы. Өйткені ол көп нәрсе үйренді. «Бір сәттік көңіл күй» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру – балалардың қалай мұңаятынын, ойланатынын, күлетінін, жымиятынын мимиканың көмегімен көрсету.	Әуенді-ырғақты ойын: «Үш би» Шарты:Суреттегі жылдам бидің,орташа екпіндегі,баяу билейтін бидің сипатын ажырату. Күтілетін нәтиже: музыканың сипатын сезіне отырып «үш би» әуенін шаттық, орташа,баяу екенін ажыратты			
2-ші тқңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Достық-шырағымыз» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№8	№9	№2	№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойындар: «Ұлттық киімдерді ата» Шарты: Ұлттық құндылықтарды есте сақтау қабілетін дамыту Ұлттық құндылық	Ұлттық ойын: «Сақина жасыру» Міндеті: Ұлттық тәрбиені нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа, жылдамдыққа , мұқият болуға баулу. **Адал Азамат**	**Жеке қауіпсіздік** **«ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»** **Мақсаты:**. балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету. **Міндеттері:** Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру. Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру. Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды қарсы алу. Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардың жанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру. Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса да дәмін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау	**Вариативтік компонент** **«Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы**: «Көліктер» **Мақсаты**: Көліктің шығу тарихымен таныстыру,балаларды әр түрлі көлік түрлерімен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар «Күлімдеу» ертеңгілік жылулық шеңберін өткізеді. Көліктер туралы әңгіме жүргізу. -Көліктің қандай түрлерін білесіңдер балалар? -Ал балалар көліктің суретін салайықшы бәріміз.Жарайсыңдар балалар. -Балалар, бүгін біз сендермен көліктер туралы сабақ өтеміз.Көлік қалай пайда болғаны туралы әңгімелеп беремін. Әлемдегі ең алғашқы автокөліктің тарихы Қозғалатын көліктің ең алғашқысы Кагнот деген адам ең алғашқы көлікті ойлап тапты.Франция деген мемлекетте .Ал жанармаймен жүретін алғашқы көлікті Бенц деген адам үш дөңгелекті,екі орындығы бар көлік ойлап тапты. Көлік,бұл өздігінен қозғалатын,жолаушыларды және түрлі заттарды тасымадау құралы	Ұлттық ойын:«Соқыр теке» Міндеті: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту **Адал Азамат**

			. Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау: Балалармен үйдегі қауіпті заттардың жанындағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Егер дәрілерді тауып алсаң, не істеу керек?», «Тұрмыстық химиямен ойнауға бола ма?» т.б. сұрақтар қою. Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/topPwzQFQlE?si=3xsiXpAbNDcb8zRp https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij	болып табылады. «Көлік» ойынын ойнауды ұсынады («сиқырлы қапта» ойыншық жүк мәшине, жеңіл мәшине,кеме,автобус,трамвай,паровоз және т.б.) «Автомобиль» туралы әңгіме оқып беріледі. Автокөліктерді пайдалу ережелері(автобус,трамвай, т.б)автокөлікке отырғанда мұқият болу керектігі,экскаватор,кран сияқты көліктерді алыстан айналып өту керектігі және трамвай жолдары жолдары туралы әңгімелейді.	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысуды, онда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсете білуді жаттықтыру. **(Физикалық қасиеттер)**	**Мансур жеке жұмыс** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйретуді жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды үйретуді жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	№8	№9	№2	№4	№7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті	**«Алдаркөсе мен бай» ертегісін оқып беру,әңгімелеу** **Міндеті:** Көркем	**Ойын: «Өрт қауіпсіздігі»** **Міндеті:** Балалардың	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады..	**Ұлттық ойын: «Шыр»** **Шарты:** шыр ойынын балаларға үйрету; ой-өрісін, икемділігін,	**«Ұлттық домино»** **Міндеті:** баланың ойлау қабілетін дамытып, достық

ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын түсіне білуге қызығушылығын арттыру. **Көркем әдебиет**	қауіпсізді ережелерін есте сақтап, тәртіпті бала болуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	**Адал Азамат**	шапшаңдығын, ұлттық ойынға деген қызығушылығын дамыту **Адал Азамат**	қатынасын нығайту **Құрастыру**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін ұсыну	Алған әсерлерімен бөлісу.	Құстар туралы кітаптар қарауды ұсыну	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Аптаның дәйек сөзі: «Кішкентай іске де жауапкершілікпен қара!»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.04 - 01.05.2026

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Аққу»** Күйші – композитор Сүгір Әліұлы. «Менің Қазақстаным» Гимн орындау Шығармашылық дағды. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Аққу»** Күйші – композитор Сүгір Әліұлы. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Аққу»** Күйші – композитор Сүгір Әліұлы. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Аққу»** Күйші – композитор Сүгір Әліұлы. **Адал Азамат**	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: «Суды үнемді тұтыну» ертегісін оқып беруге кеңес беру. Міндеті: Ертегі арқылы суды үнемдеудің және бірге жұмыс істеудің маңыздылығын түсіндіру. **«Суды,тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Ата-аналармен әңгіме: «Тәртіп пен жауапкершілік» Міндеті: Баламен тәртіп пен ережелерге қатысты шағын ойындар ойнатуды үйрету. Мысалы, белгілі бір уақытта ояну немесе белгілі уақыт ішінде бөлмені жинау. **Өнегелі 15 минут**	Ата-аналарға кеңес: «Кішіпейілділіктің маңызы» Міндеті: Балаға қиын сәттерде де кішіпейілді болу керектігін түсіндірту.Өзінің кішіпейіл болған бір сәтті мысал ретінде келтіріп,әңгімелеп беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: «Үйдегі балалардың қауіпсіздігі» Міндеті: Баланы абай болуға және өзін қорғауға үйрету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	

		әңгімелесу			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**«Табиғатты қорғайық»** (телеэкранға назар аудару) **Міндеті:** Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді қолдануға және еңбекқорлыққа баулу. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	**Адал Азамат** Картотека № 29 «Тырналар» Шарты: Балалар жалаң аяқ жүріп,бармақтарымен фетрден жасалған бұйымдарды жинау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**«Табиғат және біз» тақырыбында әңгімелесу** **Міндеті:** Табиғатта қауіпсіз демалуды үйрену, балаларды табиғатта қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	**Адал Азамат** Картотека №32 «Өзіңе жұпізде?» Шарты: Берілген сурет арқылы өзінің жұбын табу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №16				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Адал Азамат** **«Тыныс алу жаттығулары»** Міндеті: Балаларды сөйлеу барысында тез, еркін демалып, дем шығару кезінде ауаны бір қалыпты шығаруға үйрету. **Коммуникативтік дағды**	**«Теңдік және теңсіздік» ойыны** **Шарты:** қарама-қарсы суреттерді салыстыру,үлкен-кіші және тең таңбаларын орналастыру. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	**Адал Азамат** **Артикуляциялық жаттығулар** (айнаға қарап орындайды) Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Коммуникативтік дағды**	**Картотека №74** **«Кеңістікті бағдарлау» ойыны** Міндеті: Кеңістікті бағдарлауды үйрету (жоғары-төмен,оңға-солға). **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: сөйлегенде бейнелі сөздерді, салыстыруларды қолдану. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды орнына отырғызып, серуен туралы әңгіме өрбіту. **Өнегелі 15 минут**	**Математика негіздері** **Міндеті:** Қозғалыс бағыттарын танып қолдануын дамыту: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Ой шақыру» 1. Жылдың қай мезгілі? 2. Бүгін аптаның қай күн?	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, мен сендерге тақпақ оқимын, соның ішінде қай дыбыс жиі естіледі екен? «Ұлпабастың басына Ұлу шықты асыға. Ұстап алмақ боп оны, Ұзақ қонды қасына. Ұмтылғанда ол енді,	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген	

	әңгімелесу Серуеннің қажеттілігі мен пайдасы туралы өз ойларымен бөлісуге шақыру. Теледидардан балалардың балабақшада ойнап жүрген және еңбек етіп жатқан суреті арқылы әңгімелесу. Суретке қарап, екі суретті салыстырып және балабақшадағы серуен кезіндегі іс-тәжірибелерімен бөлісіп, әңгімелеулерін сұрау. Серуен мен еңбектің, сонымен қатар дене жаттығуларының да балалар денсаулығына ықпалы зор екенін, сергіту жаттығуының да дұрыс жасалуы өз денсаулығы үшін екені түсіндіріледі. Сергіту жаттығуы: Терезені ашайық, «Таза ауа кірсін», – деп. Жаттығуды жасайық. «Денем мықты болсын», – деп. Дидактикалық ойын:«Кім зейінді?» Ойын шарты: дәптердегі «Суреттерге мұқият қарап, жетпей тұрған затты және жабыстыр» тапсырмасын орындату. Өлең оқылады: Гүл өсірсең, терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты – еңбек. Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек.	3.Ертең қай күн? 4. Сенбіден кейін қай күн? 5.Ұйықтайтын уақыт қай тәулік? 6. Жаттығу жасайтын қай тәулік? 7. Үшбұрышта неше бұрыш бар? 8. Екі қоянда неше құлақ бар? 9. Дөңгелекте неше бұрыш бар? Бүгін топқа келе жатсам, біздің топқа арнап жазған хат тауып алдым. Кімнен болды екен, оқып көреміз бе? Салеметсіздерме балалар! Сіздерге сиқырлы математикалық қалашықтан хат жазып отырмын. Зұлым мыстан кемпір біздің қалашығымызды сиқырлап тастады.Сендер сондай ақылды балдар екендеріңді біліп сіздерден көмек сұраймыз! Сәлемнен математика елінің тұрғындары! Балалар математика елінің тұрғындарына көмектесеміз бе? -Ол үшін бізге бірнеше тапсырмаларды орындау қажет. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма: Әр аквариумда неше балық бар,сана және ата.Есеп құрастыр,оны шығар. 2-тапсырма: Суреттерге	Ұлу қашты жөнелді» Ұлу дегеніміз жәндік міне мынандай болады. Оның өзінің үйшігі болады. Көбінесе сулы жерлерде тіршілік етеді. Балалар қай дыбыс жиі естіледі екен? (Ұ дыбысы) «Ұ» дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! «Ұ» дыбысы қалай айтылады? «Ұ» дыбысы қандай дыбыс? Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? Ендеше, балалар бүгін Ұ дыбысын әдемі, дұрыс айтып үйренеміз Дыбыстың артикуляциясын анықтау. Ауа еркін шығады. Балалар, енді мен сендерге дауысты дыбыстар айтамын, соның ішінде Ұ дыбысын естігенде шапалақтайсыңдар. А, Ә, Ұ, Ә, Ү, О, А, О, Ұ. Сергіту сәті: Үлпа бұлтқа түсті, Ұшақ биік ұшты , Ұлан деген жігіт, Ұшқыш екен күшті Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма:Суреттерді ата. «Ұ» дыбысы бар сөздерді буынға бөл. 2-тапсырма: Суретке қарап,сызба бойынша сөйлем құра. 3-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. 4-тапсырма: Суреттерді штрихта,үзік сызықтарды үзбей бастыр. 5-тапсырма: Бастыр. 6-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. Қорытындылау.Балалар, қолымызды алдымызға қойып, бойымызды түзу ұстап отырамыз. Осы апта бойы не жайлы айтып жатырмыз? Қыстан кейін қай жыл мезгілі келді? Көктемде жылы жақтан нелер ұшып келеді? Құстар сөзінде ұ дыбысы бар ма? Ендеше құстар сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Кәне, ең алдымен бәріміз бірге құстар сөзін айтайықшы! Құстар сөзінде неше дыбыс бар? Неше дауысты дыбыс бар? Бір сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады екен.	белсенділігін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды орындау. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» екі қатарға тұру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, залды сол жақтан, оң жақтан тез айналып өту, бірінші қатардың артына барып тұру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны:	

	(Н.Жанаев) .Қорытынды кезең (рефлексия) Еңбек ету мен жаттығудан ешуақытта қашпай, жалқаулыққа бой алдырмай, жарқын болашақты серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы мен еңбек екенін айтып, «Бақыт кілті – еңбекте» деген халқымыздың дана сөзімен қорытындылау. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сұрақ - жауап бөлімі. 1) Жыл мезгілдерін білеміз бе,қандай? 2) Бір жылда неше ай бар? 3) Қазір жылдың қай мезгілі? 4) Көктем мезгілінің айларын білеміз бе? 5) Бір аптада неше күн бар? 6) Бүгін аптаның қай күні? 7) Дыбыстар нешеге бөлінеді,қандай - қандай? 8) Дыбыстарды не	қара.Неше жұлдызша қалды,сана. Цифрды жаз. 3-тапсырма: Балықтың жүзу бағытына қара.Көрсетілген бағытта торкөз бойымен жылжы. Сол торкөзді боя. Біз барлық тапсырмаларды орындадық. Бүгін кімге көмектестік? Біз бүгін қарапайым мысалдар мен есептер шығардық. Торкөздерді боядық. Аудио таспа. Жарайсыңдар, балалар бәріңде ақылды екенсіңдер. Барлық тапсырмаларды дұрыс орындап мыстан кемпірдің сиқыры шешілді. Рахмет сіздерге. Сау болыңыздар! **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дид.ойын: «Кім тапқыр?» Ойын шарты: жұмбақты шапшаң шешу. Жұмбақ жасыру. Орманнан жалпақ даладан Бал іздеп бір аң жортады Кіп – кішкентай арадан, Үлкен болып қорқады. (аю) Бұлаңдаған құйрығы,	Құстар сөзін буынға бөлейік. Құс – тар. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасырылады: Қалқиып ұзын құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады. (Қоян) ҰІӘ-ін жұмбақ жасырудан бастап, жауабы табылғаннан кейін қоян туралы әңгімелеу. Балаларды қоян секілді секіртіп, көңілдендіріп сергітіп алу. Жабайы жануарлардың қоянның туған күнінде отырған сәті. Балалардың назарын суретке аударып, жануарлар қандай мерекені тойлап отырғанын сұрау. Балалардан өздерінің туған күндері жылдың қай мезгілде болатынын, туған күн мерекесі не себепті ұнайтынын/ұнамайтынын сұрау. Сергіту жаттығуы: «Сұр қоян» Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. (Т. Бердияров) Ойдан ертегі құрау: Сурет бойынша «Қоянның туған күні» тақырыбына ойдан ертегі құрауын талап ету. Ертегідегі туған күндегі көңіл күй, қоянды құттықтап келген достары, олар қоянға қандай тілек тілегенін кейіпкердің қимыл қозғалысын, рөлін көркемдеп, сипаттауға бағыттау. Сурет арқылы тапсырма орындау. «Құйрығын жоғалтып алған қоянға өз құйрығын табуға көмектес» тапсырмасын орындату. Қорытынды кезең (рефлексия). Қоянды туған күнімен балалардыңда құттықтап, жылы лебіздері мен тілектерін білдірулерін өтіну және қоянның сүйікті тағамы сәбізден дәм татқызу. ҰІӘ-ін	«Соқыртеке». Ойын тәртібінің сақталуын қадағалайды. Санамақтың көмегімен «Соқыртекені» таңдап алады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Қимыл-қозғалыс ойындары: «Түрлі-түсті асықтар». Шарты: Балалар шеңбер айналып жүреді.Әуен тоқтағанда әр бала қолындағы асықтың түсі бойынша орындарына тұра қалып,қолдарындағы асықтарын жоғары көтеріп көрсету керек. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Дауысты дыбыстар 3) Дауыссыз дыбыстар 4) Қандай түспен белгіленеді? 5) Дауысты дыбыс қызыл түспен,дауыссыз дыбыс көк түспен 6) Өкпеден шыққан ауаға	

	істейміз? 9) Әріптерді ше? 10) Әріптерден не құраймыз? 11) Буындардан не құраймыз? 12) Сөзден не құраймыз? «Буынға буын қос» ойыны. Ойын шарты: берілген буындарды қосып сөзді оқиды. Суреттерде не бейнеленген? Тапсырмаларды орында. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма:Суретте бейнеленген заттарды ата.Буынға бөл.Тиісті сызбамен қос. 2-тапсырма: Суреттерге қара. «Ө» дыбысы бар сөздерді ата. Өгіз,көл сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Саусақ жаттығуы: Тыңда,орында. Бір,екі,үш, Кәне,жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. 3-тапсырма: Суретке қара.Қыздар не істеп жатыр? Ұл балалар ше? Балаларға ат қой. Сөйлем құра.Сызбасын сыз. 4-тапсырма: Нүктелерді бастыр. 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр,жалғастырып жаз. Рефлексия. Балалар өз	Бір айдарлық қулығы. (түлкі) Көзін жұмады, Көзін ашады Сыбысын білдірмей, Ақырын басады. (мысық) Сұрақ-жауап Бұларды бір сөзбен не дейміз? Қандай ертегі кейіпкерлері? 1. Ертегі туралы түсінік беру. Қандай ертегілер білеміз? Ертегіні не үшін тыңдаймыз, онан не үйренеміз? Кейіпкерлер дегеніміз не? 2.Ертегі кейіпкерлерін жасау. Жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу. Жасаған кейіпкерлерге сипаттама беру. 3.Саусақ театрының кейіпкерлері. Театр кейіпкерлерін саусаққа кейіп әңгімелесу. Қорытынды. Дид.ойын: «Бұл қандай ертегі?» Ойын шарты: бөліктерді құрастыру арқылы қандай ертегілер шыққанын әңгімелеп беру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Ұялы телефон,	Б.Бейсенованың «Туған күн» әнін пайдаланып аяқтау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуін дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, өткен ұйымдастырылған іс-әрекетінде не туралы әңгімелестік,қане есімізге бірге түсірейік. Сонымен табиғат дегеніміз не? Қане,табиғатқа саяхатқа шығайық. I слайд: Ендеше, саяхатымыздың бірінші аялдамасы « Тіршілік атаулының бар арманы –ауа» деп аталады. Ауадан қымбат еш нәрсе жоқ. Адам бар –жоғы бір-екі минут ғана дем алмай тұра алады. Сондықтан дана халқымызда «Ауадай қажет» деген сөз бар. Бірақ сол ауамыз қаншалықты таза екеніне ешкім толық жауап бере алмайды. Өзіміздің Семей қаламызды алып қарасақ, қаланың үстінен қою бұлт сияқты тұманды көреміз. Автокөліктен, завод, фабрикадан шыққан түтіндер ауамыздың мөлдірлігін бұзады. Сонау 1949 жылдардан бастап Семей даласында ядролық қару жарылып, сол газдар ауаны улады. Сол ауамен дем алған қаншама адам ауруға ұшырады. Сонда адам баласы біріншіден, Табиғат-Ананы ренжітсе , екіншіден өзіне -өзі қастандық жасады.Дүниеге келген сәби мүгедек болып жарық дүниені өксікпен өткізді. Мен сөзімнің соңында адамдарға былай демекпін: Ей, адамдар, Табиғат –ана саған дем ал деп ауаны сыйлады, өйткені ол өте мейірімді. Сен оның сенімін ақта, ауаны ластама! II слайд: Ендігі екінші аялдамамыз «Тіршілік көзі – су» деп аталады. Судың қаншалықты маңыздылығы бар екен? Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саялы баққа айналдыратын байлық көзі –су. «Судың да сұрауы бар» дейді дана халқымыз. Қазақстан Республикасында мол сулы өзендер, көлдер теңіздер бар осы мол суды өлшеусіз, есепсіз	ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды? – Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен. Артикуляциялық жаттығу жасау. (айнаға қарап отырып жасайды) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Суреттерде не бейнеленген? Тапсырмаларды орында. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма:Суретке қара.Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. 2-тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. – Әже,нар,піл. Дыбыстық талдау жасаған кезде сөздегі әр дыбысты анық айтуларың керек. Мысалы: «Лақ» сөзіне дыбыстық талдау. Л – үнді дауыссыз дыбыс,	

	білім деңгейлерін «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сандық эстафета» дидактикалық ойыны. Балалар екі командаға бөлініп, бағанға бөлінеді. Педагог 1-ден 10-ға дейінгі цифрлармен карточкалар дайындайды. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 картаны бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма: Суретке қара.Алмаларды әр себетпен сызып қос. Не артық? Не кем? 2-тапсырма: Гүлдерді 3-тен,араларды 2-ден топтастыр. Неше топ болды? «Үй» саусақ гимнастикасы. Үлгі: Мен үй салғым келеді,	смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды пысықтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларды дөңгелете отырғызып, «Сымсыз телефон» ойынын ұйымдастырады. Ойын шарты: Бастаушы бір баланың құлағына бір сөз айтады,ол бала жанындағы балаға сыбырлап,басқаларға естіртпей жеткізу керек. Жұмбақ шешу. 1.Бар екен бір терезе ғажап үйде, Кино болар терезеден күнде-күнде. (Теледидар) 2.Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде, Естіп алар бір құлақ алыс елде.(Телефон) 3.Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. (Газет) -Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? (Бір-біріне хат жазады,телеграмма жібереді,телефонмен сөйлеседі) -Хатты қалай жібереді? (Пошта арқылы) - Балалар,пошта,телеграф, телефон-байланыс	пайдалану судың азаюына әкеп соғып отыр.Су–табиғаттың жаны, қара жердің сәні дедік. Ал табиғатты әдемілікке бөлеп тұрған не? Ол – өсімдіктер. III слайд: Келесі үшінші аялдамамыз «Табиғат байлығы –өсімдіктер» деп аталады.Табиғат байлығының бір тобы –жер бетіндегі әдемі өсімдіктер.Олар туралы не айтамыз? Өсімдіктер, ағаштар табиғатымызды түрлендіріп тұрған түкті кілем сияқты. Халқымыз өсімдікті өмір өзегі деп алып, одан қамқорлығын еш аямаған. «Әкеңнен мал қалғанша тал қалсын» деген көрнекті сөз соның айғағы. Ысырапсыз пайдаланғандықтан өсімдіктердің кейбір түрлері азайып бара жатқандықтан олардың көптеген түрлері Қызыл кітапқа енгізілді. Менің ойымша, әрбір азамат оларды қорғаудың маңызын саналы түрде ұғынбаса , біздің керемет жасыл бағымызды ешқандай тиым салу құтқармайды. Сондықтан мен осы отырған барлығыңызды өз өлкелеріңіздің өсімдіктерін біліп, оларды қорғауға шақырамын. Расында да, өлкемізді саялы баққа айналдыру әрқайсымыздың қолымыздан келеді. Ал сол әдемі табиғатымызды әсем әнге бөлейтін не ,балалар?(Құстар) IV слайд Олай болса келесі аялдамамыз «Орман сәні құстар» деп аталады. Бұл туралы не айтасыңдар? Табиғаттың сәні де, әні де қалықтай ұшқан құстар.Олардың әсем әндері бойымызды балқытып, еріксіз еліктіреді. Олар –біздің қанатты достарымыз. Олар –табиғат сақшылары. Егістіктің, бау-бақшаның сенімді серігі. Сондықтан ата-бабамыз құстарды қадірлеп, құрметтеген. Олар батыр ұлдарын сұңқарға, сұлу қыздарын аққуға теңеген. Қазақтар құстарға қарап ауа райын да болжай білген. • Құс жүнін үрпитсе, жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. • Сары шымшық ысқырса- шынымен күз болғаны. • Қарға қарқылдаса -қар жауады. • Жыл құсы қаптап кетсе -көктем ерте келеді. • Көкек қатты әрі жиі шақырса –күн жылиды. • Сауысқан шақылдаса, қонақ келеді. • Ерте көктемде қарға суға шомылса, күн жылиды.	көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. Лақ сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. Саусақ жаттығуы: Тыңда,орында. Бір,екі,үш, Кәне,жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. 3-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр. 4-тапсырма: Бастыр. Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату. Балаларды шешендік өнерге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Біздің Отанымыз қалай аталады? -Қай калада (ауылда) тұрасын? Педагог Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әңгімені жүргізеді. Жаңа сөздермен таныстыру. -Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика? -Қазақстан - көпұлтты республика.	

	(Қолдарды үйшік етіп ұстап, жоғары көтереді.) Терезелер саламын. (Екі қолдың саусақтарының ұшын дөңгелектеп түйістіреді.) Үйге есік саламын. (Екі қолдың алақандарын тігінен біріктіріп ұстайды.) Қайың егіп суарамын. (Бір қолды жоғары көтеріп, «саусақтарды жан-жаққа» ашады.) Жан-жағымда қоршау бар, Итті ұстайтын құрсау бар. (Қолды тұтқа жасап, алдына дөңгелектеп ұстайды.) Күн шуақтап, жаңбыр жауды, (Алдымен қолды жоғары көтеріп, саусақтар ашылған күйде, содан кейін төменге түсіріп, қолдарды сілкілейді.) Гүлдер өсті, қаптап бауды. (Алақанды жұдырықпен беттестіріп, саусақтарды ашады – «қызғалдақ бүршігі».) 3-тапсырма: Суретте неше гүл болса,сонша торкөзді боя.Қандай гүлдер артық? Қай гүлдер тең? Қорытындылау. «Ауада сурет салу» жаттығуы: балалар саусақтарымен ауада әртүрлі фигуралардың суретін салады: дөңгелектер, толқындар,	құралдары. -Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? (Теледидар,радио,газет және интернет арқылы) -Теледидар,радио,газет, интернет-ақпараттық құралдар. -Өрт шыққа қандай телефонға қоңырау шалу керек? (101) -Ал дәрігердің көмегіне жүгіну керек болса ше? (103) -Ал полиция қызметкерлерін қалай шақырамыз? (102) -Балалар,бұрынғы заманда телефон,телеграф жоқ болған кезде,адамдар бір-бірімен қалай хабарласқан? (Поштаны көгершіндер арқылы,арнайы шабарман арқылы хат жіберген) -Үнді тайпаларында түтіннің белгісі арқылы бір-бірімен хабар алысқан. Кейін үлкен қалалар салынған кезде қаладағы үйлерге нөмір берілген,пошта,телеграф, телефон пайда болды. -Балалар, мен қазір сендерден интервью аламын.Интервью дегенді білесіңдер ме? Қорытынды. Сұрақ-жауап әдісі арқылы ұйымдастырылған іс-	Айтсақ әніміз, ардақтасақ сәніміз, табиғаттың көркі құстарды қорғау әрқайсымыздың парызымыз. Тәрбиеші: Құстарды табиғаттың әні десек, табиғаттың сәнін келтіретін тағы да нелер деп ойлайсыңдар?(Хайуанаттар) V слайд: Ендеше келесі аялдамамыз «Табиғаттың сұлу мүсіні жануарлар» деп аталады. Табиғаттың сұлу мүсіні, көрікті келбеті – хайуанаттар. Халқымыз ежелден-ақ жануарларды көзінің қарашығындай аялап, қамқорлыққа алған көздері мөлдіреп тұрған қыздарын «Ботагөз» деп атаған.Бүгінде орманның сәнін келтіретін жан-жануарлар азайып келеді. Соның бірі қазақ жерінде тас дәуірінен бері тіршілік келе жатқан ғажайып хайуанаттар өкілі –Ақбөкен болып табылады. Оны халық көбіне киік деп атайды. Оның мүйізінің өзінен өкпе қабынуын, жүрек ауруын т.б ауруларды жазатын емдік қасиеті бар екен. Ал еті өте тез сіңетін жеңіл тамақ болып табылады. Қазақта киікті «қасиетті аң, киелі аң» деп атауы осыдан болса керек. Бірақ осы қасиетті аң бүгінде өте аз қалды. Өте жақсы, балалар біз табиғаттың тамаша туындыларына саяхат жасадық. Табиғат-Ана ішсін, бар қажеттіне жаратсын деп мөлдір су берді, ғажайып жасыл әлем сыйлады, орман-тоғайымыз әдемі болсын деп құсы мен әдемі аңдарын берді, қысқасы біз өмірге қажеттінің бәрін Табиғат- Анадан алады екенбіз. Ол қандай мейірімді,өзі қандай дархан,кең болса да, жүрегі де дәл сондай қайырымдылыққа, мейірімділікке толып тұр. Олай болса біз, балалар дәл қазір Табиғат-Анадан үйренген мейірімділігімізді бір-бірімізге арнаймыз. Қорытынды. Ойын: «Мейірімді жүрек» Шарты: Табиғатқа тілек айту арқылы екі топқа бөлініп, композиция құрастыру. Қағаз бетіне табиғат құбылыстарын құрастырып жапсыру арқылы суретті бояу,күннің шуақтары мен жаңбыр тамшыларын ермексаздан жасау. **Құрастыру, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу** Ән «Табиғатым тамаша» барлығы орындайды.	-Қазақстан халқы тату тұрады. -Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан - ортақ үйіміз. -Ортақ үйіміз -... -Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың? Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. Педагог шағын мэтін құрап айтады: Біздің Отанымыз - Қазақстан. Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан біздіц ортақ үйіміз. (3-4 бала мэтінді қайталайды). Сергіту сәті Дөңгелене тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп Шаңыраққа киіліп Киіз үйді құрайық. Дидактикалық ойын «Жалғастыру». Біздің Отанымыз - Қазақстан. Біздің Отанымыз - ... . Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстан -... республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы ... тұрады. Қазақстан - біздің ортақ үйіміз. Қазақстан - біздің ... үйіміз. Мақалмен таныстыру. Бірлік бар жерде - бақыт бар. Педагог мақалдың	

	сызықтар және т.б. немесе таяқшалардан құрастырылған фигураларды қайталайды, бірақ бұл фигуралар ауада жасалатын қимыл-қозғалыстармен сипатталады. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасу». Залды айналып жүру; «Жүгір!» деген команда берілгенде залды айналып жүгіреді. Орындық үстінде жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды көңілді жарыс түрінде орындайды: Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды. Бірде-бір кермені қалдырмай, аяқтарын кезектестіре басып гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Дұрыс ұстау: төрт	әрекетіндет алған білімдерін пысықтайды. **Музыка** Музыка тыңдауда классикалық, халықтық және заманауи музыканы салыстыру,ажырата білу,музыка мәдениетін қалыптастыру. Ән тыңдау:«Тату доспыз бәріміз» Р.Абдырахим Ән айту: «Дос болу керек»И.Нүсіпбаев Аспапта ойнау: «Дайдидау»әні Әуенді-ырғақты ойын: «Сақина салмақ»Ұлттық ойын «Ырғақты қайтала» Шарты:Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады.Алдарына бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапқа салады,екінші бала сол аспапты ырғақты қайталайды.		мағынасын түсіндіреді, балалар қайталайды. «Сиқырлы қаламмен» жұмыс. «Достығымыз жарасқан» Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1.Сурет бойынша әңгімеле. Біздің Отанымыз қалай аталады? 2.Жаттап ал. Достық Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. Е.Елубаев Тақпақ оқу, түсіндіру, жаттау. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.	

	саусақпен үстінен, бас бармақпен астыңғы жағынан ұстау қажет. Техника қауіпсіздігі – баспалдақтың астына жұмсақ матрас жаю қажет. Қолды белге қойып, қосалқы адым жасау арқылы гимнастикалық орындықтың үстімен қапталымен жүру. Жаттығудың орындалу техникасын көрсету (балалардың бірі көрсетеді). Нұсқау: келесі бала қимылды бірінші ойыншы бірінші орындықтан өткен кезде бастайды. Заттар арқылы қос аяқпен секіру (биіктігі – 10 см) (3 текшеден 2 қатар). Секіру жаттығуларын орындау техникасын балалардың есіне салады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кегельді құлат»: допты домалату техникасын көрсету. Нұсқау: кегельдерге қарама-қарсы тұру. Қорытынды кезең (Рефлексия). Жарысты қорытады. Ұлдардың қыздарға қарағанда күштірек екеніне назар аударады. Сондықтан қыздарды қорғап, оларға қамқор болып жүрулері керектігін айтады.				
2-ші тқңғы ас	Ас болсын тамағың				

	Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 25** **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау** **Міндеті:** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» ойыны. Картотека №1** **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың басына тақия кигізе салады. Тақияны байқаған бала тұра жүгіріп орнына тез жету керек жете алмаса ойынды жалғастырады. Тақияны бала сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**№ 29** **Ересек топтың балаларының ойындарын бақылау** **Міндеті:** Балалардың киімдеріне назар аудару, балалар қыста қалай киінгендерін естеріне түсіру. Балалардың далада бұрынғыдан көп серуенде болатындарын бақылау, себебі күн жылынды. Ауа райының қалай өзгергенін бақылау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Батыл балалар»** **Міндеті:** Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке, ептілікке тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ: «Балабақша» Балабақша базарлы үй, Қаладағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты, Өз үйіміз сияқты. **Еңбек:** Ауладағы жұмыстар: арам шөптерді жұлып, ағаштардың түптерін қопсыту.	**№ 26** **Жәндіктердің ұшуын бақылау (Көбелек, маса, ара)** **Міндеті:** Күн жылына жәндіктер пайда бола бастайды. Жәндіктерді танып аттарын атау. Қоңыз, маса, көбелектер және оларды салыстыру. Жәндіктерді аялауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»** **Картотека №8** **Міндеті:** Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым - қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Гүлзарды суару** **Міндеті:** Өздігінен өсімдіктерді суаруға үйрету. Гүлдер мен құралдарға ұқыпты қарап, жұмыстан кейін орындарын жинауға тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Тісі жоқ, ауызы бар, Атқарар ісі бар. (Ара) **Коммуникативтік дағды**	**№ 28** **Терек ағаштарының жапырақтарын бақылау** **Міндеті:** Терек ағашының жапырағын ақ қайыңның жапырақтарымен салыстыру, айырмашылықтарын бақылау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ағаш түптерін әктеу** **Міндеті:** Ағаш түптерін әктесек одан құрт – құмырсқа аулақ болатынын ескерту. Балаларды табиғатты қорғауға,	

	Еңбек: Гүлзарға гүл тұқымын себу **Міндеті:** Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс:** Тақпақ оқу,жаттау. Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. Уф!-десем бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. **Коммуникативтік дағды**	**Міндеті:** Балалармен арам шөптерді жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақы, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		бұтақтарды сындырмауға тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу,жаттау. Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек еткенің. Келмесе шаманың егуге, Сындырма жұрттың еккенін. М.Қуанышбеков **Коммуникативтік дағды**	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән	**Дене тәрбиесі (таза ауада)** **Міндеті:** бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен	**Жеке қауіпсіздік** **«ДАЛАДА ОЙНАУ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»** **Мақсаты:** жарақаттар мен қауіпті жағдайларды болдырмау мақсатында балаларға сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін үйрету.	**Вариативтік компонент** **«Көліктің адам өміріндегі пайдасы»** **Тақырыбы: «Жолда ойнама»** **Мақсаты:** Балаларды	

әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сиқырлы қоржын». Балалар кезекпен ойыншықтарды алып, атайды: Мынау - доп. Доп - ойыншық. (Қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл). Педагог қоржынан оқу құралдарын алып, жаңа сөздермен таныстырады. -Мынау - кітап, кііі-тап. Мынау не? -Мынау — кітап. -Кітап - оқу құралы. -Кітап не? -Кітап - оқу құралы. -Оқушыға кітап керек. -Оқушыға кітап керек пе? -Оқушыға кітап керек. -Оқушы кітап оқиды. -Оқушы не оқиды? -Оқушы кітап оқиды. -Мынау - қалам, қа-лам. -Мынау не? -Мынау - қалам. -Қалам - оқу куралы. -Қалам - не? -Қалам - оқу құралы. -Оқушыға қалам керек. -Оқушыға қалам керек пе? -Оқушыға қалам керек. -Мынау — сызғыш, сыз-ғыш. Мынау не? -Мынау - сызғыш. -Сызғыш - оқу куралы.	өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимылды ойын: «Өз түсіңді тап!» Алаңның әр жеріне педагог әр түсті бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тобы қызыл түсті кегельдерді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельдерді айнала тұрады. Педагогтің «Серуендеуге!» деген белгісі бойынша барлығы бүкіл алаңмен түрлі бағытта жүгіреді. Келесі: «Өз түсіңді тап!» деген белгі бойынша балалар өз кегельдерін табуға тырысып, өз орындарына жүгіреді. 1. «Таңғаламыз» 2. «Иық». Иықтармен жұмыс істейміз,	**Міндеттер:** Балаларды сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Арнайы бөлінген орындарда, ересектердің бақылауымен ойнаудың маңыздылығын түсіндіру. Балаларды жолға жүгіріп шығу сияқты қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалармен амандасу. Сыртта ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. 1-ереже. Қауіпсіз жерлерде ойнау Балаларға тек ойын үшін арнайы бөлінген жерлерде, мысалы, аула, ойын алаңдары, саябақтарда ойнау керектігін түсіндіру. Ойынға арналған қауіпсіз жерлердің иллюстрацияларын көрсету. 2- ереже. Жолға шықпау, жолға қарай жүгірмеу Жолға жүгіріп шығуға немесе жолдың жанында ойнауға болмайтынын түсіндіру. Жолдың жанындағы қауіпсіздік ережелері бейнеленген суреттерді көрсету. 3- ереже. Айналаға қарау Жолды кесіп өтпес бұрын немесе жаңа жерде ойынды бастамас бұрын айнала, жан-жаққа қарау керектігін түсіндіру. Жолды кесіп өтер алдында айналаға, жан-жағына қарап тұрған балалардың суреттерін көрсету. 4- ереже. Ересектердің бақылауында ойнау Балаларға ең жақсысы ата-аналарының немесе басқа ересектердің бақылауында ойнау екенін түсіндіру. Ересектердің бақылауында ойнап жатқан балалардың суреттерін көрсету. 5- ереже. Айналадағы адамдарға мұқият болу Балаларды қақтығыстар мен жарақаттануды болдырмас үшін басқа балалар мен ересектерге қарауға үйрету. Пайдалы сілтеме: https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=uKafRwZFLxKKeNJs	ойын кезінде болатын түрлі қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Қауіпсіздік ескеруге, қауіпті жағдайлардың алдын-алуға, жағдайдан шыға білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! Кіріспе әңгіме - кешке дейін аулада ойнамау; - көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу; - мастардан, күдікті адамдардан аулақ болу; - бейтаныс адамның машинасына отырмау; - бейтаныс балалармен немесе мектепалдымен басқа подъезге, подвалға, басқа да орындарға серуендеуге келіспеу; - аулада от жақпау – бұдан өрт шығуы мүмкін; - аулада, үйінде қымбат заттардың көп екендігін айтып мақтанбау; Аулаға қыдыруға шықпас бұрын ата-анаңа қайда және кіммен болатыныңды айт. Иттер мен мысықтарды	

	-Сызғыш не? -Сызғыш - оқу құралы. -Оқушыға сызғыш керек. -Оқушыға сызғыш керек пе? -Оқушыға сызғыш керек. -Мынау - дәптер, дәптер. Мынау не? -Мынау - дәптер. -Дәптер оқу құралы. -Дәптер не? -Дәптер оқу құралы. -Оқушыға дәптер керек. -Оқушыға дәптер керек пе? -Оқушыға дәптер керек. -Оқушы дәптерде жазады. -Оқушы дәптерде не істейді? -Оқушы дәптерде жазады. -Мынау — қарындаш. Мынау не? -Мынау - қарындаш. -Қарындаш - оқу құралы. -Қарындаш не? -Қарындаш - оқу құралы. -Оқушыға қарындаш керек. -Оқушыға қарындаш керек пе? -Оқушыға қарындаш керек. -Кітап, қалам, дәптер, сызғыш, қарындаш - оқу құралдары. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке айтып жаттығады. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). І-і-і-і - кітап, кітап. Қ -қ-қ-қ - қалам, қалам. Ә-ә-ә-ә- дәптер, дәптер.	иығымызбен билейміз. 3. «Мұрынның бір жағымен дем алу» Демді мұрынның бір жағымен ақырын, ұзақ уақыт шығарып, өкпені ауадан босатамыз және диафрагманы мүмкіндігінше жоғары көтереміз. 4. «Демді ұстау» 5. «Түтікше тәрізді ерін» 6. «Шамды үрлеу» Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Екі аяқпен секіру – аяқтарды қосып, аяқтың арасын ашып, қолды бастан асырып шапалақтау – ырғақпен секіру, аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату (аяқтардың арасын ашқанда – қолды қапталға созамыз, аяқты қосқанда – шапалақтаймыз). Жүру; заттар қатарын айналып жүгіру, заттардың арасымен «жыланша» жүру. Дене сымбатын сақтауға, қозғалыс сұлулығына назар аударуға шақырады. Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар «Дауылпаз» Тізені бүгіп еденге отыру. Жаттығуды орындау барысында тізені біртіндеп түзетеді. «Қарақшы» Тізені бүгіп еденге отырады. Өкше еденге		ызаландырма, олар қорқытуы, тістеуі немесе тырнап алуы мүмкін. Қараңғы түскеннен кейін көшеде жүрме. Ойын: Қауіпті жер Суретке қарап қауіпті жерлерді табу. Қорытындылау. -Балалар аулада ойнағанда абай болайық. қауіпсіздік ережесін сақтап, сақ жүрейік. Қай көше,қалаға барсаңызда Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі Заңды тәртіп, ортақ! Үлкен-кіші баршамызға.	

	Сөздерді бекіту үшін, «Қайтала, көрсет» ойынын жүргізеді. Оқу құралдары жекеше, көпше айтылады. Сөздерді қайталап, үстелден алып көрсетеді. кітап — кітаптар қалам - қаламдар сызғыш - сызғыштар дәптер - дәптерлер Педагог шағын мәтін құрайды. Мен мектепке барамын. Мектепке кітаптар, дәптерлер, қалам апарамын. Мен жаксы оқушы боламын. Балалар мәтінді қайталайды. Сергіту сәті: Бір, екі, үш Аяққа түсті күш. Төрт, бес, алты Күшіміз артты. Жеті, сегіз Білім, еңбек егіз. Тоғыз, он Құстай ұш та қон. Жаңылтпашты қайталау. Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар, Көп бор бар. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Оқушы дәптерде жазады. Оқушы ... (дәптерде	тиіп тұрады және жаттығу жасау барысында өкшені еденнен алмайды. Жаттығуды алдымен бір аяқпен, сосын екіншісімен орындайды. «Бояушы» Еденде аяқтарын созып отырады. «Құрастырғыш» Тасыған кезде заттарды құлатып алмауға тырысу қажет. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аю» Спорттық жаттығулар – самокатпен сырғанау. Педагог тәрбиеленушілерге самокатпен сырғануды ұсынады. Жердің бетінен бір аяқпен екпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтау білігіне баса назар аударылады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын: «Тыныштық». Тақпақ оқу, балалардың қимылдарды дұрыс орындауын қадағалау.			

	жазады). Кітапты оқиды. Кітапты ... Қарындашпен сызады. Қарындашпен .. Тапсырманы орындау. 1 .Оқу құралдарын тап. Белгіле. Ата.Рефлексия. Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. - Қандай тапсырма ең қызықты болды?				
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды, «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратуды, оларға дұрыс жауап беруді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур** Жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасауды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқаруды игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур жеке жұмыс** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 25**	**№ 29**	**№ 26**	**№ 28**	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат**	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Ұйымдастырылған іс-**	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну,шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Өнегелі 15 минут әңгімелеу** Педагог жағымды көңіл күй қалыптастыру үшін тәрбиеленушілерге өлең жолдарын кимыл-қозғалыс арқылы айтады. Таза бала мұнтаздай, Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай, Жақсы көрер бар адам. Ұқыпты осындай,	**Ұлттық ойын: «Бәйге тартыс»** **Шарты:** Екі адам екі жағынан келіп, желкесінен асырып қолтық астынан өткізіп, екі жаққа тартысып күш сынасады. Белгіленген сызықтан асырып сүйреп кеткені жеңімпаз болып табылады. **Адал Азамат**	

		әрекет: Ойындық сергіту. «Сандық жүгірткі». Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұрау. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды. Топтардағы практикалық жұмыс. Балаларға кез келген санды көрсеткенде,сол санның құрамы бойынша топтасып тұра қалу.Мысалы 10 санын көрсеткенде 10 бала болып тұрып қалады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара.Қандай вагондардыңнөмірі жоқ? Жаз. 2-тапсырма. Сурет бойынша балалар не істеп жүргенін әңгімелеп бер.Төбешікте неше бала көтеріліп бара жатыр?Төбешікте Барлығы неше бала болады? Төбешіктен неше бала төмен сырғанады? Төбешікте нешеуі қалды? Сергіту сәті. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. Иығынды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10	Болайықшы, досым-ай. Педагог шағын фольклор - мақалмен таныстырады. «Алғыспен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». -Балалар, калай ойлайсыңдар, алғысты қандай балаларға айтады? Тәрбиеленушілер алғысты қандай кезде айтатыны туралы болжамдайды. Алғысты жақсы іс-әрекет жасаған немесе көмек көрсеткен балаларға айтады. -Сен өзің басқа бір адамдардан алғыс естідің бе? - Балалар, бүгін «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз. Біз бүгін әңгіме жанрымен танысамыз. Әңгіменің ерекшелігі - қысқа оқиғаны әңгімелейді. Мұқият тыңдаңдар. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар. -Әңгіме ұнады ма? -Әңгімедегі баланың іс-әрекеті сендерге ұнады ма? -Анасы Зәукенді қайда жұмсады? -Зәукен атайдың қандай затын жөндеп берді? -Әжей Зәукен туралы не айтты? -Анасы неге қуанды? -Осыдан кейін анасы баласына не айтты деп ойлайсың? -Анасы баласына не деді? -Анасы баласын іздеп барганда кіммен кездесті? -Әже мен ата баланың анасына не айтты? -Анасы баласына қалай қарады? -Өзің анаңа қалай көмектесетініңді айтып бер. Сергіту сәті: Ата менен ананың айтқан тілін аламын, Үлкен кісі жұмсаса, қайда болсын барамын. Төсекті өзім жинаймын, ешкімді де ренжітпеймін. Ешкім маған тимейді, Мен де бәрін сыйлаймын. Жұмбақ шешу: Өзі тас, өзі ақ, Дәмін татсаң ащы-ақ. (Тұз) Мақал: Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды. Педагог қорытынды жасайды. -Қандай жанрға жатқызасыңдар? -Әңгіме қалай аталады?		

		рет секір. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен секір. Иықтарын көтереді, Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру. 3-тапсырма. Суреттерде не бейнеленген,сана және ата. Мысалдар құрастырып,оларды шығар. 4-тапсырма. Вагондарды боя. Сен әр қатардан неше вагон боядың? Әр қатарда неше вагоннан болды? Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	-Әңгімеде кімдер туралы айтылған? -Әдепті, ұқыпты, тілалғыш бала болу қиын ба?		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларының сұрақтарына ерінбей толық жауап беріп,әрбір дыбыстарды анық айтқызуға кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Балаларды өздеріне ыңғайлы етіп киіндіру туралы ата-аналарға ескерту.	Ата-аналарға кеңес: «Үйдегі балалардың қауіпсіздігі» Міндеті: баланы абай болуға және өзін қорғауға үйрету.	

				Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен таза ауада ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету.	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Бірлік – күштің бастауы»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.05 - 09.05.2026

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуымен балаларды карсы алу. **«Күй күмбірі»** «Әке толғауы» Ж.Еңсепов **Адал Азамат**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **«Күй күмбірі»** «Әке толғауы» Ж.Еңсепов **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Аққу»** Күйші – композитор Сүгір Әліұлы. **Адал Азамат**		Ертегі айтып беру және қуыршақ немесе үстел-үсті теарын қолданып ойнауына жағдай жаса **«Күй күмбірі»** «Әке толғауы» Ж.Еңсепов **Адал Азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналарға кеңес: «Кішіпейілділіктің маңызы» Міндеті: Балаға қиын сәттерде де кішіпейілді болу керектігін түсіндірту.Өзінің кішіпейіл болған бір сәтті мысал ретінде келтіріп,әңгімелеп беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**		Баланың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	**Өнегелі 15 минут** **«Мейірімділік тарихы»** (Балалармен әңгімелесу)	**Өнегелі 15 минут** Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты нығайту (Балалармен әңгімелесу)	**«Табиғат және біз» тақырыбында әңгімелесу** **Міндеті:** Табиғатта қауіпсіз демалуды үйрену, балаларды табиғатта қауіпсіз мінез-		**Өнегелі 15 минут** **«Үй шаруасына жауапкершілік»** (Балалармен мақал-мәтел жаттау)

кітаптарды қарау және басқалар)			құлыққа үйрету. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**		
Ертеңгілік жаттығу	**№ 17 Таңғы жаттығу кешені**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Адал Азамат** «Жұпты тап» Мақсаты: балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету **(математика негіздері)**	**«Қарама-қарсы сөзді тап»** **Мақсаты:** балалардың ой-өрісін дамыту. **Тіл дамыту**	**Адал Азамат** **Артикуляциялық жаттығулар** (айнаға қарап орындайды) Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Коммуникативтік дағды**		«Нейро жаттығу» Шарты: Екі қолмен қатар жұмыс жасау арқылы кедергілерден алақан, жұдырық түю арқылы жүргізу. **Адал Азамат**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** допты бір қолмен, қолды ақырын қимылдатып еденге ұру және допты соғу күшін реттеуге үйрету. Табанды толық баспай, аяқтың ұшымен итерілу арқылы бір орында секіру қабілетін нығайту. **Ұйымдастыру барысы:** Балалардың назарын оюлы сандыққа аударады. Оның ішінде спорт құралдары мен материалдар, түрлі түсті текшелер, доптар жатыр. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер»: қозғалыс түрлерін өзгерту. Шеңберді айналып жүріп текшенің көмегімен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Бүгілген шынтақты жазу, денені солға-оңға қарай көбірек бұру, еңкейгенде тізені бүкпеу. Негізгі қимылдарды орындау. Бір орында тұрып оң және сол аяқпен секіру, табанды толық баспай, аяқтың ұшын тіреп итерілу.	**<u>Көркем әдебиет</u>** **Міндеті:** Шағын мәтіндер, ертегілердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Тыңдалған материалды иллюстарция бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау. Иллюстрациялар бойынша сұрақ құрастыру және оларға жауап беру. Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту **Ұйымдастыру барысы:** **Шаттық шеңбері** Педагог С.Оспановтың «Сәруәр» ертегісін ұсынады. Ертегіні айтып береді. Талқылау. - Сәруәр қайда ұшпақ болады? - Не үшін аюға барады? - Аю неге келіспеді? - Түлкі келісті ме? - Қоян неге қорықты? - Айға ұшуға күшік пен мысық неге келісті? - Сәруәрдың нағыз достарын ата. Ертегінің мазмұнын сурет	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Сөзді буынға бөлуді дамыту. «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әңгімелесу – Еңбек дегеніміз не? – Еңбек ету адамға қажет пе? – Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз – Балалар, біздің топқа, бір ата баласын ертіп келіпті. Топқа ата мен бала кіреді. – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен ұзақ жол жүріп келдім. Өзіммен бірге сендерге бір қызықты әңгіме ала келдім. Педагог: – Балалар ата бізге Ы.Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін		**Дене тәрбиесі** Міндеті: көлбеу баспалдақ бойымен (гимнастикалық қабырғаның 3 кермесіне орнатылған) кермелерді қолмен ұстап, аяқ пен қолдың қимылын үйлестіре отырып өрмелеуге, гимнастикалық қабырғаға өтіп, жерге түсуге үйрету. Ұйымдастыру барысы: Бір-бірден сап түзеп жүру, баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру, жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Допты пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың дұрыс орындалуын қадағалайды. Негізгі қимылдарды орындау. Допты бір қолмен еденге ұру. Жаттығуды түсіндіру және орындау техникасын көрсету.

	Гимнастикалық орындық үстімен жүру, тапсырмаларды орындау: екі бала екі жағынан бастап жүреді және ортасына келгенде екі жаққы айырылып кетеді. Балалардың орындықтың орта шамасына келген кезде тепе-теңдік сақтау қабілетіне назар аударады. Допты бір қолмен еденге ұру. Жаттығуды түсіндіру және орындау техникасын көрсету. Нұсқау: саусақтарын жазып, допты алақанымен қарсы алу, допты қолдың басымен соғу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке» Қорытындылау **Тіл дамыту** **Міндеті:** Сөзді буынға бөлуді дамыту. «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** Әңгімелесу – Еңбек дегеніміз не? – Еңбек ету адамға қажет пе? – Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз – Балалар, біздің топқа, бір ата баласын ертіп келіпті. Топқа ата мен бала кіреді. – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен ұзақ жол жүріп келдім. Өзіммен бірге сендерге бір қызықты әңгіме ала келдім. Педагог: – Балалар ата бізге	бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау. (5-6 бала айтады.) Бір бала ертегінің басын бастайды. Екінші бала ертегіні жалғастырады. Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз, Бірге балық аулаймыз, Міне біздер қандаймыз! Әрқашанда тілектес Досыңа көмектес. 1. Жұмбақтардың шешуін тап. 2. Сәруәрдің Айға бірге ұшқан достарының суретін салу. Ойын «Аңдардың сүйікті асын ата». Ертегідегі кездесетін аңдардың сүйікті асын атап беріңдер. - Ертегі сендерге ұнады ма? - Ертегідегі басты кейіпкер кім? - Ертегідегі ұнаған кейіпкерлерді ата. - Мысық пен күшік нағыз дос деп ойлайсың ба? Қорытындылау. **<u>Математика негіздері</u>** **Міндеті** шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу қабілетін дамыту, заттарды салыстыру, беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану. Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.. **Ұйымдастыру барысы:**	алып келіпті. Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепке барғанда ол кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасыңдар. Балаларға арналған "Әке мен бала", "Екі дос","Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", " "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар. Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді. Мақал-мәтел жаттау. 1.Еңбек – адамның екінші анасы. 2.Еріншек түске дейін ұйықтайды. 3.Жалқаулық – жаман ауру. – Балалар, бүгін кімнің әңгімесін тыңдадық? – Әңгіме қалай аталады? Жұмбақ шешу Қорытындылау **Сауат ашу** **Міндеті:** Сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру, сөздік қорын, тілін дамыту. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		Нұсқау: саусақтарын жазып, допты алақанымен қарсы алу, допты қолдың басымен соғу. Көлбеу баспалдақ (саты) үстімен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өту, көшпелі саты гимнастикалық қабырғаның 3-ші кермесіне қойылған. Қимылды жасау тәртібін түсіндіру (балалардың бірі көрсетеді) Сатыдан қабырғаға өткен кезде көмектесу Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шапалақта». Тақпақтың мәтінін қайталайды, қолдарын ырғақпен шапалақтайды. – Кім топылдатты аяқты? – Мен, мен, мен! (Секіреді). – Кім шапалақ ұрды? – Мен, мен, мен! – Кәне, бәріміз бірге шапалақтайық! – Шап, шап – шапалақ! Мен ұрамын шапалақ! (Қолдарын алға шығарып шапалақтайды). Енді қолдарыңды артқа жіберіп, қол шапалақтаймыз. (Қолдарын артқа шығарып шапалақтайды). Қолдарыңды жоғары көтеріп шапалақтаңдар! (Балалар алақандарын біртіндеп шапалақтап, қолдарын жоғары көтереді). Қолдарыңды төмен түсіріп шапалақтаңдар. (Қолдарын шапалақтап тұрып

	Ы.Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін алып келіпті. Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепке барғанда ол кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасыңдар. Балаларға арналған "Әке мен бала", "Екі дос","Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", " "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар. Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді. Мақал-мәтел жаттау. 1.Еңбек – адамның екінші анасы. 2.Еріншек түске дейін ұйықтайды. 3.Жалқаулық – жаман ауру. – Балалар, бүгін кімнің әңгімесін тыңдадық? – Әңгіме қалай аталады? Жұмбақ шешу Қорытындылау **Сауат ашу** **Міндеті:** Сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру, сөздік қорын, тілін дамыту. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, барлықтарыңның аттарың, яғни есімдерің бар. Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер	«Кім бәрінен жоғары?» ойын жаттығуы. Балалар санамақтың көмегімен 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Педагог олардан бойларына қарай сапқа тұруды сұрайды. Содан кейін әр топтан ең ұзын балалар шығып, қайтадан бойларына қарай тізіліп тұрады. Ең ұзын баланы таңдайды. Қағаз кесінділерімен практикалық жұмыс. Педагог кесінділерді ең ұзыннан қысқасына дейін қойып шығуды ұсынады. Содан кейін әртүрлі түсті кесінділерді ұзындық бойынша салыстырады. Балалар салыстырудың әртүрлі әдістерін қолданады: «көзбен» қарап салыстыру, тұстастыру немесе беттестіру. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Отбасында ең бойы ұзыны кім? Қоршап сыз. Ең аласасы кім? Қоршап сыз. Отбасы мүшелерінің ең ұзынынан ең аласасына дейінгіні ата. Осы тапсырмадан кейін бір үстелде отырған балаларды шығарып, бойына қарай тұрғызуға болады. 2-тапсырма. Әр затқа қанша шартты өлшеуіштен келеді? Заттарды алақаныңмен өлше. Алақан да шартты өлшеуіш белгі болады. Балалар суреттерді қарастырады. Педагог заттардың шартты өлшемдермен өлшенетініне назар аударады, бірақ бұл өлшемдер әртүрлі.	**Ұйымдастыру барысы:** – Балалар, барлықтарыңның аттарың, яғни есімдерің бар. Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер дайынсыңдар ма? Есімдеріңді өлшеңдер. Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады. – Жарайсыңдар! Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер. Педагог анықтаманы қайталайды. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз. Егер сөзде дыбыс көп болса, ұзын сөз болады, ал дыбыс саны аз болса, қысқа сөзді құрайды. – Біз өткен тақырыптардан кейбір дыбыстарды созып немесе әндетіп айтуға болатынын білеміз. Ол дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамайды. Олар – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды, дауысты дыбыс таңбасымен белгілейміз. Біз бүгін дауысты дыбыстың бірі – «І» дыбысымен танысамыз. Жалғыз таяқ боп тұр, Төбесінде доп тұр. Бұл не? Бұл – «і» дыбысы. Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар жуан жіңішке болып бөлінеді. "І" дыбысы – жіңішке дауысты		түсіреді). Қолымызды шайқаймыз. (Қолдарын алға-артқа тербетеді). Енді біраз демалайық! (Жүрелеп отырады, алақандарын ұртының астына қояды). Қорытындылау **Қазақ тілі** Міндеті: сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.. Ұйымдастыру барысы: Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар - Сәуле мен Арман келеді. -Сәлеметсіздер ме?! Өткен «Оқушыға не керек?» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Сенде не?» Балалар эр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Педагог: -Біздің Отанымыз қалай аталады? - Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасы - Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). - Отанымыздың бас

	дайынсыңдар ма? Есімдеріңді өлшеңдер. Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады. – Жарайсыңдар! Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер. Педагог анықтаманы қайталайды. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз. Егер сөзде дыбыс көп болса, ұзын сөз болады, ал дыбыс саны аз болса, қысқа сөзді құрайды. – Біз өткен тақырыптардан кейбір дыбыстарды созып немесе әндетіп айтуға болатынын білеміз. Ол дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамайды. Олар – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды, дауысты дыбыс таңбасымен белгілейміз. Біз бүгін дауысты дыбыстың бірі – «І» дыбысымен танысамыз. Жалғыз таяқ боп тұр, Төбесінде доп тұр. Бұл не? Бұл – «і» дыбысы. Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар жуан жіңішке болып бөлінеді. "І" дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс, "ы" дыбысы – жуан дауысты дыбыс. Мысалы: "ы-і", "ұ-ү", "а-ә", "о-ө". **Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу»** Ойын шарты: тақтаға кітап, ілгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі. – Балалар, қазір біз "ілмек" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. Бірінші тұрған дыбыс қандай дыбыс? І-і-ілмек?	Практикалық жұмыс. Қиынды кеспе материалдан әр бала бір кесіндіні таңдайды, бұл оның шартты өлшеуіші болып табылады. Содан кейін жұптағы балалар заттарды (үстел, терезе төсеніші, дәптер және т.б.) өз өлшеуіштерімен өлшейді. Заттарды алақанмен өлшеуді ұсынуға болады. Балалар өлшемдер санын салыстырады, сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәті. Педагогтің өз шығармашылығына қарай жүргізіледі. 3-тапсырма. Бастырып сыз. Тапсырманы орындамас бұрын педагог балалардың дәптерді үстелге қалай орналастырғанын, балалардың қарындашты дұрыс ұстауын және дұрыс отыруын тексереді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. «Біз жүреміз» ойын жаттығуы. Балалар қатарға тұрады. Жүргізушінің дабыл командасы кезінде «Қысқа!» деп айтқанда, қысқа қадамдар жасайды, «орташа!» қысқа қадамнан сәл ұзынырақтар қадам жасайды, «ұзын!» дегенде ұзын қадам жасайды. Педагог балаларға «ұзын – қысқа» сөз өрнектерін қайталатады. 4-тапсырма. Ең жуан ағашты, ең жуан қарындашты, ең жуан жіпті боя. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. доп лақтырады, шақырады:	дыбыс, "ы" дыбысы – жуан дауысты дыбыс. Мысалы: "ы-і", "ұ-ү", "а-ә", "о-ө". Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу» Ойын шарты: тақтаға кітап, ілгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі. – Балалар, қазір біз "ілмек" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. Бірінші тұрған дыбыс қандай дыбыс? І-і-ілмек? – "І" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Іл-л-лмек, екінші қандай дыбыс естіліп тұр? – "Л" дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Педагог үшінші дыбысқа ерекше тоқталып оқиды. – Ілм-м-мек. Үшінші дыбыс қандай дыбыс? – "М" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Ендеше оны қандай түспен белгілейтін едік? Педагог төртінші дыбысты созып оқиды. – Ілме-е-ек. – Төртінші дыбыс қандай дыбыс екен? – "Е дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Енді соңғы дыбыс қалды, ілмек-к-к. – Соңғы дыбыс қалай		қаласын ата? - Отанымыздың бас қаласы - Нұр-Сұлтан. Өлкеміздің табиғаты бейнеленген «Жайлау» суретімен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. - Мынау - жайлау. Мынау не? - Мынау — жайлау. - Жайлауда таза ауа. - Жайлауда ауа қандай? -Жайлауда таза ауа. -Мынау - таулар. Жайлауда таулар бар. -Жайлауда нелер бар? «Жайлауда таулар бар» сөйлемін жеке, хормен айтып жаттығады. -Жайлауда таулар биік. Жайлауда таулар қандай? -Жайлауда таулар биік. -Жайлауда өзен бар. Мынау - өзен. Жайлауда не бар? -Жайлауда өзен бар. -Өзен суы таза. Өзен суы қандай? -Өзен суы таза -Мынау - киіз үй. Мынау не? —Мынау — киіз үй. -Жайлауда киіз үй бар. Жайлауда не бар? -Жайлауда киіз үй бар. -Жайлауда үй жануарлары жайылады. Жайлауда үй жануарлары не істейді? - Жайлауда үй жануарлары жайылады. —Үй жануарлары шөп жейді. Үй жануарлары не жейді? -Үй жануарлары шөп жейді.

	– "І" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Іл-л-лмек, екінші қандай дыбыс естіліп тұр? – "Л" дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Педагог үшінші дыбысқа ерекше тоқталып оқиды. – Ілм-м-мек. Үшінші дыбыс қандай дыбыс? – "М" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Ендеше оны қандай түспен белгілейтін едік? Педагог төртінші дыбысты созып оқиды. – Ілме-е-ек. – Төртінші дыбыс қандай дыбыс екен? – "Е дауысты ма әлде дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Енді соңғы дыбыс қалды, ілмек-к-к. – Соңғы дыбыс қалай аталады? – "К" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Ілмек сөзінде барлығы неше дыбыс бар? Нешеуі дауысты дыбыс, нешеуі дауыссыз дыбыс? **Сергіту сәті:** – Балалар, енді сендер өздерің орындарыңда "іні" сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Қателерін түзеп тексереді, үйретеді. Дұрыс талдаған бірінші бала тақтада талдау құқығына ие болады. Қалған балалар тақтаға қарап, қателері болса түзейді. Қорытындылау	– Футболканың жеңі қысқа, ал жейденің жеңі ... (ұзын). – Гольфтар ұзын, ал шұлықтар ... (қысқа). – Шорт қысқа, ал шалбар ... (ұзын). – Пальто ұзын, ал күртеше ... (қысқа). Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды ынталандырады. **<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** **Міндеті:** балалардың жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік көзі – ауа туралы түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету **Ұйымдастыру барысы:** *Шаттық шеңбері* Педагог жұмбақтың көмегімен алдағы сабаққа қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады. Түсі бар көрінбейтін, Бір тұтас бөлінбейтін. Тынысы ол тіршіліктің, Ешқашан жерінбейтін. (Ауа) Далада жел соғып тұрғанын қалай білуге болады?	аталады? – "К" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? – Ілмек сөзінде барлығы неше дыбыс бар? Нешеуі дауысты дыбыс, нешеуі дауыссыз дыбыс? Сергіту сәті: – Балалар, енді сендер өздерің орындарыңда "іні" сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Қателерін түзеп тексереді, үйретеді. Дұрыс талдаған бірінші бала тақтада талдау құқығына ие болады. Қалған балалар тақтаға қарап, қателері болса түзейді. Қорытындылау **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу. Балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру. **Ұйымдастыру барысы:** Шаттық шеңбері Педагог тәрбиеленушілерді зергерлік бұйымдарды көруге шақырады. Балалар өздері білетін зергерлік бұйымдарды атайды. Осыдан соң педагог Ф. Оңғарсынованың «Зергер» өлеңін оқиды. Білесің бе бұл істі,		Балалар жаңа сөздерді жэне сөйлемдерді қайталайды. Педагог шағын мэтін құрап айтады: Жайлауда салқын. Таза ауа. Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар. 3-4 бала мэтінді қайталайды. Жаңылтпашпен таныстыру. Малга шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек. Жаңылтпаш жылдам, баяу, қатты жэне ақырын қайталау. Қорытындылайды. Балаларды мадақтайды **Сауат ашу негіздері** Міндеті: Сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру, сөздік қорын, тілін дамыту. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұйымдастыру барысы: Педагог балаларға қонақ келгенін айтады, қуыршақты көрсетеді. – Балалар, қуыршақтың есімі – Іңкәр. Іңкәрмен амандасайық. Іңкәр бізге көптеген жұмбақтар, ойындар алып келіпті. Бірінші жұмбақтарын шешіп көрейік. Педагог Іңкәр әкелген сөмкеден жұмбақтар алып оқиды. Жұмбақтар: 1. Киім киген инеден, Қорқып ешкім тимеген.

	Математика негіздері **Міндеті:** бүтін мен бөлікті салыстыру, бөліктерді атау, тең және тең емес бөліктерді анықтау, бөліктерден фигуралар жасау дағдыларын бекіту. Қиялды, бақылауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастыру барысы:** «Сұрыптаушылар» дидактикалық ойыны. Жұптық жұмыс. Балалардың әр жұбы тең және тең емес бөліктерге бөлінген фигуралар жиынтығын алады. Фигураларды екі топқа бөлу керек. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Жартыға бөлінген фигураларды белгіле. 2-тапсырма. Бастырып сыз. Тапсырманы орындамас бұрын педагог балалардың дәптерді үстелге қалай орналастырғанын, балалардың қарындашты дұрыс ұстауын және дұрыс отыруын тексереді. **Сергіту сәті.** 3-тапсырма. Шеңберді екіге бүкте. Қи. Жартысынан фигуралар құрастыр. Практикалық жұмыс. Топтық жұмыс. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады. Ол қандай тапсырмалар ерекше қызықты болғанын айтуды сұрайды. Балаларға өз жұмысын бағалауды ұсынады. Егер тапсырманы дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай	Жел – тез жылжитын ауа ағымы. Талқылауға Қуаныш пен Айсұлу да қатысады. Күрделі сұрақ: ауа кімдерге керек? Балаларды ауаны сезінуге шақырады. **Сергіту сәті** Қорытындылау **Музыка** Таныс әндерді еркін орындау,әннің аттарын,сөздерімен әуенін есте ұстау. Ән тыңдау:«Ұлы жеңіс»Р.Тайыров Ән айту: «Ұландар» А.Досманбет Аспапта ойнау:«Қасықтар оркестрі» Әуенді-ырғақты ойын: «Жаңбырмен көжектер» Шарты:Балалар көжек кейпінде ортада көңілді әуенге секіріп билеп жүреді.Күн күркіреп жаңбыр жауған дауыс естілген сәтте жетекші қоян кейпіне еніп көжектерін өзіне шақырады.Ойын қайталанады.	Зергерлікке кім дайын? Балқытып ап күмісті, Сапырады судайын. Білезік пен алқаны, Сақинаны, сырғаны Күміс сымнан тартады. – Өлеңде кім туралы, қай мамандық жөнінде айтылған? – Сақина, сырғаны жасайтын адам. – Оны кім деп атайды? – Зергер. – Зергер не істейді? – Әртүрлі әшекей бұйымдарын жасайды. Дидактикалық ойын: «Кәмпит ою» Лулия сақинасы арқылы **(құрастыру)** Қазақтың әшекей бұйымдары – бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кеңінен қолданған. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Мысалы: күміс сақиналар, сырғалар т.б. **Сергіту сәті:** Сыңғыр, сыңғыр сырғалар, Құлағымда сыңғырлар. Сол қолымда білезік, Саусағымда сақина, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3, бір, екі, үш, Демалайық жинап күш! Әшекей бұйымдары туралы білімдерін әңгімелеп айтады. **Сурет салу** Міндеті: қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері		2. Өзі суда өседі, Суға қайнап піседі. 3. Көрмедім еш үйіңді, Қолданбас бұл бұйымды. Жазып қыртыс-тыртысын Жаңалайды киімді. 4. Ауызы жоқ, тілі жоқ, Естілетін үні жоқ. Қарап тұрсаң бетіне Сөйлемейтін күні жоқ. – Балалар, сендер жұмбақтардың бәрін дұрыс шештіңдер. Іңкәр сендерге риза болып отыр. Іңкәр бұл жұмбақтарды бізге бекер әкелмепті, жұмбақтардың жауабының бәрінде "і" дыбысы бар. Іңкәрдің аты да "і" дыбысынан басталып тұр. – Балалар, "І" дыбысын сендер білесіңдер ме? "І" қандай дыбыс? Қандай түспен белгілейміз? – Іңкәрға "і" дыбысынан басталатынын сөздерді айтып берейік. "І" дыбысы қазақтың төл дыбысы, сондықтан да дұрыс айтуға тырысайық. Іңкәр бізге ойын әкеліпті, сол ойынды ойнайық. Ол киімдерге байланысты, киім сөзінде "І" дыбысы бар ма? Киім сөзін буынға бөлейік. Дидактикалық ойын: «Қай кезе киеміз?» 1-тапсырма 2-тапсырма 3-тапсырма 4-тапсырма Қорытындылау **Музыка** Қайталау.

	орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.		туралы білім беру; **Мүсіндеу** Міндеті: алған білім дағдыларын пайдалана отырып, сырға, білезік әшекейлерін мүсіндеу **Жапсыру** Міндеті: қағаз бетіне оюды дұрыс орналастыра білу машығына баулу; шығармашылық қабілеттерін дамыту; әсемдікке тәрбиелеу.		Таныс әндерді еркін орындау,әннің аттарын,сөздерімен әуенін есте ұстау. Ән тыңдау:«Бейбітшілік» А.Еспенбетова Ән айту: «Ұландар» А.Досманбет Аспапта ойнау:«Сырнайлар оркестрі» Әуенді-ырғақты ойын: «Түрлі түсті шеңберлер» Шарты:Зал ортасына әр түрлі түске боялған шеңберлер қойылады.Қызыл түс марш,жасыл түс вальс,сары түс көңілді би,көк түс ұлттық би.Әуен қосылғанда балалар қай шеңберде билеу керегін тауып тез барып билеуі қажет
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** Балалармен «Көктем» тақырыбында жеке әңгімелер.				
Серуен	№3	№4	№5		№6
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі**				

	және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Дене тәрбиесі (таза ауада) (07.05)** Міндеті: дұрыс бастапқы қалыпты сақтай отырып, әртүрлі орналастырылған кегельдерге допты лақтыруға үйрету. Бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей заттардың арасымен жүгіру білігін бекіту, майтабан профилактикасы, табан күмбезін нығайту Ұйымдастыру барысы: Ойын: «Доптарды шеңберге сал». Қолға (оң қолға) доп ұстап шашырап жүру, бір-бірден сап түзеу. Кеңістікте бағдар табу қабілетіне назар аударады. Ойын түріндегі жаттығу: «Доппен фигура жаса». Балалардың тұрақты тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Негізгі іс-қимылдарды орындайды. Допты еденге лақтыру және қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және орындалу тәртібін көрсету: допты төмен қарай тігінен лақтыру, жерге тиіп секіргеннен кейін саусақтарының арасын ашып ұстау және қатты қыспау. Қатарға қойылған заттарды (кегельдерді) айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. Заттардың арасындағы қашықтық – 1 метр, қатардың ұзындығы – 6 метр. Балалардың арақашықтық сақтау қабілетін, денесін оңға-солға бұру	**Математика негіздері (07.05)** Міндеті: шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды белгілі бір ретпен орналастыру, 1-ден 10-ға дейін санау, санды цифрмен сәйкестендіру, реттік санау дағдыларын бекіту.Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Үй жануарларына деген қызығушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу Ұйымдастыру барысы: Ұзындығы мен ені әртүрлі кесінділермен практикалық жұмыс. Балаларға кесінділерді алдына қою ұсынылады, Қанша кесінді бар? Олардың мөлшері туралы не айтуға болады? Ең ұзын (қысқа, тар, кең) кесіндіні көрсет? Ең қысқа және ең ұзын кесінділерді қалай реттеуге болады? (Әр жолы қалғандарының ең қысқасын алу керек.) Кесінділерді ең ұзынынан ретімен қой. Кесінділерді қандай ретпен қойдың? Ең ұзын кесінді қандай? (Қысқа.) Жіңішке кесінді қай жерде болды? (Кең.) Кесінділерді ең жіңішкесінен ең жуанына дейін ретте. Жіңішке (жуан) кесінді қандай? Ең ұзын (қысқа) кесінді қандай?	**Вариативтік компонент «Жол ережесін сақтау»** **Тақырыбы: «Жол белгілері біздің досымыз»** **Мақсаты:** Алғашқы медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, тамақтан орын,телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАИ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп,өз жылуымды беріп, «Ашық аспан» тілеймін,ал сендерде бір-біріңе өз жылуларынды тілеңдер. Балалар біздің бүгінгі сабағымыз жол белгілері туралы болады.Қанеки, сендер қандай жол белгілерін атап бере аласыңдар? Балалар алдымызда сервис белгілері тұр.Бұл белгілер тиісті орындардың орналасуы туралы хабардар етеді. - Алғашқы медициналық көмек; көрсету пунктісі; - Аурухана; - Тамақтан орын; - Телефон соғу орны;		**«Дыбыстық лабиринт» ойыны.** **Шарты:** Берілген дыбысты атау арқылы саусақтарымен жүргізіп, сол дыбыстан келетін суретке жеткізу. **Коммуникативтік дағды**

	қабілетін қадағалайды. Спорттық ойын элементтері – кегельдер. «Нағыз мергендер» Дұрыс бастапқы қалыпты ұстана отырып, допты әр жерге қойылған кегельдерге лақтыру. Қорытындылау Көркем әдебиет Міндеті: Шағын мәтіндер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Өзінің эмоциялық жағдайын сөзбен жеткізу. Иллюстрациялар бойынша сұрақ құрастыру және оларға жауап беру. Әңгіменің мазмұнын иллюстрация/әңгіменің кіріспесі бойынша болжау Ұйымдастыру барысы: Шаттық шеңбері Әңгімелесу. - Қандай көлік түрлерін білесіңдер? - Автобуспен қайда бардыңдар? - Қандай оқиғаларға кезіктіңдер? Ә.Шынбаторвтың «Автобуста» әңгімесін оқиды. Педагог «кішіпейілділік» сөзіне түсінік береді. Кішіпейілділік - қамқорлық, үлкенді сыйлау, орын беру. Талқылау: - Әңгіме үнады ма? - Әңгіме не туралы жазылған? - Автобуста үлкен кісіге кім орын береді? - «Сен де солардай бол» сөзін қалай түсінесің? - Сендер қалай істер едіңдер? - Жақсылық жасаған адамға қандай сөз айту керек? Сергіту сәті: Сурет бойынша әңгіме.	Педагог үй жануарлары туралы, оларға қамқорлық жасау, уақытында тамақтандыру, су беру, жануарлар өмір сүре алатын орынды жабдықтау туралы әңгіме жүргізеді, мысалы, иттер үшін адамдар питомниктер салады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Ұзындығын өлше және салыстыр. Заттарды әртүрлі өлшемдермен өлшеуге болатындығы туралы әңгімені жалғастырады. Балалар өлшемдерді қайта санайды, заттардың ұзындығын, биіктігін, енін атайды. 2-тапсырма. Бастырып сыз. Тапсырманы орындамас бұрын педагог балалардың дәптерді үстелге қалай орналастырғанын, балалардың қарындашты дұрыс ұстауын және дұрыс отыруын тексереді. Сергіту сәті. Педагогтің өз шығармашылығына қарай жүргізіледі. «Жанды цифрлар» ойын жаттығуы. Балалар 1-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточкаларды алады. Балалар бөлмеде жүреді. Педагогтің дабылы бойынша: «Цифрлар! Ретімен тұрыңдар!», балалар қатарға тізіліп, олардың цифрын атайды. Педагог әркімнің өз орнына келгенін тексереді. 3-тапсырма. Әр үйшікте неше күшік барын сана. Екі үйшікте барлығы неше күшік	- Суға шомылатын орын; -«МАИ посты»; -«Ауызсу»; -«Демалыс орыны»; Балалар осы жол белгілерін естеріне жақсылап сақтап алыңдар. Ал енді балалар мына тақпақты қайталайықшы: Ата-ананың сенімін, еске ұстап ақтай біл. Жолда өтер жаяудың ережесін сақтай біл. **Қорытындылау** Балалар бүгінгі ұіә-інде белгілерді түсіндіріп бердім. Жолда абайлап жүрейік		

	- Суретте әңгіменің қай сәті бейнеленген? - Сурет бойынша досыңмен бірге сұрақтар құрастырып, жауап беріңдер. - Автобустардың тоқтайтын жерін қалай атайды? 2.Көліктерді қарастыр. Жерде жүретін көлікті белгілеп көрсет. Қорытындылау. Қазақ тілі Міндеті: сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.. Ұйымдастыру барысы: Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар - Сэуле мен Арман келеді. -Сәлеметсіздер ме?! Өткен «Оқушыға не керек?» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Сенде не?» Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Педагог: -Біздің Отанымыз қалай аталады? - Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасы - Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). - Отанымыздың бас қаласын ата? - Отанымыздың бас қаласы - Нұр-Сұлтан. Өлкеміздің табиғаты бейнеленген «Жайлау» суретімен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.	бар? Цифрды қоршап сыз. «Көңілді Ұпай!» ойыны. Педагог балаларға сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – Жеті мысықтың қанша құйрығы бар? – Екі иттің неше мұрны бар? – Бір баланың неше саусағы бар? – Екі баланың қанша құлағы бар? және т.б. осындай сұрақтарды қояды. 4-тапсырма. Фигура әртүрлі түстегі қанша шаршыдан құрастырылған? Сана. Цифрды қоршап сыз. Қайталау. Таныс әндерді еркін орындау,әннің аттарын,сөздерімен әуенін есте ұстау. Ән тыңдау:«Бейбітшілік» А.Еспенбетова Ән айту: «Ұландар» А.Досманбет Аспапта ойнау:«Сырнайлар оркестрі» Әуенді-ырғақты ойын: «Түрлі түсті шеңберлер» Шарты:Зал ортасына әр түрлі түске боялған шеңберлер қойылады.Қызыл түс марш,жасыл түс вальс,сары түс көңілді би,көк түс ұлттық би.Әуен қосылғанда балалар қай шеңберде билеу керегін тауып тез барып билеуі қажет			

	- Мынау - жайлау. Мынау не? - Мынау — жайлау. - Жайлауда таза ауа. - Жайлауда ауа қандай? -Жайлауда таза ауа. -Мынау - таулар. Жайлауда таулар бар. -Жайлауда нелер бар? «Жайлауда таулар бар» сөйлемін жеке, хормен айтып жаттығады. -Жайлауда таулар биік. Жайлауда таулар қандай? -Жайлауда таулар биік. -Жайлауда өзен бар. Мынау - өзен. Жайлауда не бар? -Жайлауда өзен бар. -Өзен суы таза. Өзен суы қандай? -Өзен суы таза -Мынау - киіз үй. Мынау не? —Мынау — киіз үй. -Жайлауда киіз үй бар. Жайлауда не бар? -Жайлауда киіз үй бар. -Жайлауда үй жануарлары жайылады. Жайлауда үй жануарлары не істейді? -Жайлауда үй жануарлары жайылады. —Үй жануарлары шөп жейді. Үй жануарлары не жейді? -Үй жануарлары шөп жейді. Балалар жаңа сөздерді жэне сөйлемдерді қайталайды. Педагог шағын мэтін құрап айтады: Жайлауда салқын. Таза ауа. Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар. 3-4 бала мэтінді қайталайды. Жаңылтпашпен таныстыру. Малга шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек. Жаңылтпаш жылдам, баяу, қатты				

	жэне ақырын қайталау. Қорытындылайды. Балаларды мадақтайды				
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Зат есімдерді сын есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтуды жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйретуді жалғастыру. **(Коммуникативтік дағды)**		**Мансур жеке жұмыс** Жазу парағында бағдарлай білуді, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(Тіл дамыту , өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**				
Серуен	№3	№4	№5		№6
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Ұлттық ойын:** «Сақина жасыру» Міндеті: Ұлттық тәрбиені нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа, жылдамдыққа , мұқият болуға баулу. **Адал Азамат**	**Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат**	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Адал Азамат**		**Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат**
Балалардың үйге қайтуы	Баланын бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үйде баламен бірге ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.		Ата-аналарға демалыс мезгілінде балалармен бірге спорттық ойындар ойнатуға ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Бірлік бар жерде – шаттық бар»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.05 - 15.05.2026

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау		**Күй күмбірі: «Әлқиса»** Күйші – композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Әлқиса»** Күйші – композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Әлқиса у»** Күйші – композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Әлқиса»** Күйші – композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев. **Адал Азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу		Ата-аналармен әңгіме: «Тәртіп пен жауапкершілік» Міндеті: Баламен тәртіп пен ережелерге қатысты шағын ойындар ойнатуды үйрету. Мысалы, белгілі бір уақытта ояну немесе белгілі уақыт ішінде бөлмені жинау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: «Кішіпейілділіктің маңызы» Міндеті: Балаға қиын сәттерде де кішіпейілді болу керектігін түсіндірту.Өзінің кішіпейіл болған бір сәтті мысал ретінде келтіріп,әңгімелеп беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Ата-аналарға кеңес: «Үйдегі балалардың қауіпсіздігі» Міндеті: Баланы абай болуға және өзін қорғауға үйрету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		**Адал Азамат** Картотека №32 «Өзіңе жұп ізде?» Шарты: Берілген сурет арқылы өзінің жұбын табу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**«Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері»** тақырыбында әңгімелесу. **Міндеті:** Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру. Балаларға әр – түрлі жағдайдан шығу жолдарын таба білуге ықпал жасау. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	**Адал Азамат** Картотека №28 «Теңге жинау» Шарты: Ойынға барлық бала қатысады, кім көп жинаса сол жеңімпаз атанады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**Адал Азамат** «Ұлттық домино» ойыны Шарты: Балаларға қазақ халқының тұрмыстық заттарын (оюларын) таныстыра отырып,бөліктерді бір-біріне құрастыру арқылы әңгімеге тарту. **Ұлттық құндылық**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №17				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Адал Азамат** **«Тыныс алу жаттығулары»** Міндеті: Балаларды сөйлеу барысында тез, еркін демалып, дем шығару кезінде ауаны бір қалыпты шығаруға үйрету. **Коммуникативтік дағды**	**«Теңдік және теңсіздік» ойыны** **Шарты:** қарама-қарсы суреттерді салыстыру,үлкен-кіші және тең таңбаларын орналастыру. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	**Адал Азамат** **Артикуляциялық жаттығулар** (айнаға қарап орындайды) Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Коммуникативтік дағды**	**Жұмбақтар жасыру** **Міндеті:** Балаларды тапқырлыққа,сезімталдыққа тәрбиелеу. **Коммуникативтік дағды**	**Картотека №74** **«Кеңістікті бағдарлау» ойыны** Міндеті: Кеңістікті бағдарлауды үйрету (жоғары-төмен,оңға-солға). **Танымдық және зияткерлік дағдылары**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ертегі: «Арыстан күшігін асыраған Мысық». **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** Бір Мысық қаңғырып жүріп, анасы өліп қалған Арыстанның күшігіне кез болады. Мысық күшікті бауырына басып, емізіп асырайды. Арыстан өсіп, азулы жыртқыш аң болып, өз азығын өзі табатын халге жетеді. Бір күні ашыққан Арыстан өзін асыраған Мысықты жемек болады. Мысық оның	**Математика негіздері** **Міндеті:** Ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог «Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады. Балаларға екі топқа бөлінуді ұсынады. Таңертең, күндіз, кеште не істегенін анықтайды. Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін ... Алдымен күн..., одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін ... Алдымен бүгін, одан кейін ...Алдымен қаңтар,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Біз қонақтамыз!» деген тақырыпта әңгіме құрады. Балалар қонаққа бару сендерге ұнайды ма? Ендеше бүгін біз өзімізді топқа келген қонақ ретінде сезінейік. Қонақта біз сыпайы, мәдениетті болуымыз керек. Алдымен амандасудан бастайық. 1-тапсырма: Балалар «Үйге қонақ келетінін қалай болжауға болады?» сұрағына сурет бойынша жауап береді. Педагог балаларға сұрақ қойып, бөлмеден П дыбысы бар затттарды тапқызады. Балалар сұраққа жауап бере отырып, П дыбысы естілген сөздерді қайталап айтады. Суреттегі заттарды атайды. Екі суретті салыстырады. Екі суреттегі үй ішіндегі заттардың орналасуына мән береді. Сөредегі кітапқа назар аударады. Балалар кітап сөзін қайталап айтады. Сөзді буынға бөледі. П дыбысының қай буыннан естіліп тұрғанын табады. Балалар портрет туралы біледі. 2-тапсырма. Портрет сөзін буынға бөледі. Дыбыстық талдау жасайды. П дыбысы естілген буынды қайталап, санын анықтайды. Көрпе сөзінің мағынасын түсінеді. Көрпе сөзін буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ерден ата энін тыңдау. Кел, балалар, тұрмаңдар Бізде қызық думан бар. Атамыздың алуан Ертегісін тыңдаңдар. Қуыршақ Сәуле балалардан қандай ертегіні жақсы көретіндерін сұрайды. Олардан өздерінің сүйікті ертегілерін атын атауға тапсырма береді. Сәуле мен Арман балаларға сыйлық әкелді, Ол - «Он тақия» ертегісі. «Он тақия» ертегісін көрсетіп (тыңдатып) талдау. -Ертегі ұнады ма? -Ертегі кейіпкерлерін ата. -Бай Алдаркөсеге не деді? -Әй, Алдар, маган да бір тақия тігіп берсеңші. -Алдаркөсе не айтты? - Неге тікпеске. Жарты	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасу». Залды айналып жүру; «Жүгір!» деген команда берілгенде залды айналып жүгіреді. Орындық үстінде жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды көңілді жарыс түрінде орындайды: Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды. Бірде-бір кермені қалдырмай, аяқтарын кезектестіре басып

	бұл ойын сезіп, өрмелеп ағашқа шығып кетеді. Сонда Арыстан тұрып: – О, менің ақ сүтін емізген асыраушым. Маған сен туған анамдай ыстықсың. Бүкіл қылықтарды үйреткенде ағашқа өрмелеуді неге үйретпегенсің? – дейді. – Қысылғанда керек болар дегенім еді, – депті сонда Мысық. Дамытушы сұрақтар: – Мысық ненің күшігін кездестірді? – Арыстан күшігінің анасы жоқ болғандықтан, Мысық оған қандай көмек көрсетеді? – Арыстан күшігі үлкен болып өскеннен кейін қандай іс-әрекетін, мінезін көрсетеді. – Оны біліп қойған Мысық не істейді? – Сол кезде Арыстан Мысыққа не дейді? – Сонда Мысық не деп жауап береді? Жақсылықты жақсылықпен қайтару керектігін балалар санасына құю. – Арыстанның жасаған іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсыңдар ма? Сендер Арыстан күшігінің орнына	одан кейін ... Екі топқа бөлінеді. Бір топ жасырылған іс-қимылды көрсетеді, екінші топ оны шешеді. Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады. – Жұмыс дәптеріндегі 1-тапсырманы қараңдар. Барлық суреттер араласып кетіпті. Мен жұмбақ оқимын, ал сендер оның жауабына байланысты қоршап сызыңдар. Жұмбақ оқиды. Гүл-гүл жайнап жер беті, Гүрілдейді сайда өзен. Гүлжазира жарасқан Гүлдерімен қай кезең? Күннің көзі шуақты, Балалар жүр шомылып. Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? Жиын-терім болатын, Қамбаға астық толатын. Жапырақтар сарғайып, Қай мезгіл деп ойлайсың? Шана зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалар сурет бойынша сұхбатқа қатысады. Жұмбақтарды тыңдап, жауаптарын қоршап сызады. Сергіту сәті. Педагогтің қалауынша жүреді. Педагог 2-тапсырманы орындауды ұсынады:	Доп сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Балалар П дыбысының дұрыс айтады. П дыбыс кездесетін сөз ойлап айтады. – Қонақ келгенде сенің көңіл күйің қандай болады? Балалар көңіл күйлерін ым-ишарамен көрсетеді. Кейбір балалар ортадағы әртүрлі көңіл күйдегі смайликтарді өз көңіл күйіне қарай таңдап көрсетеді. П – қатаң дауыссыз дыбыс. 3-тапсырма бойынша берілген сөйлемдерді дауыс мәнеріне келтіріп оқиды, балалар бұл сөздерді қай кезде айтатындарын болжап айтады. Мысалы: Сау болыңыз! – қоштасқан кезде айтылады. Жолыңыз болсын! – жол жүріп бара жатқан адамға айтылатын сөз. Қош келдіңіз! – келген қонақтарға айтылады. Жоғары шығыңыз! – келген қонақтарға айтылады. Төрлетіңіз!–келген қонақтарға, жасы үлкен Кісілерге айтылады. Сергітусәті. Біз қандаймыз,қандаймыз. Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Ренжісуді білмейміз. 4-тапсырма. Тыйым сөздерді оқып, тәрбиелік мәнін түсіндіреді. Есікті қатты жаппа. Табалдырықты баспа. Босағаны керме. Педагог табалдырық пен босағаны көрсетеді.Балалар есіктің П әрпіне ұқсайтын бөлігіні көрсетеді. 5-тапсырма. П әрпімен таныс бол. П дыбысы еріннің бір-біріне нық тиіп, артынша кілт ашылуынан жасалатын шұғыл дауыссыз дыбыс. М.Әлімбаевтың өлеңін оқып береді. Балалар суреттегі үйдің қақпасына назар аударады. Педагог қақпаның суретін бастыра көрсетіп П әрпінің баспаша түрімен таныстырады. Балалар өз беттерінше П-ға ұқсас заттарды атайды П әрпінің баспа түрін екі жолға бастырып жазады. Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. **Тіл дамыту**	метр мата, жүз теңге ақша берсеңіз, ертең-ақ дайын болады, байеке. -Соңғы рет келгенде бай не деді Алдаркөсеге? —Өй! Мыналарың кішкене гой, қалай киемін! -Алдаркөсе не айтты? — Сіздің берген матадан бір үлкен не он кішкене тақия шығады. Тақияларды кезекпен киесіз. -Кім тапқыр? (Алдаркөсе) -Кім сараң? (Бай) -Саған кім ұнады? Сипатта. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу түр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым, Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық. «Сандық» ойыны. Сандықта түрлі түсті асықтар. Балалар кезекпен асықты алады, түсін айтып, сәйкес қағазды көрсетеді. Әр түсте эртүрлі тапсырмалар. Балалар 3 топқа бөлінеді. Педагог түрлі түсті қима материалдарын таратады. Балалар оларды түстеріне сәйкес біріктіреді. Қызыл түс. Жаңылтпаш жарысы. Жасыл түс. Мақал-мәтел жарысы. Сары түс. Ертегі жарысы. (балаларға таныс ертегілер: Шалқан, Қолғап, Екі лақ, Қарлығаш пен Дэуіт.) Ертегі кейіпкерлерін	гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Дұрыс ұстау: төрт саусақпен үстінен, бас бармақпен астыңғы жағынан ұстау қажет. Техника қауіпсіздігі – баспалдақтың астына жұмсақ матрас жаю қажет. Қолды белге қойып, қосалқы адым жасау арқылы гимнастикалық орындықтың үстімен қапталымен жүру. Жаттығудың орындалу техникасын көрсету (балалардың бірі көрсетеді). Нұсқау: келесі бала қимылды бірінші ойыншы бірінші орындықтан өткен кезде бастайды. Заттар арқылы қос аяқпен секіру (биіктігі – 10 см) (3 текшеден 2 қатар). Секіру жаттығуларын орындау техникасын балалардың есіне салады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кегельді құлат»: допты домалату техникасын көрсету. Нұсқау: кегельдерге қарама-қарсы тұру. Қорытынды кезең (Рефлексия). Жарысты қорытады. Ұлдардың қыздарға қарағанда күштірек екеніне назар аударады. Сондықтан қыздарды қорғап, оларға қамқор болып жүрулері керектігін

	болғанда не істеуші едіңдер? Арыстан мен мысықтың қандай дауыс шығаратынын сұрай отырып, мысық туралы сергіту жаттығуын жасату. Сергіту жаттығуы: Мысығым Құйрығын қуып ойнайды, Қума десем қоймайды. Шыр көбелек айналсам, Жетемін деп ойлайды. Піш-піш десем келе ғой, Айтқанымa көне ғой, Шақырғанда «піш-піш» деп, «Мияу», – деп дыбыс бере ғой. (А. Меңжанова) Тапсырма: «Бүгінгі ертегі кейіпкерлерін қорша». Қорытынды кезең (рефлексия) Балалардан қандай ертегі тыңдағандарын, ертегідегі кейіпкерлердің қайсысы ұнағанын, несімен ұнағанын және жағымсыз кейіпкердің қай қылығы ұнамағанын сұрап, «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» мақалымен қорытындылау. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың	Балалар суреттегі заттарды ретімен сызып тапсырады. Мысалы, дүйсенбі күні кешке жаңбыр жауды. 3-тапсырма кейіннен тексерумен өздігінен орындауға арналған. 3-тапсырманы орындап, өз іс-әрекеттерін түсіндіреді. Рефлексия. Ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Балалар орындаған жұмыс түрлерін естеріне түсіреді. Нені оңай және сәтті орындағанын, қандай қателіктер жіберіп, неден қиналғанын талдайды. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Қойны толы жеміске, Көк майсалы еңісте Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)	**Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, бүгін бізді ертегі әлеміне серуенге шақырды. Ертегі әлеміне бармас бұрын, ондағы кейіпкерлер туралы есімізге түсірейікші. Олардың өздеріне тән мінез-құлықтары болады: ашулы, қатал, мейірімді, адал, қайырымды. - Қандай кейіпкерді ашулы деп елестетесің? - Мейірімді кейіпкерлер қайсысы? Сурет арқылы тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Ертегілерді есіңе түсір. Кейіпкерлердің мінез-құлқын ажырат: қатал, ашулы, мейірімді, адал.Мейірімді кейіпкерді жасыл қарындашпен, ашулы кейіпкерді қызылмен белгіле. Педагог қолына «сиқырлы таяқшаны» алып, әр баланы түрлі ертегі кейіпкеріне айналдырады. - Ертегідегі мейірімді кейіпкерлер сияқты бір-бірімізге жақсылық жасап, жақсы сөздер айтайық. - Рақмет, ал енді ертегілер еліне бару үшін ертегідегі бақыт құсына айналып, қанатымызды жайып, ұшып көрейік. - Өз қимылдарыңды музыкамен үйлестіруге тырысыңдар. - Міне, біз ертегілер еліне келдік. Тоғай ішіндегі алаңға қараңдаршы, қандай әдемі көрініс. Аралар гүлдерден бал жинап жүр. Аралардың дауысын тыңдап көріңдерші, қалай дыбыс шығарады? - Маса қандай көп, олардың дауысы алыстан шығатын сияқты. Жақын ұшқан сайын қатты ызыңдайды. Маса қалай ызыңдайды, қайталап көрсет. - Мұнда жыландар да бар екен, олар жерде жорғалап барады. Дауыстары қалай қатты естіледі? Сендер жылан сияқты дыбыс шығара аласыңдар ма? - Балалар, біз шаршап қалғандаймыз, отырып, таза ауамен дем алайық. Тыныс алу жаттығулары: «Гүлдерді иіскейік». - Балалар, біз өзімізді гүл бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Тамаша!	айтып, суретін табады. Ертегінің атын айту керек. Кейіпкерлер сөзін естеріне түсіру. Көк түс. Тақпақ жарысы. Суретпен жұмыс. 1.«Он тақия» ертегісінің кейіпкерлерін ата. Сипатта. 2.Сүйікті кейіпкеріңді сал. Ол кім? Қандай ертегі? Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог әңгіме құрастырады. Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек. «Үш қыз» ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру. Сөздік жұмыс: Аяулы жан – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада. Қайырымдылық – қиын кезде көмек көрсету. Сұрақ-жауап: -Анасы тиінді жұмсап,	айтады. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде жыл бойы өткен сауат ашуды қортындылаймыз. балалар мен қойған сұраққа кім жылдам жауап береді? Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем айларын атап беріңдер Көктем мезгілінде қандай құбылыстар болады? Мнемокесте. Сызба бойынша сұрақтар: 1. Күн. (Күн жарқырайды..) 2. Қар. (қар ериді.) 3.Мұз. (Мұз суға айналады.) 4. Су. (Жылғалардан су ағады..) Дыбыс дегеніміз не? Әріп дегеніміз не?

	ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Біз қонақтамыз!» деген тақырыпта әңгіме құрады. Балалар қонаққа бару сендерге ұнайды ма? Ендеше бүгін біз өзімізді топқа келген қонақ ретінде сезінейік. Қонақта біз сыпайы, мәдениетті болуымыз керек. Алдымен амандасудан бастайық. 1-тапсырма: Балалар «Үйге қонақ келетінін қалай болжауға болады?» сұрағына сурет бойынша жауап береді. Педагог балаларға сұрақ қойып, бөлмеден П дыбысы бар затттарды тапқызады. Балалар сұраққа жауап бере отырып, П дыбысы естілген сөздерді қайталап айтады. Суреттегі заттарды атайды. Екі суретті салыстырады. Екі суреттегі үй ішіндегі заттардың	Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Жаз мезгілі несімен ұнайды? Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні». Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің. Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Бала – біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ, Болашаққа біз иеміз. Сөздік жұмыс: Болашақ – «алдағы уақыт» деген мағынаны білдіреді. Сүйсінеміз – қызығамыз. Сұрақ-жауап: -Өлеңде не туралы айтылған? -Болашақта сен қандай бала болғың келеді? -Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар Сергіту сәті Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді)	Жаттығу 2-3 рет қайталанады. Педагог балалардың назарын экранға аударады. - Балалар, қараңдаршы, қоян бізді көріп, қорқып тұрған сияқты. Оның қорыққан күйін ым-ишара арқылы көрсетіңдерші. - Қоянға дос екенімізді білдіріп, оны мақтап тақпақ айтып берейік. Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына Қиығын сап көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. - Келесі суретті қараңдаршы, нені көріп тұрсыңдар? - Иә, түлкі бізді көріп, таңғалып тұр. - Түлкінің таңғалған күйін көрсетіңдерші. - Жарайсыңдар, сендер тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар. Енді Айарудың сиқырлы дорбасын ашып көрейік. Дорбаның ішінен «Құ түлкі» ертегісінің кейіпкерлері шығады. Ертегіні конус театры арқылы тамашалауды ұсынады. - Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? - Ертегі не туралы? - Түлкі жолбарысты қалай алдады? Сөздік жұмыс: тым-тырағай қашады, індеріне тығылады. 2-тапсырма. Тіл ұстарту жаттығуларын түрлі екпінде анық және дұрыс айт (сыбырлап және қатты). Ыс-ыс-ыс, Тарғыл жолбарыс. Кі-кі-кі, Айлакер қу түлкі. Қорытынды. Балаларға ертегі кезеңдерін конус театры арқылы көрсетуді ұсынады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу.	қыздарын не үшін шақырды? -Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? -Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? -Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? -Қай қыздың әрекеті ұнады? Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. Ертегіні қайталап есімізге түсірейік. Көмекші сұрақтар қоя отырып, ертегіні 3-4 балаға оқиға желісін сақтап қайталату. Суретпен жұмыс: -Суретке қарап, тақырып ойлап тап. -Суретте анасы, қыздары немен айналысып жатыр деп ойлайсың? -Суретке қарап, кейіпкерлердің көңіл күйін сипатта. -Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіндегі оқиғаларды салыстырыңдар. Мақалдың мағынасын түсініп ал: «Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет». Қорытынды бөлім. Рефлексия Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Ойлау	Дыбыстар нешеге бөлінеді? Сауат ашудан не білдік, не үйрендік? Олай болса әріптер арқылы сендерді топқа бөлемін. Әріптер арқылы топқа бөліну 1.Балапан 2.Жұлдыз. 3.Бәйшешек. 4.Күн. Қызығушылықты ояту. Осы кезде есік қағылады. Білім ханшайымы кіреді. Құрметті менің кішкентай білімді ізбасарларым, мен сендерге өзімнің қолшатырымда сендерге арналған арнайы тапсырмаларым бар. Тапсырмаларды орындауға дайынсындар ма? Осы тапсырмаларды жақсы орындасандар мен сендерді мектепте күтемін. 1 – тапсырма: Құрлымдалған ойын: «Бірінші дыбысты анықта» Барысы: суретте бейненленген затты қандай дыбыстан басталғанын айту. «Нан» сөзі қандай дыбыстан басталады? («Нан» сөзі Н дыбысынан басталады.) - «Робот» сөзі қандай дыбыстан басталады?

	орналасуына мән береді. Сөредегі кітапқа назар аударады. Балалар кітап сөзін қайталап айтады. Сөзді буынға бөледі. П дыбысының қай буыннан естіліп тұрғанын табады. Балалар портрет туралы біледі. 2-тапсырма. Портрет сөзін буынға бөледі. Дыбыстық талдау жасайды. П дыбысы естілген буынды қайталап, санын анықтайды. Көрпе сөзінің мағынасын түсінеді. Көрпе сөзін буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды. Доп сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Балалар П дыбысының дұрыс айтады. П дыбыс кездесетін сөз ойлап айтады. – Қонақ келгенде сенің көңіл күйің қандай болады? Балалар көңіл күйлерін ым-ишарамен көрсетеді. Кейбір балалар ортадағы әртүрлі көңіл күйдегі смайликтарді өз көңіл күйіне қарай таңдап көрсетеді. П – қатаң дауыссыз дыбыс.	Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!) Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады) Қане, алақанымызды жылытайық, Қолымызды Күнге созайық. Өлең жолдарын қайталап, есімізге түсірейік. 3-4 балаға өлең шумақтарын қайталап айтқызу. Суретпен жұмыс: -Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? -Балаларға есімдер ойлап тауып, достар туралы әңгімеле. -Атасы мен немерелері қайда барды? -Немерелерінің қолында не бар? -Олар қандай мейрамға шықты? Қорытынды бөлім. Рефлексия Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды пысықтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог балаларды дөңгелете отырғызып,	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жылулық шеңбері: «Мен әдепті баламын» Бір–бірімен амандасу: Амансың ба? Сәлемсің бе? Есенсің бе? Қалың қалай? Ойын: «Қарлығаштар». Шарты: топтасып отырып, ұшыңдар деген сөзде балалар ұяларына барып отырады. Әр балада бір ұя, екі рет, үш рет ұяға барғанда ұялар алынып тастап тұрады. Жетпегендерге ойын бітті. «Ғажайып ағаш» –тақтаға ілінген ағаш басына құстар орналасқан. Балалар бүгін құстар туралы әңгімелесеміз. Жер бетінде қандай құс жоқ десеңші, жылдың әр мезгілінде құстар болады. Қыс мезгілінде де құстар болады, оларды қыстап қалған құстар дейді. Сурет арқылы жұмыс: Қандай құстарды білесіңдер? Олар немен қоректенеді? Сергіту сәті: «Ұшты–ұшты» Ойын: «Дұрыс жауабын айт». Шарты: Балалар таратпалы суреттер арқылы ненің үйшігі екенін айтады. Ой қозғау: Қыстап қалған құстар суықтан қорқа ма? Әлде аштықтан қорқа ма? Рефлексия. ҰІӘ-інен түсінгендерін қағаз бетіне бағдарлау. Екі топқа бөлініп,композиция құрастыру. Көктем мезгілінің,құстардың суреттерін құрастырып,қағаз бетіне жапсыру,ермексаз арқылы күннің бейнесін жасаау,дәстүрден тыс тіс щеткасын пайдалау арқылы шөптердің суретін салу,шанышқымен гүлдердің бейнесін келтіру. **Құрастыру,жапсыру,сурет салу,мүсіндеу** Ән «Табиғатым тамаша» барлығы орындайды.	мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дүкендегі таразы туралы сұхбат ұйымдастырады. Суреттердегі таразыларды көрсетеді. Таразы үлгісін көрсетіп, осы құралды қай жерден көргені, оның не үшін қолданылатыны туралы айтып беруді сұрайды. Қызығушылық танытады. Сұхбатқа қатысып, жеке тәжірибесінен білімдерімен бөліседі. 2. Негізгі кезең. – Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Заттардың қайсыбірі жеңіл, қайсыбірі ауыр болады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше –(біреуі кішкентай, екіншісі үлкен. Көлемі бірдей 2 шар – бірі ағаш, бірі пластмасса. Үлкен, жеңіл зат, мысалы, шар және кішкентай ауыр зат, мысалы, металл мәшине. Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды	(«Робот» сөзі Р дыбысынан басталады.) - «Аққу» сөзі қай дыбыстан басталады? («Аққу» сөзі А дыбысынан басталады.) - «Шағала» сөзі қай дыбыстан басталады? («Шағала» сөзі Ш дыбысынан басталады.) - «Лақ» сөзі қай дыбыстан басталады? («Лақ» сөзі Л дыбысынан басталады.) - «Ай» сөзі қай дыбыстан басталады? («Ай» сөзі А дыбысынан басталады.) - «Алма» сөзі қай дыбыстан басталады? («Алма» сөзі А дыбысынан басталады.) 2 – тапсырма:Дидактикалық ойын. Буынға бөлу. Бір буынды сөзді қызыл жолақшаға жапсырамыз Екі буынды сөзді сары Үш буынды сөзді жасыл Сергіту сәті: «Көңілді би» 3 – тапсырма: Буынды қос. Шарда бейнеленген буынды түсіне қарай қосып оқы. Ша –на.О-тан,Са-ра,А-на,Са-ғат,Ба-ла. 4 – тапсырма: «Суреттегі заттарды ата» Сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды дөңгелекпен белгіле.

	3-тапсырма бойынша берілген сөйлемдерді дауыс мәнеріне келтіріп оқиды, балалар бұл сөздерді қай кезде айтатындарын болжап айтады. Мысалы: Сау болыңыз! – қоштасқан кезде айтылады. Жолыңыз болсын! – жол жүріп бара жатқан адамға айтылатын сөз. Қош келдіңіз! – келген қонақтарға айтылады. Жоғары шығыңыз! – келген қонақтарға айтылады. Төрлетіңіз!–келген қонақтарға, жасы үлкен Кісілерге айтылады. Сергітусәті. Біз қандаймыз,қандаймыз. Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Ренжісуді білмейміз. 4-тапсырма. Тыйым сөздерді оқып, тәрбиелік мәнін түсіндіреді. Есікті қатты жаппа. Табалдырықты баспа. Босағаны керме. Педагог табалдырық пен босағаны көрсетеді.Балалар есіктің П әрпіне ұқсайтын бөлігіні	«Сымсыз телефон» ойынын ұйымдастырады. Ойын шарты: Бастаушы бір баланың құлағына бір сөз айтады,ол бала жанындағы балаға сыбырлап,басқаларға естіртпей жеткізу керек. Жұмбақ шешу. 1.Бар екен бір терезе ғажап үйде, Кино болар терезеден күнде-күнде. (Теледидар) 2.Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде, Естіп алар бір құлақ алыс елде.(Телефон) 3.Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. (Газет) -Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? (Бір-біріне хат жазады,телеграмма жібереді,телефонмен сөйлеседі) -Хатты қалай жібереді? (Пошта арқылы) - Балалар,пошта,телеграф, телефон-байланыс құралдары. -Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? (Теледидар,радио,газет және интернет арқылы) -Теледидар,радио,газет, интернет-ақпараттық құралдар. -Өрт шыққа қандай		жасалады. Суретті қарауды сұрайды. – Таразыны теңестіру үшін не істеу керек? Балалар сұхбатқа қатысады. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Сыртқы түрі бойынша заттың салмағын ажырату мүмкін емес деген қорытынды жасайды. Салмақ заттыңқандай материалданжасалғанына байланысты болады. Қарап, сұрақтарға жауап береді: бір табақшада заттар көбірек, сондықтан табақша төменге түскен. Соңғы суретте табақшалардағы заттар тең. Ойланады, заттарды қосу немесе азайту керек деген қорытынды жасайды. Жылдың қай мезгілінде не пісетіні туралы сұрайды. Жыл айларының атауларын қайталатады. Сергіту сәті. Бір дегенім – көтеріліп, керілу. Екі деген – еңкею мен созылу. Үш дегенім – үш рет соғып алақан. Бас изейміз үш қайтара, балақан. Төрт дегенім – құшақ жая, қол керу, Бес дегенде – қоштасарда қол бұлғау. Алты деген – орнымызға отыру. Жеті-сегіз – жалқаулықтан арылу. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. 2-тапсырманы орындауды ұсынады. Гір тастарды жеңілінен ауырына қарай	(Сыни ойлау) ҚОРЫТЫНДЫ Педагог: - Дыбыс дегеніміз не? (Дыбысты естиміз, айтамыз.) - Әріп дегеніміз не? (Әріпті көреміз, жазамыз.) - Дауысты дыбыс дегеніміз не? (Дауысты дыбыстар еш кедергісіз шығады, созылыңқы айтылады.) - Дауыссыз дыбыс дегеніміз не? (Дауыссыз дыбысты айтқанда ауа кедергіге ұшырап шығады. Дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайды.) **Қазақ тілі** **Міндеті:** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Кел, балалар, ойнайық» эні Кел, балалар, ойнайық, Ойнайық та ойлайық. Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық. Қимылмен көрсете отырып жұмбақ жасыру. Екі басы дөңгелек, Екі ұшы сүйір, Қиғанға үйір.

	көрсетеді. 5-тапсырма. П әрпімен таныс бол. П дыбысы еріннің бір-біріне нық тиіп, артынша кілт ашылуынан жасалатын шұғыл дауыссыз дыбыс. М.Әлімбаевтың өлеңін оқып береді. Балалар суреттегі үйдің қақпасына назар аударады. Педагог қақпаның суретін бастыра көрсетіп П әрпінің баспаша түрімен таныстырады. Балалар өз беттерінше П-ға ұқсас заттарды атайды П әрпінің баспа түрін екі жолға бастырып жазады. Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. **Математика негіздері** **Міндеті:** Ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды	телефонға қоңырау шалу керек? (101) -Ал дәрігердің көмегіне жүгіну керек болса ше? (103) -Ал полиция қызметкерлерін қалай шақырамыз? (102) -Балалар,бұрынғы заманда телефон,телеграф жоқ болған кезде,адамдар бір-бірімен қалай хабарласқан? (Поштаны көгершіндер арқылы,арнайы шабарман арқылы хат жіберген) -Үнді тайпаларында түтіннің белгісі арқылы бір-бірімен хабар алысқан. Кейін үлкен қалалар салынған кезде қаладағы үйлерге нөмір берілген,пошта,телеграф , телефон пайда болды. -Балалар, мен қазір сендерден интервью аламын.Интервью дегенді білесіңдер ме? Қорытынды. Сұрақ-жауап әдісі арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетіндет алған білімдерін пысықтайды. **Музыка** Музыканың ырғағына,сөзіне сәйкес ойдан би қимылдарын шығарып би билеу,би билеуде жеңіл әрі еркін		сызып қосулары керек. 3-тапсырманы өздігінен орындап, кейіннен тексеруді сұрайды. Балалар 3-тапсырманы өздігінен орындайды, одан кейін бір-бірін тексеріп, бірлесіп талқылайды. 3. Рефлексия. Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Балалар орындаған жұмыс түрлерін естеріне түсіреді. Нені оңай және сәтті орындағанын, қандай қателіктер жіберіп, неден қиналғанын талдайды. **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Міндеті:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Заттардың, кегльдердің арасымен аттап жүру; **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жұбыңды тап!» Балалар өз қалауынша жұп құрап тұрады. Залды айналып «шашырап» жүреді. «1,2,3 – жұбыңды тап!» деген белгі берілген кезде тездетіп жұптасып, екі-екіден сап түзейді.	Ол - не? (қайшы) Қайшы туралы жаңылтпашты естеріне түсіру. Жақсы қайшы Қайсы қайшы? Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. Келесі жұмбақ. Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айғай-шу. Ол - не? (түлкі). Қу, ширақ сөздерімен жұмыс. Шағын мәтін құрастыру. Түлкі қандай жануар? Балалар педагогтің көмегімен шағын мәтін құрастырады. Түлкі - жабайы жануар. Түлкі - цу жануар. Түлкі - ширақ жануар. «Айтылған дыбысқа сөз құра» ойыны. Әр қатардағы сұрақтың жауабы «қ» дыбысынан басталады. 1.Біздің Отанымыз қалай аталады? (Қазақстан) 2.Оқу құралы (қарындаш) 3.Көгөніс (қызанақ) 4.Ұлттық баскиім (қалпақ) 5.Ыдыс (қазан) 6.Түс, түр (қара) 7.Үй жануары (қой) 8.Түлкі қандай? (қу). Сұрақтардың жауабын тауып, тақтага суреттерді іледі. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық

	дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог «Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады. Балаларға екі топқа бөлінуді ұсынады. Таңертең, күндіз, кеште не істегенін анықтайды. Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін ... Алдымен күн..., одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін ... Алдымен бүгін, одан кейін ...Алдымен қаңтар, одан кейін ... Екі топқа бөлінеді. Бір топ жасырылған іс-қимылды көрсетеді, екінші топ оны шешеді. Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады. – Жұмыс дәптеріндегі 1-тапсырманы қараңдар. Барлық суреттер араласып кетіпті. Мен жұмбақ оқимын, ал сендер оның жауабына байланысты қоршап сызыңдар.	қимылдау. Ән тыңдау: «Туған жер»Б.Тәжібаев Ән айту: «Бейбітшілік» А.Еспенбетова Аспапта ойнау: «Асатаяқ,Шаңқоб ыз» Әуенді- ырғақты ойын: «Тыңдап таны» Шарты:Балаларға өткен әндердің кіріспе бөлімдері тыңдатылады.Бал алар қандай ән екенін тауып атауын атайды.ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттері бақыланады. «Қандай аспап шертемін?» Шарты:Балалар шертпелі аспаптардың суреттері салынған карточкалар беріледі.Жетекші перденің артындағы шертпелі аспаптардың біреуін шертіп ойэнап,қай аспапта ойнағанын сұрайды.Балалар дұрыс табуға тырысады.		Жұптасып жүгіреді. Жеңіл, ырғақпен жүгіруге, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады. Жұппен жүгіру. Жұптағы балалардың бір-бірімен үйлесімді қимылдауына назар аударады. Дыбыстардың көмегімен орындалатын тыныс алу жаттығулары. 1. «Кірпі». Тыныс алу гимнастикасы. Б.қ. – н.т. 1 – бастарын оңға бұрады – мұрынмен шуылдап қысқа дем алады. 2 – бастарын солға бұрады – аузын жартылай ашып дем алу. 2. «Реттеуші». Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады. Бір қолды жоғары көтереді, екіншісін қапталға созады. 1 – оң қолды жоғары көтеріп, сол қолды қапталға созады (мұрынмен дем алады). 2 – сол қолды жоғары көтеріп, оң қолын төмен түсіреді, «р-р-р» дыбысын шығарады 3. «Қаздар ұшып келе жатыр». Б.қ. – н.т. 1 – қолдарын қапталға қарай созып көтереді (дем алады). 2 – қолдарын төмен түсіреді, «г-у-у» (демін шығарады). 4. «Маятник». Б.қ. – қолды белге қойып (дем алу). 1 – алға еңкейеді (дем шығару). 2 – б.қ. (Дем алу). 3 – солға еңкейеді (дем шығару). 4 – б.қ. «т-у-у-х» дыбысымен демін сыртқа шығару. 5. «Кемпірқосақ». Б.қ. – н.т. 1 – мұрнымен терең демалып, қолдарын	Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым, Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық. Суретпен жұмыс. 1. Жұмбақты шеш. Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. Ол не? (Алма) 2.Мнемо кесте бойынша алманы сипатта. 3.Ребусты шеш. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Тапсырмалар ұнады ма? **Музыка** Қайталау. Музыканың ырғағына,сөзіне сәйкес ойдан би қимылдарын шығарып би билеу,би билеуде жеңіл әрі еркін қимылдау. Ән тыңдау: «Күй шашу»А.Енсепов Ән айту: «Бейбітшілік» А.Еспенбетова Аспапта ойнау: «Асатаяқ,Шаңқоб ыз» Әуенді- ырғақты ойын: «Ақтөс пен құстар» Шарты:Ер балалар ақтөс болып,қыздар

	Жұмбақ оқиды. Гүл-гүл жайнап жер беті, Гүрілдейді сайда өзен. Гүлжазира жарасқан Гүлдерімен қай кезең? Күннің көзі шуақты, Балалар жүр шомылып. Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? Жиын-терім болатын, Қамбаға астық толатын. Жапырақтар сарғайып, Қай мезгіл деп ойлайсың? Шана зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалар сурет бойынша сұхбатқа қатысады. Жұмбақтарды тыңдап, жауаптарын қоршап сызады. Сергіту сәті. Педагогтің қалауынша жүреді. Педагог 2-тапсырманы орындауды ұсынады: Балалар суреттегі заттарды ретімен сызып тапсырады. Мысалы, дүйсенбі күні кешке жаңбыр жауды. 3-тапсырма кейіннен тексерумен өздігінен орындауға арналған. 3-тапсырманы			қапталға созады. 2 – демін 3-4 секунд іште ұстайды. 3 – жымияды, «с» дыбысын айтады, іші мен кеуде қуысын босатып, ауаны сыртқа шығарады. Бастапқыда қолдарын алға созады, кейін кеуде тұсынан айқастырып, өз-өзін иықтан құшақтайды: бір қолды қолтықтың астына жібереді, екіншісімен иығын ұстайды. 6. «Үлкен болып өс». Б.қ. – н.т. 1 – қолдарын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұрады (дем алу). 2 – қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басады (демді сыртқа шығару), «у-х-х»деген дыбыс шығарады. Негізгі іс-қимылдарды орындайды. Спорттық ойындардың элементтері – кегельдер. «Нағыз мергендер» Дұрыс бастапқы қалыпты ұстана отырып, допты әр жерге қойылған кегельдерге лақтыру. Тәрбиеленушілер 2 метр қашықтықтан допты лақтырады. Алдымен тапсырманы қыздар орындайды, ал ұлдар педагогтің нұсқауы бойынша кегельдерді қойып шығады. Сосын ұлдар лақтырады. Педагог допты тура бағытта екпінді түрде – тұрған кегельдердің ортасына лақтыруға назарларын аударады. «Ара» – бетке арналған	құстар болып бөлінеді.Иттер ұйықтағанда құстар ұшып келеді.Оянып кеткен иттер құстарға бас салады.Құстар қашып құтылуы керек.

	орындап, өз іс-әрекеттерін түсіндіреді. Рефлексия. Ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Балалар орындаған жұмыс түрлерін естеріне түсіреді. Нені оңай және сәтті орындағанын, қандай қателіктер жіберіп, неден қиналғанын талдайды. **Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**			массаж. Ра-ра-ра – гүлде отыр ара. Ел-ел-ел – кең далаға кел. Ді-ді-ді – ара қанатын сермеді. Ал-ал-ал – ара жинайды бал. Қорытынды кезең (Рефлексия). ҰІӘ-ін қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Ойын түріндегі жаттығу: «Дұрыс көрсет», жүргізуші рөлін орындау: «Көңіл күйің қандай?», «Көңіл күйлерің қалай?» Көңілді шар балалармен қоштасады.	

	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды орындау. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» екі қатарға тұру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, залды сол жақтан, оң жақтан тез айналып өту, бірінші қатардың артына барып тұру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу.				

	Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке». Ойын тәртібінің сақталуын қадағалайды. Санамақтың көмегімен «Соқыртекені» таңдап алады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Қимыл-қозғалыс ойындары: «Түрлі-түсті асықтар». Шарты: Балалар шеңбер айналып жүреді.Әуен тоқтағанда әр бала қолындағы асықтың түсі бойынша орындарына тұра қалып,қолдарындағы асықтарын жоғары көтеріп көрсету керек.				
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 25** **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау** **Міндеті:** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-	**№ 29** **Ересек топтың балаларының ойындарын бақылау** **Міндеті:** Балалардың киімдеріне назар аудару, балалар қыста қалай киінгендерін естеріне түсіру. Балалардың далада бұрынғыдан көп серуенде болатындарын	**№ 26** **Жәндіктердің ұшуын бақылау (Көбелек, маса, ара)** **Міндеті:** Күн жылына жәндіктер пайда бола бастайды. Жәндіктерді танып аттарын атау. Қоңыз, маса, көбелектер және оларды салыстыру. Жәндіктерді аялауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»**	**№ 30** **Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау** **Міндеті:** Балалар да көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында түсінігін қалыптастыру.Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп	**№ 28** **Терек ағаштарының жапырақтарын бақылау** **Міндеті:** Терек ағашының жапырағын ақ қайыңның жапырақтарымен салыстыру, айырмашылықтарын бақылау.

	екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» ойыны. Картотека №1** **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың басына тақия кигізе салады. Тақияны байқаған бала тұра жүгіріп орнына тез жету керек жете алмаса ойынды жалғастырады. Тақияны бала сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Гүлзарға гүл тұқымын себу** **Міндеті:** Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	бақылау, себебі күн жылынды. Ауа райының қалай өзгергенін бақылау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Батыл балалар»** **Міндеті:** Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке,ептілікке тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ: «Балабақша» Балабақша базарлы үй, Қаладағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты, Өз үйіміз сияқты. **Еңбек:** Ауладағы жұмыстар: арам шөптерді жұлып, ағаштардың түптерін қопсыту. **Міндеті:** Балалармен арам шөптерді жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақы, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Картотека №8** **Міндеті:** Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым -қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Гүлзарды суару** **Міндеті:** Өздігінен өсімдіктерді суаруға үйрету. Гүлдер мен құралдарға ұқыпты қарап, жұмыстан кейін орындарын жинауға тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ жасыру. Тісі жоқ, ауызы бар, Атқарар ісі бар. (Ара) **Коммуникативтік дағды**	күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын балаларға түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» ойыны.** **Картотека №1** **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел** Еңбек етпесең, елге өкпелеме, Егін екпесең, жерге өкпелеме. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Ағаш түптерін әктеу** **Міндеті:** **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын** **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Гүлзарға гүл отырғызу** **Міндеті:** Гүл отырғызатын орынды таңдап алып, оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолданужұмыс орнын таза,ұқыпты ұстау). **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу,жаттау. Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек

	Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау. Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. Уф!-десем бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. **Коммуникативтік дағды**				еткенің. Келмесе шамаң егуге, Сындырма жұрттын еккенін. М.Қуанышбеков **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру,педагогтің айтқанын тыңдау,бір-бірін итермеу туралы әңгіме жүргізу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**.Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету**. (дербес қимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**.(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Ойын: «Сәйкес дорбаны тап»** **Шарты:** Асықтарды санау арқылы сәйкес дорбасына салу. **Ұлттық құндылық**	**«Теңдік және теңсіздік»** **Міндеті:** Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриалық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту. **Шарты:** балаларға екі қатардағы теңдік, теңсіздік белгілету.	**Жеке қауіпсіздік** **«ДАЛАДА ОЙНАУ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»** **Мақсаты:** жарақаттар мен қауіпті жағдайларды болдырмау мақсатында балаларға сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін үйрету. **Міндеттер:** Балаларды сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Арнайы бөлінген орындарда, ересектердің бақылауымен ойнаудың маңыздылығын түсіндіру. Балаларды жолға жүгіріп шығу сияқты қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалармен амандасу. Сыртта ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. 1-ереже. Қауіпсіз жерлерде ойнау Балаларға тек	**Вариативтік компонент** **«Көліктің адам өміріндегі пайдасы»** **Тақырыбы: «Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....»** **Мақсаты:** Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке	**Аз қимылды ойын: «Түрлі-түсті асықтар»** **Шарты:** Музыка әуені ойнағанда балалар билеп жүреді,әуен тоқтағанда қолдарындағы асықтың түсіне сәйкес орындарын табады.. **Адал Азамат** .

			ойын үшін арнайы бөлінген жерлерде, мысалы, аула, ойын алаңдары, саябақтарда ойнау керектігін түсіндіру. Ойынға арналған қауіпсіз жерлердің иллюстрацияларын көрсету. 2- ереже. Жолға шықпау, жолға қарай жүгірмеу Жолға жүгіріп шығуға немесе жолдың жанында ойнауға болмайтынын түсіндіру. Жолдың жанындағы қауіпсіздік ережелері бейнеленген суреттерді көрсету. 3- ереже. Айналаға қарау Жолды кесіп өтпес бұрын немесе жаңа жерде ойынды бастамас бұрын айнала, жан-жаққа қарау керектігін түсіндіру. Жолды кесіп өтер алдында айналаға, жан-жағына қарап тұрған балалардың суреттерін көрсету. 4- ереже. Ересектердің бақылауында ойнау Балаларға ең жақсысы ата-аналарының немесе басқа ересектердің бақылауында ойнау екенін түсіндіру. Ересектердің бақылауында ойнап жатқан балалардың суреттерін көрсету. 5- ереже. Айналадағы адамдарға мұқият болу Балаларды қақтығыстар мен жарақаттануды болдырмас үшін басқа балалар мен ересектерге қарауға үйрету. Пайдалы сілтеме: https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=uKafRwZFLxKKeNJs	тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! -Жиек жол деген не ? - Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол . -Жаяуға қай жермен жүруге болмайды ? - Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді -Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз? - Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса, көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орында күте тұрамыз. -Ал жиек жолда қалай жүру керек? - Жиекжолдың оң жағымен жүру керек, сол жағымен жүруге болмайды. - Жиекжолдан тағы қалай жүруге рұқсат етілмейді? - Төрт - бес адам қатар жүруге болмайды. -Көшеде доп ойнауға бола	

				ма ? -Тағы да домалап келе жатса алдында велосипед тұр екен -Ол қарсы беттегі аялдамаға өту керек, қай жермен өтеді? - Жолдан өтерде нені еске сақтауымыз керек? -Ақшұқырға келу үшін қандай көлікке мінеміз? -Автобусқа мінерде нені еске түсіру керек? Сергіту сәті. Қызыл- тұрамыз Сары- шапалақ Жасыл- жүреміз Әрқашан күн сөнбесін Аспаннан бұлт төнбесін Қасымда болсын анам Болайын мен де аман. Қорытындылау Көшеде тек жүрелік, Өзінше бұл да бір ерлік. Ата - ана қынжылмасын, Түсіріп ұнжырғасын.	
Балалармен жеке жұмыс	**Мансур жеке жұмыс** Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды, «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратуды, оларға дұрыс жауап беруді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Мансур жеке жұмыс** Жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасауды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқаруды игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мансур жеке жұмыс** Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды жетілдіру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мансур жеке жұмыс** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларме нжоспарлау. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**				
Серуен	**№ 25**	**№ 29**	**№ 26**	**№ 30**	**№ 28**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **Адал Азамат**				
Балалардың дербес әрекеті (аз	**Ұлттық ойын: «Көтермек»**	**«Танып ал да, атын ата»**	**Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»**	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»**	**Ұлттық ойын: «Бәйге тартыс»**

қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**Шарты:** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат**	**Шарты:** Ортаға әртүрлі суреттерді тастау. Әр бала өзінің таңдаған суретін алып, оның түр - түсі, пішіні жайлы әңгіме айтып береді. **Коммуникативтік дағды**	**Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Адал Азамат**	**Міндеті:** Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. **Адал Азамат**	**Шарты:** Екі адам екі жағынан келіп, желкесінен асырып қолтық астынан өткізіп, екі жаққа тартысып күш сынасады. Белгіленген сызықтан асырып сүйреп кеткені жеңімпаз болып табылады. **Адал Азамат**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларының сұрақтарына ерінбей толық жауап беріп,әрбір дыбыстарды анық айтқызуға кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Балаларды өздеріне ыңғайлы етіп киіндіру туралы ата-аналарға ескерту.	Ата-аналарға кеңес: «Үйдегі балалардың қауіпсіздігі» Міндеті: баланы абай болуға және өзін қорғауға үйрету.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен таза ауада ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Бірлік және ынтымақ**

Аптаның дәйек сөзі: «Досың көп болса, күшің көп»

Мектепке дейінгі ұйым: “Айша» балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.05 - 22.05.2026

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі: «Кең дала»** Күйші Есқара Бейбітов «Менің Қазақстаным» Гимн айту. Шығармашылық дағды. **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Кең дала»** Күйші Есқара Бейбітов **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Кең дала»** Күйші Есқара Бейбітов **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Кең дала»** Күйші Есқара Бейбітов **Адал Азамат**	**Күй күмбірі: «Кең дала»** Күйші Есқара Бейбітов **Адал Азамат**
Ата-аналармен	Ата-аналарға кеңес:	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналарға кеңес:	Ата-аналарға арналған	Ата-аналармен әңгіме:

немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Үнемдеу маңыздылығы» Міндеті: Тамақ қалдықтары - табиғи ресурстарды ысырап етудің үлкен мәселе екенін түсіндіру. **«Суды,тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының жылынуына байланысты жұқпалы аурудың алдын-алу жөнінде кеңес беру. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**	нұсқаулықтар: «Үнемдеу маңыздылығы» Міндеті: Суды, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. **«Суды, энергияны үнемді тұтыну»**	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен таза ауада ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**«Адам табиғаттың бір бөлігі»** (телеэкранға назар аудару) **Міндеті:** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	**Адал Азамат** Картотека №5 «Заттың саның цифрмен сәйкестендіру» Шарты: тәрбиеші балаларға әр түрлі суреттері таратып береді. Балалар сол заттарды сандармен сәйкестендіреді. **Танымдық зерттеу әрекеттері**	**Төтенше қызметтерге қоңырау шалудың маңыздылығын түсіндіру. Міндеті:** Балаларды төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру қызметі, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру. **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекетінің түрі**	**Адал Азамат** Картотека № 59 Үстел-үсті ойыны: «Таяқшамен жұмыс» Шарты: таяқшалар таратылады,сол таяқшаны пайдаланып,үлгі суретке қарап бейнені құрастыру. **Құрастыру**	Картотека №17 «Кімге не керек» Шарты:Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. М/ы: тігіншіге-ине, құрылысшыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б **Коммуникативтік дағды**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №18				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өзбетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық(бұдан әрі ҰІӘ)	**Адал Азамат** **«Буындап оқып үйренейік»** Міндеті: Балаға ойын түрінде көрсете отырып, оқу дағдысын қалыптастыру. **Коммуникативтік дағды**	**«Мамандықтар»** балаларға арналған дамытушы видео тамашалау. Міндеті: Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну,өзін-өзі құрметтеу,өз күшімен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**Адал Азамат** **«Тыныс алу жаттығулары»** Міндеті: Балаларды сөйлеу барысында тез, еркін демалып, дем шығару кезінде ауаны бір қалыпты шығаруға үйрету. **Коммуникативтік дағды**	**Артикуляциялық жаттығулар** (айнаға қарап орындайды) Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. **Коммуникативтік дағды**	**«Теңдік және теңсіздік» ойыны** **Шарты:** қарама-қарсы суреттерді салыстыру,үлкен-кіші және тең таңбаларын орналастыру. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: сөйлегенде бейнелі сөздерді, салыстыруларды қолдану. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Суреттермен жұмыс. **Өнегелі 15 минут әңгімелесу** -Бір жылда неше мезгіл бар? -Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата? -Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды? -Қазір қай мезгіл? Сұрақ– жауап. Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдіктер, құстар,жануарлар т.б.) Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру. Сергіту сәті: «Құбылыстар» Аз қимылды ойын: «Табиғатпен сырласу» Шарты:Сиқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару. Елестету. (көзді жұму)— мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат. 1. Бұлаққа кездесу. Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін: алға иілу,алу,ішу,тамсану. 2. Алма ағашына кездесу. Ағаштан алманы алып жеу.оң аяқ алға, сол аяқтың өкшесін көтеру,алу,қырт етіп тістеу, тәттісін-ай деп	**Математика негіздері** **Міндеті:** теңсіздіктен теңдік (теңдіктен-теңсіздік) шығару, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару, заттар тобын бір жиынға біріктіру, жиынды көрсетілген санға дейін толықтыру, санды цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Коллекцияны жинау» дидактикалық ойыны. Топтық жұмыс. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Әр топ белгілі бір заттарды (немесе сурет карточкаларын) жинау қажет болатын себет (қорап) алады. Мысалы, бір топ мәшинелерді, екіншісі жұмсақ ойыншықтарды жинайды. Содан кейін әр топ өз коллекциясында қанша зат бар екенін есептеуі керек. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Әр балада неше доп бар? Сана. Барлығы неше доп? Тіктөртбұрышқа нүктелер сал. Жағдайды шынайы заттармен немесе дөңгелектермен суреттеуге болады. Әр баланың қанша добы бар екенін сана. Барлығы қанша доп? Тіктөртбұрыштарға	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сұрақ - жауап бөлімі. 1) Жыл мезгілдерін білеміз бе,қандай? 2) Бір жылда неше ай бар? 3) Қазір жылдың қай мезгілі? 4) Көктем мезгілінің айларын білеміз бе? 5) Бір аптада неше күн бар? 6) Бүгін аптаның қай күні? 7) Дыбыстар нешеге бөлінеді,қандай - қандай? 8) Дыбыстарды не істейміз? 9) Әріптерді ше? 10) Әріптерден не құраймыз? 11) Буындардан не құраймыз? 12) Сөзден не құраймыз? «Буынға буын қос» ойыны. Ойын шарты: берілген буындарды қосып сөзді оқиды. Суреттерде не бейнеленген? Тапсырмаларды орында. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма:Суретте бейнеленген заттарды ата.Буынға бөл.Тиісті сызбамен қос. 2-тапсырма: Суреттерге қара. «Ө» дыбысы бар сөздерді ата. Өгіз,көл сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Саусақ жаттығуы: Тында,орында. Бір,екі,үш, Кәне,жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. 3-тапсырма: Суретке қара.Қыздар не істеп жатыр? Ұл балалар ше? Балаларға ат қой. Сөйлем құра.Сызбасын сыз.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сиқырлы қоржын». Балалар кезекпен ойыншықтарды алып, атайды: Мынау - доп. Доп - ойыншық. (Қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл). Педагог қоржынан оқу құралдарын алып, жаңа сөздермен таныстырады. -Мынау - кітап, кііі-тап. Мынау не? -Мынау — кітап. -Кітап - оқу құралы. -Кітап не? -Кітап - оқу құралы. -Оқушыға кітап керек. -Оқушыға кітап керек пе? -Оқушыға кітап керек. -Оқушы кітап оқиды. -Оқушы не оқиды? -Оқушы кітап оқиды. -Мынау - қалам, қа-лам. -Мынау не? -Мынау - қалам. -Қалам - оқу куралы. -Қалам - не? -Қалам - оқу құралы. -Оқушыға қалам керек. -Оқушыға қалам керек пе? -Оқушыға қалам керек. -Мынау — сызғыш, сыз-ғыш. Мынау не? -Мынау - сызғыш.	**Дене тәрбиесі** **Міндеті:** қолды екпінмен жазып, допты көлденең нысанаға көздеп лақтыру қабілетін, көзбен мөлшерлеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Қысқа секіртпенің көмегімен қатты жоғары көтерілмей, алдымен аяқтың ұшын, содан соң өкшені басып, ырғақпен секіру қабілетін нығайту **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден тізбекке тұру. Қолына қамшы ұстап жүру: аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру – қолды әртүрлі қалыпта ұстайды – жоғары көтереді, алға созады. Ойын түріндегі жаттығу: «Шабандоздар» – қолдың қалпын өзгерту, шынтағын жазу. Негізгі қимылдарды шағын топтарға бөлініп, қыздар бөлек, ұлдар бөлек орындайды. Көлденең нысанаға көздеп лақтыру (шеңберлер лақтыру сызығынан 2,5 метр қашықтықта орналасқан). Затты лақтыратын оң (сол) қол мен оң (сол) аяқты алға қойып, лақтыру күшін әртараптандыру қабілетіне назар аударады. Секіртпемен секіру. Секіртпені айналдыру және секіртпенің үстімен ақырын секіру

	тамсану. 3.Раушан гүліне кездесу. Алға иілу,алу,иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару. Сұрақ – жауап. -Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек? -Табиғат байлықтарына нелер жатады? -Оны қорғау деген не? -Табиғатты сүйе білу деген не? Тақпақ оқу, жаттау. «Табиғат ана» Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. Жазда аралап тауында, Барамыз біз бауына Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында. Қыста мәз боп қаламыз, Сырғанауға барамыз. Шымырлаған аязда, Зымырайды шанамыз. Жеке жұмыс жүргізу. .Қорытынды. «Бас бармақ» әдісі. **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, мен сендерге	нүктелер сал. Балалар деректерді енгізеді: бір балада доптар саны бойынша 3 нүкте, екіншісінде 4 нүкте. Содан кейін нүктелердің жалпы саны үлкен тіктөртбұрышқа енгізіледі. Балалар санайды және 7 санды атайды. 2-тапсырма. Карточкада көрсетілген цифр болуы үшін, сонша дөңгелектің суретін сал. Жұппен жұмыс. Жұптардың әрқайсысы алдымен карточкадағы цифрды атайды, жетіспейтін қанша дөңгелек салу керектігін айтады. Осыдан кейін балалар дөңгелектерді өздері салады. Аяқтағаннан кейін педагог кейбір жұптардан тапсырмаға түсініктеме беруін сұрайды. Мысалы: «4 доп болуы керек. Екеуі бейнеленген, тағы екеуінің суретін салады. Төрт шықты». Педагог егжей-тегжейлі түсіндіріп айтуды сұрайды. «Әрқашан тең!» ойын жаттығу. Педагог үстелдерге әртүрлі пішіндегі фигуралардың екі жиынтығын таратады. Оң жақта, мысалы, 6 дөңгелек, сол жақта 4 үшбұрыш қоюды ұсынады. «Фигураларды біркелкі ету үшін не істеу керек?» – деп сұрайды. Балалар екі нұсқаны айтады: фигураларды қосу немесе артық фигураларды	4-тапсырма: Нүктелерді бастыр. 5-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр,жалғастырып жаз. Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. **Тіл дамыту** **Міндеті:** Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, біздер ауа райының құбылуына байланысты жыл мезгілдерін білеміз. Тақтаға 4 мезгіл бейнеленген А3 сурет ілінеді. Олар: күз, қыс, көктем, жаз. Бұл мезгілдерді қалай танимыз? Қандай ерекшеліктері бар? (Балалар әр мезгілге ауа райындағы ерекшеліктерге байланысты тоқталып өтеді). Жел, жаңбыр, қар, найзағай, тұман, аяз, бұршақ –осылардың барлығын бір сөзбен қалай топтастырамыз? Табиғи құбылыстар. Бүгінгі тақырыбымыз «Табиғи құбылыстар» Балалар, мен сөйлемді бастайын, сіздер сөйлемді оған қарама-қарсы сөзбен аяқтаңыздар! Бірде жылы, бірде (салқын), Бірде тынық, бірде (желді), Бірде ашық, (бірде жауын-шашын)… бұл біздің табиғи құбылыстарымыз. Осы табиғи құбылыстарға сәйкесінше өмір сүремі, яғни киінеміз, тынығамыз, тамақтанамыз,т.с.с. Сұрақ: Балалар, біз ауа-райын қалай білеміз? Мысалы даладағы күн райы қандай екенін қалай білсек болады? Қайда қараймыз?	-Сызғыш - оқу куралы. -Сызғыш не? -Сызғыш - оқу құралы. -Оқушыға сызғыш керек. -Оқушыға сызғыш керек пе? -Оқушыға сызғыш керек. -Мынау - дәптер, дэп-тер. Мынау не? -Мынау - дәптер. -Дәптер оқу құралы. -Дәптер не? -Дәптер оқу құралы. -Оқушыға дәптер керек. -Оқушыға дәптер керек пе? -Оқушыға дәптер керек. -Оқушы дәптерде жазады. -Оқушы дәптерде не істейді? -Оқушы дәптерде жазады. -Мынау — қарындаш. Мынау не? -Мынау - қарындаш. -Қарындаш - оқу құралы. -Қарындаш не? -Қарындаш - оқу құралы. -Оқушыға қарындаш керек. -Оқушыға қарындаш керек пе? -Оқушыға қарындаш керек. -Кітап, қалам, дәптер, сызғыш, қарындаш - оқу құралдары. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке айтып жаттығады. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). І-і-і-і - кітап, кітап. Қ -к-қ-к - қалам, қалам. Ә-ә-ә-ә- дәптер, дэптер. Сөздерді бекіту үшін, «Қайтала, көрсет» ойынын жүргізеді. Оқу құралдары жекеше, көпше	қимылдарын үйлестіре орындау қабілетіне назар аударады. Қозғалды ойын: «Кетті, кетті орамал». Ойын тәртібін естеріне салу. Жетекші рөлін атқару. **Жаттығу. «Достық».** **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар, жыл мезгілдерін білеміз бе? Қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінен кейін қай мезгіл келеді? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? Мына суретке қарап әңгіме құрайық. Суретке қарап көргендерінді өз қиялдарын мен толықтырып, әңгіме құрап көріндер. Суретке мұқият қарап, тақырып қойындар. Тапсырмаларымызды орындамастан бұрын артикуляциялық жаттығу жасап алайық. (айнаға қарап жасау) «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып,

